1

ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ

HALYK BANK

НАРОДНЫЙ БАНК КАЗАХСТАНА

# ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП
# 2017

1 ГЛОССАРИЙ 3

2 ХАЛЫҚ БАНКІНЕ ҚЫСҚАША ШОЛУ 5

3 БИЗНЕС ҮЛГІ 9

4 ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ СӨЗІ 12

5 БАСҚАРМА ТӨРАЙЫМЫНЫҢ СӨЗІ 16

6 ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ 20

7 БАСҚАРМА 26

8 НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР 32

9 МАРАПАТТАР 37

10 2017 ЖЫЛЫ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ АХУАЛ 40

11 ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ШОЛУ 45

12 ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫНА ШОЛУ 51

13 ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ 63

14 2017 ЖЫЛҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЕСЕП 72

15 КОРП ОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП 82

16 ЖАУАПКЕРШІЛІК ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ 99

17 ДАМУ КЕЛЕШЕГІ 102

18 2017, 2016 ЖӘНЕ 2015 ЖЫЛДАРДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІ 107

19 АКЦИОНЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН АҚПАРАТ 195

# ГЛОССАРИЙ

| | | |
|---|---|---|
| 1 | «Altyn Bank» АҚ | «Altyn Bank» АҚ («Қазақстан Халық Банкі» АҚ ЕБ) |
| 2 | «БЖЗҚ» АҚ | «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ |
| 3 | ЕДБ | Екінші деңгейдегі банк |
| 4 | «Halyk» тобы, Топ | «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Компаниялар Тобы |
| 5 | Бизнестің жол картасы 2020 | «Бизнестің жол картасы 2020» кәсіпкерлікті қолдау мен бизнесті дамытудың бірыңғай бағдарламасы |
| 6 | АҚ | Ақпараттық қауіпсіздік |
| 7 | ЖТИБ / ЗТИБ | Заңды тұлғаларға арналған интернет-банкинг |
| 8 | АЖ | Ақпараттық жүйе |
| 9 | АТ | Ақпараттық технологиялар |
| 10 | КБ | Корпоративтік бизнес |
| 11 | КД | Банктің Коммерциялық Дирекциясы |
| 12 | ККБ | «Казкоммерцбанк» АҚ |
| 13 | ФКК | Филиалдың кредиттік комитеті |
| 14 | ФЖКК | Филиал желісінің кредиттік комитеті |
| 15 | ШБ | Шағын бизнес |
| 16 | ФШКК | Облыстық/өңірлік филиалдың шағын кредиттік комитеті |
| 17 | ШОБ | Шағын және орта бизнес |
| 18 | Халық Банкі, Банк | «Қазақстан Халық Банкі» АҚ |
| 19 | ҚРҰБ | Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі |
| 20 | ҚР ҰКП | Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы |
| 21 | ҰҚ | Қазақстан Республикасының Ұлттық Қоры |
| 22 | ОПЕРБ | Операциялық Басқарма |
| 23 | КАБҰ | «Халык Проект» күмәнді және үмітсіз активтерді басқару бойынша Қазақстан Халық Банкінің еншілес ұйымы» ЖШС |
| 24 | ОФ / ӨФ | Облыстық филиал / Өңірлік филиал |
| 25 | КЖ /ТҚҚІ | Заңсыз жолмен алынған кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл |
| 26 | ББ | Бөлшек бизнес |
| 27 | ҚР | Қазақстан Республикасы |
| 28 | БКК | Бас Банктің Бөлшек кредиттік комитеті |
| 29 | ЕКҚК | Есептік-кассалық қызмет көрсету |
| 30 | ОБ | Орта бизнес |
| 31 | ШОКС | Шағын және орта бизнестің субъекті |
| 32 | «Даму» қоры | «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ |
| 33 | ШҚО | Шешімдерді қабылдау орталығы |
| 34 | CITIC Bank | China CITIC Bank Corporation Limited |
| 35 | GDR | Global Depositary Receipt / Жаһандық депозитарлық қолхат |
| 36 | KASE | Қазақстан қор биржасы |




# АЛҒАШҚЫ БОЛУ!

ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ
HALYK BANK
НАРОДНЫЙ БАНК КАЗАХСТАНА




# ӘРҚАШАН АЛДА БОЛАТЫНДАР!

**ФЛАГМАН**

Бұл сөзде теңіздегі ұрыстың қайсарлығы тасып, ержүрек қаһармандардың ерліктері естіледі. Флагман деп флот әскерінің қолбасшысын айтады, сондай-ақ жаңа жеңістер мен жаңа белестерге жол көрсеткен, флагмандық жалау желбіреп тұрған флотилияның ең керемет және ең ірі кемесін айтады.

## ХАЛЫҚ БАНКІНЕ ҚЫСҚАША ШОЛУ

ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ
HALYK BANK
НАРОДНЫЙ БАНК КАЗАХСТАНА

# ҚЫЗМЕТТІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

| Көрсеткіш | 01.01.2018 | | 01.01.2017 | |
|---|---|---|---|---|
| | млн. теңге | млн. АҚШ долл.* | млн. теңге | млн. АҚШ долл.* |
| Клиенттерге заемдар | 3 251 102 | 9 783 | 2 319 583 | 6 960 |
| Активтер жиынтығы | 8 857 781 | 26 654 | 5 348 483 | 16 048 |
| Клиенттердің қаражаты | 6 131 750 | 18 451 | 3 820 662 | 11 464 |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | 962 396 | 2 896 | 584 933 | 1 755 |
| Кредиттік мекемелердің қаржысы | 255 151 | 768 | 162 134 | 486 |
| **МЕНШІКТІ КАПИТАЛ ЖИЫНТЫҒЫ** | **934 457** | **2 812** | **665 593** | **1 997** |

| Көрсеткіш | 2017 | | 2016*** | |
|---|---|---|---|---|
| | млн. теңге | млн. АҚШ долл.** | млн. теңге | млн. АҚШ долл.** |
| Таза пайыздық кіріс | 181 221 | 556 | 146 706 | 429 |
| Қызметтер мен комиссиялар бойынша таза кіріс | 87 640 | 269 | 57 697 | 169 |
| Операциялық шығыстар (сатуға арналған активтердің құнсызидануынан шығындарды есепке қоспағанда) | (112 330) | 344 | (68 559) | 201 |
| Таза кіріс | 173 362 | 532 | 131 412 | 385 |

| Көрсеткіш | 2017 | 2016**** |
|---|---|---|
| Меншікті капиталға орта есеппен қайтарым | 22,7% | 22,3% |
| Активтерге орта есеппен қайтарым | 2,6% | 2,8% |
| Таза пайыздық маржа | 4,9% | 5,5% |
| Таза пайыздық спрэд | 5,4% | 6,3% |
| Операциялық шығыстар/операциялық кірістер | 29,5% | 28,1% |
| Операциялық шығыстар/активтер | 1,7% | 1,6% |
| Негізгі капитал жетімділігінің коэффициенті (CET) | 16,9% | 19,4% |
| Бірінші деңгейлі капитал жетімділігінің коэффициенті | 16,9% | 19,4% |
| Меншікті капитал жетімділігінің коэффициенті | 18,9% | 19,4% |

[1] шоғырландырылған негізде

## КЛИЕНТТЕР/ШОТТАР САНЫ

| Көрсеткіш | Халық Банк + ККБ | Халық Банк | |
|---|---|---|---|
| | 01.01.2018 | 01.01.2018 | 01.01.2017 |
| Бөлшек бизнес клиенттері (белсенді), млн. дана | 8,5 | 5,9 | 5,4 |
| Корпоративтік клиенттер | 3 935 | 1 672 | 1 621 |
| Төлем карточкалары, млн. дана | 9,0 | 6,3 | 5,5 |
| Бөлшек кредиттер, млн. дана | 0,9 | 0,68 | 0,67 |
| Ипотекалық кредиттер, дана | 40 761 | 20 012 | 21 455 |
| Өзге тұтынушылық кепілді және кепілсіз кредиттер, дана | 878 795 | 661 088 | 652 311 |
| Жалақылық жобаларға қатысушы – заңды тұлғалардың жұмыскерлері карточкаларының саны, млн. адам | 4,4 | 3,0 | 2,9 |
| Мемлекеттік органдарды қоса алғанда, карточкалық жалақылық жобаларға қатысушы – заңды тұлғалар, дана | 43 873 | 21 870 | 23 001 |
| Интернет-банкингті пайдаланушылар саны | | | |
| - жеке тұлғалар | 2 960 989 | 1 204 067 | 918 210 |
| - заңды тұлғалар | 93 384 | 17 223 | 15 065 |

* тиісті күнге ҚРҰБ ресми бағамы бойынша аударғанда;
** тиісті кезең үшін ҚРҰБ орташа ресми бағамы бойынша аударғанда;
*** «Altyn Bank» АҚ тоқтатылған қызмет ретінде ұсынуына байланысты қайта есептелді. Қосымша ақпарат үшін ҚЕ-дегі 16-ескертпені қараңыз;
**** 2016 ж. коэффициенттер «Altyn Bank» АҚ-ты есепке алумен есептелді.

## 2018 ЖЫЛҒЫ 1 ҚАҢТАРДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША «ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ» АҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КРЕДИТТІК РЕЙТИНГТЕРІ:

| Рейтингтік агенттік | Ұзақ мерзімді рейтинг | Болжам |
|---|---|---|
| Moody's Investors Service | Ba1 | тұрақты |
| Fitch Ratings | BB | тұрақты |
| Standard & Poor's | BB | негативті |

# «HALYK» ТОБЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ



## ТАРАТУ ЖЕЛІСІ

| | |
|---|---|
| **«ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ» АҚ** | **489 ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРНЫ, ОҒАН ҚОСА:** |
| | - 22 облыстық және өңірлік филиал |
| | - 122 аудандық басқарма |
| | - 62 дербес сервис орталығы |
| | - 2 VIP-орталық |
| | - 1 банктік қызмет көрсету орталығы (БҚКО) |
| | - 280 есептік-кассалық бөлімше |
| | 2 367 банкомат |
| | 23 213 POS-терминал |
| | 360 мульти-киоск |
| | 576 төлем терминалдары |
| **«КАЗКОММЕРЦБАНК» АҚ** | |
| | 210 қызмет көрсету орны |
| | 2 227 банкомат |
| | 51 389 POS-терминал |
| | 575 төлем терминалы |
| **«КАЗАХИНСТРАХ» АҚ** | **18 ФИЛИАЛ, 193 САУДА ОРНЫ** |
| **«ХАЛЫК-LIFE» АҚ** | **17 ФИЛИАЛ ЖӘНЕ 4 ӨКІЛДІК** |
| **«ХАЛЫК-ЛИЗИНГ» АҚ** | **1 ФИЛИАЛ** |
| **«HALYK ИНКАССАЦИЯ» ЖШС** | **18 ФИЛИАЛ, 37 БӨЛІМШЕ** |
| **«ALTYN BANK» АҚ** | **4 ФИЛИАЛ, 2 БӨЛІМШЕ** |
| **«ХАЛЫК БАНК ҚЫРҒЫЗСТАН» ААҚ** | **9 ФИЛИАЛ, 10 ЕСЕПТІК-КАССАЛЫҚ БӨЛІМШЕ** |
| **«ХАЛЫҚ БАНК ГРУЗИЯ» АҚ** | **7 ФИЛИАЛ** |
| **«НБК-БАНК» ААҚ** | **2 КРЕДИТТІК-КАССАЛЫҚ КЕҢСЕ** |
| **«КАЗКОММЕРЦ-ПОЛИС» АҚ** | **18 ФИЛИАЛ, 68 САУДА ОРНЫ** |
| **«КАЗКОММЕРЦ LIFE» АҚ** | **16 ФИЛИАЛ, 6 АГЕНТТІК ОРЫН** |
| **«МОСКОММЕРЦБАНК» КБ (АҚ)** | **2 ФИЛИАЛ, 4 БӨЛІМШЕ** |
| **«КАЗКОММЕРЦБАНК ТАДЖИКИСТАН» ЖАҚ** | **2 ФИЛИАЛ, 5 БӨЛІМШЕ** |

«Halyk» Тобы қызметкерлерінің саны 2017 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша жұмыспен толық қамтылу баламасында 18 410 жұмыскерді құрады.

## 2018 ЖЫЛҒЫ 1 ҚАҢТАРДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ОРНАЛАСТЫРЫЛҒАН АКЦИЯЛАРДЫҢ КЕМ ДЕГЕНДЕ 5%-ЫНА ИЕЛІК ЕТЕТІН «HALYK» ТОБЫНЫҢ АКЦИОНЕРЛЕРІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР[1]:

| № | Атауы | Иеліктегі акциялардың жалпы саны, дана | Иеліктегі акциялардың жалпы саны айналымдағы акциялардың жалпы санынан % түрінде | Иеліктегі жай акциялар, дана | Иеліктегі жай акциялар айналымдағы жай акциялардан % түрінде |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Жарияланған акциялардың барлығы | 25 000 000 000 | - | 25 000 000 000 | - |
| 2 | «АЛМЭКС» холдингтік тобы» АҚ | 8 086 451 772 | 73,6% | 8 086 451 772 | 73,6% |
| 3 | «БЖЗҚ» АҚ | 716 281 746 | 6,5% | 716 281 746 | 6,5% |
| 4 | ЖДҚ ұстаушылары (ISIN: US46627J3023US46627J2033) | 1 852 878 720 | 16,8% | 1 852 878 720 | 16,8% |
| 5 | Басқалары | 338 204 581 | 3,1% | 338 204 581 | 3,1% |
| **6** | **ОРНАЛАСТЫРЫЛҒАН АКЦИЯЛАРДЫҢ БАРЛЫҒЫ** | **12 688 857 059** | **-** | **12 688 857 059** | **-** |
| 7 | Банк өтеуін төлеп алған акциялар | (1 693 389 285) | - | (1 693 389 285) | - |
| 8 | Топ Компаниялары ұстап қалатын акциялар | (1 650 955) | - | (1 650 955) | - |
| **9** | **АЙНАЛЫМДАҒЫ АКЦИЯЛАРДЫҢ ЖИЫНТЫҒЫ** (АКЦИЯҒА ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН КІРІСТІ ЕСЕПТЕУ МАҚСАТЫ ҮШІН) | **10 993 816 819** | **-** | **10 993 816 819** | **-** |
| **10** | **ЕРКІН АЙНАЛЫМДАҒЫ АКЦИЯЛАРДЫҢ ЖИЫНТЫҒЫ (KASE-ТІҢ ЛИСТИНГТІК ЕРЕЖЕЛЕРІНЕ СӘЙКЕС)** | **2 192 709 556** | **-** | **2 192 709 556** | **-** |
| **11** | **АКЦИЯНЫҢ НАРЫҚТЫҚ ҚҰНЫ, ТЕҢГЕ[2]** | **-** | **-** | **82,66** | **-** |

«АЛМЭКС» холдингтік тобы» АҚ «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акцияларының бақылау пакетінен бөлек, «Казкоммерцбанк» АҚ-та «АОН Қазақстан» сақтандыру брокері» ЖШС-тің үлесіне ие холдингтік компания болып табылады.

«БЖЗҚ» АҚ – міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын және зейнетақы жинақтарының төлемдерін тартуды іске асыратын заңды тұлға, ҚР бағалы қағаздар нарығында ең ірі институционалдық инвесторлардың бірі және Қазақстан Республикасының жинақтаушы зейнетақы жүйесінің барлық қаржылық және ақпараттық ағындарының бірыңғай әкімшісі мен операторы болып табылады.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ тұлғасындағы Қазақстан Республикасының Үкіметі «БЖЗҚ» АҚ-ның құрылтайшысы әрі акционері болып табылады.

«БЖЗҚ» АҚ акцияларының мемлекеттік пакеті Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сенімгерлікпен басқаруында тұр.

«БЖЗҚ» АҚ зейнетақы активтерін басқаруды ҚР Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі кеңеспен бірге іске асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сай зейнетақы активтерін басқарудың тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстарды жасау функциясы Ұлттық қорды басқару жөніндегі кеңеске берілді, оны Қазақстан Республикасының Президенті басқарады.

[1] Банктің жай акциялары Қазақстан қор биржасының ресми тізіміне 1998 жылы енгізілді, Банктің жаһандық депозитарлық қолхаттар түріндегі жай.

[2] KASE апта сайынғы негізде анықтайтын және KASE-нің интернет сайтында (www.kase.kz) жариялайтын, акцияның 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша нарықтық бағасы.




# БИЗНЕС ҮЛГІ
# 3

ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ
HALYK BANK
НАРОДНЫЙ БАНК КАЗАХСТАНА



# ӘРҚАШАН АЛДА БОЛАТЫНДАР!

## ГРОССМЕЙСТЕР

Шахмат – Шығыстың әлем мәдениетіне берген баға жетпес сыйының бірі. Ғасырлар өтсе де, осы қызықты ойынның жанкүйерлерінің саны азайған емес. Ал шахматтық шайқаста жаңадан бастаған және тәжірибелі ойыншының өзі ең үздік спортшыларға ғана берілетін гроссмейстер үздік спорттық атағын алуды армандайды. Бір кездері гроссмейстерлер деп даңқты рыцарь ордендерінің шеберлерін атады және бүгінгі күні олардың әрқайсысы ортағасырлық рыцарлар сияқты ерекше таланттарға ие, осы аңызға айналған спортшылар шахмат алаңында керемет жеңістерге қол жеткізеді.

## НЕГАТИВТІ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАРҒА ҚАРСЫ ТҰРУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕТІН СЕНІМДІ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ

- капиталдандырудың жоғарғы деңгейі: негізгі капитал жеткіліктілігінің коэффициенті – 16,9%, бірінші деңгейдегі капитал жеткіліктілігінің коэффициенті – 16,9%, нормативтік капитал жеткіліктілігінің коэффициенті – 18,9%;
- жеткілікті өтімділік: жалпы активтерге өтімді активтер – 48,3%;
- қорға құюдың жоғарғы сапалы базасы: кредиттер /депозиттер – 53,0%;
- провизиялардың жеткілікті деңгейі: жұмыс істемейтін кредиттердің үлесі (90 күндік және одан көп өткізілген мерзімі бар) – 8,9%, резервтермен өтеу – 73,7% деңгейіне дейін төмендеді;
- шетелдік қатысуынсыз қазақстандық екінші деңгейдегі банктер арасындағы ең жоғары ұзақ мерзімді кредиттік рейтингтер:
  - Moody's Investor Services – Ba1;
  - Fitch Ratings – BB;
  - Standard & Poor's – BB.

## НАРЫҚТАҒЫ МЫҚТЫ ҰСТАНЫМ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖҮЙЕҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ТОП

- активтердің жоғары сапасын қамтамасыз ететін тиімді тәуекел-менеджмент, тұрақты кірістілік, капиталдандырудың жоғары деңгейі;
- Қазақстанда ірі клиенттік базасы мен сату арналарының желісі бар, Қазақстанның жетекші әмбебап қаржы тобы;
- ККБ-ны сатып алған соң Халық Банк активтердің көлемі (жиынтықты нарықтық үлесі 35,2%), меншікті капиталдың көлемі (35,3%), таза пайда (32,2%), жеке тұлғалардың мерзімді депозиттері, бөлшек ағымдағы шоттар, заңды тұлғалардың депозиттері мен ағымдағы шоттары, брутто заемдары, төлем карточкаларының саны, аккредитивтер мен кепілдіктердің жиынтықты портфелі, жалақылық жобалар бойынша Қазақстандағы сөзсіз көшбасшы болып табылады;
- Халық тобы ТМД-да активтердің көлемі жағынан 3-ші орынға және жеке меншік коммерциялық банктер арасында таза пайданың көлемі жағынан 2-ші орынға және тиісінше мемлекеттік банктерді есепке алып 8-ші және 5-ші орынға ие[1];
- зейнетақылар мен әлеуметтік төлемдерді төлеу бойынша ең ірі төлем агенті (2,7 млн. клиент);
- кәсіпкерлерді қолдау бойынша мемлекеттік бағдарламаларға белсенді қатысушы.

## НЕГІЗГІ БИЗНЕС-СЕГМЕНТТЕРДЕГІ НАРЫҚТЫҢ ЕЛЕУЛІ ҮЛЕСІ

- ауқымды филиалдық желі – 699 қызмет көрсету орны;
- екінші деңгейдегі банктердің бөлшек депозиттер нарығындағы Халық Банктің және ККБ-нің жиынтықты үлесі 36,9%, бұл ретте мерзімді салымдар бойынша – 35,7%, талап етуге дейінгі салымдар бойынша – 47,3% құрайды;
- екінші деңгейдегі банктер арасында заңды тұлғалардың депозиттері нарығындағы үлесі 37,7% құрайды;
- брутто заемдары бойынша нарықтың үлесі 31,3%, нетто заемдары бойынша – 27,2% құрайды;
- бөлшек кредиттеу нарығындағы үлесі – 24,0%;
- пластик карточкалар бойынша үлесі – 61%.

## ҚОРЛАНДЫРУДЫҢ СЕНІМДІ ЖӘНЕ ҚЫМБАТ ЕМЕС БАЗАСЫ

- дағдарыс кезінде депозиторлар үшін «сенімді айлақ»;
- екінші деңгейдегі банктер арасында қорландырудың ең төменгі мөлшерлемелерінің бірі;
- депозиттер міндеттемелердің жалпы сомасының 77,4%-н құрайды, олардың 21,9%-ы нөлдік немесе төмен мөлшерлемесі бар ағымдағы шоттарды білдіреді (нарықтағы ең жоғары көрсеткіш);
- төменгі борыштық жүктеме – борыштық бағалы қағаздар міндеттемелердің жалпы сомасының 12,1%-н құрайды.

## ӘРТАРАПТАНДЫРЫЛҒАН КІРІС КӨЗДЕРІ ЖӘНЕ ШЫҒЫНДАР ТИІМДІЛІГІНІҢ ЖОҒАРЫ КӨРСЕТКІШІ

- жоғарғы кіріс комиссиялық кірістердің әртараптандырылған ағымдарымен қолданып отырады, ол 2017 жылы жалпы кірістің 12,5%-ын құрады;
- оперативтік шығыстарды қатаң бақылау: 2017 жылғы операциялық шығыстардың операциялық кірістерге арақатынасының көрсеткіші 30,3% құрады.

## ҚАШЫҚТЫҚТАН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ АРНАЛАРЫНЫҢ ҮЗДІКСІЗ ДАМУЫ

- бөлшек сауда және корпоративтік клиенттер және ШОБ клиенттері үшін қашықтықтағы арналарды кең таңдау, барлық төлемдердің 80%-ы қашықтағы арналар арқылы өтеді;
- 4 594 банкомат, 74 602 POS-терминал, 1 151 төлем терминалы (2017 жылы 25,2 млн. транзакция);
- Халық банктің myHalyk және ККБ-нің Homebank.kz 3 млн. пайдаланушысы бар Қазақстандағы жетекші интернет-банкинг платформалары болып табылады (2017ж. 18,9 млн. транзакция); мобильдік қосымшалар Google Play және App Store-да «Қаржы» санатындағы тегін мобильдік қосымшалар арасында топ-5-ке кіреді;
- Заңды тұлғаларға арналған дамыған интернет-банкинг платформасында 93,4 мың пайдаланушы бар.

[1] Банктің ақпараты, Интерфакс




# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ СӨЗІ

4

ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ
HALYK BANK
НАРОДНЫЙ БАНК КАЗАХСТАНА



# ӘРҚАШАН АЛДА БОЛАТЫНДАР!

**АВАНГАРД**

Авангардта болу бір кездері ұрыстың нәтижесін іс жүзінде шешуді, оқиғалардың қалың ортасында болуды және алдағы шайқастың стратегиясын құруды білдірген болатын. Авангард деп – жауға бірінші болып қарсы шығатын әскердің алдыңғы қатарлы жасағын атаған. Кейін бұл әскери терминді басқа салаларда да сәтті қолдана бастады және осылайша алдыңғы қатарлы және прогрессивті идеялардың иеленушілерін атап отырды.

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ СӨЗІ

ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ
HALYK BANK
НАРОДНЫЙ БАНК КАЗАХСТАНА



# АЛЕКСАНДР ПАВЛОВ

**«ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ**

Құрметті акционерлер, клиенттер мен серіктестер!

Өткен жыл ұлттық экономика мен оның негізгі бөлімі – қаржы жүйесі үшін бетбұрысты кезең болды. Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Ұлттық банкінің жаһандық дағдарыстың жағымсыз салдарын еңсеруге бағытталған кешенді бағдарламасы 2017 жылы әсерлі нәтижелерді көрсетті. Ең алдымен, бұл жалпы ішкі өнімнің 4 %-ға дейін өсуі және жылдық инфляцияның қарқынын бәсеңдету арқылы білінді, бұл 2015–2016 жылдардағы ЖІӨ-нің 1% өсімімен салыстырғанда, Қазақстан экономикасының біртіндеп қалыпқа келуін растайды. Позитивті трендтердің драйверлары мыналар болды: ұлттық экспорттың негізгі баптарына дүниежүзілік бағалардың өсімі, импортталатын азық-түлік емес тауарларға бағаларды тұрақтандыру, сондай-ақ теңге бағамының біршама тұрақтылығы мен реттеушінің ақша-кредит саясатының болжамдығы.

«Казкоммерцбанк» АҚ мен оның еншілес ұйымдарын сатып алу бойынша мәміле қаржы нарығының көптеген сегменттерінде «Halyk» тобының көшбасшылығын едәуір нығайтты. Бұрын көп жылдар бойы бір бірімен бәсекелескен бірқатар банктерді, сақтандыру компанияларын жоспарлы түрде біріктіру Топтың жалпы әлеуетін барынша арттыруға мүмкіндік береді. Олардың бірігуінің негізінде екі банктің мықты жақтарын біріктіру есебінен қол жеткізілетін максималды синергия принципі жатыр. Халық Банктің басты бәсекелік артықшылықтарына – бизнестің жоғары сенімділігіне және табыстылығына, қаржы өнімдерінің кең жиынтығына, сауатты тәуекел-менеджментке, дамыған инфрақұрылымға, ауқымды және бейілді клиенттер базасына – «Казкоммерцбанк» АҚ-тың негізгі қызметкерлерінің тәжірибесі мен сараптамаларымен бірге инновациялық зерттемелері, алдыңғы қатарлы фронталды жүйелері мен технологиялық инфрақұрылымы қосылады.

Біз бұл мәміләні ең ірі мәмілелердің бірі ретінде қарастырамыз және оның әлеуеті ауқымы жағынан да, Қазақстан мен іргелес жатқан бірқатар елдің экономикасына ықпал ету деңгейі жағынан да орасан зор деп есептейміз. 2017 жылдың екінші жартысында Халық Банк пен «АЛМЭКС» холдингтік тобы «Казкоммерцбанк» АҚ-ты 250,2 млрд. теңгеге қосымша капиталдандырды, бұл өсімнің мақсатты көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін қажетті қолдауды ұсына отырып, кредиттеуді жаңғырту мүмкіндігін қамтамасыз етті. «Казкоммерцбанк» АҚ-тың капиталына ауқымды ақша құю туралы шешім оның «Halyk» құрамындағы артықшылығының әрі қарай дамуын қамтамасыз етуге бейілділігімізді растайды.

«Halyk» тобы бизнесінің маңызды бағыты сақтандыру қызметтері болып табылады. Топтың еншілес сақтандыру ұйымдары Қазақстанның сақтандыру нарығында нық орындарға ие. 2017 жылдың соңында өмірді сақтандыру компаниялары «Халық-Life» АҚ пен «Казкоммерц Лайф» АҚ жиынтықта брутто-сыйлықақылар бойынша нарықтың шамамен 50,3%-н алып отыр, осы сәтте жалпы сақтандыру компаниялары «Казахинстрах» АҚ мен «Казкоммерц-Полис» АҚ ұқсас көрсеткіш бойынша шамамен 21,2%-на ие болды. Максималды синергия нәтижесіне қол жеткізу үшін жүйе құрушы банктерді біріктіру процесіне ұқсас «Halyk» тобында қызметтің ұқсас түрлері мен қызмет көрсету географиясы бар еншілес компанияларды қайта құру процесі іске қосылды. Атап айтқанда, жалпы сақтандыру компаниялары «Казахинстрах» АҚ пен «Казкоммерц-Полис» АҚ бірігуді бастады. Бұл процесс түрлі бағыттар және шығындарды оңтайландыру бойынша үздік тәжірибелерді таңдау принципіне негізделген. 2018 жылдың 3-тоқсанында аяқталатын сақтандыру компанияларының бірігуі «Halyk» тобының сақтандыру нарығында, корпоративтік, сондай-ақ бөлшек бизнес секторында болуын кеңейтуге мүмкіндік беретінін күтудеміз.

«Halyk» тобының жетекші инвестициялық-брокерлік компаниялары «Halyk Finance» АҚ пен «Казкоммерц Секьюритиз» АҚ-тың табысты қызметін ерекше атап кеткен жөн. 2017 жылдың 1 желтоқсанында бұл еншілес компаниялар жиынтықта активтер бойынша нарықтың шамамен 30%-н және меншікті капиталдың көлемі бойынша 35%-н алып жатты. Бұл ретте «Halyk Finance» АҚ пен «Казкоммерц Секьюритиз» АҚ жыл сайын бірқатар беделді халықаралық қаржы басылымдары-нан лайықты марапаттарын алып отырады: «Қазақстанның 2017 жылдағы ең үздік инвестициялық банкі» («Halyk Finance» АҚ – Cbonds ақпарат агенттігінің нұсқасы бойынша), «Қазақстанның 2016 жылдағы ең үздік инвестициялық банкі» («Halyk Finance» АҚ – EMEA Finance журналының нұсқасы бойынша), «Қазақстанның 2017

жылдағы ең үздік инвестициялық банкі» («Казкоммерц Секьюритиз» АҚ – World Finance нұсқасы бойынша), «2017 жылдың ең үздік андеррайтері» және «2017 жылдағы Қазақстанның қаржы нарығы бойынша ең үздік аналитикасы» («Казкоммерц Секьюритиз» АҚ – Cbonds ақпарат агенттігінің нұсқасы бойынша).

2017 жылы «Halyk» тобының меншікті инвестициялық қызметіне «Altyn Bank» АҚ акционерлік капиталының 60%-н Қытайдың стратегиялық инвесторларына сату туралы 2017 жылдың маусымында қол қойылған шектелмелі келісімнің ережелерін жүзеге асырумен белсенді жұмыс кірді. Олардың қатарына мыналар кірді: CITIC Bank, ҚХР-дың ең ірі қаржы институтының бірі, сондай-ақ China Shuangwei Investment Co., Ltd. инвестициялық компаниясы. 2017 жылы қол жеткізілген уағдаластықтарды орындау мақсатында «Altyn Bank» АҚ-тың due diligence рәсімі жүргізілген болатын және тиісті рұқсаттарды алу үшін ҚХР мен Қазақстанның реттеуші органдарына өтініштер жіберілген болатын. Тараптар мәмілені 2018 жылдың бірінші жартысында аяқтауға ниетті. Нәтижесінде, «Altyn Bank» АҚ капиталына қатысу үлесінің 40 %-н сақтап қалған «Halyk» тобы Қазақстанның «Нұрлы жер» даму бағдарламасын және «Бір белдеу. Бір жол» «Жібек жолының экономикалық аймағын» құру бойынша қытай бастамаларын жүзеге асыруда негізгі рольде ойнайтын болады. Өз кезегінде, «Altyn Bank» АҚ негізгі акционері ауысқаннан кейін, жергілікті нарықта өзінің корпоративтік және бөлшек бизнес клиенттеріне жаңа бірегей қызметтерді: теңгеден юаньға тікелей айырбастау, юаньмен жасалатын төлемдер, сауданы қаржыландыру, қазынашылық операциялар, private banking және кредиттеу қызметтерін ұсына алатын әмбебап банк ретінде жұмысын жалғастырады. CITIC Bank сияқты ірі стратегиялық серіктестің болуы «Altyn Bank» АҚ-тың мүмкіндіктерін айтарлықтай арттыратынына, алдыңғы қатарлы технологияларға қол жеткізудің арқасында нарықтағы жайғасымын күшейтуге көмектесетініне сенімдіміз. 2017 жылы «Altyn Bank» АҚ әсерлі табыстарға қол жеткізді: активтердің көлемі бойынша нарықтың бар болғаны 1,6 %-н ие бола отырып, банк 9,4 млрд. теңге мөлшерінде таза кіріс алды.

Казкоммерцбанкты сатып алумен байланысты Halyk Group ішіндегі ағымдағы интеграциялық процестер аясында 2017 жылы Ресейдегі біздің еншілес банктеріміздің қайта ұйымдастырылуы басталды. НБК-Банктің Москоммерцбанкке қосылу нәтижесінде ресей нарығында транзакциялық қызметтерді, есеп айырысу-кассалық операцияларды және эквайрингті дамытудағы артықшылықтары бар біріктірілген әмбебап қаржы институты пайда болады. Оның негізгі міндеті ресей-қазақстан жобаларына шоғырландырумен классикалық банкингтен цифрлық бизнес үлгіге өту. Біріктірілген банк ЕАЭО мүше елдерімен шекаралас миллиондық қалаларды қоса алғанда, Ресей Федерациясының ірі қалаларында ұсынылатын болады.

Грузия мен Қырғызстанда жұмыс істейтін басқа еншілес банктер Halyk Group пайда қызметін қамтамасыз етуге өз үлестерін қосады. Сонымен, 2017 жылдың қорытындысы бойынша Халық банк Грузия шамамен 12 млн лари пайда тапты, бұл 1,6 млрд теңгеге тең. Бұдан бөлек, банк заңды және жеке тұлғаларға арналған интернет банкингтің жаңа жүйесін енгізді. 2018 жылы несиелік портфельдің 25 %-ға өсімін қоса, барлық бизнес бағыттар бойынша әрі қарай өсуі жоспарланып отыр. Өз кезегінде Халық Банк Қырғызстан 2017 жылдың қорытындысы бойынша 88 млн сом көлемінде жағымды нәтиже көрсетті, бұл 0,4 млрд теңгеге тең. Жыл бойы банкте жұмыстың тиімділігін арттыруға бағытталған кадрлық өзгерістер болды. 2018 жылға банк пайда мен несиелік портфельді сәйкесінше 17%-ға және 27%-ға арттыруды жоспарлады.

Halyk Group тарихында біздің қызметіміздің ең маңызды бағыттарының бірі – қайырымдылық болып табылады. Арнайы құрылған «Халық» қайырымдылық қоры арқылы біз білім беру, мәдениет, өнер және спорт саласында түрлі жобаларға бастама жасаймыз және қолдаймыз. Қайырымдылық көмегіміздің басты адресаттарының бірі — ірі қазақстандық опера және балет театрлары — Astana Opera, Казкоммерцбанктің Топтың құрамына кіруімен – Абай атындағы мемлекеттік опера және балет театры, сондай-ақ Құрманғазы атындағы Ұлттық Консерватория. «Халық лигасы» спорт жобасы шеңберінде біз бүкіл Қазақстан бойынша қамқорлықтағы балалар үйі мен мектеп-интернаттардың тәрбиеленушілеріне спортқа керекті жабдықтар мен киім-кешектер сатып алу және бапкердің қызметтерін төлеуге көмектесе отырып, 11 жыл бойы балалар баскетболының дамуына қатысып келеміз. Жетім балаларды, денсаулығы шектеулі балаларды, сондай-ақ Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен ардагерлерін әлеуметтік қолдауға зор көңіл бөлінеді. Жастар арасында ғылымды дәріптеуге мүмкіндік бере отырып 2017 жылы біз YouTube-те Smart Halyk білім беру арнасының іске қосылуын қолдадық, мұнда қазақ және орыс тілдерінде ғылыми-көпшілік тақырыптарда тану бейнероликтері ұдайы шығып тұрады.

2018 жылы Халық банктің 95 жылдығына орай біз «Игі істер фестивалі» жобасын іске қостық, бұл жоба – біздің дәстүрлі әлеуметтік жобаларымызды толықтыратын қайырымдылық бастамалардың ауқымды эстафетасы. 2018 жылдың әр айы жалпы тақырыпқа: спортқа және салауатты өмір салтына, ұлттық дәстүрлерге, өскелең ұрпақ пен қарт адамдарға қамқорлық көрсетуге, сондай-ақ мәдениет пен өнерге арналатын болады. Фестиваліміздің алғашқы акциясы - еліміздің 20 қаласында ондаған мың қазақстандықтардың мұз айдындарында тегін қатысуы болды.

«Halyk» тобының түрлі қызмет салаларындағы жыл сайынғы табыстары – бұл қаржы нарығында ең тәжірибелі және кәсіби командаларының бірінің жұмысының заңды қорытындысы деп есептейміз. Бұл негізделген және тиімді бизнес шешімдердің қабылдануына мүмкіндік беретін нақты тексерілген тәуекел-менеджменттің саясатын қолданудың нәтижесі. Бұл біздің нарықта ұзақ уақыт болуға және «Halyk» тобының мемлекет, бизнес және ел алдындағы үлкен әлеуметтік жауапкершілікті сезінуге көзделуіміз болып табылады. Біз әрдайым алдымызға жоғары мақсаттар қоямыз және оларға қол жеткізу үшін қолдан келетін барлық мүмкіндіктерді жасаймыз.




# БАСҚАРМА ТӨРАЙЫМЫНЫҢ СӨЗІ

5

ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ
HALYK BANK
НАРОДНЫЙ БАНК КАЗАХСТАНА



# ӘРҚАШАН АЛДА БОЛАТЫНДАР!

## БАСҚАРМА ТӨРАЙЫМЫНЫҢ СӨЗІ

### ЖАРЫСТАҒЫ КӨШБАСШЫ

1919 жылы әлемдегі ең танымал және ең айтулы веложарыста – Тур де Франс веложарысында алғаш рет сары майка – жалпы есепте озық спортшының майкасы қолданылды. Бұл амалсыздан болған шара: әрбір кезеңнен кейін жарысқа түсушілер шаңға оранатын, сол себепті оларды бір бірінен ажырату қиынға түсті. Бірақ-та осы ашық спорт атрибуты – ең мықтылардың ішінде көшбасшы бола отырып, өзінің қарсыластарынан әлдеқайда басып озатын адамның немесе құбылыстың символы болды.

ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ
HALYK BANK
НАРОДНЫЙ БАНК КАЗАХСТАНА



# ҮМІТ ШАЯХМЕТОВА

## «ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ» АҚ БАСҚАРМА ТӨРАЙЫМЫ

**Құрметті акционерлер, клиенттер мен серіктестер!**

Қазақстанның банк секторы үшін 2017 жыл «беріктікке тексерудің» ерекше кезеңі болды. Олардың ішіндегі маңыздысы, біздің пікірімізше жұмыс істемейтін заемдардың үлкен көлемі мен бірқатар коммерциялық банктерді капиталдандыру деңгейінің жеткіліксіздігі болып табылған жиналған проблеманың салмағы өтімділіктің тапшылығына, кейбір қаржы институттарының дефолтына және лицензияларының қайтарып алуына әкеп соқтырды.

Осы жай емес макроэкономикалық жағдайларда реттеуші банк секторының қаржылық тұрақтылығын сауықтыру және арттыру бойынша зор және өте маңызды жұмыс жасады, бұл елеулі позитивті әсерді қамтамасыз етті. Ұлттық банк тарапынан қосымша қорландырудың арқасында, Қазақстанның бірқатар ірі коммерциялық банктері өтімділіктің және капиталдандырудың көрсеткіштерін жақсарта алды, бұл жағымсыз факторлардың ықпалын біршама қалпына келтірді.

Бұл банк жүйесінің кредит қоржынын тазалау бойынша мемлекеттік қолдаудың теңдессіз шарасы «Казкоммерцбанк» АҚ акцияларының 96,81 %-н сатып алу бойынша тарихи мәмілені іске асыру үшін негізгі талап болды. Мәлім болғандай, бір кездері Қазақстанның ең ірі және өте табысты жүйе құрушы банкі 2016 жылы капиталдың жеткіліктілігіне және өтімділігіне байланысты үлкен проблеманы бастан кешірді. «Казкоммерцбанк» АҚ-тың due diligence рәсімі шеңберінде 2017 жылдың бірінші жартыжылдығында жүргізген талдауымыз осы проблеманың негізгі бөлігі БТА Банктің қарызына байланысты болғанын көрсетті.

2013 жылы мемлекеттің мемлекет меншігіне айналған БТА Банктің капиталынан шығуы туралы және оның акцияларын стратегиялық инвесторға сату туралы мәселені талқылаудың басынан-ақ біз қаржы институтының әлеуетті сатып алушысы ретінде сындарлы позицияны үнемі ұстап отырдық: БТА Банктің бұрынғы акционерлерінің қызметіне байланысты стресстік активтерінің барлық пулы банк жүйесінің балансынан тыс шығарылып тасталуы тиіс, қалпына келтірудің ұзақ шегі бар заемдар оның дамуын ауырлатпауы үшін.

Уақыт мұндай тәсілдің негізділігі мен дұрыстығын дәлелдеді: ТМД масштабында ең ірі деп асыра сілтемей айтуға болатын «Казкоммерцбанк» АҚ-ты сатып алу мәмілесі мемлекеттік «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ-тың БТА Банк берешегінің өтеуін төлеп алуы есебінен, тәуекелдердің ауқымын біруақытта жою кезінде жүйе құрушы банкті құтқару проблемасын ең оңтайлы тәсілмен шешуге мүмкіндік берді.

Халық банк банк секторын сауықтырудың мемлекеттік бағдарламасына қатысуды жоспарламайтынын және оған мұқтаж еместігін атап көрсеткен жөн. Активтерді және пассивтерді басқарудың теңдестірілген саясатының арқасында, сондай-ақ Банктің сауатты тәуекел-менеджментінің арқасында, теңгедегі, сондай-ақ шетел валютасындағы оның өтімділігінің қорлары тұрақты жоғары деңгейде тұр және реттеушінің талаптарын айтарлықтай арттырады, тіпті еншілес «Казкоммерцбанк» АҚ-ты қосымша капиталдандыруға жұмсалатын үлкен шығыстарды есепке ала отырып.

Қаржы нарығының әрі қарай дамуын айтарлықтай шектейтін объективті факторлардың болуына қарамастан, «Halyk» тобы жылдан жылға бизнестің барлық бағыттары бойынша үздік табыстарын паш етеді. Бұл туралы топтың негізгі қаржылық көрсеткішінің үздіксіз өсуі айғақтайды. Сонымен, 2017 жылы біз топтың 173,4 млрд теңгені құрайтын шоғырландырылған таза пайдасының рекордтық мөлшеріне қол жеткіздік. Бұл ретте 2018 жылғы 1 қаңтарға «Halyk» тобының активтері 8 858 млрд теңгеге, ал меншікті капитал – 934 млрд теңгеге жетті. 2017 жылы орташа нарықтық қарқыннан елеулі түрде озған, Халық банктің несиелік портфелінің өсуімен біруақытта NPL деңгейі шоғырландырылмаған деректер бойынша ҚРҰБ әдістемесіне сәйкес 8,6%-дан 7,9%-ға дейін төмендеді.

Халық банк қызметіндегі негізгі роль - шағын және орта бизнеске қызмет көрсету. Біз отандық кәсіпкерлердің дамыған және табыскер табы - экономиканы әртараптандыру және әрі қарай өсуі үшін басты негіздерінің бір болып табылатынына сенімдіміз. 2017 жылы қазақстандық кәсіпкерлерге берілген кредиттердің саны 2016 жылмен салыстырғанда 37 %-ға ұлғайды. Бизнеспен белсенді жұмыс істеу бізге

ШОБ депозиттерінің портфелінің 70 %-ға өсіруге мүмкіндік береді.

Міне неше жылдан бері «Даму» кәсіпкерлікті дамытудың мемлекеттік қоры ШОБ-ты қолдау аясында біздің негізгі серіктесіміз болып келеді. 2017 жылдың соңында біздің көмегімізбен «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы шеңберінде пайыздық мөлшерлемелерді мемлекет тарапынан субсидиялау мақұлданған ШОБ кредиттерінің көлемі субсидияланған ШОБ кредиттерінің жалпы көлемінің 14,3%-на жетті.

2017 жылы бөлшек сауда бизнесте өз көшбасшылығымызды нығайттық. «Казкоммерцбанк» АҚ-пен тандемде 2018 жылғы 1 қаңтар күні халықтың жинақтары мен бөлшек заемдар бойынша біздің үлесіміз нарықтың тиісінше 37% және 24% алып отыр. 2017 жылы бөлшек бизнес сегментінде салымдар бойынша көрсеткішті 0,2 %-ға, кредиттеу бойынша 4,2 %-ға өсірдік. Еліміздің ең ірі банктерінің ортақ клиенттік базасы: 2018 жылғы 1 қаңтар күнгі жағдай бойынша бізде 9 млн. астам клиентке қызмет көрсетілді.

Халық Банк пен «Казкоммерцбанк» АҚ карталарының жиынтықты саны бүгінгі күні 9 млн. асады, бұл ретте екі банктің жалақылық жобалары шеңберінде қызмет алатын ұйымдардың саны 44 мыңды құрайды. 2017 жылдың шілдесінен бастап Халық Банк пен «Казкоммерцбанк» АҚ банкоматтарының технологиялық бірігуінен кейін, біздің біріктірілген банкоматтық желісіміз еліміздегі ең қолжетімді және кең таралған болды – бүгінгі таңда желімізде 4600-ға жуық құралғы бар. 2017 жылы сауда және сервис орындарында Халық Банк пен «Казкоммерцбанк» АҚ-тың 74 602 POS/mPOS-терминалы арқылы 53 млн. аса транзакция жасалды. Бұл көрсеткіш бойынша екі банк нарықтың 47 %-н қамтиды.

2017 жылдың желтоқсанында «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесі «Казкоммерцбанк» АҚ-тың «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-на заңды түрде қосылуын Топтың әрі қарай дамуының ең оңтайлы нұсқасы ретінде мақұлдады. Жүйе құрушы екі банктің жоспарлы бірігуі нәтижесінде 2018 жылы еліміздің қаржы нарығында клиенттердің жинақтары үшін жоғары сенімділікті қамтамасыз ететін, ұлттық экономика үшін ең ірі кредитор және көптеген қазақстандықтар үшін «бірінші таңдаулы банк» болып табылатын, активтер, капитал және нарықтық үлестер бойынша абсолютті көшбасшы пайда болатынын күтудеміз.

Біріктірілген банк 699 бөлімшеден тұратын, кең таралған филиалдар желісінің арқасында Қазақстан бойынша географиялық ауқымы ең үлкен банк болып табылады. Банктің өнімдері мен қызметтері еліміздегі ең ірі және өте дамыған эквайрингтік инфрақұрылым, сондай-ақ жеке және заңды тұлғаларға арналған интернет-банкингтің ең озық жүйелері арқылы қолжетімді болады. Тіпті бүгінгі күнде ең ірі екі банктің клиенттері бірігудің артықшылықтарын пайдалануда. Халық банк пен «Казкоммерцбанк» АҚ-тың банкомат желілерін біріктірудің арқасында біз банкоматтардың қолжетімділігін екі есе артып қана қоймай, сонымен қатар клиенттеріміз үшін қолма-қол ақшаны беру және қабылдау операциялары үшін қосымша комиссияны алып тастадық.

Бұнымен қоса, біздің интеграциялық офисіміз Халық Банк пен «Казкоммерцбанк» АҚ-тың өнімдер желісін үйлестіру және тарифтерді сәйкестендіру мәселелерімен айналысады. Біз клиенттерімізді төмендетілген тарифтердің, сондай-ақ арнайы сервистер мен тиімді ұсыныстардың көмегімен қашықтан қызмет көрсету арналары белсенді пайдалануға ынталандыруға ниеттіміз.

Халық банктің қызметінде болған және алдағы уақытқа жоспарланған зор позитивті өзгерістер, іс жүзінде басты мақсатты көздейді – еліміздің ДСО-на енуіне байланысты шақыруларды лайықты қарсы алу үшін банк секторының бәсекеге қабілеттілігін арттыру. Елбасы қойған басымдықты міндет ол – Қазақстанның әлемнің 30 дамыған елдің қатарына кіруі болып табылады. Ең ірі жүйе құрушы банк ретінде біз мемлекеттің осы биік мақсаттарға қол жетуіне қолдау көрсетіп, отандастарымыздың тарапынан жоғары сенімдерін ақтау үшін бар күшімізді саламыз. Басқарма атынан акционерлерімізге, клиенттерімізге және серіктестерімізге олардың осы маңызды міндеттерді шешуде қолдау көрсеткені үшін алғысымды білдіремін.

ӘРҚАШАН АЛДА БОЛАТЫНДАР!



# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

6

ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ
HALYK BANK
НАРОДНЫЙ БАНК КАЗАХСТАНА



# ӘРҚАШАН АЛДА БОЛАТЫНДАР!

## БІРІНШІ ПИЛОТ

Бірінші пилот болу – демек қателесуге қақың жоқ дегенді білдіреді. Бір адым алда болу. Жұмысты бар күшін салып, аянбай істеу. Әуе кемесінің командирі тек экипажды ғана басқарып, тәртіп пен реттілікті қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар борттағы адамдардың өмірі мен қауіпсіздігі оның кәсібилігіне байланысты болатын дағдарысты жағдайда шешім қабылдайды.



ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ
HALYK BANK
НАРОДНЫЙ БАНК КАЗАХСТАНА

1

АЛҒАШҚЫ БОЛУ!

ӘРҚАШАН АЛДА БОЛАТЫНДАР!



## ПАВЛОВ АЛЕКСАНДР СЕРГЕЕВИЧ (1953 ж.т.)

**ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ, ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОР**

Павлов Александр Сергеевич Халық Банкі Директорлар кеңесінің Төрағасы болып 2004 жылғы наурызда сайланды және көрсетілген лауазымға 2017 жылғы сәуірде қайта сайланды. Өз мансабының әр жылдарында мемлекеттік аппаратында Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің бірінші орынбасары, Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары - Қаржы министрі, Бас салық инспекциясының бастығы – Қаржы министрінің бірінші орынбасары сияқты жоғары лауазымдарда қызмет еткен. Сондай-ақ Қазақстан Республикасы экономикасының машина жасау және шикізат секторының ірі коммерциялық компанияларда басшы лауазымдарында қызмет жасаған. Түрлі халықаралық ұйымдарда Қазақстанның мүдделеріне өкілдік еткен. Александр Сергеевич Беларусь мемлекеттік халықшаруашылығы институтын «Экономика» мамандығы бойынша (1970-1974), сондай-ақ КОКП ОК жанындағы Қоғамдық ғылымдар академиясын «Саясаттану» (1991) мамандығы бойынша бітірген.

# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ



## ДУНАЕВ АРМАН ҒАЛИАСҚАРҰЛЫ (1966 ж.т.)

**ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ, ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОР**

Арман Ғалиасқарұлы Дунаев 2013 жылғы қыркүйекте Халық Банкі Директорлар кеңесіне мүше болып сайланды және көрсетілген лауазымға 2017 жылғы сәуірде қайта сайланды. ҚР бірінші қаржы вице министрі, ҚР Қаржы министрі, ҚР Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінің төрағасы сияқты жауапты мемлекеттік лауазымдарда жұмыс тәжірибесі бар. Квазимемлекеттік секторда басшылық позицияларда жұмыс істеген. Дунаев мырза қазіргі кезде Халық Банкінің бірқатар еншілес ұйымдарында Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады. Арман Ғалиасқарұлы С.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік Университетін «Саяси экономика» мамандығы бойынша және М.Ломоносов атындағы Мәскеу Мемлекеттік Университетін экономика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесімен бітірген.



## ФРЭНК КАЙЛАРС (1958 ж.т.)

**ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ, ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОР**

Фрэнк Кайларс 2009 жылғы сәуірде Халық Банкі Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды және көрсетілген лауазымға 2014 жылғы сәуірде қайта сайланды. 1990 және 2007 жылдар аралығында ABN AMRO Bank N.V. және кейін RBS-те бірқатар жоғары лауазымдарды иеленді: Бельгияда Корпоративтік және Инвестициялық банкинг басшысы, Бразилияда өңірлік менеджер, Ресейде және Аргентинада ел бойынша менеджер. Кайларс мырза Ресейде, Қазақстанда және Өзбекстанда Бақылаушы Кеңестің мүшесі болды. 2001 жылы ол Корпоративтік Атқарушы вице-президент лауазымына тағайындалғаннан кейін ғаламдық энергетика мәселелеріне жетекшілік етумен қатар Еуропа, Орталық және Шығыс Еуропа, Таяу Шығыс және Африка елдері бойынша, сондай-ақ Корпоративтік және Инвестициялық банкинг жөніндегі атқару комитеттерінің мүшесі болды. Ол бірнеше халықаралық ұйымда кеңесші болып табылады және ұзақ уақыттан бері Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесінің мүшесі болды. Кайларс мырза «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ-тың Директорлар кеңесінің төрағасы, тәуелсіз директоры болып табылды. Кайларс мырза Eureka (Energy) Ventures B.V. меншіктенушісі мен басқарушы директоры болып табылады, сондай-ақ Amsterdam Trade Bank N.V. Қадағалау кеңесінің тәуелсіз атқарушы емес директоры, тәуелсіз мүшесі болып табылады. Фрэнк Кайларс Роттердам қаласындағы (Нидерланды) Эразм Университетін «Құқық магистрі» дәрежесімен бітірді, Голландияның банктер мен сақтандыру компаниялары институтында оқыды, Фонтенбло (Франция), Кембридж (Ұлыбритания), Гарвард Бизнес-Мектебі (АҚШ) секілді халықаралық институттарда бірқатар дипломнан кейінгі бағдарламалардан өтті.



## ЕСЕНБАЕВ МАЖИТ ТӨЛЕУБЕКҰЛЫ (1949 ж.т.)

**ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ, «АЛМЭКС» ХОЛДИНГТІК ТОБЫ» АҚ ӨКІЛІ**

Мажит Төлеубекұлы Есенбаев 2014 жылғы сәуірде Халық Банкі Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды және көрсетілген лауазымға 2017 жылғы сәуірде қайта сайланды. Еңбек мансабының әр жылдарында Бас салық инспекциясының бастығы - ҚР Қаржы министрінің бірінші орынбасары, Мемлекеттік Салық комитетінің төрағасы, Қарағанды облысының әкімі, ҚР қаржы министрі, ҚР индустрия және сауда министрі, Ақмола облысының әкімі, ҚР бәсекелестікті қорғау агенттігінің төрағасы, ҚР Қаржы министрдігінің Кедендік бақылау комитетінің төрағасы сияқты жауапты мемлекеттік лауазымдарында қызмет еткен. 2014 жылғы ақпаннан бастап осы уақытқа дейін – «АЛМЭКС» холдингтік тобы» АҚ Басқарма Төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі. Мажит Төлеубекұлы Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын «Тау-кен өнеркәсібінің экономикасы және ұйымдастыру» мамандығы бойынша, сондай-ақ КСРО Мемжоспары жанындағы Өндіруші күштерді зерттеу жөніндегі кеңесі аспирантурасының күндізгі бөлімін бітірген. Экономика ғылымдарының кандидаты, доцент.



## КРИСТОФ РЁЛЬ (1958 ж.т.)

**ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ, ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОР**

Кристоф Рёль 2007 жылдың маусым айында Халық Банкі Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды және көрсетілген лауазымға 2017 жылғы сәуірде қайта сайланды. Калифорния, Лос-Анджелес Университетінде экономика профессорының ассистенті ретінде жұмыс істеді. Вашингтонда Дүниежүзілік Банк тобында аға экономист лауазымын, Мәскеуде аға экономист және Бразилияда жетекші экономист және сектор жетекшісі лауазымдарын атқарған. «BP plc» компаниясында бас экономистің орынбасары лауазымында қызмет жасады, топтың бас экономисті және «BP plc» компаниясының Вице-президенті болды. 2014 жылғы шілдеде Рёль мырза Абу-Даби (Aby Dhabi Investment Authority) Зерттеулер бөлімінің Бірінші Жаһандық басшысы болып тағайындалды. Кристоф Рёль Германияның Бремен Университетінің «Экономика Магистрі» дәрежесіне ие.



## СӘЙДЕНОВ ӘНУАР ҒАЛИМОЛЛАҰЛЫ (1960 ж.т.)

**ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ, ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОР**

Сәйденов Әнуар Ғалимоллаұлы 2016 жылдың сәуірінде Халық Банкі Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды және көрсетілген лауазымға 2017 жылғы сәуірде қайта сайланды. Мансабын оқытушылық қызметтен бастады, Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институтында экономикалық теорияны оқытты. Ары қарай Еуропалық қайта құру және даму банкінің консультанты, кіші банкирі болып еңбек етті, Лондон (Ұлыбритания). Еңбек қызметінің әр жылдарында ҚРҰБ Төрағасының орынбасары және Төрағасы, Инвестициялар жөнінде мемлекеттік комитеттің басшысы, Ұлттық Инвестициялар жөнінде агенттігінің Төрағасы, ҚР Қаржы министрлігінің вице-министрі сияқты жоғары мемлекеттік лауазымдарды атқарған. Әр жылдарда Халық Банкінде және басқа ірі ЕДБ-де, қаржы ұйымдар мен ірі коммерциялық компанияларда бірінші басшы болған. Әнуар Ғалимоллаұлы М. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетін «Саяси экономия» мамандығы бойынша үздік бітірді. Кейін М. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті экономика факультетінің аспирантурасын үздік аяқтады, экономика ғылымдарының кандидаты, сондай-ақ Лондон университетінің Шығыс және Африкалық зерттеулер мектебін (SOAS) бітірді, (Лондон, Ұлыбритания), «Қаржы экономикасы жөнінде ғылым магистрі» дәрежесі берілді.



## ШАЯХМЕТОВА ҮМІТ БОЛАТХАНҚЫЗЫ (1969 ж.т.)

**ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ, БАСҚАРМА ТӨРАЙЫМЫ**

2009 жылғы 22 қаңтарда Шаяхметова Үміт Болатханқызы Халық Банкінің Басқарма Төрайымы болып тағайындалды, 2009 жылғы сәуірде Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды және көрсетілген лауазымға 2017 жылғы сәуірде қайта сайланды. Әр жылдарда ол «ABN AMRO Asset Management» ЗАБК Басқарма Төрайымы, «АБН АМРО Банк Қазақстан» ЕБ ЖАҚ Басқарма Төрағасының орынбасары сияқты лауазымдарда жұмыс істеді. 2004 жылдың қараша айынан бері Халық Банкі Басқарма Төрағасының орынбасары лауазымында қызмет атқарды. 2011 жылғы мамыр айынан бастап Қазақстанның гимнастика федерациясының президенті болып табылады. 2015 жылғы маусым айында Алматы қаласы кәсіпкерлерінің палатасы тұсындағы Іскерлік әйелдердің өңірлік кеңесінің Төрайымы болып тағайындалды. 2015 жылғы маусымда «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Торалқасының Қаржы секторы комитетінің Төрайымы болып және UnionPay International Шығыс Европа, Орталық Азия және Кавказ бойынша өңірлік кеңесінің төрайымы болып сайланды. П. Лумумба атындағы Халықтар Достығы Университетін «Экономика ғылымдарының бакалавры» біліктілігімен және Rutgers University (АҚШ) «Іскерлік әкімшілендіру магистрі» дәрежесімен тәмамдады.

# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ




# БАСҚАРМА

# 7



# ӘРҚАШАН АЛДА БОЛАТЫНДАР!

БАСҚАРМА

**ФОРВАРД**

Дәлдік, сезіну шапшаңдығы және ерекше спорттық интуиция – міне, қарсыластың қақпасына кенет соққы беретін форвардты ерекше етіп көрсетеді. Футболдың отаны Англияда орталық форвардты немесе орталық шабуылшыны «тордағы түлкі» деп атайды, әр матчтың есебі көбінде қарсыластың айып алаңында оның «аулауы» қаншалықты сәтті болғандығына байланысты болады.

1



## ШАЯХМЕТОВА ҮМІТ БОЛАТХАНҚЫЗЫ (1969 ж.т.)

**БАСҚАРМА ТӨРАЙЫМЫ**

Өмірбаянын «Директорлар кеңесі» бөлімінен қараңыз.

# БАСҚАРМА

АЛҒАШҚЫ БОЛУ!

ӘРҚАШАН АЛДА БОЛАТЫНДАР!



## ӘЛМЕНОВ МАРАТ БҮРКІТБАЙҰЛЫ (1976 ж.т.)

**БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ:**
**БӨЛШЕК БИЗНЕС, ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ПРОБЛЕМАЛЫҚ КРЕДИТТЕР**

Әлменов Марат Бүркітбайұлы өзінің еңбек жолын 1997 жылы Халық Банкіде Заңды тұлғаларға кредит беру басқармасының банкирі ретінде бастады. Кредиттік тәуекелдер департаментінің Бөлшек бизнес басқармасының кредит маманы, тәуекел-менеджері, бастығы, Астана филиалы директорының бөлшек бизнес бойынша орынбасары, Бөлшек сатылымдар департаменті директорының орынбасары, Бөлшек сатылымдарды қолдау департаментінің директоры, Банктік өнімдер және агенттік қызметтер департаментінің директоры, Банктің Алматы облыстық филиалының директоры лауазымдарын атқарды. 2010 жылғы маусымнан баста қазіргі уақытқа дейін «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары болып табылады. 2016 жылғы ақпан айында «Халык-Life»АҚ-тың Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайланды. 2016 жылғы сәуірде «Халық Банк Қырғызстан» ААҚ-тың Директорлар кеңесінің Төрағасы лауазымына сайланды. Марат Бүркітбайұлы Қазақ мемлекеттік басқару академиясын «Қаржы және кредит» мамандығы бойынша бітірген.



## ҚАРПЫҚОВА ӘЛИЯ СӘКЕНҚЫЗЫ (1970 ж.т.)

**БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ:**
**ҚАРЖЫ, БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕП, ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАР**

Қарпықова Әлия Сәкенқызы банк жүйесінде 1992 жылдан бері жұмыс істеп келеді. 1992 жылдан бастап 1996 жыл бойынша ҚРҰБ-те түрлі лауазымдарда жұмыс атқарды. 1996–1997 жылдары Barents Group-та ҚР банктік жүйесіндегі бухгалтерлік есеп реформасы бойынша жобасының кеңесшісі болып жұмыс істеді. 1998–2001 жылдары: «Сити Банк Қазақстан» ЖАҚ-та Басқарма мүшесі – Бас бухгалтер, Қаржылық бақылау және әкімшілік басқару департаментінің директоры. 2001–2004 жылдары «Наурыз Банк Қазақстан» ААҚ-да Басқарушы директор, одан кейін Басқарма Төрағасының бірінші орынбасары болды. 2004 жылдан бастап Халық Банкте жұмыс істейді, Тәуекелдер бойынша Басқарушы директор, Басқарушы директор – Тәуекелдерді басқару департаментінің директоры, Тәуекел менеджментінің басшысы, Қаржы директоры лауазымдарын атқарды. 2011 жылғы қазаннан бастап қазіргі уақытқа дейін - Халық Банкі Басқарма Төрағасының орынбасары, 2016 жылдан бастап – «Казахинстрах» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі және 2017 жылдан бастап – «Казкоммерцбанк» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі. Әлия Сәкенқызы Әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік Университетін «Саяси экономия» мамандығы бойынша бітірді.



## КӨШЕНОВ МҰРАТ ҰЗАҚБАЙҰЛЫ, CFA, FRM (1973 ж.т.)

**БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ: КОРПОРАТИВТІК БИЗНЕС, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР**

Көшенов Мұрат Ұзақбайұлы банк жүйесінде 2000 жылдан бастап қызмет етеді. 2002-2010 жылдары мына лауазымдарды атқарды: «ABN AMRO Asset Management» ЗАБК ЖАҚ-тың брокерлік-дилерлік бөлімінің бастығы, «ДАБ «ABN AMRO Bank Казахстан» АҚ тәуекел-менеджер, Тәуекел-менеджмент басқармасының бастығы, Басқарма Төрағасының орынбасары (кейінірек «RBS (Казахстан)» ЕБ АҚ) (2002-2010 жылдары). Көшенов Мұрат Ұзақбайұлы «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-та – 2010 жылғы қаңтардан бастап Тәуекел-менеджменттің басшысы, Compliance-бақылаушы лауазымдарына тағайындалған. 2014 жылғы қыркүйектен бастап қазіргі уақытқа дейін Басқарма Төрағасының орынбасары болып табылады, 2016 жылдан бастап – «НБК-Қазақстан» ААҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы. Көшенов Мұрат Ұзақбайұлы Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетін «Физик» мамандығы бойынша бітірген, сондай-ақ Қазақстан менеджмент, экономика және болжау институтын «Іскерлік әкімшілендіру магистрі» дәрежесімен тәмамдады.



## ҚҰСАЙЫНБЕКОВ ҚУАТ ҚАЙРОЛЛАҰЛЫ (1966 ж.т.)

**БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ, АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР**

Кусаинбеков Куат Кайроллаевич 1999 жылғы қарашадан бастап Халық Банкі жүйесінде жұмыс істейді. Әр уақытта: Ақпараттық технологиялар департаментінің Банктік жүйелерін жобалау басқармасының басшысы, банктік ақпараттық жүйені жобалау және дамыту басқармасының басшысы – Ақпараттық технологиялар департаменті директорының орынбасары, Ақпараттық технологиялар департаменті директорының орынбасары, Ақпараттық жүйелер департаменті директорының орынбасары, Ақпараттық технологиялар департаментінің директоры, басқарушы директор – Ақпараттық жүйелер департаментінің директоры, Бас банкі Ақпараттық жүйелер департаментінің директоры, басқарушы директор, бас IT-директоры лауазымдарын атқарған. 2015 жылғы ақпаннан бастап қазіргі уақытқа дейін Халық Банкінің Басқарма Төрағасының орынбасары лауазымына тағайындалды. Куат Кайроллаевич В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын «Автоматтандырылған басқару жүйелері» мамандығы бойынша бітірген.



## САЛИМОВ ЕРТАЙ ИСМАИЛҰЛЫ (1974 ж.т.)

**БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ: ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ ҚАЗЫНАШЫЛЫҚ**

Салимов Ертай Исмаилович Халық Банкі жүйесінде 1995 жылғы тамыздан бастап жұмыс істейді. Әр уақытта: Валюталық операциялар департаментінің саудалық емес операциялар бөлімі басшысының орынбасары, валюталық операциялар департаментінің асыл металдармен жұмыс жөніндегі бөлім басшысының орынбасары, Халықаралық операциялар департаментінің асыл металдармен жұмыс жөніндегі бөлімнің жетекші банкирі, Халықаралық операциялар департаментінің асыл металдар бөлімнің жетекші банкирі, Саудалық қаржыландыру департаментінің Commodity бөлімінің бас банкирі, коммерциялық департаменттің Commodity бөлімінің бас банкирі, қазынашылықтың аға дилері, Forex, Money market қазынашылық операциялары басқармасының басшысы, қазынашылықтың саудалық операциялар басқармасының басшысы, қазынашылық директорының орынбасары, қазынашылық директоры, бас ОПЕРБ басшысы, бас операциялық директор лауазымдарында қызмет атқарған. 2015 жылғы 05 ақпаннан бастап қазіргі уақытқа дейін Халық Банкінің Басқарма Төрағасының орынбасары болып тағайындалды, 2016 жылғы ақпаннан бастап «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың Директорлар кеңесі мүшесі – тәуелсіз директоры және «Halyk Finance» АҚ-тың Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайланды. Ертай Исмаилович Қазақ мемлекеттік Басқару академиясын «Қаржы және кредит» мамандығы бойынша бітірді.



## ТАЛПАКОВ АСЛАН БАҚТЫГЕРЕЙҰЛЫ (1975 ж.т.)

**БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ, ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС, PR, РЕСУРСТАР**

Талпаков Аслан Бактыгереевич өзінің еңбек қызметін 1999 жылы «Эллайд Саппорт» БК қаржы бөлімінің бухгалтері, одан кейін талдаушысы болып бастады. «Нурбанк» ААҚ Дилинг және халықаралық есептер басқармасының жетекші маманы лауазымын атқарды. Әр жылдарда Атырау қ. «ABN AMRO Қазақстан Банкі» ЕАБ ЖАҚ филиалында Жеке тұлғалармен жұмыс жөніндегі бөлімнің маманы, Есептік-кассалық бөлімнің басқарушысы, филиал директоры лауазымдарында жұмыс атқарды. 2009 жылдан бастап 2011 жылына дейін Алматы қ. «RBS (Kazakhstan)» ЕБ» АҚ Корпоративтік клиенттер департаментінің менеджері болып істеді. Халық Банкі жүйесінде 2011 жылғы шілдеден қызмет етеді, Корпоративтік клиенттермен жұмыс жөнінде дапертаментін басқарды. 2015 жылғы шілдеден бастап қазіргі уақытқа дейін 2016 жылғы қаңтарда Халық Банкінің Басқарма Төрағасының орынбасары лауазымында қызмет етеді. «Халық Жоба» ЖШС Қадағалау кеңесінің Төрағасы болып сайланды. 2016 жылғы наурызда «Халық-Лизинг» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайланды.




# НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР

8



НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР

# ӘРҚАШАН АЛДА БОЛАТЫНДАР!

## СОЛИСТ

Солист – шығармашылық ұжымның сөзсіз көшбасшысы, оның ең жарық жұлдызы. Бұл терминнің өнерде кең етек жаюы тектен тек емес, өйткені шын мәнінде солист негізгі вокалдық немесе би партияларын орындау барысында көрерменді өз талантымен шабыттандыра, тамсандыра отырып масаттандырады.

ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ
HALYK BANK
НАРОДНЫЙ БАНК КАЗАХСТАНА

## ҚАҢТАРДА:

- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ алдыңғы қатарлы АТ шешімдерін пайдалана отырып Банктің жаңа сайтының бета-нұсқасын іске қосты, бұл АТ шешімдер жаңа сайтты заманауи әрі технологиялық түрде ғана емес, сондай-ақ бірқатар жаңа мүмкіндіктерді ендірудің арқасында user-friendly болуына мүмкіндік берді.

## АҚПАНДА:

- «Халық Банк Қырғызстан» ААҚ акциялардың тоғызыншы шығарылымын тіркеуден өткізді. Қосымша сомасы 65 808 000 сомға 131 616 жай атаулы акция шығарылды, оның әр данасының құны 500 сом.

## НАУРЫЗДА:

- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ «Казкоммерцбанк» АҚ акцияларының бақылау пакетін сатып алу туралы өзара түсіністік туралы міндеттемейтін меморандумға қол қойды. Меморандумның тараптары өзгелерден бөлек, мыналар табылады: ҚР Үкіметі, ҚРҰБ, Халық Банк, «Казкоммерцбанк» АҚ, «БТА Банк» АҚ және Кеңес Ракишев («Казкоммерцбанк» АҚ ең ірі акционері болып табылады).
- «Halyk Finance» АҚ 2017 жылы Cbonds ақпарат агенттігінің ең беделді номинациясын – «2017 жылдың Қазақстанның үздік инвестициялық банкі» атағын жеңіп алды.
- «Казкоммерц Секьюритис» АҚ «Cbonds Awards 2017»-ның «Қазақстанның үздік андеррайтері I» марапатына ие болды.

## СӘУІРДЕ:

- Танымал әрі беделді "EMEA Finance" журналы «Halyk Finance» АҚ-на «2016 жылдың Қазақстанның үздік инвестициялық банкі» ("Best Investment Bank in Kazakhstan 2016") атағын берді. Осылайша, «Halyk Finance» АҚ қатарынан 7 жыл осы құрметті номинацияның жеңімпазы болып танылды.
- «Halyk Finance» АҚ Жалғыз қаржы кеңесшісі және Андеррайтері ретінде болған, жалпы сомасы 50 млрд. теңгеге 10 жыл айналым мерзімімен «Қазақстан Темір Жолы» ҰК» АҚ теңгелік облигацияларын шығару және орналастыру бойынша мәміле үшін «Европада, Таяу және Орта шығыста және Африкада облигациялардың ең үздік квази-тәуелсіз шығарылымы» санаты бойынша қатарынан 7 рекордтық жыл бойы «EMEA Finance Achievement Awards» марапатына ие болды.
- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесі өкілеттігінің аяқталуына байланысты, акционерлердің жылдық жалпы жиналысында Александр Сергеевич Павловты, Анвар Галимуллаевич Сайденовты, Арман Галиаскарович Дунаевты, Рёль Кристофты, Кайларс Фрэнкты, Мажит Тулеубекович Есенбаевты, Умут Болатхановна Шаяхметованы 3 жыл өкілеттік мерзіммен Директорлар кеңесінің мүшелеріне сайлау туралы шешім қабылданды.
- Айкын Темиртасович Кабулов «Халық Банк Қырғызстан» ААҚ Басқарма Төрағасының қызметіне тағайындалды.
- Галым Коянбаевич Калмурзаев «Халық Жоба» ЖШС Бас директоры қызметіне тағайындалды.
- A.M.BEST халықаралық рейтингілік агенттігі «Казахинстрах» АҚ-тың қаржылық тұрақтылығының рейтингін «B++» (Good/Жақсы) деңгейінде және эмитенттің кредит рейтингін «bbb» деңгейінде растады. Рейтингтердің болжамы – тұрақты.

## МАМЫРДА:

- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Банктің меншікті қаражаты есебінен еурооблигацияларды 10 жыл айналым мерзімімен және 7,25% купондық мөлшерлемемен 638 029 000 АҚШ доллары сомасына толық көлемде уақытылы өтеді.
- Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес Басқарма Төрағасының орынбасары Айвар Жиреншеевич Бодановтың Басқарма мүшесі ретінде өкілеттігі 2017 жылдың 20 мамырынан бастап тоқтатылды.

## МАУСЫМДА:

- ҚР Үкіметі (ҚР Қаржы министрлігінің атынан), ҚР Ұлттық Банкі, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, «БТА Банк» АҚ, «Казкоммерцбанк» АҚ және оның ірі акционері Кеңес Рақышев мырза арасында «Казкоммерцбанк» АҚ акцияларының бақылау пакетін сатып алу туралы Шектелмелі келісімге қол қойылды.
- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ «Altyn Bank» АҚ-тың («Қазақстан Халық Банкі» АҚ ЕБ) акционерлік капиталындағы 60% үлесті сату туралы China CITIC Bank Corporation Limited-пен және China Shuangwei Investment Co., Ltd-мен жасалған келісімге қол қойды.
- «Halyk Finance» АҚ ресей нарығында қазақстандық эмитент облигациялары шығарылымының Қазақстан тарихындағы 1-сі болып табылған және ресей нарығында шетелдік эмитенттің корпоративтік шығарылымының ТМД елдерінің тарихындағы 1-сі болып табылған KASE мен Мәскеу Биржасында екі листингпен

15 млрд. рубль сомаға «Қазақстан Темір Жолы» ұлттық компаниясы» АҚ-тың («КТЖ-Финанс» АҚ арқылы) облигацияларының дебюттік 5-жылдық халықаралық шығарылымын орналастырудың бірлескен ұйымдастырушысы болып сәтті шықты.

- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ «Казкоммерцбанк» АҚ-тың 86.09% жай акцияларын сатып алу туралы Кеңес Рақышев мырзамен және жеке «Казкоммерцбанк» АҚ-тың 10,72% жай акцияларын сатып алу туралы «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-пен сатып алу-сату шарттарына қол қойды.
- Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес Басқарма Төрағасының орынбасары Асқар Сағидоллаұлы Смағұлов Банктің Директорлар кеңесі аппаратының және Банк Басқармасының кеңесшісі лауазымына ауысуына байланысты 2017 жылғы 1 маусымнан бастап «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Басқармасының мүшесі ретінде өкілеттігі тоқтатылды, сондай-ақ Асқар Смағұлов «Altyn Bank» АҚ Басқарма Төрағасының лауазымын өзінде қалдырады.

## ШІЛДЕДЕ:

- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ «Казкоммерцбанк» АҚ-тың 96,81% жай акцияларын сатып алуды аяқтады.
- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ «Казкоммерцбанк» АҚ-ты 185 млрд. теңге сомасына қосымша капиталдандыруды іске асырды.
- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ және «Казкоммерцбанк» АҚ банкоматтар желісін біріктіру процесіне кірісті.
- S&P және Moody's «Казкоммерцбанк» АҚ-тың рейтингін оның қосымша капиталдандырылуының және «Halyk» Тобына қосылуының нәтижесінде көтерді. S&P «Казкоммерцбанк» АҚ-тың ұзақ мерзімді кредит рейтингін «В–»-тен «В+»-ке дейін көтерді, қысқа мерзімді кредит рейтингін «В» деңгейінде растады, ұлттық шкала бойынша рейтингті «kzB+»-тен «kzBBB–»-қа дейін арттырды. Moody's «Казкоммерцбанк» АҚ-тың кредит рейтингін «Саа2»-ден «В1»-ге дейін, ал депозиттік рейтингін – «В3»-тен «Ва2»-ге дейін көтерді.
- Moody's Investors Service рейтингілік агенттігі «Altyn Bank» АҚ-тың дербес кредит рейтингін «ba3»-тен «ba2»-ге дейінгі деңгейге көтерді және банктің ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді депозиттік рейтингін «Ba2/Not Prime» деңгейінде растады. «Ba2» ұзақ мерзімді депозиттік рейтингі бойынша болжам «жағымсыздан» «тұрақтыға» өзгертілді.
- «Altyn Bank» АҚ Global Finance журналының марапатын алды: Altyn-i брендімен «Digital Banks of Distinction Award».
- Euromoney журналы «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ты Қазақстандағы үздік банк деп атады.

- A.M.BEST халықаралық рейтингілік агенттігі «Халық Life» АҚ-тың қаржылық тұрақтылық рейтингін «B+» деңгейінде және кредит рейтингін «bbb-» деңгейінде растады. Екі рейтингтің болжамы – жағымсыз.
- Халық Банктің еншілес ұйымы «Казтелепорт» АҚ төлем ұйымы мәртебесін алды.

## ТАМЫЗДА:

- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ және «Казкоммерцбанк» АҚ біріктірілген банкоматтар желісінде қосымша комиссияларсыз өз клиенттерінің төлем карталарын толықтыру мүмкіндігін қамтамаыз етті.
- «Казахинстрах» АҚ жеке тұлғаларға қораптық сақтандыру өнімдерін, соның ішінде «Қазақстан Халық Банкі» АҚ желісі арқылы сатуды бастады.
- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ мен «Қазпочта» АҚ арасында ынтымақтасу туралы меморандумға қол қойылды.
- PwC Қазақстан компаниясы Forbes Қазақстан редакциясының қолдауымен жүргізілген «Әлемнің ең ірі компаниялары басшыларының 20-шы жыл сайынғы сауалнамасының қазақстандық шығарылымы» ұсынды: Үміт Шаяхметова мен Халық Банк «2016 жылдың үздігі» қатарына кірді.

## ҚЫРКҮЙЕКТЕ:

- Fitch Ratings «Halyk Finance» АҚ-қа бұрын берілген шетелдік және ұлттық валютадағы эмитент дефолтының ұзақ мерзімді рейтингін («ЭДР») «ВВ» деңгейінде, болжамы «Тұрақты», шетелдік және ұлттық валютадағы қысқа мерзімді ЭДР-ді «В» деңгейінде және қолдау рейтингін «3» деңгейінде растады.
- Fitch «Казкоммерцбанк» АҚ-тың шетелдік және ұлттық валютадағы ұзақ мерзімді рейтингін «ВВ–» дейін, қысқа мерзімді – «В» дейін көтерді, тұрақтылық рейтингі «b» дейін көтерілді, қолдау рейтингі «3» деңгейіне дейін көтерілді. Банктің ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді рейтингтері бойынша болжам – «Тұрақты».
- PWC Қазақстан компаниясы «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың ішкі аудит қызметінің халықаралық ішкі аудиттың кәсіпқой стандарттарына және әдеп кодексіне сәйкес келгенін растады.
- Алматыда күрделі жөндеуден кейін «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың бөлімшесі ашылды.
- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ ISO/IEC 27001:2013 халықаралық стандартының талаптарына ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесінің сәйкес келуіне қайта сертификаттық аудиттен сәтті өтті.

## ҚАЗАНДА:

- Altyn Bank Global Finance журналының марапатын алды: «The Best Subcustodian Bank in Kazakhstan for 2017».
- «Казкоммерцбанк» Ақ мен Visa компаниясы QR-технологияға негізделген Homebank Pay мобильдік төлем шешімін іске қосты. Оның көмегімен банк клиенттері сатып алған затты QR-кодты сканерлеу арқылы төлей алады, ал коммерсанттар қолма-қол жасалмайтын төлемдерді POS-терминалдарсыз қабылдай бастайды, бұл есеп айырысу процесін жеңілдетеді және арзандатады.
- «Казкоммерц Секьюритис» АҚ «Қазақстанның үздік инвестициялық банкі» ретінде World Finance халықаралық журналының марапатына ие болды.

## ҚАРАШАДА:

- «АЛМЭКС» холдингтік тобы «Казкоммерцбанк» АҚ-тың жай акцияларының 25,05%-на ие болды.
- «Halyk Finance» АҚ қатарынан 7-ші рекордтық жыл бойы Жалғыз қаржы кеңесшісі және жетекші Андеррайтері ретінде болған, жалпы сомасы 8 млрд. теңгеге 5 жыл айналым мерзімімен «ҚазАгроФинанс» ҮК» АҚ теңгелік облигацияларын шығару және орналастыру бойынша мәміле үшін «Европада, Таяу және Орта шығыста және Африкада ұлттық валютадағы облигациялардың ең үздік шығарылымы» санаты бойынша «EMEA Finance Achievement Awards» марапатын жеңіп алды.
- «Казтелепорт» АҚ «SmartCloud» жаңа брендін тіркеді. Жаңа брендпен мынадай қызметтер ұсынылады: шағын және орта бизнес сегментіндегі клиенттер үшін «Облачный 1С», «Виртуальный дата-центр (IaaS)», «Виртуальный выделенный сервер VDS/VPS».
- «Halyk Finance» АҚ бірлескен букраннер ретінде 10 жыл айналым мерзімімен, жалпы сомасы 780 млн. АҚШ долларына «Қазақстан Темір Жолы» ұлттық компаниясы» АҚ-тың еурооблигацияларын шығару және орналастыру бойынша мәмілені сәтті аяқтады. Осы серпілісті мәміле эмитенттің міндеттемелерін басқару бойынша кешенді транзакцияның және оның борыштық бейінін ұзартудың бір бөлігі болып табылады.

## ЖЕЛТОҚСАНДА:

- Fitch Ratings халықаралық рейтингілік агенттігі «Altyn Bank» АҚ-тың шетелдік және ұлттық валютадағы эмитент дефолтының ұзақ мерзімді рейтингін «BB» деңгейінде растау туралы, сондай-ақ Банктің рейтингтерін Rating Watch Positive (RWP) тізімінде – қайта карауға берілген жағымды болжамды рейтингтердің тізбесінде қалдыру туралы шешімі туралы жариялады.
- «Halyk Finance» АҚ бірлескен ұйымдастырушы ретінде болған, 2017 жылдың маусымында жалпы сомасы 15 млрд. рубльге 5 жыл айналым мерзімімен «Қазақстан Темір Жолы» ҰК» АҚ рубльдік облигацияларын («КТЖ Финанс» АҚ арқылы) дебюттік шығару және орналастыру бойынша мәміле үшін «Шетелдік эмитенттің үздік мәмілесі» санаты бойынша «Cbonds Awards 2017» марапатын жеңіп алды.
- «Halyk Finance» АҚ бірлескен букраннер ретінде 3 жыл айналым мерзімімен жалпы сомасы 100 млрд. теңгеге «Қазақстан Даму Банкі» АҚ-тың теңгеге алғаш рет ірілендірілген еурооблигацияларын шығару және орналастыру бойынша мәмілені сәтті аяқтады. Аталған мәміле тарихтағы 1-ші халықаралық және қазақстандық инвесторлардың көптігінің арасында қазақстандық эмитенттің теңгелік еурооблигацияларының жарияланған ұсынысы болып табылады.
- «Халық Банк Қырғызстан» ААҚ мен « Кепілдендірілген қор» ААҚ Қырғыстанда шағын және орта бизнесті қолдау бойынша ынтымақтасу туралы келісімге қол қойды.
- Fitch Ratings халықаралық рейтингілік агенттігі «Халык Банк Грузия» АҚ эмитентінің шетел валютасындағы дефолтының ұзақ мерзімді рейтингін «BB-» деңгейінде растады, болжамы «Тұрақты».
- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесі «Казкоммерцбанк» АҚ-ты Халық Банкке қосу арқылы екі банктің бірігуін мақұлдады.
- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Global Finance халықаралық баспасының 18-ші жыл сайынғы зерттеу нәтижелері бойынша «2018 жылы Қазақстанда валюта айырбастау операциялары нарығының үздік провайдері» («The Best Foreign Exchange Provider in Kazakhstan 2018») номинациясында жеңіске жетті.




# МАРАПАТТАРЫ

# 9



МАРАПАТТАРЫ

# ӘРҚАШАН АЛДА БОЛАТЫНДАР!

**ЧЕМПИОН**

Спорт жарысында жеңіске жетуден маңыздырақ не болуы мүмкін? Кез келген спортшы чемпиондық атақтар туралы армандайды, чемпионның бейнесі – ол өз өмірін спортқа арнаған әрбір адамның барлық үміті мен мақсаттарының іске асуы болып табылады. Әлбетте, чемпиондықтың философиясы нағыз жеңістермен және жаңа рекордтармен шектелмейді. Бірінші болу, чемпион болу – демек, адам рухының және оның шын мәніндегі шексіз мүмкіндіктерінің ұлы олимпиадалық идеясына қызмет ету.

ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ
HALYK BANK
НАРОДНЫЙ БАНК КАЗАХСТАНА

## «ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ» АҚ

**«ДАМУ» ҚОРЫ**
«Өңірлерде бизнесті қолдау бойынша үздік банк»

**EUROMONEY**
«Қазақстандағы үздік банк»

**GLOBAL FINANCE**
«2018 жылы Қазақстанда валюта айырбастау операциялары нарығының үздік провайдері»

**ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ KASE**
«Ашық болуға ұмтылысы үшін» дипломы

«Нарықтың көшбасшысы»

## «HALYK FINANCE» АҚ

**CBONDS**
«2017 жылғы Қазақстанның үздік инвестициялық банкі»

«Шетелдік эмитенттің үздік мәмілесі»

**EMEA FINANCE**
«2016 жылғы Қазақстанның үздік инвестициялық банкі»

«Еуропада, Таяу және Орта Шығыста және Африкада облигациялардың үздік квази-тәуелсіз шығарылымы»

«Еуропада, Таяу және Орта Шығыста және Африкада ұлттық валютадағы облигациялардың үздік шығарылымы»

**ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ KASE**
«Корпоративтік облигациялар нарығындағы жыл маркет-мейкері»

## «КАЗКОММЕРЦ СЕКЬЮРИТИС» АҚ

**CBONDS**
«Қазақстанның қаржылық нарығы бойынша үздік сараптама»

«Жылдың үздік андеррайтері»

**WORLD FINANCE**
«Қазақстанның үздік инвестициялық банкі»

## «ALTYN BANK» АҚ

**GLOBAL FINANCE**
«The Best Subcustodian Bank in Kazakhstan for 2017»

«Қазақстанның үздік Кастодианы 2017»

## «ALTYN BANK» ALTYN-I БРЕНДІМЕН

**GLOBAL FINANCE**
«Digital Banks of Distinction Award»

«Қазақстанның үздік тұтынушылық цифрлық банкі»




# 2017 ЖЫЛЫ МАКРО-ЭКОНОМИКАЛЫҚ АХУАЛ

# 10

ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ
HALYK BANK
НАРОДНЫЙ БАНК КАЗАХСТАНА



# ӘРҚАШАН АЛДА БОЛАТЫНДАР!

## АЛҒАШҚЫ ЖҰЛДЫЗ

Біреуді жұлдызға теңеу арқылы, біз оның көрнекті қабілеті мен талантын мойындаймыз. Бірақ адамдар арасында, сондай-ақ шынайы аспан денелерінің арасында бірінші болып тұратын жұлдыздар бар. Осылайша, аспандағы ең жарық жұлдыз – ол Сүмбіле (Сириус). Ол Үлкен арлан шоқжұлдызында жалтылдайды және Жердің кез келген нүктесінен көрінеді, сондай-ақ ол Күн сәулесінің жарықтығынан 22 есе көп.



ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ
HALYK BANK
НАРОДНЫЙ БАНК КАЗАХСТАНА

# 2017 ЖЫЛҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАСЫ

Қазақстанның экономикасы екі жылдық тоқыраудан кейін 2017 жылы өсімнің жоғары қарқынын 4% көрсетті, бұл жалпы алғанда әлемдік экономика үшін 3,6% жоғары. Бұл нәтиже бірқатар факторлардың үйлесуінің арқасында мүмкін болды, оның ішінде минералды шикізатқа бағалардың әбден өсуін, мұнай мен басқа да табиғи ресурстарды өндірудің артқан көлемін, инвестициялардың, соның ішінде мемлекеттік инвестициялардың жоғары өсімінің сақталуын атап көрсеткен жөн.

2017 жылы Брент маркалы мұнайдың орташа жылдық бағасы 10 АҚШ долларына артты – баррель үшін 54 АҚШ долларына дейін болды, сондай-ақ негізгі өндірістік металдарға баға белгіленім 20%-дан артық өсті. Бұл ретте, 2017 жылдың қаңтарынан бастап мұнайдың құны бір баррель үшін 60 АҚШ долларынан жоғары деңгейде болды.

Экономика өсімінің драйверлері - өнеркәсіп (+7,1%), көлік (+4,8%), телекоммуникация (+3,3%), мауда (+3,2%), ауыл шаруашылық (+2,9%) және құрылыс (+1,9%) болды. Ең маңыздысы 5,5% өсімді көрсеткен инвестициялар болып табылады.

**МҰНАЙ БАҒАСЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУДІ ЖАНДАНДЫРДЫ**




Дереккөз: КС МНЭ, Блумберг

Өнеркәсіптегі өсімнің жартысы Қашағандағы шығарылған мұнайдың ұлғайтылған көлемі есебінен мұнай шығарумен қамтамасыз етілген. Жақсы өзгеріс металлургияда, мұнай өңдеуде, фармацевтикада, тоқыма өнеркәсібінде және басқа да салаларда болды. Сәйкесінше экономикалық өсім Астана мен Алматы қалаларында және басқа өңірлерде бірқалыпты өсім кезінде мұнай шығаратын батыстың макроөңірінде озық қарқынмен дамып жатты.

**6 ЖЫЛ ТОҚЫРАУДАН КЕЙІН 2017 ЖЫЛЫ ӨНЕРКӘСІП +7%**




Дереккөз: КС МНЭ

Мемлекет тарапынан экономиканың ынталандырылуы 2017 жылы жалғасты. Шоғырландырылған бюджеттің шығындары былтырғы жылмен салыстырғанда ЖІӨ-нің 22%-на қарсы ЖІӨ-нің 25%-на қол жеткізді. Шығындардың ұлғаюы банк жүйесін қалпына келтіруге мемлекеттік бюджеттен бөлінген 2,1 трлн. теңгемен байланысты болды.

2016 жылдағыдай, «Нұрлы Жол» инфрақұрылымдық дамудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруға мемлекеттік бюджеттен 2017 жылы 472 млрд. теңге бөлінді. 2019 жылға дейін есептелген осы бағдарламаның негізгі бағыты инфрақұрылымды құру болып табылады.

2017 жылы 2031 жылға дейінгі кезеңге есептелген «Нұрлы Жер» тұрғын үй құрылысының жаңа бағдарламасы іске қосылды. Бюджеттен қаржыландыру шамамен 140 млрд. теңгені құрады, бұл тұрғын үй құрылысының көлемін жоғары деңгейде ұстап тұр және үйді арзандатылған ипотека арқылы сатып алуға жағдай туғызады.

2017 жылы мемлекеттік қарыз ЖІӨ-нен 26% деңгейге дейін бірқалыпты өсті. Жағымды сәт – ол базалық мөлшерлеменің төмендеуінен және ұлттық валютаның нығаюынан кейін ақша нарығында мөлшерлемелерді тұрақтандыру шамасына қарай қарыздың төмендеп келе жатқан қуны.

2017 жылы мұнай секторынан Ұлттық қорға түсетін салықтар 2 трлн. теңгеге дейін екі есе көбейді. Алайда бұл ретте қаражатты трансферттер есебінен пайдалану 50%-ға 4,4 трлн. теңгеге дейін ұлғайды, инвестициялық кіріс 1,6 трлн. теңгені құрады. 2017 жылы Ұлттық қор қаражатының 23,1 трлн. теңгеге дейін немесе ЖІӨ-нен 45%-ға дейін азайтылуы 1,3 трлн. теңгені құрады, мұнда банктердің проблемаларын шешу үшін 2,1 трлн. теңгелік пакеттің бір бөлігі ретінде шамамен 1 трлн. теңгенің бөлінуі қор активтерінің азаюына әсер етті.

Мемлекеттік органдар Салық және Кеден кодекстерін түзету арқылы кәсіпкерлер үшін бизнесті жүргізудің талаптарын жеңілдету шараларына бастама жасады. Бұл ретте экономикалық өсім жеке бастамалар жолында барьерлерді азайта отырып жеке секторға сүйенуі керек.

**2017 ЖЫЛЫ БАНКТЕРДІ САУЫҚТЫРУ МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТ ШЫҒЫСТАРЫНЫҢ ӨСУІНЕ СЕБЕПШІ БОЛДЫ**




Дереккөз: ҚР Қаржымин, КС МНЭ

**АҚША НАРЫҒЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ**




Дереккөз: KASE, ҚРҰБ

2017 жыл аяғына еліміздің шоғырландырылған халықаралық қорлары (ҚРҰБ пен ҰҚ) 89 млрд. АҚШ долларын құрады және бір жылда ҚРҰБ қорларын ұлғайту кезінде Ұлттық қор активтерін шамамен 3 млрд. АҚШ долларына азайту есебінен 1,9 млрд. АҚШ долларына азайды.

ҚРҰБ монетарлық саясаты тенденцияны дәйекті түрде жеңілдетуге көрсетті. Валюта нарығындағы ҚРҰБ-ның басқыншылығы ұлттық валютаның ауытқуын тегістеуге бағытталды. 2017 жылы теңгенің АҚШ долларына орташа жылдық бағамы 5%-ға бір доллар үшін 326 теңгеге дейін нығайды. ҚРҰБ басқыншылығының үлкен еместігіне қарамастан, оның валюта нарығына ықпалы өте жоғары. Тамызда-қыркүйекте ҚРҰБ ұлттық валютаның елеулі әлсіреуіне жол берді, бірақ жылдың соңында оның ықпалы мынаған әкеп соқтырды, айырбастау бағамы теңгенің бағам құруының іргелі факторларын барабар көрсете бастады.

2017 жыл бойындағы инфляция ҚРҰБ дәлізі шеңберінде 6-8% құрады және жылды осы таргеттің дәл ортасында, 2016 жылдың 8,5%-нан кейін 7,1% белгісімен аяқтады. Бұл 2017 жылдың соңында базалық мөлшерлемені 1,75пп-ға 10,25% дейін жоспарлы төмендетуге мүмкіндік берді.

ҚРҰБ құралдар бойынша кірістіліктің түсуіне қарамастан, ноталардың көмегімен артық өтімділікті алып алуды жалғастырды (жыл басынан 2,7пп-ға). Ақша нарығындағы қысқа мерзімді мөлшерлемелер мөлшерлемелер дәлізінің төменгі шегінде тұрақты күйде болды. Осылайша, ақша нарығындағы құралдардың тартымдылығын төмендеуіне қарамастан, банктер өтімділікті жинауды жалғастырды. Банктерді қалпына келтіруге бөлінген қаражаттарды ҚРҰБ өз құралдары арқылы зарарсыздандырылды, бұл 2017 жылдың ортасында және соңында алынатын өтімділіктің өсімінде көрсетілді.

# 2017 ЖЫЛДАҒЫ БАНК СЕКТОРЫ

2017 жылы банк жүйесі секторды дамытуға қатты әсерін тигізген түрлендірулердің ауқымды процестерімен сипатталды. Жүйеде жасырын проблемалардың болуы (проблемалық кредиттердің көтеріңкі деңгейі және сәйкесінше, капиталдың жеткіліксіздігі) банктердің қызметіне үлкен қысым көрсетуді жалғастырды, бұл олардың бірігуіне, лицензиялардың қайтарып алынуына және нарықтан жекелеген институттардың кетуіне әкеп соқтырды. Халық пен бизнестің сенімсіздігі депозиттердің шынайы кетуінде байқалды. Нәтижесінде, 2017 жылы банк секторының экономикадағы үлесінің төмендеуі үдетілді. Сонымен, кредиттердің ЖІӨ-ге үлесі 24,6% құрады (2016 жылғы 27,1% қарсы)[1], банк активтерінің ЖІӨ-ге үлесі 46,8% құрады (2016 жылғы 54,4% қарсы).

Жылдың басты оқиғасы банк секторының қаржылық тұрақтылығын арттыру бағдарламасын жүзеге асыру болып табылды. Бағдарламаның екі бағыты (жүйе құрушы банктің – ККБ қаржылық тұрақтылығын арттыру бойынша шаралар және ең ірі банктердің қаржылық тұрақтылығын арттыру бойынша шаралар) банк секторына ықпал жасау бойынша негізгі болды.

ККБ-ның кредиттік портфелінің күрделі және өте үлкен проблемалары 2017 жылдың басында тез өсе бастады және бүкіл банк секторы үшін апаттық салдарға әкеп соқтыруы мүмкін еді. Нәтижесінде, негізгі және уақытылы оқиғалардың бірі БТА-ның ККБ алдындағы проблемалық заемдарын өтеудегі мемлекеттің көмегі болды, бұл осы жүйе құрушы банктің ақша салымшылары мен кредиторларының ақшасын сақтап қалуға жағдай жасады.

[1] Мұнда және будан әрі қарай ақпарат ҚРҰБ статистикалық бюллетеніне сай берілген.

2017 ЖЫЛЫ МАКРО-ЭКОНОМИКАЛЫҚ АХУАЛ

Мемлекет тарапынан 2,4 трлн. тенге сомасында уақытылы қолдау көрсету ККБ-ның қаржылық тұрақтылығын қалпына келтіруге әкеп соқтырды, алайда, онда теріс капитализация және үздіксіз жұмыс істеу бойынша проблемалар қалды. Бұл проблемаларды шешу Халық Банктің оны сатып алуына мүмкіндік берді. 2017 жылдың аяғында Халық Банктің Директорлар кеңесі ККБ-ның Халық банкке қосу арқылы екі банктің бірігуін мақұлдағанын жариялады.

Екі ірі банктің қаржылық тұрақтылығын арттыру бойынша шараларға қатысты айтатын болсақ, 2017 жылдың аяғына қаржылық қолдаудың ҚРҰБ бекіткен жалпы сомасы 650 млрд. теңгені құрады, оның 500 млрд. астамы игерілген болатын. Қолдау жеңілдікті пайыздық мөлшерлемемен 15 жыл мерзіммен субординирленген борыш талаптары бойынша ақшалай қаражат түрінде іске асырылды. Осындай мемлекеттік көмек шеңберінде қатысушы банктердің акционерлері кредиттік шығындар бойынша қосымша қорлар (провизиялар) жасау мақсатымен банктерді қосымша қапиталдандырғаны болжамданады. Қаржылық көмек бес қазақстандық банкке берілді: «Цеснабанк» АҚ, «Банк ЦентрКредит» АҚ, «АТФБанк» АҚ, «Евразийский банк» АҚ және «Bank RBK» АҚ.

Сондай-ақ банк секторы 2017 жылы банктер ҚРҰБ ақша-кредит саясатының құралдарында орналастырған артық өтімділікпен сипатталды. Бір жылда ҚРҰБ алған өтімділіктің көлемі 649 млрд. теңгеге өсті және жылдың аяғына жалпы көлем 3,8 трлн. теңгені (ЕДБ-тің несиелік портфелінен 28%) құрады.

Бір жылда ҚРҰБ базалық мөлшерлемесі 1,75пп-ға төмендеді және 10,25% +/-1пп құрады. 2018 жыдың қаңтарында ол кенеттен бірден 0,5пп-ға 9,75% +/-1пп дейін түсіп кетті, бұл ҚРҰБ-тің банктерде кредиттеуді ынталандыруға ниеті туралы айтады.

2017 жылы экономиканың шикізат емес секторларындағы жағдайдың елеусіз жақсаруының нәтижесінде, ҚРҰБ жеңілдететін ақша саясатына қарамастан, заңды тұлғалардың тарапынан кредиттерге сұраныс төмен деңгейде қала берді. 2017 жылы базалық мөлшерлеменің төмендеуі банктерді тұтынушылық кредиттеуде жеткілікті болатын елеулі өсуге ғана әкеп соқтырды.

2017 жылы экономика кредиттері 0,02%-ға 12,7 трлн. теңгеге дейін төмендеді. Портфельдің мұндай төмендеуі көп жағдайда банк секторының қаржылық тұрақтылығын арттыру бағдарламасын жүзеге асырумен және проблемалық кредиттерді банк жүйесінен ішінара шығарумен байланысты. 2017 жылы банк секторында корпоративтік кредиттеудің төмендетілуі 5,8% құрады, ал жеке тұлғаларды кредиттеудің өсімі 12,4% құрайды.

ЕДБ-нің кредиттік порфелінің кредиттік шығындарына провизиялардың деңгейі 5пп-ға өсті және жылдың аяғына 15,6% құрады. 90 күннен артық мерзімі өткен заемдар несиелік портфельден 2,6пп-ға 9,3%-ға дейін ұлғайтылды. Сектор бойынша аталған көрсеткіштердің өсімі айтарлықтай дәрежеде ККБ-да оны сатып алу бойынша мәміле жасау кезінде анықталған жаңа проблемалық кредиттердің есебінен болды. ҚРҰБ мен халықаралық рейтингілік агенттіктер банк жүйесінде проблемалық кредиттердің нақты деңгейі анағұрлым жоғары екенін атап көрсетеді.

2017 жылы депозиттердің жылыстауы 3% (салыстыру үшін, 2016 жылы өсім 13% болды) құрады. 2017 жыл ішінде заңды тұлғалардың депозиттерінің күрт құлауы (-8.1%) жеке тұлғалар салымының өсімімен (+3,7%) ішінара өтелді.

Теңгенің еркін құбылмалы бағамының және валютадағы және теңгедегі депозиттердің арасындағы пайыздық мөлшерлемелердің үлкен айырмашылығының арқасында жыл бойы депозиттерді долларландырумен жағдай анағұрлым жақсарды. Жыл қорытындысы бойынша депозиттердің долларландырылуының төмендеуі 2016 жылы 54,5%-дан 2017 жылы 47,8%-ға дейін 6,7пп-ны құрайды, бұл ретте ең көп төмендеуді жеке тұлғалардың валюталық депозиттерінің үлесін 62%-дан 52,3%-ға дейін 9,9пп-ны көрсетті.

2016 жылмен салыстырғанда, 2017 жылы банк секторының табыстылығының көрсеткіштері теріс мәнді көрсетті, бұл банк секторын трансформациялау процестерімен байланысты. 2017 жылы банк секторының шығыны 62,3 млрд. теңгені (қорытынды айналыммен) құрады. Аудиттелмеген деректерге сай, ККБ, RBK, Delta Bank есепке алмағанда, таза пайда 479 млрд. теңгені, бұл 2016 жылмен салыстырғанда 69,2% көбірек (283 млрд. теңге). ККБ, «Bank RBK» АҚ, «Delta Bank» АҚ есепке алмағанда, капиталдың табыстылығы 2016 жылдың 10,6%-на қарсы 2017 жылы 17,3% құрады. Банк секторының қаржылық тұрақтылығын арттыру бағдарламасының қатысушы банктері жыл қорытындысы бойынша аудиттелген есептілікте провизиялардың деңгейін арттыруы әбден мүмкін.



ӘРҚАШАН АЛДА БОЛАТЫНДАР!

# 11

# ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ШОЛУ

ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ
HALYK BANK
НАРОДНЫЙ БАНК КАЗАХСТАНА



# ӘРҚАШАН АЛДА БОЛАТЫНДАР!

**БІРІНШІ СЕРІГІ**

1957 жылдың 4 қазаны. Бұл күн әлемдік ғарыш тарихына КСРО-ның әлемдегі алғашқы Жердің жасанды серігін ұшырған күні ретінде кірген. Жер серігін ұшыру - орбиталық биіктіктегі атмосфераның тығыздығы туралы деректерді алу, ионосферада радиобелгілерді тарату ерекшеліктерін зерттеу және орбитаға шығару мәселелерін зерделеу мүмкіндігін ғана беріп қоймай, сонымен бірге жаңа дәуірдің бастамасы – адамның ғарышты белсенді игерген дәуір кезеңі болды.

Топтың таза кірісі 31,9%-ға 173,4 млрд. теңгеге дейін өсті. Таза кірістің өсуі негізінен таза пайыздық кірістің 23,5%-ға өсуі есебінен болды.

## ПАЙДА МЕН ШЫҒЫН ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2016 жылмен салыстырғанда пайыздық кіріс 52,3%-ға өсті, пайыздық активтердің орташа қалдықтарының 51,1%-ға ұлғаюы есебінен болды. Пайыздық активтер бойынша орташа қалдықтардың ұлғаюы негізінен 2017 жылдың 3-тоқсанында ККБ активтерінің шоғырландырылуы есебінен, сондай-ақ 2016 жылдың 2-тоқсанында Банк сатып алған ҚРҰБ ноталары есебінен болды.

### АКТИВТЕРДІҢ ТҮРІ БОЙЫНША ПАЙЫЗДЫҚ КІРІС, МЛРД. ТЕҢГЕ




Пайыздық шығыстар 2016 жылмен салыстырғанда, 60,6%-ға өсті. Бұл негізінен пайыздық міндеттемелер бойынша орташа қалдықтардың ұлғаюы есебінен, сондай-ақ кредит мекемелерінің қаражаттары (жылдығы 3,7%-дан жылдығы 4,1%-ға дейін) және борыштық бағалы қағаздар (жылдығы 7,7%-дан жылдығы 8,5%-ға дейін) бойынша орташа пайыздық мөлшерлемелердің ұлғаюы есебінен, 2017 жылдың 3-тоқсанында ККБ активтерінің шоғырландырылуы нәтижесінде болды.

### МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІҢ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША ПАЙЫЗДЫҚ ШЫҒЫСТАР, МЛРД. ТЕҢГЕ




Нәтижесінде, құнсыздануға резервтерге есептен шығарылғанға дейін таза пайыздық кіріс 2016 жылмен салыстырғанда 44,5%-ға 248,5 млрд. теңгеге дейін өсті.

Таза пайыздық маржа 2016 жылдағы жылдығы 5,5%-бен салыстырғанда, 2017 жылы жылдығы 4,9%-ға дейін төмендеді, негізінен ККБ-ның ең төменгі таза пайыздық маржасы есебінен және Алтын Банктің пайыздық активтерін сатуға арналған активтерге қайта жіктеу есебінен болды.

### ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ МАРЖА ЖӘНЕ ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ СПРЕД




Құнсыздануға бөлінген резервтерге аударымдар 2016 жылмен салыстырғанда 2017 жылдың 3-тоқсанынан бастап ККБ активтерін шоғырландыру есебінен 165,9%-ға ұлғайды.

### ЗАЕМДАР БОЙЫНША ҚҰНСЫЗДАНУҒА БӨЛІНЕТІН РЕЗЕРВТЕРГЕ АУДАРЫМДАР, МЛРД. ТЕҢГЕ




Тәуекелдің құны 2016 жылғы жылдығы 1,0%-бен салыстырғанда жылдығы 2,2%-ға дейін өсті.

Қызметтер мен комиссиялар бойынша кірістер 2016 жылмен салыстырғанда 51,9%-ға өсті, негізінен ККБ-ның шоғырландырылуы, сондай-ақ Банктің транзакциялық бизнесінің өсіп келе жатқан көлемінің нәтижесінде, негізінен төлем карточкалары-на қызмет көрсету, кассалық операциялар мен банктік аударымдар бөлігінде.

| | 2017 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін млн. теңге | 2016 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін млн. теңге |
|---|---|---|
| Төлем карточкаларына қызмет көрсету | 23 332 | 11 116 |
| Банктік аударымдар – есеп айырысу шоттары | 18 943 | 14, 438 |
| Кассалық операциялар | 18 159 | 10 353 |
| Клиенттерге зейнетақы төлемдеріне қызмет көрсету | 7 776 | 6 953 |
| Банктік аударымдар – жалақы бойынша жобалар | 7 261 | 6 912 |
| Берілген кепілдіктер мен аккредитивтер | 5 406 | 3 818 |
| Клиенттердің шоттарына қызмет көрсету | 3 006 | 1 884 |
| Басқасы | 3 757 | 2 223 |
| | **87 640** | **57 697** |

Өзге пайыздық емес кірістер 2016 жылдағы 43,0 млрд. теңгеге қарағанда, 2017 жылы 106,3 млрд. теңгеге дейін өсті. Бұл өсім, негізінен, ККБ-ның сақтандыру еншілес ұйымдарын шоғырландыру есебінен, сондай-ақ Банктің сақтандыру бизнесінің өсіп жатқан көлемі есебінен болды. Сондай-ақ өзге пайыздық емес кірістер пайда немесе шығын арқылы есептелетін әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер мен міндеттемелер бойынша таза пайда есебінен, негізінен ККБ-ны шоғырландыру есебінен өсті.

## ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ШЫҒЫСТАР, МЛН. ТЕҢГЕ




Операциялық шығындар 2016 жылмен салыстырғанда, негізінен ККБ-ны шоғырландыру есебінен, сондай-ақ қызметкерлерге жалақы мен өзге төлемдер төлеу, кәсіби қызметтер мен салықтар бойынша шығыстардың ұлғаюы есебінен өсті. Қызметкерлерге жалақы мен өзге төлемдер төлеу бойынша шығыстар 2016 жылмен салыстырғанда 2017 жылы есептелген аса жоғары бонустардың есебінен және 2017 жылғы 1 маусымнан бастап қызметкерлер жалақысының жалпы көбеюі есебінен өсті; өсім 2017 жылғы 3-тоқсанда ККБ бұрын есептеген бонустар бойынша резервтерге сторно жасаумен ішінара ұсталып отырды. Кәсіби қызметтер мен салықтарға жұмсалған шығыстардың ұлғаюы ККБ-ны сатып алумен байланысты сыртқы кеңесшілердің және Алтын Банктің 60 % үлесін сату қызметтерімен байланысты.

Операциялық шығыстардың операциялық кірістерге ара салмағы операциялық кіріспен салыстырғанда операциялық шығыстың зор өсуі есебінен, 2016 жылғы 28,1%-бен салыстырғанда, 29,5%-ға дейін ұлғайды. Операциялық кіріс аса жоғары пайыздық кірістердің, қызметтер мен комиссиялар бойынша таза кірістің, 2017 жылғы 3-тоқсанда деривативті құралдардың жағымды қайта бағалануы есебінен, сондай-ақ 2017 жылғы 4-тоқсанда сауда операциялары бойынша таза пайда есебінен 56,1%-ға өсті.

## ШЫҒЫСТАРДЫҢ КІРІСТЕРГЕ АРА САЛМАҒЫ




ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ШОЛУ

# ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2017 жылы активтер 2016 ж. 31 желтоқсанымен салыстырғанда негізінен ҚКБ-ны шоғырландыру есебінен 65,6%-ға өсті. 2016ж. 31 желтоқсанымен салыстырғанда активтер, ҚКБ-ның активтерін есепке алмай, негізінен несиелік портфель мен бағалы қағаздар портфелінің өсуі есебінен 3,1% өсті.

2016 жылдың 31 желтоқсанымен салыстырғанда клиенттерге берілген заемдар брутто негізде 37,0%-ға өсті және нетто негізде 40,2%-ға ҚКБ-ның несиелік портфелін шоғырландыру нәтижесінде өсті.

## БИЗНЕС ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША КЛИЕНТТЕРГЕ БЕРІЛГЕН ЗАЕМДАР




Банктің және ҚКБ-нің біріктірме NPL 90+ коэффициенті 2017 жылғы 30 қыркүйектегі 13,4%-бен салыстырғанда 12,1%-ды құрады. 2017 жылғы 3-тоқсанмен салыстырғанда коэффициенттің төмендеуі негізінен Банк пен ҚКБ клиенттерінің мерзімі өткізілген берешекті есептен шығаруы және өтеуі есебінен болды.

## NPL90+, МЛРД. ТЕҢГЕ




Құнсыздануға резервтер негізінен Банктің және ҚКБ-нің несиелік портфеліндегі құнсызданған заемдарға қарсы жасалған қосымша провизиялардың нәтижесінде 2016 жылғы 31 желтоқсанмен салыстырғанда 11,4%-ға өсті.

Заңды және жеке тұлғалардың қаражаттары 2016 жылдың 31 желтоқсанымен салыстырғанда, негізінен ҚКБ активтері мен міндеттемелерін шоғырландыру есебінен сәйкесінше 43,8%-ға және 81,0%-ға өсті. 2017 жылдың 31 желтоқсанында корпоративтік депозиттердің жалпы сомасында теңгеге деноминацияланған корпоративтік депозиттердің үлесі 48,3%, 2016 жылғы 31 желтоқсанда 36,8% құрады, сол екі арада бөлшек депозиттерінің жалпы сомасында теңгеге деноминацияланған бөлшек депозиттерінің үлесі 2017 жылғы 31 желтоқсанда 40,7%, 2016 жылғы 31 желтоқсанда 32,1% құрады.

## ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ВАЛЮТАЛАР БОЙЫНША ҚАРАЖАТТАРЫ, МЛРД. ТЕҢГЕ




## ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ВАЛЮТАЛАР БОЙЫНША ҚАРАЖАТТАРЫ, МЛРД. ТЕҢГЕ



Кредиттік мекемелердің қаражаттары 2016 жылдың 31 желтоқсанымен салыстырғанда, негізінен 2017 жылдың 4-тоқсанында Қазақстан Қор Биржасымен жасалған РЕПО мәмілелері есебінен және 2017 жылғы 3-тоқсанда ККБ-ны шоғырландыру есебінен 57,4%-ға өсті. 2017 жылдың 31 желтоқсанында Банктің қаржы институттары алдындағы міндеттемелерінің 47,5% экономиканың жекелеген секторларын қолдау бойынша мемлекеттік бағдарламалардың шеңберінде 2014 және 2015 жылдары «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-тан, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-тан және «Қазақстанның даму банкі» АҚ-тан тартылған заемдардан құралды.

Шығарылған бағалы қағаздар 2016 жылдың 31 желтоқсанымен салыстырғанда, негізінен 2017 жылғы 3-тоқсанда ККБ-ның борыштық бағалы қағаздарының портфелін шоғырландыру есебінен 64,5% өсті. 2018 жылғы 9 ақпанда ККБ өзінің мерзімсіз субординирленген еврооблигацияларын өз қаржысы есебінен АҚШ доллары + 6,1905% бойынша Libor купондық сыйақымен 100 млн. АҚШ доллары мөлшерінде өтеді. Осы есеп жарияланатын күні борыштық бағалы қағаздар портфелі былайша берілді:

| Борыштық құралдың аталуы | Айналымдағы атаулы сома | Сыйақы мөлшерлемесі | Өтеу күні |
|---|---|---|---|
| **HALYK BANK ШЫҒАРҒАН** | | | |
| Еврооблигациялар | 500 млн. АҚШ долл. | жылдығы 7,25% | Қаңтар 2021 |
| Қазақстан заңнамасы бойынша шығарылған және БЖЗҚ-нда орналастырылған облигациялар* | 100 млрд. теңге | жылдығы 7,5% | Қараша 2024 |
| Қазақстан заңнамасы бойынша шығарылған және БЖЗҚ-нда орналастырылған облигациялар* | 131,7 млрд. теңге | жылдығы 7,5% | Ақпан 2025 |
| **ККБ ШЫҒАРҒАН*** | | | |
| Еврооблигациялар | 300 млн. АҚШ долл. | жылдығы 8,5% | Мамыр 2018 |
| Еврооблигациялар | 750 млн. АҚШ долл. | жылдығы 5,5% | Желтоқсан 2022 |
| Қазақстан заңнамасы бойынша шығарылған облигациялар | 94,2 млрд. теңге | жылдығы 8,75% | Қаңтар 2022 |
| Қазақстан заңнамасы бойынша шығарылған облигациялар | 59,9 млрд. теңге | жылдығы 8,4% | Қараша 2019 |
| Тәртіптелген купондық облигациялар | 101,1 млрд. теңге | жылдығы 9,5% | Қазан 2025 |
| Тәртіптелген купондық облигациялар | 3,5 млрд. теңге | Инфляцияға индекстелген (осы сәтте жылдығы 8,9%) | Сәуір 2019 |
| Тәртіптелген купондық облигациялар | 10 млрд. теңге | Инфляцияға индекстелген (осы сәтте жылдығы 8,0%) | Қараша 2018 |

*	ККБ-ның ресей еншілес ұйымы 121,2 млн. АҚШ долларына шығарған бағалы қағаздарды қоспағанда.

2016 жылғы 31 желтоқсанмен салыстырғанда капитал негізінен 2017 жылы Банк тапқан таза пайда есебінен, сондай-ақ 2017 жылдың 3-тоқсанында ККБ-ны шоғырландыру және 2017 жылғы 15 қарашада Банктің басты акционері Алмэкс холдингтік тобының ККБ-ны 65,2млрд. теңге мөлшерінде қосымша капиталдандыруы есебінен 40,4% өсті.

Банк капиталының жеткіліктілігінің коэффициенті мынаны құрайды:

| | 01.01.2018 | 01.10.2017* | 01.07.2017* | 01.04.2017* | 01.01.2017 |
|---|---|---|---|---|---|
| **КАПИТАЛ ЖЕТКІЛІКТІЛІГІНІҢ КОЭФФИЦИЕНТТЕРІ,ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛМАҒАН:** | | | | | |
| **HALYK BANK** | | | | | |
| К1-1 | 21,5% | 20,2% | 22,1% | 21,3% | 19,2% |
| К1-2 | 21,5% | 20,2% | 22,1% | 21,3% | 19,2% |
| К2 | 21,4% | 20,1% | 22,1% | 21,3% | 19,2% |
| **ККБ** | | | | | |
| К1-1 | 18,0% | 13,1% | | | |
| К1-2 | 19,9% | 15,0% | | | |
| К2 | 26,9% | 10,3% | | | |
| **КАПИТАЛ ЖЕТКІЛІКТІЛІГІНІҢ КОЭФФИЦИЕНТТЕРІ,ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН:** | | | | | |
| Негізгі капиталдың жеткіліктілігінің коэффициенті (CET) | 16,9% | 15,4% | 21,6% | 21,5% | 19,4% |
| Бірінші деңгейдегі капиталдың жеткіліктілігінің коэффициенті | 16,9% | 15,8% | 21,6% | 21,5% | 19,4% |
| Меншікті капиталдың жеткіліктілігінің коэффициенті | 18,9% | 17,8% | 21,6% | 21,5% | 19,4% |

*	2017ж. 1 қаңтарынан бастап, реттеуші капиталдың жеткіліктілігіне қойылатын ең аз талапты арттырды: k1 – 9.5%, k1-2 – 10.5% және k2 – 12.0%, коэффициенттердің әрқайсысы үшін 3% консервациялық буферді және 1% жүйелік буферді қоса алғанда.




# ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫНА ШОЛУ

12

ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ
HALYK BANK
НАРОДНЫЙ БАНК КАЗАХСТАНА



# ӘРҚАШАН АЛДА БОЛАТЫНДАР!

## ЛОКОМОТИВ

Локомотив сөзі екі латын сөзінен құралған, loco және motivus – орыннан жылжыту процесін білдіреді. Егер локомотивтерді қозғалтқыштарының түріне қарай топтастыратын болсақ, аты аңызға айналған паровоздар, электровоздар және тепловоздар олардың кең таралған түрлері болып саналады. Локомотив құрамның басында тұрып пойызды немесе вагондарды қозғалта бастайды. Қызықты жәйт: локомотивтің күш-қуаты мен энергиясы ағайынды Люмьерлердің тарихта алғашқы кинофильм түсіруіне шабыттандырды.



ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ
HALYK BANK
НАРОДНЫЙ БАНК КАЗАХСТАНА

Банктің негізгі қызметі бөлшек және корпоративтік клиенттерге және ШОБ клиенттеріне қызмет көрсетуге бағытталған. Банктің еншілес компаниялары ұсынған қызметтері де сақтандыру қызметтерін, лизингті, активтерді басқару мен брокерлік қызметтерді қамтиды.

## БАНКТІҢ БӨЛШЕК ӨНІМДЕРІ

### ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ДЕПОЗИТТЕРІ

Жыл басынан барлық ЕДБ бойынша депозиттердің портфелі 312 млрд. теңгеге (3,94%-ға) ұлғайды және 8,2 трлн. теңгені құрады, оның ішінде Халық банктің портфелі – 1,64 трлн. теңге. Осылайша, Банк нарықтағы көшбасшылық позицияны 19,89% үлеспен (01.01.2017 жылға – 20,65%) сақтап тұр, бұл ретте мерзімдік салымдар бойынша Банктің үлесі 19,14% құрайды (01.01.2017 ж. – 19,88%).

2017 жылы Халық Банкінің жеке тұлғалар бойынша депозиттік портфелінің өсімі 2 243 млн. теңгені құрады.

2017 жылы Банк жаңа өнім ендірді:

- «HALYK-КЕРЕМЕТ» салымы мынадай артықшылықтарымен:
  - Интернет-банкинг жүйесі арқылы ашу мүмкіндігі;
  - бастапқы жарнаның/төмендетілмейтін қалдықтың ең аз мөлшері 5 000 теңге немесе 20 АҚШ доллары мөлшерінде.

Салым қашықтан сату арнасының пайдаланушыларын арттыруға бағытталған және клиенттердің Банк бөлімшелеріне бармай-ақ салымдар ашу бойынша болжамдарына жауап береді.

### БӨЛШЕК КРЕДИТТЕУ

Халық Банкінің жеке тұлғалар бойынша несиелік портфелінің өсімі 2016 жылмен салыстырғанда, 2017 жылы 3,7%-ды құрады. 2017 жылдың қорытындысы бойынша несиелік портфельдің негізгі үлесі жалпы несиелік портфельдің 72%-н құрайтын кепілсіз заемдардан тұрады. ББ-тің барлық кредит өнімдері бойынша беру көлемі 2017 жылы 313 млрд. теңгені құрады.

Бөлшек кредиттеу нарығында Банктің үлесі 2017 жылдың қорытындылары бойынша 14,98% құрады.

Банк 2017 жылы мынадай жаңа өнімдерді енгізді:

- «ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУДЫ ҚОЛДАНУМЕН КЕПІЛСІЗ КРЕДИТ». Осы өнімнің мақсаты – Банктің жалақылық жобасының қатысушылары болып табылатын және өмірін жазатайым жағдайдан сақтандыруды жүзеге асырғысы келетін жеке тұлғалар-ҚР резиденттерін кредиттеу мүмкіндігі болып табылады. Өнім «Халық-Life» АҚ-мен серіктестікте жүзеге асырылды.
- «БӨЛІП ТӨЛЕУ АРҚЫЛЫ САТЫП АЛУҒА АРНАЛҒАН HALYK LIGHT КАРТОЧКАСЫ» – бұл Банк серіктестерінің желісінде тауарлар/қызметтер сатып алуға белгіленген жаңғыртылатын лимиті бар карточка. Барлық жасалған сатып алулар таңдалған мерзімге (3, 6, 9 немесе 12 ай) сәйкес тең төлемдерге бөлінеді. 3 немесе 6 ай мерзімді таңдаған кезде сатып алу алдын ала төлемсіз және артық төлемсіз беріледі.

Бүгінгі күні Алматы мен Астана қалаларында 350-ден астам сауда орындары іске қосылды.

2017 жылы Halyk Bank-те **БЕЙІЛДІЛІК БАҒДАРЛАМАСЫ ЖАҢАРТЫЛДЫ**.

Бағдарлама шеңберінде Халық Банктің клиенттері Cash Back немесе бонустар түрінде сыйақы алады.

Бір жылдың ішінде Банк жекелеген брендтермен (Costa, Marwin, Actual Optic) көптеген жергілікті және жаһандық науқандар, сонымен қатар салаға жаһандық акциялар өткізді, яғни кез келген дүкенде сатып алынған затқа қандай да бір сатып алу саласына жататын сыйақы есептелді.

Олардың ішінде ең ауқымдысы мыналар болды:

- Кез келген мейрамханада немесе кафеде Халық Банкінің карталарымен жасалған төлем үшін бонустар 10% дейін. Бұл акция қолма-қол ақшасыз төлемді пайдаланатын барлық клиенттердің 22%-н қамтыды.
- Кез келген АЖС-те Халық Банкінің карталарымен жасалған төлем үшін, сондай-ақ әлемнің кез келген жерінде авиа және т/ж билеттерін сатып алу үшін бонустар 3% дейін. Қолма-қол ақшасыз төлемді пайдаланатын банк клиенттерінің 30% сыйақы алды.
- Балалар киімдерін, аяқ-киімдерін сататын кез келген дүкенде, ойыншықтар мен кеңсе заттарын сататын дүкендерде сатып алған заттар үшін бонустар 3%. Қолма-қол ақшасыз төлемді пайдаланатын клиенттердің саны 15% құрады.
- Әйелдер, ерлерге және балаларға арналған киімдер, аяқ-киімдер сататын кез келген дүкенде, ойыншықтар мен кеңсе заттарын сататын дүкендерде сатып алған заттар үшін 3% Cash Back. Қолма-қол ақшасыз төлемді пайдаланатын клиенттердің саны 15% құрады.
- Қазақстанның ең ірі супермаркеттерін: Магнум, Рамстор, Interfood, Galmart, Лидер, Фиркан, Корзинка және де өңірлердегі басқа да ірі супермаркеттерді тартумен 3% бонус.

Супермаркеттермен акция қолма-қол ақшасыз төлемді пайдаланатын клиенттердің 50%-н және Халық Банк клиенттері арасында азық-түлік саласында қолма-қол ақшасыз айналымның 2/3 қамтыды.

### ТӨЛЕМ КАРТОЧКАЛАРЫ

2018 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша ЕДБ іске қосылған төлем карточкаларының саны 9 881,7 мың дананы құрайды. Халық Банк 40% (3 954,1 мың дана) үлесімен осы нарықта көшбасшы болуды жалғастырады.

2017 жылы Банк мынадай жаңа өнімдер енгізді:

- «МУЛЬТИВАЛЮТАЛЫҚ КАРТОЧКА» ЖАҢА ӨНІМІ – бұл теңгеде және шетел валютасында үш (KZT, USD, EUR/RUB/CNY) немесе бес (KZT, USD, EUR, GBP, RUB/CNY) 20 таңбалы карт-шоттарға қолжетімділікті беретін қызметтер пакеті бар дебеттік карточка, бұл ретте карт-шоттың теңгеде ашылуы міндетті болып табылады.

Негізгі артықшылықтары:

- төлем/аударым жүргізілгеннен кейін бір жұмыс күні ішінде айырбастауды жүргізу;
- шоттар арасында тегін айырбастау;
- карточкамен төлегенде жүйе транзакция валютасына байланысты ақшаны қай карт-шоттан есептен шығару керектігін өзі анықтайды. Мысалы, АҚШ-та төлем АҚШ долларымен, Европа мемлекеттерінде – евромен, Қытайда – юаньмен және т.с.с. жүргізіледі.

■ MASTERCARD WORLD BLACK EDITION ЖАҢА ӨНІМІ – бұл VIP пакетінде шығарылатын, негізгі артықшылықты сервистер мен қызметтерді қамтитын, премиум сегментінің дебеттік картасы:

- «Lounge Key»-дің VIP-күту залына жеңілдікпен кіру;
- консъерж сервис;
- Mastercard-тен 750 000 евроға дейін сақтандыру;
- «Казахинстрах» АҚ-тан 100 000 АҚШ долларына дейін сақтандыру;
- тегін СМС-хабарлау.

■ UPOP ISSUING ПРОЦЕСІ – «UnionPay» ХТЖ шығарған Банк карталарымен коммерсанттардың сайттарында төлеу мүмкіндігі.

■ 01.08.2017 жылы 3 жақты шарттар бекітілді және «Visa», «Mastercard» ХТЖ-мен және «Lounge Key» компаниясымен вип күту залына жеңілдікпен кіру үшін қаражатты автоматты түрде есептен шығару сервисі реттелді.

■ 2017 жылғы сәуірде клиенттер үшін карталарда интернет транзакциялар жасау үшін шектеулердің автоматты қойылуымен туындаған ыңғайсыздықтарды жою мақсатында 3D SECURE ӨНІМІ енгізілген болатын. Қолма-қол ақшамен жасалмайтын төлемдер бұл ретте мынадай схемамен іске асырылатын болады:

- егер коммерсанттың сайты 3D Secure технологиясын қолданған жағдайда, төлем 3D Secure паролі енгізілгеннен кейін болады. Шектеулерді алу талап етілмейді.
- егер коммерсанттың сайты 3D Secure технологиясын қолдамаса, шектеулерді алу талап етіледі.

## ЖАЛАҚЫЛЫҚ ЖОБАЛАР

Банктің бас стратегиялық қызметтерінің бірі – жалақылық жобалар. 2017 жылы есепке алу көлемі 2016 жылмен салыстырғанда, 5% артты, сонымен қатар айналымдағы іске қосылған карточкалардың саны 2%-ға ұлғаюы орын алды.

2017 жылы жалақылық жобаға қызмет көрсетілуге тартылған заңды тұлғалардың саны 21 870 ұйымды құрады.

## ӘЛЕУМЕТТІК АУДАРЫМДАРДЫ ЕСЕПКЕ АЛУ

Банк, ҚР-да 1996 жылдан бастап зейнетақы төлемдерінің негізгі операторлардың бірі бола тұрып, 2,1 млн.-ға жуық зейнеткерлер мен жәрдемақы алушыларға қызмет көрсетеді, Республика бойынша барлық төлемдердің көлеміндегі Банктің үлесі 62% құрайды.

## ПРЕМИУМ АЙМАҚТАР

Қызмет көрсету деңгейі мен сапасын көтеру үшін орта сегмент клиенттері үшін Банкте премиум аймақтар ашылды. 01.01.2018 жылға Банкте 26 Премиум аймақ қызмет етеді, онда 10 мыңнан аса клиенттерге қызмет көрсетілді.

## ҚАШЫҚТАН САТУ АРНАЛАРЫ

01.01.2018 жылға қашықтан сату арналары арқылы жасалатын төлемдер санының үлесі 77%-ды құрады. Сонымен, 2016 жылмен салыстырғанда қашықтан сату арналарындағы төлемдердің саны 100 мың төлемге (1%-ға), ал төлемдердің көлемі 20,5 млрд. теңгеге (32%-ға) артты.

## ТӨЛЕМ ТЕРМИНАЛДАРЫ:

2017 жылы мынадай жұмыстар орындалды:

■ «Altyn Bank» АҚ-та ашылған жеке тұлғалардың кредит карталарына қолма-қол ақшаны қабылдау іске асырылды;

■ Банкте ашылған шоттар (карточкалық, ағымдағы, жинақ) бойынша үзінді көшірмелер жасау функционалы жүзеге асырылды;

■ «Тұрғын үй жинақ банкі» АҚ пайдасына жеке тұлғалар үшін тарифтің мөлшері нөлге келтірілді;

■ төлем терминалы мәзірінің жаңартылған интерфейсінің пилоттық іске қосылуы іске асырылды;

■ Банктің төлем терминалдарының барлығына «Халық электрондық әмиян» қызметі тираждалды;

■ Жеке тұлғалардың ҚКБ-да ашылған карточкаларына (дебеттік, кредиттік, виртуалды) және шоттарына (ағымдағы, жинақ) қолма-қол ақша қабылдау жүзеге асырылды.

Барлығы ағымдағы жыл үшін қызметтерді жеткізуші 500-ден астам кәсіпорын қосылды.

2017 жылдың қорытындысы бойынша Банктің төлем терминалдарының желісінде жүргізілген операциялардың жалпы саны 11,9 млн. операцияны құрады, бұл деген 2016 жылға қарағанда 19%-ға көбірек (10 млн. операция).

## 2016-2017 ЖЫЛДАРДА ОПЕРАЦИЯЛАРДЫҢ СЕРПІНІ



**ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРҒА ҚАШЫҚТАН КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР**

2017 жылы Интернет-банкингте myHalyk жаңартылып, дизайны оңтайландырылды. Банк өнімдерінің сатылымын арттыру мақсатында дебеттік карточканы (пакетпен және пакетсіз) шығару, ағымдағы шот және Halyk-Керемет жаңа депозитін ашу функционалы іске қосылды. Сондай-ақ телефон нөмірін қосусыз, Банктің банкоматтары арқылы жеңілдетілген тіркеу іске қосылды. Қосымша «SMS-хабардар ету», «Электронды мекенжайға үзінді көшірме», «Автотөлеу» сияқты жаңа қызметтер енгізілген болатын.

Негізгі жаңа енгізілімдердің барлығы біруақытта «myHalyk» мобильдік қосымшасында енгізілгенін атап өткен жөн. Қосымша жаңа функционал іске қосылды, мысалы, саусақтың ізі арқылы кіру, валюталар бағамы, операциялар тарихына аналитика және т.б.

Google Play және App Store дүкендерінде «myHalyk» қосымшасын жүктеудің жалпы саны 1,1 млн-нан асып түсті.

Қызметтерді жеткізушілердің тізбесі кеңейтілді және ағымдағы сәтте Интернет-банкингте 1 850 жеткізушінің қызметін төлеуге болады.

Клиенттерді қашықтан сату арналарына тарту және ниеттестікті арттыру мақсатында түрлі акциялар, сондай-ақ коммуналдық төлемдер және ЖТИБ-те виртуалды карточкалар шығару үшін комиссиялардың нөлге келтіру бойынша іс-шаралар өткізілген болатын.

Нәтижесінде, жүйені пайдаланушылар саны 31%-дан аса пайызға артып, 1 204 мың клиентті құрады. 2017 жылы Интернет-банкингтің пайдаланушылары 7,4 млн. төлем мен аударымдар жүргізді.

## ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС

2018 жылдың 1 қаңтарында Банкте қызмет көрсетілетін ШОБ белсенді клиенттерінің саны 5 309 заемшыны қоса алғанда 57 872, ШОБ кредиттерінің саны 16 241*.




* ҚР статистика агенттігінің деректеріне сай 2014 жылғы есепте ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің деректері негізінде әрекеттегі ЖК саны көрсетілген (ауыл шаруашылық өндірушілерсіз). Әрекеттегі ШОКС санының кенет өзгеріп кетуі «Жеке кәсіпкерлік туралы» ҚР заңы нормасының күшіне енуімен түсіндіріледі, бұл заң тек жұмысбастылардың саны бойынша ШОК субъектілеріне жатқызу критерийінің статистикасының мақсаты үшін пайдалануды көздейді («Рұқсат құжаттарын қысқарту және мемлекеттік органдардың бақылау және қадағалау функцияларын оңтайландыру мәселелері бойынша ҚР кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер енгізу туралы»). Шағын және орта кәсіпкерліктің (ШОК) заңды тұлғалары бойынша ақпарат осы өзгерістерді есепке алумен қалыптастырылған.

ШОБ клиенттерінің жалпы санының ішінде:

- 2 өнімді пайдаланатын – 13 150 клиент, 2016 жылмен салыстырғанда 0,74%-ға ұлғайды (2016 жылы – 13 053);
- 3 және одан артық өнімді пайдаланатын – 2 918 клиент, былтырғы жылмен салыстырғанда 8,84%-ға ұлғайды (2016 жылы – 2 681).

Бұл ретте бір өнімнен артық өнімді пайдаланатын клиенттердің жалпы саны 2016 жылмен салыстырғанда 334 клиентке өсіп (+2,1%), 16 068 клиентті құрады.




ШОБ-ты кредиттеуде келесі үрдістер байқалды:

- Банктің ШОБ сегментін кредиттеу көлемдері тұрақты ұлғаюда. 2017 жылы ШОБ клиенттеріне берілген кредиттердің жалпы көлемі өткен жылмен салыстырғанда 46%-ға – 234,5 млрд. теңгеден 343,3 млрд. теңгеге дейін ұлғайды.
- Банк ШОБ кредиттік портфелін жақсарту бойынша жұмыс жүргізуде, бұл 2017 жылдың басымен салыстырғанда, ШОБ проблемалық кредиттері портфелінің азаюына (16%-ға) және ШОБ кредиттерінің стандарттық (проблемалық емес) портфелінің ұлғаюына (25%-ға) айтарлықтай әсерін тигізді.
- Банк құжаттамалық операциялар нарығында позицияларын нығайтуда. Осылайша, 2017 жылдың қорытындылары бойынша Банк шығарған өтелмеген (кепілмен қамтамасыз етілген) банктік кепілдіктер портфелі 2016 жылмен салыстырғанда, шамамен 25 %-ға, 10,9 млрд. теңгеден 19,8 млрд. теңгеге дейін ұлғайды.

Өңірлер бойынша, 2018 жылдың 1 қаңтардағы жағдай бойынша, ШОБ-тың ең үлкен кредиттік портфелі былай берілген: Алматы ОФ – 14,1%, Батыс Қазақстан ОФ – 7,7%, Астана ӨФ – 7,1%, Оңтүстік Қазақстан ОФ – 6,6% және Ақтөбе ОФ – 5,9%.




Банк 2017 жылы «Даму» қорымен бірлесіп ҚР-да кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған мемлекеттің бағдарламаларды іске асыруға белсенді қатысты және де қатысуын жалғастыруда.

«Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы аясында 2018 жылдың 1 қаңтардағы жағдай бойынша, Халық Банк қатысатын ЕДБ арасында несиелік портфельдің көлемі көрсеткіштері және «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасында қатысуы мақұлданған заемшылардың саны бойынша көшбасшылардың қатарында.

«Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы аясында субсидияланған Халық Банкі заемшылары кредиттерінің көлемі 263,8 млрд. теңгеге тең (корпоративтік бизнестің несиелік портфелінің көлемін ескере отырып), бұл «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасына қатысатын ЕДБ клиенттерінің субсидияланған кредиттерінің жалпы көлемінің 14,3% құрайды. Осы көрсеткіш бойынша Халық Банкі 2-ші орында тұр.

«Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасының субсидиялау туралы оң шешім алған 10 421 қатысушылары арасынан, Халық Банк клиенттерінің үлесі 18,3% немесе 1 910 жобаны құрайды. Осы көрсеткіш бойынша Халық Банкі 1 орынға ие.

«Даму» қорымен ынтымақтастықтың келесі бағыты – Банк жеке кәсіпкерлік субъектілеріне ұсынатын кредиттерді кепілдендіру. Кепілдендіру бағдарламасы басталған сәтінен бастап, «Даму» қоры қол қойған 3 747 шарттың ішінде Халық Банкінде 834 (22,3%) кепілдік шартына қол қойылған, осы ретте «Даму» қорының Халық Банкі үшін кепілдіктерінің сомасы 13,5 млрд. теңге болды, бұл көрсеткіш ЕДБ клиенттері кепілдіктерінің жалпы сомасының 23,5% құрайды. Әрбір аталған көрсеткіштер бойынша, жекелей және жалпы алғанда, кепілдендіру бағдарламасына қатысу аясында, Банк сенімді түрде ЕДБ арасында 1-ші орынды иеленіп тұр.

«Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасынан бөлек, Банк «Даму» қорымен бірлесіп басқа да жеке кәсіпкерлікті кредиттеу бойынша бірқатар бағдарламаларға қатысады: 2014 жылдың сәуірінен бастап Өңдеу өнеркәсібі саласында қызмет ететін шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдау бағдарламасы бойынша 32 млрд. теңге бөлінді, Банктің қайталама игеруін есепке алып қатысқан кезеңде 74,6 млрд. теңге сомаға 310 жоба қаржыландырылды. Бөлінген және игерілген қаржының көлемі жағынан Халық Банк үздіктердің үштігіне кіреді.

2016 жылдың мамырында «Даму» қоры мен жергілікті атқарушы органдарының қаражаты есебінен ШОКС-ты өңірлік қаржыландыру бағдарламасын іске асыруға қатыса бастады. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Бағдарламаға Қазақстан Республикасының 10 облысы (Алматы, Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау, Қызылорда, Батыс Қазақстан, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Жамбыл, Шығыс Қазақстан) және Алматы қаласы қатысады. «Даму» қоры мен Банк арасында жалпы сомасы 8,2 млрд. теңгеге 24 келісім жасалды.

Бүгінгі күні Банк «Даму» қоры мен облыстардың жергілікті атқарушы органдары қаражаты есебінен ШОКС-ты өңірлік қаржыландыру бағдарламасы бойынша орналастырылған бастапқы қаражаттарды келісімдерде белгіленген мерзімдерде игеру бойынша белсенді жұмыс жүргізуде. 2018 жылдың 1 қаңтардағы жағдай бойынша осы бағдарлама бойынша орналастырылған қаражаттың жалпы көлемінің 80 %-дан астамы игерілді.

2017 жылдың тамызынан Банк Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасын жүзеге асыруды бастады. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банкте 10 облысқа (Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Павлодар, Оңтүстік Қазақстан, Қостанай, Ақмола), Алматы мен Астана қалаларына арналған 3,6 млрд. теңге орналастырылған.

2017 жылдың желтоқсанында Банк Тұрғын үй салуды жекеменшік салушылардың қолға алуын ынталадыру бағдарламасы шеңберінде «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылыс бағдарламасын жүзеге асыруды бастады және субсидиялау шартының алғашқысы жасалды.

2014 жылдың маусымында Астанада ҚР ҰКП мен Халық Банкі арасында жеке кәсіпкерлік субъектілерін қолдау бойынша мемлекеттік бағдарламалар туралы ақпараттың қолжетімділігін көтеруге және жылжытуға бағытталған шаралардан тұратын өзара көмектесу туралы меморандумға қол қойылды.

Меморандумға қол қойылған сәтінен бастап Банк ШОКС-қа кешенді кеңес беруді белсенді іске асыруда. Консультацияларды мәселелердің кең шоғыры бойынша Банктің барлық филиалдарында арнайы даярланған қызметкерлері ақысыз негізде жүргізеді.

Клиенттерге кеңес беру шеңберінде кәсіпкерлер келесі ақпаратты:

- ықтимал қаржыландыруды бизнестің ерекшелігін ескере отырып, дұрыс құрылымдау жөнінде;
- кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанын ескере отырып, салық салу мәселелері бойынша;
- мемлекет ЕДБ-мен бірлесіп іске асыратын бағдарламалардың шеңберінде жеке кәмсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру талаптары жөнінде;

- кәсіпкердің мүмкіндіктері мен мүдделерін барынша ескеретін ең оңтайлы талаптарды ұсыну мүмкіндігімен қоса Банк көрсететін қызметтердің толық тізбесі бойынша алуға мүмкіндігі бар.

Меморандумға қол қойылған сәтінен бастап кеңес берілген клиенттердің жалпы саны 18 032 адам болды, олардың ішінде 10 759 клиент (60%) мемлекеттік бағдарламаларға қатысу үшін, 7 273-і (40%) – басқа мәселелер бойынша консультацияға жүгінген.

Сонымен қатар, 2017 жыл ішінде Банктің барлық филиалдарында Өңірлік кәсіпкерлер палаталарымен бірлесіп «Сауатты клиент» семинары өткізілді, онда 516 әлеуетті және 216 әрекеттегі клиенттер қатысты.

## КОРПОРАТИВТІК БИЗНЕС

Корпоративтік Блок клиенттерге дәстүрлі қаржыландыруды, саудалық қаржыландыруды, есептік-кассалық қызмет көрсету бойынша қызметтерді, жалақыны есепке алуды, валюталық тәуекелдерді хеджирлеу өнімдерін, сондай-ақ инвестициялық банкингтің, сақтандырудың, инкассацияның өнімдерін және басқа да қызметтерді Банктің еншілес компанияларымен бірігіп, ұсынады.

Банктің корпоративтік клиенттерінің портфелі өз саласында көшбасшылық позицияларға ие немесе нарықта белгілі орны бар ірі және орта ойыншылардан ғана тұрмай, сондай-ақ ұлттық компанияларды қамтиды. Өзінің масштабтары бойынша корпоративтік клиенттерге қызмет көрсету Банк қызметінің негізгі бағыттарының бірі болып қала береді. Банк түрлі салалардағы ірі компаниялармен ынтымақтастықты қолдап, дамытады, «бірінші эшелондағы» компанияларды тарту және қызмет көрсету бойынша жұмысты жүргізеді. Банк осындай клиенттермен ұзақ мерзімді қатынастарды орнату, қолдау және дамыту бойынша белсенді жұмысты жалғастырады: әрекеттегі клиенттермен серіктестікті күшейту және қызмет көрсетілу үшін жаңа үлкен компанияларды тарту. Банк клиенттердің қажеттіліктерін егжей-тегжейлі зерттейді, олардың қызметінің ерекшеліктерін ескереді, бизнестерінің ерекшеліктерін терең ұғынуға, ұсынылатын өнімдер мен қызметтердің құрамы мен мазмұнын жетілдіруге тырысады. Клиенттерге ұсынылған шешімдер жинағы жетілдіріліп отырады, ең алуан түрлі бейіндегі ірі компаниялар тап болатын қаржылық міндеттердің барлық шоғырын қамтиды. Корпоративтік клиенттермен жұмысқа осындай тәсіл серіктестік қағидатына негізделіп, Банктің беделін қолдау және ірі компаниялардың олар үшін маңызды мәселелер бойынша стандартты емес шешімдерді алу бойынша қалауларын қанағаттардыру үшін таңдалды.

Осындай жұмыстың нәтижесінде Банк қазақстандық компаниялармен ғана емес, Қазақстанда жұмыс жасайтын атақты шетел компанияларымен ынтымақтастық туралы келісті. Бұл үлкен жетістік, өйткені бұрын мұндай компаниялар тек халықаралық компаниялардың қызметтеріне жүгініп келген. Ұлттық компаниялармен белсенді ынтымақтастық Банктің қандайда бір нақты өнімдерімен және қызметтерімен шектелген жоқ. Банк ірі ұлттық холдингтердің құрамына кіретін компанияларға қаржыландыруды ұсыну туралы келісімге қол жеткізді. Ең маңызды жобалар энергетикалық, телекоммуникациялық, көліктік салаларда іске асырылды, сондай-ақ Банк Қазақстанда инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыруға қатысты.

Корпоративтік клиенттерге есеп айырысу-кассалық қызмет көрсету саласында Банк қашықтан қызмет көрсету технологиясын дамытуға, Заңды тұлғаларға арналған интернет-банкинг жүйесін жаңа функциялармен толықтыруға бұрынғыша көп көңіл бөледі. Корпоративтік клиенттердің көпшілігі үшін жүйенің мүмкіндіктері кәсіпорындардың ұйымдық құрылымының жеке ерекшеліктері, бизнестің ерекшелігі есепке алынып бапталған. Банк компаниялар тобының ақша ағындарын басқару және бақылау схемасын ұсынады.

«1С Казахстан» жүйесінің және «Заңды тұлғаларға арналған Интернет-банкинг» жүйесінің тікелей бірігуі төлемдермен және үзінді көшірмелермен тікелей алмасуға мүмкіндік береді.

«Қазақстанның даму банкі» АҚ арқылы іске асырылатын ірі кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік қолдау бағдарламасында Банктің қатысуы жалғасуда. Банктің осы бағдарламада жалпы қатысу сомасы 16 млрд. теңгені құрады және 2017 жылы бағдарламаның шеңберінде ҰҚ қаражаты есебінен фармацевтикалық, химиялық, тоқыма және тамақ өнеркәсібінде өндірісті, сондай-ақ құрылыс және майлау материалдарды өндіруді жүзеге асыратын 7 ірі кәсіпорын қаржыландырылды.

Меншікті қорландыру базасының арқасында Халық Банк ең тартымды жобаларға назар аудару мүмкіндігімен нарықта артықшылығы бар позицияларға ие болды, нәтижесінде 2017 жылы кредиттік портфелі ұлғайып, сапасы жақсарды.

Банк Қазақстандағы банктер арасында меншікті капитал бойынша ең үлкен мөлшерге ие, бұл ірі жобаларды қарастыруға мүмкіндік береді.

### КОРПОРАТИВТІК СЕКТОРЫ ПОРТФЕЛІНІҢ ДИНАМИКАСЫ (МЛРД. ТЕҢГЕ)




Жалпы алғанда корпоративтік блок 2017 жылды жақсы нәтижемен аяқтады. Банк ірі корпоративтік клиенттерінің базасын ұлғайтты, жаңа заемшылар тартылды, пайыздық

кірістерді 9%-дан астамға ұлғайтылды. 2017 жылдың соңына қарай Банктің корпоративтік блогының клиенттік базасын 279 заемшыны қоса алғанда, 1 672 корпоративтік клиент құрады (2016 жылы клиенттік базаны 230 заемшыны қоса алғанда, 1 621 корпоративтік клиент құрады). Капитал нарығындағы тұрақсыздық жағдайында, Банктің жоғары өтімділігі мен капиталының беріктілік қоры болуының арқасында, сондай-ақ клиенттерге қызметтердің ең үлкен шоғырын ұсыну мен кең тараған өңірлік желісін қолдану корпоративтік сектордағы нарықтың үлесінің ұлғаюына септігін тигізді.

«Halyk» тобының 2016–2018 жылдарға арналған даму стратегиясының шеңберінде корпоративтік бизнесте түсімнің және компаниялар тобына қатыстылықтың негізінде клиенттерді сегменттеудің жаңа жүйесі құрылған. Қосымша өнімдерді сатудың өнімдік-клиенттік командалардың шеңберінде жаңа үлгісі енгізілді. Ең ірі корпоративтік клиенттермен жұмыстың тәсілдері мен қағидаттары жүйеге келтірілген, сервисті дамыту және жақсарту үшін қысқа және ұзақ мерзімді міндеттер мен мақсаттары анықталды. Сатылымдардың жаңа үлгісі жаңа және әрекеттегі клиенттер өз бизнестері үшін нүктелік банктік шешімдерді, сонымен қатар сервистің жоғары сапасымен сипатталған толық кешендік банктік қызмет көрсету алуға мүмкіндік береді, бұл клиенттердің қажеттіліктерін барынша қанағаттандыруға мүмкіндік береді. 2017 жылы ірі салық төлеушілердің 50%-ға жуығы және Қазақстанның 100 ірі компаниясының 62-сі Халық Банктің клиенттері болып табылады.

## ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАР

### 01.01.2018 Ж. ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАРДЫҢ АКТИВТЕРІ, МЛРД. ТЕҢГЕ*

| Еншілес ұйымның атауы | Активтер, млрд. теңге | Активтер бойынша нарықтың үлесі, % |
|---|---|---|
| «Казкоммерцбанк» АҚ | 3 574 | 14% |
| «Халык Банк Грузия» АҚ | 55 | 1% |
| «Halyk Finance» АҚ | 32 | 19% |
| «Altyn Bank» АҚ | 389 | 2% |
| «Казахинстрах» АҚ* | 52 | 8% |
| «Москоммерцбанк» (АҚ) КБ | 134 | 0,029% |
| «Казкоммерц Полис» АҚ* | 38 | 6% |
| «Казкоммерц Секьюритиз» АҚ | 18 | 10% |
| «Халык Life» АҚ*** | 65 | 23% |
| «Казкоммерц Life» АҚ** | 62 | 22% |
| «Халык Банк Кыргызстан» ААҚ | 26 | 3% |
| «Халык Лизинг» АҚ | 7 | д/ж |
| «КУСА ККБ-3» ЖШС | 24,75 | д/ж |
| «Халык Проект» ЖШС | 47 | д/ж |
| «НБК-Банк» АҚ | 33,9 | 0,01% |
| «Казкоммерцбанк Таджикистан» ЖАҚ | 27,6 | 3,49% |
| «Халык Инкассация» ЖШС | 4 | д/ж |
| «Казтелепорт» АҚ | 3 | д/ж |
| «Qpayments» АҚ | 1 | д/ж |
| «КУСА ККБ-1» ЖШС | 4,9 | д/ж |
| «КУСА ККБ-2» ЖШС | 21 | д/ж |

* активтер бойынша нарықтық үлесі жалпы сақтандыру компаниялары бойынша есептелген.
** активтер бойынша нарықтық үлесі өмірді сақтандыру компаниялары бойынша есептелген.

## БАНКТІК БИЗНЕС

### «КАЗКОММЕРЦБАНК» АҚ

«Казкоммерцбанк» АҚ Орталық Азияның ең ірі қаржы институттарының бірі болып табылады, еліміздің барлық аймақтарында ауқымды филиалдар желісіне ие. Әмбебап банк бола тұрып, «Казкоммерцбанк» АҚ корпоративтік және бөлшек бизнес клиенттерге, сондай-ақ шағын және орта бизнес өкілдеріне банктік қызметтердің кең шоғырын ұсынады.

2017ж. 5 шілде күні Банк Ракишев К. мырзадан (86.09%) «Казкоммерцбанк» АҚ-тың жай акцияларының 96.81%-н және «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-тың (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына») акцияларын (10.72%) сатып алды.

«Казкоммерцбанк» АҚ инвесторлардың шектелмеген тобы арасында жай акцияларды қосымша орналастыруды жүзеге асыруы нәтижесінде, 2017 жылғы 15 қарашадағы жағдай бойынша Банктің үлесі ККБ-де 74,7% дейін төмендеді. Аталған орналастыру нәтижесінде, «АЛМЭКС» холдингтік тобы» АҚ банктің ірі акционері бола тұрып, «Казкоммерцбанк» АҚ-тың жай акцияларының 25,05% сатып алды.

2017 жылғы 8 желтоқсан күні «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесі «Казкоммерцбанк» АҚ-тың Халық банкке қосылуы арқылы бірігуін мақұлдады. «Казкоммерцбанк» АҚ-тың Халық банкке қосылуы реттеуші органдардың тиісті келісімін қоса алғанда, барлық қажетті рәсімдерден өткеннен кейін іске асырылатын болады.

### «ALTYN BANK» АҚ («ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ» АҚ ЕБ)

«Altyn Bank» АҚ корпоративтік және бөлшек клиенттер үшін өнімдер мен қызметтердің кең ауқымын ұсына отырып, өз қызметін әмбебап банк ретінде іске асырады.

2017 жылдың 31 желтоқсанында «Altyn Bank» АҚ-тың активтері 388,6 млрд. теңгені, несиелік портфелі (брутто мәні) – 118,1 млрд. теңгені, меншікті капиталы – 53,8 млрд. теңгені құрады. «Altyn Bank» АҚ-тың таза табысы 2017 жылдың қорытындысы бойынша 9,4 млрд. теңгені құрады.

2017 жылдың маусымында Банк «Altyn Bank» АҚ-тың акционерлік капиталындағы 60% сату туралы CITIC Bank и China Shuangwei Investment Co., Ltd-мен келісімге қол қойды. Мәміленің аяқталуы 2018 жылдың бірінші жартысына жоспарланған.

2017 жылдың шілдесінде Moody's Investors Service рейтингілік агенттігі «Altyn Bank» АҚ-тың дербес кредиттік рейтингін «ba3» деңгейден «ba2» деңгейге дейін көтеріп, банктің ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді депозиттік рейтингтерін «Ba2/Not Prime» деңгейінде растады. Ұзақ мерзімді депозиттік рейтингтер бойынша «Ba2» болжамы «жағымсыз»-дан «тұрақты»-ға өзгертілді.

2017 жылдың шілдесінде және қазанында Altyn Bank Global Finance журналының марапаттарын: «Digital Banks Of Distinction Award» Altyn-і брендімен және «The Best Subcustodian Bank in Kazakhstan for 2017» алды.

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕНШІЛЕС БАНКТЕР

«Halyk» тобы Ресейде, Қырғызстанда, Грузия мен Тәжікстанда банктік операцияларды осы елдердің аумағындағы еншілес ұйымдары арқылы жүргізеді.

### «ХАЛЫҚ БАНК ГРУЗИЯ» АҚ

«Халық Банк Грузия» – бұл Грузияда тіркелген және корпоративтік секторда, ШОБ секторында және бөлшек секторда фокусталған коммерциялық банк. 2017 жылдың 31 желтоқсанында «Халық Банк Грузия» 427,7 млн. лари (54 809 млн. теңге) мөлшерінде жалпы активтерге ие болды, несиелік портфелі (брутто мәні) 333,2 млн. лариді (42 699 млн. теңге) құрайды, меншікті капитал 71,3 млн. лари (9 134 млн. теңге) мөлшерінде қалыптасты. 2017 жылдың қорытындысы бойынша 11,86 млн. лари (1 552 млн. теңге) мөлшерінде таза табыс алынды.

2017 жылдың елеулі оқиғасы - жеке және заңды тұлғалар үшін қашықтан банктік қызмет көрсетудің жаңа жүйесінің енгізілуі болды.

Бұдан бөлек, 2017 жылдың желтоқсанында Fitch Ratings халықаралық рейтингілік агенттігі шетел валютасында эмитент дефолтының ұзақ мерзімді рейтингін «BB–» деңгейінде растады. Рейтингтер бойынша болжам – «Тұрақты».

Сондай-ақ Дидубе филиалының орнын ауыстыруы аяқталды. Жаңа орын тұрған жеріне қарайтын болсақ өте тартымды болып табылады және қосымша клиенттерді тартуға мүмкіндік жасауы тиіс.

### «ХАЛЫҚ БАНК ҚЫРҒЫЗСТАН» ААҚ

«Халық Банк Қырғызстан» ААҚ – бұл Қырғызстанда тіркелген қызметтің түрі бойынша өзін әмбебап банк ретінде танытатын коммерциялық банк. 2017 жылдың 31 желтоқсанында «Халық Банк Қырғызстан» ААҚ 5 424 млн. сом (26 197 млн. теңге) мөлшерінде активтерге ие болды, 2017 жылда активтердің ұлғаюы 84 млн. сомды (568 млн. теңгені) құрады, меншікті капиталы 1 527 млн. сом (7 377 млн. теңге) мөлшерінде құрылды. 2017 жылдың қорытындысы бойынша 88 млн. сом (411 млн. теңге) мөлшерінде таза табыс алынды.

Бүгінгі күні «Халық Банк Қырғызстан» ААҚ-да Бішкек қаласында төрт филиалы, ірі облыстық және аудандық орталықтарда 5 филиалы бар.

Банк көрсетіліп жатқан қызметтерді арттыру және тізбесін кеңейту жөнінде жұмыс атқарды. Сауда Эквайрингіне және Интернет Коммерцияға Visa лицензиясы алынды, Банк Элкарт ұлттық карталары бойынша достық желісіне кірді, бұл деген бүкіл Республика бойынша эквайрингтік желіні 200 банкоматқа және 450 терминалға арттыруға мүмкіндік берді, Банк банкоматтарында ұялы операторлардың қызметтері үшін төлем жасау енгізілді. Автокредиттеу бағдарламасы бойынша кредиттер беру жаңғыртылды.

Қырғыз Республикасының зейнеткерлерге қызмет көрсету бойынша әлеуметтік қормен келісімге қол қойылды. «Мемлекеттік ипотекалық компания» ААҚ-мен келісім жасау бойынша жұмыс жүргізілді, келісімге қол қою 2018 жылдың басына жоспарланды.

### «НБК-БАНК» ААҚ

«НБК-Банк» ААҚ – бұл орналасқан жері Мәскеу қаласында және Новосибирск қаласы мен Челябинск қаласында кредиттік-кассалық офистері бар ресейлік банк. 2017 жылдың 31 желтоқсанында «НБК-Банк» ААҚ жалпы сомасы 5 874 млн. рубльді (33 893 млн. теңге) құрайтын активтерге және жалпы сомасы 164 млн. рубль (946 млн. теңге) меншікті капиталға ие болды. Несиелік портфель (брутто мәні) 2017 жылдың 31 желтоқсанында 4 279 млн. рубль (24 690 млн. теңге) құрады.

### «МОСКОММЕРЦБАНК» (АҚ) КБ

«Москоммерцбанк» (АҚ) КБ – «Казкоммерцбанк» АҚ-тың 100% еншілес ұйымы болып табылады. Бұл РФ-да тіркелген коммерциялық банк. Оның қызметінің басым бағыттары шағын және орта бизнестің кәсіпорындарын кредиттеу, корпоративтік сектор, банктік кепілдіктерді шығару бойынша жұмыс, сауда-сервис орындарындағы эквайринг және бөлшек бизнес болып табылады.

2017 жылдың 31 желтоқсанында аудиттелмеген есептіліктің деректері бойынша активтер 23 966 млн. рубльді (138 284 млн. теңге) құрады, несиелік портфель (брутто мәні) 10 046 млн. рубльді (57 965 млн. теңге), меншікті капитал 3 635 млн. рубльді (20 974 млн. теңге) құрады. 2017 жылдың қорытындысы бойынша банкке 1 119 млн. рубль (6 459,5 млн. теңге) мөлшерінде шығын келді.

2017 жылы жарғылық капиталдың 1,1 млн. рубльге – 2,9 млн. рубльден 4 млн. рубльге дейін ұлғайтылды.

### «КАЗКОММЕРЦБАНК ТАДЖИКИСТАН» ЖАҚ

«Казкоммерцбанк Таджикистан» ЖАҚ («Казкоммерцбанк» АҚ еншілес ұйымы) – бұл Тәжікстандағы 100%-дық шетелдік капиталы бар бірінші еншілес банк. 2017 жылдың 31 желтоқсанында «Казкоммерцбанк Таджикистан» ЖАҚ активтері 732,9 млн. сомониді (26 884 млн. теңге), меншікті капиталдың жалпы сомасы 102,1 млн. сомониді (3 745,5 млн. теңге) құрады. Несиелік портфель (брутто мәні) 2017 жылдың 31 желтоқсанында 52,1 млн. сомони (1 913 млн. теңге) құрады. 2017 жылдың қорытындысы бойынша банк 23,6 млн. сомони (865 млн. теңге) мөлшерінде таза пайда алды.

2017 жылдың желтоқсанында «Казкоммерцбанк Таджикистан» ЖАҚ «Қаржы қызметтері» номинациясында «Жыл бренді» алтын сыйлығына ие болды. Сондай-ақ 2017 жылы Mastercard халықаралық төлем жүйесіне қосылу, банктік карталардың дербес эмиссиясы, POS-терминалдар желісінің ұлғаюы, Online-Banking енгізілуі жүргізілді.

## САҚТАНДЫРУ НАРЫҒЫ

### «КАЗАХИНСТРАХ» АҚ

Банктің «Казахинстрах» АҚ еншілес сақтандыру компаниясы – бұл экономиканың көптеген секторларында жеке және заңды тұлғалардың барлық санаттарына негізгі сақтандыру қызметінің толық пакетін ұсынатын, жалпы сақтандыру бойынша компания.

2017 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдайға сәйкес «Казахинстрах» АҚ Қазақстанда жалпы сақтандыру бойынша ең ірі компаниялардың бірі болып табылды. 2017 жылы компания қызметінің қорытындысы бойынша сақтандыру сыйлықақысының өсімі нетто 4% немесе 0,5 млрд. теңгені құрады және көлемі 13,1 млрд. теңгені құрады.

2017 жылдың 31 желтоқсанында «Казахинстрах» АҚ активтері 51,7 млрд. теңгені құрады, бұл 8% нарық үлесіне сәйкес келеді, 2017 жылы компанияның таза табысы 4,5 млрд. теңгені құрады. 2017 жылдың қорытындысы бойынша «Казахинстрах» АҚ «Жалпы сақтандыру» саласының сақтандыру компаниялары арасында активтер бойынша 3-ші орынға ие.

2017 жылдың сәуірінде A.M.BEST халықаралық рейтингілік агенттігі «Казахинстрах» АҚ-тың қаржылық тұрақтылық рейтингін «B++» (Good/Жақсы) деңгейінде және эмитенттің кредиттік рейтингін «bbb» деңгейінде растады. Рейтингтер бойынша болжам – тұрақты.

2017 жылы «Казахинстрах» АҚ корпоративтік секторда позицияларын сақтаумен қатар, бөлшек бизнес сегментінде белсенді бола түсті. Атап айтқанда, «Казахинстрах» АҚ моторлы сақтандырудағы позициясын күшейтті (көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру және автокөлікті ерікті сақтандыру), сондай-ақ өзінің бөлшек өнімдерін сату үшін Банк мен Компания офистерінің тармақталған желісін белсенді пайдалана бастады. Бөлшек сақтандыруды дамыту мақсатында 2017 жылы Компания қазақстандық нарық үшін бірегей қорапты сақтандыру өнімдері әзірленген болатын.

2017 жылы «Казахинстрах» АҚ Siebel CRM Insurance сақтандыру қызметін есепке алу жүйесінің жаңа нұсқасына өтуді сәтті аяқтады. Жүйенің жаңаруы елеулі түрде сақтандыру өнімдерін жасауды жеңілдетті, андеррайтинг процесін толық автоматтандыруға жағдай туғызды және жүйені пайдаланушыларға аналитиканың терең деңгейімен есептілік жасауына мүмкіндік берді. Бұдан бөлек, Siebel CRM Insurance жаңа нұсқасы компанияның да, сол сияқты оның серіктестерінің де фронталды жүйелерімен толығымен біріктірілді, бұл сататын бөлімшелерге өз жұмыстарын әдеттегі интерфейсте, қосымша уақытша шығындарсыз жалғастыруға мүмкіндік береді.

### «КАЗКОММЕРЦ ПОЛИС» АҚ

«Казкоммерц-Полис» АҚ – «Казкоммерцбанк» АҚ-тың еншілес сақтандыру компаниясы – жалпы сақтандыру бойынша компания.

«Казкоммерц-Полис» АҚ Қазақстанда жалпы сақтандырудың ең ірі компанияларының бірі болып табылады, 2017 жылдың 31 желтоқсанында 38,0 млрд. теңгені құраған «Жалпы сақтандыру» саласының сақтандыру компаиялары арасында активтердің мөлшері бойынша бестікке кіреді. 2017 жылы компания қызметінің қорытындысы бойынша сақтандыру сыйлықақыларының өсімі нетто 15%-ды немесе 1,3 млрд. теңгені құрады және 2017 жылы көлемі 9,5 млрд. теңге болатын компанияның таза табысы 3,0 млрд. теңгені құрады.

2017 жылдың желтоқсанында Компания A.M. Best шетелдік рейтингілік агенттігі берген B+ рейтингін табысты растады. Компанияның 72 мыңнан астам клиентке қызмет көрсететін «Меди-Сервис» медициналық ассистансы бар (ерікті медициналық сақтандыру бойынша сыйлықақылардың көлемі 3,6 млрд. теңгені құрады).

### «ХАЛЫК-LIFE» АҚ

«Халык-Life» АҚ өмірді сақтандыру, аннуитеттік сақтандыру, жазатайым жағдайлардан сақтандыру және ауырып қалу жағдайларын сақтандыру өнімдерін қоса, жеке сақтандыру өнімдерінің әртүрлі түрлерін ұсынады. 2017 жылдың 31 желтоқсанында «Халык-Life» АҚ-тың активтері үштің бір бөлігіне дерлік немесе 14,6 млрд. теңгеге өсіп, 64,8 млрд. теңгені құрады. «Халык-Life» АҚ өмірді сақтандыру нарығында көшбасшы болып табылады және 2017 жылы брутто сыйлықақыларды 36,7 млрд. теңгеге жуық сомаға жинады.

2017 жылы «Халык-Life» АҚ компаниясының таза пайдасы 2 млрд. теңгені құрады. 2017 жылы сақтандыру сыйлықақылары бойынша өмірді сақтандыру бойынша компаниялар арасында «Халык-Life» АҚ-тың нарықтық үлесі 36% құрады (ҚРҰБ деректеріне сай).

2017 жылы «Халык-Life» АҚ «Халык-Розница» өнімі бойынша Банктің заемшыларын сақтандыру бойынша Банкпен бірлескен жобаны іске қосты. Сондай-ақ 2017 жылы заемшыларды сақтандыру бойынша АТФ Банкпен ынтымақтастық реттелді.

### «КАЗКОММЕРЦ LIFE» АҚ

«Казкоммерцбанк» АҚ-тың еншілес сақтандыру компаниясы, «Казкоммерц-Life» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ 2006 жылы құрылды. Компания клиенттерге сатудан кейінгі сервисті ұсыну жөніндегі арнайы бөлімше және меншікті авторлық арнаулы IT-бағдарламалар сүйемелдейтін бірегей сақтандыру өнімдерін қосқанда, өмірді сақтандыру бойынша өнімдердің ең кең ассортиментін ұсынады

2017 жылдың 31 желтоқсанында активтердің көлемі 61,8 млрд. теңге, 2017 жылдағы өсім 12% немесе 6,8 млрд. теңгені құрады. «Казкоммерц Life» АҚ өмірді сақтандыру компаниялары арасында активтердің көлемі бойынша үздіктердің үштігіне кіреді. 2017 жылы брутто сыйлықақылардың көлемі 12,1 млрд. теңгені

құрады. Қазақстан Республикасында брутто және нетто сыйлықақылары бойынша өмірді сақтандыру нарығында 4 орынға ие (ҚР ҰБ деректеріне сай). 2017 жылы «Казкоммерц Life» АҚ-тың таза пайдасы 3,4 млрд. теңгені құрады.

## ЛИЗИНГТІК НАРЫҚ

### «ХАЛЫК-ЛИЗИНГ» АҚ

«Халық-Лизинг» АҚ Қазақстан Республикасында алғашқы лизингтік компаниялардың бірі болып табылады. «Халык-Лизинг» АҚ-тың мәлімделген негізгі қызметі арнайы техниканы, соның ішінде ауыр және өзге құрылыс, жол-құрылыс техникасын, өндірістік жабдық, мұнай жабдықтарын, кен өндіру және тау-кен өндіру жабдықтарын, ауыл шаруашылық техникалары мен жабдықтарын, жүктерді және жолаушыларды тасымалдау үшін коммерциялық көлік құралдарын және т.б. сатып алу және қаржы лизингіне беру болып табылады.

2017 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша «Халык-Лизинг» АҚ-тың активтері 7 063 млн. теңгені құрады, 2017 жылдың қорытындысы бойынша таза шығын 818,6 млн. теңгені құрады, оның ішіндегі 771 млн. теңгедегі шығын «Маралды Сай» Дайындау және Демалыс орталығын ақысыз мемлекеттің пайдасына «Алматы облысының қаржы басқармасы» ММ-не қайырымдылық қажеттіліктерге берумен байланысты болды. Әкімдік осы кешеннің базасында жыл бойы жұмыс істейтін балаларға арналған сауықтыру лагерін ашуды жоспарлап отыр.

«Халык-Лизинг» АҚ қызметтерін ҚР-да ғана көрсетіп қоймай, бүгінгі күні Ресей Федерациясының Челябинск қаласында филиалы жұмыс істейді.

## ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БИЗНЕС

### «HALYK FINANCE» АҚ

«Halyk Finance» АҚ Қазақстанда жетекші инвестициялық банктердің бірі болып табылады. Компания клиенттерге брокерлік қызмет көрсету, активтерді басқару, нарықтар мен эмитенттерді зерттеу және талдау, консалтинг пен андеррайтинг бойынша қызметтердің кең ауқымын ұсынады.

2017 жылдың 31 желтоқсанында «Halyk Finance» АҚ-тың активтері 31,8 млрд. теңгені құрады. 2017 жылы «Halyk Finance» АҚ 3,5 млрд. теңге мөлшерінде таза пайда алды.

«Halyk Finance» АҚ-тың меншікті инвестициялық портфелі 2017 жылдың 31 желтоқсанында 29,6 млрд. теңгені құрайды.

Компанияның қызметі 2017 жылы әйгілі ақпарат агенттіктерінен және Cbonds, EMEA Finance секілді беделді баспалардан бірнеше марапаттармен тағы да бір мәрте марапатталды.

2017 жылдың қыркүйегінде Fitch Ratings «Halyk Finance» АҚ-қа бұрын берілген шетел және ұлттық валютадағы эмитент дефолтының ұзақ мерзімді рейтингтерін («ЭДР») «ВВ» деңгейінде, болжам «Тұрақты», шетел және ұлттық валютадағы қысқа мерзімді ЭДР-н «В» деңгейінде растады.

### «КАЗКОММЕРЦ СЕКЬЮРИТИЗ» АҚ

«Казкоммерцбанк» АҚ-тың еншілес компаниясы «Казкоммерц Секьюритиз» АҚ Қазақстандағы жетекші инвестициялық банктердің бірі болып табылады. Компания клиенттерге брокерлік қызмет көрсету, активтерді басқару, нарықтар мен эмитенттерді зерттеу және талдау, консалтинг пен андеррайтинг бойынша қызметтердің кең ауқымын ұсынады.

2017 жылдың 31 желтоқсанында «Казкоммерц Секьюритиз» АҚ-тың активтері 17,85 млрд. теңгені құрады. 2017 жылы «Казкоммерц Секьюритиз» АҚ 2,85 млрд. теңге мөлшерінде таза пайда алды.

«Казкоммерц Секьюритиз» АҚ-тың меншікті инвестициялық портфелі 2017 жылдың 31 желтоқсанында 17,2 млрд. теңгені құрады.

Компанияның қызметі 2017 жылы әйгілі ақпарат агенттіктерінен және Cbonds, World Finance секілді беделді баспалардан бірнеше марапаттармен тағы да бір мәрте марапатталды.

## ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯЛЫҚ БИЗНЕС

### «ҚАЗТЕЛЕПОРТ» АҚ

«Қазтелепорт» АҚ «Қазақстан Халық Банкі» АҚ және оның еншілес ұйымдары үшін телекоммуникациялық және IT-қызметтердің, «Қазтелепорт» АҚ-қа қосылған банктер арасында авторизацияланған сұратуларды бағыттау бойынша процессингтік қызметтердің толық ауқымын ұсынады. «Қазтелепорт» АҚ ДӨО және «бұлттық сервистер» қызметінің шоғырын белсенді дамытып келеді.

2017 жылы жаңа «бұлттық» сервистер іске қосылды.

2017 жылдың қарашасында «Қазтелепорт» АҚ «SmartCloud» жаңа брендін тіркеді. Жаңа бренд «Облачный 1С», «Виртуальный дата-центр (IaaS)», шағын және орта бизнес сегментіндегі клиенттер үшін «Виртуальный выделенный сервер VDS/VPS» сияқты қызметтерді ұсынады.

2017 жылдың желтоқсанында жаңа ДӨО (20 серверлік тірeу) іске қосылды, ол инженерлік инфрақұрылымдағы заманауи технологияларды есепке алумен құрылды және сақталып тұрған деректердің қолжетімділігі мен қауіпсіздігінің барлық талаптарына жауап береді. ДӨО үлкен көлемді ақпаратпен жұмыс істеу үшін арналған, ол деректердің петабайттерін сақтай және өңдей алады.

2017 жылдың 31 желтоқсанында «Қазтелепорт» АҚ-тың активтері 2 614 млн. теңгені құрады. 2017 жылдың қорытындысы бойынша таза табыс 404,8 млн. теңгені құрады.

### «QPAYMENTS» АҚ

«QPayments» АҚ (бұрынғы «Процессинговая Компания» ЖШС) – «Казкоммерцбанк» АҚ-тың еншілес ұйымы, ол процессингтің деректерді өңдеу және сақтау бөлігіндегі технологиялық қолдауды, атап айтқанда, банктің және агент банктердің карточка ұстаушылары карточкалық операцияларды жүргізу барысында жасақталатын деректерді жинаумен, өңдеумен және сақтаумен байланысты қызметтерді қамтамасыз етеді.

2017 жылдың 31 желтоқсанында АО «QPayments» активтері 519,5 млн. теңгені құрады, меншікті капитал 414,9 млн. теңгені құрады. 2017 жылдың қорытындысы бойынша «QPayments» АҚ 143,7 млн. теңге мөлшерінде таза пайда алды. 2017 жылы «AL Hilal» Ислам Банкі» АҚ процессингтік қызметтерін көрсету туралы шарт бекітілді.

## ИНКАССАТОРЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР НАРЫҒЫ

### «HALYK ИНКАССАЦИЯ» ЖШС

Банкноттар, монеталар мен құндылықтарды инкассалау қызметі нарығында көшбасшы, еліміздегі ең ірі инкассаторлық ұйым «Қазақстан Халық Банкінің «Halyk Инкассация» еншілес ұйымы» ЖШС «Halyk» қаржылық тобында бір жағынан клиенттерге өз бетімен қызмет көрсететін еншілес компаниялардың бірі ретінде орын иеленсе, екінші жағынан Банктің сату арналарын қолма-қол ақшамен қамтамасыз ете отырып жайғасты.

2017 жылдың 31 желтоқсанында «Halyk Инкассация» ЖШС активтері 4 302 млн. теңгені құрады. 2017 жылы «Halyk Инкассация» ЖШС-тің таза табысы 2 138 млн. теңгені құрады. 2017 жылдың 31 желтоқсанында «Halyk Инкассация» ЖШС-тің филиалдар желісінің құрамына клиенттерге инкассациялау қызметтерін барлық облыстық, аудандық орталықтарда, ірі және шағын қалаларда, яғни, ҚР барлық аумағында көрсететін Қалалық инкассациялау басқармасы (Алматы қ.), 18 филиал, 37 бөлімше кіреді. Құндылықтарды тасымалдау тек арнайы брондалған автокөліктерде іске асырылады (яғни компанияның автопаркі 100%-ға брондалған автокөліктермен қамтылған), олардың қозғалысы GPS-мониторинг жүйесі арқылы бақыланып отырады.

2017 жылы «Halyk» тобы бойынша инкассалау қызметін оңтайландыру шеңберінде компания «Казкоммерцбанк» АҚ-ты және оның клиенттерін қызмет көрсетілуге қабылдады, бұл ретте «Казкоммерцбанк» АҚ инкассалау қызметі жабылды.

## АРНАЙЫ МІНДЕТ ЖҮКТЕЛГЕН ҰЙЫМДАР

### «ХАЛЫК ПРОЕКТ» ЖШС

Қазақстан Халық Банкінің «Халық Жоба» күмәнді және үмітсіз активтерді басқару жөнінде еншілес ұйымы» ЖШС еншілес ұйымы 2012 жылы құрылды. «Халық Жоба» ЖШС ҚР қаржылық тұрақтылығы ж не қаржы нарығын дамыту жөніндегі кеңестің шешімімен мақұлданған ЕДБ активтерінің сапасын жақсарту концепциясының шеңберінде құрылды. Халық Банк күмәнді және үмітсіз активтерді басқару жөніндегі еншілес ұйымды құру туралы реттеушінің келісімін Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктердің ішінен бірінші болып алды.

КАБҰ қызметінің негізгі мақсаты Банктің несиелік портфелін күмәнді және үмітсіз активтерден «тазарту», «Halyk» тобының кредиттік шығасыларын барынша азайту үшін оларды басқару немесе сауықтыру болып табылады.

Активтерді Банктен заем қаражаты есебінен сатып алу, активтерді сапалы басқару, активті табысты сату және КАБҰ міндеттемесін Банк алдында толығымен өтеу – КАБҰ-дың негізгі міндеттері мен функциялары болып табылады.

2017 жылы Банк 8,8 млрд. теңге сомаға 13 актив табыстады, 1,7 млрд. теңге сомаға 8 объект, сондай-ақ жалпы сомасы 3,8 млрд. теңгеге 152 пәтер сатты. 2017 жылдың 31 желтоқсанында ағымдағы активтердің портфелі 47 млрд. теңгені құрады.

### «КУСА ККБ-1» ЖШС, «КУСА ККБ-2» ЖШС, «КУСА ККБ-3» ЖШС

«Казкоммерцбанк» АҚ-тың еншілес ұйымдары «КУСА 1» ЖШС, «КУСА 2» ЖШС, «КУСА 3» ЖШС (бұдан әрі – КУСА) 2012-2014 жылдары құрылған болатын. КУСА ҚР қаржылық тұрақтылығы және қаржы нарығын дамыту жөніндегі кеңестің шешімімен мақұлданған ЕДБ активтерінің сапасын жақсарту концепциясының шеңберінде құрылды.

2017 жылы «Казкоммерцбанк» АҚ 7,1 млрд. теңге сомаға 3 актив, оның ішінде 6,9 млрд. теңге сомасына жарғылық капиталға 2 актив табыстады, 15,3 млрд. тенге сомаға объектілер, соның ішінде жалпы сомасы 13,9 млрд. теңгеге 354 пәтер сатты. 2017 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ағымдағы активтер портфелі 42,4 млрд. теңгені құрады.

2017 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша «Halyk» тобының күмәнді және сенімсіз активтерін басқару бойынша компаниялар активтерінің жалпы сомасы 93,4 млрд. теңгені құрады.

## МИНОРИТАРЛЫҚ АКЦИОНЕРЛЕРМЕН ЖҰМЫС

Банкте миноритарлық акционерлермен өзара әрекеттесу жүйесі тұрақты түрде жетілдіріліп отырады, бұл жүйенің арқасында акционер өз сауалын қойып, оған ыңғайлы кез келген тәсілмен қажетті кеңес алуға болады (жазбаша өтініш және/немесе электрондық почта арқылы).

Миноритарлық акционерлердің өтініштері мен олардың ұсыныстарының құрылымы ұдайы талданып тұрады. Банк акционерлерді барлық маңызды жаңалықтар туралы, корпоративтік оқиғалар туралы және бағалы қағаздарды ұстаушылардың мүдделерін қозғайтын қызметтегі өзгерістер туралы және Банктің корпоративтік сайты, сауданы ұйымдастырушылардың сайттары және қаржы есептілігі депозитарийінің интернет-ресурсы арқылы жоспарланған іс-шаралар туралы хабардар етеді.




# ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

13

ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ
HALYK BANK
НАРОДНЫЙ БАНК КАЗАХСТАНА



# ӘРҚАШАН АЛДА БОЛАТЫНДАР!

## ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

**БАЙЛАМДАҒЫ КӨШБАСШЫ**

Адам аспас биік шыңды батылдықпен бағындыру – рухы мықтылардың таңдауы. Бағыттың қиын жерлерін сәтті еңсеру үшін альпинистер бірнеше адамды бір арқан байланыстыратын байламға біріктіреді. Негізгі жауапкершілік байламдағы бірінші адамның иығына жүктеледі – бұл бағыттың өтуін бақылайтын және ең қауіпсіз жолды ашатын ең тәжірибелі және әбден дайындалған альпинист.

ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ
HALYK BANK
НАРОДНЫЙ БАНК КАЗАХСТАНА

Топтың тәуекел-менеджмент саласындағы саясаты Топ қызметінің ауқымы мен сипатына, ол қабылдайтын тәуекелдердің бейініне сәйкес келетін, сондай-ақ бизнесті одан әрі дамыту сұранысына жауап беретін тәуекелдерді басқарудың біртұтас жүйесін қалыптастыруға бағытталған. Топ тәуекелдерді анықтау, оларды басқару, сондай-ақ бағалау және бақылау әдістерін жетілдіруге бағытталған іс-шараларды жоспарлы түрде және бірізді жүзеге асыра отырып, тәуекелдерді басқару жүйесін дамытуды одан әрі жалғастыруда.

## КРЕДИТТІК ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

Кредиттік тәуекелдерді тиімді басқару мақсатында Банкте тәуекел-менеджмент жүйесі және сату мен тәуекелдерді басқару функцияларының бөлінуін ескеретін қолданыстағы бизнес-процестер енгізілді, кредиттік тәуекелдерді бағалауға және басқаруға қатысатын алқалы органдар мен бөлімшелерді қамтитын кредиттік тәуекелдерді басқарудың ұйымдық құрылымы жасақталды.

Банкте кредиттік тәуекелдерді басқару мыналар арқылы жүргізіледі:

- «үш жолды қорғаныс» – бастама жасайтын бөлімшенің кредиттік тәуекелді бастапқы талдауы және тәуекелдерді басқару бөлімшесінің талдауы, ішкі аудит бөлімшесі тарапынан бақылау;
- (кредиттік) операциялар немесе өнімдер түрлеріне байланысты контрагенттерге лимиттер белгілеу;
- Заемшылар, салалар және географиялық деңгейде тәуекелдікті шамадан тыс шоғырландыру болдырмау мақсатында кредиттік портфельді әртараптандыру;
- ерте кезеңде сапаның нашарлауын сәйкестендіру үшін кредиттік портфельге мониторинг жүргізу;
- барабар резервтерді мүмкін болатын ысырапқа қалыптастыру.

Банкте кредиттік шешімдерді қабылдау жүйесі Директорлар кеңесінің тиісті алқалы органдарға белгілі бір өкілеттіктерді беруіне және әрбір орган үшін қаржыландыру лимиттерін белгілеуіне негізделеді. Корпоративтік заемшылар бойынша өтінімдерді қарауды КД жүзеге асырады. КД-ның өкілеттігінен асатын кредиттік өтінімдер, сондай-ақ Банкпен ерекше қарым-қатынастармен байланысқан тұлғалармен жасалатын мәмілелер әрі қарай Директорлар кеңесінің бекітуін талап етеді. ШОБ заемшылары бойынша өкілеттіктер ФШКК-не/ФКК-не/ФЖКК-не берілген, бөлшек қаржыландыру мәселелері бойынша – ШҚО-на және БКК-не берілген. Стандартты кепілсіз бөлшек өтінімдер бойынша кредиттік шешімдерді қабылдау автоматтандырылған андеррайтинг, ішкі және сыртқы базалар бойынша тексерулер, өтініш берушінің скорингтік бағасы және т.б. кіретін арнаулы бағдарламалық модуль арқылы іске асырылады. Стандартты емес кепілсіз өтінімдер ШҚО/БКК арқылы кредиттік мақұлдау процедурасына жатады.

Еншілес банктердің кредит комитеттеріне оның аясында шешімдер қабылданатын белгілі бір өкілеттіктер берілген. Банк мерзімді негізде мониторинг жүргізеді, және қажет болған жағдайда, еншілес банктердің кредит комитеттерінің өз бетімен шешім қабылдауының және өкілеттіктерінің лимиттерін қайта қарастырады.

Банктің даму стратегиясына және ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес тәуекелдердің рұқсат етілген деңгейін сипаттайтын негізгі параметрлер қайта қаралды және толықтырылды. Банктің облыстық және өңірлік филиалдары үшін бір заемшыға кредиттеу лимитін есептеу және мониторинг жүргізу әдістемесі бекітілген, оның шеңберінде орта және шағын бизнес бойынша бизнес мақсаттарға дербес кредиттеудің лимиті белгіленген.

Сыртқы және ішкі нарықтарда макроэкономикалық жағдайдағы жағымсыз өзгерістердің ықпал ету тәуекеліне Банктің ұшырағыштығын бағалау, сондай-ақ стрестік сценарийлерді жүзеге асырудан болатын эффектіні анықтау (провизиялар деңгейі, кредиттік рейтингтердің миграциясы, жұмыс істемейтін заемдардың үлесі) мақсатында Банк кредит қоржынының стресс-тестілеуін мерзімді жүргізіп отырады. 2017 жылы мұнай бағасының және ЖІӨ деңгейінің төмендеуі бойынша консервативті болжамдарды қолдану арқылы стресс-тест жүргізілді, нәтиже капиталдың активтер сапасының төмендеуіне тұрақты екенін көрсетті.

Дефолттың ықтималдығын бағалау үшін/КБ және ОБ клиенттері бойынша онымен ұқсас рейтинг үшін бұрын енгізілген Risk Analyst рейтингтік үлгі кредиттік шешімдер қабылдау, стресс-тестілеу жүргізу үшін, сондай-ақ заемның құнсыздану критерийлерінің біреуі ретінде кеңінен пайдаланылады.

«Аналитикалық CRM: Аналитика тәуекелінің құралдарын ендіру» жобасы шеңберінде өтініш берушінің дефолтының статистикалық тұрғыдан есептелген ықтималдылығының негізінде тәуекелдерді саралау үшін 4 скорингтік үлгі әзірленді. Банктің кредиттік портфелінің NPL динамикасына макроэкономикалық көрсеткіштердің әсер етуін зерттеу үшін стресс-тестілеудің 5 статикалық мәні бар үлгісі жасалды.

2017 жыл бойы проблемалық берешекпен жұмыс, кепілді мүлікті сату арқылы өтеуді қамтамасыз ету, кінәрат-қуыным жұмысы, активтерді КАБҰ-на табыстау, сондай-ақ сенімсіз берешекті есептен шығару бойынша жұмыс жалғасты.Жүргізілген іс-шаралардың нәтижесінде мерзімі өткен берешектің үлесі төмендетілді.

2017 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша «Halyk» тобының несиелік портфелінің құрылымында елеулі салыстырмалы салмақты бөлшек заемдар - 27% (оның ішінде 19% – тұтынушылық заемдар және 8% – ипотекалық заемдар) алады. Салалар бойынша едәуір үлесті қызмет (15%), көтерме сауда (11%), құрылыс (8%) жылжымайтын мүлік (5%) және бөлшек сауда (5%) секторына берілген заемдар иеленеді.

### ЭКОНОМИКА СЕКТОРЛАРЫ БОЙЫНША «HALYK» ТОБЫНЫҢ НЕСИЕЛІК ПОРТФЕЛІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ, %

2016 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН | 2017 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН




## АКТИВТЕРДІ/ПАССИВТЕРДІ БАСҚАРУ

«Тәуекел-табыстылық» арақатынасын басқаруға теңдестірілген амалды қамтамасыз ететін банктік активтердің оңтайлы құрылымын қалыптастыру мақсатында Топ ішкі және сыртқы активтерге банктік өнім түрлері, экономика сегменттері, валюта түрлері және өтеу мерзімдері бойынша әртараптандырылған салымдарды іске асырады.

2017 жыл үшін Топ активтерінің құрылымы былайша көрсетілген:

### «HALYK» ТОБЫ АКТИВТЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ, %

2016 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН | 2017 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН




2017 ж. 5 шілдеде Топ ҚКБ-ны бақылауды алды және шоғырландыруды осы күннен бастады. Аталған оқиға Топ балансының мөлшері мен құрылымына айтарлықтай әсерін тигізді - 2017 жылы «Halyk» тобының активтері 65,6%-ға өсті. Есепті кезең үшін баланс валютасының өсуіне ең басты бағалы қағаздар портфелі көлемінің – 1 820,1 млрд. теңгеге (ҚКБ БҚ портфелін қосу себебімен 100,0%-дан астам), нетто негізде несиелік портфельдің - 931,5 млрд. теңгеге (40,2%-ға) ұлғаюы, сондай-ақ негізгі құралдардың және материалдық емес активтердің – 628,0 млрд. теңгеге (100,0%-дан астам) өсімі ықпал етті, мұнда аталған өсімнің басты себебі – Банктің «Алтын Банк» АҚ акционерлік қоғамының 60%-н сатуы бойынша мәміленің нәтижесінде, сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер көлемінің ұлғаюы болып табылады. Несиелік портфель «Halyk» тобының активтерінің құрылымындағы ең ірі бабы болып отырғанын жалғастыруда, 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша оның үлесі 36,7% құрады. Баланс құрылымындағы өзге ірі баптар - бағалы қағаздар портфелі, сондай-ақ үлесі актив құрылымда сәйкесінше 30,2% (бағалы қағаздардың сауда және инвестициялық портфелі) және 20,1% құрайтын ақшалай қаражат пен оның баламалары болып табылады.

2017 жылы ҚРҰБ ҚР ақша нарығындағы жағдайдың тұрақтануына бағытталған шаралардың бірқатарын қолданды. Сонымен қатар, 2017 жылдың ішінде банктік кредиттеуді белсенді етуге қарамастан, ҚРҰБ ішкі ақша нарығында айтарлықтай қатысуын сақтады, соның ішінде реттеушінің ақша-кредит саясатын жүзеге асырудың нәтижесі ретінде қысқа мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздарды шығаруды жалғастырды. Осыған байланысты 2017 жылы Банк теңгелік өтімділікті көбірек ҚРҰБ қысқа мерзімді ноталарына орналастырды, бұл бағалы қағаздар портфелінің айтарлықтай ұлғаюына себепші болды.

Топ контрагент-банктер үшін әрекет ететін лимиттердің ағымдағы позициясының Топтың тәуекел-тәбетіне сәйкестік тұрғысынан тұрақты мониторинг жүргізіп отырады. Контрагент-банктердің және/немесе олар операция жүргізетін елдердің қызметінде жағымсыз факторлар анықталған жағдайда, Топ жедел тәртіпте белгіленген лимиттердің мерзімі мен мөлшерін қысқарту бойынша түзету шараларын жүргізді.

Сондай-ақ өтімділікті басқару мақсатымен Топ белгілі бір мерзімге тартылған ресурстарды және талап етілгенге дейінгі қаражатты қамтитын пассивтердің тұрақты әрі әртараптандырылған құрылымын қолдайды.

Топтың 2016 және 2017 жж. міндеттемелерінің құрылымы мынадай:

### ТОП МІНДЕТТЕМЕЛЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ, %

2016 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН | 2017 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН




[4] негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің құрамына сонымен қатар сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер кіреді

2017 жылы міндеттемелер құрылымындағы негізгі өзгерістер клиенттердің қаржысынан болды. 2017 жылдың қорытындысы бойынша клиенттердің қаржысы абсолюттік мәнде 2 311,1 млрд. теңге4е (60,5%-ға) өсті және міндеттемелер құрылымында ең үлкен салыстырмалы салмақты алып отыр, ол 2016 жылы 77,4%-ға қарағанда 81,6%-ды құрады.

2017 жылы депозиттік базаның құрылымы теңге бағамын нығайту және ҚР экономикасын дедолларландыруға және халықтың ұлттық валютаға сенімін арттыруға бағытталған ҚР Үкіметінің және ҚР ҰБ-нің бірлескен іс-шараларын жүзеге асыру аясында қалыптасты. Сонымен, негізінде Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қорының жеке тұлғалар үшін шетел валютасындағы салымдар бойынша сыйақы мөлшерлемесін төмендетуі есебінен құрылым теңгедегі және шетел валютасындағы салымдарды бөлу бөлігінде елеулі өзгерістерге ұшырады. Сонымен, 2016 жылмен салыстырғанда теңгедегі салымдар 405,7 млрд. теңгеге (100% астам) ұлғайды, бұл кезде шетел валютасындағы салымдар өсімді тек 905,4 млрд. теңгеге (36,3%-ға) ғана көрсетті.

Клиенттер қаражатының құрылымындағы мерзімді салымдарды және ағымдағы шоттарды бөлу айтарлықтай өзгерген жоқ, есепті күні тиісінше 71,76% және 28,24% құрады, ал 2016 жылы 71,67% және 28,33% құраған.

2017 жылы жеке тұлғалардан тартылған қаражат 80,6%-ға, заңды тұлғалардың қаражаты 44,1%-ға ұлғайды.

### ТОП КЛИЕНТТЕРІНІҢ ҚАРЖЫСЫ, МЛРД. ТЕҢГЕ




Ішкі нарықтан қорландыруды тартуға көзделу Банкке клиенттердің қаржысын тарту бойынша нарықтағы көшбасшы позицияларды сақтап қалуға мүмкіндік берді. Осылайша, 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Халық Банк және ККБ 36,9% (2016 жылдың аяғында 38,3%) жиынтықты үлесі бар жеке тұлғалардан, сонымен қатар 37,7% (2016 жылдың аяғында 35,1%) үлесі бар заңды тұлғалардан тартылған қаржының көлемі бойынша нарықта көшбасшы болып табылады.

### НАРЫҚТАҒЫ ҮЛЕСТЕРІ БОЙЫНША ХАЛЫҚ БАНК ПЕН ККБ КЛИЕНТТЕРІНІҢ ДЕПОЗИТТЕРІ, %




Банктің өтімділік тәуекеліне ұшырағыштығын бағалау мақсатында Банктің өтімділік жағдайына шоғырланумен клиенттер қаржысының жылыстауына ықпалы бойынша Банк үнемі стресс-тестілеу, сондай-ақ ҚРҰБ-нің талабы бойынша жыл сайынғы bottom-up стресс-тестілеуді жүргізеді.

## НАРЫҚТЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

2017 жыл ішінде Банк барлық валюталарда бейтарап позиция ұстана отырып, валюталық позицияларды басқаруда консервативтік саясатын одан әрі жалғастырды.

2017 жылдың ішінде ҚРҰБ қаржы жүйесін дедолларландыру бойынша жүргізген шараларының салдары ретінде валюта түрлері бойынша активтер құрылымының өзгергені байқалады. Нәтижесінде теңгедегі қаржы активтерінің өсімі 2016 жылмен салыстырғанда 100%-дан артық және шетел валютасында – 6,02% құрады.

Теңгедегі активтердің салыстырмалы салмағы 2016 жылы 46,3% қарсы Топтың қаржылық активтерден 63,3% құрады, бұл ретте теңгедегі несиелік портфельдің үлесі 67,8%-дан 70,2%-ға дейін ұлғайды.

2017 жылы ұлттық валютаны нығайту және жеке тұлғалар үшін теңгедегі депозиттердің тартымдылығын жақсарту бойынша шараларды жүзеге асыру нәтижесінде Топтың депозиттік базасының теңгедегі үлесі 34,6%-дан 44,5%-ға дейін ұлғайды, сол екі арада шетел валютасындағы үлесі 65,42%-дан 55,5%-ға дейін төмендеді.

## «HALYK» ТОБЫНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕРІ, ВАЛЮТАЛАР БОЙЫНША, %




## «HALYK» ТОБЫНЫҢ НЕСИЕЛІК ПОРТФЕЛІ (НЕТТО), ВАЛЮТАЛАР БОЙЫНША, %




## «HALYK» ТОБЫ КЛИЕНТТЕРІНІҢ ҚАРАЖАТЫ, ВАЛЮТАЛАР БОЙЫНША, %




Валюталық өтімділікті басқару мақсатында 2017 жылғы 3 шілдеде номиналды сомасы 1 000 млрд. теңгеге ККБ мен ҚРҰБ арасында тоғыспалы валюталық своптың біржылдық мәмілесі жасалды.

Топ пайыздық тәуекелдің мынадай көздерін айқындайды: бағалы қағаздардың портфелі бойынша пайыздық тәуекел, сондай-ақ пайыздық мөлшерлемелердің өзгерісіне (сыйақы мөлшерлемесінің өзгеру тәуекелі) сезімтал активтер мен пассивтерді өтеу мерзімдерінің сәйкес келмеуі (пайыздық мөлшерлемелерді қайта қарау) салдарынан туындайтын пайыздық тәуекел. Топ оң пайыздық маржаны қамтамасыз ете отырып, пайыздық мөлшерлемелер бойынша Топтың позициясын басқару арқылы пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелін және нарықтық тәуекелді басқарады.

Нарықтық тәуекелдің (валюталық, пайыздық, бағалық) мөлшерін шектейтін ішкі лимиттерді уәкілетті органдар рұқсат етілген тәуекел деңгейінің бекітілген мөлшері аясында белгіленеді, олардың сақталуына мониторинг күнделікті жүргізіліп отырады. Белгіленген лимиттердің мөлшері Топтың тәуекел-тәбеті мен нарықтық талаптарға өзектілігі мен сәйкестігіне үнемі қайта қаралып отырады.

## ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

Банк өз қызметі барысында операциялық тәуекелге тап болу ықтималдығы бар. Барабар емес немесе жеткіліксіз ішкі үдерістер, адам ресурстары және жүйелер немесе сыртқы оқиғалардың салдарынан шығындардың пайда болу ықтималдығы, соның ішінде құқықтық тәуекелді (стратегиялық және беделден айырылу тәуекелін қоспағанда) қоса алғанда операциялық тәуекелді білдіреді.

Банктің Тәуекел-менеджмент қызметі құрамындағы операциялық тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімше өз қызметінде операциялық тәуекел-менеджменттің мынадай алуан түрлі құралдарын жасап қолданады:

- Банкте жаңа өнімдерді/қызметтерді, жүйелер мен бизнес-үдерістерді енгізген кезде немесе қолданыстағы өнімдерге/қызметтерге, жүйелер мен бизнес-үдерістерге елеулі өзгерістер енгізген кезде операциялық тәуекелдің бар-жоқтығын бағалау жұмыстары жүргізілуде. «ОRAP» құралы толық жұмыс істейді және 2010 жылдан бері Банк қызметінің маңызды салаларын қамтып, кең пайдаланылады. 2017 жылы «ORAP» құралы жеке/заңды тұлғаларға қашықтықтан қызмет көрсету, жаңа сату арналарын, қызметтер мен өнімдерді енгізу сияқты қызметтер бағытын қамтыды;
- «Халық Жоба» ЖШС-дағы операциялық тәуекелдерді сәйкестендіру және барынша азайту бойынша және «Өзіне-өзі қызмет ету құрылғысының желісінде ICM («Cash management») жүйесін және даулы жағдайларды шешу процесін ұйымдастыру, қолдау және сүйемелдеу» бизнес-үдерісі бойынша жобалар жүргізілді. Жүргізілген жұмыстың нәтижесі бойынша аса елеулі тәуекелдер бойынша бақылаулардың тиімділігін жақсарту бойынша тиісті іс-шаралар әзірленді;
- Банктің операциялық тәуекелдері жүзеге асырылатын оқиғаларды жинақтау және талдау ұдайы жүргізіліп отырады. Операциялық тәуекелдердің оқиғалары тіркеледі және ондағы ақпарат бұдан әрі операциялық ысырапты тұтастай азайту бойынша түзету іс-шараларын талдау және қабылдау мақсатымен операциялық тәуекелдер бойынша басқарушылық есептілік жасау үшін пайдаланылатын арнаулы мәліметтер базасында тиісті түрде жіктеледі; сомасы реттеуші белгілеген шекті деңгейге тең операциялық тәуекелдерден жүзеге асырылған шығындар бойынша ақпарат Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тоқсан сайынғы есептілік шеңберінде жіберіледі;
- Банк операциялық тәуекел-менеджменттің құралын – тәуекелдің негізгі индикаторларын дамытуды жалғастыруда. Қазіргі таңда Банкте Банк үшін аса маңызды АТ жүйелер мен сыни бизнес үдерістер бойынша тәуекелдерді сәйкестендіруге мүмкіндік беретін түрлі бағыттар бойынша тәуекелдің 25-тен артық негізгі индикаторлары жұмыс істейді. Банкте сценарийлік талдау бойынша жобаларды жүргізу аясында алаяқтық операциялар бойынша сценарийлер, олардың жүзеге асырылуын болдырмау мақсатында; сценарийлік талдау бойынша жүргізілген жобалардың нәтижелері бойынша үдерістерде негізгі кемшіліктер анықталды. Іске қосылған бөлімшелерге Банкте қарастырылатын сценарийлерді іске асырудың ықтималдығын болдырмау/барынша азайту мақсатында тиісті ұсынымдар берілді, тәуекелді жоятын іс-шаралар әзірленді;
- «Бақылау жүйесінің өзін өзі бағалауы» жобасы жүзеге асырылды, оның нәтижесі бойынша Банк тәуекелдерінің картасы мен матрицасы құрылды;
- Операциялық тәуекелдерді басқару бөлімшесі түрлі жобалар, сондай-ақ алаяқтық әрекеттерді барынша азайтумен («Ішкі/сыртқы алаяқтықтың бөлшек тәуекелдерін барынша азайту» жобасы), шеккен шығындардың себебін тергеумен байланысты, болып жатқан проблемаларды, тәуекел аймақтарын талдау комиссиясын құрумен байланысты мәселелер бойынша Банктің жұмыс тобының тұрақты қатысушысы болып табылады.

## ҚЫЗМЕТТІҢ ҮЗДІКСІЗДІГІН БАСҚАРУ

Төтенше жағдайлар жағдайларында уақтылы және тиімді іс-шараларды құру мақсатында Банк нормативтік құқықтық құжаттарды, инфрақұрылымды, құзырлы қызметкерді және жалпы үздіксіз қызмет процесін басқаруға мүмкіндік беретін басқа да құрамдас бөліктерді қамтитын қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету жүйесінің бар болуын және қолдау көрсетілуін қамтамасыз етеді.

Қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін Банктің инфрақұрылымы Астана қаласында орналасқан Деректерді өңдеу резервтік орталығынан («Disaster Recovery site» немесе DR-сайт) және қажетті жабдықтармен және технологиялар-мен жабдықталған Алматы қаласындағы екі альтернативті алаңнан тұрады.

2017 жылдың ішінде Банк қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ету бойынша мынадай іс-шаралар жүргізілді:

- бизнеске ықпал етуге талдау және болжанбаған жағдайлардың тәуекелдер-іне талдау жүргізілді;
- Банк қызметінің үздіксіздігін және қалпына келтіруді қамтамасыз ету жоспарлары, АТ-жүйелерінің резервтік серверлерге, сыни АЖ-нің резервтік көшірмелерінен тесттік қалпына келтіруге өтуі бойынша оқытулар (тестілеу) жүргізілді;
- болжанбаған жағдайлар талаптарында жүйелердің жұмыс қабілеттілігін тестілеу мақсатында бір сыни бизнес-үдерісті Алматы қаласындағы негізгі серверден Астана қаласындағы резервтік серверге (DR-сайт) ауыстыру жүргізілді;
- қызметтің үздіксіздігі мен қалпына келуін қамтамасыз ету процесіне қатысатын қызметкерлер үшін кейінгі тестілеумен оқыту ұйымдастырылды;
- Банк қызметінің үздіксіздігін басқарудың тиімді жүйесін құрудағы жұмысты ұйымдастыру тәртібін, тәсілдерін, қағидаттарын, сондай-ақ Банкте осы процестің жүзеге асырылғаны үшін жауап беретін Банктің органдары мен бөлімшелерін анықтайтын «Қазақстан Халық Банкі» АҚ қызметінің үздіксіздін және қалпына келуін қамтамасыз ету қағидасына, Саясатқа өзгерістер енгізілді.

## АТ ЖӘНЕ АҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ

2017 жылы Банк ақпараттық технологиялар (бұдан әрі – АТ) және ақпаратты қауіпсіздік (бұдан әрі – АҚ) тәуекелдерін басқаруды ұйымдастырумен және үйлестірумен байланысты қызметтің жүзеге асырылуын, сондай-ақ АТ және АҚ тәуекелдерін басқару жүйесінің дамуын (бұдан әрі – АТ және АҚ ТБЖ) жалғастырды. 2017 жылы Банк мынадай іс-шараларды жүзеге асырды:

- АТ және АҚ ТБЖ бойынша ішкі нормативтік құжаттарға (бұдан әрі – ІНҚ) өзгерістер енгізілді;
- АТ және АҚ тәуекелдері бөлігіндегі тәуекелдерді бағалау шкаласы қайта қаралды және жаңартылды;

- Бекітілген ІНҚ сай банктің автоматтандырылған ақпараттық жүйесі бойынша АТ және АҚ тәуекелдерін басқару бойынша іс-шаралардың толық циклі (бағалау, өңдеу, мониторинг) жүргізілді. Аталған іс-шаралардың нәтижесінде АТ және АҚ тәуекелдерінің тізілімі мен карталары, АТ және АҚ бақылауларының тізілімдері жасақталды, сондай-ақ АТ және АҚ тәуекелдерін барынша азайту бойынша іс-шаралар жоспарлары әзірленді;
- Банктің еншілес компаниясында АТ және АҚ тәуекелдері бөлігіндегі ортаның тәуекеліне шолу жасалды;
- АТ және АҚ ТБЖ саласында қызметкерлердің білімін арттыру, сондай-ақ тұтас алғанда Банкте тәуекел-менеджменттің мәдениетін дамыту мақсатында АТ және АҚ тәуекелдерін басқару процесінің қатысушылары арасында АТ және АҚ тәуекелдері бойынша тренинг жүргізілді.

## КАПИТАЛДЫ БАСҚАРУ

2017 жылы Банк Топтың барлық ұйымдарының үздіксіз қызметін қамтамасыз ету мен заемдық және меншікті қаражаттың арақатынасын оңтайландыру мақсатымен капиталды басқаруды жүзеге асыруды одан әрі жалғастырды. Есепті кезең ішінде Банк реттеушінің нормативтерімен және Капитал туралы Базель келісімінің талаптарымен белгіленген, капиталға қатысты қойылатын талаптардың сақталуына бағытталған жұмыстарды жүзеге асырды.

2015 жылы банктердің капитал компоненттеріне және жеткіліктілік нормативтеріне қойылатын талаптардың кезең-кезеңмен реформасын 2020 жылға дейін қарастырған Базель ІІІ келісімінің енгізілуі басталды. Мәселен, 2017ж. капиталдың жеткіліктілігінің нормативтерінде консервациялық буфер ұлғайтылды, ал жүйе құрушы банктер үшін жүйелік буфер қолданысқа енгізілді. Банктің пікірінше, жаңа стандарттарға көшу Банктің капитал тәуекелдерін басқаруға қатысты қызметіне айтарлықтай ықпал етпеді.

Банктің макроэкономикалық жағдайдың жағымсыз өзгерістерінің тәуекеліне ұшырағыштығын бағалау мақсатында Банк капиталдың жеткіліктілік көрсеткішіне түрлі макроэкономикалық факторлары өзгеруінің әсері бойынша стресс-тестілеу, оның ішінде ҚРҰБ-нің талабы бойынша жыл сайынғы bottom-up стресс-тестілеуді жүргізеді.

## КОМПЛАЕНС-ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

Банк комплаенс-тәуекелді Банк және оның қызметкерлерінің ҚР заңнамасы талаптарын, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерін, Банктің қаржы нарығында қызметтер көрсету және операциялар жүргізу тәртібін реттейтін Банктің ішкі құжаттарын, сондай-ақ Банктің қызметіне ықпалын тигізетін шет мемлекеттердің заңнамасын сақтамауы салдарынан туындайтын шығындардың ықтималдығы ретінде белгілейді. Банкте комплаенс-тәуекелді басқару төрт негізгі элементті: тәуекелді анықтау, сәйкестендіру, бағалау және өлшеу, сондай-ақ мониторинг жасау мен бақылауды қамтитын процесс ретінде тәуекелдерді басқару жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады.

Комплаенс-тәуекелді басқарудың және ішкі бақылаудың тиімді жүйесін құру мақсатында Банкте қорғаныстың үш желісіне негізделген, функционалды және ұйымдық өзара әрекеттесу жүйесі құрылды:

- қорғаныстың бірінші желісі Банктің барлық құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің тәуекелді анықтауын және мониторинг жүргізуін, комплаенс-тәуекелді барынша азайту мақсатында ағымдағы бақылау жасауын және түзету шараларын қолдануын білдіреді;
- қорғаныстың екінші желісінде комплаенс-тәуекелді басқару саясатының жүзеге асырылуын қамтамасыз етуді және комплаенс бақылау қызметін Банктің Комплаенс қызметі жүзеге асырады, оның құрамына Банктің Директорлар кеңесіне есеп беретін Бас комплаенс-бақылаушы және Compliance Division басқармасы кіреді. Compliance Division басқармасы Бас комплаенс-бақылаушыға есеп береді. Бас комплаенс-бақылаушыны Банктің Директорлар кеңесі тағайындайды;
- қорғаныстың үшінші желісі ішкі аудит бөлімшесінің комплаенс-тәуекелді басқару жүйесі тиімділігінің тәуелсіз бағалауын білдіреді.

Банкте комплаенс-тәуекелді басқарудың негізгі әдістері мыналар болып табылады:

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Банктің қызметіне ықпалын тигізетін шет мемлекеттердің заңнамасына тұрақты мониторинг жүргізу;
- Банктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің ҚР заңнамасының және Банктің қызметіне ықпалын тигізетін шет мемлекеттердің заңнамасының талаптарын сақтауына бақылау жүргізу;
- Банктің құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің ҚР заңнамасын және Банктің ішкі құжаттарын, сондай-ақ Банктің қызметіне ықпал ететін шет мемлекеттердің заңнамасын дұрыс түсінуін және қолдануын қамтамасыз ету;
- комплаенс-тәуекелдерді сәйкестендіру, өлшеу, мониторинг жасау және бақылау, соның ішінде жаңа банктік өнімдер мен қызметтерді әзірлеу және құрылымдау, жаңа бизнес процестерді, технологияларды және т.с.с. ендіру кезінде;
- реттеушінің/уәкілетті органның міндетті талаптарын уақтылы және сапалы орындалуын бақылау;
- Compliance Division басқармасының Банк бөлімшелерінің қызметіне комплаенс мониторинг (тексеру) жүргізуі;
- Комплаенс-тәуекелдерді анықтау/бағалау бойынша түрлі құралдарды, соның ішінде бақылаушы бөлімшелердің өз қызметін бағалау бойынша құралдарды Банкте қолдану;
- Банктің инсайдерлік ақпаратына кіруге рұқсаты бар тұлғалар тізімінің

жүргізілуіне және қолданыстағы күйде сақталуына бақылауды қосқанда, инсайдерлік ақпаратқа кіру құқығына шектеу қойылуын бақылау және мұндай ақпаратты инсайдерлердің заңсыз пайдалану мүмкіндігіне жол бермеу;

- заңсыз жолмен алынған кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылға (КЖ/ТҚҚ) бағытталған шараларды Банктің сақтауын қамтамасыз ету;
- қызметкерлердің Банктің ішкі құжаттарымен белгіленген мүдделер қайшылығының алдын алу бойынша талаптарды сақтауына бақылау жүргізу.

Комплаенс-бақылау қызметін орындау үшін, мүмкін болатын комплаенс-тәуекелдерді барынша азайту, алдын алу мақсатында Compliance Division басқармасы мынадай іс-шаралар жүргізеді:

- Банк бөлімшелерінің өз қызметін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, Банктің ішкі құжаттарына сәйкес келуіне өзін-өзі бағалайтын құралдың қолданылуын ұйымдастырады және үйлестіреді. Комплаенс-тәуекелдерді бағалау нәтижелері комплаенс және ішкі бақылау мәселелері бойынша есептің аясында Банк Басқармасының қарауына ай сайын, Директорлар кеңесіне тоқсан сйын жөнелтіледі. Көрсетілген жұмыс нәтижелері бойынша орташадан жоғарыға дейін берілген деңгеймен, өзін өзі бағалау барысында анықталған комплаенс-тәуекелдерді барынша азайту бойынша іс-шаралар жоспары жасалады. Іс-шаралар жоспарының орындалуын Compliance Division басқармасы бақылайды;
- Банкте Банкке тән комплаенс-тәуекелдің деңгейін сәйкестендіру және бағалау жүргізіледі, Банкте бар бақылау жүйесін тиімділігінің деңгейі бағаланады, қалдық комплаенс-тәуекелдер деңгейі анықталады. Мұндай бағалау нәтижелері тиісті есеппен ресімделеді және Банк Басқармасына ай сайын және Директорлар кеңесіне тоқсан сайын жөнелтіледі. Бақылау тиімділігін жақсарту және қалдық комплаенс-тәуекелдер деңгейін төмендету үшін іс-шаралар жоспары құрылады, оның орындалуын Compliance Division басқармасы бақылайды;
- Compliance Division басқармасы комплаенс мәселелері бойынша, соның ішінде КЖ/ТҚҚ бойынша, сондай-ақ FATCA мәселелрі бойынша Банк қызметкерлері үшін оқытуды ұдайы жүргізіп отырады. Жыл сайын Банкке жаңадан қабылданған қызметкерлерге, сондай-ақ Банктің жауапты бөлімшелерінің қызметкерлеріне де оқу өткізіледі. 2017 жыл ішінде Оқыту туралы бекітілген жоспарға сәйкес интерактивті түрде де, сонымен қатар қашықтан да (on-line режимінде) жүргізілді. Жоғарыда аталған іс-шаралар жауапты қызметкерлердің комплаенс мәселелері және КЖ/ТҚҚ, FATCA рәсімдері бойынша хабардар болу деңгейін арттыруға бағытталған.

Бұдан бөлек, Compliance Division басқармасының негізгі міндеттерінің бірі КЖ/ТҚҚ бөлігіндегі Банк қызметінің ҚР заңнамасы талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз ету болып табылады.

Банкте қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылға бағытталған барлық қажетті рәсімдер, сондай-ақ клиенттерді (олардың өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін тиісті түрде тексеру бойынша рәсімдер қарастырылған және сақталады, оларға мыналар кіреді:

- тәуекел деңгейі бойынша клиентті жіктеу (тәуекелге бағытталған тәсіл), клиентке берілген тәуекел деңгейіне байланысты оңайлатылған, стандартты, тереңдетілген сәйкестендіру, атап айтқанда, клиент туралы мәліметтерді жинау және белгілеу жүргізіледі;
- санкцияланған (халықаралық/жергілікті) тізімдер бойынша клиент-терді/әлеуетті клиенттерді тексеру;
- әлеуетті клиенттің «Шетелдік жария лауазымды тұлға» санатына қатыстылығын тексеру;
- клиенттің беделін тексеру;
- өзге тексерулер (операцияларды, мәмілелерді және т.с.с. тексеру).

Клиентті тиісті түрде тексеру жөнінде шаралар қабылдау мүмкін болмаған жағдайда мұндай клиентпен іскерлік қатынас құрылмайды, операциялар жүргізілмейді.

Банк, қаржылық мониторинг субъектісі бола тұра, КЖ/ТҚҚ бөлігіндегі ҚР заңнамасы талаптарына сәйкес қаржылық мониторингке жататын, Банк клиенттері жүргізген операциялар (шекті және күдікті) туралы уәкілетті органды хабардар етеді. Банкте енгізілген тұрпаттама, схемалар және сценарийлер негізінде қаржылық мониторингке жататын операцияларды анықтауға және деректерді уәкілетті органға жөнелтуге мүмкіндік беретін қажетті ақпараттық жүйелер бар. Бұдан бөлек, күдікті белгілері бар операцияларды анықтауды Банктің жауапты бөлімшелері автоматтандыруға жатпайтын күдікті операцияларды анықтау критерийлерінің белгілері негізінде іске асырады.

Бұдан бөлек, Банк клиенттерге қызмет көрсету және контрагенттермен ынтымақтасу кезіндегі халықаралық экономикалық санкцияларды сақтайды. Бұл мақсаттар үшін транзакциялардың автоматты скринингі мен қолмен жасалатын бақылаулар енгізілген. Банк өз қызметінде ашықтық, әділдік және дүниежүзілік қауымдастыққа бірігу қағидаттарын ұстанады.




# 2017 ЖЫЛҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЕСЕП

# 14

ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ
HALYK BANK
НАРОДНЫЙ БАНК КАЗАХСТАНА



# ӘРҚАШАН АЛДА БОЛАТЫНДАР!

2017 ЖЫЛҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЕСЕП

## ПРИМА БАЛЕРИНА

Прима-балерина болу үшін және әлемнің ең үздік балет труппаларында жеке орындау үшін мінсіз техникаға ие болу аз. Мұнда мінсіз тәсіл, виртуозды орындау, орындалатын әрбір партия мен рольдің би интерпретациясының бірегей ерекшелігі, сөзсіз шеберлік пен таланттың еленбейтін күші керек.

ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ
HALYK BANK
НАРОДНЫЙ БАНК КАЗАХСТАНА

Әлеуметтік жауапкершілік – Халық Банк бизнесінің ажыратылмас бөлігі. Әлеуметтік және қайырымдылық жобалардың мақсатқа бағытталған және максималды тиімділігі үшін 2016 жылдың көктемінде «Halyk» тобы акционерлерінің шешімі бойынша қайырымдылық қызметті жүйелік деңгейде жүзеге асыру үшін «Халық» қайырымдылық қоры құрылған болатын.

Қордың басты міндеті – әлеуметтік және қайырымдылық инвестициялардың барынша жоғары тиімділігіне қол жеткізу, маңызды әлеуметтік міндеттерді шешуде жағымды өзгерістерге жағдай туғызу, мәдениет, спорт, білім беру сияқты салаларға қолдау көрсету. 2016-2017 жж. «Халық» қайырымдылық қорының қаржы доноры болып Халық банкі табылды.

Қаржы институты көптеген жылдар бойы маңызды жобаларды – халықтың әлеуметтік тұрғыдан әлсіз тобын, қазақстандық спортты, өнер мен мәдениетті, денсаулық сақтауды, білім беруді қолдауға бағытталған игі істерді жүзеге асырады. Халық банк игі істерімен дарынды көтермелеуге және өнерді бағалауға, спортты бәріне қолжетімді етуге, қиын сәтте бірігіп қолдау көрсетуге, болашақ ұрпаққа білім беруге тырысып жатыр.

## ИГІ ІС – …ДАРЫНДЫ КӨТЕРУ ЖӘНЕ ӨНЕРДІ БАҒАЛАУ

Мәдени мұраны сақтау және арттыру, өнерді дәріптеу, заманауи мәдени беталыстарды дамыту – мәдениет пен өнерді, Қазақстан халқының рухани асыл қазынасын қолдауда «Халық» қайырымдылық қорының және Халық Банктің негізгі міндеттерінің бірі.

## «АСТАНА ОПЕРА»

2013 жылдан Халық Банк жыл сайынғы негізде «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театрының бас серіктесі болып табылады. Театр пайда болған сәттен бастап өзін еліміздің басты театры ретінде, Қазақстанның ғана емес, сонымен қатар жақын және шалғайдағы шетелдік көрермендердің назары мен қызығушылығын өзіне аудартқан республикамыздың басты сахна алаңы ретінде танытты.

2017 жылы «Халық» қайырымдылық қоры «Астана-ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесінің қолдауымен өткен 5-ші театр маусымына қолдау көрсетті. «Астана Опера» опера және балет театры көрменің мәдени бағдарламасының эпицентрінде тұрды. Маусым жарық премьералармен – «Қыз жібек» операсымен, ағылшынның көрнекті хореографы Кеннет Макмилланның «Манон» балетінің премьерасымен, австриялық композитор Густав Малердің Қазақстанда алғаш рет 1200 музыкантпен бірге орындалған №8 симфониясымен, сондай-ақ шығармашылық эксперименттермен – Дон Кихот балетімен, Бейбітшілік және Келісім сарайының алдындағы ашық алаңда Дж. Вердидің «Аида» операсымен, бүкіл әлемге танымал әйгілі орындаушы Пласидо Домингоның «Травиата» операсымен шығуымен өтті. Театрға демеушілік көмектің сомасы 140 млн. теңгені құрады.

## «ЭКСПО-НЫҢ ЖАС ЕЛШІЛЕРІ»

2017 жылдың маусымында «Халық» қайырымдылық қоры «ЭКСПО-2017 жас елшілері» жазғы мектебінің қатысушыларына, атап айтқанда 100 ең үздік дарынды ынталы оқушыларға – түрлі олимпиаданың жеңімпаздарына, сондай-ақ бүкіл Қазақстан бойынша әлеуметтік тұрғыдан осал отбасыларының және ауыл мектептерінің оқушыларына «Астана ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесін тамашалауға мүмкіндік берді. Балалар астананың көрікті жерлері мен көрменің павильондарын көріп шықты, сондай-ақ олар үшін қыш-құмыра кәсібі, авиамодельдеу, арт-дизайн, драмалық өнер бойынша оқытатын мастер-кластар ұйымдастырылды. Демеушілік көмектің сомасы шамамен 12 млн. теңгені құрады.

## «АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ БОТАНИКАЛЫҚ БАҒЫ»

2017 жылдың мамырында Алматы қаласының бас ботаникалық бағында жазғы кинотеатр пайда болды. Жаңа мәдени алаңды «Халық» қайырымдылық қоры «Бас ботаникалық бақты дамыту қоры» қоғамдық қормен бірлесіп құрылды. Әр демалыс күндері Алматы қаласының тұрғындары мен қонақтары үшін Ботаникалық бақ қазақстандық фильмдердің тегін көрсетілмдерін көрсету үшін ашық болды. Демеушілік көмектің сомасы шамамен 10 млн. теңгені құрады.

## ӨЗГЕ ЖОБАЛАР

2017 жылдың сәуірінде Халық Банк Қытай Халық Республикасында біздің отандасымыз Димаш Құдайбергеннің қатысуымен өткен «I am singer – 2017» ең үздік орындаушылардың музыкалық байқауының финалын онлайн трансляциялаудың Бас серіктесі болды.

Орал қаласы күнін мерекелеу мақсатында 2017 жылдың қыркүйегінде банк «1 теңге» монументін дайындау және орнату үшін қаржы бөлді.

## ИГІ ІС – … СПОРТТЫ БӘРІНЕ ҚОЛЖЕТІМДІ ЕТУ

Халық Банк және «Халық» қайырымдылық қоры отандық спорттың сәтті дамуы үшін тұрақты материалдық базаны құру, салауатты өмір салтын насихаттау кәсіби және әуесқой жарыстарды ұйымдастыруға және өткізуге мүмкіндік беретініне, халықаралық аренада Қазақстан Республикасының байрағын қорғайтын жас спортсшыларды ынталандыратынына сенеді. Мүмкіндігі шектеулі спортшыларға айрықша назар аударылады.









## «ХАЛЫҚ ЛИГАСЫ» ЖОБАСЫ

2005 жылдан «Халық лигасы» жобасы – бүкіл Қазақстан бойынша қамқорлықтағы балалар үйлері мен мектеп-интернаттарының тәрбиеленушілері арасында баскетбол қозғалысын дамытуға бағытталған әлеуметтік спорттық жоба әрекет етіп келеді. Баскетбол – жасөспірімдердің еркін, табандылығын және командалық рухын тәрбиелейтін, спорттың командалық түрі.

«Халық лигасы» спортты сүюге дағдыландырады, бүкіл Қазақстан бойынша 18 қамқорлықтағы балалар үйі мен мектеп-интернатты біріктіре отырып, жыл сайын жаттығуларға кем дегенде 500 тәрбиеленушіні тарта отырып, балалардың бос уақытын ұйымдастыруға жәрдемдеседі. «Халық» қайырымдылық қоры бапкерлердің қызметтеріне және спортпен шұғылдануға керекті жабдықтар мен киім-кешектермен жабдықтауға жұмсалған шығындарды өтейді. 11 жыл ішінде «Халық лигасы» жобасын жүзеге асыруға 300 млн. теңге жұмсалды.

## «ҮМІТ КУБОГЫ» ЧЕМПИОНАТЫ

2017 жылдың мамырында Қазақстан Республикасы Ұлттық баскетбол федерациясының қатысуымен «Халық» қайырымдылық қоры 2017 жылдың «Үміт кубогы» атты маусымда балалар үйлері мен мектеп-интернаттар арасында жыл сайынғы Баскетбол чемпионатын сәтті өткізді.

Бір апта бойы Алматы қаласында Спорт және туризм академиясының базасында өткен чемпионатқа негізгі ойыншылар құрамасымен 17 команда қатысты. Дәстүр бойынша төрешілер корпусын ҚР Ұлттық Баскетбол федерациясының халықаралық санаттағы төрешілері таныстырды. Қазақстанның 17 өңірінен келген 190 тәрбиеленуші қатысқан чемпионатты өткізу үшін қор 27 млн. теңге қаржы бөлді.

## «SPECIAL OLYMPICS» ҚБ

2017 жылы «Халық» қайырымдылық қоры «Special Olympics» қоғамдық бірлестігіне материалдық көмек көрсете отырып, интеллектуалдық дамуының бұзылған спортшыларға қолдау көрсетуді жалғастырды. 6 жыл ішінде аталған қоғамдық бірлестікке қаржылық көмек ретінде 8,5 млн. теңге жіберілді. Спорттың арқасында бұл балалар жаңа мүмкіндіктер ашып, табысқа жетуде. «Special Olympics» өкілдері былай дейді: «оларға спортпен шұғылданудан қуаныш сезінуге мүмкіндік бере отырып, олар бүкіл әлемнің адамдарының өмірін жақсы жаққа өзгертеді».

## «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ГИМНАСТИКА ФЕДЕРАЦИЯСЫ» ҚБ

2017 жылы Халық Банк Қазақстан Республикасының гимнастика федерациясымен ынтымақтастықты жалғастырып келеді. 2016 жылдың қаңтарында Қазақстан Халық Банкі Басқармасының төрағасы Үміт Шаяхметова ҚР гимнастика федерациясының президенті болып төрт жылдық олимпиадалық мерзімге қайта сайланды.

2017 жылдың маусымында Астанада сеньорлар арасында көркем гимнастика бойынша 9-шы Азия чемпионаты және юниорлар арасында көркем гимнастика бойынша 15-ші Азия Чемпионаты өтті. Жарысқа азия өңірінің 15 мемлекетінен 150 ең мықты гимнаст қатысты, медальдің 54 комплектісі табыстылды. Қазақстандық Сабина Аширбаева мен Алина Адильханова шеңбермен жаттығуда 1 және 3 орынды иеледі, Сабина Аширбаева сонымен қатар доппен жаттығуда алтын медальды жеңіп алды. Юниорлар арасында орындалған жеке бағдарламада қазақстандық гимнасттар ең мықты болып өнер көрсетті.

Федерация құрамына Қазақстанның 13 өңірінен спорттық гимнастика, көркем гимнастика, акробатикалық жолда және батутта секіру бойынша 16 аккредиттелген өңірлік спорт федерациялары кіреді. Гимнастика федерациясы 10 000-нан аса спортшы-гимнасттарға жетекшілік етеді. Халық Банк Қазақстанның гимнастика федерациясын қолдауға 30 млн. теңге қаржы бөлді.

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ФУТЗАЛЫ БОЙЫНША ҰЛТТЫҚ СТУДЕНТТЕР ЛИГАСЫНЫҢ ЧЕМПИОНАТЫ

2016 жылдың күзінен «Халық» қайырымдылық қоры студенттер арасындағы спорттың жаппай түрін дамыту және қолдау мақсатында Қазақстан Республикасының алдыңғы қатарлы ЖОО арасында Ұлттық студенттер лигасының (ҚСЛ) футзалы бойынша чемпионаттың бас демушісі болды.

2017 жылы «Халық» қайырымдылық қоры Ұлттық студенттер лигасына демеушілік көрсетуді жалғастырды. ҰСЛ көлемі жағынан өсті – командалар саны 69-ға жетті. Бұдан бөлек, ҰСЛ қамқорлығымен 2017 жылы футзал бойынша 9 әйелдер командасы ойнайды. Көктемде ҰСЛ өңірлік кезеңі республикамыздың 13 қаласында старт алды. Тек Алматының өзінде түрлі ЖОО-нан 17 команда қатысты. Барлығы өңірлік кезеңде 70 ЖОО өз өнерлерін көрсетті. Спорт түрлері бойынша федерацияның әрқайсысы мұндай ауқыммен мақтана алмайды. Қарашада футзал бойынша ұлттық студенттер лигасының финалы өтті. Алматыға республикамыздың ең үздік 24 командасы келді, чемпионаттың алтын медалін Каспий университетінің командасы жеңіп алды.

2018 жылдың тамызында Алматыда әлемнің түкпір-түкпірінен жиналған ең үздік студенттер командалары арасында футзал бойынша әлем чемпионаты өтеді.

## «HALYK ARENA»

2017 жыл Алматыда 28-ші Дүниежүзілік қысқы универсиаданың сәтті өтуімен ерекшеленді, бұл жаппай спортты әрі қарай дамыту үшін керемет ынталандыру болды.

Дүниежүзілік қысқы универсиада үшін оңтүстік астанада құрылған спорт инфрақұрылымының нысандарын жасау және қолдау мақсатында Қазақстан Халық банкі «Halyk arena» деп аталатын 3 мың орынды мұз айдыны кешеніндамыту бойынша Алматы қ. әкімдігімен келісім жасады. Бұл Қазақстандағы классикалық бренд жасау және спорт ғимаратының неймингінің алғашқы мысалы болды.

28-ші Дүниежүзілік қысқы универсиада кезінде Halyk Arenada өткен шайбалы хоккей бойынша жарысқа 100 000-нан аса адам тамашалады. Осының арқасында арена «Алматы» мен «Айсулу» хоккей клубтарының үйдегі базасы бола бастады. Қор мен Халық банктің Halyk Arenaмен ынтымақтастығы аясында Банк қызметкерлері үшін спортпен, оның ішінде хоккеймен шұғылдану бағдарламалары әзірленуде, сондай-ақ Алматы қаласы тұрғындары үшін жаппай тегін сырғанаулар ұйымдастырылды.

## ИГІ ІС – … БІРІГУ ЖӘНЕ ҚОЛДАУ

«Халық» қайырымдылық қоры және Халық Банк 2017 жылдың ішінде жетім балаларды, мүмкіндігі шектеулі балаларды, сондай-ақ ҰОС қ0атысушылары мен ардагерлерін әлеуметтік қолдау саласында бірнеше жобаны жүзеге асырды.

Халық Банк және «Халық» қайырымдылық қоры табиғи апаттардан зардап шеккен қазақстандықтарға көмекке келуге, үйлерін қалпына келтіріп, оларға қолдау көрсетуге әрдайым дайын. Өйткені қайғыны бірге бастан өткізсек, біз алға қарай жылжып, өз болашағымызды құра аламыз.

2017 жылдың көктемінде Қазақстанның бірнеше өңірінде болған мол жаңбырдың салдарынан он мыңдаған адам үйсіз қалды. «Halyk» тобының қызметкерлері зардап шегушілерге материалдық көмек беруді өздерінің борышы деп есептеді. Нәтижесінде қызметкерлер өз қалталарынан 5 млн. теңге жинап берді, ал «Халық» қайырымдылық қоры 50 млн. теңге көлемінде өз қайырымдылық жарнасын қосты. Қаражат Ақтөбе, Ақмола, Қарағанды, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарының тұрғындарын қолдауға жұмсалды.

Жыл бойы Халық Банк қызметкерлері түрлі қайырымдылық акцияларына белсенді қатысты. Олардың ішінде біреуі тұрмысы төмен отбасыларының балаларына қолдау көрсетуге арналды. Халық банктің бас офисінің қызметкерлері «Аяла» қайырымдылық қорымен серіктестікте «Тілектер шыршасы» акциясы аясында «Областная школа-интернат г. Иссык для детей с нарушением зрения» КММ-нің 100 бүлдіршінінің жаңажылдық тілектерін орындады. Сыйлықтардың ішінде көбінесе ойыншықтар, сондай-ақ киімдер мен кеңсе заттары болды. Қазақстанның паллиативтік көмек көрсету ассоциациясы Алматы хосписінде төсек тартып жатқан аурулар үшін «Игі іс себеті» акциясын өткізуді ұсынған кезде Банк қызметкерлері бойын аулақ ұстамады. Нәтижесінде арнайы себеттерге кітаптар, тәттілер, киімдер, гигиена заттары және бірінші қажеттілік заттары салынды.

## ЖАҢА ЖЫЛДАҒЫ ҒАЖАЙЫП

Жаңа жыл мерекесі қарсаңында «Халық» қайырымдылық қоры Қазақстанның 22 қалаларында медициналық мекемеде ұзақ уақыттан бері ем алып жатқан балалар үшін «Жаңажылдық ғажап» акциясын ұйымдастырды. Аталған акция аясында балаларды құттықтау үшін Аяз ата мен Ақшақар, Спайдермен мен Пираттар және көптеген басқа да сүйікті кейіпкерлер келді, балаларға арналған ойын-сауық бағдарламасы ұйымдастырылды, сондай-ақ естелік сыйлықтары (ойыншықтар, тәттілер, дамытатын ойындар) сыйға тартылды. Осылайша, «Халық» қайырымдылық қоры жаңажылдық ғажапты Жаңа жылды аурухана қабырғасында қарсы алған 2000 жуық балаға сыйлады. Жалпы бюджеті 6,6 млн. теңгені құрады.

## НАУРЫЗ

Наурыз мейрамы – Жердегі ең көне мейрамдардың бірі. Ол міне бес мың жылдан бері жаңа жылдың, табиғат жаңаруының, махаббат, құнарлылық пен достық мерекесінің символы ретінде аталып келеді.

Халық Банк жыл сайын қазақстандықтарды Наурыз мерекесімен құттықтап, халқымыздың мәдени және тарихи дәстүрлеріне қолдау көрсетіп жүреді.

## «ЖЕҢІС МАРАФОНЫ» АКЦИЯСЫ

ҰОС ардагерлеріне және еңбек форнтының қатысушыларына көмек – бұл өткен ғасырдың 1941-1945 жылдарында Ұлы Жеңісті үшін соғысқан солдаттардың, офицерлердің, тылда жұмыс істегендердің батырлығы мен төзімділігіне деген ерекше құрмет. «Жеңіс марафоны» Халық Банктің 9 мамыр - Жеңіс күніне арнаған дәстүрлі республикалық акциясы болды. 2017 жылы ҰОС ардагерлері мен еңбек фронтының қатысушылары болып табылатын, Халық Банктің 315-тен астам салымшысына 9,5 млн. теңгеден астам сомаға материалдық көмек көрсетілді.

Соңғы 8 жылда осы акция аясында Халық Банк ардагерлік ұйымдар мен ҰОС қатысушыларына 96,5 млн. теңгеден астам қаржылай көмек көрсетті.

## ИГІ ІС – … БОЛАШАҚ ҰРПАҚҚА БІЛІМ БЕРУ

Адамзат баласы дами отырып тұрақты түрде қозғалыста болады, ұрпақтан ұрпаққа тәжірибе, білім жинап, жиналған тәжірибе мен білімді артта келе жатқан ұрпаққа беруге тырысады, себебі бұның бәрі шынайылық жағдайында өмір сүруге мүмкіндік беріп қоймай, табысқа да жеткізуі мүмкін. Жаңа уақытта жаңа ұрпақ келеді,бұл ұрпақ өмірге басқаша көзқараспен қарайды, алдына басқа мақсаттар қояды. Ата-бабаларымыздың тәжірибесінен көптеген нәрсе шынымен де жаңа өмірде қолданылмай ұмытылып барады, бірақ оның зор бөлігі әрі қарай дамуымызға тірек болуы тиіс. «Халық» қайырымдылық қоры мен Халық Банк 2017 жылы білім беру саласында бірнеше жобаларды жүзеге асырды.

## SMART HALYK

Инновациялар мен ғылым тақырыбы елімізде «Астана ЭКСПО 2017» халықаралық көрмесіне дайындық барысында ерекше танымал бола бастады. 2017 жылдың маусымында «Халық» қайырымдылық қоры Smart Halyk атымен жаңа жобаны іске қосты. Бұл Youtube білім беру арнасы, мұнда ғылымның әр түрлі саласынан ғылыми-танымал бейнелердің қазақ және орыс тіліндегі аударымдарын табуға болады. Жобаның мақсаты – мектеп оқушылары мен студенттерді ғылымға деген қызығушылықтарын арттыру, олардың білім деңгейлерін жақсарту, оларға болашақ мамандығын таңдауға және ЖОО-на түсуге дайындық кезінде көмектесу. Жобаның ерекше мәні қазақ тілін дамыту, әсіресе оның ғылыми-техникалық лексикасы бөлігін дамыту. Бірнеше айдың ішінде арнаны пайдаланушылар саны 20 мың адамға жетті, ал көріп шығу саны 1,7 миллионнан асты. «Халық» қайырымдылық қоры осы жобаның әрі қарай дамуында зор перспективаларды көреді.

## БАЛАЛАР ҮЙЛЕРІ

2017 жылдың көктемінде «Халық» қайырымдылық қоры Алматы қаласының №1 балалар үйі өз қамқорлығына алды. Бұл жағдайда бағдарламалық тәсіл қолданылды: балалар үйінің материалдық-техникалық базасын жақсартудан бөлек, қор әлеуметтік білім беру бағдарламасын қолдау міндеттемесін өзіне қабылдады. Мұндай қамқорлыққа алудың басты мақсаты – балалардың ой-өрісін кеңейтіп, оларға кәсіп таңдауына және әрі қарай қоғамға қосылуына көмектесу. Адамның әлеуметтенуі өмір бойы үздіксіз болады, әсіресе бұл балалық пен жастық шағында – базалық түсініктер, нормалар, құндылықтар берілгенде және әлеуметтік жүріс-тұрыс мотивациясы қалыптасқан кезде аса қарқынмен жүреді. Сол себепті бұл кезең жетім балалар үшін тәрбиелеушілер, психологтар мен педагогтар маңызды рольді орындайды. Осы мәселені шешу үшін қор өзінің серіктесімен – Нұрсұлтан Назарбаев атындағы білім беру қорымен бірге балалар үйінің педагогтары үшін педагогикалық және психологиялық көмек бойынша курстар, ал тәрбиленушілер үшін – психологтармен сабақтар, сондай-ақ шетел тілін, фото үйірмелері, ағаш ісін қоса, түрлі дисциплиналар бойынша оқу кластарын әзірлеп ұйымдастырды. Халық банктің қызметкерлері өз еріктерімен жасөспірімдер үшін қаржылық сауаттылық курстарын өткізе бастады, балаларды ақшаның құнын біліп, оларды қалай жинап, қалай дұрыс жұмсауды үйрететін өмірдің түрлі жағдайларымен таныстыра бастады.

Будан бөлек, Халық Банк балалар үйлеріне жүйелік негізде қолдау көрсетіп тұрады. Олардың материалдық және техникалық жағдайын жақсарту үшін көмек ұдайы көрсетіліп тұрады: жиһаз, жабдық, киімдер, кеңсе тауарларын сатып алу, мерекелік, спорт және білім беру іс-шараларын өткізу.

## «МЕКТЕПКЕ ЖОЛ» АКЦИЯСЫ

«Мектепке жол» қайырымдылық акциясы табысы аз және көп балалы отбасылардан шыққан балаларға көмек көрсету мақсатында өткізілді және Қазақстан Республикасының Білім беру және ғылым министрлігі қатарынан 9 жыл бойы өткізіп келе жатқан «Мектепке жол» жалпы республикалық қайырымдылық акциясына ұштастырылған.

2017 жылы «Халық» қайырымдылық қоры республиканың 22 қаласынан 440 баланы 7 млн. теңгеге жуық жалпы сомаға мектепке қажетті заттармен - рюкзактармен, дәптерлермен, бояулармен және басқа мектеп керек-жарақтармен қамтамасыз етті.

## «ХАЛЫҚ СТУДЕНТТЕРІ» ЖОБАСЫ

2007 жылдан бері Банк «Халық студенттері» бағдарламасы бойынша бүкіл республикасы бойынша 37 балалар мекемесіне ай сайынғы қаржылық көмек көрсетіп келеді. Аталған жобаның арқасында қамқорлықтағы балалар үйлері мен мектеп-интернаттарының 31 тәрбиеленушісі жоғары білім алды, ал 9 түлек Халық Банкке жұмысқа орналастырылды. Бүгінгі күні аталған бағдарлама бойынша Шығыс Қазақстан облысының қамқорлықтағы балалар үйінің тәрбиеленушісі Аманжолов атын. университетте білім алуда. Халық Банк оның оқуының ақшасын төлеп келеді әрі оған ай сайын шәкіртақы төлейді.

## 2007-2017 ЖЫЛДАРДАҒЫ БАНКТІҢ ШТАТ САНЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ

| | | | | | | | | | | | | Ауытқу | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Бизнес-сала | 2007 | 2008 | 2009 | 2010 | 2011 | 2012 | 2013 | 2014 | 2015 | 2016 | 2017 | 2017 | 2007 |
| Филиалдар | 8 253 | 8 306 | 7 792 | 7 725 | 7 470 | 7 394 | 7 395 | 7 308 | 7 367 | 7 074 | 7 254 | (14,3%) | (999) |
| Бас банк | 1 554 | 1 602 | 1 522 | 1 524 | 1 491 | 1 496 | 1 534 | 1 638 | 1 744 | 1 761 | 1 835 | 18,1% | 282 |
| **БАРЛЫҒЫ** | **9 806** | **9 907** | **9 314** | **9 188** | **8 962** | **8 890** | **8 928** | **8 946** | **9 112** | **8 835** | **9 089** | **(7,3%)** | **(717)** |
| Ауытқу | 687 | 101 | (594) | (126) | (226) | (72) | 38 | 18 | 166 | (276) | 254 | | |
| % Филиалдар | 5% | 0,6% | (6,2%) | (0,9%) | (3,3%) | (1,0%) | 0,0% | (1,2%) | 0,8% | (4,0%) | 2,5% | | |
| % Бас Банк | 23% | 3,1% | (5,0%) | 0,2% | (2,2%) | 0,3% | 2,6% | 6,7% | 6,5% | (1,0%) | 4,2% | | |
| **БАРЛЫҒЫ** | **8%** | **1%** | **(6%)** | **(1%)** | **(2%)** | **(1%)** | **0,4%** | **0,2%** | **1,9%** | **(3,0%)** | **2,9%** | | |

## АҒАШ ОТЫРҒЫЗУ

Халық банк жыл сайын Алматы қаласының қоғамдық мәні бар акцияларға жыл сайын қатысады, дәстүрлі акция ол ағаштар отырғызу. 2017 жылдың мамырында банк «BeGreen» акциясын қолдады және «Halyk» тобының қызметкерлерімен бірге алматы зообағын көгалдандыруға өз үлесін қосты. Алматы зообағының аумағында 30-дан астам көшет отырғызылды.

## ХАЛЫҚ БАНКІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЕҢБЕГІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖҮЙЕСІ

Банктегі еңбекті ұйымдастыру жүйесі Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» кодексіне, Қазақстан Республикасының «Банктер және Қазақстан Республикасындағы банктік қызмет туралы» заңына сәйкес реттеледі.

Банктің Кадр саясатының негізгі бағыттары мыналар болып табылады:

- ұйымдық құрылымды жетілдіру, кадрлық жоспарлау;
- қызметкрелерді іріктеу және орналастыру;
- қызметкерлерді оқыту және дамыту, қызметкерлердің кадрлық резервін қалыптастыру;
- қызметкерлердің нәтижелілігін және уәждемесін басқару, еңбекті төлеу;
- қызметкерлердің корпоративтік мәдениетін қалыптастыру және әлеуметтік қолдау көрсету.

Банкте Банктің бизнес үдерістерін оңтайландыру және автоматтандыру бойынша жүйелі және ретті жұмыстар жүргізіледі, бұл қызметкерлердің еңбек өнімділігін арттыруға септігін тигізеді. Банктің ұйымдық құрылымы мен штаты олардың Банк құрылымына, сипатына және қызметінің бағыттарына сәйкес келуін қамтамасыз ету мақсатында ұдайы түрде қайта қаралады.

Кадрлық іс-шаралар және қызметкерлер бойынша есеп алу бөлігінде компания қызметкерлерінің өзіне-өзі қызмет көрсету процестері тізбесінің кеңеюі жалғастырылып келеді.

Қызметкерлерді іздеу және іріктеу процесін жақсарту аясында үміткерлерді таңдау сапасын арттыру мақсатында онлайн-ассессмент сұрақтарының тізімі әзірленді. Аталған әдіс қашықтан (телефон арқылы) сұхбат жүргізу барысында қолданылады, мұнымен қоса, ол жүзбе-жүз сұхбаттасу кезінде де қолданылады. Осы әдістің мықты жақтары үміткерді белгілі бір қашықтықта бағалай алатын, сондай-ақ тиісті бөлімшеде жұмыс істеу үшін қажетті құзыретті дамыту деңгейін ең нақты анықтауға мүмкінді беретін рекрутердің еңбек шығынын үнемдеу болып табылады.

Банкке перспективалық жас мамандарды практикаға/әрі қарай жұмысқа орналастыруға тарту мақсатында Алматы қаласының жоғары оқу орындарының бітіруші курсының студенттері үшін ашық есік күндерін өткізу тәжірибесі енгізілген. Ашық есік күндері перспективалық жас мамандар үшін Бас банктің офисімен таныстыру экскурсиясы форматында Банктегі жұмыстың талаптарын көрнекті көрсете отырып өткізіледі. Қосымша осы жұмыстың аясында Банк практикада ашықтық саясатын сақтануды, заманауи амалдар жасауды және жас мамандармен ынтымақтасуға мүдделі екендігін көрсете отырып, жас мамандардың бейілділігін нығайту, студенттерді практикаға/бастапқы орындарға тарту мақсатында жоғары оқу орындарының бос орындар жәрмеңкесіне белсенді қатысады.

## ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ УӘЖДЕМЕСІ ЖӘНЕ БАНККЕ БЕЙІЛДІЛІК ТАНЫТУ

Қызметкерлердің бейілділігін арттыру бағдарламасы аясында және қызметкер-лер мен басшылық арасында екі жақты байланысты қамтамасыз ету үшін Банк

бөлімшелерінде әлеуметтік-психологиялық климатты зерттеу жұмысы жалғасуда.

Еңбекақы төлеу нарығында Банктің бәсекеге қабілеттілігін ұстап тұру мақсатында 2017 жылдың 1 маусымынан бастап Банк қызметкерлерінің лауазымдық жалақысы жүйелі түрде қайта қаралды.

Банктің мақсаттарына қол жеткізуде қызметкерлердің еңбек тиімділігін арттыру мақсатында таза пайда бойынша жоспардың орындалуына және филиалдың рейтингісіне байланысты қызметкерлерге тоқсан сайын сыйлықақы беріледі.

Банк қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірленді, қызметкерлерді қабылдау/ауыстыру кезінде еңбекақы төлемін белгілеу бойынша бірыңғай тәсіл белгіленді.

Үздік қызметкерлерді көтермелеу мақсатында Банк жетістіктерді мойындау байқауын өткізеді және жыл қорытындысы бойынша марапаттайды. 2016 жылы қызметкерлер жетістіктерінің бұрын әрекет еткен бағдарламасы үлкен өзгерістерге ұшырады және 2017 жылдан бастап жаңа форматта жүргізіледі. Бағдарлама үш номинацияда берілген:

- Банктің үздік қызметкері «Кәсіпқойлық және Банктің құндылықтарына беріктік» (I дәрежелі номинация);
- Банктің үздік қызметкері «Ынта-жігер және табысқа ұмтылу» (II дәрежелі номинация);
- «Жылдың үздік қызметкері» (III дәрежелі номинация).

I және II дәрежелі номинациялардың жеңімпаздарына мадақтамалар табыстау үшін және Банк Басқармасының мүшелерімен мерекелік түскі асқа қатысу үшін олар Алматы қаласына шақырылып салтанатты іс-шара ұйымдастырылды, сондай-ақ жеңімпаздар үшін Алматы қаласы бойынша экскурсия ұйымдастырылды.

Филиалдардың бөлімшелерін уәждемелеу және көтермелеу мақсатында филиалдар арасында екі кезең бойынша – филиалдың тоқсан сайынғы рейтингі және жыл қорытындысының рейтинг бойынша өтетін «Қызмет бағыты бойынша үздік бөлімше» байқауы өткізіледі. Бір тоқсанның қорытындысы бойынша жеңімпаздар тиісті блоктардың жетекшілерінің қолы қойылған құрмет грамоталарымен марапатталды. Жеңімпаздар жыл қорытындысы бойынша «Present Card» ақшалай жүлдесімен және Басқарма Төрағасыынң қолы қойылған құрмет грамотасымен марапатталды.

Жыл бойы мынадай сыйлықақылар төлемі жүргізілді:

1. Қызметкерлер қызметін бағалау нәтижелерін ескере отырып жүргізілетін, бір жылдағы жұмыс қорытындылары бойынша қызметкерлердің жекелеген санатына сыйлықақы беру.
2. Қызметкерлерге тоқсан сайын сыйлықақы беру (уәждемелі төлем);
3. Қызметкерлерге ҚР Тәуелсіздік күніне сыйлықақы беру;
4. Банк процестерін жақсарту бойынша бастамашы ұсыныстары үшін қызметкерлерге сыйлықақы беру;
5. Филиалдардың бөлшек бизнес қызметкерлеріне жекелеген жобалар бойынша сыйлықақы беру.

Жеңілдіктер мен өтемақылар қарастырылған:

- сақтандырудың әр алуан түрлері – ауырған жағдайда, өмірді сақтандыру;
- қызметкерлердің жеке оқиғаларына байланысты материалдық көмек;
- қызметкерлердің жеке оқиғаларына байланысты қосымша төленетін демалыс;
- қызмет өткерген жылдар үшін қызметкерлерді көтермелеу;
- Банк және оның еншілес ұйымдарының ішінде қызметкерлерді басқа өңірге қабылдаумен/аударумен байланысты өтемақылар;
- Банк қызметкерлері үшін спорттық-сауықтыру шаралары, спорт залдарын жалға алу, спорттың әртүрлі түрлері бойынша турнирлер өткізу және ұйымдастыру;
- Топ қызметкерлері арасында ішкі корпоративтік спорт турнирлерін ұйымдасытру және өткізу;
- Банк жүйесінің жұмыс істемейтін зейнеткерлеріне қолдау көрсету.

Мерекелік шараларды ұйымдастыру және өткізу, мерекелік күнге және жеке басының оқиғаларымен байланысты материалдық көмек көрсету:

- корпоративтік шаралар өткізу;
- бастамаларды дамыту бағдарламасы;
- Банктің басшылары мен қызметкерлеріне көлікті қоятын орындарды беру;
- жүкті болғанда және босанғанда берілетін демалыстағы қызметкерлерге жеңілдіктер;
- Банк қызметкерлерінің ипотекалық заемдарын субсидиялау;
- МВА/Магистратура және кәсіби сертификация бағдарламалары бойынша қызметкерлерді оқыту үшін төлемдерге Банктің үлестік қатысуы.

Жаңадан қабылданған қызметкерлер үшін «Арнау күні» ұдайы өткізіліп тұрады және оларға Банктің логотипі бар өнімдер табысталады.

2017 жылы келесі тұлғалар мемлекеттік марапатқа ие болды: «Мерей» орденімен – Басқарма Төрағасының орынбасары Әлменов М.Б., «Еңбегі сіңген қаржыгер»

орденімен – Басқарма Төрағасының орынбасарлары Құсайынбеков К.К. және Салимов Е.И., «Үздік қаржыгер» медалімен Алматы ОФ директоры Кудикова Т.Т. және «Семей» ӨФ директоры Мусаханова С.М.

Банк қызметкерлері үшін ақпараттық ресурстар мыналар болып табылады: Халык инфо интрасайты, Халық Жаналық ішкі электрондық корпоративтік газета, Банк радиосы.

Қызметкерлердің спорттық және корпоративтік рухын дамытатын түрлі іс-шаралар мен байқаулар өткізіледі:

- Бас офистің қызметкерлері үшін мерекелік шаралар, соның ішінде: 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні, Наурыз, жазда отбасыларымен бірге табиғатқа шығу, ұлттық валюта теңге күні, Жаңа жыл;
- Банк қызметкерлеріне арналған байқаулар, жыл бойы 6 әртүрлі байқау ұйымдастырылды;
- Бас банктің қызметкерлері арасында турнирлер: боулинг, картинг, караоке, шахмат, Басқарма Төрағасының кубогы үшін мини футбол, «First Cup of Banks» зияткерлік күрес.
- Алматы қ. қаржы институттарының қызметкерлері арасында спартакиада, оның қорытындысы бойынша Банк бірінші жалпыкомандалық орынға ие болды;
- «Бірінші болу батылдық!» қайырымдылық марафонына Банктің 345 қызметкерінің қатысуы;
- 2017 жылдың 26 сәуірінде Ақтөбе, Қарағанды, Павлодар, Ақмола, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстарында су тасқынынан зардап шеккен отбасыларға көмек көрсету мақсатымен ақшалай қаражат жинау бойынша қайырымдылық акциясы ұйымдастырылды. Акцияға Бас банктің көптеген бөлімшелері, 22 филиал мен еншілес компаниялар қатысты, олардың арқасында 5 812 700 теңге және 1780 АҚШ доллары жиналды;
- Жыл бойы қайырымдылық акциялар өткізілді және көмек көрсетілді.

## ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ДАМЫТУ

2017 жылы қызметкерлерді оқыту және дамыту саласындағы Банктің саясаты Банктің бизнес және АТ бөлімшелері қызметкерлерінің, сондай-ақ кардрлық резерв құрамындағы негізгі қызметкерлердің кәсіби білімдерін үздіксіз арттыру және жұмыстарының тәжірибелік дағдыларын жетілдіру бағытында жүзеге асырылды.

2017 жыл бойы корпоративтік форматта, Банктің бизнес-тренерлерінің күшімен қызметкерлердің мамандығын мынадай басым бағыттар бойынша арттыру саласында жоспарлы жұмыс іске асырылды:

- орта буындағы басшылардың басқарушылық дағдыларын дамыту;
- клиенттерге тиімді қызмет көрсету және сату дағдыларын дамыту;
- Банк өнімдері бойынша оқыту (қашықтан оқыту арқылы);
- Банктің ішкі ержелері мен нормативтеріне оқыту (қашықтан оқыту арқылы);
- кадрлық резерв қатысушыларының жеке тиімділігін дамыту;
- еншілес компанияның қызметкерлері үшін қаржылық талдау.

Корпоративтік оқытудың әр бағыты кезең-кезеңмен тәсіл бойынша жасалды, оқу материалы зерделетін ақпараттың егжей-тегжейінің тереңдігі мен күрделілік деңгейі бойынша құрылымдалған және нақты мақсатты топтың мұқтаждығына бейімделген. Бұл тәсіл қызметкерлердің кәсіби білім деңгейін үздіксіз арттыруды және жұмыстың тәжірибелік дағдысын жетілдіруді қамтамасыз етеді.

Банктің филиалдар желісінің фронт бөлімшелерінің қызметкерлері үшін корпоративтік форматта оқыту кезінде акцент сату дағдыларын дамытуға жасалған болатын. Бөлшек бизнес қызметкерлері үшін бөлшек өнімдерді сату техникасының бастапқы деңгейінен бастап ілгері деңгеймен аяқтап, сату жөніндегі тренингтің циклы өткізілді. Ішкі корпоративтік оқытумен ШОБ және ОПЕРБ қызметкерлері де қамтылды. Олар үшін уақытша ресурстарды тиімді пайдалану, қақтығыстарды және бизнес-презентацияларды (ШОБ қызметкерлері үшін) басқару бойынша оқыту жүргізілді.

2017 жылы Қызметкерлерді басқару департаменті Банктің кадрлық резервіне енгізілген басшылар мен қызметкерлерді жүйелі түрде оқытуын жалғастырды. Басқарушылық дағдыларын дамытуға, жеке тиімділігін арттыруға, ынталандыруға және Банк процесіне стратегиялық көзқарасты арттыруға бағытталған, басшыларға (департамент директорлары, директорлардың орынбасарлары мен басқармалардың басшылары, кадрлық резервке енгізілген филиалдардың директорлары мен директорларының орынбасарлары) жүйелі түрде оқыту жүргізілді (сырттан провайдер тартумен өткізілген оқудан Бас банктің 125 басшысы мен 22 филиалдың директорлары өтті; ішкі бизнес-тренерлердің күшімен – Бас банктің 145 қызметкері мен ОФ/ӨФ 85 басшысы өтті).

Бас банктің дербес құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына алғаш рет бизнес-симуляция форматында оқу жүргізілді. Бұл оқу табыстау, жауапкершілік және шешім қабылдау дағдысын дамытуға ғана мүмкіндік беріп қоймай, сонымен қатар бизнес-симуляция қатысушыларының Банктің бизнес процестеріне «тікүшақтық» көзқарасының қалыптасуына жағдай туғызды.

2017 жылы бизнес тренерлер алғаш рет семинар өткізу барысында алған білімдерін нығайтуға және оқуға қатысқандардың кері байланысын алуға бағытталған посттренингтік вебинарлар өткізді.

2017 жылы сырттан провайдерлер тартумен корпоративтік форматта 24 оқыту шаралары өткізілді, оған Бас банк пен филиалдардың 611 қызметкері қатысты.

Жеке-дара оқудан Бас банктің 249 қызметкері өтті, оның ішінде 161 қызметкер – тегін негізде.

Міндетті оқытудан (еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы, өндірістік және электроқауіпсіздік, техникалық-өрт сөндіру минимумы және т.с.с.) Банктің 242 қызметкері өтті.

Облыстық және өңірлік филиалдардың басшылары үшін 22 семинар-кеңес өткізілді.

Бұл ретте 11 семинар-кеңес аясында оқыту жүргізілді, оның ішінде ішкі бизнес-тренерлердің күшімен 5 іс-шара өткізілді.

Банктің ортақ қаржыландыру талаптары бойынша оқудан өткендер:

- MBA – банктің 5 басшысы;
- Кәсіби сертификация – 2 қызметкер;
- Банкішілік тағылымдамадан Банктің 18 қызметкері өтті.

Филиалдардың оқытушыларының күшімен Банк қызметкерлерін оқытудан бөлек, 1 247 бөгде адам, операциялық-кассалық қызмет көрсетудің әлеуетті қызметкерлері және орта/жаппай сегменттің жеке тұлғаларына қызмет көрсету бойынша қызметкерлер, сондай-ақ ҚР-да қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру қағидаларына міндетті оқыту шеңберінде оқытылды.

Банкте қолданыстағы қашықтықтан оқыту жүйесінің мүмкіндіктері, бастамашы бөлімшелердің оқудың осындай түріне қызығушылығының және танымалдылығының жүйелік өсуі 2017 жылы оқытылған қызметкерлер мен жүзеге асырылған оқыту бағдарламаларының санын одан әрі ұлғайтуға мүмкіндік берді. 2017 жылы Банк қызметкерлері түрлі тақырыптар бойынша қашықтықтан оқытудан/тестілеуден 57 603 рет өтті. Осылайша, Банктің әр қызметкеріне орташа алғанда бір жылда 6 қашықтықтан оқыту шаралары келді.

2017 жылы «Halyk» тобының еншілес ұйымдарына Банктің қашықтықтан оқыту жүйесін тарату бойынша жұмыс жалғастырылды. Қашықтықтан оқытуға ОУСА, ККБ мен Қырғыстандағы еншілес банк қосылды.

Банк басқарушылық лауазымдарға кадрлық резервті жасақтау және резервте тұрғандарды жоспарлы дамыту практикасын жалғастырып және күшейтіп келеді. 2017 жылы Банк бойынша кадрлық резерв 484 қызметкерден жасақталды (с.і. 106 негізгі қызметкерлер), олар резервке 612 позицияға (лауазымға) кірді.

2016-2018 жылдар кезеңіне бекітілген, корпоративтік басқарудың үздік тәжірибесін қолданатын тиімді, ашық, тұрақты және инновациялық қаржы институтын құру мақсатында зор міндеттерді анықтайтын Стратегия аясында Банк жоғары кәсіби қызметкерлерді әрі қарай өсіре беруді жоспарлап отыр.




# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

15

ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ
HALYK BANK
НАРОДНЫЙ БАНК КАЗАХСТАНА



# ӘРҚАШАН АЛДА БОЛАТЫНДАР!

## КОМАНДА КАПИТАНЫ

Спортта жарыс нәтижесін әрбір спортшының қосқан жеке үлесі ғана емес, сонымен қатар жалпы команданың тәртіпке салынған жұмысы шешеді, ал бұл жауапты міндет көбінде оның көшбасшысы – команда капитанына жүктеледі. Командалық рух, бір-біріне көмек беру, өз күшіне сену және қиыншылықтар мен сәтсіздіктерге қарсы тұра білу команда капитанының саясатына байланысты, ол шұғыл түрде әрекет жасауға және шешім қабылдауға тиіс, қиын жағдайларда өз адамдарын қолдап, рухтандырып, олардың спорттың жаңа белестерін бағындыруда көшбасшы болуы тиіс.



ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ
HALYK BANK
НАРОДНЫЙ БАНК КАЗАХСТАНА

Жоғары сапалы корпоративтік басқару Банктің еркін және бәсекелі нарықта табысты қызмет етуі үшін қажетті талап болып табылады. Банк озық тәжірибені есепке алып, корпоративтік басқарудың қазіргі заманғы және тиімді жүйесін құруға талпынады. Мұндай жүйе компания құнының өсіміне жәрдемдеседі және инвесторларға және акционерлерге олардың ақшасының тиімді пайдаланылып жатқандығына кепілдік береді.

2006 жылы халықаралық нарықта Банктің GDR нысанындағы жай акциялары орналастырылған сәттен бастап корпоративтік басқаруды дамытуға ерекше мән береді. Акциялардың жария орналастырылғанына қарамастан бастапқы кезде ол қаржы құралдарын тарту бойынша рәсім болып табылған, сондай-ақ ол корпоративтік басқарудың әлемдік деңгейдегі заманауи қаржы институтына сәйкес келуі тиіс халықаралық жоғары стандарттар мен принциптерге сәйкес келетін жүйесін құрудың бастапқы нүктесі болып табылды.

Банктің корпоративтік басқару жүйесін әрі қарай дамыту және жетілдіру қажеттілігі:

- екінші деңгейдегі банктерде тәуекелдерді басқару жүйесінің және корпоративтік басқару жүйесінің қызмет етуіне қатысты ҚР заңнамасының үдайы өзгерістерімен, реттеушінің тарапынан банктердің қызметіне бақылауды күшейтумен;
- өз қызметі аясында қаржы ұйымдары соқтығысатын жаңа тәуекелдермен және клиенттер үшін бәсекелестікті күшейтумен;
- өз жұмысында ЭЫДҰ-на/G20 кіретін мемлекеттердің аумағында қабылданған корпоративтік басқарудың ең үздік тәжірибелері мен стандарттарын пайдаланатын тиімді, ашық, тұрақты және инновациялық қаржы институтын құру бойынша жұмысты жалғастыруға ұмтылысымен қамтамасыз етілген.

## БАНКТІҢ КОПРОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІН САҚТАУ

2006 жылдың желтоқсанында Банк акционерлерінің жалпы жиналысында бекітілген Банктің корпоративтік басқару кодексі Директорлар кеңесі мен Басқарма, Банк акционерлері мен лауазымды тұлғалары арасындағы қарым-қатынасты қоса алғанда, Банктің басқару процесінде қолданылатын негізгі стандарттар мен принциптерді, Банк органдарының жұмыс істеу және шешімдер қабылдау тәртібін белгілейді.

Банктің корпоративтік басқару кодексі ҚР заңнамасының ережелеріне, уәкілетті органның ұсынымдарына, Үлгілік кодекске сәйкес, сондай-ақ акциялары халықаралық қор биржаларында бағаланатын компаниялардың корпоративтік басқару тәжірибесін есепке алып, этикалық нормаларға, дамудың ағымдағы кезеңінде Банк қызметінің нақты талаптарына сәйкес әзірленді.

Банк өзінің корпоративтік басқару жүйесінің қалыптасу, қызмет ету және жетілдіру процесінде басшылыққа алатын негізгі бағыттарды анықтау мақсатында Банктің корпоративтік басқару кодексімен корпоративтік басқарудың мынадай принциптері бекітілді:

- акционерлерге Банкті басқаруға қатысу құқығын жүзеге асыру үшін нақты мүмкіндіктерді қамтамасыз ету;
- Банк акционерлері үшін Банктің таза кірісін бөлуге (дивидендтер алу) қатысуға нақты мүмкіндік жасау;
- Банк акционерлері мен инвесторлардың негізді шешімдер қабылдауы үшін мүмкіндікті қамтамасыз ету мақсатында Банк акционерлеріне Банктің қаржылық жағдайына, экономикалық көрсеткіштерге, қызмет ету нәтижелеріне және Банкті басқарудың құрылымына қатысты шынайы ақпараттың уақытылы және толық берілуін қамтамасыз ету;
- Банк акционерлерінің барлық санаттарына тең қарым-қатынасты қамтамасыз ету;
- Банктің лауазымды тұлғаларының қызметтерінің максималды ашық болуын қамтамасыз ету;
- Банктің Директорлар кеңесінің қоғам қызметіне стратегиялық басқаруды және өз тарапынан қоғамның атқарушы органының қызметіне тиімді бақылау жасауды, сондай-ақ Директралрадың оның акционерлеріне есеп беруін қамтамасыз ету;
- Банк Басқармасына Банктің ағымдағы қызметіне тиімді басшылық етуді адал ниетпен жүзеге асыруы үшін мүмкіндіктерді қамтамасыз ету, сондай-ақ Банк Басқармасының Банктің Директорлар кеңесіне және оның акционерлеріне есеп берушілікті белгілеу;
- Банк акционерлері үшін этикалық нормаларды белгілеу;
- Банктің ішкі бақылауының тиімді жүйесінің жұмыс істеуін және оның әділ бағалануын қамтамасыз ету.

Банктің Директорлар кеңесі мен Басқармасы Банк қызметінің Корпоративтік басқару кодексінде белгіленген корпоративтік басқарудың принциптері, ережелері мен рәсімдеріне сәйкес жүргізілетінін растайды.

Банктің корпоративтік басқару ережелерін, Банк Жарғысын және басқа да ішкі нормативтік құжаттарды қабылдай, жетілдіре және мүлтіксіз сақтай отырып, Банк тиісті түрде корпоративтік басқару тәжірибесін дамытуға және жетілдіруге жәрдемдесуге өз ниетін растайды.

## ҰЛЫБРИТАНИЯНЫҢ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІН САҚТАУ

Жылдық есептің осы бөлімі Ұлыбританияның қаржылық реттеу және қадағалау бойынша басқармасын ашу және транспаренттілік қағидаларын корпоративтік басқару туралы ережеге сәйкес әзірленді.

GDR Лондон Қор Биржасының ресми тізіміне кіргізілген шетел компаниясы ретінде

Банк Ұлыбританияның тәуелсіз реттеушісі – қаржы есептілігі жөніндегі кеңес жариялаған, Ұлыбританияның корпоартивтік басқару кодексін сақтауға міндетті емес. Алайда, DTR 7.2. сәйкес, Банк өзінің жылдық есебінде сақталуы ҚР заңнамасымен талап етілетін, тәжірибеге қосымша қолданылатын корпоративтік басқарудың қолданыстағы принциптері туралы ақпаратты сияқты қазақстандық корпоративтік басқару кодексін де сақтайтыны туралы ақпаратты ұсынуға міндетті.

Банк Ұлыбританияның корпоративтік басқару кодексін корпоративтік басқаруды әрі қарай дамыту үшін бағдар ретінде қарастырады.

Банктің қолданыстағы корпоративтік басқару кодексінің төменде көрсетілген Ұлыбританияның корпоративтік басқару кодексінен айырмашылығы бар. Бұл айырмашылық ішінара Қазақстанның корпоративтік басқару кодексін және заңнаманың және қазақстанның реттеушісі – ҚРҰБ-нің талаптарын сақтау қажеттілігімен, және ішінара – Банк қызметінің жергілікті талаптарының реалияларымен байланысты.

## БАНКТІҢ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІ ЖӘНЕ ҰЛЫБРИТАНИЯНЫҢ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІ

Банктің корпоративтік басқару кодексінің Ұлыбританияның корпоративтік басқару кодексінен біршама айырмашылықтары бар. Төменде негізгі айырмашылықтары келтірілген:

| ҰЛЫБРИТАНИЯНЫҢ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІ | БАНКТІҢ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІ |
|---|---|
| Ұлыбританияның корпоративтік басқару кодексі Директорларды қайта сайлау үшін ең жоғары үш жылдық мерзімді қарастырады. | Банктің корпоративтік басқару кодексі Директорлар кеңесін үдайы қайта сайлау талап етпейді. Оның орнына, акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін белгілеу кіреді. 2017 жылдың 21 сәуірінде өткізілген акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің осы құрамының үш жылдық өкілеттігі белгіленді. |
| Ұлыбританияның корпоративтік басқару кодексі тәуелсіз директорлардың кемінде жылына бір рет жекелеген отырыстарды өткізуін, атап айқанда, Директорлар кеңесі Төрағасының қызметін бағалау үшін қарастырады. | 2017 жылдың ішінде корпоративтік басқару процестерін жетілдіру, стратегия, Директорлар кеңесінің қызметі, Корпоративтік хатшының жұмысын жақсарту мәселелерін талқылаумен Корпоративтік хатшының және тәуелсіз директорлардың қатысуымен бейресми кездесулер өткізілді. |
| Ұлыбританияның корпоративтік басқару кодексі Төрағаны қоспағанда, Директорлар кеңесі құрамының кем дегенде жартысы тәуелсіз директорлардан тұруы тиіс екенін қарастырады. | Банктің корпоративтік басқару кодексінде Қазақстан заңнамасының ерекшеліктеріне байланысты мұндай тікелей талап жоқ, оларға сәйкес Директорлар кеңесінің құрамында тәуелсіз директорлардың кем дегенде үштің бір бөлігі болуы тиіс. Алайда, акционерлердің 2017 жылғы 21 сәуірдегі жалпы жиналысында сайланған Директорлар кеңесінің құрамына Директорлар кеңесінің жеті мүшесінің ішінен бес Тәуелсіз директор қосылады. |
| Ұлыбританияның корпоративтік басқару кодексі атқарушы емес директорлар Басқарманың жұмысын оның келісілген мақсаттар мен міндеттерге сәйкес келуін жете талдауы, оның қызметіне бақылау жасауы тиіс, сондай-ақ ұсынылып отырған қаржы ақпаратының толықтығына, сондай-ақ қаржы бақылау мен тәуекел-менеджмент жүйесінің тиісьмді және сенімді болып табылатынына көз жеткізуі тиіс екенін қарастырады. | Банктің корпоративтік басқару кодексі мұндай жауапкершілікті Банктің Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне жүктейді. |
| Ұлыбританияның корпоративтік басқару кодексі Директорлар кеңесінің компанияда және Директорлар кеңесінде дағдылар мен тәжірибенің тиісті теңгерімін қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ Директорлар кеңесінің кадрлық құрамын біртебірте жаңартуды қамтамасыз ету үшін Директорлар кеңесінің және компанияның жоғары басшылығының мүшелерін тағайындайтын кезде сабақтастылықты тиісті түрде жоспарлаудың бар екеніне көз жеткізуі тиіс екенін қарастырады. | Банктің корпоративтік басқару кодексі Директорлар кеңесі мүшесін құру тәртібін және Директорлар кеңесіне үміткерлерге қойылатын белгілі бір талаптарды Директорлар кеңесінің тиісті жұмыс істеуі үшін қажетті тәжірибе мен білімнің оңтайлы теңгерімін қамтамасыз ету мақсатында анықтайды. |

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІ ЖӘНЕ БАНКТІҢ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІ

Қазақстанның корпоративтік басқару кодексі дегеніміз 2005 жылдың ақпанында Эмитенттер кеңесі және 2005 жылдың наурызында Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығының кеңесі мақұлдаған (2007 жылдың шілдесіндегі өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып) Корпоративтік басқару кодексі болып табылады. Қазақстанның корпоративтік басқару кодексін әзірлеу кезінде кең ауқымды халықаралық және қазақстандық тәжірибе пайдаланылды. Осы кодекс қазақстандық компаниялар үшін үлгілік нысан болып табылады.

Банктің корпоративтік басқару кодексі Қазақстанның корпоративтік басқару кодексін, заңнама талаптарын, қазақстандық реттеушінің ұсыныстарын, этикалық нормалар мен басқа да факторлар ескеріле отырып әзірленген. Тиісінше, Банктің корпоративтік басқару кодексі Қазақстанның корпоративтік басқару кодексімен салыстырғанда мейлінше кеңейтілген ережелерді қамтиды, бұл корпоративтік басқарудың тәжірибесін жақсартуға септігін тигізеді.

Банк «Halyk» тобының басқа ұйымдарына да корпоративтік басқарудың ұқсас тәжірибесін енгізуде және бұл барлық Топта корпоративтік басқарудың қағидаттарын

жетілдіруге және оларды бірыңғай түсінуге септігін тигізеді деп есептейді.

Банктің корпоративтік басқару кодексінің Қазақстанның корпоративтік басқару кодексінен негізгі айырмашылықтары:

- Банк органы құрамының сапасын арттыруға және мүдделер қайшылығын болдырмауға бағытталған қазақстандық реттеушінің ұсыныстарына сәйкес Директорлар кеңесіне және Басқармаға үміткерлер үшін шектеулер қосылған;
- Директорлар мен Басқарманың жауапкершілік принциптері қосылған;
- Директорлар кеңесі мен Басқарманың функцияларын нақты шектей отырып қызметін ұйымдастыру жайы сипатталған;
- Директорлар мен Басқарма мүшелерінің сыйақысы мәселелерін қарастыру принциптері толықтырылған.

Банктің корпоративтік басқару кодексінің мәтіні Халық банктің сайтына орналастырылған: https://www.halykbank.kz/korporativnoe_upravlenie.

## 2017 ЖЫЛҒЫ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ОҚИҒАЛАРЫ:

- Басқарма құрамында өзгерістер орын алды;
- 2017 жылдың 21 сәуірінде болған Банк акционерлерінің жылдық жалпы жиналысында Директорлар кеңесінің жаңа құрамы сайланды, саны 7 адам және өкілеттік мерзімі – 3 жыл;
- Директорлар кеңесі мүшелері құзыретінің жоғарғы деңгейін ұстау және Банк қызметі туралы хабардар болуы үшін Директорлар кеңесінің қайта сайланған мүшелері үшін кіріспе курсы әзірленген болатын (Board Book), онда Банк дамуының негізгі тарихи кезеңдері, «Halyk» тобының даму стратегиясы, Банктің ұйымдық құрылымы мен Банктің негізгі басқарушы қызметкерлері туралы ақпарат және Директорлар кеңесі/Басқарма жұмысының рәсімдері бар;
- Аталған құжаттарды ҚР қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес келтіру мақсатында Жарғыға, Корпоративтік басқару кодексіне және Банктің Директорлар кеңесі туралы ережеге өзгерістер енгізілді;
- Корпоративтік хатшыға қойылатын жаңа кәсіптік талаптарды белгілеген, Корпоративтік хатшының функционалдық міндеттерін кеңейткен және Корпоративтік хатшының жұмысына қойылатын талаптар мен жаңа стандарттарды белгілеген, Банктің Корпоративтік хатшысы туралы ереже әзірленді және бекітілді;
- Банктің ашықтылығын арттыру акционерлер мен инвесторлардың корпоративтік оқиғалар туралы хабардар болуы мақсатында Банктің сайтында корпоративтік басқару туралы бөлім жасақталды;
- «Halyk» тобының Корпоративтік хатшыларымен оқыту іс-шаралары өткізілді және Халықаралық қаржы корпорациясы (IFC) Қазақстан қор биржасымен (KASE) бірлесіп әзірлеген әдістеменің және бағалау карталарының негізінде «Halyk» тобының компанияларында корпоративтік басқарудың деңгейіне диагностика жасалды;
- Банктің 2017 ж. арналған жалпыэкономикалық сценарийі бойынша стресс-тестілеу (сценариялық талдау арқылы) нәтижелері қаралды.

## КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

Банк Директорлар кеңесінің жанында мынадай консультациялық-кеңес беру органдары әрекет етеді: Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет, Кадрлар және сыйақы жөніндегі комитет, Әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет. Осы Комитеттердің жұмысы туралы мейлінше толық есеп төмендегі шағын тарауда орналастырылған.

Басқарманың жанында дирекциялар арқылы бірнеше жұмыс органдары, Комитеттер және жұмыс топтары құрылған. Бұл жеке алынған әрбір сегмент бойынша ауқымды мәселелерді егжей-тегжейлі қарастыруға мүмкіндік береді. Қажет болған жағдайда және заңнама талап еткен кезде, осындай мәселелер бойынша жұмыс органдары қабылдаған шешімдер Басқарманың немесе Директорлар кеңесінің бекітуіне ұсынылады.

Корпоративтік басқарудың үздік іс-тәжірибелерін енгізу үшін Директорлар кеңесіне ішкі және сыртқы аудиторлар, Тәуекел-менеджменттің басшысы, Бас комплаенс-бақылаушы, Бас заң кеңесшісі, Корпоративтік хатшы және т.с.с. көмек көрсетеді.

Банкте ішкі аудит қызметі, тәуекел-менеджменті, комплаенс-бақылаушы, сондай-ақ корпоративтік басқару мәселелеріне жауап беретін Корпоративтік хатшы институты бар.

«Halyk» тобы ұйымдарының қаржылық есептілігін растау үшін, Банк «Үлкен төрттік» аудиторлық компанияларын жұмысқа тартады. 2017 жылы осы функцияны «Делойт» (Deloitte, LLP) ЖШС компаниясы атқарды.

Төмендегі диаграммада корпоративтік басқару деңгейлерінің есеп беруге тиісті құрылымы көрсетілген.




Директорлар кеңесі мен Басқарма арасындағы функцияларды бөлу ҚР заңнамасына сәйкес жүргізілген. Директорлар кеңесінің құзыретіне төмендегідей аса маңызды мәселелер кіреді:

- Банк қызметінің басым бағыттарын айқындау, ҚР заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда, сондай-ақ Банктің даму стратегиясын бекіту шеңберінде Банктің даму стратегиясын бекіту, тәуекелдердің рұқсат етілген деңгейлерін белгілеу және бекіту, Банктің даму стратегиясын орындау мониторингін жүзеге асыру және оның ағымдағы нарықтық және экономикалық жағдайға, тәуекелдер профилі мен қаржы потенциалына, сондай-ақ ҚР заңнамасына сәйкестілігін бағалау, тәуекелдердің рұқсат етілген деңгейлерін есептеу нәтижелері туралы есепті қарастыру және оларды Банк тәуекелдерінің ағымдық деңгейімен салыстыру;
- Банк жарғысының ҚР заңнамасының талаптарына сәйкестілігін қамтамасыз ету, сондай-ақ оны өзекті жай-күйде сақтау;
- жылдық қаржылық есептілікті алдын ала бекіту;
- Банк Басқармасының қызметіне мониторинг, бақылау және бағалау жүргізу;
- Банктің ұйымдастыру құрылымын бекіту, оның Банк қызметінің көлеміне, құрылымына, сипатына және күрделілік деңгейіне сәйкестілігін қамтамасыз ету;
- тиісті жылға Банк бюджетін бекіту және оның орындалуына бақылау жүргізу;
- Басқарма мүшелерін, сондай-ақ Директорлар кеңесіне есеп беруші қызметкерлерді тағайындау талаптары мен рәсімдерінің айқын және тиімді жүйесін белгілеу, олардың сыйақысының мөлшерін белгілеу;
- Банкте тәуекелдерді басқару жүйесі мен ішкі бақылау жүйесінің жұмыс жасауын, соның ішінде ҚР заңнамасында белгіленген тиісті ішкі құжаттарды бекіту, мониторинг қорытындылары бойынша дайындалған ақпарат пен есептерді қарастыру арқылы бақылауды және тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актінің талаптарында көзделген жағдайларда және оларға сәйкес тәуекелдерді басқару, аудит, ҚР заңнамасы мен Банк ішкі құжаттарының талаптарын сақтау мәселелерін бақылауды қамтамасыз ету;
- мүдделер қайшылығын анықтау мен реттеу жүйесін жасау;
- Банктің меншікті капиталынан бес пайызға артатын заемдарды берудің мақсатқа сәйкестілігін талдау, бағалау жүргізу және осындай қарыздарды беру туралы шешім қабылдау;
- ірі мәмілелер, жасалуында мүдделілік бар мәмілелер мен Банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалармен мәмілелер жасау туралы шешімдер;
- басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан артық пайызын (қатысу үлесін) сатып алу туралы шешімдер;
- Банк акционерлерімен тұрақты диалог орнатылуын қамтамасыз ету;
- нормативтік құқықтың актінің талаптарына сәйкес Банктің тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру мәселелері бойынша уәкілетті алқалы органдарын құру, соның негізінде өздері қызметін жүзеге асыратын Банктің ішкі құжаттарын бекіту;
- реттеуші есептіліктің толық, шынайы және уақытылы жасалуына мониторинг және бақылау жүргізу.

Басқарманың құзыретіне Банктің ағымдық қызметіне басшылық жасау мәселелері кіреді, соның ішінде:

- Банктің даму стратегиясын әзірлеу, Банктің даму стратегиясын орындауды қамтамасыз ету;
- бекітілуі Банктің басқа органдарының құзыретіне жататын құжаттарды қоспағанда, Банк қызметін ұйымдастыру мақсатында әзірленген ішкі құжаттарды бекіту;

- Басқарма мүшелерінің арасындағы міндеттерді, сондай-ақ уәкілеттіктер мен жауапкершілік аясын бөлу;
- Банк бюджетін әзірлеу және оның орындалуына мониторинг жүргізу;
- Директорлар кеңесі мен Акционерлердің жалпы жиналысына ҚР заңнамасында және Жарғыда белгіленген тәртіппен қаржылық есептілік ұсыну;
- жылжымайтын мүлік объектілерін сатып алу және меншіктен шығару туралы шешім қабылдау;
- Банктің өзге органдарының ерекше құзыретіне жататын мәселелерді қоспағанда, Банктің ішкі құжаттарына сәйкес, Банктің үшінші тұлғаларға ұсынатын заемдарының (кепілдіктерінің, кепілгерліктерінің) мөлшерін анықтау (лимиттерін белгілеу);
- ҚР заңнамасында белгіленген тәртіпте Банк филиалдары мен өкілдіктерінің бірінші басшыларын тағайындау (сайлау) туралы шешім қабылдау;
- Банк штатын, ішкі еңбек тәртіптеме ережесін, оның құзыреті шегінде жаза қолдану мен ынталандыру ұсынуды реттейтін ішкі ережелерді бекіту;
- Банктің ұйымдастыру құрылымын жасау;
- ҚР заңнамасына сәйкес ұжымдық шарттар жасау туралы шешім қабылдау және қарастыру;
- ҚР заңнамасына, Жарғысына қайшы келмейтін және Банктің басқа органдарының құзыретіне жатпайтын өзге функцияларды жүзеге асыру.

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

2017 жылғы 21 сәуірде өткен Банк акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы келесі шешімдер қабылдады:

- Саны 7 (жеті) адамнан тұратын «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің құрамы бекітілсін;
- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың жаңа Директорлар кеңесі сайланатын, мерзімі акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өткізілетін сәтте аяқталатын, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі 3 (жыл) деп белгіленсін;
- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері етіп келесі тұлғалар сайлансын: Павлов Александр Сергеевич, Сәйденов Әнуар Ғалимоллаұлы, Дунаев Арман Ғалиасқарұлы, тәуелсіз директорлар ретінде Кристоф Рёль және Фрэнк Кайларс, «АЛМЭКС» холдингтік тобы» АҚ өкілі ретінде Есенбаев Мәжит Төлеубекұлы, Шаяхметова Үміт Болатханқызы.

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Директорлар кеңесінің құрамы мынадай болды:

| ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ | |
|---|---|
| АТЫ-ЖӨНІ | ЛАУАЗЫМЫ |
| ПАВЛОВ АЛЕКСАНДР СЕРГЕЕВИЧ | Директорлар кеңесінің төрағасы, тәуелсіз |
| ДУНАЕВ АРМАН ҒАЛИАСҚАРҰЛЫ | Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттің төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор |
| КАЙЛАРС ФРЭНК | Кадрлар және сыйақы жөніндегі комитеттің төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор |
| ЕСЕНБАЕВ МӘЖІТ ТӨЛЕУБЕКҰЛЫ | Директорлар кеңесінің мүшесі, « «АЛМЭКС» холдингтік тобы» АҚ өкілі |
| РЁЛЬ КРИСТОФ | Директорлар кеңесінің мүшесі, Аудит жөніндегі комитеттің төрағасы, тәуелсіз директор |
| СӘЙДЕНОВ ӘНУАР ҒАЛИМОЛЛАҰЛЫ | Әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор |
| ШАЯХМЕТОВА ҮМІТ БОЛАТХАНҚЫЗЫ | Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма төрағасы |
| БАРЛЫҒЫ | 7 ДИРЕКТОР |

Директорлардың тәуелсіздігін анықтаған кезде Қазақстан заңнамасымен белгіленген көрсеткіштер қолданылды.

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ



## ДИРЕКТОРЛАРДЫҢ ДАҒДЫЛАРЫ МЕН ТӘЖІРИБЕСІ

Халық Банкі Директорлар кеңесі мүшелерінің тәжірибесі, дағдылары мен ой-өрісінің ең таңдаулы теңгерімін қалыптастыруға талпынады. Мәселелерді талқылауда түрлі көзқарастардың бар болуы Директорлар кеңесіне өз функцияларын барынша тиімді орындауға және акционерлердің мүдделерін барынша тиімді қорғауға мүмкіндік береді.

Тәуелсіз директорлар халықаралық басқару, стратегиялық болжампаздық, Банк өз операцияларын жүзеге асыратын ірі салалардың ерекшелігін білу, корпоративтік басқару, тәуекел-менеджмент бойынша білімдері мен тәжірибелерін үлес етіп қосады.

Сонымен бірге, барлық Директорлар банктік бизнес, жалпы қаржы саласы бойынша, адами ресурстарды басқару, оның ішінде сыйақы мәселелері бойынша білімге ие.

Төменде Директорлар кеңесі мүшелерінің дағдылары мен тәжірибесі туралы жиынтық ақпарат беріледі:

| ДИРЕКТОРЛАРДЫҢ ДАҒДЫЛАРЫ МЕН ТӘЖІРИБЕСІ | ДИРЕКТОРЛАРДЫҢ САНЫ |
|---|---|
| Банктік іс | 7 |
| Мұнайгаз және тау-кен саласы | 4 |
| Нақты сектордың басқа да салалары | 5 |
| Қаржы | 7 |
| Көшбасшылық | 7 |
| Тәуекелдерді басқару | 4 |
| Халықаралық тәжірибе | 5 |
| Стратегиялық болжампаздық | 7 |
| Корпоративтік басқару | 7 |
| Адами ресурстарды басқару | 7 |
| БАРЛЫҒЫ | 7 |

## БАСҚАРМА ҚҰРЫЛЫМЫ

2017 жылдың ішінде Басқарма құрамы біршама өзгерістерге ұшырады. Боданов Айвар Жиреншеевич, Басқарма төрағасының орынбасары 2017 жылғы 20 мамырынан бастап қызметін басқа салада жалғастыру туралы шешім қабылдады. Смағұлов Асқар Сағидоллаұлы Басқарма төрағасының орынбасары ретіндегі уәкілеттігін өз бастамасы бойынша 2017 жылғы 1 маусымнан бастап тоқтату шешімін қабылдады. Қазіргі уақытта Басқарма құрамы төмендегідей болды:

| БАСҚАРМА ҚҰРАМЫ | |
|---|---|
| АТЫ-ЖӨНІ | ЛАУАЗЫМЫ |
| ШАЯХМЕТОВА ҮМІТ БОЛАТХАНҚЫЗЫ | Басқарма төрағасы |
| ӘЛМЕНОВ МАРАТ БҮРКІТБАЙҰЛЫ | Басқарма төрағасының орынбасары Бөлшек бизнес, Қауіпсіздік және проблемалық кредиттер |
| ҚАРПЫҚОВА ӘЛИЯ СӘКЕНҚЫЗЫ | Басқарма төрағасының орынбасары Қаржы және бухгалтерлік есеп, Еншілес компаниялар |
| КӨШЕНОВ МҰРАТ ҰЗАҚБАЙҰЛЫ | Басқарма төрағасының орынбасары Корпоративтік бизнес, Халықаралық қызмет |
| ҚҰСАЙЫНБЕКОВ ҚУАТ ҚАЙРОЛЛАҰЛЫ | Басқарма төрағасының орынбасары Ақпараттық технологиялар |
| СӘЛІМОВ ЕРТАЙ ЫСМАЙЫЛҰЛЫ | Басқарма төрағасының орынбасары Операциялық қызмет және Қазынашылық |
| ТАЛПАҚОВ АСЛАН БАҚТЫКЕРЕЙҰЛЫ | Басқарма төрағасының орынбасары Шағын және орта бизнес, PR, Ресурстар |
| БАРЛЫҒЫ | 7 БАСҚАРМА МҮШЕСІ |

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІ

Жалпы Директорлар кеңесі мен оның Комитеттері өз жұмыстарын тиісті кезеңдерге арналған жұмыс жоспарларына сәйкес жүргізеді.

2017 жылы Директорлар кеңесі 11 жүзбе-жүз отырыс және 75 сырттай отырысты қосқанда барлығы 86 отырыс өткізді.

Директорлар кеңесінің жүзбе-жүз отырыстар барысында төмендегідей аса маңызды стратегиялық мәселелер қарастырылды:

- «Halyk» тобының 2016-2018 жылдарға арналған даму стратегиясына өзгерістерді бекіту;
- «Halyk» тобының 2016-2018 жылдарға арналған стратегиясын орындаудың 2016 жылғы нәтижелері;
- «Halyk» тобының 2016-2018 жылдарға арналған даму стратегиясын орындаудың 2017 жылдың бірінші жартыжылдығындағы нәтижелері;
- Банк және «Halyk» тобы ұйымдары қызметінің және бюджетті орындауының 2016 жылғы және 2017 жылдың бірінші жартыжылдығындағы нәтижелері;
- «Halyk» тобының (ХҚЕС) және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың 2018 жылға арналған шоғырландырылған бюджетін бекіту;

- Банктің 2020 жылға дейінгі Трансформациялау бағдарламасы мен АТ-Трансформациялау бағдарламасын іске асырудың ағымдағы мәртебесі туралы есептерді қарастыру;
- Ішкі аудиттің мәселелері, соның ішінде Ішкі аудит департаменті қызметінің Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарына және Ішкі аудиторлардың әдеп кодексіне толық сәйкестігі туралы «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС-тің сыртқы бағалауының нәтижелері;
- Кредиттеу бойынша ірі мәмілелерді мақұлдау;
- Банктің 2016 жылғы жылдық қаржы есептемесін алдын ала бекіту және Басқарманың қызмет нәтижелері туралы тоқсандық есептері;
- Банктің кредиттік қоржынын стресс-тестілеу;
- Банк қоржынының сапасын талдау;
- Банкпен ерекше қарым-қатынастар арқылы байланысты тұлғалармен жасалған мәмілелерді талдау және т.б.

Сырттай дауыс беру заңнамалық және ішкі құжаттармен Директорлар кеңесінің құзырына жатқызылған ағымдағы сипаттағы мәселелер бойынша және келесі жүзбе-жүз отырысқа дейін кейінге шегеруге келмейтін аса жедел мәселелер бойынша өткізілді.

# КОМИТЕТТЕРДІҢ ЖҰМЫСЫ БОЙЫНША ЕГЖЕЙ-ТЕГЖЕЙЛІ ЕСЕП

## ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Директорлар кеңесінің жанындағы комитеттер Банктің Директорлар кеңесінің консультативтік-кеңес органдары болып табылады. Комитеттер әзірлейтін ұсыныстардың барлығы Банктің Директорлар кеңесінің қарауына ұсынылатын нұсқаулар болып табылады.

Қазақстан заңнамасына сәйкес Директорлар кеңесінің мүшелері мен сарапшылар Комитет мүшелері болып табылады. Комитеттердің құрамы бойынша толығырақ ақпарат төменде тиісті Комитеттердің жұмысы туралы бөлімдерде беріледі.

Комитеттердің барлығы қызметтерін өз Ережелерінің негізінде жүргізеді.

## АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Аудит жөніндегі комитет 2005 жылғы шілдеде құрылған.

Комитет Директорлар кеңесінің барлық мүшелерінің басым даусымен сайланатын Директорлар кеңесінің үш мүшесінен құралады. Бұл ретте Комитеттің кем дегенде екі мүшесі тәуелсіз директорлар болуға тиіс. Комитет құрамына мыналар енеді:

| АТЫ-ЖӨНІ | ЛАУАЗЫМЫ |
|---|---|
| РЁЛЬ КРИСТОФ | Комитет төрағасы, тәуелсіз директор |
| ПАВЛОВ АЛЕКСАНДР СЕРГЕЕВИЧ | Комитет мүшесі, тәуелсіз директор |
| СӘЙДЕНОВ ӘНУАР ҒАЛИМОЛЛАҰЛЫ | Комитет мүшесі, тәуелсіз директор |

Комитет мүшелерінің барлығы тәуелсіз директорлар болып табылады, бухгалтерлік және салықтық есеп, ішкі және сыртқы аудит, тәуекелдерді басқару саласындағы білімі мен тәжірибесі бар.

## КОМИТЕТТІҢ ҚҰЗЫРЕТІ

Комитет Директорлар кеңесіне қаржылық есептіліктің толықтығы мен шынайылығы, Банк пен еншілес ұйымдарының заңнама және ішкі құжаттардың талаптарына сәйкестігі (комплаенс-бақылау), сыртқы аудиторды таңдау және тәуелсіздігі, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің лайықтығы мен тиімділігі мәселелері бойынша Директорлар кеңесіне қолдау көрсетеді, сондай-ақ ішкі аудит жұмысын үйлестіреді.

## КОМИТЕТТІҢ ҚЫЗМЕТІ

2017 жылы Комитеттің 3 жүзбе-жүз отырысы және 41 сырттай отырысы өткізілді.

Қаржылық есептіліктің толықтығы мен шынайылығын қамтамасыз ету үшін Комитет осы мәселе бойынша сыртқы аудитордың аралық (тоқсандық) есептерін, Банк пен еншілес компаниялардың басшылығына жазылған хаттарды қарастырды, сондай-ақ 2016 жылғы қаржылық есептілікті мақұлдап, Директорлар кеңесінің қарауына шығарды.

Бұл жұмыстың шеңберінде Комитет, басқалардың қатарында Банктің сыртқы аудиторымен және қаржылық блогымен бірлесе маңызды бухгалтерлік пайымдаулардың, саясаттар мен рәсімдердің қағидаттарын талқылады.

Есепті жыл үшін Комитет ішкі аудит мәселелері бойынша басқару есептерін қарастырды, оның ішінде:

- Ішкі аудит департаменті қызметінің нәтижелері туралы жылдық есеп, оның ішінде Сапаны қамтамасыз ету мен арттыру бағдарламасының орындалуы туралы мәлімет;
- Департамент қызметінің Ішкі аудиттің халықаралық кәсіптік стандарттарына (бұдан әрі – Халықаралық стандарттар) және Ішкі аудиторлардың әдеп кодексіне сәйкес келуін ішкі өзін өзі бағалауы бойынша есебі;
- Есепті жыл үшін Директорлар кеңесі мүшелерінің, Банк басшылығы мен Департамент қызметі туралы аудит объектілерінің сауалнамасы туралы аудит;

- Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау мен корпоративтік басқару жүйелерінің тиімділігін бағалауды қамтитын аудиторлық тапсырмалардың нәтижесі бойынша ішкі аудиттің тиісті ұсыныстарында/Банк уәкілетті органдарының шешімдерінде анықталған елеулі ескертулер, тәуекелдер және тиісті ұсыныстар туралы жиынтық есептер;
- Банк басқармасы мен еншілес ұйымдарының ішкі аудит ұсыныстарын орындауы туралы есебі.

2017 жылдың ішінде Комитет Ішкі аудит департаментімен оның қызметінің келесі мәселелері бойынша белсенді әрекеттесті: ішкі аудиттің бюджеті мен жұмыс жоспарын қарастыру; қызметкерлердің мәселелері (қабылдау/босату/аудару); ішкі аудиттің ұйымдық тәуелсіздікті растауы; Департамент қызметінің «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС жүргізген Халықаралық стандарттарға және Әдеп кодексіне сәйкес келуін сыртқы бағалау нәтижелерін қарау.

Комплаенс-бақылаушының 2017 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша басқару тиімділігі мен Банкте комплаенс-тәуекелдерді бақылау туралы есебі тыңдалды.

2017 жылдың ішінде Комитет тәуекел-менеджмент қызметінің дайындаған Банк портфелінің сапасы бойынша тоқсан сайынғы аналитикалық есептерін қарастырды.

## КАДРЛАР ЖӘНЕ СЫЙАҚЫ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Кадрлар және сыйақы жөніндегі комитет 2007 жылғы қыркүйекте құрылған.

Комитет Директорлар кеңесінің барлық мүшелерінің басым даусымен сайланатын Директорлар кеңесінің үш мүшесінен құралады. Бұл ретте Комитеттің кем дегенде екі мүшесі тәуелсіз директорлар болуға тиіс. Комитет құрамына кіретіндер:

| АТЫ-ЖӨНІ | ЛАУАЗЫМЫ |
|---|---|
| КАЙЛАРС ФРЭНК | Комитет төрағасы, тәуелсіз директор |
| ПАВЛОВ АЛЕКСАНДР СЕРГЕЕВИЧ | Комитет мүшесі, тәуелсіз директор |
| ШАЯХМЕТОВА ҮМІТ БОЛАТХАНҚЫЗЫ | Комитет мүшесі, Басқарма төрағасы |

Комитет мүшелерінің көпшілігі тәуелсіз директорлар болып табылады, Комитет мүшелерінің барлығы сыйақы мәселелерін қоса алғанда қызметкерлерді басқару бойынша ауқымды тәжірибеге ие.

## КОМИТЕТТІҢ ҚҰЗЫРЕТІ

Комитет Директорлар кеңесіне Директорлар кеңесінің мүшелігіне, Басқарма және еншілес компаниялардың директорлар кеңесі мүшелігіне үміткерлер туралы, Директорлар кеңесі мен Басқарманың сыйақы жүйесі туралы, еншілес компаниялардың директорлар кеңестері мен атқарушы органдарының еңбек ақысын төлеу туралы нұсқаулар енгізеді.

## КОМИТЕТТІҢ ҚЫЗМЕТІ

2017 жылы Комитеттің 8 сырттай отырысы өткізілді. 2017 жылдың ішінде Комитеттің жүзбе-жүз отырысы өткізілген жоқ.

Директорлар кеңесінің қарауына Директорлар кеңесінің мүшелері етіп келесі тұлғаларды: Александр Сергеевич Павловты, Әнуар Ғалимоллаұлы Сәйденовты, Арман Ғалиасқарұлы Дунаевты, тәуелсіз директорлар ретінде Кристоф Рёль мен Фрэнк Кайларсты, «АЛМЭКС» холдингтік тобы» АҚ өкілі ретінде Мәжит Төлеубекұлы Есенбаевты, Үміт Болатханқызы Шаяхметованы сайлау туралы, олардың өкілеттіктерінің мерзімін белгілеу туралы, кейбір еншілес ұйымдардың тәуелсіз директорлары сыйақыларының мөлшері туралы, Ішкі аудит департаменті қызметкерлерінің және Корпоративтік хатшының еңбекақысын төлеу ережесіне өзгерістер енгізу туралы, Банктің еншілес ұйымдары басшылары мен қызметкерлерінің жеке санаты лауазымдарының дәрежесін анықтау туралы ұсыныстар енгізілді.

2017 жылы Басқарма мүшелерінің сыйақысы 1 484 млн. теңгені (жыл қорытындысы бойынша сыйлықақыны қоса) құрады.

Банк Басқармасы мүшелерінің еңбекақысы төлемін белгілеу кезінде қолданылатын негізгі факторлар:

- лауазымның ұйым үшін маңыздылығын (құндылығын), сондай-ақ басшы жұмыс нәтижелерінің Банктің қорытынды нәтижелеріне тигізетін әсерінің дәрежесін анықтауға мүмкіндік беретін лауазымды бағалаумен;
- еңбекке ақы төлеудің өңірлік нарығындағы салыстырылатын лауазымдардың төлем деңгейімен;
- бір жылғы жұмыс қорытындысы ескеріле отырып, сыйақы төлемі жүргізілетін Банк басшыларының қызметін бағалаумен белгіленеді.

## СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет 2012 жылғы сәуірде құрылған.

Комитет Директорлар кеңесінің барлық мүшелерінің басым даусымен сайланған

Директорлар кеңесінің төрт мүшесінен және төрт сарапшыдан – Корпоративтік бизнес және халықаралық қызмет, Шағын және орта бизнес, Бөлшек бизнес, Ақпараттық технологиялар және PR мәселелеріне жетекшілік ететін Басқарма мүшелерінен тұрады.

Комитет құрамына кіретіндер:

| АТЫ-ЖӨНІ | ЛАУАЗЫМЫ |
|---|---|
| ДУНАЕВ АРМАН ҒАЛИАСҚАРҰЛЫ | Комитет төрағасы, тәуелсіз директор |
| ПАВЛОВ АЛЕКСАНДР СЕРГЕЕВИЧ | Комитет мүшесі, тәуелсіз директор |
| ЕСЕНБАЕВ МӘЖІТ ТӨЛЕУБЕКҰЛЫ | Комитет мүшесі, директор |
| ШАЯХМЕТОВА ҮМІТ БОЛАТХАНҚЫЗЫ | Комитет мүшесі, Басқарма төрағасы |
| ӘЛМЕНОВ МАРАТ БҮРКІТБАЙҰЛЫ | Комитет мүшесі (дауыс беру құқығы жоқ сарапшы) |
| КӨШЕНОВ МҰРАТ ҰЗАҚБАЙҰЛЫ | Комитет мүшесі (дауыс беру құқығы жоқ сарапшы) |
| ҚҰСАЙЫНБЕКОВ ҚУАТ ҚАЙРОЛЛАҰЛЫ | Комитет мүшесі (дауыс беру құқығы жоқ сарапшы) |
| ТАЛПАҚОВ АСЛАН БАҚТЫКЕРЕЙҰЛЫ | Комитет мүшесі (дауыс беру құқығы жоқ сарапшы) |

## КОМИТЕТ ҚҰЗЫРЕТІ

Комитет Директорлар кеңесіне «Halyk» тобының стратегиясын қарастыру, стратегияның орындалуы туралы есептерді талдау, сыртқы ортаға және Топтың стратегиялық жоспарларына оның тигізетін ықпалына мониторинг жүргізу мәселелері бойынша қолдау көрсетеді.

## КОМИТЕТТІҢ ҚЫЗМЕТІ

2017 жылы Комитеттің 4 жүзбе-жүз отырысы өткізілді.

Комитет «Halyk» тобының 2016-2018 жылдарға арналған даму стратегиясының 2016 ж. бойынша орындалу нәтижелерін, сондай-ақ «Halyk» тобының 2016-2018 жылдарға арналған Даму стратегиясының 2017 ж. бірінші жартыжылдығы бойынша орындалу нәтижелерін қарастырды. Талдау алға қойылған мақсаттарға қанағаттанарлық нәтижеде қол жеткізілгенін көрсетті.

Банктің 2020 жылға дейінгі Трансформациялау бағдарламасы мен АТ-Трансформациялау бағдарламасының орындалуы туралы есептерді қарастырды (кемінде 6 айда бір реттен кем емес кезеңділікпен).

Сондай-ақ Комитет сыртқы ортаның өзгерістерін (реттеуші, экономикалық, қаржылық және т.с.с.) талдап, «Halyk» тобының 2016-2018 жылдарға арналған Даму стратегиясына осындай өзгерістердің тигізетін әсерін бағалайды.

# ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет 2012 жылдың сәуірінде құрылған.

Комитет Директорлар кеңесінің барлық мүшелерінің басым даусымен сайланған Директорлар кеңесінің үш мүшесінен және екі сарапшыдан – демеушілік және қайырымдылық мәселелеріне жетекшілік ететін Басқарма мүшесінен, Маркетинг және PR департаментінің басшысынан тұрады. Сарапшыларды қоспағандағы барлық Комитет мүшелері тәуелсіз директорлар болып табылады. Комитет құрамына кіретіндер:

| АТЫ-ЖӨНІ | ЛАУАЗЫМЫ |
|---|---|
| СӘЙДЕНОВ ӘНУАР ҒАЛИМОЛЛАҰЛЫ | Комитет төрағасы, тәуелсіз директор |
| КАЙЛАРС ФРЭНК | Комитет мүшесі, тәуелсіз директор |
| РЁЛЬ КРИСТОФ | Комитет мүшесі, тәуелсіз директор |
| ТАЛПАҚОВ АСЛАН БАҚТЫКЕРЕЙҰЛЫ | Комитет мүшесі, сарапшы (дауыс беру құқығы жоқ) |
| ШҮНКЕЕВ САҒЫНБЕК ҚУАНЫШБЕКҰЛЫ | Комитет мүшесі, сарапшы (дауыс беру құқығы жоқ) |

## КОМИТЕТ ҚҰЗЫРЕТІ

Комитет Директорлар кеңесіне Банктің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік және тұрақты даму саласындағы саясатына, Банк қызметінің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы заңнама талаптарына сәйкестігіне, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласында болуы мүмкін тәуекелдер және оларды азайтуға, Банктің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігі туралы есеп дайындау мен жариялауға және тиісті кезеңге арналған корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы шығындар бюджетін алдын ала қарастыруға қатысты мәселелер бойынша қолдау көрсетеді.

## КОМИТЕТ ҚЫЗМЕТІ

2017 жылы Комитеттің жүзбе-жүз отырысының біреуі өткізілді.

Мынадай мәселелер қаралды және назарға алынды:

- 2017 жылы іс-шаралар жоспары мен бюджет бойынша «Қазақстан Халық Банкі» АҚ және «Халық» қайырымдылық қоры» ЖҚ демеушілік және қайырымдылық бойынша есепті қарастыру туралы;
- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың және «Халық» қайырымдылық қоры» ЖҚ-ның 2018 жылға демеушілік және қайырымдылық бойынша іс-шаралар жоспарын қарастыру туралы.

## МИНОРИТАРЛЫҚ АКЦИОНЕРЛЕРМЕН ЖҰМЫС

Банкте миноритарлық акционерлермен өзара әрекеттесу жүйесі тұрақты жетілдіріле түсуде, соның арқасында акционерге өзі үшін ыңғайлы кез келген тәсілмен (жазбаша хабарласу және/немесе электрондық почта арқылы) өз сұрағын қоюға және қажетті кеңесті алуға болады.

Миноритарлық акционерлердің арыз-өтініштерінің және олардың арман-тілектерінің құрылымы тұрақты талданады. Банк өз акционерлерін бағалы қағаздарды ұстаушылардың мүдделеріне қатысты барлық маңызды жаңалықтар туралы хабардар етіп отырады, корпоративтік оқиғалар туралы және бағалы қағаздарды ұстаушылардың мүдделерін қозғайтын қызметтегі өзгерістер туралы және жоспарланып отырған іс-шаралар туралы ақпаратты Банктің корпоративтік сайты арқылы және сауда-саттықты ұйымдастырушылардың сайттары және қаржы есептілігі депозитарийінің интернет-ресурсы арқылы ұсынады.

## БАНКТІҢ 2017 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ КОРПОРАТИВТІК ОҚИҒАЛАРЫ:

- Банк 2017 жылғы 21 сәуірде Банк акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын ұйымдастырып, табысты өткізу жұмыстарын жүргізді, онда қарастырылған мәселелер бойынша 12 шешім қабылданды, соның ішінде Банктің және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне қатысты акционерлердің өтініш-шағымдары туралы ақпарат назарға ұсынылды; Банк жиналысты Банк акционерлерімен уәкілетті органының ескертулерсінсіз өткізді.
- Бас Банктің қызметкерлері қажеттілігіне қарай Банк акционерлерімен өзара әрекеттестік мәселелері бойынша филиал қызметкерлеріне, сондай-ақ туындаған сұрақтар – дивидендтерді есептеу, банктік деректемелерді және дербес деректерді өзгерту, мирасқорлық бойынша меншік құқықтарының өтуі және т.с.с. бойынша Банк акционерлерінің өздеріне кеңес береді;
- 2017 жылғы 21 сәуірде өткізілген Банк акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының шешіміне сәйкес, Банктің жай акциялары бойынша дивидендтерді есептемеу және төлемеу туралы шешім қабылданды. Елдегі күрделі экономикалық жағдайларға, сондай-ақ Банк акционерлерінің жалпы жиналысында қабылданған Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешімге қарамастан, Банк Басқармасы 2016 жылы Банктің жеке тұлға-акционерлеріне материалдық көмекті төлеу туралы шешім қабылдады.
- 2017 жыл бойы Банк меншікті жай акцияларды сатып алуды жалғастырды. Сөйтіп, 2017 жылғы есептік жыл үшін 18 жеке тұлға-акционерден олардың өтініштеріне сай 3,1 млн теңге сомасына 71 408 дана меншікті жай акциялар сатып алынды.
- Банк акционерлерінен дивидендтер төлеуге, Банктің акциялар сатып алу тәртібіне, Банк акцияларының меншік құқығына және Банк қызметі туралы басқа да мәселелерге, сондай-ақ ҚР бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасына қатысты бес ресми өтініші қарастырылды.

## ДИВИДЕНДТІК САЯСАТ

Акционерлердің дивидендтерді алуы бойынша құқықтары мен оларды төлеу тәртібі акционерлердің жалпы жиналысында бекітілген Банк Жарғысында және Банктің Корпоративтік басқару кодексінде бекітілген.

Банктің Директорлар кеңесі 2012 жылғы қыркүйекте Халық банкінің Дивидендтік саясатын бекітті. Бұл шешім дивидендтерді төлеудің түсінікті және анық механизмін орнату мақсатында және жеке икемді ішкі нормативтік құжаттың болу қажеттілігіне байланысты қабылданған болатын.

Банктің Дивидендтік саясатының негізгі мақсаты төмендегі талаптарды ескеріп, дивидендтерді төлеудің анық және түсінікті механизмін және дивидендтер төлеу, мөлшерін анықтау туралы шешім қабылдау тәртібін, оларды төлеу тәртібі мен мерзімдерін белгілеу болып табылады:

- Банктің бөлуге жататын таза пайдасының болуы;
- ҚР заңнамасымен көзделген дивидендтерді төлеуге шектелердің болмауы, сондай-ақ Банк үшінші тұлғалармен, атап айтқанда шетелдік қаржы ұйымдарымен (ковенанттар) жасаған шарттардағы өзге шектеулердің болмауы;
- дивидендтер төлеген жағдайда, Банк меншікті капиталының жеткіліктілік нормативтерін ҚР екінші деңгейдегі банктерінің жалпысалалық нормативтерінен төмен емес көрсеткіште сақтау;
- Банктің халықаралық кредит рейтингтерін сақтау (ұстап тұру);
- Тиісті кезең үшін Банктің қаржы есептілігінің аудитін жүрізу;
- Банк акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі.

Жай акциялар (ковенанттар) бойынша дивидендтерді төлеудің бар шектеулері бойынша мыналарды бөліп көрсетуге болады:

- төлем жүргізілетін кезең үшін таза пайданың 15 %-ынан кем емес және 50 %-ынан аспайды (ХҚЕС бойынша аудит жүргізілген есептілікпен анықталады);
- Банктің Директорлар кеңесі Банктің стратегиялық мақсаттарына сәйкес Банк акционерлерінің жалпы жиналысына Банктің аудиттелген шоғырландырылған қаржы есептілігі бойынша анықталатын есепті жыл үшін таза кірістің бір бөлігін жай акциялар бойынша дивидендтік төлемдерге жібермеуді ұсынуға құқылы;

- дивидендтерді күнтізбелік жыл ішінде кемінде бір рет төлеу;
- Банк дефолтқа жол бергенде немесе мұндай төлем Банктің міндеттемелері бойынша дефолтқа алып келуі мүмкін болса, дивидендтерді төлеуге тыйым салынады.

Жай акциялар бойынша дивидендтердің төлемі Банк акцияларын ұстаушылардың тізілімі жүйесіндегі акционердің актуальды деректемелері туралы мәліметтер бар болған кезде іске асырылады.

Банк Жарғысына сәйкес акционерлерге жай акциялар бойынша дивидендтер Банктің тиісті кезең бойынша қаржылық есептілігіне аудит жүргізілгеннен кейін жыл сайын таза кіріс есебінен төленуі мүмкін. Дивидендтерді төлеу және олардың мөлшері туралы шешім Банктің Директорлар кеңесінің ұсынысымен Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында қабылданады.

Банктің дивидендтер бойынша шығысы төмендегіні құрады:

| | 2017 (2016 ж. үшін) | 2016 (2015 ж. үшін) | 2015 (2014 ж. үшін) | 2014 (2013 ж. үшін) | 2013 (2012 ж. үшін) | 2012 (2011 ж. үшін) | 2011 (2010 ж. үшін) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Артықшылықты акциялар бойынша | -** | 0,338 | 2,61 | 1,8 | 2,24 | 5,24 | 5,49 |
| Жай акциялар бойынша | - | - | 34,26 | 18,55 | 12,22 | - | - |
| БАРЛЫҒЫ | - | 0,338 | 36,87 | 20,35 | 14,46 | 5,24 | 5,49 |

** айналымда Банктің артықшылықты акцияларының болмауына байланысты.

## ДИРЕКТОРЛАРДЫ ОҚЫТУ ЖӘНЕ АҚПАРАТТАНДЫРУ

Банкте Директорлар кеңесінің жаңа мүшелері үшін кіріспе курс (introduction package) әзірленген, онда Банк пен «Halyk» тобының тарихы мен ағымдағы ұстанымдары, Банктің ұйымдық құрылымы, Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттері, сондай-ақ соңғы есептік күнге шоғырландырылған қаржы есептілігінің негізгі нысандары туралы негізгі ақпарат қамтылған.

Директорлар кеңесінің мүшелеріне сондай-ақ банктік заңнамадағы негізгі өзгерістер туралы ақпарат жеткізіліп отырады.

Банк Директорлар кеңесі мүшелерінің ақпараттандырылуы мен біліктілік деңгейін арттыру бойынша жұмыстарды жүргізуге және оны алдағы уақытта жетілдіруге ниетті.

# ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕЛЕРІ

## РӨЛІ МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Банкте тәуекелдерді басқаруға және ішкі бақылауға қатысты қызметтер мынадай тәсілмен бөлінген:

- Директорлар кеңесі Банк ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша стратегиялық басшылық жүргізіп, саясаттарды бекітеді және жүйелі түрде қарастырып отырады. Аудит комитеті тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау мәселелері бойынша Директорлар кеңесінің жұмыс органы болып табылады.
- Сондай-ақ Директорлар кеңесі Банктің ірі мәмілелерін, оның орындалуына мүдделі мәмілелерді және Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалармен жасалатын мәмілелерді, соның ішінде жеңілдетілген талаптардың болмауына қатысты қарастырады.
- Басқарма тәуекелдерді басқару саясатының жүзеге асырылуына жауапты орган болып табылады. Банкте тәуекелдермен басқару мен бақылау бойынша түрлі қызметтерді атқаратын мынадай негізгі Комитеттер әрекет етеді: кредиттік комитеттер (КД (Бас Банктің Кредиттік комитеті)), ФКК, ӨКК, Проблемалы кредиттер жөніндегі комитет, активтерді және пассивтерді басқару жөніндегі комитет және Тәуекелдер жөніндегі комитет.
- Банктің құрылымдық бөлімшелері өздерінің қызметіне тән тәуекелдерді сәйкестендіруге және бағалауға, бақылаудың дұрыстығына және өз қызметінің үздіксіздігіне жауапты.
- тәуелсіз тәуекел-менеджменті қызметтері мен комплаенс кредиттік, операциялық, нарықтық және комплаенс-тәуекелдер мен өтімділік тәуекелдерінің сәйкестігін, бағалануын, бақылануын және қадағалануын қамтамасыз ететін тәуекелдерді басқару жүйесінің ұйымдастырылуына жауап береді. Тәуекел-менеджменті қызметі мен комплаенсқа Тәуекел-менеджментінің басшысы, Комплаенс-бақылаушы басшы басшылық етеді.
- ішкі аудит қызметі тәуелсіз және объективтік тексерулерді жүргізіп, «Halyk» тобының қызметін жетілдіруге бағытталған кеңестерді ұсынады. Ішкі аудит тәуекелдермен басқару процестерінің тиімділігін арттыруға және бағалауға, бақылауға және корпоративтік басқаруға жүйелі түрде және рет-ретімен келуін пайдалана отырып, Топтың алға қойған мақсаттарына қол жеткізуге қолғабыс етеді.

Штөмендегі диаграммада тәуекелдер мен ішкі бақылауды бағалауды басқару процестеріне қатысатын Банктің органдары мен Комитеттері және Банк бөлімшелері көрсетілген.

**Директорлар кеңесі**
- Саясаттарды бекітеді;
- «Жоғарыдан төмен» сарынын қалыптастырады;
- Ірі мәмілелер;
- Байланысқан тараптармен мәмілелер.

**Аудит жөніндегі комитет**
- Директорлар кеңесі жанындағы жұмыс органы;
- Сыртқы және ішкі аудиттің мәселелерін қарау;
- Тәуекел-менеджмент үдерістерін жалпы үйлестіру.

**Ішкі аудит**
Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау мен корпоративтік бақылау жүйелерін жетілдіруге бағытталған тәуелсіз және объективті кепілдіктер мен консультациялар беру.

**Басқарма**
- Саясаттарды жүзеге асыру;
- Бақылау тетіктерін дәйектеу.

Коммерциялық дирекция

Филиалдар мен филиал желілерінің Кредиттік

Бөлшек кредиттік комитеттер

Проблемалы кредиттер бойынша комитет

Активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі комитет

Тәуекелдер жөніндегі комитет

Құрылымдық бөлімшелер

Кредит тәуекелі

Кредит тәуекелі (қаржы институттары, елдер)
Нарықтық тәуекелдер

Операциялық тәуекелдер
Комплаенс –тәуекелдер
Ішкі бақылау жүйесі
АТ және АҚ тәуекелдері

Операциялық тәуекелдер мен комплаенс-тәуекел

**Тәуекел-менеджмен қызметі/ Compliance Division:**
- Тәуекелдерді (кредиттік, нарықтық, өтімділік, операциялық, комплаенс, АТ мен АҚ) басқару жүйесін ұйымдастыру.
- Тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау мен бақылауды қамтамасыз ету, қажетті ұсыныстар әзірлеу.
- Лимиттерді есептеу және мониторинг жасау
- Банк қызметінің реттеуші талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету

## ҮШ ҚОРҒАНЫС ЖЕЛІСІНІҢ НЕГІЗІНДЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Банктегі тәуекелдерді басқару үш деңгейлі қорғаныс жүйесінің базасында құрылады. Бірінші қорғаныс желісіне топ-менеджмент және құрылымдық бөлімшелер, екінші қорғаныс желісіне – Тәуекел - менеджменті комитеттері/тәуекел - менеджменті қызметі және комплаенс, үшінші қорғаныс желісіне – ішкі аудит кіреді:

- Банктегі бірінші қорғаныс желісі Банктің түрлі бизнес-құрылымдарының күнделікті операцияларды дұрыс орындауын қамтамасыз ету үшін жасалған бақылаулардан құралады. Бақылауларды бизнес-құрылымдар әзірлейді және бизнес-процестердің ажырамас бөлігі болып табылады. Бақылаулардың айқын дизайны тәуекелдерді азайту және ішкі құжаттардың талаптарын сақтау үшін, сондай-ақ сыртқы реттеу талаптарын сақтау үшін лайықты деңгейде болу қажеттігін меңзейді. Бақылауларды басқару мен мониторингті бөлімшелердің өздері жүзеге асырады, ол бизнес-құрылымдардың тәуекелдерді, бизнес-үдерістердің әлсіз жақтарын, болуы мүмкін болжаусыз оқиғаларды анықтай алу және оларға дер кезінде жауап қайтару қабілеттілігі болуы қажеттігін болжайды.
- екінші қорғаныс желісіне тәуекелдерді басқару комитеттері және тәуекел - менеджменті қызметі және комплаенс кіреді. Тәуекел - менеджменті комитеттері мен қызметі белгіленген тәуекел-тәбет шеңберінде тәуекелдерді басқару үшін жауап береді. Екінші қорғаныс желісінің негізгі буыны тәуекел-менеджменті қызметі болып табылады. Лайықты бақылаулар деңгейін қамтамасыз ету үшін тәуекел-менеджменті қызметі тәуекелдерді (кредиттік, қаржылық, операциялық) бағалау, тәуекелдер мониторингі рәсімдерін айқындайды. Тәуекел-менеджменті қызметі тәуекелдерге тұрақты тәуелсіз мониторинг жүргізеді, бірінші қорғаныс желісі деңгейінде тәуекелдерді тиімді басқару үшін бақылау құралдарын әзірлейді, комплаенс қызметімен бірлесе отырып бизнес-бөлімшелерге тиісті салалардағы реттеу талаптарына сәйкестікке қатысты қолдау көрсетеді;
- үшінші қорғаныс желісін ішкі аудит бөлімшесі ұсынды («Ішкі аудит» бөлімін қараңыз).

Банк қызметіне тән тәуекелдерді толығымен жоққа шығару мүмкін еместігін Банк мойындайды. Алайда Банк қолданысқа енгізілген тәуекелдерді басқару жүйесі оларды айтарлықтай азайтуға мүмкіндік береді деген сенімде.

## МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ КОДЕКСІ

Банк қызметкерлермен және клиенттермен қарым-қатынастарды заңдылық, өзара сыйластық және бір-біріне сенімділік қағидаттарында құрайды.

2013 жылы «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Корпоративтік этикасының ережесі бекітілді, оның мақсаты төмендегідей болып табылады:

- миссияны, құндылықтарды, іскерлік әдеп пен тәртіп ережелері мен нормаларын бекіту;
- жоғарғы әдеп стандарттарына негізделетін бірыңғай корпоративтік мәдениетті дамыту, ұжымда сенім, өзара сыйласу және адалдық атмосферасын сақтау;
- Банк акционерлерінің, клиенттерінің, іскерлік серіктестерінің, мемлекеттік билік органдарының, жұртшылық пен өзге де мүделі тұлғалар тарапынан Банкке деген сенімді арттыру және сақтау, қаржы нарығының ашық және адал қатысушысының беделін нығайту;
- мүдделі тұлғалармен тиімді қатынас құруды қолдау;
- Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасының нормаларын Банк қызметкерлерінің бұзуына жол бермеу.

Жоғарыда көрсетілген Ережені реттеу объектісі Банктің лауазымдық тұлғалары мен қызметкерлерінің өз міндеттемелерін орындауы барысындағы өзара, акционерлермен, клиенттермен, іскерлік серіктестермен, мемлекеттік билік органдарымен, жұртшылықпен және Банкпен қарым-қатынас құратын өзге де тұлғалармен қарым-қатынастардағы кәсіби тәртібі болып табылады.

Банк басшылары өзінің жеке үлгісімен Банкке деген шынайы берілгендігін көрсетеді, Банктің кадрлық резервін құруға, кеңес беруге және тәлімгерлік етуге, ұжымды жалпы миссия, құндылықтар және қағидаттар арқылы біріктірілген командаға жұмылдыруға көңіл бөледі.

Әр қызметкер Банктің имиджі мен іскерлік беделін жоғары деңгейде ұстауға тырысады.

## ІШКІ АУДИТ

Халықаралық стандарттарға сәйкес ішкі аудиттің миссиясы – тәуекелге бағытталған тәсілдеменің және ұсынымдар берудің негізінде объективті ішкі аудиторлық тексерулер/консультациялар жүргізу арқылы «Halyk» тобының құнын сақтауды және арттыруды білдіреді.

Ішкі аудиттің тәуелсіздігі мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін функциялық тұрғыдан Ішкі аудит департаменті Директорлар кеңесіне бағынышты және оған есеп береді. Директорлар кеңесі мүшелерімен жұмыс бабындағы өзара әрекеттер

Аудит жөніндегі комитет арқылы, сол сияқты тікелей жүзеге асырылады.

Департамент 48 штаттық бірліктен тұрады. Тұрақты негіздегі ішкі аудиторлар кәсіби жағынан үздіксіз дамып отырады.

Ішкі аудит департаментінің жылдық жұмыс жоспарын Аудит жөніндегі комитет қарастырып, Банктің Директорлар кеңесі бекітеді. Қажетті жағдайда Директорлар кеңесі төрағасының, Аудит жөніндегі комитеттің төрағасының және Банк Басқармасы төрағасының тапсырмасы бойынша жоспардан тыс аудиторлық тексерулер жүргізілуі мүмкін.

Департамент әрбір аудиторлық тапсырма бойынша анықталған ескертулерді жою бойынша ұсыныстарды ұсынады, бұл ескертулерді ескере отырып Банк ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару жүйесінің тиімділік деңгейін арттыру бойынша тиісті шараларды қолданады. Аудит жөніндегі комитет және Директорлар кеңесі Ішкі аудит департаментінен Анықталған ескертулерді жою бойынша іс-шаралар жоспарын орындау барысы туралы ақпаратты тұрақты алып тұрады.

Сондай-ақ Департаменттің құзырына заңнаманың, Халықаралық стандарттардың және үздік әлемдік тәжірибелердің талаптарының өзгертулерін көрсететін, ішкі аудиттің құрылымы мен әдістемелік базасын жетілдіру кіреді. Департамент жыл сайын Халықаралық стандарттарға сәйкестігін өз тұрғысынан бағалап отырады, сондай-ақ тұрақты түрде осы стандарттарға Жасақтамалық бағдарламаның және ішкі аудит қызметінің сапасын арттырудың өзге талаптарын орындайды.

2017 жылдың қыркүйегінде жүргізілген сыртқы бағалаудың нәтижелері бойынша «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС-тің кеңесшілері Банктің Ішкі аудит департаменті қызметінің Халықаралық стандарттарға және Әдеп кодексіне толық сәйкес келгенін растады.

Департамент «Halyk» тобының еншілес құрылымдарының ішкі аудит бөлімшелерінің қызметіне ішкі аудиттің рәсімдері мен әдістемесін белсенді таратады.

## ДИРЕКТОРЛАРДЫ ТАҒАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ШАРТ БЕКІТУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ (рәсімдер туралы жалпы ақпарат)

Директорды лауазымға тағайындаған кезде Қаржылық ұйымдардың, банктік, сақтандыру холдингтерінің, «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім және келісім алу үшін қажетті құжаттар тізбесін беру ережесіне сәйкес Қазастандық реттеушімен келісу қажет.

Директорлармен шарт жасау Халық Банкі басшы қызметкерлерінің еңбекақысы және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-та бір жыл бойы жұмысының қорытындылары бойынша сыйақылар қорын қалыптастыру саясатының ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

Директорларға (Директорлар кеңесінің Төрағасы мен Банк Басқармасы Төрағасынан басқа) сыйақыларды төлеу және және олардың жеке көлемдерін бекіту туралы шешімді Банк Директорлар кеңесінің жанындағы Кадрлар және сыйақы жөніндегі комитеттің ұсыныстары негізінде Директорлар кеңесінің Төрағасы қабылдайды.

Директорлармен (Банк Басқармасының төрағасынан басқа) сыйақының жеке мөлшерін, мерзімділігін, талаптарын және ҚР заңнамасына сәйкес ұсталатын міндетті төлемдерді айқындайтын шарттарды Банк атынан Банк Басқармасының төрағасы жасайды.

## БАНКТІҢ ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРЫНЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН САҚТАНДЫРУ

Банктің Директорлар кеңесі мен Банк Басқармасы дұрыс емес және қате басқарушылық шешімдерден немесе әрекеттерден туындайтын тәуекелдерді түсінеді.

Акционерлерді осындай оқиғалардың салдарынан ықтимал зардап шегуден қорғау үшін Банк Директорлар мен лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін сақтандырады.

## КОРПОРАТИВТІК ХАТШЫ

Корпоративтік хатшы Банктің ұйымдастыру құрылымы мен корпоративтік басқару жүйесінде Банктің Директорлар кеңесіне тікелей бағынышты және есеп береді.

Өз мәртебесіне сәйкес, Корпоративтік хатшы:

- ҚР заңнамасында белгіленген корпоративтік басқару рәсімдерін жүзеге асыруға, сондай-ақ Банк қабылдаған және Директорлар кеңесі немесе акционерлер бекіткен оның ішкі құжаттарында бекітілген «корпоративтік басқарудың ең үздік тәжірибесі» ұсыныстарын орындауға жауапты тұлға болып табылады;
- Банк пен акционерлер арасындағы, акционерлер мен Директорлар кеңесі, Ішкі аудит департаменті, Банк Басқармасы мен өзге органдары арасындағы, Банк пен оның мүдделі тұлғаларының арасындағы жүйелі қарым-қатынасты қамтамасыз ететін тұлға;
- ҚР корпоративтік басқару саласындағы заңнамасына (корпоративтік заңнама) және «корпоративтік басқарудың ең үздік тәжірибесі» үрдісіне жүйелі түрде мониторинг жүргізетін тұлға болып табылады.

## БАНКТЕ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫ ЖАҚСАРТУ БОЙЫНША НЕГІЗГІ САЛАЛАР

Корпоративтік басқаруды әрі қарай дамыту мен жетілдіру қажеттілігін түсіне отырып, «Halyk» тобы 2018-2020 жылдардың ішінде жақсартуды талап ететін келесі негізгі салаларды анықтады:

1. **Корпоративтік хатшының құқықтары мен міндеттерін кеңейту:**

- «Halyk» тобының Корпоративтік хатшылар институтын олардың ұйымдағы рөлін қайта қарастыру және біліктілігін арттыру арқылы сапалы дамыту.
- «Halyk» тобы компанияларының қызметін Корпоративтік хатшылар институтын дамытуға қатысты үйлестіру;
- Банктің еншілес ұйымдары Корпоративтік хатшыларының қатысуымен корпоративтік басқаруды жетілдіру мәселелері бойынша оқыту шараларын (семинарлар/дөңгелек үстелдер/мәжілістер) ұйымдастыру және өткізу;
- «Halyk» тобы компанияларының Корпоративтік хатшыларының тізілімін және «Halyk» тобы компанияларында тәуелсіз директор лауазымына кандидаттардың тізілімін жүргізу.

2. **Директорлар кеңесінің жұмысын тиімді қамтамасыз ету мақсатында корпоративтік басқарудың үздік халықаралық стандарттарын енгізу:**

- Банктің ішкі нормативтік құжаттарын (Жарғы, Корпоративтік басқару кодексі, Директорлар кеңесі туралы ереже, Корпоративтік хатшы туралы ереже және т.б.) қазақстандық заңнаманың корпоративтік басқару саласындағы нормалары мен ең үздік халықаралық стандарттарға сәйкестілікке келтіру үшін оларды өзекті ету;
- Директорлар кеңесінің құрамына үміткерлер туралы ақпарат жинау, әр кандидаттың тәуелсіз директор мәртебесіне сәйкестілігі туралы мәліметтерді сараптамадан өткізуді ұйымдастыру және Банк пен оның еншілес ұйымдарының Директорлар кеңесіне тәуелсіз директор лауазымына үміткерлер тізілімін мерзімді түрде өзекті ету.

3. **Банкте корпоративтік басқаруды дамытудың қосымша іс-әрекеттер**

- «Halyk» тобында «корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік» институтының әрі қарай дамуын жүзеге асыру;
- Банктің дивидендтік саясатының тиімділігін жүйелі түрде бағалау;
- Директорлар кеңесі мүшелерінің фидуциарлық жауапкершілігін сақтандыру бойынша тәжірибені дамыту.



# ӘРҚАШАН АЛДА БОЛАТЫНДАР!

# ЖАУАПКЕРШІЛІК ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ

16

ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ
HALYK BANK
НАРОДНЫЙ БАНК КАЗАХСТАНА



# ӘРҚАШАН АЛДА БОЛАТЫНДАР!

## ЖАУАПКЕРШІЛІК ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ

**БІРІНШІ СКРИПКА**

Скрипка ең дауысты музыкалық аспап болмаса да, бірінші скрипка деп жетекші музыкантты атайды, ал оған оркестрдің барлық қалған қатысушылары теңеледі. Концерт басталмас бұрын дирижердің жұрт алдына шығып иіліп сәлем беріп, бірінші скрипкамен қол алысуы тектен тек емес, сол арқылы ол басқа орындаушылардың арасынан оның негізгі роліне ерекше көңіл аударады.

ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ
HALYK BANK
НАРОДНЫЙ БАНК КАЗАХСТАНА

1

АЛҒАШҚЫ БОЛУ!

ӘРҚАШАН АЛДА БОЛАТЫНДАР!



## ШАЯХМЕТОВА ҮМІТ БОЛАТХАНҚЫЗЫ

**БАСҚАРМА ТӨРАЙЫМЫ**

Осы арқылы бізге төмендегілер мәлім болғанына байланысты:

- осы жылдық есептегі шоғырландырылған қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес дайындалған және Халық Банкі мен оның еншілес ұйымдарының қаржылық жағдайын, сондай-ақ олардың қызмет нәтижелерін, қаражатының қозғалысын және капиталдағы өзгерістерін шынайы көрсететінін; және
- жылдық есептің шоғырландырылған есептілікте қамтылған әрі тұтастай қарастырылып отырған Халық Банкі мен оның еншілес ұйымдарының дамуына және қызметінің нәтижелеріне, қаржылық ахуалына, Халық Банкі тап болып отырған негізгі тәуекелдер мен тұрлаусыздықтарға жасалған әділетті шолуды қамтитынын растаймыз.

# ЖАУАПКЕР-ШІЛІК ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ

# ДАМУ КЕЛЕШЕГІ

17





# ӘРҚАШАН АЛДА БОЛАТЫНДАР!

**ПИОНЕР**

Французлардан кейін, пионерлер деп, біз ғылымда және өнерде жаңа жолдарды ашатын адамдарды - тұңғыш жол салушыларды атаймыз. Зерттелмеген дүниелерді бірінші болып зерттеудегі, тәуекел ете отырып, қалғандарына басшылық етудегі, өзінің жеке үлгі-өнегесімен басқаларды шабыттандырудағы зор еңбек осы пионерлерге тиесілі. Сонымен, Жабайы Батыс заманында пионерлер деп – жас Американың ұлы болашағының бастауында тұрған және оның жерлерін игерген жаңа қоныстанушыларды атаған.

Бүгінгі күні «Халық» тобы – бұл қаржы қызметтерінің барлық нарығындағы негізгі ойыншы, беріктіктің жеткілікті қоры, мықты қаржылық, материалдық және технологиялық базасы, білікті қызметкерлері мен табысты басқарушы командасы бар белсенді, қарқынды дамып келе жатқан қаржылық топ.

Біз 2016-2018 жылдарға арналған ағымдағы стратегияны жүзеге асыру аясында 2016 жылға жоспарланған бірқатар жобаларды аяқтадық, бұл өз кезегінде Топтың қаржылық жағдайын едәуір күшейтуге, рекордтық пайда алуға мүмкіндік берді, біз мейлінше технологиялық әрі ыңғайлы бола бастадық, ұзақ мерзімдік тұрақты өсу үшін жақсы негіз қаладық.

Топ жағдайының әрі қарай дамуы мен нығаюы бизнесті жүргізудің қолданыстағы үлгісін тұрақты жетілдіруді, Топ бизнесінің барлық бағыттарында анықталған негізгі олқылықтарды жоюды, нақты механизмдерді және іс-шараларды жүзеге асырудың реттілігін анықтауды талап етеді. Барлық әлеуетті тәуекелдер мен мүмкіндіктерді түсіну Топтың сапалы түрде түрленуі – бейтарап күтуден клиенттермен белсенді байланыстар жасау бойынша көшбасшылыққа - стратегиясы ретінде анықталған, 2016-2018 жж. кезеңіне арналған қолданыстағы Даму стратегиясында өз көрінісін тапты.

Топтың жаңа көрінісі мына ұранмен берілген:

- **ХАЛЫҚ БАНКІ – КЛИЕНТТЕРДІҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ №1 ТАҢДАУЫ», ОҒАН ТӨРТ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСЫМДЫЛЫҚ КІРЕДІ:**

**КЛИЕНТТЕРГЕ ЫҢҒАЙЛЫЛЫҒЫ**

- клиенттердің қажеттіліктеріне жауап беретін ыңғайлы шешімдер мен қызметтер;
- тез әрі мұқият қызмет көрсету;
- әділ әрі анық бағалар;
- банкпен өзара әрекет ету үшін ыңғайлы арналары.

**МЫҚТЫ КОМАНДАЛЫҚ РУХ**

- ұқыпты, мүдделі және жоғарғы кәсіби қызметкерлер;
- кәсіпкерлік рух;
- корпоративтік ДНК бір бөлігі ретінде «ыңғайлылық, мұқияттылық және шапшаңдық»;
- қызметкерлер үшін ең таңдаулы банк.

**ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТИІМДІЛІК**

- тез әрі анық процестер мен жоғарғы сападағы шешімдер;
- экономикалық тиімділік.

**ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК**

- сенімді – клиенттердің Қазақстандағы №1 таңдауы, шетелдегі сенімді серіктес;
- қоғамның белсенді мүшесі.

- **«ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАР – ӨЗ САЛАСЫНДАҒЫ ЖЕТЕКШІ ОЙЫНШЫЛАР», ОЛ ДЕГЕНІМІЗ:**
- операция жүргізу нарығында ұсынылған Топтың жетекші ұстанымдары;
- көлемді пайда;
- Топтың қызметтермен қамту географиясының кеңеюі;
- ҚР-да кеңейтілген өнім;
- Топтың өткізу желісін біріктіруге бағытталған іс-шараларды өңдеу;
- инвестициялардың пайдалылығын және шығынның азайып отыруын бақылау;
- Топтың ішіндегі кросс-сатылымдардың тиімділігін арттыру;
- синергиялық тиімділікті ұлғайту.

Барлық негізгі параметрлер - таза пайданың мөлшері, меншікті капиталдың мөлшері, депозиттік база, төлем карточкаларының, кепілдіктер портфелінің, жалақы жобаларының саны бойынша банктік сектордың жетекшісі болып табылатын Халық Банк бұрынғыдай Топ бизнесінің драйвері болып қала береді.

## ЖАҢА ЖҮЙЕЛЕР МЕН ПРОЦЕСТЕР ЕНГІЗУ

Стратегияларды жүзеге асыру корпоративтік мәдениеттің өзгеруін және жаңа жүйелер мен процестердің енгізілуін қажет етті:

- **БАНК ӨЗ КЛИЕНТТЕРІН БІЛЕДІ** – жаңа жүйелер клиенттер бойынша деректерді талдауға, дұрыс саралауға және белгілеуге мүмкіндіктер береді;
- **БАНК КЛИЕНТТЕР МЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЫҢҒАЙЛЫЛЫҒЫ ҮШІН ӨЗ АТ ЖҮЙЕСІН ДАМЫТЫП ОТЫРАДЫ!** – жетілдірілген АТ жүйелері клиенттер мен қызметкерлер үшін жұмыс сапасын арттырып, ішкі және сыртқы процестерді оңтайландыруға мүмкіндік береді;
- **БАНК – БІРЫҢҒАЙ КОМАНДА!** – ең бастысы – клиенттің қажеттілігін қанағаттандыру – клиентке барынша және сапалы қызмет көрсету үшін барлық қызметтер біріктіріледі;

- **КОМАНДАНЫҢ БАРЛЫҚ ДЕҢГЕЙЛЕРІ ТАБЫСҚА ҚОЛ ЖЕТКІЗУГЕ ЫНТАЛАНДЫРЫЛҒАН!** – ынталандыру жүйесі барынша жоғары нәтижеге қол жеткізуге бағытталған және шешімдердің қабылдануын қайта орталықтандыруға, орындарында жауапкершілікті арттыруға ықпал етеді.

Біз стратегияны жүзеге асыру барысында

- бәсекелестерімізді үздік желіміз бен қашықтықтағы арналарымыздың, сондай-ақ орнатылған процестерміздің есебінен клиенттермен өзара әрекеттестіктің ыңғайлылығы мен шапшаңдығы бойынша алға шығамыз;
- түрлі клиенттердің қажеттіліктерін түсініп, оларды шешу үшін керекті шешімдерді ұсынамыз;
- клиенттердің Қазақстандағы №1 таңдауы боламыз деп сенеміз.

## БИЗНЕСТІК МІНДЕТТЕР

2017-2018 жылдарға арналған бизнестік міндеттер келесі бағыттар бойынша құрылған:

- **ПРОАКТИВТІК САТЫЛЫМДАР.** Бір клиент үшін өнімдердің көлемін ұлғайту арқылы және қолданыстағы сатылым арналарының тиімділігін арттыру және жаңасын енгізу есебінен бір клиентке өнімдер мен қызметтердің сатылым деңгейін көтеру;
- **БАҒА БЕЛГІЛЕУДІ ЖАҚСАРТУ.** Баға белгілеу әдістемесін кешенді талдау және жетілдіру;
- **ӨНІМДЕР.** Бөлшек сауда клиенттеріне жаңа өнімдерді, сондай-ақ ІБ пен ШОБ клиенттеріне жаңа цифрлық өнімдерді ұсыну енгізілді. Негізгі басымдылық Банктің негізгі стратегиялық өнімдерін жылжытуға, мемлекеттік және әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыруға белсенді түрде қатысуға, қызмет көрсетудің көп арналы үлгісін дамытуға және көптеген операцияларды қашықтықтан қызмет көрсету арналарына аударуға беріледі;
- **ПРОЦЕСТЕР.** Негізгі бағыттар клиенттік ақпаратты жинау, сақтау және өңдеу жүйесін автоматтандыру және жақсарту, сондай-ақ кредиттік процесті оңтайландыру болып табылады.
- **ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР:**
  - жалпы мақсаттарға қол жеткізуге әр қызметкердің ат салысуын ескеретін, жаңа ынталандыру жүйесін енгізу;
  - қызметкерлерді оқыту;
  - мансаптық өсу жүйесі.

Біз 2016-2018 жылдарға арналған ағымдағы стратегиялық циклдан 2017 жылға белгіленген барлық стратегиялық жоспарларды табысты аяқтадық, бұл өз кезегінде Топтың қаржылық жағдайын айтарлықтай күшейтуге, рекордтық пайда алуға мүмкіндік берді, біз аса технологиялық және ыңғайлы болдық, біз тұрақты ұзақ мерзімді өсу үшін негіз жасадық.

2017 жылы болған «Halyk» тобы үшін маңызды оқиғалар «Halyk» тобы қатысушыларының құрамын және қызметінің талаптарын өзгертуге айтарлықтай ықпалын тигізді:

- еншілес «Altyn Bank» АҚ-тың акционерлік капиталындағы 60% сату туралы CITIC Bank и China Shuangwei Investment Co., Ltd. қытай инвесторларымен келісімге қол қою;
- ККБ-ның жай акцияларын – жалпы алғанда 96,81%-н сатып алу бойынша мәмілені аяқтау және оны 185 млрд теңге сомасында қосымша капиталдандыру.

2017 ж. 7 маусымда Банк «Altyn Bank» АҚ-тың акционерлік капиталындағы 60% сату туралы CITIC Bank и China Shuangwei Investment Co., Ltd-мен келісімге қол қойды. Қол жеткізілген уағдаластықтарды орындау мақсатында келісім тараптары бұдан бөлек Қазақстан Республикасының құзырлы органдарының қажетті келісімдерін алуы және осы тәрізді мәмілелер үшін қалыпты өзге талаптарды орындауы тиіс болады. «Altyn Bank» АҚ-тағы 60% үлесті сату бойынша мәмілені аяқтау 2018 жылдың бірінші жартыжылдығында жоспарланып отыр.

2017 ж. 5 шілдеде Банк ККБ-ның жай акцияларының 96,81%-н сатып алуды іске асырды. Сатып алу сәтінде ККБ тобының активтерінің мөлшері 3430 млрд теңгені құрады.

2017 ж. 12 шілдеде Банк артықшылықпен сатып алу құқығын жүзеге асырды және ККБ-ның жарғылық капиталындағы үлесті 98,79%-ға дейін арта отырып, 185 млрд теңге сомасына жай акцияларын сатып алды. 2017 ж. 15 қарашада ККБ 65 млрд теңгеге қосымша капиталдандырды, оның шеңберінде «АЛМЭКС» холдингтік тобы» АҚ қатысты. Қосымша құю ККБ-ның капиталының көлемін айтарлықтай арттыруға және реттеушілік нормаларға сәйкес келуін қамтамасыз етуге мүмкіндік берді, бұл сонымен қатар мақсатты көрсеткіштерге қол жеткізу үшін қажетті қолдауды қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Бұл оқиғалар «Halyk» тобының қаржы нарығындағы жайғасымын және дамуының негізгі басымдықтарын түбегейлі өзгертті, оңтайлы нұсқасы ККБ-ның Халық банкіне қосылу нысанындағы бірігуі деп танылған, екі банкті біріктіру бойынша іс-шараларды есепке ала отырып қолданыстағы Стратегияны түзетуді талап етті.

Мұндай ауқымдағы іс-шараны - ішкі және сыртқы ресурстардың елеулі тартылуын талап ететін, еліміздің ең ірі екі қаржы институтының бірігуі сияқты іс-шараны іске асыру үшін негізгі өзара тәуелділікті, әлеуетті тәуекелдерді және қаржылық нәтижелерді ескеретін, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ пен «Казкоммерцбанк» АҚ-ты біріктірудің егжей-тегжейлі бағдарламасы әзірленді. Біріктіру бағдарламасының жүзеге асырылуы 2018 жылы «Halyk» тобы қызметінің басым бағыты болады.

Бағдарламада көзделген іс-шаралардың аясында екі банктің барлық басқарушылық процестері мен жүйелерін – жоспарлау, бизнес процестер, жобалық басқару, қызметкерлер қызметінің тиімділігін басқару және ынталандыру жүйесін толық біріктіру жүзеге асырылатын болады.

Біріктіру бағдарламасы мынадай тапсырмаларды шешеді:

- Қазақстан экономикасын дамытуды қолдау үшін банк секторының негізіндегі жетекші платформаны Топ базасында құру;
- Клиенттер базасын сақтау мен ұлғайтуды есепке алумен барлық жүйелер мен қосымшалардың сенімділігін, тұрақтылығын және үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету жағдайында АТ технологияларын интеграциялау, Топтың бірыңғай ақпараттық кеңістік қалыптастыру;
- Халық Банк пен ККБ-дағы бизнес үдерістердің ішінен ең оңтайлысын таңдау, синергияға максималды қол жеткізу мақсатымен жаңа бизнес үдерістер әзірлеу;
- құрылған және орталықтандырылған бизнес үдерістерге негізделген, қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз етуге және операциялық шығындарды азайтуға бағытталған бірыңғай операциялық үлгі жасау;
- корпоративтік басқарудың ең үздік әлемдік тәжірибелері мен стандарттарын пайдаланатын тиімді, ашық, тұрақты және инновациялық банктік конгломерат жасау үшін корпоративтік басқарудың «Halyk» тобы үшін бірыңғай стандарттарына ККБ-ны ауыстыру;
- сыртқы ортаның өзгеруіне барабар және уақытылы әсер ететін біріктірілген белсенді тәуекел-менеджментті дамытуға тоғыстырылған, Топ қызметінің бизнес бағыттарының шоғырын және географиялық қамтылуын кеңейтуді есепке алып, тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру;
- пайданы арттыру арқылы акционерлік құнды көтеруге бағытталған Халық Банк пен ККБ-ны біріктіруден синергия нәтижесін барынша жақсарту.

Бағдарламаның жүзеге асырылуы – Топ қызметінің негізгі көрсеткіштерін жақсартуға, негізгі өнімдер бойынша нарық үлесінің айтарлықтай өсуіне, пайданы ұлғайтуға және нарық жағдайы нашарласа да қаржы көрсеткіштерін тұрақты ұстап тұруға жағдай жасайтын болады. Бұл сатылымның ең шоғырландырылған және тиімді процесі, бәсекелестердің ұсынысынан озатын ең күрделі өнімдерді енгізу арқылы қол жеткізілетін болады.

ККБ мен оның еншілес ұйымдарының «Halyk» тобына бірігуі Қазақстанның қаржы нарығындағы негізгі ойыншы ретінде Топты дамытудың жаңа кезеңіне өту үшін басталған жер болып табылады.

Сол мезетте Топ дамудың негізгі бағыттарын ұстанады және 2016-2018 жж. арналған стратегиялық циклы шеңберінде анықталған және қалыптастырылған бизнес тапсырмаларды жүзеге асырады, бизнестің әрбір бағыты үшін белгіленген табыстың негізгі индикаторларына жетуге талпынады. Топ жоспарланған стратегиялық бастамалармен жұмыс істеуді тоқтатпастан, 2017 жылдың сынтегеуріндерін сәтті орындап шықты.

Барлық белгіленген стратегиялық жоспарларды іске асырудың арқасында, сондай-ақ клиенттердің, серіктестер мен акционерлердің тарапынан қолдау көрсетудің арқасында Топ қойылған міндеттерді сәтті орындап шығатынына және де Қазақстанның қаржы жүйесінде беделді көшбасшы екенін және өзінің зор мүмкіншіліктерін дәлелдейтініне сенімдіміз.

2017 жылға аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілік (Тәуелсіз аудиторлардың есебін қоса алғанда), 2017 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулер.



ӘРҚАШАН АЛДА БОЛАТЫНДАР!

# 2017, 2016 ЖӘНЕ 2015 ЖЫЛДАРДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІ

18



# ӘРҚАШАН АЛДА БОЛАТЫНДАР!

**МҰЗЖАРҒЫШ**

Арктиканың шексіз мұз жазықтары қол жетпейтіндей көрінеді. Тек алып мұзжарғыштар ғана олардың мәңгі тыныштығын мұз қабаттарын бұзу, басқа кемелерге жол ашу арқылы ала алады. Тұмсығының тым өткір бөлігі бар бірегей конструкция, мықты корпус және қуатты ескіш винттар бұл алыптарға ең мықты мұздарды бұзуға мүмкіндік береді және де Арктиканың ең қол жетпес өңірлеріне жол ашып береді.

## 2017, 2016 ЖӘНЕ 2015 ЖЫЛДАРДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІ

ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ
HALYK BANK
НАРОДНЫЙ БАНК КАЗАХСТАНА

110
2017, 2016 ЖӘНЕ 2015 ЖЫЛДАРДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІН ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЖӨНІНДЕГІ БАСШЫЛЫҚ МӘЛІМДЕМЕСІ

111–113
ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІ

114
2017, 2016 ЖӘНЕ 2015 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ АХУАЛ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕПТЕР

115
2017, 2016 ЖӘНЕ 2015 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛГАН ЖЫЛДАР ІШІ ПАЙДА МЕН ЗИЯН ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕПТЕР

116
2017,2016 ЖӘНЕ 2015 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ ӨЗГЕ ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕПТЕР

117–119
2017, 2016 ЖӘНЕ 2015 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕПТЕР

120–121
2017, 2016 ЖӘНЕ 2015 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕПТЕР

122–194
2017, 2016 ЖӘНЕ 2015 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

# 2017, 2016 ЖӘНЕ 2015 ЖЫЛДАРДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІН ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЖӨНІНДЕГІ БАСШЫЛЫҚ МӘЛІМДЕМЕСІ

Басшылық «Қазақстан Халық Банкі» АҚ («Банк») және оның еншілес ұйымдарының (бірлесіп – «Топ») 2017, 2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанындағы мәліметке сәйкес қаржылық ахуалын, сондай-ақ Топтың осы аталған күндерде аяқталған жылдар іші қызметінің нәтижесін, ақша қаражатының қозғалысын және капиталы құрамындағы өзгерістерді сенімді көрсететін шоғырландырылған қаржы есептілігінің Халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына (бұдан әрі-«ХҚЕС») сәйкес әзірленуі үшін жауап береді.

Шоғырландырылған қаржы есептілігін дайындау кезінде басшылық мыналар үшін жауапты болады:

- есеп беру саясатының дұрыс қағидаттарының таңдалуы және олардың дұрыс қолданылуын қамтамасыз ету;
- ақпараттың, оның ішінде есеп беру саясаты туралы мәліметтердің осындай ақпараттың орындылығы, шынайылығы, салыстырмалылығы және түсініктілігін қамтамасыз ететін нысанда беру;
- ХҚЕС талаптарының орындалуы есептілікті пайдаланушылар үшін мәмілелер, сондай-ақ басқа да оқиғалар немесе талаптардың қайсысының болмасын Топ қызметінің шоғырландырылған қаржылық жағдайына және шоғырландырылған қаржылық нәтижелеріне тигізетін ықпалын түсіну үшін жеткіліксіз болатын жағдайларда қосымша ақпаратты ашу; және
- Топтың болжауға болатын болашақта өз қызметін жалғастыру қабілетін бағалау.

Басшылық сонымен қатар мыналарға жауапты болады:

- Топтың барлық кәсіпорындарында ішкі бақылаудың тұтастай алғанда тиімді әрі сенімді жүйесін әзірлеу, енгізу және қолдау көрсету;
- Топтың мәмілелерін ашуға және түсіндіруге, Топтың қаржылық жағдайы туралы кез келген күні жеткілікті деңгейдегі дәлдікпен ақпарат әзірлеуге және шоғырландырылған қаржы есептілігінің ХҚЕС талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін нысанда есеп жүйесін жүргізіп отыру;
- бухгалтерлік есепті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізу;
- Топ активтерінің сақталуын қамтамасыз ету үшін тиісті шаралар қабылдау; және
- қаржылық және өзге теріс пайдалану фактілерін анықтау және олардың алдын алу.

Топтың осы 2017, 2016 және 2015 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржы есептілігін Басқарма 2018 жылдың 7 наурызында бекіткен.

БАСҚАРМАНЫҢ АТЫНАН:

**ҮМІТ Б. ШАЯХМЕТОВА**
**Басқарма Төрайымы**

2018 жылғы 7 наурыз
Қазақстан, Алматы қ.

**ПАВЕЛ А. ЧЕУСОВ**
**Бас Бухгалтер**

2018 жылғы 7 наурыз
Қазақстан, Алматы қ.

# ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІ

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлеріне:

## ПІКІР

Біз 2017, 2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанындағы Қаржылық ахуал туралы шоғырландырылған есептерді және сол күні аяқталған жылдар іші пайда мен зиян, өзге жиынтық табыс пен ақша қаражатының қозғалысы және капиталдағы өзгерістер туралы шоғындырылған есепттерді, сондай-ақ есеп саясатының негізгі қағидаларын қоса шоғырландырылған қаржы есептілігіне ескертулерді қамтыған «Қазақстан Халық Банкі» акционерлік қоғамы мен оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі бірлесіп – «Топ») шоғырландырылған қаржы есептілігіне аудит жүргіздік.

Біздің пікірімізше, шоғырландырылған қаржы есептілігі барлық елеулі аспектілерде Топтың 2017, 2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдайын, сондай-ақ сол күні аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық нәтижелері және ақша қаражатының қозғалысын Халықаралық каржы есептілігі стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес шынайы көрсетеді.

## ПІКІР БІЛДІРУ ҮШІН НЕГІЗ

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына («ХАС») сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз қорытындының «Шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитіне қатысты аудиторлардың жауапкершілігі» бөлімінде көрсетілген. Кәсіби бухгалтерлердің әдеп кодексіне («Кодекс») және Қазақстан Республикасында қаржылық есептіліктің аудитіне қолданылатын әдептілік талаптарына сәйкес біз Топқа қатысты тәуелді емеспіз. Сондай-ақ біз осы талаптарда және Кодексте айқындалған басқа да әдептілік міндеттерімізді орындадық. Біз аудиторлық пікір білдіру үшін жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдер алдық деп ойлаймыз.

## МАҢЫЗДЫ ЖАҒДАЙЛАР

Біз «Казкоммерцбанк» АҚ-ның «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-на жоспарлы қосылуы сипатталған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 2-ескертпесіне назар аударамыз. Бұл біздің пікіріміздің өзгеруіне ықпалын тигізбеді.

## АУДИТТІҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аудиттің негізгі мәселелері – бұл, біздің кәсіптік пікірімізге сәйкес, есепті кезең іші шоғырландырылған каржылық есептіліктің аудиті үшін ең маңызды болған мәселелер. Бұл мәселелер шоғырландырылған каржылық есептіліктеріне біздің аудиттің мәліметінінде және де осы есептіліктер туралы біздің пікіріміздің қалыптасуында жалпы сипатта қаралды. Біз осы мәселелер бойынша жеке пікір білдірмейміз.

| БІЗ НЕГЕ МӘСЕЛЕНІ АУДИТ ҮШІН НЕГІЗГІ БОЛАДЫ ДЕП ЕСЕПТЕЙМІЗ? | АУДИТТІҢ ШЕҢБЕРІНДЕ НЕ ЖАСАЛДЫ? |
|---|---|
| **Жеке негізде бағаланатын құнсызданған қарыздар бойынша кірістерді мойындау және тиімді пайыздық мөлшерлемені есептеу**<br><br>Шоғырландырылған қаржылық есептілікке27-Ескертпеде көрсетілгендей, 2017 жылғы 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін жеке негізде бағаланатын құнсызданған қарыздар бойынша пайыздық кіріс 50,442 миллион теңгені құрады.<br><br>Жеке негізде бағаланатын құнсызданған қарыздар бойынша тиімді пайыздық мөлшерлемені қолданумен пайыздық кірісті мойындау процесі күрделі үрдіс болып табылады және күтілетін ақша ағындарының мерзімдері мен сомалары сияқты елеулі пайымдамаларға кез болатын негізгі бастапқы деректердің сапасына негізделеді.<br><br>Күрделілік туындауы салдарынан біз жеке негізде бағаланатын құнсызданған қарыздар бойынша тиімді пайыздық мөлшерлемені қолданумен пайыздық кірісті есептеу барысында қолданылатын бастапқы деректердің дәлдігі және толықтығы тәуекелін аудиттің негізгі мәселесі ретінде анықтадық. | Біз банктік жүйеде тиімді пайыздық мөлшерлемені есептеудің автоматтандырылған бақылауларын АТ-мамандарымен бірге сынақтан өткіздік.<br><br>Біз тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша пайыздық табысты есепке алудың арифметикалық дәлдігін 39 ХҚЕС (IAS) «Қаржылық құралдар: тану және бағалау» («ХҚЕС 39») талаптарына сәйкес, есептеуді қайта қолданып және таңдамалық негізде бухгалтерлік жазбалармен салыстыра отырып, сынақтан өткіздік.<br><br>Біз таңдап алу арқылы пайыздық табысты есептеу үшін негіз болып табылатын, келіп түсетін ақша ағындарының мерзімдері мен сомалары, тиімді пайыздық мөлшерлемені және құнсызданған қарыздың баланстық құнын қоса, бастапқы деректердің толықтығы мен дәлдігін сынақтан өткіздік.<br><br>Тестілеу барысында біз елеулі ауытқуларды таппадық. |
| **Ұжымдық негізде бағаланатын клиенттерге берілген қарыздардың құнсыздануы**<br><br>2017 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша клиенттер қарыздарының жалпы сомасы 3,568,263 миллион теңгені құрады, оның ішінде ұжымдық негізде бағаланатын клиенттерге берілген қарыздардың жалпы сомасы 1,190,802 миллион теңгені құрады, ол қарыздардың қорытынды жалпы сомасының 33% құрайды. 2017 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша осы бағалау нәтижесінде алынған құнсыздануға резервтердің сомасы 107,611 миллион теңгені құрады.<br><br>Басшылық, қарыздар бойынша құнсыздануға резервтерді қашан және де қандай мөлшерде мойындау қажеттілігін анықтау кезінде елеулі пайымдама қолдану қажет.<br><br>Ұжымдық негізде бағаланатын қарыздардың құнсыздану резервтері біз үшін маңызды мәселе болып табылады.<br><br>Ұжымдық негізде бағаланатын қарыздар бойынша қолданылатын дәл емес дереккөзі нәтижесінде резервтеу мөлшерлемесін есептеуде қате кету мүмкіндігі бар: қамтамасыз етудің құны және дефолт кезінде шығындар деңгейін (LGD) есептеуде қарыздарды қалпына келтіру статистикасы және дефолт ықтималдығын есептеуде қарыздарды мерзімінен кешіктіру күндері бойынша қарыздарды дәл емес үлестіру (PD). | Ұжымдық негізде бағаланатын қарыздарды резервтеу бойынша басшылықтың процесін түсінуге қол жеткіздік.<br><br>Ұжымдық негізде бағаланатын қарыздар бойынша резервтеу әдістемесінің дұрыстығын, сондай-ақ, үлгілерде қолданылатын дефолт болу ықтималы мен дефолт кезінде шығындар көрсеткіштерін қоса, негізгі жорамалдар мен дереккөздерін және бизнес пен стандарттардың талаптарын ескере отырып, талдамалық тұрғыдан 39 ХҚЕС (IAS) талаптарына сәйкес бағаладық.<br><br>Біз үлгілерде берілген кепілдердің құны, қарыздарды қалпына келтіру және төлеу мерзімінен кешіктіру күндері бойынша қарыздарды үлестіру сияқты статистикаға жүгіне отырып, бастапқы деректердің дәлдігін мен толықтығын тексердік.<br><br>Біз таңдамалы тұрғыда ұжымдық негізде бағаланатын қарыздар бойынша резервтеу үлгілерін қайта санадық.<br><br>Біз шоғырландырылған қаржы есептілікте клиенттерге берілген қарыздар бойынша |

Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 3- және 34- ескертпелерінде, ұжымдық негізде бағаланатын қарыздардың құнсыздану резервтерін есептеу бойынша Топтың саясатының сипаттамасы ұсынылған және жалпы қарыздардың баланстық құнымен қатар оның резервтері ашып көрсетілген.

ақпараттың өзектілігі мен толық ашылуын ХҚЕС стандарттарына сәйкес бағаладық.

Тестілеу барысында біз елеулі ауытқуларды таппадық.

**Клиенттерге берілген жеке маңызы бар қарыздардың жіктелуі және құнсыздануы**

Топ жүйесінде, жеке маңызы бар қарыздардың резервтеу көлемі «құнсызданған» немесе «құнсызданбаған» белгілері ретінде айтарлықтай пайымдаудан және қолмен өңдеуден өтетін жіктеу дәлдігіне байланысты.

Одан бөлек, жеке негізде бағаланатын қарыздардың құнсыздану резервтері дисконтталған ақша ағындарын талдаудың көмегімен есептелінеді және осылайша, жеке тұрғыда қарала отырып жоғары деңгейде қарыз алушының операциялық қызметінен және кепіл мүлкін сатудан түсетін ақша ағындарына қатысты қолданылатын жорамалдарға тәуелділікті болжайды.

Жеке негізде бағаланатын қарыздарға резервтердің және күтілетін ақша ағындарын бағалауда субъективтілік дәрежесінің маңыздылығына байланысты біз аудиттің негізгі мәселесі ретінде құнсызданған қарыздар дұрыс емес, құнсызданбаған сияқты жіктелуі ықтималдығы, сәйкесінше, ол резервтердің деңгейіне әсерін тигізу тәуекелін белгіледік.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке 34-ескертпеде жеке маңызы бар қарыздар бойынша құнсыздану көрсеткіштерінің сипаттамасы бар және жалпы баланстық құны мен осындай қарыздарға тиісті резервтері ашып көрсетілген.

Біз қарыздарды резервтеу бойынша, атап айтқанда, деректерді жинау бойынша, олардың жіктелуімен қоса, клиенттерге қарыздар бойынша мониторинг пен есептілік жөніндегі процесті, процестің бөлігі ретінде кез келген қолмен жасалатын енгізуді бірге түсініп, процесті бағаладық.

Біз таңдап алу арқылы «құнсызданбаған» болып жіктелген қарыздар үшін 39 ХҚЕС (IAS) талап ететін, есепке алынған пайыздық табысты немесе негізгі борышты төлеу кезінде мерзімінен кешіктіру, қайта құрылымдау мен қаржылық көрсеткіштердің нашарлауы сияқты түрлі құнсыздану индикаторларын олар тиісті түрде жіктелгенін тексеру үшін, зерттедік.

Қарыздар бойынша белгілі бір провизиялар үшін біз таңдап алу арқылы ХҚЕС (IAS) 39 талаптарына сәйкес есепті күнге резерв құру дұрыстығын, Топ құжаттандырған қарыз алушылардың кредит төлеу қабілетінін шолуды, болашақ ақша ағындарын болжау бойынша жорамалдарды тексеруді және кепіл мүлкін бағалауды қоса алғанда, тексеруін жүргізді.

Тестілеу барысында біз елеулі ауытқуларды таппадық.

**Бизнесті біріктіру**

2017 ж. шілдеде Топ «Казкоммерцбанк» АҚ-та бақылаушы үлесті сатып алды, бұл Топ үшін елеулі сатып алу болды.

Біз бұл сатып алуды аудиттің негізгі мәселесі ретінде белгіледік, өйткені транзакцияны есепке алу күрделі болып, сатып алынған активтер мен міндеттемелердің әділ құнын анықтау сияқты субъективті мәселелерді қамтыды.

Шоғырландырылған қаржы есептілікке 5-ескертпеде бизнесті біріктіру туралы ақпарат берілген.

Біз басшылықтың кәсіпорындарды сатып алуға, сатып алу бағасын таркату мен бизнесті біріктіруді есепке алуға байланысты процесін түсіндік.

Біз Топтың бизнесті біріктіру бойынша есепке алу саясатын ХҚЕС (IFRS) 3 «Бизнесті біріктіру» («ХҚЕС 3») талаптарымен салыстырдық.

Біз бағалау жөнінде мамандардың көмегімен клиенттерге берілген қарыздарды бағалауды пайдаланылатын, болашақ ақша ағындарды бағалау сияқты басшылық қолданған негізгі жорамалдарды, клиенттер қаражатынан өндірілетін пайыздық мөлшерлемелерді және шығарылған борыштық қағаздар үшін бағалау әдістерді анықтадық.

Біз сатып алынған активтер мен міндеттемелердің әділ құнын анықтау кезінде қолданылатын басшылықтың жомаралдары біздің болжалдардың диапазонында орналасқанын анықтадық.

Біз шоғырландырылған қаржы есептелiктегі бизнесті біріктіруге байланысты ақпараттың ашылуын ХҚЕС (IFRS) 3 талаптарымен салыстырдық.

Тестілеу барысында біз елеулі ауытқуларды таппадық.

## ӨЗГЕ АҚПАРАТ – ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

Басшылық өзге ақпарат үшін жауапты. Өзге ақпарат, шоғырландырылған қаржылық есептіліктен және ол туралы біздің аудиторлық қорытындыдан басқа, жылдық есептегі ақпарат болып саналады. Біз жылдық есеп бізге осы аудитор есебінің күнінен кейін ұсынылады деп болжаймыз.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік жөнінде біздің пікіріміз өзге ақпаратқа тарамайды және де біз осы ақпарат бойынша қандай да бір сенімділіктің қандай да бір нысанын білдірмейміз.

ВШоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудитін жүргізуге байланысты біз өзге ақпаратпен ол бізге ұсынылған кезде, танысуға міндеттіміз. Танысу барысында біз өзге ақпаратты шоғырландырылған қаржылық есептіліктің біз аудит барысында алған білімге, елеулі сәйкессіздіктер, сондай-ақ басқа да ықтимал бұрмалаушылық бойынша қараймыз.

Егер жылдық есеппен танысу барысында біз ондағы өзге ақпарат елеулі бұрмаланған деген пікірге келетін болсақ, біз ол туралы корпоративтік басқаруға жауапты тұлғаларға хабарлауға міндеттіміз.

## ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІ ҮШІН БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУҒА ЖАУАПТЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Басшылық шоғырландырылған қаржылық есептілікті ХҚЕС-ке сәйкес әзірлеу және нанымды ұсыну үшін және басшылық шоғырландырылған қаржылық есептілікті әзірлеу үшін қажетті деп санайтын, жосықсыз әрекеттер мен қателер салдарынан орын алатын елеулі бұрмалаулары жоқ ішкі бақылау жүйесі үшін жауап береді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті әзірлеу кезінде басшылық Топтың қызметті үздіксіз жалғастыруға қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда

қызметтің үздіксіздігіне жататын мәліметтерді ашу үшін, және де, басшылық Топты таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниетті немесе басшылықта Топты таратудың, оның қызметін тоқтатудың баламасы болмаған жағдайларды қоспағанда, қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде есептілікті құрастыру үшін жауап береді.

Корпоравтивтік басқару үшін жауапты тұлғалар Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін әзірлеуді қадағалау үшін жауап береді.

## ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІ ҮШІН АУДИТОРЛАР ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Біздің мақсат шоғырландырылған қаржылық есептілікте жосықсыз әрекеттер мен қателер салдарынан орын алған елеулі бұрмалаушылықтар берілмегені жөнінде қисынды сенімділіктен және біздің пікіріміз берілген аудитор есебін шығарудан тұрады. Қисынды сенімділік – бұл сенімділіктің жоғары дәрежесі, бірақ ол ХАС-қа сәйкес жүргізілген аудит елеулі бұрмалаушылықтарды, олар болған жағдайда, әрқашан анықтайтынына кепілдік бере алмайды. Бұрмалаушылықтар жосықсыз әрекеттер немесе қателердің нәтижесінде орын алуы мүмкін және де олар жекеше түрде немесе олардың жиынтығы түрінде шоғырландырылған қаржылық есептіліктің негізінде қабылданатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсерін тигізуі мүмкін деп дәлелді түрде болжауға болса, олар елеулі болып есептеледі.

ХАС-қа сәйкес жүргізілетін аудиттің шеңберінде біз кәсіби пайымды қолданып, бүкіл аудиттің барысында кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Одан басқа біз:

- Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің жосықсыз әрекеттер немесе қателер салдарынан орын алған елеулі бұрмалаушылықтары тәуекелдерін анықтап, бағалаймыз, осындай тәуекелдеріне жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлеп, жүргіземіз, біздің пікірімізді білдіру үшін жеткілікті және тиісті түрде берілген аудиторлық дәлелін аламыз. Жосықсыз әрекеттер нәтижесінде орын алған елеулі бұрмалаушылықты анықтай алмау тәуекелі қатенің нәтижесінде орын алған елеулі бұрмалаушылықты анықтай алмау тәуекелінен әлде-қайда жоғары, өйткені жосықсыз әрекеттер келісуден, жалған құжаттар ұсынуда, әдейі қалдырып кетуден, ақпаратты әдейі бұрмалап ұсынудан және қолданыстағы ішкі бақылау жүйесін айналып өтетін әрекеттерден тұруы мүмкін;
- Жағдайларға сәйкес аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында, алайда Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі жөнінде пікір білдіру үшін емес, аудит үшін маңызды ішкі бақылауларды түсінеміз;
- Қолданылатын есептік саясаттың тиісті сипатын және бухгалтерлік бағалардың негізділілігін және де басшылық дайындаған ақпараттың тиісті түрде ашылуын бағалаймыз;
- басшылықтың қызмет үздіксіздігі туралы жорамалды қолдану орындылығы туралы қорытынды шығарамыз, ал, алынған аудиторлық дәлелдер негізінде – олардың нәтижесінде Топтың қызметі үздіксіз жалғастыру қабілеті елеулі күмән тудыратын оқиғалар мен жағдайларға байланысты, айтарлықтай белгісіздіктің болуы туралы қорытынды. Егер біз айтарлықтай белгісіздіктің болуы туралы қорытындыға келсек, аудиторлық есепте шоғырландырылған қаржылық есептілікте ақпараттың тиісті түрде ашылуына назар аударуымыз қажет немесе тиісті түрде ашылмаған жағдайда, пікірімізді өзгертуіміз қажет. Біздің қорытындылар аудиторлық қорытындының күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделеді. Алайда болашақ оқиғалар мен жағдайлар Топтың қызметті үздіксіз жалғастыру қабілетін жоғалтуға әкеліп соғуы мүмкін;
- Шоғырландырылған қаржылық есептілікті ұсынуды, оның құрылымы мен мазмұнын, соның ішінде ақпаратты ашуын, сондай-ақ оның негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды ұсынудың нанымдылығын қамтамасыз етудің жалпы бағалауын жүргіземіз;
- Шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікір білдіру үшін Топ компанияларының қаржылық ақпараты және олардың қызметі бойынша жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдерін аламыз. Біз Топтың аудитин жүргізу, басқару және бақылау үшін жауап береміз. Біз аудиторлық пікіріміз үшін толықтай жауап береміз.

Біз корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғаларға аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері жөнінде, сондай-ақ аудит барысында анықталған елеулі проблемалар, соның ішінде ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы хабардар етеміз.

Біз сондай-ақ корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғаларға біздің аудиторлық тәуелсіздікке қатысты барлық қолданылатын этикалық талаптарды сақтау туралы мәлімдемені ұсынамыз және де негіздемелік түрде аудиторлардың тәуелсіздігіне әсерін тигізеді деп есептеуге болатын барлық сұрақтар туралы, ал қажет болған жағдайларда – қабылданған қауіпсіздік шаралары туралы хабардар етеміз.

Корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғаларды біз хабардар еткен сұрақтардың ішінен, біз аудиттің негізгі мәселелерін - есепті кезең үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін ең маңызды сұрақтарды анықтаймыз.

| | | |
|---|---|---|
| **ЖӘҢГІР ЖЫЛЫСБАЕВ** | **МАРК СМИТ** | **НҰРЛАН БЕКЕНОВ** |
| Қазақстан Республикасының Білікті аудиторы 2012 жылғы 22 қарашадағы №МФ-0000116 аудитордың біліктілік куәлігі | Тапсырма бойынша әріптес Шотландияның лицензияланған бухгалтерлер институтының лицензияланған бухгалтері № M21857 лицензия Глазго, Шотландия | «Делойт» ЖШС Бас директоры |

«Делойт» ЖШС
Қазақстан Республикасында аудиторлық қызмет атқаруға мемлекеттік лицензия
№ 0000015, сериясы МФЮ-2,
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі 2006 жылғы 13 қыркүйекте берген

2018 жылғы 7 наурыз
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

# 2017, 2016 ЖӘНЕ 2015 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ АХУАЛ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕПТЕР
(миллион Теңгемен)

| АКТИВТЕР | ЕСКЕРТ-ПЕЛЕР | 2017 жылғы 31 желтоқсан | 2016 жылғы 31 желтоқсан | 2015 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|---|
| Ақша қаражаты және оның баламалары | 6 | 1,780,548 | 1,774,519 | 1,404,680 |
| Міндетті резервер | 7 | 111,039 | 76,122 | 68,389 |
| Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері | 8 | 144,976 | 328,737 | 177,070 |
| Кредит мекемелеріндегі қаржы | 9 | 87,736 | 35,542 | 44,993 |
| Сатуға арналған, қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар | 10 | 2,565,425 | 599,624 | 378,520 |
| Бағалы металдар | | 5,111 | 1,684 | 2,436 |
| Клиенттерге берілген қарыздар | 11, 38 | 3,251,102 | 2,319,583 | 2,176,069 |
| Инвестициялық жылжымайтын мүлік | 12 | 37,517 | 30,146 | 24,658 |
| Коммерциялық жылжымайтын мүлік | 13 | 48,774 | 10,202 | 9,632 |
| Ағымдағы салық активтері | 23 | 15,320 | 3,222 | 16,469 |
| Кейінге қалдырылған салық активтері | 23 | 517 | 831 | 1,919 |
| Жылжымайтын мүлік үйлер мен жабдықтар | 14 | 137,684 | 94,897 | 82,462 |
| Материалдық емес активтер | 15 | 8,251 | 9,179 | 8,659 |
| Іскерлік бедел | | 3,085 | 4,954 | 4,954 |
| Сақтандыру активтері | 17 | 40,162 | 28,354 | 23,857 |
| Өзге активтер | 18 | 68,129 | 20,590 | 18,766 |
| | | 8,305,376 | 5,338,186 | 4,443,533 |
| Сатуға арналған активтер | 16 | 552,405 | 10,297 | 11,405 |
| **БАРЛЫҚ АКТИВТЕР** | | **8,857,781** | **5,348,483** | **4,454,938** |

| МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ | ЕСКЕРТ-ПЕЛЕР | 2017 жылғы 31 желтоқсан | 2016 жылғы 31 желтоқсан | 2015 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|---|
| МІНДЕТТЕМЕЛЕР | | | | |
| Клиенттер қаржысы | 19, 38 | 6,131,750 | 3,820,662 | 3,043,731 |
| Кредиттік ұйымдардың қаржысы | 20 | 255,151 | 162,134 | 168,258 |
| Пайда немесе шығын арқылы әділ құнмен бағаланатын қаржы міндеттемелері | 8 | 5,831 | 2,841 | 5,593 |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | 21 | 962,396 | 584,933 | 597,525 |
| Ағымдағы салық міндеттемесі | 23 | 2,720 | 3,311 | 379 |
| Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі | 23 | 8,789 | 23,181 | 37,362 |
| Резервтер | 22 | 16,098 | 987 | 982 |
| Сақтандыру міндеттемелері | 17 | 139,543 | 64,374 | 50,983 |
| Өзге міндеттемелер | 24 | 66,419 | 20,467 | 20,197 |
| | | 7,588,697 | 4,682,890 | 3,925,010 |
| Сатуға арналған активтерге тікелей қатысты міндеттемелері | 16 | 334,627 | - | - |
| **БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР** | | **7,923,324** | **4,682,890** | **3,925,010** |
| КАПИТАЛ | | | | |
| Жарғылық капитал | 25 | 143,695 | 143,695 | 143,695 |
| Эмиссиялық табыс | | 1,839 | 1,911 | 2,039 |
| Құны өтеліп сатып алынған өз акциялары | | (104,234) | (103,121) | (103,175) |
| Бөлінбеген пайда және өзге резервтер | | 820,716 | 623,108 | 487,369 |
| | | 862,016 | 665,593 | 529,928 |
| Бақыламайтын үлес | | 72,441 | - | - |
| **БАРЛЫҚ КАПИТАЛ** | | **934,457** | **665,593** | **529,928** |
| **БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР МЕН КАПИТАЛ** | | **8,857,781** | **5,348,483** | **4,454,938** |

БАСҚАРМАНЫҢ АТЫНАН:

ҮМІТ Б. ШАЯХМЕТОВА
Басқарма Төрайымы

2018 жылғы 7 наурыз
Қазақстан, Алматы қ.

ПАВЕЛ А. ЧЕУСОВ
Бас Бухгалтер

2018 жылғы 7 наурыз
Қазақстан, Алматы қ.

122-194 беттеріндегі ескертпелер осы шоғырландырылған есептіліктің ажыратылмас бөлігі болып табылады.

# 2017, 2016 ЖӘНЕ 2015 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ ПАЙДА МЕН ЗИЯН ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕПТЕР

(миллион Теңгемен, теңгемен берілген акция бойынша пайданы қоспағанда)

| ЖАЛҒАСЫП ОТЫРҒАН ҚЫЗМЕТ | ЕСКЕРТ-ПЕЛЕР | 2017 жылғы 31желтоқсанда аяқталған жыл | 2016 жылғы 31желтоқсанда аяқталған жыл* | 2015 жылғы 31желтоқсанда аяқталған жыл* |
|---|---|---|---|---|
| Пайыздық кіріс | 27, 38 | 506,328 | 332,563 | 244,040 |
| Пайыздық шығыс | 27, 38 | (257,805) | (160,549) | (100,678) |
| ҚҰНСЫЗДАНУ РЕЗЕРВІНЕ БӨЛІНГЕНГЕ ДЕЙІНГІ ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ КІРІС | 27 | 248,523 | 172,014 | 143,362 |
| Құнсыздану резервін жасау | 22 | (67,302) | (25,308) | (11,280) |
| ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ КІРІС | | 181,221 | 146,706 | 132,082 |
| Қызметтер және комиссиялар бойынша кірістер | 28 | 87,640 | 57,697 | 51,918 |
| Қызметтер және комиссиялар бойынша шығыстар | 28 | (26,732) | (11,295) | (10,150) |
| Қызметтер және комиссиялар бойынша таза кірістер | | 60,908 | 46,402 | 41,768 |
| Пайда немесе зиян арқылы әділ құнмен бағаланатын қаржы активтері мен міндеттемелер бойынша таза пайда/(зиян) | 29 | 31,423 | (12,710) | 197,930 |
| Қолда бар инвестициялық бағалы қағаздардан түскен таза пайда/(зиян) | | 1,064 | 2,623 | (246) |
| Шетел валютасымен операциялардан түсетін таза пайда/(зиян) | 30 | (4,949) | 18,506 | (173,259) |
| Сақтандыру қызметінен түсетін кірістер | 31 | 55,108 | 28,071 | 25,574 |
| Өзге кірістер | | 23,618 | 6,486 | 8,700 |
| ӨЗГЕ ПАЙЫЗДЫҚ ЕМЕС КІРІСТЕР | | 106,264 | 42,976 | 58,699 |
| Операциялық шығыстар | 32 | (107,352) | (66,995) | (65,395) |
| Сатуға арналған активтердің құнсыздануынан зиян | 16 | (4,978) | (1,564) | - |
| Резервтерді қалпына келтіру /(жасау) | 22 | 1,737 | (44) | (368) |
| Қайта сақтандыру шегерілгеннен кейінгі жұмсалған сақтандыру төлемі | 17, 31 | (48,615) | (24,799) | (22,793) |
| ПАЙЫЗДЫҚ ЕМЕС ШЫҒЫСТАР | | (159,208) | (93,402) | (88,556) |

| ЖАЛҒАСЫП ОТЫРҒАН ҚЫЗМЕТ | ЕСКЕРТ-ПЕЛЕР | 2017 жылғы 31желтоқсанда аяқталған жыл | 2016 жылғы 31желтоқсанда аяқталған жыл* | 2015 жылғы 31желтоқсанда аяқталған жыл* |
|---|---|---|---|---|
| САЛЫҚ САЛЫНҒАНҒА ДЕЙІНГІ ПАЙДА | | 189,185 | 142,682 | 143,993 |
| Пайда салығы бойынша шығыс | 23 | (25,598) | (22,183) | (30,411) |
| ЖЫЛ ІШІНДЕ ЖАЛҒАСЫП ОТЫРҒАН ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН ПАЙДА | | 163,587 | 120,499 | 113,582 |
| **ТОҚТАТЫЛҒАН ҚЫЗМЕТ** | | | | |
| Жыл ішінде тоқтатылған қызметтен түскен пайда | 16 | 9,876 | 10,913 | 6,730 |
| **ТАЗА ПАЙДА** | | **173,463** | **131,412** | **120,312** |
| Келесілерге қатысты: | | | | |
| Бақыламайтын үлеске | | 101 | - | - |
| Жай акционерлерге | | 173,362 | 131,412 | 118,913 |
| Артықшылықты акционерлерге | | - | - | 1,399 |
| | | 173,463 | 131,412 | 120,312 |
| АКЦИЯ БОЙЫНША ПАЙДА (теңгемен) | 33 | | | |
| Акция бойынша базалық пайда | | 15.77 | 11.96 | 10.67 |
| Акция бойынша таратылған пайда | | 15.77 | 11.95 | 10.16 |
| Жалғасып отырған қызметтен түсетін акция бойынша базалық пайда | | 14.88 | 10.99 | 10.41 |
| Жалғасып отырған қызметтен түсетін акция бойынша таратылған пайда | | 14.88 | 10.99 | 10.36 |

* «Алтын Банк» АҚ-ты тоқтатылған қызмет ретінде ұсынылғанға байланысты қайта саналды. Қосымша ақпарат үшін 16-Қосымшаны қараңыз.

БАСҚАРМАНЫҢ АТЫНАН:

ҮМІТ Б. ШАЯХМЕТОВА
Басқарма Төрайымы

2018 жылғы 7 наурыз
Қазақстан, Алматы қ.

ПАВЕЛ А. ЧЕУСОВ
Бас Бухгалтер

2018 жылғы 7 наурыз
Қазақстан, Алматы қ.

122-194 беттеріндегі ескертпелер осы шоғырландырылған есептіліктің ажыратылмас бөлігі болып табылады.

# 2017,2016 ЖӘНЕ 2015 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ ӨЗГЕ ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕПТЕР
(миллион Теңгемен)

| | 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл | 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл | 2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл |
|---|---|---|---|
| Таза пайда | 173,463 | 131,412 | 120,312 |
| САЛЫҚ ШЕГЕРІЛГЕННЕН КЕЙІНГІ ӨЗГЕ ЖИЫНТЫҚ КІРІС/(ЗИЯН)<br>**Кейінінен пайда мен шығындардың құрамына қайта жіктестірілмейтін баптар:**<br>Жылжымайтын мүлікті қайта бағалаудан (зиян)/пайда (2017, 2016 және 2015 жылғы– шегерілген салық – 222 миллион теңге, 192 миллион теңге, нөл теңге) | (113) | 539 | 56 |
| **Кейінінен пайда мен зияндар құрамына қайта жіктелуі мүмкін баптар:**<br>Сатуға арналған, қолда бар инвестициялық бағалы қағаздарды қайта бағалаудан пайда/зиян (2017, 2016 және 2015 жылғы – шегерілген салықпен – нөл теңге) | 33,733 | 7,131 | (14,529) |
| Сатуға арналған, қолда бар инвестициялық бағалы қағаздардың шығуының нәтижесінде пайда мен зияндардың құрамына қайта жіктелді (2015, 2014 және 2013 жылғы- шегерілген салықпен – нөл теңге) | (1,064) | (2,623) | 246 |
| Сатуға арналған, қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар құнсызДануының нәтижесінде пайда мен зияндардың құрамына қайта жіктелді (2017, 2016 және 2015 жылғы - шегерілген салықпен – нөл теңге) | (1,141) | (783) | 4,171 |
| Шетелдік қызметті қайта есептеудің бағамдық айырмасы (2017, 2016 және 2015 жылғы - шегерілген салықпен – нөл теңге) | 1,473 | 402 | 5,540 |
| Бір жыл іші жиынтық кіріс/(зиян) | 32,888 | 4,666 | (4,516) |
| **БІР ЖЫЛ ІШІ ЖИЫНТЫҚ КІРІС, БАРЛЫҒЫ** | **206,351** | **136,078** | **115,796** |
| Мыналарға қатысты: | | | |
| Бақыламайтын үлеске | 2,942 | - | - |
| Жай акционерлерге | 203,409 | 136,078 | 114,449 |
| Артықшылықты акционерлерге | - | - | 1,347 |
| | **206,351** | **136,078** | **115,796** |

БАСҚАРМАНЫҢ АТЫНАН:

ҮМІТ Б. ШАЯХМЕТОВА
Басқарма Төрайымы

2018 жылғы 7 наурыз
Қазақстан, Алматы қ.

ПАВЕЛ А. ЧЕУСОВ
Бас Бухгалтер

2018 жылғы 7 наурыз
Қазақстан, Алматы қ.



122-194 беттеріндегі ескертпелер осы шоғырландырылған есептіліктің ажыратылмас бөлігі болып табылады.

# 2017, 2016 ЖӘНЕ 2015 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕПТЕР

(миллион Теңгемен)

| | Жарғылық капитал Жай акциялар | Эмиссиялық кіріс | Өтеуі төлеп сатып алынған өз акциялары | Бағамдық айырма қоры* | Сатуға арналған, қолда бар инвестиц. бағалы қағаздарды қайта бағалау резерві* | Жылжымай-тын мүлікті қайта бағалау резерві* | Бөлінбеген пайда* | Барлық капитал | Бақыламай-тын үлес | Барлық капитал |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2016 жылғы 31 желтоқсан | 143,695 | 1,911 | (103,121) | 5,097 | (15,679) | 16,609 | 617,081 | 665,593 | - | 665,593 |
| Таза пайда | - | - | - | - | - | - | 173,362 | 173,362 | 101 | 173,463 |
| Өзгі жиынтық кіріс | - | - | - | 1,473 | 28,687 | (113) | - | 30,047 | 2,841 | 32,888 |
| **ӨЗГЕ ЖИЫНТЫҚ КІРІС** | **-** | **-** | **-** | **1,473** | **28,687** | **(113)** | **173,362** | **203,409** | **2,942** | **206,351** |
| Өз акцияларын сатып алу | - | (72) | (1,675) | - | - | - | - | (1,747) | - | (1,747) |
| Өтеуі төлеп алынған өз акцияларын сату | - | - | 562 | - | - | - | - | 562 | - | 562 |
| Сақтандырушыларға сақтандыру бонустары | - | - | - | - | - | - | (171) | (171) | - | (171) |
| «Казкоммерцбанк» АҚ-тың қосымша жарғылық капиталын сатып алу | - | - | - | - | - | - | (1,387) | (1,387) | 7 | (1,380) |
| «Казкоммерцбанц» АҚ-тың акцияларын «АЛМЭКС» холдингтік тобы» АҚ-қа сату (2-ескертпе) «Казкоммерцбанк» АҚ | - | - | - | - | - | - | (4,243) | (4,243) | 69,492 | 65,249 |
| Бұрын қайта бағаланған жылжымайтын мүліктің тозуы және шығып қалуы нәтижесінде жылжымайтын мүліктің қайта бағалау резервін есептен шығару | - | - | - | - | - | (1,026) | 1,026 | - | - | - |
| **31 ДЕКАБРЯ 2017 Г.** | **143,695** | **1,839** | **(104,234)** | **6,570** | **13,008** | **15,470** | **785,668** | **862,016** | **72,441** | **934,457** |

# 2017, 2016 ЖӘНЕ 2015 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕПТЕР (ЖАЛҒАСЫ)

(миллион Теңгемен)

| | ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛ | | | | ӨТЕУІ ТӨЛЕП САТЫП АЛЫНҒАН ӨЗ АКЦИЯЛАР | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Жай акциялар | Айырбас-талмайтын артықшы-лықты акциялар | Айырбас-талатын артықшы-лықты акциялар | Эмиссиялық кіріс | Жай акциялар | Артықшы-лықты акциялар | Бағамдық айырма қоры* | Сатуға арналған, қолда бар инвестиц. бағалы қағаздарды қайта бағалау резерві* | Жылжымай-тын мүлікті қайта бағалау резерві* | Бөлінбеген пайда* | Барлық капитал |
| 2015 жылғы 31 желтоқсан | 83,571 | 46,891 | 13,233 | 2,039 | (39,974) | (63,201) | 4,695 | (19,404) | 16,416 | 485,662 | 529,928 |
| Таза пайда | - | - | - | - | - | - | - | - | - | 131,412 | 131,412 |
| Өзге жиынтық кіріс | - | - | - | - | - | - | 402 | 3,725 | 539 | - | 4,666 |
| **БАРЛЫҚ ЖИЫНТЫҚ КІРІС** | **-** | **-** | **-** | **-** | **-** | **-** | **402** | **3,725** | **539** | **131,412** | **136,078** |
| Өз акцияларын сатып алу | - | - | - | (32) | (427) | - | - | - | - | - | (459) |
| Өтеуі төлеп алынған өз акцияларын сату | - | - | - | - | 481 | - | - | - | - | - | 481 |
| Дивидендтер – артықшылықты акциялар | - | - | - | - | - | - | - | - | - | (333) | (333) |
| Артықшылықты акцияларды жай акцияларға айырбастау | 60,124 | (46,891) | (13,233) | (96) | (63,201) | (63,201) | - | - | - | - | (96) |
| Сақтандырушыларға сақтандыру бонустары | - | - | - | - | - | - | - | - | - | (6) | (6) |
| Бұрын қайта бағаланған жылжымайтын мүліктің тозуы және шығып қалуы нәтижесінде жылжымайтын мүліктің қайта бағалау резервін есептен шығару | - | - | - | - | - | - | - | - | (346) | 346 | - |
| **2016 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН** | **143,695** | **-** | **-** | **1,911** | **(103,121)** | **-** | **5,097** | **(15,679)** | **16,609** | **617,081** | **665,593** |

2017, 2016 ЖӘНЕ 2015 ЖЫЛДАРДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІ

# 2017, 2016 ЖӘНЕ 2015 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕПТЕР (ЖАЛҒАСЫ)

(миллион Теңгемен)

| | ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛ | | | | ӨТЕУІ ТӨЛЕП САТЫП АЛЫНҒАН ӨЗ АКЦИЯЛАР | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Жай акциялар | Айырбас-талмайтын артықшы-лықты акциялар | Айырбас-талатын артықшы-лықты акциялар | Эмиссиялық кіріс | Жай акциялар | Артықшы-лықты акциялар | Бағамдық айырма қоры* | Сатуға арналған, қолда бар инвестиц. бағалы қағаздарды қайта бағалау резерві* | Жылжымай-тын мүлікті қайта бағалау резерві* | Бөлінбеген пайда* | Барлық капитал |
| 2014 жылғы 31 желтоқсан | 83,571 | 46,891 | 13,233 | 1,439 | (39,973) | (39,021) | (845) | (9,292) | 17,341 | 401,877 | 475,221 |
| Таза пайда | - | - | - | - | - | - | - | - | - | 120,312 | 120,312 |
| Өзге жиынтық кіріс/(зиян) | - | - | - | - | - | - | 5,540 | (10,112) | 46 | 10 | (4,516) |
| **БАРЛЫҚ ЖИЫНТЫҚ КІРІС/(ЗИЯН)** | **-** | **-** | **-** | **-** | **-** | **-** | **5,540** | **(10,112)** | **46** | **120,322** | **115,796** |
| Өз акцияларын сатып алу | - | - | - | (319) | (9) | (24,180) | - | - | - | - | (24,508) |
| Өтеуі төлеп алынған өз акцияларын сату | - | - | - | 919 | 8 | - | - | - | - | (708) | 219 |
| Дивидендтер – артықшылықты акциялар | - | - | - | - | - | - | - | - | - | (2,543) | (2,543) |
| Дивидендтер – жай акциялар | - | - | - | - | - | - | - | - | - | (34,257) | (34,257) |
| Бұрын қайта бағаланған жылжымайтын мүліктің тозуы және шығып қалуы нәтижесінде жылжымайтын мүліктің қайта бағалау резервін есептен шығару | - | - | - | - | - | - | - | - | (971) | 971 | - |
| **2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН** | **83,571** | **46,891** | **13,233** | **2,039** | **(39,974)** | **(63,201)** | **4,695** | **(19,404)** | **16,416** | **485,662** | **529,928** |

*Бұл сомалар Қаржылық ахуал туралы шоғырландырылған есептің Бөлінбеген пайда және өзге резервтер бабына енгізілген.

БАСҚАРМАНЫҢ АТЫНАН:

ҮМІТ Б. ШАЯХМЕТОВА
Басқарма Төрайымы

2018 жылғы 7 наурыз
Қазақстан, Алматы қ.

ПАВЕЛ А. ЧЕУСОВ
Бас Бухгалтер

2018 жылғы 7 наурыз
Қазақстан, Алматы қ.

122-194 беттеріндегі ескертпелер осы шоғырландырылған есептіліктің ажыратылмас бөлігі болып табылады.

# 2017, 2016 ЖӘНЕ 2015 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕПТЕР
(миллион Теңгемен)

| | Ескертпелер | 2017 жылғы 31желтоқсанда аяқталған жыл | 2016 жылғы 31желтоқсанда аяқталған жыл | 2015 жылғы 31желтоқсанда аяқталған жыл |
|---|---|---|---|---|
| **ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ БОЙЫНША АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:** | | | | |
| Пайда немесе шығын арқылы әділ құнмен бағаланатын қаржы активтерінен алынған пайыздар | | 2,348 | 124 | 109 |
| Ақша қаражат пен оның баламасынан және кредит мекемелеріндегі қаржыдан алынған пайыздар | | 23,610 | 13,732 | 5,972 |
| Сатуға арналған, қолда бар инвестициялық бағалы қағаздардан алынған пайыздар | | 23,730 | 17,684 | 23,378 |
| Өтелгенге дейін ұсталатын инвестициялардан алынған пайыздар | | - | 1,201 | - |
| Клиенттерге берілген қарыздардан алынған пайыздар | | 315,392 | 255,539 | 199,298 |
| Клиенттер қаржысы бойынша төленген пайыздар | | (201,006) | (116,406) | (63,712) |
| Кредит мекемелерінің қаржысы бойынша төленген пайыздар | | (4,213) | (7,596) | (5,081) |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша төленген пайыздар | | (63,365) | (47,828) | (26,113) |
| Алынған комиссиялар | | 86,662 | 58,498 | 53,280 |
| Төленген комиссиялар | | (26,214) | (12,009) | (10,837) |
| Сақтандыру қызметінен алынған кіріс | | 49,056 | 23,994 | 21,636 |
| Қайта сақтандырушыға берілген сақтандыру сыйақылары | | (2,374) | (2,660) | (2,439) |
| Туынды қаржы құралдарынан түсімдер/(төлемдер) | | 11,955 | (10,592) | 39,122 |
| Алынған өзге кіріс | | 23,618 | 6,384 | 8,595 |
| Төленген операциялық шығыстар | | (87,001) | (67,580) | (62,789) |
| Сақтандыруға төленген төлемдер | | (34,553) | (16,602) | (8,834) |
| Таза операциялық активтердегі өзге-рістерге дейін операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы | | 117,645 | 95,883 | 171,585 |
| Операциялық активтер мен міндеттемелер өзгерісі: Операциялық активтердің (ұлғаюы) /азаюы: | | | | |
| Міндетті резервтері | | (31,604) | (7,733) | (20,164) |
| Пайда немесе шығын арқылы әділ құнмен бағаланатын қаржы активтері | | 408,395 | (127,891) | (7,589) |
| Кредиттік ұйымдардағы қаражаттары | | (26,757) | 9,082 | (7,481) |
| Бағалы металдар | | (168) | 997 | (483) |
| Клиенттерге берілген қарыздар | | (311,999) | (126,924) | (216,366) |
| Сатуға арналған активтері | | (2,219) | - | (2,607) |
| Сақтандыру активтері | | 12,493 | (1,100) | (245) |
| Өзге активтер | | (3,472) | (6,269) | 7,401 |
| Операциялық міндеттемелердің ұлғаюы /(азаюы): | | | | |
| Клиенттер қаржысы | | 48,893 | 750,365 | 287,505 |
| Кредит мекемелерінің қаржысы | | 37,972 | (9,224) | 50,928 |
| Пайда немесе шығын арқылы әділ құнмен бағаланатын қаржы міндеттемелері | | (187) | (2,755) | 10,923 |
| Сақтандыру міндеттемелері | | (6,454) | 7,944 | 1,832 |
| Өзге міндеттемелер | | (67,957) | (133) | 4,307 |
| Табыс салығын төленгенге дейінгі операциялық қызметтен түсетін ақша қаражатының түсімі | | 174,581 | 582,242 | 279,546 |
| Төленген табыс салығы | | (52,365) | (20,331) | (25,222) |
| Операциялық қызметтен түсетін ақша қаражатының таза түсімі | | 122,216 | 561,911 | 254,324 |
| **ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ БОЙЫНША АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:** | | | | |
| Еншілес кәсіпорынды сатып алудан ақша қаражаттары мен олардың баламаларының таза түсімі | 5 | 678,622 | - | 901 |
| Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу және алдын ала төлем | | (13,862) | (15,386) | (17,131) |
| Негізгі құралдар мен жабдықтарды сатудан алынатын түсімдер | | 1,403 | 2,859 | 4,438 |
| Инвестициялық жылжымайтын мүлікті сатудан түсім | | - | 1,695 | - |
| Коммерциялық жылжымайтын мүлік бойынша күрделі шығындар | | (830) | (2,817) | - |
| Коммерциялық жылжымайтын мүлікті сатудан түсім | | 3,918 | 2,247 | - |
| Сатуға арналған, қолда бар инвестициялық бағалы қағаздарды сатудан түсім | | 1,244,554 | 34,196 | 175,365 |
| Сатуға арналған қолда бар инвестициялық бағалы қағаздарды сатып алу | | (1,753,899) | (186,905) | (76,157) |
| Өтелгенге дейін ұсталатын, инвестицияларды өтеуден түсім | | - | (43,601) | - |
| Инвестициялық қызмет бойынша ақша қаражаттарының таза түсімі /(жылысуы) | | 159,906 | (207,712) | 87,416 |

2017, 2016 ЖӘНЕ 2015 ЖЫЛДАРДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІ

# 2017, 2016 ЖӘНЕ 2015 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕПТЕР (ЖАЛҒАСЫ)

(в миллионах Тенге)

| | Ескертпелер | 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл | 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл | 2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл |
|---|---|---|---|---|
| **ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ БОЙЫНША АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:** | | | | |
| «Казкоммерцбанк» АҚ-тың акцияларын «АЛМЭКС» холдингтік тобы» АҚ-қа сату | 2 | 65,249 | - | - |
| «Казкоммерцбанк» АҚ-тың қосымша жарғылық капиталын сатып алу | 2 | (4,940) | - | - |
| Артықшылықты акцияларды жай акцияларға айырбастауға байланысты өтемақы төлеу | | - | (96) | - |
| Өтеуі төлеп алынған өз акцияларын сатудан түсім | | 562 | 481 | 927 |
| Өз акцияларын сатып алу | | (1,747) | (459) | (24,508) |
| Дивидендтер төлеу – артықшылықты акциялар | | - | (333) | (2,543) |
| Дивидендтер төлеу – жай акциялар | | - | - | (34,257) |
| «Халық Банктің Жинақтаушы Зейнетақы Қоры» АҚ акцияларын сатып алудан шығын | | - | - | (708) |
| Борыштық бағалы қағаздар шығарудан түсім | | - | 25,888 | 115,852 |
| Борыштық бағалы қағаздарды өтеу және сатып алу | 21 | (197,892) | (43,561) | (7,627) |
| Қаржылық қызмет бойынша ақша қаражатының таза (жылысуы)/кірісі | | (138,768) | (18,080) | 47,136 |
| Айырбастау бағамындағы өзгерістердің ақша қаражатына және оның баламасына әсері | | 5,411 | 33,720 | 475,267 |
| Ақша қаражаты және оның баламаларының таза өзгерісі | | 148,765 | 369,839 | 864,143 |
| **АҚША ҚАРАЖАТ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ, жыл басындағы жағдай бойынша** | **6** | **1,774,519** | **1,404,680** | **540,537** |
| **АҚША ҚАРАЖАТ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ, жыл аяғындағы жағдай бойынша*** | **6** | **1,923,284** | **1,774,519** | **1,404,680** |

* 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақша қаражат және оның баламалары 142,736 миллион теңге мөлшерінде ақша қаражат және оның баламаларын, сатуға арналған активті қамтиды (16-қосымша).

2017, 2016 және 2015 жылғы 31 желтоқсанында аяқталған жылдарда Топ ақша қаражаттарының қозғалысы туралы шоғырландырылған есептерден алынып, 12, 13, 16 және 25-ескертпеде ұсынылған, ақшалай емес аударымдарды жүргізді.

БАСҚАРМАНЫҢ АТЫНАН:

ҮМІТ Б. ШАЯХМЕТОВА
Басқарма Төрайымы

2018 жылғы 7 наурыз
Қазақстан, Алматы қ.

ПАВЕЛ А. ЧЕУСОВ
Бас Бухгалтер

2018 жылғы 7 наурыз
Қазақстан, Алматы қ.



122-194 ескертпелер осы шоғырландырылған есептіліктің ажыратылмас бөлігі болып табылады.

# 2017, 2016 ЖӘНЕ 2015 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

(миллион Теңгемен)

## 1. НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ БАҒЫТТАРЫ

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ (бұдан әрі - «Банк») және оның еншілес кәсіпорындары (бұдан әрі бірлесіп - «Топ») корпоративтік клиенттер мен жеке клиенттерге Қазақстанда, Ресейде, Қырғызстан, Тәжікстан мен Грузияда банктік қызметтерді, Қазақстан мен Ресейде лизингтік қызметтерді, сондай-ақ Қазақстанда активтерді басқару бойынша қызметтерді, сақтандыру қызметтері мен брокерлік қызметтерді ұсынады. Банктің бастапқы мемлекеттік тіркеуден өту рәсімі Қазақстанның әділет органдарында 1994 жылғы 20 қаңтарда жүргізілді. Банк өз қызметін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – «ҚРҰБ») банктік және басқа да операциялар және бағалы қағаздар нарығында қызмет жүргізу үшін жаңартылып қайта берген 2016 жылдың 8 қарашадағы № 1.2.47/230/38/1 лицензияға сәйкес іске асырады. Банк «Қазақстандық депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ ұсынған салымдарды міндетті сақтандыру жүйесінің мүшесі болып табылады.

Банктің негізгі қызметі клиенттерге қарыздар мен кепілдіктер беру, депозиттер тарту, бағалы қағаздармен және шетел валютасымен операциялар жүргізу, ақша аудару, ақша қаражаты мен төлем карточкаларымен операциялар жүргізу және басқа да банктік қызметтер көрсету болып табылады. Мұнымен қатар Банк Қазақстан Республикасы Үкіметінің эксклюзивтік емес агенті ретінде өз филиалдарының желісі арқылы халыққа зейнетақы төлеу және жәрдемақылар беру қызметін атқарады.

Банктің бағалы қағаздары Қазақстан қор биржасының (бұдан әрі – «ҚҚБ») негізгі листингіне қосылған, сондай-ақ Жаһандық депозитарлық қолхаттары (бұдан әрі – «ЖДҚ») және Еурооблигациялары Лондонның Қор биржасының негізгі листингісіне қосылды.

Топ іс жүзінде Тимур Құлыбаев пен оның зайыбы Динара Құлыбаеваның бақылауында болып табылады.

2017 жылдың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, Банк өз қызметін Алматы қаласында орналасқан бас офисі және Қазақстан аумағында орналасқан 45 облыстық филиал («Казкоммерцбанк» АҚ-тың (бұдан әрі – «ККБ») 23 облыстық филиалын қоса алғанда), 122 аудандық филиал және 532 есеп-айырысу кассалық орталықтары (ККБ-ның 187 есеп-айырысу кассалық орталықтарын қоса алғанда) (2016 жылдың 31 желтоқсанында – сәйкесінше, 22, 122 және 365, 2015 жылдың 31 желтоқсанында – сәйкесінше, 22, 122 және 377) арқылы іске асырды. Банктің ресми түрде тіркелген офисі Қазақстан Республикасы, А26М3К5, Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылығы, 40 мекенжайы бойынша орналасқан.

Топ жұмыскерлерінің іс жүзіндегі саны мөлшерлемелерді ескере отырып, 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 18,410 жұмыскерді құрайды (2016 жылғы 31 желтоқсанда – 11,402; 2015 жылғы 31 желтоқсанда – 11,827).

Топтың осы 2017, 2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші шоғырландырылған қаржылық есептілігін шығарылымға Басқарма 2018 жылғы 7 наурызда бекітті.

## СОТ ТАЛАПТАРЫ

Топтың өз қызметін жүргізуі барысында клиенттер мен контрагенттер Топқа уақыт аралықтарында кінәрат талаптарын қойып отырады. Басшылықтың пікірінше, мұндай кінәрат талаптары бойынша талдау жүргізу нәтижесі Топқа елеулі шығын келтірмейді, сондықтан жеке қаржылық есептілікте бұл жағдай бойынша тиісті резервтер қарастырылмаған.

## ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ОРТА

Қазақстан сияқты дамушы елдердің нарықтары әдетте дамыған нарықтардан айырмашылықтағы экономикалық, саяси, әлеуметтік, соттық және заңнамалық тәуекелдерге ұшырап отыруы мүмкін. Қазақстанда бизнес жүргізуді реттеуші заңдар мен нормативтік актілер бұрынғысынша айтарлықтай жиі өзгертіліп отыр және оларды еркін түсіндіру мүмкіндігі бар. Қазақстанның болашақ даму бағыты мемлекеттің жүргізетін салықтық және ақша-кредит саясатына, қабылданатын заңдар мен нормативтік актілерге, сондай-ақ еліміздегі саяси жағдайлардың өзгерістерімен байланысты. Қазақстан мұнай және газды үлкен көлемде өндіруші және экспорттаушы ел болуына байланысты, әлемдік нарықтағы мұнай мен газ бағасының өзгерістері Қазақстанның экономикасына айрықша әсерін тигізеді. 2014 - 2016 жылдары энергия ресурстарының құны едәуір төмендеді, бұл экспорттық түсімнің едәуір азаюына әкеліп соқты. 2015 жылғы 20 тамызда Қазақстан Республикасының Үкіметі мен ҚРҰБ теңгенің еркін құбылмалы бағамында негізделген жаңа ақшалай-кредиттік саясатқа ауысатындығы туралы жариялады және валюталық коридордың күшін жойды. Нәтижесінде теңге негізгі шетел валюталарына қатысты елеулі құнсызданды. 2015 жылғы қыркүйек-желтоқсан айларында және 2016 жылғы қаңтар-ақпан айларында Қазақстан экономикасында долларландырудың жоғары деңгейі әлі де байқалып тұрды, оның салдарынан банктік жүйеде теңгедегі өтімділіктің тапшылығы орын алды, ақша нарығында сыйақы мөлшерлемелерінің рекордтық деңгейіне әкеліп, кредиттеуді уақытша тоқтата тұруға себеп болды. 2016 жылдың ақпанында ҚРҰБ 17% ± 2% деңгейінде базалық мөлшерлемені енгізіп, инфляциялық таргеттеу саясатына көшті.

ҚРҰБ қабылдаған шаралар теңгенің жеткіліксіз өтімділігі проблемасын шешуге және инфляцияның орташа деңгейін төмендетуге мүмкіндік берді.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚРҰБ-тің базалық мөлшерлемесі 10,25% ± 1% (2016 жылғы 31 желтоқсанда - 12% ± 1%) құрады. Базалық мөлшерлеменің төмендеу қарқыны 2017 ж. төмендеді. Қорландырудың салыстырмалы түрде жоғары құны салдарынан 2016 жыл бойында, жаңа кредиттерге сұраныс әлсіз болды. Сол мезетте, банктік салада теңгенің өтімділігі артық деңгейін көрсетіп тұрды. 2016 жылдың екінші тоқсанында ҚРҰБ артық өтімділікті стерилизациялау үшін және теңгемен инвестициялық құралдарды жасау мақсатында базалық деңгеймен бірдей сыйақы мөлшерлемесі бойынша қысқа мерзімді ноталар шығара бастады. Бұл шара қазақстандық коммерциялық банктерге артық өтімділікті теңгедегі осы құралға инвестициялауға мүмкіндік берді.

Топтың басшылығы экономикалық жағдайдағы ағымды өзгерістерді бақылап отырады және өзі жақын болашақта Топ бизнесінің тұрақтылығын ұстап тұру және дамыту үшін қажет деп санайтын шараларды орындайды. Бірақ, қазіргі сәтте экономикалық жағдайдағы өзгерістердің, Топ қызметінің болашақ нәтижелері мен қаржылық жағдайына әсерін анықтау қиын.

## ИЕЛІК ҮЛЕСІ

2017, 2016 және 2015 жылғы 31 желтоқсандағы мәліметке сәйкес Топқа мына акционерлер иелік етті, олардың үлесі Топ шығарған капиталдың 5 % асады:

**2017 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН**

| | Барлық акциялар | Айналымдағы акциялардың жалпы көлеміндегі үлесі | Жай акциялар | Айналымдағы жай акциялардағы үлесі |
|---|---|---|---|---|
| «АЛМЭКС» холдингтік тобы» АҚ | 8,086,451,772 | 73.6% | 8,086,451,772 | 73.6% |
| «Бірыңғай Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ | 716,281,746 | 6.5% | 716,281,746 | 6.5% |
| ЖДҚ ұстаушылары | 1,852,878,720 | 16.8% | 1,852,878,720 | 16.8% |
| Басқалар | 338,204,581 | 3.1% | 338,204,581 | 3.1% |
| **АЙНАЛЫМДАҒЫ БАРЛЫҚ АКЦИЯЛАР (ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН НЕГІЗДЕ)** | **10,993,816,819** | **100%** | **10,993,816,819** | **100%** |

**2016 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН**

| | Барлық акциялар | Айналымдағы акциялардың жалпы көлеміндегі үлесі | Жай акциялар | Айналымдағы жай акциялардағы үлесі |
|---|---|---|---|---|
| «АЛМЭКС» холдингтік тобы» АҚ | 8,086,451,772 | 73.6% | 8,086,451,772 | 73.6% |
| «Бірыңғай Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ | 716,281,746 | 6.5% | 716,281,746 | 6.5% |
| ЖДҚ ұстаушылары | 1,853,975,480 | 16.8% | 1,853,975,480 | 16.8% |
| Басқалар | 336,910,333 | 3.1% | 336,910,333 | 3.1% |
| **АЙНАЛЫМДАҒЫ БАРЛЫҚ АКЦИЯЛАР (ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН НЕГІЗДЕ)** | **10,993,619,331** | **100%** | **10,993,619,331** | **100%** |

**2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН**

| | Барлық акциялар | Айналымдағы акциялардың жалпы көлеміндегі үлесі | Жай акциялар | Айналымдағы жай акциялардағы үлесі | Айырбасталатын және айырбасталмайтын артықшылықты акциялар | Айырбасталатын және айырбасталмайтын артықшылықты акциялардың айналымдағы үлесі |
|---|---|---|---|---|---|---|
| «АЛМЭКС» холдингтік тобы» АҚ | 8,024,149,068 | 73.4% | 8,003,381,500 | 73.4% | 20,767,568 | 99.8% |
| «Бірыңғай Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ | 716,281,746 | 6.6% | 716,281,746 | 6.5% | - | - |
| ЖДҚ ұстаушылары | 1,840,058,240 | 16.8% | 1,840,058,240 | 16.9% | - | - |
| Басқалар | 349,774,984 | 3.2% | 349,729,065 | 3.2% | 45,919 | 0.2% |
| **АЙНАЛЫМДАҒЫ БАРЛЫҚ АКЦИЯЛАР (ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН НЕГІЗДЕ)** | **10,930,264,038** | **100%** | **10,909,450,551** | **100%** | **20,813,487** | **100%** |

# 2. ЕСЕПТІЛІК ҰСЫНУ ҚАҒИДАТТАРЫ

## СӘЙКЕСТІК ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі – «ХҚЕС») сәйкес әзірленді.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік Топ үздіксіз қызмет қағидатының негізінде әрекет етеді және өз операцияларын жақын арадағы болашақта да жалғастырады деген болжаумен жасалды. Осы бағалауды жүргізу барысында басшылық ағымдағы және болашақтағы экономикалық жағдайларға қатысты ақпараттың, ақша қаражаттары, пайда мен капитал ресурстарының қозғалысы туралы болжамдарды қоса, үлкен спектрін қарады.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілігі акция бойынша пайдасынан басқасы, егер басқаша көрсетілмесе, миллион теңге есебімен («теңге») жасалды.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік тарихи құн қағидаты негізінде әзірленген, әділдік құнмен бағаланатын белгілі бір қаржы құралдары және актуарлық есеп негізінде есепке алынатын сақтандыру міндеттемелері, сондай-ақ қайта бағаланған тозу құны ескерілген белгілі бір жылжымайтын мүлік, ғимараттар, жабдықтар, төмендегі есептік саясатта сипатталғандай, бұған кірмейді.

Тарихи құн әдетте тауарлар мен қызметтерге ауыстырылып берілген сыйақының әділ құнының негізінде анықталады.

Әділ құн, құнның тікелей бақыланатын немесе бағалаудың басқа әдістемесін пайдалану арқылы, есептік амалмен алынған болып табылатынына қарамастан бағалау күніне активті сатқан кезде алынатын немесе нарықтың қатысушылары арасындағы кәдімгі мәміленің шеңберінде міндеттемені өткізу кезінде төленген құнды көрсетеді. Активтің немесе міндеттеменің әділ құнын бағалаған кезде, егер нарықтың қатысушылары, бағалау күніне активтің немесе міндеттеменің құнын қалыптастырған кезде осындай сипаттамаларды ескеретін болса, Топ, активтің немесе міндеттеменің сипаттамаларын ескереді. Әділ құн бойынша бағалау жүргізу және /немесе әділ құнды бағалауға қатысты ақпаратты ашу үшін, әділ құн осы шоғырландырылған қаржы есептілігінде, ХҚЕС («IFRS») 2 қолдану саласына жататын меншікті үлестік құралдардың негізінде төлемдері бар мәмілелерді, ХҚЕС («IAS») 17 қолдану саласына жататын лизингтік операцияларды, сондай-ақ әділ құнмен салыстырылатын, бірақ бұл ретте мысалы ХҚЕС («IAS») 2-де мүмкін болатын жүзеге асырудың таза құны немесе ХҚЕС («IAS») 36-да пайдаланудың құндылығы сияқты әділ құн болып табылмайтын бағаларды қоспағанда, жоғарыда көрсетілген тәсілмен анықталады.

Сонымен қатар, қаржылық есептілікті дайындау мақсаттары үшін әділ құнды бағалау, әділ құнның иерархиясының негізінде жіктеледі (1,2 немесе 3-деңгей). Деңгейлер, нарықтық деңгейлердің негізінде әділ құнды тікелей анықтау мүмкіндігіне сәйкес келеді және жалпы әділ құнды бағалаған кезде пайдаланылған бастапқы деректердің маңыздылығын көрсетеді:

- 1-деңгейдің бастапқы деректері бағалау күніне Топ қол жеткізе алатын ұқсас активтердің немесе міндеттемелердің активті нарықтарында түзетулерді талап етпейтін баға белгіленімдерін білдіреді;
- 2-деңгейдің бастапқы деректері 1-деңгей үшін анықталған баға белгіленімдері болып табылмайды, бірақ кейбіреулері актив не міндеттеме үшін нарықта тікелей немесе жанама бақыланады; және
- 3-деңгейдің бастапқы деректері актив немесе міндеттеме бойынша бақыланбайтын бастапқы деректерді білдіреді.

Топ өзінің қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есебін өтімділік тәртібімен ұсынады. Қаржылық ахуал туралы шоғырландырылған есеп берілгеннен кейінгі 12 айдың ішіндегі (ағымдағы) және Қаржылық ахуал туралы шоғырландырылған есеп берілгеннен кейінгі 12 айдан жоғары мерзімдегі (ағымдағы емес) орнын толтырудың немесе өтеудің талдауы 34-ескертпеде ұсынылған.

## ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ВАЛЮТА

Топтың барлық кәсіпорындарының қаржылық есептілігінің функционалдық валютасы компания өз қызметін атқаратын негізгі экономикалық ортаның валютасы болып табылады (бұдан әрі – «Функционалдық валюта»). Банктің функционалдық валютасы теңге болып табылады. Осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің есептік валютасы - теңге.

## ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫНДАР

Осы шоғырландырылған қаржы есептілігі мынадай еншілес кәсіпорындардың есебінен құралады:

| ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫНДАР | ҚАТЫСУ ҮЛЕСІ, % | | | ЕЛІ | САЛАСЫ |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2017 жылғы 31желтоқсан | 2016 жылғы 31желтоқсан | 2015 жылғы 31желтоқсан | | |
| «Казкоммерцбанк» АҚ* | 74.72 | - | - | Қазақстан | Банк |
| «Халық Лизинг» АҚ | 100 | 100 | 100 | Қазақстан | Лизинг |
| «Қазтелепорт» АҚ | 100 | 100 | 100 | Қазақстан | Телекоммуникациялар |
| «Халық Банк Қырғызстан» ААҚ | 100 | 100 | 100 | Қырғызстан | Банк |
| «Halyk Finance» АҚ | 100 | 100 | 100 | Қазақстан | Брокерлік және дилерлік қызмет |
| «Halyk Инкассация» ЖШС | 100 | 100 | 100 | Қазақстан | Инкассациялау бойынша қызметтер |
| «Halyk Life» АҚ | 100 | 100 | 100 | Қазақстан | Өмірді сақтандыру |
| «Казахинстрах» АҚ | 100 | 100 | 100 | Қазақстан | Сақтандыру |
| «НБК Банк» АҚ | 100 | 100 | 100 | Ресей | Банк |
| «Халық Банк Грузия» АҚ | 100 | 100 | 100 | Грузия | Банк |
| «Халық Жоба» ЖШС | 100 | 100 | 100 | Қазақстан | Күмәнді және үмітсіз активтерді басқару |
| «Алтын Банк» АҚ («Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың еншілес ұйымы «Алтын-Банк» АҚ)** | 100 | 100 | 100 | Қазақстан | Банк |

* 5-ескертпе   ** 16-ескертпе

2017 жылғы 05 шілдеде Банк ККБ-ның жай акцияларын К.Ракишев мырзадан (86.09%) және «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-тан (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына») (10.72%) сатып алуды жүзеге асырды. Банк ККБ-ның жай акцияларының 96.81%-ын 2 теңгеге сатып алды.

2017 жылғы 10 шілдеде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Банк ККБ-ның акционерлеріне айналымдағы жай акцияларын (ККБ-ның жай акциялары базалық активтері болып табылатын жаһандық депозитарлық қолхаттарды (бұдан әрі – «ЖДҚ») қоса алғанда) және артықшылықты акцияларын (ККБ-ның артықшылықты акциялары базалық активтері болып табылатын ЖДҚ-ны қоса алғанда) сатып алу жөнінде тендерлік ұсынысты жариялады.

2017 жылғы 12 шілдеде Банк басымдықпен сатып алу құқығын жүзеге асырып, ККБ-ның жай акцияларының 1,296,698,676 данасын 185 миллиард теңге сомасына сатып алды, осы арқылы ККБ-ның жарғылық капиталындағы үлесін 98.79%-ға дейін ұлғайтты.

2017 жылғы 29 тамыздағы жағдай бойынша Банк ККБ акционерлеріне жариялаған тендерлік ұсыныстың шеңберінде бір акция үшін 142.67 теңге бағасы бойынша ККБ жай акцияларының 13,687,609 данасын, бір акцияға 71.55 теңге бағасы бойынша ККБ артықшылықты акцияларының 31,311 данасын, олардың базалық активі шығарылған жай акциялар болып табылатын ЖДҚ-ның бір данасы үшін 0.86 доллар бағасымен 3,081,552 данасын және олардың базалық активі шығарылған артықшылықты акциялар болып табылатын ЖДҚ-ның бір данасы үшін 0.43 доллар бағасымен 14,655,549 данасын сатып алуды аяқтады. ККБ акциялары үшін сыйақының жалпы сомасы 4,940 миллион теңгені құрады.

2017 жылғы 15 қарашада ККБ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келіскеннен кейін 700,171,633 дана 65.2 миллиард теңге тұратын жай акцияларын орналастырды, оны «АЛМЭКС» холдингтік тобы» АҚ-тан сатып алды. Жай акцияларын сатып алу-сату бойынша жасалған мәміленің қорытындылары бойынша «АЛМЭКС» холдингтік тобы» АҚ-тың ККБ-да қатысу үлесі 25.05%-ды құрады.

2017 жылғы 8 желтоқсанда Банктің Директорлар кеңесі Банк пен ККБ-ны интеграциялау сценарийін мақұлдады, ол ККБ-ны Банкке ерікті түрде біріктіру арқылы Банк пен ККБ-ны қайта құрылуын болжамдайды. Реттеуші органдармен тиісті келісімді алғаннан соң және барлық қажетті рәсімдерді жүргізуден кейін, интеграциялауды аяқтау мерзімі 2018 ж. екінші жартысында күтілуде.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы есептілік бойынша Банк ККБ-ның айналымдағы жай акцияларының 74.72%-ын және ККБ-ның айналымдағы артықшылықты акцияларының 23.55%-ын иемденді.

ККБ-ны сатып алу туралы қосымша ақпаратты 5-ескертпеде қараңыз.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы есептілік бойынша ККБ-дағы иелік етудің бақыланбайтын үлесі 25.28%-ды құрады, бұл - Топтың иелік ететін бөлігінің бақыланбайтын үлесі.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы есептілік бойынша, осы еншілес кәсіпорын үшін жарияланған дивидендтер болмады.

Төменде берілген ККБ-ның жиынтық қаржы ақпараты топішілік операцияларды алып тастағанға дейінгі сомаларды білдіреді.

| 31 ЖЕЛТОҚСАН 2017 Ж. | |
|---|---|
| Барлық активтер | 3,574,378 |
| Барлық міндеттемелер | 3,306,238 |
| Барлық капитал | 268,140 |
| Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттардың таза ағымы | 1,793,933 |
| Инвестициялық қызметтен ақша қаражаттардың кері ағымы | (1,379,162) |
| Қаржылық қызметтен ақша қаражаттардың кері ағымы | (1,823) |

2017 жылғы 7 маусымда Банк «Алтын Банк» АҚ-тың акционерлік капиталындағы 60% сату туралы China CITIC Bank Corporation Limited және China Shuangwei Investment Co., Ltd.-мен келісімге қол қойды. Қол жеткізген уағдаластықтарды орындау мақсатында келісімнің тараптары, өзгеден басқа, Қазақстан Республикасының құзыретті органдарының осындай мәмілелер үшін қалыпты болып табылатын қажетті келісімдерін алуға және өзге талаптарын орындауға міндетті.

Қытай Халық Республикасының реттеуші органдарының қосымша рұқсаттары алынып, Басшылық барлық реттеушілік мақұлдаулар 2018 жылдың екінші тоқсанында алынады деп күтуде.

2017 жылғы 31 желтоқсанда Топ Басшылығы қабылдаған шешімге байланысты, «Алтын Банк» АҚ-қа инвестициялар ХҚЕС (IFRS) 5 сәйкес сатуға арналған активке қайта жіктелді.

Қосымша ақпаратты 16-ескертпеде қараңыз.

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ

### ШОҒЫРЛАНДЫРУ ҚАҒИДАТТАРЫ

Осы Шоғырландырылған қаржылық есептілік Банктің және Банк бақылайтын кәсіпорындардың (оның еншілес кәсіпорындарының) қаржылық есептіліктерінен құралған. Егер Банкте:

- кәсіпорын – инвестициялар нысанына қатысты билік өкілеттіктер болса;
- кәсіпорын – инвестициялар нысанының ауыспалы нәтижелері бойынша құқықтары болса /тәуекелдер арқаласа; және
- ауыспалы нәтиженің көлеміне ықпал ету мақсатында кәсіпорын – инвестициялар нысанына қатысты билік өкілеттікті пайдалана алатын болса компания бақылауда болып саналады.

Егер фактілер немесе жағдайлар жоғарыда көрсетілген үш бақылау элементтерінің біреуінде немесе одан көбінде өзгерістер болғандығын көрсететін болса, Банк оның инвестициялар нысанына бақылауының болуына баға жүргізеді.

Инвестициялар нысанының дауыс беруші акцияларының көбісі Банкке тиесілі болмаса, кәсіпорын – инвестициялар нысанының елеулі қызметін жеке-дара басқару мүмкіндігін

беру үшін Банкке жеткілікті дауыс беру құқығы тиесілі болған жағдайда, ол кәсіпорын – инвестициялар нысанына қатысты жеткілікті билік құқығына ие болады. Кәсіпорын – инвестициялар нысанына ықпал ету өкілеттігіне ие болуына Банктің дауыс беру құқығы жеткілікті екендігін бағалағанда Банк барлық маңызды фактілер мен мән-жайларды қарастырады, мыналарды қоса:

- басқа ұстаушылардың дауыс беруінің үлестері мен бөлінуімен салыстырғанда дауыс беру құқығы бар Банк акцияларының үлесін;
- басқа дауыс беру ұстаушыларына немесе басқа тараптарға, Банкке тиесілі ықтимал дауыс беру құқықтары;
- басқа шарттық келісімдерден туындайтын құқықтар; және
- басқарушылық шешім, сонымен қатар акционерлердің алдыңғы жиналыстарында дауыстарды бөлу қажет болған сәтте Банктің елеулі қызметті басқару мүмкіндігінің бар немесе жоқтығын көрсететін кез келген қосымша фактілер мен мән-жайлар.

Еншілес кәсіпорынды шоғырландыру Банк еншілес кәсіпорынға бақылау алғанда басталады және бақылау аяқталған сәтте тоқтатылады. Соның ішінде, бір жылдың ішінде сатып алынған немесе сатылған еншілес кәсіпорынның табыстары мен шығыстары Банк бақылауды алған сәттен бастап Банк осы еншілес кәсіпорынды бақылауды тоқтататын күнге дейін табыстар немесе шығыстар мен басқа жиынтық пайда туралы шоғырландырылған есепке енгізіледі.

Пайда немесе зиян және басқа жиынтық пайданың әр компоненті Банк акционерлері мен бақыланбайтын үлестер арасында бөлінеді. Еншілес кәсіпорындардың жалпы жиынтық пайдасы бұл кез келген бақыланбайтын үлестер бойынша теріс қалдықтың туындауына әкеліп соқса да Банк акционерлері мен кез келген бақыланбайтын үлестер арасында бөлінеді.

Қажет болғанда, еншілес кәсіпорындардың қаржылық есептілігіне түзетулер енгізілді, бұл олардың пайдаланатын есепке алу саясаты қағидаттарын Топ пайдаланатын есеп саясаты қағидаттарымен сәйкестікке келтіру мақсатында жүргізілді.

Шоғырландыру кезінде барлық топішілік активтер мен міндеттемелер, меншікті капитал, табыстар, шығыстар мен Топ кәсіпорындарының арасындағы операциялар бойынша ақша қаражатының қозғалысы алып тасталады.

## БАҚЫЛАМАЙТЫН ҮЛЕСТЕР

Бақыламайтын үлестер еншілес кәсіпорынның капиталында тікелей немесе жанама түрде бас компанияға жатқызылмайтын қатысу үлестері болып табылады.

Бақыламайтын үлестер - пайдалар мен зияндар туралы шоғырландырылған есепте жекелей, ал қаржылық ахуал туралы шоғырландырылған есепте – бас компанияның акционерлік капиталынан бөлек, меншікті капиталдың құрамында ұсынылады.

## ТОПТЫҢ ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫНДАРЫНДА ИЕЛІК ЕТЕТІН ҮЛЕСІНІҢ ӨЗГЕРІСТЕРІ

Топтың еншілес кәсіпорындарға бақылауын жоғалтуға әкеп соқпайтын еншілес кәсіпорындардағы Топтың қатысу үлесіндегі өзгерістер меншікті капиталда есепке алынады. Топ үлестерінің және еншілес кәсіпорында бақыланбайтын иелік ету үлестерінің баланстық құны осы үлестер қатынастарының өзгеруін ескере отырып түзетіледі. Бақыламайтын үлестер түзетілетін сомалар және төленген немесе алынған сыйақының әділ құны арасындағы кез келген айырмалар Топ акционерлерінің меншікті капиталында көрінеді. Бақыламайтын үлестің акционерлерімен мәмілелер қаржылық қызметтен түскен ақша қаражаттардың қозғалысында ұсынылған.

Топ еншілес кәсіпорынды бақылаудан айырылған жағдайда, пайда немесе зиян пайда және зиян туралы шоғырландырылған есепте көрсетіліп, (1) алынған сыйақының әділ құны мен қалған үлестің әділ құны және еншілес кәсіпорынның баланстық құны (гудвилды қоса) мен міндеттемелері, сондай-ақ бақыламайтын үлестердің арасындағы айырма ретінде есептелінеді. Осындай еншілес кәсіпорынға жататын, бұрын өзге жиынтық кіріс құрамында танылған сомалар Топ еншілес кәсіпорынның тиісті активтері мен міндеттемелерін тікелей сатқандай болып есепке алынады (яғни пайдаларға немесе зияндарға қайта жіктеледі немесе ХҚЕС бойынша қарастырылған/рұқсат етілгендей капиталдың басқа санатына жатқызылады). Бақылауды жоғалту күнінде бұрынғы еншілес кәсіпорынға қалған инвестициялардың әділ құны бастапқы танылу кезіндегі ХҚЕС (IAS) 39 сәйкес әділ құны ретінде немесе (қолданылатын жағдайларда) қауымдастырылған ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға инвестициялардың бастапқы құны ретінде қабылданады.

## БИЗНЕСТЕРДІ ШОҒЫРЛАНДЫРУ БОЙЫНША МӘМІЛЕЛЕР

Бизнесті шоғырландыру бойынша мәмілелер сатып алу әдісі бойынша есепке алынады. Бизнесті шоғырландыру кезінде төленетін өтеу Топ берген активтерді, сатып алынатын бизнестің бұрынғы иелерінің алдында Топтың қабылдаған міндеттемелерді, сондай-ақ Топтың бизнеске бақылау алу үшін айырбас ретінде шығарған үлестік бағалы қағаздарды сатып алу күніне әділ құн сомасы ретінде есептелетін әділ құн бойынша бағаланады. Осыған байланысты шығыстардың барлығы, әдетте пайда болу сәтінде пайдалар мен зияндарда көрсетіледі.

Сәйкестендірілетін сатып алынған активтер мен қабылданған міндеттемелер сатып алу күніне әділ құн бойынша танылады, мыналарды қоспағанда:

- мерзімі шегерілген салық міндеттемелер мен активтері «Пайдаға салынатын салықтар» деген ХҚЕС (IAS) 12-ге сәйкес танылады және бағаланады;

- акцияларда негізделген төлемдер бойынша (АНТ) сатып алынатын бизнестің келісімдерімен немесе осындай төлемдер бойынша сатып алынатын бизнестің келісімдерінің орнына бекітілген, АНТ бойынша Топтың келісімдерімен байланысты міндеттемелер немесе іскерлік бағалы қағаздар сатып алу күніне ХҚЕС (IFRS) 2-ге сәйкес бағаланады; және
- «сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер және тоқтатылған қызмет» деген ХҚЕС (IFRS) 5-ке сәйкес сатуға арналған деп жіктелген активтер (немесе шығып жатқан активтер топтары) ХҚЕС (IFRS) 5-ке сәйкес бағаланады.

Іскерлік бедел сатып алынған заттың құнын, сатып алынған кәсіпорындағы бақыламайтын үлестердің құнын және сатып алынған кәсіпорынның капиталындағы бұрын сатып алушыға тиесілі болған үлестің (ол болған жағдайда) құнын сатып алу күніне оның таза сәйкестендірілетін активтері мен міндеттемелерінің шамасынан асыру ретінде есептеледі. Егер қайта бағалаудан кейін сатып алу күніне сатып алынған сәйкестендірілетін таза активтердің таза құны берілген өтеудің, сатып алынған кәсіпорындағы бақыламайтын үлес құнының және сатып алынған компанияның капиталындағы сатып алушыда бұрын болған үлестің (ол болған жағдайда) әділ құнының сомасынан асатын болса, мұндай асыру әділ құннан төмен баға бойынша үлесін сатып алудан пайда ретінде пайдаға немесе зиянға жатқызылады.

Иелік ету үлестерін білдіретін және тарату кезінде кәсіпорынның таза активтерінің пропорционалды үлесіне құқық беретін бақыламайтын үлестер бастапқыда сатып алынған бизнестің сәйкестендірілетін таза активтерінің әділ құны немесе бақыланбайтын үлестің пропорцияға сәйкес танылған құн бойынша бағалана алады. Бағалау әдісі әр мәміле үшін жеке таңдалады. Иеленудің бақыланбайтын үлестерінің өзге түрлері әділ құн бойынша немесе қолданылатын жағдайларда басқа ХҚЕС-терге сәйкес бағаланады.

## ІСКЕРЛІК БЕДЕЛ

Бизнесті сатып алғанда туындайтын іскерлік бедел құнсызданудан жинақталған шығындар шегерілген, бизнесті сатып алу күніне белгіленген (жоғарыда қараңыз) сатып алу құны бойынша есепке алынады.

## АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАСЫ

Ақша қаражаты мен оның баламасына кассадағы қолма-қол ақша, корреспонденттік шоттардағы бос ақша қалдығы, кредит мекемелеріндегі қаржы және бастапқы өтеу мерзімі үш айдан аспайтын кері РЕПО келісімі бойынша қаржы жатқызылады.

## МІНДЕТТІ РЕЗЕРВТЕР

Міндетті резервтер Қазақстан, Қырғызстан, Грузия, Тәжікстан Ұлттық Банктері мен Ресей Орталық Банктегі корреспонденттік шоттардағы қаржыдан және Топтың күнделікті қызметі үшін қаржыландыру мақсатында пайдалануға болмайтын кассадағы қолма-қол ақшадан құралады, осыған байланысты бұл қаржы ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есептілікте ақша қаражаты мен оның баламасы деген бапқа қосылмайды.

## БАҒАЛЫ МЕТАЛДАР

Бағалы металдарда көрсетілген активтер мен міндеттемелер Лондондық бағалы металдар нарығында баға белгілеудің екінші фиксингі негізінде есептелген бағам бойынша АҚШ долларына қатысты теңгенің қолданыстағы бағамын ескере отырып көрсетіледі. Бағалы металдар бағасының өзгеруі шетел валютасымен жасалатын операциялар бойынша таза пайда/(зиян) құрамында көрсетіледі.

## КРЕДИТ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕГІ ҚАРАЖАТ

Топ өз қызметін жүргізу барысында басқа банктерде ағымдағы шоттарды ашады немесе белгілі бір мерзімдік кезеңге ақша салымдарын орналастырады. Кредит мекемелеріндегі өтеу мерзімі белгіленген қаржы кейін тиімді пайыздық мөлшерлеме әдістемесін пайдалану арқылы амортизациялық құны бойынша бағаланады. Белгіленген өтеу мерзімі жоқ қаржы бастапқы құнымен есепке алынады. Кредит мекемелеріндегі қаржы кез келген құнсыздану резервін шегеру арқылы есепке алынады.

## ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫН ТАНУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

Топ тиісті қаржылық құралға қатысты шарт бойынша тараптардың бірі болған жағдайда қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері Топтың қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есептілікте көрсетіледі. Топ ұдайы сипаттағы қаржылай активтер мен міндеттемелерді сатып алулар мен өткізулерді есептесу күнгі есепке алу әдісімен көрсетеді. Осындай әдіспен сатып алынған, кейіннен әділ құнымен бағаланатын қаржы құралдары мәміле жасалған сәттен бастап есеп айырысу белгіленген күнге дейін сатып алынған құралдар сияқты есепке алынады.

Қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері бастапқыда әділ құн бойынша көрсетіледі. Қаржы активтерін және қаржы міндеттемелерін сатып алумен немесе шығарумен тікелей байланысты транзакциялық шығындар (пайда немесе шығындар арқылы әділ құн бойынша көрсетілетін қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерінен басқа) бастапқыда танылғанда қаржы активтерінің немесе қаржы міндеттемелерінің әділ құнын тиісінше ұлғайтады немесе азайтады. Қаржы активтерін немесе қаржы міндеттемелерін сатып алуға тікелей қатысты, пайда немесе шығындар арқылы әділ құн бойынша көрсетілетін транзакциялық шығындар тікелей пайдаға немесе шығынға жатқызылады. Қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері құнын одан әрі бағалау үшін пайдаланылатын бухгалтерлік есеп қағидаттары есеп саясатының төмендегі сипатталған тиісті ережелерінде ашылады.

# ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ

ХҚЕС (IAS) 39 «Қаржы құралдары: тану және бағалау» деген ережелеріне сәйкес қаржы активтері пайда немесе шығын арқылы әділ құнмен бағаланатын қаржы активтері; қарыздар мен дебиторлық берешек; өтелгенге дейін ұсталатын инвестициялар; немесе сатуға арналған қолда бар қаржы активтері ретінде жіктеледі. Қаржы активтерінің табиғаты мен мақсатына қарай бастапқы есепке алу кезінде Топ өз қаржы активтерін жіктеуін анықтайды.

# ПАЙДА НЕМЕСЕ ЗИЯН АРҚЫЛЫ ӘДІЛ ҚҰНМЕН БАҒАЛАНАТЫН ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ НЕМЕСЕ ҚАРЖЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

Қаржы активі немесе қаржы міндеттемесі сауда жасауға арналған болса пайда немесе шығын арқылы әділ құнмен бағаланатын қаржы активтері немесе қаржы міндеттемелері ретінде жіктелінеді не болмаса пайда немесе шығын арқылы әділ құнмен бағаланады.

Қаржы активі немесе қаржы міндеттемесі мына жағдайда саудаға арналған актив ретінде жіктелетін болады:

- егер ол негізінен жақын арада сату үшін сатып алынған болса; немесе
- Топ бірлесіп басқаратын қаржы құралдарының сәйкестендірмелі портфелінің бір бөлігі болып табылса және осы нақты мақсаты қысқа мерзімді табыс әкелу болса; немесе
- хеджирлеу құралы ретінде айқындалмаған және тиімді емес туынды құрал болып табылса.

Саудаға арналған қаржы активтерін немесе қаржы міндеттемелерін қоспағанда, қаржы активті немесе қаржы міндеттемесі бастапқыда танылғанда, мына жағдайларда пайда немесе шығын арқылы әділ құнмен бағаланатын ретінде анықталуы мүмкін:

- мұндай анықтама активтер мен міндеттемелерді бағалаудың немесе танудың бірізді еместігін болдырмаса немесе елеулі азайтатын болса, ал бұған керісінше жағдайда туындайтын болса; немесе
- егер қаржы активі немесе қаржы міндеттемесі басқарылатын қаржы активтерінің немесе қаржы міндеттемелерінің не болмаса екеуінің де бір бөлігі ретінде құрастырылатын болса және оның нәтижелері әділ құн негізінде Топтың тәуекелдерді және инвестицияларды басқару жөніндегі ресми стратегиясына сәйкес бағаланатын болса, ал қаржы активтерінің осындай тобы туралы ақпарат осы негізде ұйымның ішінде ұсынылатын болса; немесе
- бір немесе одан көп туынды қосылған құралдары бар келісімшарттың бір бөлігін құрайтын болса және ХҚЕС (IAS) 39 келісімшартты тұтастай (актив немесе міндеттеме) пайда немесе шығын арқылы әділ құнмен айқындауға рұқсат берсе.

Пайда немесе зиян арқылы әділ құнмен есепке алынатын қаржы активтері немесе қаржы міндеттемелері біріктірілген қаржылық есептілікте әділ құнмен есепке алынады. Әділ құнның өзгерістері пайда немесе шығын арқылы әділ құнмен бағаланатын қаржы активтері және міндеттемелер бойынша таза (шығында)/пайдада көрсетіледі. Пайда ретінде табылған немесе шығын ретінде шегілген пайыздар келісімшарт талаптарына сәйкес тиісінше пайыздық табыста немесе пайыздық шығында есептеледі, ал дивидендтер алу құқығы белгіленген жағдайда дивиденд бойынша тапқан пайда «Өзге кірістер» деген жолда есепке алынады.

# ҚАРЫЗДАР МЕН ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

Қарыздар мен дебиторлық берешек - әрекет етуші нарықта айналымда болмайтын, тіркелімді немесе анықталып отыратын төлемдері бар, туынды емес қаржы активтері. Клиенттерге берілген қарыздар бастапқыда осындай қаржы активтерін сатып алуға немесе жасауға тікелей байланысты шеккен операциялық шығындарды қоса алғанда әділ құны бойынша есепте көрсетіледі. Бұдан кейін қарыздар амортизациялық құнымен, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдану арқылы көрсетіледі. Клиенттерге берілген қарыздар құнсыздануға резервтерді шегере отырып көрсетіледі.

Қаржылық ахуал туралы шоғырландырылған есептілікте қарыздар мен дебиторлық берешек клиенттерге берілетін заемдарға, кредит мекемелеріндегі қаржыға және өзге активтерге қосылады.

# КЕПІЛМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Топ клиенттердің міндеттемелеріне қатысты кепілді қамтамасыз етуді алады, егер ол қажет деп санаса. Әдетте, кепілді қамтамасыз ету клиенттің қолда бар міндеттемелеріне де, болашақ міндеттемелеріне қатысты мұндай активтері бойынша Топқа талап ету құқығын беретін клиент активтерінің кепіл түріне ие.

# ӨТЕЛГЕНГЕ ДЕЙІН ҰСТАЛАТЫН ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Өтелгенге дейін ұсталатын инвестициялар анықталатын немесе тіркелген төлемдері бар борыштық бағалы қағаздар болып табылады. Топ бұл аталған бағалы қағаздарды өтелгенге дейін ұстап отыруға ниетті және ондай мүмкіндігі бар. Мұндай бағалы қағаздар амортизациялық құны бойынша, құнсыздану резервін шегере отырып есепке алынады. Дисконттық және сыйлықақылық амортизация өтелгенге дейінгі мерзім ішінде тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалану арқылы өтелгенге дейінгі кезең ішіндегі пайыздық табыс ретінде көрсетіледі. Өтелгенге дейін ұсталатын инвестицияларды 2016 ж. қайта жіктеуге байланысты, 10-ескертпеде көрсетілгендей, Топ қандай да бір қаржы активтерін, өтелгенге дейін ұсталатын инвестициялары сияқты, 2016 ж. кейінгі екі жыл бойында жіктей алмайды.

## САТУҒА АРНАЛҒАН, ҚОЛДА БАР ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

Сатуға арналған, қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар, сату үшін қолда бар деп жіктелетін, туынды емес қаржы активтері болып табылады, олар қарыздар мен дебиторлық берешек немесе өтелгенге дейін ұсталынатын, сауда жасауға арналған немесе бастапқы танылуы бойынша пайда немесе шығын арқылы әділ құнмен бағаланатын инвестициялар ретінде жіктелмейді. Сатуға арналған, қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар бастапқыда әділ құнымен танылады. Бастапқы танылудан кейін сатуға арналған, қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар капиталдың жекелеген бабында инвестицияны мойындау тоқталғанға дейін немесе инвестиция құнсызданды деп танылғанға дейін пайда немесе шығын арқылы әділ құнымен шоғырландырылған қаржы есептілігіне есепке алынады, бұл ретте капиталда бұрын танылған жинақталған пайда немесе шығындар пайда немесе шығындар туралы шоғырландырылған есепте танылады. Бағамдық айырмашылық пен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалану арқылы есептелген пайыздық табыс пайда мен зияндар туралы шоғырландырылған есептілікте көрсетіледі. Төленеді деп жарияланған дивидендтер пайда мен зияндар туралы шоғырландырылған есептілікте Өзге табыстар деген жолға қосылады.

Ұйымдастырылған қаржы нарығында белсенді айналымға түсірілген инвестициялардың әділ құны есеп берілетін сәттегі жұмыс күнінің аяғындағы нарықтық бағаны пайдалана отырып анықталады.

## ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІН ҚАЙТА ЖІКТЕУ

Туынды емес қаржы активтері (бастапқыда танылғанда пайда немесе шығындар арқылы әділ құн бойынша көрсетілетіндерден басқа) мынадай жағдайларда пайда немесе шығындар арқылы әділ құн бойынша көрсетілетін санаттан қайта жіктеле алады:

- Бастапқыда танылған кезде қарыз мен дебиторлық берешектің анықтамасына қанағаттандырылатын қаржы активтері (қаржы активін саудаға арналған деп жіктеу талап етілмеген болса), егер осындай қаржы активі жақын келешекте немесе өтеуге дейін ұстап қалу ниеті немесе мүмкіндігі болса, пайда немесе шығындар арқылы әділ құн бойынша көрсетілетін санаттан қайта жіктеле алады; және
- Қаржы құралдары (бастапқыда танылған кезде қарыздар мен дебиторлық берешектің анықтамасына қанағаттандырылатын қаржы активтерінен басқа) сирек жағдайларда пайда немесе шығындар арқылы әділ құн бойынша көрсетілетін санаттан басқа санатқа қайта жіктеле алады.

Егер қаржы активі жоғарыда айтылған жағдайларда сипатталғандай қайта жіктелетін болса, осындай қаржы активі қайта жіктелетін күніндегі әділ құн бойынша көрсетілетіндей қайта жіктеледі. Пайдалар және шығындар туралы есепте танылған пайда немесе шығын қайта қалпына келтірілмейді. Қаржы активінің қайта жіктелетін күніндегі әділ құны қайсысы қолданылғанына қарай оның жаңа құны немесе амортизацияланған құны болып қалады.

## РЕПО ЖӘНЕ КЕРІ РЕПО КЕЛІСІМДЕРІ ЖӘНЕ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ҰСЫНУ

Топ өз қызметінің барысында қаржы активтерін сату туралы және кері сатып алу туралы келісімдер (бұдан әрі – «РЕПО келісімдері»), сондай-ақ сатып алу туралы және қайтадан кері сату туралы келісімдер (бұдан әрі – «кері РЕПО келісімдері») бекітеді. РЕПО және кері РЕПО операцияларын Топ сауда жасау мақсатында өтімділікті басқару элементі ретінде пайдаланады.

РЕПО келісімдері қамтамасыз етілген қаржыландыру операциялары ретінде қарастырылады. РЕПО келісімдері бойынша сатылған Бағалы қағаздар Қаржылық ахуал туралы шоғырландырылған есептілікте көрсетіледі, егер қамтамасыз етуді алған тараптың оларды сату, не болмаса қайта кепілдікке беру құқығы болса, мұндай бағалы қағаздар РЕПО келісімдері бойынша кепілдікке салынған бағалы қағаздар ретінде жіктеледі. Тиісті міндеттеме кредит мекемелерінің немесе клиенттердің қаражатында атап көрсетіледі.

Кері РЕПО келісімдерінің негізінде сатып алынған бағалы қағаздар кредит мекемелеріндегі қаржы немесе клиенттерге берілген қарыздар немесе тиісінше ақша қаражаты және олардың баламасы ретінде есепке алынады. Сату мен кері сатып алу құны арасындағы айырма пайыздық табыстар ретінде қарастырылады және РЕПО келісімдері әрекет ететін кезең үшін, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептеледі.

Контрагенттерге қарызға берілген бағалы қағаздар қаржылық ахуал туралы шоғырландырылған есептілікте көрсетіледі. Үшінші бір тарапқа сатылған, оларды сату мен сатып алу «пайда немесе шығын арқылы әділ құнымен бағаланатын қаржы активтері мен міндеттемелер ойынша таза пайдада» есепке алынатындарды қоспағанда, тартылған бағалы қағаздар қаржылық ахуал туралы шоғырландырылған есептілікте көрсетілмейді. Оларды қайтару бойынша міндеттемелер саудалық міндеттеме ретінде әділ құнмен көрсетіледі.

Топ бағалы қағаздар бойынша РЕПО шарттарын және бағалы қағаздармен қарыздар бойынша мәмілелер бекітеді, олар бойынша Банк кәдімгі нарықтық тәжірибеге сәйкес қамтамасыз етуді алады немесе береді. Қазақстандағы және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы («ТМД») елдеріндегі кері сатып алу операцияларының стандартты талаптарына сәйкес қамтамасыз етуді алушы мәміле бойынша есеп айырысқан кезде баламалы бағалы қағаздарды қайтарған жағдайда қамтамасыз етуді сату немесе кепілге қайта салу құқығына ие.

# ӨЗАРА ЕСЕПКЕ АЛУ

Қаржылық активтер мен міндеттемелер бойынша өзара есепке алу жүргізіліп, таза сомасы есепке алынған сомаларды есептеуге заңды тұрғыдан құқығы болған кезде және нетто-негізде реттеуді жүргізу немесе бір мезетте активті сату және міндеттемені өтеу ниеті болған кезде Қаржылық ахуал туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі. Шығып кеткен болып танылмайтын қаржы активін есепке алу кезінде Топ берілетін активті және оған сәйкес міндеттемені өзара есепке алуды орындамайды. Егер ол қандай да бір стандарт немесе түсіндіру бойынша талап етілмесе немесе рұқсат етілмесе, кірістер мен шығыстар бойынша өзара есепке алу жүргізілмейді және жеке Топтың есепке алу саясаттарында ашылмайды.

# ТУЫНДЫ ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ

Топ өзінің қалыпты қызметінде фьючерстерді, форвардтарды, своптар мен опциондарды қоса алғанда, әр түрлі туынды қаржы құралдарын пайдаланады. Туынды қаржы құралдары бастапқыда туынды құрал бойынша келісімшарт бекітілетін күнгі жағдайға сәйкес әділ құнмен көрсетіледі, кейіннен, есеп берілетін күнгі жағдайға сәйкес әділ құнмен қайта бағаланады. Әділ құн тиісті базалық құралдардың ағымдағы нарықтық және шарттық құнына сәйкес, сондай-ақ басқа да факторлар негізінде анықталады. Оң мәнді әділ құны бар туынды қаржы құралдары активтер құрамында, ал теріс мәнді әділ құны бар туынды қаржы құралдары міндеттемелер құрамында көрсетіледі. Туынды қаржы құралдары қаржылық ахуал туралы шоғырландырылған есептілікте пайда немесе зиян арқылы әділ құнымен бағаланатын қаржы активтері мен міндеттемелер құрамына енгізілген. Аталған құралдармен операциялардан түскен кірістер мен шығыстар пайда мен зияндар туралы шоғырландырылған есептілікте «пайда немесе зиян арқылы әділ құнымен бағаланатын қаржы активтері мен міндеттемелер бойынша таза пайдада» көрсетіледі.

Басқа қаржы құралдарының құрамына енгізілген туынды құралдар егер олардың тәуекелдері мен сипаттамалары негізгі шарттардың тәуекелдері мен сипаттамаларымен тығыз байланысты болмаса, бөлек ескеріледі, ал негізгі шарттардың өздері пайда мен шығын арқылы әділ құн бойынша қайта бағаланбайды. Қосылып берілген туынды қаржылық құрал туынды құралдан да және негізгі шарттан да тұратын гибридті (құрамалы) қаржылық құралдың компоненті болып табылады, осының салдарынан құрамалы құрал бойынша ақша ағымының бір бөлігі бөлек туынды қаржылық құрал секілді өзгереді. Туынды құралдармен биржадан тысқары жүргізілетін мәмілелер Топты ашық позицияны онда өтеп алуға болатын нарықтың жоқтығына байланысты Топты тәуекелдерге душар етуі мүмкін. Сонымен бірге туынды құралдар Топты контрагент тарапынан міндеттемені орындамау тәуекеліне душар етеді. Кейбір құралдар сондай-ақ контрагенттер арасында өзара есеп айырысуды сальдолы негізде жүзеге асыруға мүмкіндік беретін талаптардың жоқтығына байланысты өтімділікке қатысты тәуекелді тудырады.

### ФОРВАРДТАР

Форвардтық және фьючерстік шарттар белгіленген қаржылық құралды анықталатын бағамен және белгіленген уақытта сатып алу немесе сату жөніндегі келісімдер түрінде жасалады. Форвардтар биржалық емес нарықта бекітілетін стандарттық емес шарттар болып табылады. Фьючерстік келісімшарттар реттелетін биржаларда белгіленген сомаларға бекітіледі және кепілдікті депозит сомасының күнделікті түзетілуін талап етеді. Форвардтық шарттар бойынша Топ контрагенттер тарапынан кредиттік тәуекелге ұшырау қаупі бар. Форвардттық шарттар брутто негізінде орындалады және сондықтан бұлардың өтімділік тәуекелі неғұрлым жоғары болып табылады.

### СВОПТАР

Своптар – бұл белгілі бір уақыт кезеңі ішіндегі төлемдер ағымымен алмасу бойынша екі тараптың арасындағы шарттық келісімдер. Келісілген шарттық сомаларға байланысты, белгілі бір базалық индекстердің, мәселен, сыйақы мөлшерлемесінің, шетел валютасын айырбастау бағамының немесе үлестік құралдар индексінің өзгерістерін ескере отырып жасалады.
Пайыздық своптар Топтың өзге қаржылық мекемелермен бекітетін шарттарына жатады, бұл шарттар бойынша Топ тіркелімді сыйақы мөлшерлемесін төлеу немесе алу орнына, тиісінше, құбылмалы сыйақы мөлшерлемесін төлейді немесе алады. Төлемдер ағымы, әдетте, бір-біріне қарама-қарсылықпен, тараптардың біреуі екінші тарапқа төлеуге тиіс болатын айырманы ескере отырып, есепке алынады. Валюталық свопта Топ валютаның бір түрімен белгіленген соманы төлейді және екінші бір валютамен белгіленген соманы алады. Көпшілік жағдайда Топтың валюталық своптары брутто негізінде орындалады.

### ОПЦИОНДАР

Опциондар сатып алушыға қаржылық құралды тіркелімді баға бойынша белгіленген сомаға немесе болашақтағы анықталатын күндері не болмаса келісілген кезең ішінде сатып алу немесе сату құқығын беретін, алайда бұған міндеттемейтін шарттық келісімдер болып табылады. Топ опциондарды реттелетін нарықта және биржалық емес мәмілелер арқылы сатып алады және сатады. Топтың сатып алған опциондары Топтың өзіне базалық активті келісілген баға бойынша немесе опционның әрекеті аяқталатын күні, не болмаса осы сәтке дейін сатып алуға (сатып алатын опциондар) немесе сатуға (сатылатын опциондар) мүмкіндік береді. Топтың сатып алынған опциондар бойынша әділ құн болып табылатын олардың баланстық құнының шегінде ғана кредиттік тәуекелге ұшырау қаупі бар. Топтың берген опциондары сатып алушыға базалық активті келісілген баға бойынша немесе опционның әрекеті аяқталатын күні, не болмаса осы сәтке дейін Топтан сатып алуға немесе Топқа сатуға мүмкіндік береді.
Топтың туынды құралдармен шарттары бойынша тәуекел мөлшері нарықтық және кредиттік тәуекелдерді, сондай-ақ Топтың өтімділік тәуекелін жалпылама басқару шеңберінде мұқият бақылауға алынады (34-ескертпеде берілген).

## КЛИЕНТТЕР МЕН КРЕДИТ МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ ҚАРЖЫЛАРЫ

Клиенттер мен кредит мекемелерінің қаражаты бастапқыда мәмілемен тікелей байланысты шығын шегерілгеннен кейінгі алынған қаржының әділ құны бойынша көрсетіледі. Алынған қаржы кейіннен амортизациялық құны бойынша көрсетіледі және алынған қаржының таза көлемі мен өтеу сәтіндегі сома арасындағы тиісті айырмашылық тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдану арқылы қарыз алынған мерзім ішіндегі пайда мен зияндар туралы шоғырландырылған есептілікке жатқызылады. Егер Топ өзінің меншікті борыштық міндеттемесін сатып алатын болса, онда ол Қаржылық ахуал туралы шоғырландырылған есептіліктен шығарылады, ал міндеттеменің баланстық құны мен мәміле бойынша төленген құнның орнын толтыру арасындағы айырмашылық пайда мен зияндар туралы шоғырландырылған есептілікке енгізіледі.

## ШЫҒАРЫЛҒАН БОРЫШТЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

Шығарылған борыштық бағалы қағаздары - Топтың айналымға шығарған облигациялары, оларды есепке алу клиенттер мен кредит мекемелерінің қаржыларын есепке алу қағидатына сәйкес жүзеге асырылады. Міндеттемелерді шығару шығыны шегерілгеннен кейін алынған сомалар мен орнын толтыру құны арасындағы кез-келген айырмашылық тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдану арқылы қарыз алу мерзімі ішінде пайда мен зияндар туралы шоғырландырылған есептілікте танылады.

## ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІНІҢ ҚҰНСЫЗДАНУ РЕЗЕРВТЕРІ

Әрбір есеп берілетін кезең күні бойынша Топ қаржы активінің немесе қаржы активтері тобының құнсыздануының болған-болмағандығын бағалайды.

### АМОРТИЗАЦИЯЛАНҒАН ҚҰНЫ БОЙЫНША ЕСЕПКЕ АЛЫНАТЫН АКТИВТЕР

Егер амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің құнсыздануынан келтірілген шығын объективті куәландырылатын болса, онда шығын сомасы активтің баланстанған құны мен қаржы активінің бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемесін (яғни, бастапқы тану кезінде есептелген тиімді пайыздық мөлшерлемені) пайдалану арқылы дисконтталған ақша қаржыларының келешектегі есеп айырысу ағымдарының ағымдағы құны (шығын келтірілмеген қарыздар бойынша келешектегі залалды қоспағанда) арасындағы айырмашылық ретінде бағаланады. Активтің баланстық құны резерв шотын пайдалану арқылы азайтылу тиіс. Құнсызданудан болған залал сомасы пайда мен шығындар туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Құнсызданудан болған залалдардың жеткілікті дәлелін алу үшін Топ бағалайтын факторларға дебитордың немесе эмитенттің өтімділігі туралы, олардың төлемдік қабілеттілігі, іскерлік және қаржылық тәуекелдері, ұқсас қаржы активтері бойынша міндеттемелер өтелген кездегі дефолт деңгейлері мен ағымдары, ұлттық және экономикалық ахуал мен талаптар, бағалы қағаз бен кепілдіктің әділ құны туралы ақпарат жатады. Осы және басқа да факторлар жекелей түрде немесе жиынтық түрде қаржы активінің немесе қаржы активтері тобының құнсыздануынан болған залалды танудың жеткілікті дәлелі болып табылады.

Қамтамасыз етілген қаржы активінің жорамалданып отырған келешектегі ақша қаражаты қозғалысының ағымдағы құнының есептеулері қамтамасыз етуді алуға және сатуға жұмсалған шығын шегерілген құн өндірудің нәтижесі болуы мүмкін ақша қаражат қозғалысын, құн өндірудің болуы мүмкін немесе мүмкін еместігіне байланыссыз, көрсетеді.

Резервтер әрбір кредиттік тәуекел санатындағы активтер бойынша борышқа қызмет көрсету мүмкіндігі мен қарыз алушының кредиттік тарихын негізге ала отырып басшылықтың залалдар деңгейіне қатысты жасайтын болжалдары мен залалдарды талдау бойынша Топтың өз тәжірибесіне негізделеді.

Егер бұдан кейінгі кезеңде құнсызданудан болған залал сомасы азаятын болса және мұндай азаю құнсыздануды танығаннан кейін болған оқиғамен объективті байланыста болуы мүмкін болса, онда құнсыздану бойынша бұрын танылған залалға сторно жүргізіледі. Кез-келген келесі құнсызданудан болған залалдарға сторно жасау пайда мен зияндар туралы біріктірілген есепте активтердің баланстық құны осындай сторно жүргізілетін күнгі амортизациялау құнынан аспайтын көлемде танылады.

Қаржы активтері мұндай активтер қамтамасыз етудің құн өндіру арқылы өтеуді қоса алғанда өтелмейді деп танылғанда, құнсыздану резерві есебінен есептен шығарылады. Топ қажет болғанда кредиттік қаржы құралдарын өтеу үшін кепілмен қамтамасыз етуді талап етеді. Кепілмен қамтамасыз етуге банктегі депозиттер, мемлекеттік бағалы қағаздар және активтердің басқа түрлері жатады. Қарыз алушы берешек сомасын мерзімінде төлемеген жағдайда Топтың кепілмен қамтамасыз етуді иеліктен шығаруға құқығы бар. Басшылық Топ алдындағы берешек сомасының орнын толтыру үшін барлық мүмкіндіктерді пайдаланғаннан кейін және Топ барлық қамтамасыз етуді сатқаннан кейін қаржы активтері есептен шығарылады. Құнсыздану резервіне қарсы барлық негізгі, артықшылықты, қамсыздандырылмаған және инсайдерлік активтер бойынша үмітсіз борышты есептен шығару туралы шешім заңдық және нотариалдық органдар құжатымен расталады. Бұл құжат үмітсіз борышты есептен шығару туралы шешім қабылданған сәтте борышкер қаражаты есебінен өтеу мүмкін болмағанын (немесе ішінара өтелгенін) растайды. Бұрын есептен шығарылған соманы кейін өтеу пайда мен шығындар туралы шоғырландырылған есептілікте қаржы активтерінің құнсыздану резервін құру сомасын азайтады.

Ұжымдық негізде бағаланатын елеулі емес қарыздар мен дебиторлық берешекті қоспағанда, қарыздар мен дебиторлық берешек құнсыздану тұрғысынан жеке-дара негізде бағаланады. Жеке-дара негізде бағаланатын, бұлар бойынша құнсыздану белгіленбеген қарыздар мен дебиторлық берешек және басқа да елеулі емес қарыздар мен дебиторлық берешек, олар туралы объективті дәлелі бар, бірақ олардан болатын эффект әлі де мойындалмаған шығасының салдарынан болатын мойындалуға тиіс құнсыздануды айқындау үшін бұдан әрі ұжымдық негізде, тәуекелдік сипаттамасы ұқсас активтер тобында бағаланады. Ұжымдық негіздегі бағалау кезінде қарыздар портфеліндегі ақпарат (кешіктірілу мерзімінің деңгейі, пайдалану мақсаты, кепілмен өтеу

коэффициенті т.б. туралы), тәуекелді шоғырландыру тиімділігі туралы пікірлер және экономикалық ақпарат (оның ішінде жұмыссыздық деңгейі, жылжымайтын мүлік бағасы, елдік тәуекел және түрлі жеке-дара топтардың тәртібі) ескеріледі.

Қарыздар мен дебиторлық берешек бойынша құнсызданудан болатын залал 11, 22 және 34-ескертпелерде неғұрлым толығырақ ашылып көрсетілген.

**САТУҒА АРНАЛҒАН, ҚОЛДА БАР ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР**

Сатуға арналған қолда бар деп жіктелген, үлестік құралдардың ұйымдастырылған нарығындағы айналыстағы және айналыстағы еместері бойынша әділ құнның оларды сатып алу құнынан едәуір немесе ұзақ уақыт төмендеуі құнсызданудың объективті айғағы болып есептеледі. Сатуға арналған, қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар құнсызданған болса, бұрын пайда мен зияндар туралы шоғырландырылған есепте танылған, олардың құны (төленген негізгі сома мен амортизация шегерілген) мен олардың ағымдағы әділ құны арасындағы айырмашылықтан құнсызданудан болған кез-келген залалға шегерілген жалпы сома капиталдан пайда мен зияндар туралы шоғырландырылған есепке ауыстырылады. Сатуға арналған, қолда бар ретінде жіктелген үлестік құралдарға қатысты бұрын пайда мен зияндар туралы шоғырландырылған есепте танылған құнсызданудан болған залалдарға пайда мен шығындар туралы шоғырландырылған есеп арқылы сторно жасалмайды. Құнсызданудан болған залалды танудан кейінгі әділ құнның кез келген ұлғаюы өзге жиынтық табыста танылады және сатуға арналған қолда бар инвестициялық бағалы қағаздарды қайта бағалауға сәйкес резервтің бабы бойынша жинақталады. Сатуға арналған, қолда бар бағалы қағаздар ретінде жіктелген борыштық бағалы қағаздарға қатысты құнсызданудан зияндар, егер қаржы салымдары әділ бағасының ұлғаюы құнсызданудан зиянды мойындағаннан кейін  орын алған оқиғаға обективтік түрде қатысты болса, кейіннен пайдалар немесе зияндар арқылы қалпына келеді.

## ҚАЙТА ҚҰРЫЛЫМДАЛҒАН ҚАРЫЗДАР

Топ қамтамасыз етуге қатысты мүліктік құқықтарды алуға емес, қарыздарды қайта құрылымдауға мүмкіндігінше күш салуда. Бұған төлем мерзімін ұзарту және қарыз талаптарын өзгертуге қатысты келісімдерді қамтуы мүмкін. Талаптар өзгертілгеннен кейін қарыздың мерзімі өткен болып саналмайды. Басшылық барлық критерийлердің орындалуы және келешек төлемдердің жүзеге асырылу ықтималдығы тұрғысынан қайта құрылымдалған қарыздарға тұрақты түрде шолу жасап отырады. Қарыздар бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемесі бойынша пайдалана отырып есептелетін құнсыздану тұрғысынан жеке-дара немесе ұжымдық бағалау нысаны күйінде қалып отырады. Қайта құрылымдау қаржылық ахуалы нашарлаған жеке қарыз алушылар бойынша құнсыздану белгісі болып табылады.

## ҚАРЫЗДАРМЕНДЕБИТОРЛЫҚБЕРЕШЕКТІЕСЕПТЕН ШЫҒАРУ

Қарыздар мен дебиторлық берешекті өндіріп алу мүмкін болмағанда, оның ішінде қамтамасыз етуден құн өндіру жолымен өндіріп алу мүмкін болмаған жағдайда, олар құнсыздану резервінің есебінен есептен шығады. Қарыздар мен дебиторлық берешекті есептен шығару, Топ басшылығы, Топқа тиесілі сомалардың барлығын өндіріп алу үшін, қолда бар  шаралардың барлығын қолданғаннан кейін, сондай-ақ Топ қолда бар кепілмен қамтамасыз етуді сатқаннан кейін жүзеге асырады. Бұдан бұрын шығынға алынған сома өтелсе, онда пайда мен зияндар туралы өтеу кезеңіндегі біріктірілген есепілікте құнсыздану резервінің азаюы ретінде көрсетіледі.

## ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ ТАНУДЫ ТОҚТАТУ

**ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ**

Қаржы активтерінің (немесе бұл орынды болған кезде, осындай қаржы активтерінің бір бөлігінің немесе осыған ұқсас қаржы активтері тобының бір бөлігінің) танылуын тоқтату мынадай жағдайда іске асырылады:

- егер активтен түскен ақша қаражаты ағымдарын алу құқығының мерзімі аяқталған болса;
- Топ өзінің активтен ақша қаражаты ағымын алу құқығын басқаға берген болса немесе активтен түскен ақша қаражаты ағымын алу құқығын сақтап қала отырып, бірақ оларды «аралық» келісімге сәйкес үшінші тарапқа көп кешіктірмей толық төлеу жөнінде міндеттеме қабылдаған жағдайда; немесе.
- Топ іс жүзінде (а) актив бойынша тәуекелдің және сыйақының барлығын берген болса, не болмаса (б) актив бойынша тәуекелдің және сыйақының барлығын іс жүзінде ұстап қалмаған, бірақ активке бақылау жүргізуді берген болса.

Қаржы активі аударылғаннан кейін оны тану тоқтатылады және бұл аударым тануды тоқтату талаптарына сай болады. Аударуға сәйкес Топтан (а) актив бойынша ақша ағымдарын алуға келісімшарттық құқық беру немесе (б) актив бойынша ақша ағымдарына құқықты сақтау, алайда үшінші тарапқа қатысты осы ақша ағымын төлеу бойынша келісімшарттық міндеттеме қабылдау талап етіледі. Аударым жүргізілгеннен кейін Топ аударылған активтерге иелік етуден түскен пайданың және тәуекелдің сақталу деңгейіне қайта бағалау жүргізеді. Егер тәуекел мен пайданың барлығы негізінен сақталған болса, онда актив Қаржылық ахуал туралы шоғырландырылған есептілікте одан әрі танылa береді. Егер тәуекел мен пайданың барлығы жалпы берілген болса, бұларды актив бойынша тану тоқтатылады. Егер кейіннен тәуекел мен пайданың барлығы сақталмайтын және берілмейтін болса, Топ активтерге жүргізілетін бақылаудың сақталуын бағалайды. Егер бақылау сақталмаған болса, онда актив бойынша тану тоқтатылады. Егер Топ активті бақылауды сақтайтын болса, онда ол оның қатысуы шеңберінде активті таңдауды жалғастырады.

### ҚАРЖЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

Міндеттеме орындалғанда, жойылғанда немесе оның әрекет ету мерзімі аяқталғанда қаржы міндеттемесін тану тоқтатылады.

Топ шығарған борыштық бағалы қағаздарды (оның ішінде тәртіптелген міндеттемелерді қосқанда) құнын өтеп сатып алу немесе өтеу кезінде Топ борыштық құралды тануды тоқтатады, ал борыштық бағалы қағаздардың ағымдағы құны және сатып алу немесе өтеу үшін жұмсалатын шығын құны арасындағы айырма пайда мен шығынды тану болып табылады. Осыған ұқсас есеп егер борыштық бағалы қағаздар шығарылу талаптары қолда бар борыштық бағалы қағаздарды шығару талаптарынан едәуір ерекшеленетін жаңадан шығарылған борыштық қағаздарға ауыстырылатын жағдайда да қолданылады. Бағалы қағаздар жаңадан шығарылған жағдайда өзгерістерінің маңыздылығын бағалау үшін бұлардың сапалық және сандық сипаттамасы назарға алынады, оның ішінде жаңа шығарылым талаптарында ақша ағымының дисконтталған құнын және қолда бар борыштық бағалы қағаздар ақша ағымының қалған дисконтталған құны салыстырылады.

Қолдағы қаржы міндеттемесі сол қарыз берушінің елеулі айырмашылығы бар талаптары негізінде басқа міндеттемесімен ауыстырылғанда немесе қолда бар міндеттеме талаптары елеулі өзгертілгенде, мұндай ауыстыру немесе өзгерту бастапқы міндеттемені тануды тоқтату және жаңа міндеттемені тану ретінде қарастырылады, ал тиісті ағымдағы құндағы айырмашылық пайда мен шығындар туралы шоғырландырылған есепте танылады.

## САЛЫҚ САЛУ

Табыс салығы бойынша ағымдағы шығындар Қазақстан Республикасының және Топ жұмыс істейтін басқа елдердің заңнамасына сәйкес есептеледі.

Мерзімі кейінге шегерілген салықтық активтер мен міндеттемелер уақыттық айырмашылыққа қатысты есепке алудың баланстық әдісін пайдалану арқылы есептеледі. Мерзімі кейінге шегерілген табыс салығы активтердің салықтық базасы мен міндеттемелері және баланстық құны арасында пайда болған барлық уақыттық айырмашылықтар бойынша, мерзімі кейінге шегерілген корпоративтік табыс салығы іскерлік беделдің, активтің немесе компанияны шоғырландыру емес және іске асыру сәтінде бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайда мен зиянға да әсері тимейтін операция бойынша міндеттеменің бастапқы көрсетілуі нәтижесінде туындайтын жағдайларды қоспағанда, қаржылық есептілік мақсатында көрсетіледі.

Мерзімі кейінге шегерілген салықтық активтер уақыттық айырмашылықтар қарсы есепке алынуы мүмкін, келешекте салық салынатын табыс алу мүмкіндігі бар шамада көрсетіледі. Мерзімі кейінге шегерілген салықтық активтер мен міндеттемелер активті сату немесе міндеттемелерді реттеу кезеңі ішінде қолданылатын салықтық мөлшерлемелер бойынша есеп берілетін күні күшіне енген немесе нақты күшіне енетін салықтық мөлшерлемеге қарай бағаланады. Мерзімі кейінге шегерілген салық өзге жиынтық табыста немесе капиталда есепке алынатын операцияға қатысты жағдайларды қоспағанда, мерзімі кейінге қалдырылған салық тікелей пайда мен зияндарда есепке алынады, мұндай жағдайда мерзімі кейінге қалдырылған салық тағы да тікелей жиынтық кірісте немесе капиталда есепке алынады.

Мерзімі кейінге шегерілген табыс салығы еншілес және қауымдасқан компанияларға, сондай-ақ бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялармен байланысты уақыттық айырмашылық бойынша көрсетіледі, уақыттық айырмашылыққа сторно жасау уақытын бақылауға болатын және уақыттық айырмашылыққа жақын келешекте сторно жүргізілмеуі мүмкін болатын жағдайлар бұған жатпайды.

Топ мерзімі кейінге шегерілген салық активтері мен міндеттемелерге өзара есеп жүргізеді және Қаржылық ахуал туралы шоғырландырылған есептілікте қорытынды айырмасын көрсетеді, егер:

- Топтың ағымдағы салықтық талаптар мен ағымдағы салықтық міндеттемелерге қарсы есепке алу жүргізу үшін заңды түрде бекітілген құқығы болса; және
- Мерзімі кейінге шегерілген салықтық активтер мен міндеттемелер бір салықтық субъектіден бір салықтық орган өндіріп алатын пайда салығына жатқызылатын болса.

Мұнымен қатар Қазақстан Республикасында және Топ жұмыс істейтін басқа елдерде Топ қызметіне қатысты қолданылатын әртүрлі операциялық салықтар әрекет етеді. Бұл салықтар пайда салығынан басқа салықтардың құрамында көрсетіледі.

## ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК, ҮЙЛЕР МЕН ЖАБДЫҚТАР

Негізгі жабдықтар, жинақталған құнның тозуы мен құнсыздануы шегерілгеннен кейінгі бастапқы құн бойынша көрсетіледі, ғимараттар мен құрылыстар бұған жатпайды, олардың құны қайта бағалау жүргізілетін күнгі әділ құны болып табылатын қайта бағаланған құнмен, кейін жинақталған тозуы мен құнсыздануы шегерілгеннен кейінгі құн бойынша көрсетіледі.

Нысанды амортизациялау оны пайдалануға қол жеткізу мүмкін болғанда басталады. Амортизациялау активтерді тиімді пайдаланудың мынадай бағалау мерзімдері ішінде құнды біркелкі шығынға жазу әдісімен есептеледі:

| | ЖЫЛДАР |
|---|---|
| Ғимараттар мен құрылыстар | 20-100 |
| Көлік құралдары | 5-7 |
| Компьютерлер мен банктік жабдықтар | 5-10 |
| Басқалар | 7-10 |

Жалға берілген меншікті жақсартуларды амортизациялау жалданылған тиісті активтерді пайдалы қолдану мерзімі ішінде есептеледі. Ағымдағы және күрделі жөндеу бойынша шығыстар пайда мен зияндар туралы шоғырландырылған есептілікте, егер

капиталдандыру бойынша талаптарды қанағаттандырмайтын болса, операциялық шығындар құрамында олардың пайда болу кезеңінде көрсетіледі.

Жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтардың баланстық құны әрбір есептік күнге, есепке алуда көрсетілген соманың, оның орны толтырылатын құнынан асуы мүмкін мәніне талданады және, егер баланстық құн мұндай есеп айырысатын орын толтыру құнынан асатын жағдайда активтер құны орын толтыратын есеп айырысу құнынан артатын болса, онда активтер құны орны толатын құнға дейін төмендетіледі. Құнсызданудан болған зиян тиісті кезеңде танылады және операциялық шығыстар құрамына қосылады.

Қызмет көрсетуге немесе әкімшілік мақсатқа арналған қолда бар ғимараттар мен құрылыстар қаржылық ахуал туралы шоғырландырылған есепте қайта бағаланған құнымен көрсетіледі, бұл құн білікті тәуелсіз бағалаушылар нарықтық мәліметтер негізінде белгілеген, кейіннен жинақталған жинақталған тозу мен құнсызданудан зияндар шегерілгеннен кейін анықталады. Активтердің баланстық құны есептік күнгі жағдайға сәйкес әділ құнмен есептеу әдісі бойынша анықталуы мүмкін болатын құннан елеулі айырмашылықта болмауы үшін қайта бағалау ұдайы түрде жүргізіліп отырады.

Қайта бағалау нәтижесінде жылжымайтын мүлік құнының кез келген ұлғайтылуы жылжымайтын мүлікті қайта бағалау резерві құрамында көрсетіледі, пайда мен зияндар туралы шоғырландырылған есепте бұрын танылған сол актив құнының азайтылған сомасы өтелетін жағдай бұған жатпайды. Бұл жағдайда ұлғайтылған құн сомасы пайда мен зияндар туралы біріктірілген есепте бұрын ескерілген активтердің азайтылған құны мөлшерінде танылады. Қайта бағалау нәтижесінде туындаған активтің баланс құнының азайтылуы пайда мен зияндар туралы шоғырландырылған есепте аталған активтің бұған дейінгі қайта бағалану нәтижесінде пайда болған қайта бағалау құнынан қаншалықты асатын болса, сол мөлшердегі деңгейде танылады.

Қайта бағаланған ғимараттар мен жайлардың амортизациясы пайда мен зияндар туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі. Қайта бағаланған меншік одан әрі сатылған немесе шығарылған жағдайда Жылжымайтын мүлікті қайта бағалау резервінің құрамында ескерілген тиісті оң мәнді нәтиже бөлінбеген пайда есебіне аударылады.

Аяқталмаған құрылыс нысандары құнсызданудан залалдар шегерілген нақты құн бойынша есепке алынады. Құрылыстың құнына кәсіпкерлік қызметтердің құнын, сондай-ақ белгілі бір талаптарға сәйкес келетін активтер үшін Топтың есептік саясатына сәйкес капиталдандырылатын қарыздар бойынша шығындар кіреді. Осындай аяқталмаған құрылыс нысандары құрылысты аяқтау немесе жоспарланған пайдалануға дайын болу сәтіне негізгі құралдардың тиісті санаттарына жатады. Осы активтер бойынша амортизацияны есептеу негізгі құралдардың басқа нысандары бойынша сияқты активтердің жоспарланған пайдалануына дайын болу сәтінен басталады.

Жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтар нысаны сатылған жағдайда немесе активті пайдалануды жалғастырудан болашақ экономикалық пайда түсіру күтілмеген жағдайда, есептен шығарылады. Жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтар нысандарын сатудан немесе өзге шығуынан түскен кіріс немесе зиян осы нысандарды сату бағасы мен баланстық құны арасындағы айырмашылық ретінде анықталады және пайдалар немесе зияндарда танылады.

## МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР

### ЖЕКЕ САТЫП АЛЫНҒАН МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР.

Жеке мәмілелер шеңберінде сатып алынған, пайдаланудың соңғы мерзімдері бар материалдық емес активтер құнсызданудан жинақталған амортизация мен жинақталған залал шегерілген сатып алу құны бойынша есепке алынады. Тиімді пайдаланудың күтілудегі мерзімдері мен амортизацияны есептеу әдісі әр есептік кезеңнің аяғына талданады, бұл ретте бағалаулардағы барлық өзгерістер салыстырмалы көрсеткіштерді қайта қарастырмастан есептілікте көрсетіледі. Материалдық емес актив сатылған кезде немесе оны пайдаланудан не болмаса шығуынан болашақ экономикалық пайда түсімдері күтілмеген жағдайда есептен шығарылады. Активтің шығуынан таза түсімдер мен баланстық құнының арасындағы айырмашылықты білдіретін, материалдық емес активті есептен шығарудан түскен пайда немесе залал есептен шығару сәтінде пайдаға немесе зиянға қосылады.

Жеке мәмілелер шеңберінде сатып алынған, пайдаланудың анықталмаған мерзімдері бар материалдық емес активтер құнсызданудан жинақталған залал шегерілген нақты шығындар бойынша есепке алынады. Пайдаланудың анықталмаған мерзімдері бар материалдық емес активтерге амортизация есептелінбейді.

### БИЗНЕСТІ БІРІКТІРУ БОЙЫНША МӘМІЛЕЛЕРДЕ САТЫП АЛЫНҒАН МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР.

Бизнесті біріктіргенде сатып алынған және гудвилдан бөлек көрсетілетін материалдық емес активтер сатып алу күніне әділ құн бойынша есепке қабылданады (сатып алу құны ретінде қарастырылатын). Есепке қабылданғаннан кейін бизнесті біріктіргенде сатып алынған материалдық емес активтер жеке мәмілелер шеңберінде сатып алынған материалдық активтерге ұқсас құнсызданудан жинақталған амортизация мен жинақталған залалдар шегерілген сатып алудың құны бойынша көрсетіледі.

Амортизациялау активтерді тиімді пайдаланудың мынадай бағалау мерзімдерінің ішінде құнды бір қалыпты есептен шығару әдісімен есептеледі:

| | ЖЫЛДАР |
|---|---|
| Клиенттік базаға жататын материалдық емес активтер | 5 |
| Бағдарламалық жасақтама | 10 |
| Бағдарламалық жасақтаманы пайдалану құқығына лицензиялық келісім | 10 |
| Басқалар | 10 |

## САТУҒА АРНАЛҒАН АКТИВТЕР

Ұзақ мерзімді активтермен тікелей байланысты ұзақ мерзімді активтер мен міндеттемелер егер мұндай активтердің ағымдағы құны, негізінен, бұларды тұрақты түрде пайдалану арқылы емес, сату арқылы өтелу мүмкіндігі жоғары болса және мұндай активтер (немесе шығу тобы) бұлардың ағымдағы күйінде сатылуы мүмкін болса, сатуға арналған деп жіктеледі (бұдан әрі - «шығу тобы»). Мұндай активтер сатуға арналған деп жіктелген сәттен бастап Басшылық бұл активтерді бір жылдың ішінде сатуға ниетті болуға тиіс.

Сатуға арналған активтер сатуға жұмсалатын шығын шегерілгеннен кейінгі бұлардың ең төменгі және әділ құнымен бағаланады. Егер сатуға арналған активтің әділ құны сатуға жұмсалатын шығын шегерілгеннен кейін оның ағымдағы құнынан төмен болса, құнсыздану шығынын ұйым пайда мен зияндар туралы шоғырландырылған есепте сатуға арналған активтер шығыны ретінде тануға тиіс. Активтің әділ құнындағы одан кейінгі кез-келген ұлғаю шамасы, сату шығыны шегерілгеннен кейін, осы активтердің құнсыздануы бойынша бұрын танылған жинақталған шығын сомасы болып танылады.

## ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК

Инвестициялық жылжымайтын мүлік жалгерлік төлем алу, қосымша капиталдандыру үшін немесе сол жағдайлардың бірінде пайдаланылатын нысандарды білдіреді. Инвестициялық жылжымайтын мүлік нысандары бастапқыда, сатып алу шығыстарымен қоса сатып алу құны бойынша есепке алынады. Нәтижесінде олар әділ құн бойынша көрсетіледі. Инвестициялық жылжымайтын мүліктің әділ құнының өзгерістері, олар пайда болатын кезеңдегі пайдаға немесе зиянға қосылады.

Инвестициялық жылжымайтын мүліктің нысаны шығарылғанда немесе онымен байланысты экономикалық пайда түсіру енді болжамданбайтын, пайдаланудан түпкілікті шығарылғанда балансстан есептен шығарылады. Есептен шығару кезеңіндегі кез келген кіріс немесе зиян (шығудан таза түсімдер мен активтің баланстық құны арасындағы айырмашылық) есептелікте, есептен шығару кезеңіндегі пайдаға немесе зиянға қосылады.

## КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК

Белгілі бір жағдайларда, Топ кредиттік шарттарды реттеу шеңберінде коммерциялық жылжымайтын мүлікті өтеуді жүргізе алады. Топ осы жылжымайтын мүлікті кәдімгі қызмет барысында сатуды жоспарлайды, сәйкесінше бұл жылжымайтын мүлік бастапқыда сатып алу шығыстарымен қоса әділ құн бойынша есепке алынады, ал бастапқы танудан кейін екі құнның ең төменгісі бойынша бағаланады: өзіндік құн немесе сатудың таза құны бойынша. Сатудың таза құнын бағалау бар дәлелдердің ең сенімділерінен негізделеді, бағалау жүргізген сәтте ол бойынша коммерциялық жылжымайтын мүлікті сату күтілетін сомалар. Бұл бағалаулар кезең аяқталғаннан кейін болған жағдайларға тікелей қатысты құнның немесе өзіндік құнның құбылуын осындай жағдайлар осы кезеңнің аяғында болған шарттарды растайтындай мөлшерде есепке алады.

## РЕЗЕРВТЕР

Резервтер, егер Топ ағымдағы құқықтық міндеттемеге немесе тәжірибеден туындайтын, бұрын болған оқиғалар нәтижесінде пайда болған міндеттемеге иелік ететін болса, сондай-ақ міндеттемені өтеу үшін экономикалық пайдамен байланысты қаржының кері ағымы туындау мүмкіндігі болса және бұл міндеттеме сомасы барынша дәл бағалануы мүмкін болған жағдайда танылады. Қаржылық ахуал туралы шоғырландырылған есеп ұсынылатын күні көрсетілген сомалар міндеттемені өтеу үшін талап етілетін шығындарды Топтың ең таңдаулы бағалауын білдіреді. Резервтерді құруға байланысты шығыстар кез келген қайта жаңғыртуларды шегере отырып пайда мен зияндар туралы шоғырландырылған есепте ұсынылады.

## ЗЕЙНЕТАҚЫЛЫҚ ЖӘНЕ БАСҚА ДА МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Топтың жұмыс берушіден брутто жалақысының ағымдағы төлемінің пайызы ретінде есептелген ұстап қалуды талап ететін Қазақстан Республикасының және Топ жұмыс істейтін басқа елдердің мемлекеттік зейнетақы бағдарламасынан өзге қандай да бір зейнетақымен қамтамасыз ету схемасы жоқ; мұндай шығындар тиісті жалақы есептелген кезеңде есептеледі және пайда мен шығындар туралы есепте операциялық шығыстарға қосылады. Топ әлеуметтік салықты Қазақстан Республикасының және Топ жұмыс істейтін басқа елдердің бюджетіне аударады. Еңбек қызметі аяқталғаннан кейінгі төлемдер бойынша Топтың қандай да бір міндеттемелері жоқ.

## КАПИТАЛ

Топ өзі шығаратын қаржы құралды келісімшарттық келісімнің мәніне сәйкес қаржы активі, қаржы міндеттемесі немесе үлестік құрал ретінде жіктейді. Егер ол ақша қаражат немесе басқа қаржы активін ұсыну бойынша, не болмаса ықтимал қолайсыз жағдайларда қаржы активтерін немесе қаржы міндеттемелерін айырбастау бойынша келісімшарттық міндеттеме болса, құрал міндеттеме ретінде жіктеледі. Егер ол міндеттемелер шегерілгеннен кейін Топ активтеріндегі қалған үлеске ғана үміттенген болса, құрал капитал ретінде жіктеледі.

Топ шығарған күрделі қаржы құралдары компоненті түрлі жағдайларға сәйкес қаржы активтері, қаржы міндеттемелері немесе капитал ретінде жеке жіктеліп, есепке алынады.

**ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛ**

Компаниялар біріктірілетін жағдайды қоспағанда, жаңа акцияларды шығарумен тікелей байланысты үшінші тараптың қызмет ақысын төлеу шығыны капитал құрамында осы эмиссия нәтижесінде алынған соманың азаюы ретінде көрсетіледі. 2003 ж. 13 мамырға дейін алынған қаржының әділ құнының шығарылған акциялардың номинал құнынан асатын сомасы эмиссиялық табыс ретінде көрсетілген. 2003 ж. 13 мамырдан бастап, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының жаңа редакциясы қабылданғаннан кейін «акцияның номиналдық құны» деген ұғым акцияларды қоғамның құрылтайшылары арасында орналастырған кезде ғана қолданылады. Барлық өзге инвесторлар үшін жарғылық капитал Топтың акцияларды орналастырудан алған сомасына тең орналастыру бағасы бойынша есепке алынады.

**ӨТЕУІ ТӨЛЕП АЛЫНҒАН ӨЗ АКЦИЯЛАРЫ**

Топ өз акцияларын өтеуін төлеп алған жағдайда, мәміле бойынша тікелей шығындарды қоса алғандағы сатып алу құны, қолданылатын тиісті салық төлемі шегерілгеннен кейін, капитал құрамының өзгерісі ретінде танылады. Топтың өтеуін төлеп өз акциялары айналымнан алынады. Құны өтеліп сатып алынған акциялар өтеуі төлеп алынған өз акциялары ретінде жіктеледі және құны бойынша көрсетіледі. Мұндай акциялар шығарылған акциялардың орташа есептелген санынан шегеріледі және олардың құны капиталдың азаюы ретінде көрсетіледі. Акциялардың номинал құны – жай акциялардың азайтылуы ретінде, ал құн қалдығы жай акциялар бойынша эмиссиялық табыстың азайтылуы ретінде көрсетіледі. Топ мүшелері сатып алған акциялары бойынша алынған дивидендтер шоғырландыру кезінде алынып тасталады.

**ДИВИДЕНДТЕР**

Дивидендтер міндеттеме болып танылады және олар жарияланған күні капитал сомасының есебінен шығарылады. Дивидендтер туралы ақпарат, егер олар есеп берілетін күнге дейін, сондай-ақ есеп берілетін күннен кейін, алайда біріктірілген қаржылық есептелікте шоғырландырылатын күнге дейін ұсынылған немесе жарияланған болса, есептелікте ашылып көрсетіледі.

**МЕНШІКТІ КАПИТАЛ ҚОРЛАРЫ**

Топтың қаржылық жағдайы туралы есебіндегі меншікті капиталдың құрамында (басқа жиынтық табыста) көрсетілген қорларға мыналар кіреді:

- сатуға арналған, қолда бар қаржы активтерінің әділ құнының өзгерістері жататын, Сатуға арналған, қолда бар қаржы активтерін қайта бағалау қоры;
- таза инвестицияларды шетел қызметіне қайта есептегенде туындайтын бағамдық айырмашылықтарды көрсету үшін пайдаланылатын Бағамдық айырмашылықтар қоры;
- жер мен ғимараттарды қайта бағалау резервінен тұратын Мүлікті қайта бағалау қоры.

## ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Шартты міндеттемелер Қаржылық ахуал туралы шоғырландырылған есепте танылмайды, дегенмен, оларды өтеу нәтижесінде қаржының ағымы туындау ықтималдығы аз болған жағдайларды қоспағанда, шоғырландырылған қаржы есептілігінде ашылады. Шартты актив Қаржылық ахуал туралы шоғырландырылған есепте танылмайды, бірақ экономикалық пайда табу мүмкіндігі болған жағдайда Қаржылық ахуал туралы шоғырландырылған есептілікте ашылады.

## БИЗНЕСТІ БІРІКТІРГЕНДЕ САТЫП АЛЫНҒАН ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Бизнесті біріктірген кезде сатып алынған шартты міндеттемелер сатып алу күніне әділ құн бойынша есепке алынады. Кейініненен шартты міндеттемелер мыналар бойынша бағаланады: «Резервтер, шартты міндеттемелер мен шартты активтер» деген ХҚЕС (IAS) 37-ге сәйкес анықталған мөлшер және «Ақшалай түсім» деген ХҚЕС (IAS) 18-ге сәйкес есептелген, жинақталған амортизация шегерілген, олар бастапқыда есепке алынған мөлшер.

## КІРІСТЕР МЕН ШЫҒЫСТАРДЫ ТАНУ

Пайыздық кірістер мен шығыстар тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып есептеу тәсілі бойынша көрсетіледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі - бұл қаржы активінің немесе қаржы міндеттемесін (не болмаса қаржы активтері немесе қаржы міндеттемелері тобының) амортизациялық құнын есептеуді, сондай-ақ пайыздық кірісте немесе пайыздық шығысты тиісті кезеңге жатқызуды білдіретін әдіс. Тиімді пайыздық мөлшерлеме – бұл келешекте болатын ақшалай төлемдер немесе ақшалай түсімдерді осы мөлшерлеме көмегімен қаржы активінің немесе қаржы міндеттемесін таза ағымдағы құнына келтірілетін пайыздық мөлшерлеме. Бұл ретте дисконттау қаржылық құралдың болжанған айналым мерзімі кезеңінде немесе, егер бұл қолданылатын болса, одан да қысқа кезеңге жүргізіледі.

Егер қаржы активі немесе біртектес қаржы активтер тобы құнсыздану салдарынан есептен шығарылған болса (ішінара есептен шығарылса), пайыздық кіріс болашақтағы ақша ағымын дисконттау үшін, құнсыздану зияндарын есептеу мақсатында пайыздық мөлшерлемені ескере отырып анықталады.

Клиенттерге қарыздар беру үшін комиссиясы (тиісті тікелей шығындармен бірге) қарыздар бойынша тиімді пайыздық мөлшерлемеге жасалған түзету ретінде танылады. Егер қарыз беру міндеттемелері болса, қарыз беру туралы шарт бекітілген болса, қарыз беру міндеттемесі үшін комиссия алдағы кезеңдердің табысы құрамына (тиісті тікелей шығындарымен бірге) қосылады және одан әрі қарыз бойынша нақты табыстарға жасалған түзету ретінде көрсетіледі. Қарыз

беру бойынша міндеттемелер қарыз беруге алып келу ықтималдығы төмен болып бағаланатын болса, қарыз беру міндеттемесі үшін комиссия қарыз беру бойынша міндеттеменің қалған кезеңі ішінде пайда немесе шығын құрамында көрсетіледі. Қарыз беру міндеттемелерінің әрекет мерзімі қарыз берілмей аяқталғанда, қарыз беру міндеттемесінің комиссиясы оның әрекет ететін мерзімі аяқталатын күнгі пайда мен зияндар құрамында танылады.

Зейнетақы активтерін басқару комиссиясын қоса алғандағы комиссиялар мен алымдар, сондай-ақ кірістер мен шығыстардың өзге баптары әдетте қызмет көрсетілген жағдайдағы комиссия есептеу әдісімен есепке алынады.

Портфельді басқару қызметі және басқа да басқарушылық консультациялар қызмет көрсетудің тиісті келісімшарттары негізінде есепке алынады. Ұзақ мерзімдік кезең ішінде ұсынылатын активтерді басқару қызметі үшін комиссия қызмет көрсетілген кезеңде есепке алынады.

## ШЕТЕЛДІК ВАЛЮТАДА БЕРІЛГЕН БАПТАРДЫ ҚАЙТА БАҒАЛАУ

Шоғырландырылған қаржы есептілік, шетелдік еншілес компанияларды қоспағанда, Банк пен оның еншілес кәсіпорындарының функционалдық валютасы болып табылатын теңгемен беріледі. Шетел валютасындағы операциялар бастапқыда операция жүргізілетін күндегі айырбастау бағамы бойынша функционалдық валютамен қайта есептеледі. Шетел валютасындағы ақша активтері мен міндеттемелер ҚҚБ есептік күнге сәйкес белгілеген нарықтық айырбастау бағамы бойынша теңгемен қайта есептеледі. Шетел валютасымен мәмілені қайта есептеу нәтижесінде пайда болған пайда мен зияндар шетел валютасын және шетел валютасымен операцияларды қайта бағалаудан алынған таза пайдалар немесе зияндар ретінде пайда мен зияндар туралы шоғырландырылған есепте танылады. Шетел валютасымен бастапқы құны бойынша бағаланған ақшалай емес баптар бастапқы мәмілелер күніне айырбастау бағамдарын қолдану арқылы қайта есептеледі. Шетел валютасымен әділ құны бойынша бағаланатын ақшалай емес баптар әділ құн айқындалған күнгі айырбастау бағамын пайдалана отырып қайта есептеледі.

Шетелдік еншілес кәсіпорындардың активтері мен міндеттемелері есепті күндегі жағдай бойынша, Қаржылық ахуал туралы шоғырландырылған есеп күні әрекет ететін айырбастау бағамы бойынша Топтың функциялық валютасымен қайта есептелінеді, ал еншілес кәсіпорындардың пайда мен шығыстар туралы есептері бір жыл үшін орташа айырбастау бағамдары бойынша қайта есептеледі. Қайта есептеген кезде туындайтын айырмашылық капиталдың жеке компонентінде тура есепке алынады. Шетелдік еншілес кәсіпорын шығарылған жағдайда, капиталда танылған және тікелей осы еншілес кәсіпорынға қатысты мерзімі кейінге шегерілген жинақталған сома пайда мен шығыстар туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Мәміленің келісімшарттық айырбастау бағамы мен мәміле жасалатын күнгі нарықтық айырбастау бағамы арасындағы айырмашылық шетел валютасымен жүргізілетін операциялар бойынша таза пайдаға қосылған. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы есептелік бойынша нарықтық айырбастау бағамы 1 АҚШ доллары үшін 332.33 теңгені құрады (2016 жылғы 31 желтоқсанда – 333.29 теңге; 2015 жылдың 31 желтоқсанында – 340.01 теңге болды).

## САҚТАНДЫРУ

Сақтандыру бойынша келісімшарттар – егер болашақтағы көрсетілген белгісіз оқиға, сақтандыру полисін ұстаушыға теріс әсер ететін болса, сақтандыру полисінің ұстаушысына өтемақы төлеуге келісім берумен қоса, екінші тараптан едәуір сақтандыру тәуекелін беретін келісімшарттар. Топ Қазақстан Республикасындағы сақтандыру компаниялары үшін ҚҚК белгілеген есепке алу саясатын пайдаланады.

Қазақстан Республикасының нормативтік актілеріне сәйкес, сақтандыру шарттарында кепілдік берілген элементсіз дискрециялық қатысу болған жағдайда, сақтандырылушыларға қосымша төлемдер акционерлердің жылдық жалпы жиналысында қабылданған шешімге байланысты болады және бөлінбейтін табысты бөлу сияқты ұсынылуы тиіс; шығыстар емес.

Топ мүлікті сақтандыру, жазатайым жағдайдан сақтандыру, құқықтық жауапкершіліктен сақтандыру, жеке басты сақтандыру және өмірді сақтандыру бойынша түрлі өнімдер ұсынады.

### АНДЕРРАЙТИНГТЕН ТҮСЕТІН КІРІС

Андеррайтингтен түсетін кіріс еңбекпен өтелмеген сыйлықақы резервіндегі таза өзгеріс шегерілгеннен кейін қайта сақтандыруға берілгеннен алынған комиссиялар мен сақтандыру бойынша таза сыйлықтан тұрады. Келісімшарттың әрекеті басталғанннан кейін сыйлықтар полисте көрсетілген сомада есепке алынады және сақтандыру шартының әрекет ету кезеңі ішінде тепе-теңдік негізде табысқа жатқызылады. Еңбекпен өтелмеген сыйлықтар резерві сақтандыру шартының аяқталмаған мерзіміне жататын барлық қабылданған сыйлықтардың бөлігін құрайды және қоса берілген Қаржылық ахуал туралы шоғырландырылған есепте сақтандыру талаптарын реттеу резервіне қосылады.

Зияндарды реттеу бойынша зияндар мен шығыстар пайдалар мен зияндар туралы есепте олардың шығуына қарай болуы мүмкін пайдалар мен шығындар резервін шығындарды реттеу бойынша қайта бағалау арқылы есепке алынады және қоса берілген пайдалар мен зияндар туралы шоғырландырылған есепте іске асырылған сақтандыру төлемдері құрамына қосылады. Қайта сақтандырушылармен келісімшарттар бойынша алынған комиссиялар қайта сақтандыру шартына қол қойған және ол күшіне енген сәттен бастап кіріс ретінде есепке алынады.

Сақтандыру полисін сатып алу құны жаңа бизнесті ашумен тікелей байланысты және түрленеді, мерзімі кейінге қалдырылған болып табылатын және сақтандыру активтерінің құрамында қоса берілген Қаржылық ахуал туралы шоғырландырылған

есепте сақтандыру активтерінде көрсетілетін сақтандыру агенттері мен брокерлерге төленген комиссиялардан тұрады. Мерзімі кейінге шегерілген сатып алу бойынша шығындарға жататын активтер кейіннен тиісті сыйақы еңбегі ақталған кезең ішінде амортизацияланады және оның баланстық құнының орны толатын болмауы мүмкін жағдайларда құнсыздануы тұрғысынан тексеріледі. Егер актив сомасы орны толтырылатын құн сомасынан көп болса, ол дереу есептен шығарылады. Қалған өзге шығындар пайда болу ретіне қарай шығын болып танылады.

### САҚТАНДЫРУ БОЙЫНША ЗИЯНДАРЫНЫҢ РЕЗЕРВІ ЖӘНЕ ЗИЯНДАРДЫ РЕТТЕУ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР

Сақтандыру қызметі бойынша мүмкін болатын зияндар және сақтандыру зияндарын реттеу шығыстары қоса беріліп отырған Қаржылық ахуал туралы шоғырландырылған есепке қосылған және әлі реттелмеген есептік күнге дейін сұратылған шығындардың ақысын төлеуге болжанған сома және болған, бірақ есептік кезеңге жатқызылатын жарияланбаған зияндар бойынша бағалауға негізделген.

Орын алған, бірақ жарияланбаған автокаско және жауапкершілікті сақтандыру бойынша зияндары резерві (бұдан әрі - «ОЖЗР») актуарлық негізде анықталады және бизнестің санаттар мен қосалқы санаттар зияндары пайда болуы үшін қалыпты кезең үшін сақтандыру төлемдері бойынша статистикалық деректерге және Топтың алдыңғы тәжірибесіне негізделген.

Алдыңғы тәжірибенің жоқтығы және бизнестің басқа бағыттары бойынша сақтандыру төлемдерінің деректері жеткіліксіз болуы себепті ОЖЗР резерві ҚРҰБ ұсынған нұсқаулықты қолдану арқылы анықталған. Осы ОЖЗР нұсқаулығы талаптарының деректеріне сәйкес сақтандырудың осы класында есептеу күнінің алдындағы соңғы он екі айдың ішінде күшіне енген сақтандыру шарттары бойынша есептелген сақтандыру сыйлықақысы сомасының 5 %-ы мөлшерінде анықталды.

Мұндай бағалауларды анықтау тәсілі және соның нәтижесінде алынған резервтерді жасау тұрақты түрде қайта қаралып және жаңартылып отырады. Осының нәтижесінде алынған түзетулер олар анықталған кезеңде пайдалар мен зияндар туралы шоғырландырылған есептерде көрінеді.

### ҚАЙТА САҚТАНДЫРУ

Топ өзінің әдеттегі қызметін іске асыру барысында қайта сақтандыру операцияларын жүзеге асырады. Қайта сақтандыру туралы мұндай келісімдер бизнесті одан әрі әртараптандыруды қамтамасыз етеді, басшылыққа тәуекелдерді сақтандыру нәтижесінде пайда болатын ықтимал шығындарды бақылауды іске асыруға мүмкіндік береді және өсімге қол жеткізу үшін қосымша мүмкіндік туғызады.

Қайта сақтандыру активтері басқа қайта сақтандыру компанияларының төленген және төленбеген зияндар үшін берешек сомасынан және зияндарды реттеуге жұмсалатын шығыстардан, сондай-ақ әлі алынбаған сақтандыру сыйлығынан құралады. Қайта сақтандырушылардан алынатын ақша сомасы қайта сақтандыру полистеріне байланысты сақтандыру өтемдерін төлеуге жұмсалатын шығыс ретінде бағаланады.

Қайта сақтандыру міндеттемелері егер қайта сақтандырушыдан алынған комиссияға қарсы есепке алу құқығы жоқ болса жиынтық сомамен ескеріледі және қоса берілген Қаржылық ахуал туралы шоғырландырылған есепте сақтандыру активтерінің құрамына қосылады.

Қайта сақтандыру бойынша келісімшарттар сақтандыру тәуекелі едәуір шығынның ақылға сыйымды мүмкіндігі ретінде анықталғанына, ал уақыттық тәуекел Топтың қайта сақтандырушыға берген ақша қаражатының қозғалысы мерзімінің едәуір ауытқуының ақылға сыйымды мүмкіндігі ретінде анықталғандығына көз жеткізу үшін бағаланады.

Топ өзінің қайта сақтандыру активтеріне құнсыздану мәні бойынша үнемі бағалау жүргізеді. Егер Топ келісімшарт талаптары бойынша өзіне тиесілі соманы ала алмауы мүмкін болса және бұл оқиғаның қайта сақтандырушыдан Топтың алатын сомасына сенімді анықталған әсері бар екендігі туралы объективтік куәландыру болса, қайта бағаланатын актив құнсызданады.

## СЕГМЕНТТІК ЕСЕПТІЛІК

Сегмент өнімдер немесе қызмет ұсынумен (операциялық сегмент) немесе тәуекелге ұрынуы мүмкін және басқа сегменттердің тәуекелдері мен пайдаларынан ерекшеленетін пайда әкелетін және тәуекелдерге ұшырау қаупі бар белгілі бір экономикалық орта шеңберінде (географиялық сегмент) өнімдер мен қызмет ұсынумен айналысатын Топтың ерекше бір компоненті болып табылады.

## ҚАРЖЫЛЫҚ КЕПІЛДІКТЕР МЕН АККРЕДИТИВТЕР

Топ ұсынатын қаржылық кепілдіктер мен аккредитивтер, егер дебитор борыштық құрал түрлендірілген немесе алғашқы талаптарына сәйкес өз уақытында ақы төлеу жүргізе алмайтын болса, басталатын залалдардың өтемақысы ретінде төлемді іске асыруды қарастыратын кредит операцияларын қамтамасыз ету болып табылады. Мұндай қаржылық кепілдіктер мен аккредитивтер бастапқыда әділ құны бойынша көрсетіледі. Кейіннен олар резерв ретінде көрсетілген сомаға (а) және қаржылық кепілдік немесе аккредитив бойынша алынған сыйлық түрінде келешектегі кезең табыстарының жинақталған амортизациясына жол берілуі шегерілгеннен кейін бастапқы көрсетілген сомаға (б) қатысты көрсетілген соманың қайсысының артық екендігіне байланысты бағаланады.

## ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ӘСЕР ЕТЕТІН СТАНДАРТТАР

Төменде көрсетілген жаңа және қайта қаралған стандарттар мен түсіндірулер ағымдағы кезеңде алғаш рет пайдаланылды және осы қаржылық есептілікте берілген қаржылық көрсеткіштерге ықпалын тигізді.

- ХҚЕС (IAS) 7 «Ақпаратты ашу аясындағы бастама түзетулер»;
- ХҚЕС (IAS) 12 «Жүзеге аспаған зияндарға қатысты мерзімі шегерілген салық активтерді тану»;
- ХҚЕС жыл сайынғы жетілдірілуі, 2014-2016 жылдар кезеңі - ХҚЕС (IAS) 12-ге түзетулер.

## ХҚЕС (IAS) 7 «АҚПАРАТТЫ АШУ АЯСЫНДАҒЫ БАСТАМАҒА» ТҮЗЕТУЛЕР

Топ осы түзетулерді ағымдағы кезеңде бірінші рет қолданды. Түзетулер қаржы есептілігін пайдаланушыларға қаржылық қызметтің нәтижесінде міндеттемелердің өзгеруін бағалауға мүмкіндік беретін, ақша ағымдарымен, сондай-ақ ақшалай емес өзгерістерді қоса, ақпаратқа қатысты талабын енгізеді.

Топтың қаржылық қызметі бойынша міндеттемелері шығарылған борыштық бағалы қағаздар нәтижесінде орын алады және кіріс және шығыс қалдықтарды салыстырып тексеру 21-ескертпеде берілген. Түзетулердің ауыспалы қағидаларына сәйкес Топ алдыңғы кезеңге қатысты салыстырмалы деректерді ашқан жоқ. 21-ескертпеде ұсынылған ақпаратты қосымша ашудан басқа, бұл түзетулерді қолдану Топтың шоғырландырылған есептілікке әсерін тигізбеді.

## ХҚЕС (IAS) 12 «ЖҮЗЕГЕ АСПАҒАН ЗИЯНДАРҒА ҚАТЫСТЫ МЕРЗІМІ ШЕГЕРІЛГЕН САЛЫҚ АКТИВТЕРІН ТАНУҒА» ТҮЗЕТУЛЕР

Топ осы түзетулерді ағымдағы жылда бірінші рет қолданды. Түзетулер ұйым оған қарсы алынатын уақыт айырмашылықтары есепке алынуы мүмкін елеулі салық салынатын пайданың болуын бағалауы тиіс екеніне қатысты түсіндірулерді қамтиды.

Осы түзетулерді қолдану Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсерін тигізбеді, өйткені Топ болашақ салық салынатын пайданың жеткіліктігін түзетулерде көрсетілгенге салыстырмалы әдіспен бағалайды.

## ХҚЕС-ТІ ЖЫЛ САЙЫН ЖЕТІЛДІРУ, 2014-2016 ЖЫЛҒЫ КЕЗЕҢ

Топ «ХҚЕС-ті жыл сайын жетілдіру, 2014-2016 жылдар кезеңіне» енгізілген ХҚЕС (IFRS) 12-ге түзетулерді осы жылы алғашқы рет қолданды. Осы құжаттың құрамына кіретін өзге түзетулерді осы кезеңде қолдау міндетті емес және мерзімінен бұрын қолданылмады.

ХҚЕС (IFRS) 12-ге түзетулер ұйымдар сатуға арналған ретінде жіктелетін (жіктелетін, шығатын топтың құрамына қосылатын) еншілес және қауымдастырылған кәсіпорындарда, сондай-ақ бірлескен кәсіпорындарда қатысу үлесіне қатысты жалпыланған қаржылық ақпаратты ашу бойынша талаптан босатылатынын түсіндіреді. Түзетулер бұл босату осындай қатысу үлестеріне қатысты ашу бойынша жалпы талаптардың жалғыз ерекшелігі екендігін түсіндіреді.

Осы түзетулерді қолдану Топтың шоғырландырылған есептілігіне айтарлықтай әсерін тигізбеді.

## ӘЛІ КҮШІНЕ ЕНБЕГЕН ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАРАЛҒАН ХҚЕС

Топ шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген мынадай жаңа және қайта қаралған ХҚЕС-ті қолданбады:

- ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары»[2];
- ХҚЕС (IFRS) 15 «Клиенттермен шарттар бойынша түсім»[2];
- ХҚЕС (IFRS) 16 «Жалдау»[3];
- ХҚЕС (IFRS) 17 «Сақтандыру шарттары»[3];
- ХҚЕТК (IFRIC) 22 «Шетел валютасындағы операциялар және өтемнің алдын ала төлемдері»[1];
- ХҚЕТК (IFRIC) 23 «Пайдаға салынатын салықты есептеу ережесіне қатысты белгісіздік»[2];
- ХҚЕС (IFRS) 2-ге түзетулер «Акциялар негізіндегі төлемдер бойынша операцияларды жіктеу және бағалау»[1];
- ХҚЕС (IFRS) 10 және ХҚЕС (IAS) 28-ге түзетулер «Инвестор мен оның қауымдастырылған ұйымы немесе бірлескен кәсіпорны арасындағы мәмілелердегі активтер сатылымы немесе жарнасы»[4];
- ХҚЕС (IAS) 40 «Инвестициялық жылжымайтын мүлік объектілерінің аударымдары»[1];
- ХҚЕС (IFRS) 4-ке түзетулер «ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдарын» ХҚЕС (IFRS) 4 «Сақтандыру шарттарымен» бірге қолдану»[1];
- ХҚЕС (IFRS) 9-ға түзетулер «Әлеуетті теріс өтеумен мерзімнен бұрын өтеу туралы талап»[2];
- ХҚЕС (IAS) 28-ге түзетулер «Қауымдастырылған ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға ұзақ мерзімді салымдар»[2];
- ХҚЕС-ті жыл сайын жетілдіру, 2014-2016 жылғы кезең[1];
- ХҚЕС-ті жыл сайын жетілдіру, 2015-2017 жылғы кезең[2].

[1] Мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігімен 2018 жылғы 1 қаңтардан басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты әрекет етеді.
[2] Мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігімен 2019 жылғы 1 қаңтардан басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты әрекет етеді.
[3] Мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігімен 2021 жылғы 1 қаңтардан басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты әрекет етеді.
[4] Күшіне енген күн кейінірек анықталатын болады, мерзімінен бұрын қолданылуы мүмкін.

## ХҚЕС (IFRS) 9 «ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ»

2009 жылғы қарашада шығарылған ХҚЕС (IFRS) 9 қаржы активтерін (ҚА) жіктеу және

бағалау бойынша жаңа талаптарды енгізді. 2010 жылғы қазанда стандартқа қаржы міндеттемелерін (ҚМ) жіктеуге және бағалауға және қаржы құралдарын тануды тоқтатуға жаңа талаптарды енгізген түзетулер енгізілді. 2013 жылғы қарашада стандарт хеджирлеуді есепке алу бойынша жаңа талаптармен толықтырылды. Стандарттың жаңартылған нұсқасы 2014 жылғы шілдеде шығарылды. Негізгі өзгертулер: а) қаржы активтерінің құнсыздануына қойылған талаптарға; б) қарапайым борыштық құралдардың белгілі бір түрі үшін «басқа жиынтық табыстар арқылы әділ құн бойынша бағаланатын» (БЖТАӘҚБ) қаржы активтерінің жаңа санатын қосуды білдіретін қаржы активтерін жіктеуге және бағалауға қатысты түзетулерге қатысты болды.

ХҚЕС (IFRS) 9-дың негізгі талаптары:

- **Қаржы активтерін жіктеу және бағалау.** ХҚЕС (IFRS) 9-дың қолданылу саласындағы барлық танылған ҚА не амортизацияланған құн бойынша не әділ құн бойынша бастапқы танылғаннан кейін бағалануы керек. Соның ішінде, шартта көзделген ақша ағымдарын алуға бағытталған бизнес-моделінің шеңберінде ұсталып отыратын және тек негізгі сома мен ол бойынша пайыздарды ғана қосатын борыштық құралдар, әдетте, амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Шартта көзделген ақша ағымдарын алу арқылы да, қаржы активін сату арқылы да мақсатқа қол жеткізілетін, бизнес-моделінің шеңберінде ұсталып отыратын борыштық құралда, сондай-ақ тек борыштың негізгі сомасы мен борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздарды өтеу ғана болып табылатын ақша ағымдарын алуды талап ететін қолданыстағы шарттық талаптар БЖТАӘҚБ бойынша көрсетіледі. Барлық өзге борыштық және үлестік құралдар әділ құн бойынша бағаланады. Бұдан өзге, ХҚЕС (IFRS) 9-ға сәйкес, ұйым кейіннен күшін жою құқығынсыз шешім қабылдай алады, пайдадалардағы немесе шығындардағы тек дивидендтерден түскен кірісті тани отырып, өзге жиынтық кіріс құрамындағы борыштық құралдардың (саудаға арналмаған және бизнестерді біріктіру бойынша мәміле аясында алушы деп танылған шартты өтеу болып табылмайтын) құнын кейіннен өзгертуді ұсына алады.
- **Қаржы міндеттемелерін жіктеу және бағалау.** Пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағалану ретінде жіктелетін, олардың өзіндік кредиттік тәуекелдерін өзгертуге байланысты қаржы міндеттемелерінің әділ құны өзгеруін, егер осындай тану пайдалардағы немесе шығындардағы есептік дисбалансты жасауға немесе ұлғайтуға әкеп соқтырмайтын болса, өзге жиынтықты кірісте танылуы тиіс. Қаржы міндеттемелерінің өзіндік кредит тәуекелін өзгертуге байланысты әділ құнның өзгеруі пайдалар және шығындар туралы есепте кейіннен кері жіктеуге жатпайды. ХҚЕС (IAS) 39-ға сәйкес, пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын ретінде жіктелген қаржы міндеттемелері әділ құнының өзгеруі пайдалар мен шығындар туралы есепте толық танылған.
- **Құнсыздану.** ХҚЕС (IFRS 9) қаржы активтерінің құнсыздануын анықтау кезінде ХҚЕС (IAS) 39-да көзделген келтірілген залалдар моделінің орнына күтілетін кредиттік шығындардың моделін қолдануды талап етеді. Күтілетін кредиттік залалдардың моделі шамаланған кредиттік шығындарды және қаржы активтерін таныған күннен бастап кредиттік тәуекел деңгейінде өзгерісті көрсету үшін әрбір есептік күндегі олардың өзгерістерін ескеруді талап етеді. Басқаша айтқанда, енді құнсыздануды тану үшін жоғары кредит тәуекелін растайтын оқиғаларды күтудің қажеті жоқ.

2018 ж. 1 қаңтардан бастап Топ ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдарын» пайдалануды бастады. Стандарт қаржы құралдарын жіктеу принциптерін өзгертуді және ХҚЕС (IAS) 39-да қолданылатын «шеккен залалдар» моделін «күтілетін залалдар» моделіне ауыстыруды көздейді.

## ЖІКТЕУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

Қаржы активтерін есепке алу үшін ХҚЕС (IFRS) 9 үш жіктемелі санатты көздейді:

- амортизацияланған құн бойынша бағаланатын құралдар;
- өзге жиынтық табыс құрамында оның өзгерістерін көрсете отырып, әділ құн бойынша бағаланатын құралдар;
- кезең үшін пайда немесе шығын құрамында оның өзгерістерін көрсете отырып, әділ құн бойынша бағаланатын құралдар.

ХҚЕС (IFRS) 9-дың ұсынымдарына сәйкес, Топ қаржы активтерін басқару үшін мынадай бизнес-үлгілерді қолданады:

- **Шартта көзделген ақшалай қаражат ағымын алу үшін активтерді ұстау қалу.** Бұл бизнес-үлгі қаржы активтерін басқару қаржы құралының әрекет ету мерзімі бойы негізгі сома мен пайыздардың төлемін алу арқылы ақшалай қаражат ағымдарын жүзеге асыру мақсатында іске асырылатынын болжамдайды. Осы бизнес-үлгінің аясында қаржы активін өтелгенге дейін ұстау басым болып табылады, алайда мерзімінен бұрын сатуға тыйым салынбайды.
- **Шартта көзделген ақша ағымдарын алу және қаржы активтерін сату үшін активті ұстап қалу.** Бұл бизнес-үлгі қаржы активтерін басқару ақшалай қаражат ағымын алуға, сондай-ақ қаржы активтерін сатуға да бағытталғанын болжамдайды. Осы бизнес-үлгінің аясында қаржы активін сатудан ақшалай қаражат алу басым болып табылады, бұл «шартта көзделген ақшалай қаражат ағымдарын алу үшін активтерді ұстау» бизнес-үлгісімен салыстырғанда сатылымдардың жиілілігі мен көлемімен сипатталады.
- **Басқа мақсаттар үшін активтерді ұстап қалу.** Осы бизнес-үлгінің аясында қаржы активтерін басқару мақсаты мыналар болуы мүмкін:
    - қаржы активтерін сату арқылы ақшалай қаражат ағымдарын іске асыру мақсатымен басқару;
    - қаржыландырудағы күн сайынғы мұқтаждықты қанағаттандыру үшін өтімділікті басқару;
    - портфель, басқару және әділ құнның негізінде іске асырылатын нәтижелілікті бағалау;

- саудаға арналған анықтауға жауап беретін портфель. Қаржы активтері саудаға арналған болып саналады, егер олар ең алдымен ең жақын уақытта (180 күнге дейін) сату, қысқа мерзімді пайда алу мақсатымен сатып алынса немесе туынды қаржы құралдары болып табылса (хеджирлеу құралы ретінде анықталған қаржы кепілдігін немесе туынды қаржы құралдарын қоспағанда).

ХҚЕС (IFRS) 9 сәйкес, қаржы активтері былайша жіктелген:

- банктік заемдар, шартты міндеттемелер амортизацияланған құн бойынша бағаланатын активтер ретінде жіктелген, мақсаты борыштың негізгі сомасының есебіне және негізгі борыштың өтелмеген бөлігіне, пайыздардың есебіне төленетін төлемдер болып табылатын, шартта көзделген ақша ағымдарын алу болып табылатын бизнес-үлгі аясында ұсталады;
- корреспонденттік шоттардағы қалдықтар, банкаралық кредиттер/депозиттер, РЕПО операциялары әдеттегідей амортизацияланған құн бойынша бағаланатын активтер ретінде жіктелген,және де бизнес-үлгі шеңберінде басқарып, мақсаты - шартта көзделген ақша ағымдарын алу;
- борыштық бағалы қағаздар таңдалған бизнес-үлгіні және SPPI критерийіне сәйкес келуін есепке алып, үш жіктемелі санаттың кез келгеніне жіктелуі мүмкін;
- борыштық бағалы қағаздар, әдеттегідей, кезең үшін пайда немесе шығын құрамында оның өзгерістерін көрсете отырып, әділ құн бойынша бағаланатын құралдардың санатына жіктелген.
- сауда бағалы қағаздар және тунды қаржы құралдары кезең үшін пайда немесе шығын құрамында оның өзгерістерін көрсете отырып, әділ құн бойынша бағаланатын активтердің санатына жіктелген.

Қаржы активтері мынадай тәсілге сәйкес қоржындар бойынша сараланған:

- 1-қоржын: актив танылған сәттен бастап кредит тәуекелі айтарлықтай ұлғайған жоқ, құнсыздану келесі 12 ай бойы күтілетін залалдар мөлшерінде танылады;
- 2-қоржын: актив танылған сәттен бастап кредит тәуекелінің айтарлықтай ұлғаюы, құнсыздану қаржы активінің бүкіл әрекет ету мерзімінде күтілетін залалдар мөлшерінде танылады;
- 3-қоржын: қаржы активі дефолтта болса немесе құнсыздану белгілері бар болса.

## ҚҰНСЫЗДАНУ

Қаржы активтері бойынша құнсыздануды есептеу мынадай факторларды есепке алумен іске асырылды:

- Күтілетін кредит залалдарын есептеу мақсатында Банк заемдарды жеке-дара негізде және кредит тәуекелінің жалпы сипаттамаларының негізінде активтерді топтастырумен топтық негізде бағалайды.
- Күтілетін кредит залалдары толмаған ақшалай қаражаттың барлық күтілетін сомаларының келтірілген құны ретінде есептелген, ықтималдылық деңгейі бойынша өлшенген кредит залалдарының шамасын бағалауды білдіреді. Есептеу шамадан тыс шығындар немесе күш салусыз алуға болатын негізделген және расталған ақпараттың негізінде жүрізіледі. Қамтамасыз етілген қаржы активінің ақшалай қаражатының алдағы уақытта күтілетін қозғалысының ағымдағы құнын есептеу құн өндіру нәтижесі болуы мүмкін ақшалай қаражаттың қозғалысын көрсетеді, қамтамасыз етуді алуға және сатуға шығындарды алып тастағанда, құн өндіру ықтимал әлде ықтимал емес болуы тәуелсіз болып табылады. Резервтер заемшының борышына қызмет көрсету мүмкіндігіне және кредиттік тарихына сүйене отырып, кредит тәуекелінің әрбір санатындағы активтер бойынша танылуы мүмкін шығындар деңгейіне қатысты басшылықтың шығындарын және жорамалдарын талдау бойынша Топтың жеке тәжірибесіне негізделген.
- Қазынашылық операциялар (борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар, «кері РЕПО» операциялары, банкаралық кредиттер мен депозиттер, корреспонденттік шоттар бойынша операциялар, қазынашылық операциялар бойынша дебиторлық берешек) бойынша құнсызданудың есебі контрагенттің рейтингі, дефолттың ықтималдылығы, мәміле мерзімі және дефолт кезіндегі шығын деңгейі ескеріліп жүргізіледі.
- Кезең үшін пайда немесе шығын құрамында оның өзгерістерін көрсетумен, әділ құн бойынша бағаланатын құралдардың санатына жіктелген активтер ХҚЕС (IFRS) 9 шеңберінде құнсыздануға жатпайды.
- Қазынашылық операциялар бойынша кредиттің күтілетін шығындарын бағалау жеке-дара негізде жүргізіледі (дебиторлық берешек түріндегі жекелеген талаптардан басқа).

ХҚЕС 9 енгізгенде құнсыздану бойынша жаңа талаптардың қолданылуы Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне елеулі әсер ететіні күтіледі. Құнсызданудан болатын шығындар арта түседі және ХҚЕС (IFRS) 9 құнсыздану үлгісі шеңберінде қаржы құралдары үшін аса құбылмалы болады. ХҚЕС (IFRS) 9-ға өтудің ықпалы 2018ж. 1 қаңтардағы жағдай бойынша капиталдың құрамында танылатын болады. ХҚЕС 9-ға өткеннен кейін Топ ҚР Ұлттық Банкі белгілеген капиталға ең аз талапты орындауды жалғастырады деп басшылық күтуде.

2018 ж. 1 қаңтардағы жағдай бойынша ХҚЕС (IFRS) 9-ды қолданудың нақты ықпалы толығымен аяқталмаған, себебі жаңа есеп саясаттары, жорамалдар, пікірлер мен бағалау әдістері Топ Қазақстандағы банктік реттеушіден ресми келісуді алғанша және бастапқы қолдану күнін қосатын өзінің бірінші шоғырландырылған қаржылық есептілігін аяқтағанша өзгеруі мүмкін.

## ХҚЕС (IFRS) 15 «САТЫП АЛУШЫЛАРМЕН ЖАСАЛҒАН ШАРТТАР БОЙЫНША АҚШАЛАЙ ТҮСІМ»

ХҚЕС (IFRS) 15 сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсімді есепке алудың бірыңғай кешенді моделін белгілейді. ХҚЕС (IFRS) 15 күшіне енген соң ХҚЕС (IAS) 18 «Түсім», ХҚЕС (IAS) 11 «Құрылыс жұмыстарына жасалған келісімшарттар» мен тиісті түсіндірулермен қоса, түсімді тану бойынша қолданыстағы стандарттарды ауыстырады.

ХҚЕС (IFRS) 15-тің негізгі қағидаты: кәсіпорын күтетіндей оның тауарлар немесе қызметтерге айырбастау құқығы бар сыйақыға сәйкес келетін сомада уәде берілген тауарлар мен қызметтерді сатып алушыларға беру сәтінде немесе беруіне қарай ұйым табысты тануы тиіс. Соның ішінде стандарт түсімді танудың бес кезеңдік үлгісін енгізеді:

- Сатып алушымен жасалған шартты анықтау;
- Шарт бойынша орындалатын міндеттемелерді анықтау;
- Мәміле құнын анықтау;
- Шарт бойынша орындалатын міндеттемелер арасында мәміле құнын бөлу;
- Ұйым шарт бойынша міндеттемелерді орындағанда/орындауына қарай түсімді тану.

ХҚЕС (IFRS) 15-ке сәйкес ұйым орындаушының міндеттемесі орындалғанда немесе орындалуына қарай, яғни орындаушының міндеттемесін құрайтын тауарларға немесе қызметтерге бақылау сатып алушыға өткенде табысты таниды. Стандартта мәмілелердің әртүрлі түрін есепке алуға қатысты толығырақ талаптар бар. Сонымен бірге ХҚЕС (IFRS) 15 ақпараттың үлкен көлемін ашуды талап етеді.

2016 жылғы сәуірде ХҚЕС жөніндегі кеңес «принципал-агент» қатынастарын орындау, талдау үшін міндеттемелерді сәйкестендіруге, сондай-ақ лицензиялау бойынша нұсқаулықты қолдануға қатысты ХҚЕС 15-ке түзетулерді шығарды.

Топ басшылығы болашақта ХҚЕС (IFRS) 15-ті қолдануды жоспарлап отыр.

Түсімге қатысты ақпаратты толығырақ ашу туралы талапты қоспағанда, басшылық ХҚЕС (IFRS) 15-ті қолдану Топ қызметінің қаржылық жағдайына және нәтижесіне елеулі ықпал тигізе алады деп күтуде.

## ХҚЕС (IFRS) 16 «ЖАЛДАУ»

ХҚЕС (IFRS) 16 жалдау келісімдерін және жалға берушінің де жалға алушының да тарапынан есепке алуды анықтаудың бірыңғай үлгісін енгізеді. Жаңа стандарт күшіне енгеннен кейін ХҚЕС (IFRS) 17 «Жалдау»-ды және оған байланыстының барлығын ауыстырады.

ХҚЕС (IFRS) 16 сатып алушының сәйкестендіру активін бақылай ма екенінің негізінде жалдау шарттары мен қызмет көрсету шарттарын айырып таниды. Жалға алушы үшін операциялық жалдау (баланстан тыс есеп) және қаржылық жалдау (баланстағы есеп) арасындағы бөлу енді жоқ, мұның орнына жалға алушының есебінде пайдалану құқығы нысанындағы актив пен қысқа мерзімді жалдау және құны төмен активтерді жалдаудан өзге барлық жалдау шарттарына (барлық шарттар бойынша баланстағы есеп) қатысты тиісті міндеттеме танылуы тиіс модель қолданылады.

Пайдалануға құқық нысанындағы актив алғашқыда бастапқы құн бойынша танылады және бастапқы танудан кейін жинақталған амортизацияны және құнсызданудан жинақталған залалдарды шығарғанда, жалдау бойынша міндеттемені қайта бағалауға түзетумен, бастапқы құны бойынша ескеріледі (бірнеше ерекшеліктерді ескеріп). Жалдау бойынша міндеттеме бастапқыда қалған жалгерлік төлемдердің келтірілген құны бойынша бағаланады. Бастапқы танудан кейін жалдау бойынша міндеттеме міндеттеме бойынша пайыздарға және жалгерлік төлемдерге, сонымен қатар, өзгелерден бөлек, жалдау шартының түрленуіне ықпал етуге түзетіледі. Будан басқа, ақша ағымдарының жіктемесі де өзгереді, себебі операциялық жалдау шарттары бойынша төлемдер ХҚЕС (IFRS) 17-ға сәйкес операциялық қызметтен түсетін ақша ағымдары ретінде жіктеледі, ал ХҚЕС (IFRS) 16-ға сәйкес, жалдау төлемдері міндеттеме мен қаржылық және операциялық қызметтен түсетін ақша ағымдары ретінде көрінетін пайыздардың негізгі сомасын өтеуге бөлінеді.

Жалға алушы тарапынан есепке алудан ерекшелігі сол, ХҚЕС (IFRS) 16-ға сәйкес жалға алушы тарапынан есепке алу ХҚЕС (IAS) 17-мен салыстырғанда мүлдем өзгеріссіз қалды және операциялық және қаржылық жалдауға арналған жалдау шарттарын бөлуді талап етеді.

Будан өзге, ХҚЕС (IFRS) 16-ға сәйкес ақпаратты ашуға қойылатын талаптар едәуір кеңейтілді.

Топ басшылығы осы сәтте бұның ықтимал ықпал етуін бағалауда. Талдау аяқталмағанша басшылықтың қаржылық тиімділіктің қисынды бағалау жасауы мүмкін емес.

## ХҚЕС (IFRS) 17 «САҚТАНДЫРУ ШАРТТАРЫ»

Жаңа стандарт сақтандыру шарттары бойынша ақпаратты тану, бағалау, ұсыну және ашу принциптерін белгілейді және ХҚЕС (IFRS) 4 «Сақтандыру шарттары» орналастырады:

- ХҚЕС (IFRS) 17 жалпы үлгіні ұсынады, бұл үлгі тікелей қатысу талаптарымен сақтандыру шарттары үшін түрленеді және ауыспалы сыйақы әдісі ретінде анықталады. Егер белгілі бір критерийлер қанағаттандырылған болса, жалпы үлгі міндеттемені сыйлықақыны үлестіру әдісін қолдана отырып қалған өтем бойынша бағалау арқылы жеңілдейді.
- Жалпы үлгіде болашақ ақша ағымдарына қатысты соманы, мерзімдерді және белгісіздікті бағалау үшін ағымдағы жорамалдар пайдаланылады және ол мұндай белгісіздіктің құнын бағалайды. Үлгі нарықтық пайыздық мөлшерлемелерді және сақтанушының опциондары мен кепілдіктерінің ықпалын ескереді.

- Сақтандыру полистерін сатудан түскен пайда жекелеген кейінге қалдырылған міндеттеме ретінде көрсетіледі және сақтандыру шарттарының топтары бойынша біріктіріледі; содан кейін жүйелі негізде болашақтағы өтемге қатысты жорамалдардағы өзгерістермен байланысты түзетулерді ескере отырып сақтандыру өтелімін ұсыну кезеңі ішінде пайда немесе шығындарда танылады.
- Қолдану облысын назарға ала отырып, белгілі бір талаптарға сәйкес келетін, тіркелімді сыйақысы бар кейбір келісімшарттар ХҚЕС (IFRS) 17 қолданудың орнына ХҚЕС (IFRS) 15 «Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім»-ге сәйкес ескерілуі мүмкін.

Стандарт 2021 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді, ХҚЕС (IFRS) 17-ні бастапқы қолдану күніне немесе будан ерте күні ХҚЕС (IFRS) 9-ды және ХҚЕС (IFRS) 15-ті қолданатын ұйымдар үшін мерзімінен бұрын қолдауға рұқсат етіледі. Ұйымдар ХҚЕС (IFRS) 17-ні ретроспективті қолдануы тиіс, егер бұл іс жүзінде іске асырылатын болса, олай болмаған жағдайда түрленген ретроспективті тәсіл немесе әділ құнмен есепке алу қолданылуы тиіс.

Топ басшылығы ХҚЕС (IFRS) 17-ны пайдалану Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігінде танылған сомаға елеулі ықпал ете алады және қазіргі уақытта басшылық осының ықтимал ықпалына баға береді деп күтуде. Басшылық талдау жасауды аяқтағанға дейін қаржы әсеріне қисынды баға беру мүмкін емес.

## ХҚЕС (IFRS) 2-ГЕ ТҮЗЕТУЛЕР «АКЦИЯЛАР НЕГІЗІНДЕГІ ТӨЛЕМДЕР БОЙЫНША ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ЖІКТЕУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ»

Түзетулер келесі аспектілерді түсіндіреді

1. Ақша қаражаты есептерімен бірге акциялар негізінде төлемдердің әділ құнын бағалау кезінде құқықтардың ауысуы мен құқықтардың ауысуы болмайтын талаптар есептік үлес құралдары есептері бар акциялар негізінде төлемдер есептеу кезіндегідей ескеріледі.
2. Егер салық заңнамасына сәйкес ұйым содан кейін салық органдарына берілетін (яғни, акциялар негізінде төлемдер туралы келісім «нетто-негізде есептер талабы»), қызметкердің салық міндеттемесінің ақшалай бағалауына тең үлестік құралдардың белгілі мөлшерін ұстап қалуға міндетті, мұндай келісім үлестік құралдар есептерімен бірге акциялар негізіндегі төлемдер сияқты, нетто-негізге арналған есептердің талаптары болмаған жағдайда жіктелетін сияқты, бүтіндей жіктелуі керек.
3. Нәтижесінде операция есептік ақша қаражаты есептерімен жүретін операция ретінде жіктелуден қалатын және есептік үлес құралдарымен жүретін операция ретінде жіктеле бастайтын акциялар негізінде төлемдер бойынша операцияның өзгеруі келесідей ескерілуі тиіс:
   - алдыңғы міндеттемелерді тану тоқтатылады;
   - есептік үлес құралдарымен акциялар негізінде төлемдер бойынша операция сол қызметтер алынған көлемдегі өзгерту күніндегі ұсынылған үлестік құралдардың әділ құны бойынша танылады;
   - өзгерту күніндегі міндеттеменің баланстық құны мен капитал құрамында танылған сома арасындағы айырма пайдалар немесе шығындар құрамында дереу танылады.

Түзетулер 2018 жылдың 1 қаңтарында немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты күшіне енеді, мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі. Ауысудың арнайы ережелері қолданылады.

Топ басшылығы түзетулерді қолданудың келешекте Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне едәуір әсер етеді деп күтпейді, себебі Топтың есептік ақша қаражатымен акциялар негізінде төлемдер бойынша операциялары, сондай-ақ акциялар негізіндегі төлемдер бойынша операцияларға байланысты табыс салығын ұстауға қатысты қандай да бір міндеттемесі жоқ.

## ХҚЕС (IAS) 40-ҚА ТҮЗЕТУЛЕР «ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІКТІ АУДАРУ»

Түзетулер жылжымайтын мүлік объектілерін инвестициялық жылжымайтын мүлік санатына немесе санатынан аудару үшін инвестициялық жылжымайтын мүлікті айқындау орындалып жатқанына немесе орындалуы тоқтатылғанына талдау жүргізу қажет екенін түсіндіреді, бұл жылжымайтын мүлік объектісін пайдалану сипатын өзгертудің объективті куәліктерімен расталуы тиіс. Түзетулер стандартта үлгі ретінде келтірілгендерден басқа жағдайлардың пайдалану сипатын өзгертудің растамасы болуы мүмкін екенін баса көрсетеді. Будан басқа, пайдалану сипатын өзгерту салынып жатқан жылжымайтын мүлік объектілері үшін де мүмкін (яғни, пайдалану сипатының өзгеруі дайын объектілермен ғана шектелмейді).

Түзетулер 2018 ж. 1 қаңтардан басталатын немесе осы күннен кейінгі жыл кезеңдері үшін қолданылады, мерзімінен бұрын қолдануға болады. Ұйымдар түзетулерді ретроспективті (егер бұл негұрлым кеш ақпаратты қолданбай мүмкін болса ғана) немесе перспективті қолдануы мүмкін. Арнайы өтпелі жағдайлар қолданылады.

Егер жылжымайтын мүлік объектілерін қолдану сипаты өзгеретін болса, осы түзетулердің қолданылуы алдағы уақытта Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне елеулі ықпал ететінін басшылық күтуде.

## ХҚЕС (IFRS) 10-ҒА ЖӘНЕ ХҚЕС (IAS) 28-ГЕ ТҮЗЕТУЛЕР «ИНВЕСТОРЛАР МЕН ОНЫҢ ҚАУЫМДАСТЫРЫЛҒАН ҰЙЫМЫ НЕМЕСЕ БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРНЫ АРАСЫНДАҒЫ МӘМІЛЕЛЕРДЕ АКТИВТЕРДІ САТУ НЕМЕСЕ ЖАРНА ТӨЛЕУ»

ХҚЕС (IFRS) 10-ға және ХҚЕС (IAS) 28-ге түзетулер Инвесторлар мен оның қауымдастырылған ұйымы немесе бірлескен кәсіпорын арасында активтерді сату немесе жарна төлеу жағдайларында қолданылады. Атап айтқанда, түзетулер қауымдастырылған ұйыммен немесе бірлескен кәсіпорынмен жасалған мәміледе бизнес болып табылмайтын еншілес кәсіпорнына деген бақылауды жоғалтуға байланысты алынған, үлестік қатысу әдісімен ескерілетін пайдалардың немесе шығындардың осы қауымдастырылған ұйымдағы немесе бірлескен кәсіпорындағы басқа байланыспаған инвесторлардың үлесінде ғана бас компанияның пайдалары мен шығындарының құрамында танылады. Осыған ұқсас, бұрынғы еншілес кәсіпорнындағы қалған үлестің әділ құнына дейін қайта бағалаудан түсетін пайдалар немесе шығындар (қауымдастырылған ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға инвестиция ретінде жіктелетін және үлестік қатысу әдісімен ескерілетін ретінде жіктелетін) қауымдастырылған жаңа ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға байланысты емес инвесторлардың үлесінде ғана бұрынғы бас компаниямен танылады.

Күшіне енетін күнін ХҚЕС жөніндегі кеңес белгілеуі тиіс, бірақ мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі.

Басшылық аталған түзетулерді қолданудың келешектегі кезеңдерде, егер осындай транзакция жүрзілетін болса, Топтың шоғырландырылған есептілігіне әсер етеді деп күтеді.

## ХҚЕТК (IFRIC) 22 «ШЕТЕЛ ВАЛЮТАСЫНДАҒЫ ОПЕРАЦИЯЛАР ЖӘНЕ ӨТЕМАҚЫНЫ АЛДЫН АЛА ТӨЛЕУ»

ХҚЕТК (Халықаралық қаржы есептілігін түсіндіру комитеті), актив, шығыс немесе кіріс үшін өтемақы шетел валютасында аванспен алынған немесе төленген және ақшалай емес активті немесе міндеттемені (яғни алдын ала төленген кіріске қатысты өтелмейтін алдын ала төлемді немесе міндеттемені) тануға алып келген жағдайда мұндай активті, шығысты және кірісті бастапқы таныған кезде пайдаланылуы тиіс айырбас бағамын анықтау мақсаты үшін операция күнін қалай анықтау керек екенін түсіндіреді.

Түсіндірме, алдын ала төлемнің төленуі немесе түсуі нәтижесінде ақшалай емес активті немесе міндеттемені тану күні операция күні болып табылатынын анықтайды. Егер ұйым бірнеше алдын ала төлем жүргізетін немесе алатын болса, операция күні әрбір алдын ала төлемді төлеу немесе оның түсуі үшін жеке анықталады.

ХҚЕТК 2018 ж. 1 қаңтардан басталатын жылдық кезеңдер үшін қолданылады немесе осы күннен кейін мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Ұйымдар ХҚЕТК ретроспективті немесе перспективті қолдана алады. Өту бойынша арнайы талаптар перспективті қолданған кезде пайдаланылады.

Басшылық аталған ХҚЕТК-н қолдану Топтың шоғырландырылған қаржы есептілігіне маңызды әсер ететінін күтпейді.

## ХҚЕТК (IFRIC) 23 «ТАБЫС САЛЫҒЫН ЕСЕПТЕУ ЕРЕЖЕЛЕРІНЕ ҚАТЫСТЫ БЕЛГІСІЗДІК»

ХҚЕТК (IFRIC) 23, салықты түсіндіруде белгісіздіктер орын алғанда табыс салығын қалай есепке алу керек екенін анықтайды. Түсіндірме ұйымнан мыналарды талап етеді:

- әрбір анық емес салықтық түсіндіруді жеке немесе біреусімен не бірнеше басқа салықтық түсіндірулермен бірге қарастыру керек/керек емес екенін анықтауды және
- ұйым табыс салығы бойынша декларацияны дайындаған кезде пайдаланған немесе пайдалануды жоспарлаған анық емес салықтық түсіндірумен салық органы келісетіндігінің жоғары ықтималдылығы барын/жоғын бағалауды:
  - егер жоғары ықтималдылық болса, ұйым табыс салығын мұндай салықтық түсіндіруге сәйкес ескереді;
  - егер жоғары ықтималдылық болмаса, ұйым белгісіздік әсерін табыс салығын есепке алған кезде көрсетуі тиіс.

ХҚЕТК 2019 ж. 1 қаңтардан басталатын жылдық кезеңдер үшін қолданылады немесе осы күннен кейін мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Ұйымдар ХҚЕТК ретроспективті (егер бұл мүлдем кейінгі ақпаратты пайдаланбай-ақ мүмкін болса) немесе салыстыру ақпаратын қайта есептемей жаңартылған ретроспективті тәсілді пайдалану арқылы қолдана алады.

Басшылық аталған ХҚЕТК-н қолдану ол ХҚЕТК (IFRIC) 23 талаптарына ұқсас есепті пайдаланып жатқандықтан, Топтың шоғырландырылған қаржы есептілігіне маңызды әсер ететінін күтпейді.

## «ХҚЕС (IFRS) 4 «САҚТАНДЫРУ ШАРТТАРЫМЕН» БІРГЕ ХҚЕС (IFRS) 9 «ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫН» ҚОЛДАНУҒА» ТҮЗЕТУЛЕР

Түзетулер, қызметі көбінесе сақтандырумен байланысты ұйымдарға 2021 ж. 1 қаңтардан ерте басталмайтын кезеңге дейін немесе, егер ол 2021 ж. 1 қаңтардан бұрын туындаса, сақтандыру бойынша жаңа стандарттарды қолдану күніне дейін ХҚЕС (IAS) 39-дан ХҚЕС (IFRS) 9-ға өтуді кейінге қалдыруға рұқсат етеді. Ұйым қызметі

көбінесе сақтандырумен байланысты екенін бағалау тікелей 2016 ж. 1 сәуірдің алдындағы жылдық есептік күн жағдайына есеп беретін ұйым деңгейінде жасалуы тиіс. Ұйым қызметінде маңызды өзгерістер орын алғанда ғана белгілі бір критерийлерге жауап беретін бағалау кейіннен қайта жасалуы тиіс. Ұйым 2018 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты ХҚЕС (IFRS) 9-ды қолданудан уақытша босатуға байланысты түзетулерді пайдалануы тиіс.

Бұған қоса, түзетулер ХҚЕС (IFRS) 4-ті қолдану саласында сақтандыру шарттары бар барлық ұйымға ХҚЕС (IFRS) 9-ды толық қолдануға, алайда басқа жиынтық табыста пайда немесе зиян құрамынан ұйым таңдаған белгілі бір қаржы активтеріне қатысты ХҚЕС (IAS) 39-бен салыстырғанда ХҚЕС (IFRS) 9-ға сәйкес есептегі айырмашылықтар сомасын қайта жіктеуге мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл «салу тәсілі» деп аталады және осы тәсіл қолданылатын активтерді анықтау және таңдап алған активтерге қатысты аталған тәсілді қолдануды тоқтату бойынша арнайы талаптарды ескере отырып, жекелеген активтерге қолданылуы мүмкін. Ұйым ХҚЕС (IFRS) 9-ды алғаш қолданған кезде өз қалауымен белгілі бір қаржы активтеріне салу тәсілін қолдануға рұқсат ететін көрсетілген түзетулерді пайдалануы тиіс.

Басшылық аталған түзетулерді қолдану Топтың шоғырландырылған қаржы есептілігіне маңызды әсер ететінін күтпейді.

## ХҚЕС (IFRS) 9 «ӘЛЕУЕТТІ КЕРІ ӨТЕМАҚЫМЕН МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ӨТЕУ ШАРТТАРЫНА» ТҮЗЕТУЛЕР

Түзетулер «негізделген қосымша өтемақы» терминін қолданудың орынсыз салдарын жояды. Түзетулер, шартты мерзімінен бұрын бұзған тарап шартты мерзімінен бұрын бұзғаны үшін өтемақы ала алатын, мерзімінен бұрын бұзу мүмкіндігі бар қаржы активі белгілі бір талаптарды орындаған кезде ақша ағындары борыштың негізгі сомасы және борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздар есебіне ғана төлемдер болып табылатын шартпен көзделген актив болып саналады деп есептеуге мүмкіндік береді.

Бұған қоса, ХҚЕСК міндеттемелерді танудың тоқтауына алып келмейтін қаржы міндеттемелерін ауыстыруды немесе талаптарын жаңартуды есепке алу мәселесін қарастырды және осы мәселе бойынша екі абзацты «Қорытындыларға арналған негіздер» бөліміне қосты. Бұл мәтінде ХҚЕСК мұндай жағдайлардағы есеп қаржы активін жаңартқандағыдай болатынын түйді. Егер жиынтық баланстық құн өзгерсе, бұл кірісті немесе шығысты пайда және зиян есебінде дереу тануға алып келеді.

Түзетулер 2019 ж. 1 қаңтардан басталатын жылдық кезеңдер үшін ретроспективті қолданылады немесе осы күннен кейін мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Түзетулерді бастапқы қолдану күніне байланысты ХҚЕС (IFRS) 9-ды бастапқы қолдану күнімен салыстырғанда арнайы өтпелі ережелер әрекет етеді.

Басшылық түзетулерді қолдану Топтың шоғырландырылған қаржы есептілігіне маңызды әсер ететінін күтпейді.

## ХҚЕС (IAS) 28 «ҚАУЫМДАСТЫРЫЛҒАН ҰЙЫМДАРҒА ЖӘНЕ БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАРҒА ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ САЛЫМДАРҒА» ТҮЗЕТУЛЕР

Түсіндірмелер, ХҚЕС (IFRS) 9 оның құнсыздануға қатысты талаптарымен бірге осы ұйымдарға салынған таза инвестиция бөлігі болып табылатын қауымдастырылған ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға жасалған ұзақ мерзімді салымдарға қолданылатынын анықтайды. Бұған қоса, ұзақ мерзімді салымдарға ХҚЕС (IFRS) 9-ды қолданған кезде ұйым ХҚЕС (IAS) 28 талап ететін ұзақ мерзімді салымдардың баланстық құнының түзетулерін (мысалы, ХҚЕС (IAS) 28-ге сәйкес инвестиция объектісінің зияндарын тарату немесе құнсыздануға жасалған тестілеу нәтижесіндегі ұзақ мерзімді салымдардың баланстық құнының түзетулерін) назарға алмайды.

Түзетулер 2019 ж. 1 қаңтардан басталатын жылдық кезеңдер үшін қолданылады немесе осы күннен кейін мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Түзетулерді бастапқы қолдану күніне байланысты ХҚЕС (IFRS) 9-ды бастапқы қолдану күнімен салыстырғанда арнайы өтпелі ережелер әрекет етеді.

Басшылық аталған түзетулерді қолдану үлестік қатысу әдісі пайдаланылатын капиталдағы үлестен басқа Топтың қауымдастырылған ұйымдарға және бірлескен кәсіпорындарға басқа да ұзақ мерзімді салымдары жоқ болғандықтан, Топтың шоғырландырылған қаржы есептілігіне маңызды әсер ететінін күтпейді.

## ХҚЕС ЖЫЛ САЙЫН ЖЕТІЛДІРУ, 2014-2016 ЖЫЛДАР КЕЗЕҢІ

«Жыл сайынғы жетілдірулер» құжатына күшіне енбеген ХҚЕС (IFRS) 1-ге және ХҚЕС (IAS) 28-ге түзетулер кіреді. Құжат, сондай-ақ, ағымдағы жылы күшіне енген ХҚЕС (IFRS) 12-ге түзетулерден тұрады, өзгертулердің толығырақ сипатын «Қаржы есептілігіне ықпал ететін стандарттар» бөлімінен қараңыздар.

ХҚЕС (IAS) 28-ге түзетулер венчурлік инвестицияларға мамандандырылған ұйымдар және ұқсас ұйымдар қауымдастырылған ұйымдарға және бірлескен кәсіпорындарға жасалған әр жеке инвестицияға қатысты қауымдастырылған ұйымдарға және бірлескен кәсіпорындарға өз инвестициясын ПжәнеЗАӘҚБ ретінде ескеру жөнінде шешім қабылдайтынын және бұл таңдау тиісті инвестицияны бастапқы таныған кезде жасалуы тиіс екенін түсіндіреді. Бұған қоса, өзі инвестициялық ұйым болып табылмайтын, бірақ инвестициялық ұйымдар болып табылатын қауымдастырылған ұйымда және бірлескен кәсіпорында қатысу үлесі бар ұйым үшін таңдау - үлестік қатысу әдісін қолданған кезде оның инвестициялық ұйымдар болып табылатын қауымдастырылған ұйымы немесе бірлескен кәсіпорны олардың еншілес кәсіпорындарындағы меншікті үлестік қатысуына қолданған әділ құн бойынша бағалауын сақтау,

сондай-ақ инвестициялық ұйымдар болып табылатын әр қауымдастырылған ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға да қатысты болады. Түзетулер ретроспективті пайдаланылады, мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі.

ХҚЕС (IFRS) 1-ге және ХҚЕС (IAS) 28-ге түзетулер 2018 жылғы 1 қаңтардан және осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін қолданылады.

Басшылық аталған түзетулерді болашақта қолдану Топ ХҚЕС-н алғаш қолданып жатпағандықтан және венчурлық инвестицияларға мамандандырылған ұйым болып табылмайтындықтан, Топтың шоғырландырылған қаржы есептілігіне маңызды әсер ететінін күтпейді. Бұған қоса, Топтың инвестициялық ұйымдар болып табылатын қауымдастырылған ұйымдарға немесе бірлескен кәсіпорындарға жасалған инвестициясы жоқ.

## ХҚЕС ЖЫЛ САЙЫН ЖЕТІЛДІРУ, 2015-2017 ЖЫЛДАР КЕЗЕҢІ

«ХҚЕС жыл сайын жетілдіру, 2015-2017 жылдар кезеңі» құжаты бірнеше стандартқа түзетулер енгізеді.

ХҚЕС (IFRS) 3 түзетулер бірлескен операция болып табылатын бизнеске бақылауды алған кезде ұйым осы бизнестегі бұрынғы бар үлесін қайта бағалайтынын түсіндіреді. ХҚЕС (IFRS) 11-ге түзетулер бірлескен операция болып табылатын бизнеске бақылауды бірлесіп алған кезде ұйым осы бизнесте бар үлесін қайта бағаламайтынын анықтайды.

ХҚЕС (IAS) 12-ге түзетулер дивидендтер төлеудің барлық салықтық салдары (яғни пайданы тарату) салықтың қалайша туындайтынына қарамастан пайда және зиян туралы есепте көрсетілуі тиіс екенін түсіндіреді.

ХҚЕС (IAS) 23-ке түзетулер, егер квалификацияланатын активті алу үшін арнайы алынған кредит немесе заем тиісті актив нысанына пайдалануға және сатуға дайын болғандағы күні өтелмеген болса, капиталдау мөлшерлемесін есептеу мақсаттары үшін мұндай кредит немесе заем жалпы мақсаттарда алынған заемды қаражаттардың бөлігі болатынын анықтайды.

Барлық түзету 2019 ж. 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қолданылады.

Басшылық түзетулерді болашақта қолдану Топтың шоғырландырылған қаржы есептілігіне маңызды әсер ететінін күтпейді.

# 4. ЕЛЕУЛІ БУХГАЛТЕРЛІК БАҒАЛАУЛАР

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау, басшылықтан есептілікте шоғырландырылған қаржы есептілік жасалатын күнгі жағдайға сәйкес көрсетілген активтер және міндеттемелер сомасына және есеп берілетін кезең ішінде көрсетілген пайдалар мен шығындар сомасына әсерін тигізетін бағалау мен тұжырымдар жасауды талап етеді. Басшылық үнемі өз бағалаулары мен жорамалдарын тұрақты қарастырып отырады. Басшылық өз бағалаулары мен жорамалдарын осы жағдайда ақылға қонымды деп саналатын тарихи тәжірибеге және басқа әртүрлі факторларға негіздейді. Нақты нәтижелер басқаша жорамалдар мен жағдайларда берілген бағалаулар мен тұжырымдардан ерекшеленуі мүмкін. Келесі бағалаулар мен жорамалдар Топтың қаржылық жағдайын көрсету үшін маңызды деп саналады.

## НЕСИЕЛЕРДІҢ ҚҰНСЫЗДАНУЫНА ЖӘНЕ ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕККЕ РЕЗЕРВ

Топ өз несиелері мен дебиторлық берешегінің құнсыздану деңгейіне ұдайы шолу жасап отырады. Топ несиелерінің құнсыздану резерві несиелер портфелі мен дебиторлық берешектің құнсыздануы салдарынан шегетін шығынды мойындау үшін жасалады. Несиелердің құнсыздануына және дебиторлық берешекке байланысты есепке алу бағасын Топ баға белгісіздігінің негізгі көзі деп санайды, өйткені (і) баға кезеңнен кезеңге өткен сайын үнемі өзгеріп отырады, сол сияқты болашақтағы жол берілетін дефолт көлемі және құнсызданған несие мен дебиторлық берешекке байланысты потенциалдық шығындар бағасы соңғы тәжірибеге негізделеді, ал Топтың (іі) бағалауға жұмсалатын шығындары мен нақты шығындары арасындағы кез келген елеулі айырма Топтан тиісті резерв жасауды талап етеді, егер ол елеулі ерекшеленетін болса, бұл жағдай Топтың болашақтағы біріктірілген пайда мен шығын туралы есебіне және шоғырландырылған қаржылық жағдай туралы есебіне елеулі түрде ықпал етуі мүмкін.

Заемшының қаржылық қиындықтары бар болғанда және оған ұқсас заемшылар бойынша бірнеше тарихи деректер көзі болған жағдайда, Топ құнсызданудан шегетін кез-келген шығын сомасын бағалау үшін басшылықтың болжауларын пайдаланады. Осыған ұқсас жолмен Топ болашақтағы ақша ағымындағы өзгерісті заемшылардың төлем мәртебесіндегі теріс өзгерістерге нұсқайтын қолда бар мәліметтерді, активтер бойынша талаптардың орындалмауына байланысты ұлттық және жергілікті экономикалық ерекшеліктерді ескеріп, өткен жолғы тәжірибеге сүйене отырып бағалайды. Басшылық кредиттер мен дебиторлық берешек тобындағыға ұқсас, кредит тәуекелінің және құнсызданудың объективті көрсеткіштерінің сипаттамасымен активтер бойынша тарихи тәжірибе негізінде бағалауды пайдаланады.

Тарихи шығындар тәжірибесі тарихи тәжірибе кезеңіне әсер ете алмайтын ағымдағы жағдайларды көрсету үшін байқалатын мәліметтердің негізінде түзетіледі. Несиелерді құнсызданумен және дебиторлық берешекпен резервті есептегенде басшылық мынадай жорамалдарды пайдаланады: ұжымдық негізде бағаланатын несиелер бойынша шығындардың орын ауыстыру деңгейі тұрақты болып табылады және соңғы 12 ай ішінде нақты шеккен шығындардың орын ауыстыру үлгісі негізінде анықталады; кепілдегі мүлікті сатудан өтеу үшін болжанған ағымдар кепілдегі мүлікті сату бойынша статистикаға негізделген ықтимал шығыстар мен мерзімдерді ескереді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілігінде қаржы активтерінің құнсыздану резевтері бүгінгі күнгі экономикалық және саяси жағдайлар негізінде анықталған. Әрине, Топ Қазақстан Республикасындағы жағдай бойынша болашақтағы кезеңдерде қандай өзгерістер болуы мүмкін екендігін және мұндай өзгерістердің қаржы активтерінің болашақтағы құнсыздану резервіне қаншалықты әсері болатындығын тап басып айта алмайды.

2017 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша клиенттерге берілген несиелердің құнсыздану резервінің баланстық құны 317,161 миллион теңгені құрады (2016 жылдың 31 желтоқсанында - 284,752 миллион теңге; 2015 жылдың 31 желтоқсанында - 305,114 миллион теңге болған).

## ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫН БАҒАЛАУ

37-ескертпеде сипатталғандай, қаржы құралдарының белгіленген түрлерінің әділ құнын бағалау үшін Топ қадағаланатын нарықтық деректерге негізделмеген бастапқы деректерді ескеретін бағалау әдістерін пайдаланады. 37-ескертпеде Топтың қаржы құралдарының әділ құнын анықтау кезінде пайдаланылатын түйінді жорамалдар туралы егжей-тегжейлі ақпарат, сондай-ақ осы жорамалдарға қатысты бағалаудың сезімталдығының егжей-тегжейлі талдауы келтірілген. Топ басшылығының пікірінше, бағалаудың таңдалған әдістері және пайдаланылған жорамалдар қаржы құралдарының әділ құнын анықтау үшін жарайды.

## ҚАЙТА БАҒАЛАНҒАН ҚҰН БОЙЫНША ЕСКЕРІЛЕТІН НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР

Жылжымайтын мүлік қайта бағаланған құн бойынша көрсетіледі. Соңғы бағалау 2016 жылғы қарашада жүргізілді. Бағалау әдістемесі туралы ақпарат 14-ескертпеде ұсынылған.

## САЛЫҚ САЛУ

Қазақстанның салықтық, валюталық және кедендік заңнамасына әртүрлі өзгерістер мен түсіндірмелер елеулі жиі енгізіледі деуге болады. Басшылықтың мұндай заңнамаға қатысты түсіндірмесі және оның Топ қызметі мен мәмілелеріне қатысты қолданылуы тиісті өңірлік немесе мемлекеттік органдар тарапынан дау туғызуы мүмкін. Салықтық кезеңдер тиісті органдардың тексеру жүргізуі үшін қарастырылатын жылға дейінгі алдыңғы бес күнтізбелік жыл бойынша ашық қалады.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайға сәйкес басшылық өзінің тиісті заңнамалық түсіндірмесін қолдануға ыңғайлы әрі Топтың салықтық, валюталық және кедендік мәртебесі тиісінше расталады деп есептейді. Тиісті тексеру органдары жүргізетін тексеруден кейін қосымша салықтар, айыппұлдар мен өтемақы есептелуі мүмкін, бұл Топтың тапқан таза пайдасына елеулі әсер етіп, тиісінше көрініс табуы мүмкін.

## САҚТАНДЫРУ ШАРТТАРЫ БОЙЫНША ТУЫНДАЙТЫН САҚТАНДЫРУ ТАЛАПТАРЫ МЕН РЕЗЕРВТЕРІ

Сақтандыру шарттары үшін бағалау сақтандыру шығындарының күтілетін түпкілікті құнына қатысты да, сол сияқты есеп жасалатын күнгі РПНУ бойынша сақтандыру шығындарының болашақтағы түпкілікті құнына қатысты да жасалуы мүмкін. Бизнестің кейбір бағыттары үшін РПНУ талаптары қаржылық ахуал туралы есептегі талаптар бойынша резервтің басым көпшілігін құрайды. Сақтандыру шығындарының түпкілікті құнын айқындау үшін ұзақ уақыт кезеңі талап етіледі. Автокаско және сақтандыру полистері үшін Топ жауапкершілігі бойынша талаптарды өтеудің келешек сомаларын болжамдау үшін талаптарды өтеудің өткен ағымдарын пайдалана отырып міндеттемені актуарлық жолмен анықтайды. Жария етілген шығындар құны мен РПНУ бизнестің қалған бағыттары үшін бағалау жүргізгенде басшылық жеткілікті тарихи мәліметтер жоқ болғандықтан, ҚРҰБ ұсынған ағымдағы мемлекеттік басқаруды қолданады. Осы басқару нұсқаулығына сәйкес РПНУ шығындарының резерві бизнестің әрбір бағыты бойынша күтілетін шығын коэффициентін пайдалана отырып, нақты жарияланған шығындар жиынтығын шегеру арқылы есептеледі. Сақтандыру шығындарының жалпы резерві ақша қаржысының уақытша құнын есепке алу үшін дисконтталмайды.

Талаптардың брутто резервтері және тиісінше қайта сақтандыруды өтеудің тиісті дебиторлық берешегі басшылықта бар ақпаратқа негізделген және түпкілікті сомасы одан арғы ақпарат пен оқиғалар нәтижесіне байланысты өзгеше болуы мүмкін әрі өтеу сомасына түзету жасауға әкеп соғуы мүмкін. Шығындар бойынша нақты тәжірибе баға негізделетін тарихи деректерден басқаша болуы мүмкін, осыған байланысты жекелеген шығындардың өтеу құны бұрын бағаланған шығындардан өзгеше болып шығуы мүмкін. Резервтер сомасындағы кез келген түзетулер шоғырландырылған қаржылық есептіліктің қажетті түзетулері белгілі болған және бағалануы мүмкін кезеңде көрсетілетін болады.

# 5. САТЫП АЛУ

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде Топ мына еншілес кәсіпорнын сатып алды:

| | Негізгі қызметі | Сатып алынған күн | Сатып алынатын акциялардың үлесі (%) | Сыйақы сомасы, теңгемен |
|---|---|---|---|---|
| **2017** «Казкоммерцбанк» АҚ | Банк | 2017 ж.5 шілде | 96.81% | 2 |

2017 жылғы 5 шілдеде Топ ККБ-ға бақылауды алды және осы күннен бастап шоғырландыру есептілігін жүргізді. ККБ-нің активтері мен міндеттемелері әділ құн бойынша танылды. Сатып алу күніне дейін болған пайдалары мен залалдары танылмады.

| АКТИВТЕР | САТЫП АЛУ КҮНІНЕ ӘДІЛ ҚҰНЫ |
|---|---|
| Ақшалай қаражат және оның баламалары | 678,622 |
| Міндетті резервтер | 3,313 |
| Пайда немесе шығын арқылы әділ құнмен бағаланатын қаржы активтері | 197,071 |
| Кредит мекемелеріндегі қаржы | 24,675 |
| Сатуға арналған, қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар | 1,434,422 |
| Бағалы металдар | 3,065 |
| Клиенттерге берілетін заемдар | 780,866 |
| Сатуға арналған активтер | 138,568 |
| Жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтар | 49,009 |
| Материалдық емес активтер | 3,199 |
| Кейінге қалдырылған салық активтері | 1,779 |
| Сақтандыру активтері | 15,211 |
| Өзге активтер | 99,811 |
| **БАРЛЫҚ АКТИВТЕР** | **3,429,611** |
| **МІНДЕТТЕМЕЛЕР** | |
| Клиенттердің қаржысы | 2,584,187 |
| Кредит мекемелеріндегі қаржы | 70,650 |
| Пайда немесе шығын арқылы әділ құнмен бағаланатын қаржы міндеттемелері | 3,132 |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | 579,662 |
| Резервтер | 17,362 |
| Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі | 200 |
| Сақтандыру міндеттемелері | 66,931 |
| Өзге міндеттемелер | 107,487 |
| **БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР** | **3,429,611** |
| Әділ құн бойынша таза активтер | - |
| Әділ құн бойынша бақыланбайтын үлес | 7 |

Сатып алу кезінде алынған ақшалай қаражаттың және оның баламаларының әділ құны жоғарыда көрсетілген кестеде көрсетілгендей 678,622 миллион теңгені құрайды.

ХҚЕС (IFRS) 3 сәйкес сатып алынатын активтер мен міндеттемелер сатып алу күнгі әділ құн бойынша бағаланады.

Басшылық ақшалай қаражаттың және оның баламаларының, сондай-ақ міндетті резервтердің баланстық құны шамамен әділ құнға тең деп болжамдайды, себебі бұл құралдардың өтеу мерзімдері қысқа.

Сатуға арналған жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтар мен активтер салыстыру әдісін қолданумен бағаланды, оған сәйкес құн сипаттамасы бойынша ұқсас активтерге нарықта белгіленген бағаларға сәйкес келеді.

Клиенттерге берілген заемдар нарықтық пайыздық мөлшерлеме бойынша тиісті мерзімге болашақ ақша ағымдарын дисконттау жолымен бағаланады. Мұндай бағалау қолданылмайтын заемдар үшін бағалау кепілдегі мүлікті сатудан түсетін ақша ағымдарының негізінде жүргізіледі.

Өтеу мерзімі 1 айдан кем кредиторлық және дебиторлық берешек үшін, баланстық құн шамамен әділ құнға тең, себебі бұл құралдардың өтеу мерзімі қысқа. Өтеу мерзімі 1 айдан астам кредиторлық және дебиторлық берешек тиісті нарықтық пайыздық мөлшерлемелер мен мерзімдерді қолданумен болашақ ақша ағымдарының келтірілген құны ретінде бағаланады.

Клиенттерден алынатын пайыздық мөлшерлемелер шамамен нарықтық пайыздық мөлшерлемелерге тең және тиісінше, клиенттер шоттарының баланстық құны шамамен олардың әділ құнына сәйкес келеді.

ККБ шығарған облигациялардың әділ құнын анықтау үшін Топ КФБ-ның тиісті баға белгіленімдерін пайдаланды. Егер Топ КФБ-ның баға белгіленімдері бағалы қағаздардың нақты бағасын көрсетпейді (нарықтық емес бағамен аз көлемде алып-сатарлық мәмілелер жағдайында), нарықтық деректерге негізделген бағалаудың түрлі әдістерін пайдаланылады деп есептейді. Мысалы, ККБ шығарған кейбір бағалы қағаздардың әділ құныны анықтау үшін, Топ өтеудің ұқсас мерзімі, ақша ағымдарының конфигурациясы, валюат және кредит тәуекелі секілді критерийлер бойынша басқа, айтарлықтай дәрежеде ұқсас құралды өтеуге табыстылықты пайдаланды.

Сатып алу күніне ККБ-ның кейінге қалдырылған таза салықтық активтері 44,013 миллион теңге сомасында болашақ кезеңдерге ауыстырылған салық залалының шегерілетін мезгілдік айырмасын және клиенттердің қаржысының әділ құнын түзетумен байланысты 44,013 миллион теңге сомасында салық салынатын мезгілдік айырманы қамтиды.

## САТЫП АЛУЛАРДЫҢ ТОПТЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ЫҚПАЛ ЕТУІ

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде ККБ-ның есептік кезеңдері арасындағы қаржылық активтердің құнсыздануынан елеулі шығынды бөлудегі жүйелік шектеулерді ескере отырып, 2017 жылы табыстар мен таза пайдаға проформаның ықпалын анықтау мүмкін емес, егер сатып алу 2017 жылғы 1 қаңтарда жасалған болса.

## 6. АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

Ақшалай қаражат пен оның баламасы мыналардан құралады:

| | 2017 жылғы 31 желтоқсан | 2016 жылғы 31 желтоқсан | 2015 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|
| Кассадағы қолма-қол ақша | 190,396 | 149,124 | 118,891 |
| **ХҚЕС (IAS) 39-ҒА СӘЙКЕС ЗАЕМДАР ЖӘНЕ ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК РЕТІНДЕ КӨРСЕТІЛГЕН:** | | | |
| Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының («ЭЫДҰ») мүшесі болып табылатын елдердің банктеріндегі корреспонденттік шоттар | 214,596 | 181,144 | 116,478 |
| ЭЫДҰ мүшесі болып табылатын елдердің банктеріндегі қысқа мерзімді салымдар | 150,656 | 428,526 | 125,808 |
| ЭЫДҰ мүшесі болып табылатын елдердің банктеріндегі «овернайт» салымдары | 36,584 | 79,992 | - |
| ҚРҰБ-дегі корреспонденттік шоттар | 699,256 | 915,675 | 1,019,059 |
| ҚРҰБ қысқа мерзімді салымдар | 61,378 | 4,002 | 310 |
| Қазақстан банктеріндегі қысқа мерзімді салымдар (кері РЕПО келісімдері бойынша заемдар) | 373,956 | 2,592 | 11,518 |
| ЭЫДҰ мүшесі болып табылмайтын елдердің банктеріндегі корреспонденттік шоттар | 20,439 | 11,459 | 12,206 |
| ЭЫДҰ мүшесі болып табылмайтын елдердің банктеріндегі қысқа мерзімді салымдар | 33,233 | 2,005 | 410 |
| ЭЫДҰ мүшесі болып табылмайтын елдердің банктеріндегі «овернайт» салымдары | 54 | - | - |
| | **1,780,548** | **1,774,519** | **1,404,680** |
| «Алтын Банк» АҚ ақшалай қаражаты мен олардың баламалары | 142,736 | - | - |
| **АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ** | **1,923,284** | **1,774,519** | **1,404,680** |

Пайыздық ақшалай қаражат және оның баламалары көрсетілген пайыздық мөлшерлеме және валюталар былайша берілген:

| | 2017 жылғы 31 желтоқсан | | 2016 жылғы 31 желтоқсан | | 2015 жылғы 31 желтоқсан | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Теңге | Шетел валютасы | Теңге | Шетел валютасы | Теңге | Шетел валютасы |
| ЭЫДҰ мүшесі болып табылатын елдердің банктеріндегі қысқа мерзімді салымдар | - | 0.8%-1.8% | - | 0.7%-1.5% | - | 0.3%-0.9% |
| ЭЫДҰ мүшесі болып табылатын елдердің банктеріндегі «овернайт» салымдары | - | 1.4%-1.5% | - | 0.5%-0.7% | - | - |
| ҚРҰБ қысқа мерзімді салымдар | 9.3% | - | 11.0% | - | - | 4.0% |
| Қазақстан банктеріндегі қысқа мерзімді салымдар | 9.0%-12.3% | - | 12.5% | - | 10%-150% | 0.3%-2.5% |
| ЭЫДҰ мүшесі болып табылмайтын елдердің банктеріндегі қысқа мерзімді салымдар | - | 1.7% | - | 6.6%-7.0% | - | 3.0% |
| ЭЫДҰ мүшесі болып табылмайтын елдердің банктеріндегі «овернайт» салымдары | - | 1.7%-1.8% | - | - | - | - |

Кепілге берілген активтердің әділ құны және 2017, 2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша кері РЕПО келісімдері бойынша қысқа мерзімді заемдардың баланстық құны былайша берілген:

| | 2017 жылғы 31 желтоқсан | | 2016 жылғы 31 желтоқсан | | 2015 жылғы 31 желтоқсан | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Заемдардың баланстық құны | Кепілдің әділ құны | Заемдардың баланстық құны | Кепілдің әділ құны | Заемдардың баланстық құны | Кепілдің әділ құны |
| ҚР Қаржы министрлігінің қазынашылық вексельдері | 228,642 | 228,516 | 1,591 | 1,591 | 8,320 | 10,012 |
| ҚРҰБ ноталары | 132,879 | 132,791 | - | - | - | - |
| Борыштық бағалы қағаздар | 11,122 | 11,080 | - | - | - | - |
| | **372,643** | **372,387** | **1,591** | **1,591** | **8,320** | **10,012** |

2017, 2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдайға сәйкес, кері РЕПО келісімдері бойынша заемдарды өтеу мерзімі бір айдан аз мерзімді құрайды.

## 7. МІНДЕТТІ РЕЗЕРВТЕР

Міндетті резервтер мыналардан құралады:

| | 2017 жылғы 31 желтоқсан | 2016 жылғы 31 желтоқсан | 2015 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|
| **ХҚЕС (IAS) 39-ҒА СӘЙКЕС ЗАЕМДАР МЕН ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК РЕТІНДЕ КӨРСЕТІЛГЕНДЕР:** | | | |
| Міндетті резервке жатқызылған банк құралдары мен ақшасы | 111,039 | 76,122 | 68,389 |
| | **111,039** | **76,122** | **68,389** |

Міндетті резервтер депозит шоттарындағы қалдық ақшаны ұстап отыру үшін қойылатын және Қазақстанның, Қырғызстанның, Тәжікстан және Грузияның Ұлттық Банктері мен Ресейдің Орталық банкі талап ететін кассадағы қолма-қол ақша түріндегі ең төменгі резервтік талап болып табылады. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Казкоммерцбанк» АҚ, «Халық Банк Қырғызстан» ААҚ, «НБК Банк» ААҚ, «Халық Банк Грузия» АҚ, «Москоммерцбанк» (АҚ) КБ және «Казкоммерцбанк Тәжікстан» ЖАҚ-тың міндетті резервтері 48,196 миллион теңгені (2016 жылғы 31 желтоқсанда – 12,767 миллион теңгені, 2015 жылғы 31 желтоқсанда – 9,340 миллион теңгені) құрады.

# 8. ПАЙДА НЕМЕСЕ ШЫҒЫН АРҚЫЛЫ ӘДІЛ ҚҰНМЕН БАҒАЛАНАТЫН ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Пайда немесе шығын арқылы әділ құнмен бағаланатын қаржы активтері мыналардан құралады:

| | 2017 жылғы 31 желтоқсан | 2016 жылғы 31 желтоқсан | 2015 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|
| **САУДА ЖАСАУҒА АРНАЛҒАН ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ:** | | | |
| ҚР Қаржы министрлігінің қазынашылық вексельдері | 44,171 | - | - |
| Туынды қаржы құралдары | 39,723 | 77,776 | 175,313 |
| Корпоративтік облигациялар | 21,212 | 743 | 909 |
| Қазақстандық корпорациялардың үлестік бағалы қағаздары | 14,478 | 88 | 106 |
| ҚРҰБ ноталары | 8,310 | 249,574 | - |
| Қазақстандық банктердің облигациялары | 5,547 | 137 | 293 |
| «Қазақстан Даму Банкі» АҚ облигациялары | 5,252 | 215 | 199 |
| Шетелдік ұйымдардың облигациялары | 5,126 | 102 | 124 |
| Шетелдік ұйымдардың үлестік бағалы қағаздары | 675 | 102 | 78 |
| Қазақстандық банктердің үлестік бағалы қағаздары | 482 | - | 48 |
| | **144,976** | **328,737** | **177,070** |

Пайда немесе шығын арқылы әділ құнмен бағаланатын қаржы міндеттемелері былайша берілген:

| | 2017 жылғы 31 желтоқсан | 2016 жылғы 31 желтоқсан | 2015 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|
| **САУДА ЖАСАУҒА АРНАЗЛҒАН ҚАРЖЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ:** | | | |
| Туынды қаржы құралдары | 5,831 | 2,841 | 5,593 |

Пайда немесе шығын арқылы әділ құнмен бағаланатын қаржы активтерінің пайыздық мөлшерлемелері төменде көрсетілген. Төмендегі пайыздық мөлшерлемелер тиісті қаржы активтері бойынша орташа сараланған тиімді пайыздық мөлшерлемелер ретінде есептелген:

| | 2017 жылғы 31 желтоқсан | 2016 жылғы 31 желтоқсан | 2015 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|
| Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық вексельдері | 5.6% | - | - |
| Корпоративтік облигациялар | 8.6% | 6.6% | 6.6% |
| ҚРҰБ ноталары | 10.3% | 13.2% | - |
| Қазақстандық банктердің облигациялары | 11.1% | 9.7% | 10.5% |
| «Қазақстан Даму Банкі» АҚ облигациялары | 7.1% | 5.9% | 5.3% |
| Шетелдік ұйымдардың облигациялары | 7.0% | 6.9% | 6.3% |

Туынды қаржы құралдары мыналардан құралады:

| Шетелдік валютадағы шарттар | 2017 жылғы 31 желтоқсан | | | 2017 жылғы 31 желтоқсан | | | 2017 жылғы31 желтоқсан | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Номиналдық сомасы | Актив | Әділ құны Міндеттеме | Номиналдық сомасы | Актив | Әділ құны Міндеттеме | Номиналдық сомасы | Актив | Әділ құны Міндеттеме |
| Своптар | 1,172,217 | 39,671 | 5,828 | 228,905 | 77,655 | 2,833 | 454,075 | 175,308 | 1,043 |
| Споттар | 10,309 | 23 | 3 | 3,583 | 14 | 8 | 28,627 | 5 | 265 |
| Форвардтар | 4,085 | 29 | - | 4,644 | 107 | - | 14,546 | - | 4,285 |
| | | **39,723** | **5,831** | | **77,776** | **2,841** | | **175,313** | **5,593** |

2017 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, своптар бойынша мәмілелерге 2017 жылғы 3 шілдеде ККБ мен ҚРҰБ арасында номиналдық сомасы 1,000,000 миллион теңгеге жасалған тоғыспалы валюталық своптың біржылдық мәмілесі кіреді. Мәміленің мақсаты – шетелдік валютаның артық өтімділігін орналастыру.

2017, 2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдайға сәйкес, бағалау модельдері бойынша нарықтық деректер негізінде бағаланатын туынды қаржы құралдарын қоспағанда, пайда немесе шығын арқылы әділ құнмен бағаланатын қаржы активтерінің есебін шығару үшін Топ бақыланатын ақпарат көздерінің баға белгілеу мәліметтерін пайдаланды.

2015 жылы теңгедегі өтімділікті арттыру үшін Топ ҚРҰБ-мен своптар және жеткізілусіз форвардтар бойынша мәмілелер бекітті.

# 9. КРЕДИТ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕГІ ҚАРЖЫ

Кредит мекемелеріндегі қаржы мыналардан құралады:

| | 2017 жылғы 31 желтоқсан | 2016 жылғы 31 желтоқсан | 2015 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|
| **ХҚЕС (IAS) 39-ҒА СӘЙКЕС ЗАЕМДАР МЕН ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК РЕТІНДЕ КӨРСЕТІЛГЕН:** | | | |
| Мерзімдік салымдар | 59,711 | 11,256 | 25,584 |
| Кредит мекемелеріне заемдар | 18,719 | 18,678 | 14,307 |
| Туынды қаржы құралдары бойынша қамтамасыз ету түріндегі депозиттер | 9,306 | 5,608 | 5,109 |
| | **87,736** | **35,542** | **45,000** |
| Минус - Құнсыздануға бөлінген резерв (22-ескертпе) | - | - | (7) |
| | **87,736** | **35,542** | **44,993** |

Кредит мекемелеріндегі қаржының пайыздық мөлшерлемесі мен өтеу мерзімі былайша берілген:

| | 31.12.2017 ж. | | 31.12.2016 ж. | | 31.12.2015 ж. | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Пайыздық мөлшерле-ме, % | Өтеу мерзімі, жыл | Пайыздық мөлшерле-ме, % | Өтеу мерзімі, жыл | Пайыздық мөлшерле-ме, % | Өтеу мерзімі, жыл |
| Мерзімдік салымдар | 0.4-15.0 | 2018 | 0.5-18.0 | 2017-2018 | 1.0-27.0 | 2016-2017 |
| Кредит мекемелеріне заемдар | 8.5-16.0 | 2018 | 8.2-10.3 | 2017 | 8.2 | 2017 |
| Туынды қаржы құралдары бойынша қамтамасыз ету түріндегі депозиттер | 1.1-1.8 | 2046 | 0.2-1.8 | 2018 | 0.2-1.8 | 2016 |

# 10. САТУҒА АРНАЛҒАН, ҚОЛДА БАР ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

Сатуға арналған, қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар мыналардан құралады:

| | 2017 жылғы 31 желтоқсан | 2016 жылғы 31 желтоқсан | 2015 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|
| ҚР Қаржы министрлігінің қазынашылық вексельдері | 1,366,494 | 138,018 | 165,040 |
| ҚРҰБ ноталары | 459,895 | 199,390 | - |
| Корпоративтік облигациялар | 280,106 | 103,464 | 141,428 |
| АҚШ қазынашылық вексельдері | 264,821 | 91,534 | - |
| Шетелдік ұйымдардың облигациялары | 82,935 | 3,138 | 9,336 |
| «Қазақстан Даму Банкі» АҚ облигациялары | 66,792 | 37,640 | 35,976 |
| Қазақстандық банктердің облигациялары | 25,017 | 10,223 | 17,606 |
| Венгрияның қазынашылық вексельдері | 7,987 | 7,762 | - |
| Қазақстандық корпорациялардың үлестік бағалы қағаздары | 3,407 | 4,719 | 3,024 |
| Грузияның қазынашылық вексельдері | 2,156 | 2,116 | 2,755 |
| Шетелдік корпорациялардың облигациялары | 1,756 | 95 | 2,140 |
| Қырғыз Республикасының қазынашылық вексельдері | 1,710 | 705 | 208 |
| Қырғыз Республикасы Ұлттың Банкінің ноталары | 1,400 | - | 354 |
| Ресей Федерациясының қазынашылық вексельдері | 909 | 820 | 653 |
| Қазақстандық банктердің үлестік бағалы қағаздары | 40 | - | - |
| | **2,565,425** | **599,624** | **378,520** |

2017, 2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша сатуға арналған, қолда бар қаржы активтерінің құрамына Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық вексельдері және басқа банктермен РЕПО шарттары бойынша қамтамасыз ету ретінде берілген, әділ құны жоғарыда көрсетілген жылдарға сәйкес 97,719 миллион теңгені, 15,201 миллион теңгені және 51,763 миллион теңгені құрайтын үлестік бағалы қағаздар есептілікке алынды (20-ескертпені қараңыз). 2017, 2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсан күніне әрекет ететін барлық шарттар бойынша есептер 2018 жылдың 3 қаңтарында, 2017 жылдың 4 қаңтарында және 2016 жылдың 5 қаңтарында жабылды.

Сатуға арналған, қолда бар инвестициялық бағалы қағаздардың пайыздық мөлшерлемесі мен өтеу мерзімдері төменде көрсетілген. Төменде көрсетілген кестедегі пайыздық мөлшерлемелер тиісті бағалы қағаздар бойынша орташа сараланған тиімді пайыздық мөлшерлемелер ретінде есептелді:

| | 31.12.2017 ж. | | 31.12.2016 ж. | | 31.12.2015 ж. | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Пайыздық мөлшерле-ме, % | Өтеу мерзімі, жыл | Пайыздық мөлшерле-ме, % | Өтеу мерзімі, жыл | Пайыздық мөлшерле-ме, % | Өтеу мерзімі, жыл |
| ҚР Қаржы министрлігінің қазынашылық вексельдері | 7.0 | 2018-2045 | 5.7 | 2017-2031 | 5.6 | 2016-2045 |
| ҚРҰБ ноталары | 10.0 | 2018 | 13.4 | 2017 | - | - |
| Корпоративтік облигациялар | 7.0 | 2018-2047 | 5.8 | 2017-2031 | 6.9 | 2016-2029 |
| АҚШ қазынашылық вексельдері | 1.0 | 2018 | 0.4 | 2017 | - | - |
| Шетелдік ұйымдардың облигациялары | 8.0 | 2018-2046 | 6.3 | 2017-2024 | 5.0 | 2016-2022 |
| «Қазақстан Даму Банкі» АҚ облигациялары | 5.7 | 2020-2032 | 4.5 | 2022-2026 | 4.5 | 2022-2026 |
| Қазақстандық банктердің облигациялары | 11.3 | 2018-2024 | 11.2 | 2017-2049 | 12.1 | 2016-2049 |

| | 31.12.2017 ж. | | 31.12.2016 ж. | | 31.12.2015 ж. | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Пайыздық мөлшерле-ме, % | Өтеу мерзімі, жыл | Пайыздық мөлшерле-ме, % | Өтеу мерзімі, жыл | Пайыздық мөлшерле-ме, % | Өтеу мерзімі, жыл |
| Венгрияның қазына-шылық вексельдері | 3.2 | 2023 | 3.2 | 2023 | - | - |
| Грузияның қазына-шылық вексельдері | 10.8 | 2019-2025 | 10.4 | 2017-2024 | 10.1 | 2016-2024 |
| Қырғыз Республикасының қазынашылық вексельдері | 6.1 | 2018-2021 | 10.2 | 2017 | 12.4 | 2016 |
| Қырғыз Республикасы Ұлттың Банкінің ноталары | 2.8 | 2018 | - | - | 10.5 | 2016 |
| Ресей Федерациясының қазынашылық вексельдері | 8.1 | 2021 | 8.1 | 2021 | 9.8 | 2021 |

### ҚОЛДА БАР САТУҒА АРНАЛҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫ ҚАЙТА ЖІКТЕУ

2016 жылдың ішінде, екі жылдық моратория аяқталғаннан кейін, Топ өтегенге дейін ұсталптын инвестицияларды сатып алды, бірақ 2016 жылғы 21 шілдесінде Топтың басшылығы бағалы қағаздар портфелінде орналасқан, жалпы сомасы 4,963 млн. теңге (14.6 миллион АҚШ доллары), өтеу мерзімі 2045 жылы болып табылатын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің еурооблигацияларын «Өтеуге дейін ұсталатындар» санатынан «сатуға арналған қолда барлар» санатына қайта жіктеу туралы шешім қабылдады. Осының нәтижесінде, Топ қайта жіктеген күннен кейінгі, келесі екі қаржы кезеңінде қандай да бір қаржы активтерін өтегенге дейін ұсталатын инвестициялық бағалы қағаздар ретінде жіктей алмайды.

## 11. КЛИЕНТТЕРГЕ БЕРІЛГЕН НЕСИЕЛЕР

Клиенттерге берілген несиелер мыналардан құралады:

| | 2017 жылғы 31 желтоқсан | 2016 жылғы 31 желтоқсан | 2015 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|
| **ХҚЕС (IAS) 39-ҒА СӘЙКЕС НЕСИЕЛЕР ЖӘНЕ ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК РЕТІНДЕ КӨРСЕТІЛГЕНДЕРІ:** | | | |
| Клиенттерге берілген несиелер | 3,547,621 | 2,602,381 | 2,477,685 |
| Овердрафтар | 20,642 | 1,954 | 3,498 |
| | **3,568,263** | **2,604,335** | **2,481,183** |
| Минус – Несиелердің құнсызданауына резерв (22-ескертпе) | (317,161) | (284,752) | (305,114) |
| **КЛИЕНТТЕРГЕ НЕСИЕ** | **3,251,102** | **2,319,583** | **2,176,069** |

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша құнсыздану резервтер шегерілгенге дейін клиенттерге берілген несиелерге 1,640,206 миллион теңге мөлшеріндегі ККБ несиелері кірді. Бұл несиелер жоғарыда көрсетілген кестеде 804,022 миллион теңге мөлшеріндегі амортизацияланбаған әділ құн бойынша ұсынылған.

Клиенттердің несиелері бойынша орташа пайыздық мөлшерлеме клиенттер несиелерінің орташа балансына бөлінген кредиттік портфель бойынша пайыздық табыс ретінде есептеледі. 2017 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішінде кредиттік портфель бойынша орташа пайыздық мөлшерлеме 13.0 %-ды (2016 жылдың 31 желтоқсаны–13.0 %; 2015 жылдың 31 желтоқсаны – 12.5 %) құрады.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы есептемеге сәйкес Топтың он ірі клиент бойынша шоғырланған несие көлемі 617,144 миллион теңге болды, бұл Топтың кредиттік портфелі жиынтығының 17 %-ын құрады (2016 жылдың 31 желтоқсанында – 494,953 миллион теңге, 19%; 2015 жылдың 31 желтоқсанында - 512,128 миллион теңге, 21%;) және Топ капиталының 66 %-ын құрады (2016 жылдың 31 желтоқсанында – 74%; 2015 жылдың 31 желтоқсанында - 97%).

Аталған несиелер бойынша 2017 жылғы 31 желтоқсандағы есептемеге сәйкес 56,807 миллион теңге мөлшерінде құнсыздану резерві жасалды (2016 жылдың 31 желтоқсанында – 49,762 миллион теңге; 2015 жылдың 31 желтоқсанында – 60,965 миллион теңге болған).

Төменде берілген кестеде несиелердің баланстық құнының осы қамтамасыз етудің әділ құны бойынша емес, алынған қамтамасыз ету түрінде талдауы көрсетілген:

| | 2017 жылғы 31 желтоқсан | 2016 жылғы 31 желтоқсан | 2015 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|
| Кепілдікпен қамтамасыз етілген несиелер | 1,246,368 | 646,702 | 511,561 |
| Жылжымайтын мүлік немесе жылжымайтын мүлікті иелену құқығымен қамтамасыз етілген несиелер | 819,512 | 895,955 | 940,171 |
| Жалақылық жобаның шеңберінде берілген тұтынушылық несиелер* | 446,823 | 405,196 | 373,211 |
| Ақшалай қаражатпен қамтамасыз етілген несиелер | 302,871 | 223,675 | 192,185 |
| Корпоративтік акциялармен қамтамасыз етілген несиелер | 108,995 | 133,988 | 144,541 |
| Тауарлық-материалдық қорлармен қамтамасыз етілген несиелер | 92,997 | 48,790 | 48,313 |
| Құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген несиелер | 36,643 | 8,849 | 10,865 |
| Аралас кепілдікпен қамтамасыз етілген несиелер | 63,607 | 39,617 | 48,490 |
| Көлікпен қамтамасыз етілген несиелер | 29,956 | 42,997 | 70,227 |
| Ауыл шаруашылық өнімдерімен қамтамасыз етілген несиелер | 7,413 | 6,311 | 5,742 |
| Кепілдікпен қамтамасыз етілмеген несиелер | 413,078 | 152,255 | 135,877 |
| | 3,568,263 | 2,604,335 | 2,481,183 |
| Минус – Несиелердың құнсыздану резерві (22-Ескертпе) | (317,161) | (284,752) | (305,114) |
| **КЛИЕНТТЕРГЕ НЕСИЕЛЕР** | **3,251,102** | **2,319,583** | **2,176,069** |

* Бұл несиелер жалақылық жоба шеңберінде компаниялардың жұмыскерлерінен болашақта түсетін ақша қаражаттарымен қамтамасыз етілген.

Несиелер экономиканың мынадай секторлары бойынша беріледі:

| | 2017 жылғы 31 желтоқсан | % | 2016 жылғы 31 желтоқсан | % | 2015 жылғы 31 желтоқсан | % |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Бөлшек несиелер: | | | | | | |
| - тұтынушылық несиелер | 679,674 | 19% | 433,291 | 17% | 407,905 | 16% |
| - ипотекалық несиелер | 265,454 | 8% | 187,772 | 7% | 197,165 | 8% |
| | 945,128 | | 621,063 | | 605,070 | |
| Қызметтер | 527,618 | 15% | 413,150 | 16% | 394,027 | 16% |
| Көтерме сауда | 376,064 | 11% | 383,261 | 15% | 442,797 | 18% |
| Құрылыс | 282,412 | 8% | 191,171 | 7% | 168,393 | 7% |
| Бөлшек сауда | 185,733 | 5% | 157,146 | 6% | 150,353 | 6% |
| Жылжымайтын мүлік | 174,221 | 5% | 150,662 | 6% | 157,413 | 6% |
| Металлургия | 153,761 | 4% | 23,290 | 1% | 25,610 | 1% |
| Ауыл шаруашылығы | 150,186 | 4% | 121,368 | 5% | 118,948 | 5% |
| Көлік құралдары | 131,843 | 4% | 101,965 | 4% | 59,415 | 2% |
| Энергетика | 95,838 | 3% | 69,690 | 3% | 28,628 | 1% |
| Қаржы секторы | 83,193 | 2% | 44,645 | 2% | 39,394 | 2% |
| Тамақ өнеркәсібі | 78,417 | 2% | 34,797 | 1% | 31,897 | 1% |
| Мұнай және газ | 73,620 | 2% | 33,815 | 1% | 36,777 | 2% |
| Тау-кен өндіру саласы | 63,555 | 2% | 78,528 | 3% | 54,936 | 2% |
| Қонақ үй бизнесі | 63,241 | 2% | 34,706 | 1% | 32,581 | 1% |
| Байланыс | 49,731 | 1% | 61,461 | 2% | 60,483 | 2% |
| Химия өнеркәсібі | 38,036 | 1% | 28,051 | 1% | 14,678 | 1% |
| Машина жасау | 33,377 | 1% | 22,559 | 1% | 15,499 | 1% |
| Жеңіл өнеркәсіп | 17,255 | 0% | 8,911 | 0% | 7,004 | 0% |
| Басқасы | 45,034 | 1% | 24,096 | 1% | 37,280 | 2% |
| | **3,568,263** | **100%** | **2,604,335** | **100%** | **511,561** | **100%** |

2017 жылғы 31 желтоқсандағы есептемеге сәйкес несиелер бойынша есептелген сыйақы сомасы 145,535 миллион теңгені құрады (2016 жылдың 31 желтоқсанында - 142,046 миллион теңге, 2015 жылдың 31 желтоқсанында – 138,495 миллион теңге болды).

2017, 2016 және 2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдардың ішінде Топ кепілдікпен қамтамасыз етілген қаржылық және қаржылық емес активтерді өндіру жолымен алды. 2017, 2016 және 2015 жылғы 31 желтоқсандағы есептеме бойынша бұл активтер «Сатуға арналған активтер» бабында көрсетілген және де бұл активтер жоғарыда көрсетілген жылдарда 142,833 миллион теңге (ҚКБ-ны 132,985 миллион теңге сомасында ескерілгенде), 2,726 миллион теңге және 7,401 миллион теңгені құрады.

2017, 2016 және 2015 жылғы 31 желтоқсандағы есептеме бойынша клиенттерге берілетін несиелердің құрамында талаптары қайта қарастырылған несиелер қосылды, олар 340,445 миллион, 149,024 миллион және 188,582 миллион теңге көлемінде.

## 12. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК

| | 2017 жылғы | 2016 жылғы | 2015 жылғы |
|---|---|---|---|
| 1 қаңтарға | 30,146 | 24,658 | 5,684 |
| Түсімдер | 6,43 | 5,924 | 18,861 |
| Бизнесті біріктірумен байланысты түсімдер | 2,044 | - | - |
| Шығулар | (2,411) | (1,499) | (2) |
| Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтерден ауыстыру | 475 | - | - |
| Негізгі құралдардан ауыстыру | 564 | 976 | 58 |
| Инвестициялық жылжымайтын мүлікті қайта бағалаудан түскен пайда | 70 | 56 | 57 |
| Капиталдандырылған шығындар | 43 | 22 | - |
| Бағамдық айырмашылық | 43 | 9 | - |
| **31 ЖЕЛТОҚСАНҒА** | **37,517** | **30,146** | **24,658** |

2017, 2016 және 2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішінде Топ клиенттерге берілген несиелер бойынша кепілдікпен қамтамасыз етуді алды, нәтижесінде Топ 6,543 миллион теңге, 5,924 миллион теңге және 18,861 миллион теңге сомасында инвестициялық жылжымайтын мүлік алды.

2017, 2016 және 2015 жылғы 31 желтоқсандағы есептеме бойынша инвестициялық жылжымайтын мүлік қандай да бір міндеттемелер бойынша қамтамасыз ету ретінде берілмеген.

2017, 2016 және 2015 жылғы 31 желтоқсандағы есептеме бойынша өзге табыстардың құрамына кіретін инвестициялық жылжымайтын мүлік объектілерін жалға беруден 1,760 миллион теңге, 1,571 миллион теңге және 1,120 миллион теңге көлемінде табыс қосылды.

Топтың 2017, 2016 және 2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдарда жалға беруден пайда алған инвестициялық жылжымайтын мүлікке байланысты операциялық шығындары 671 миллион теңге, 861 миллион және 497 миллион теңгені құрады.

Инвестициялық жылжымайтын мүлікті қайта бағалауды тәуелсіз бағалаушы 2017, 2016 және 2015 жылғы 31 желтоқсандағы есептеме бойынша жүргізді. Әділ құнды анықтау үшін кірісті және салыстырмалы әдістер пайдаланылды. Жылжымайтын мүлік объектілерінің әділ құнын анықтағанда олардың ағымдағы мүлік объектілерінің ең жақсы және ең тиімді әдісін қолдануы болып табылады. 2017 жылдың ішінде бағалау әдістемесінде қандай да бір өзгерістер болған жоқ. Қайта бағалау нәтижелері бойынша Топ 2017, 2016 және 2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші пайдалар мен шығындар туралы шоғырландырылған есептемеде 35 миллион теңге, 56 миллион теңге және 57 миллион теңге көлемінде пайда көрді.

2017, 2016 және 2015 жылғы 31 желтоқсанындағы Топтың инвестициялық

жылжымайтын мүлігінің әділ құнын есептегенде бағалар 37,517 миллион теңге, 30,146 миллион теңге және 24,658 миллион теңге көлемінде 3-деңгейге жатқызылды (есептеулер иерархиясының сипаттамасы 37-ескертпеде ашылған).

## 13. КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК

2015 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдың ішінде Топ 1,241 миллион теңге және 6,245 миллион теңге көлемінде жер мен аяқталмаған құрылысты кепілде тұрған активтердің арқасында қол жеткізді. Топ құрылысты жалғастырды және 2017, 2016 және 2015 жылдары 830 миллион теңге, 2,818 миллион теңге және 2,146 миллион теңге көлемінде шығындар болды. 2017 жылдың ішінде үлескерлерге 1,989 миллион теңге көлемінде жылжымайтын мүлік берілді және 2,232 миллион теңге көлемінде жылжымайтын мүлік сатылды. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы есептеме бойынша аяқталмаған құрылыстың және аяқталған құрылыстың баланстық құны 3,039 миллион теңгені және 3,772 миллион теңгені құрады. 2017 жылдың ішінде Топ еншілес кәсіпорын – «Казкоммерцбанк» АҚ-ты сатып алу нәтижесінде 41,963 миллион теңге сомасында коммерциялық жылжымайтын мүлік алды.

## 14. ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК, ҮЙЛЕР МЕН ЖАБДЫҚТАР

Жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтардың қозғалысы төмендегідей берілген:

| | Ғимараттар мен құрылыстар | Көлік құралдары | Компьютерлер мен банктік құралжабдық | Аяқталмаған құрылыс | Басқасы | Жиынтығы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **ҚАЙТА БАҒАЛАНҒАН/ БАСТАПҚЫ ҚҰНЫ:** | | | | | | |
| 2016 жылғы 31 желтоқсан | 77,854 | 2,754 | 24,773 | 1 | 16,694 | 122,076 |
| Түсімдер | 777 | 483 | 1,607 | 394 | 2,454 | 5,715 |
| Шығарулар | (550) | (619) | (8,032) | (277) | (2,282) | (11,760) |
| Қайта бағалау кезінде шығынға шығарылған | - | - | (5) | - | (1) | (6) |
| Инвестициялық мүлікке аударымдар | (564) | - | - | - | - | (564) |
| Сатуға арналған активтерге қайта жіктеу | (3,239) | (102) | (609) | - | (960) | (4,910) |
| Бизнесті біріктірумен байланысты түсімдер | 38,052 | 441 | 8,489 | - | 2,027 | 49,009 |
| Құнсыздану | (88) | - | (3) | - | (70) | (161) |
| Аударымдар* | - | 32 | 493 | - | (807) | (282) |
| Бағамдық айырмашылық | 151 | 5 | 33 | - | 64 | 253 |
| 2017 жылғы 31 желтоқсан | 112,393 | 2,994 | 26,746 | 118 | 17,119 | 159,370 |
| **ЖИНАҚТАЛҒАН ТОЗУ:** | | | | | | |
| 2016 жылғы 31 желтоқсан | 484 | 1,645 | 17,041 | - | 8,009 | 27,179 |
| Кіріске алулар | 1,304 | 359 | 2,987 | - | 1,488 | 6,138 |
| Шығарулар | (7) | (432) | (7,958) | - | (2,137) | (10,534) |
| Қайта бағалау кезінде шығынға шығарылған | - | - | (5) | - | (1) | (6) |
| Сатуға арналған активтерге қайта жіктеу | (35) | (51) | (389) | - | (500) | (975) |
| Аударымдар* | - | 29 | 431 | - | (677) | (217) |
| Бағамдық айырмашылық | 20 | 4 | 30 | - | 47 | 101 |
| 2017 жылғы 31 желтоқсан | 1,766 | 1,554 | 12,137 | - | 6,229 | 21,686 |
| **БАЛАНСТЫҚ ҚҰНЫ:** | | | | | | |
| **2017 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН** | **110,627** | **1,440** | **14,609** | **118** | **10,890** | **137,684** |

| | Ғимараттар мен құрылыстар | Көлік құралдары | Компьютерлер мен банктік құралжабдық | Аяқталмаған құрылыс | Басқасы | Жиынтығы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **ҚАЙТА БАҒАЛАНҒАН/ БАСТАПҚЫ ҚҰНЫ:** | | | | | | |
| 2015 жылғы 31 желтоқсан | 56,423 | 2,587 | 22,400 | 14,066 | 15,356 | 110,832 |
| Түсімдер | 3,844 | 320 | 4,334 | 6,114 | 3,677 | 18,289 |
| Шығарулар | (1,241) | (155) | (2,045) | (70) | (2,746) | (6,257) |
| Қайта бағалау кезінде есептен шығарылды | (1,761) | - | (2) | - | (4) | (1,767) |
| Қайта бағалау | 1,272 | - | - | - | - | 1,272 |
| Аударымдар** | 19,610 | (3) | 54 | (20,109) | 448 | - |
| Құнсыздану | (464) | - | - | - | (3) | (467) |
| Бағамдық айырмашылық | 171 | 5 | 32 | - | (34) | 174 |
| 2016 жылғы 31 желтоқсан | 77,854 | 2,754 | | 1 | 16,694 | 122,076 |
| **ЖИНАҚТАЛҒАН ТОЗУ:** | | | | | | |
| 2015 жылғы 31 желтоқсан | 1,098 | 1,530 | 17,100 | - | 8,642 | 28,370 |
| Кіріске алулар | 1,009 | 268 | 1,710 | - | 1,212 | 4,199 |
| Шығарулар | (27) | (155) | (1,763) | - | (1,718) | (3,663) |
| Қайта бағалау кезінде есептен шығарылды | (1,761) | - | (2) | - | (4) | (1,767) |
| Бағамдық айырмашылық | 165 | 2 | (4) | - | (123) | 40 |
| 2016 жылғы 31 желтоқсан | 484 | 1,645 | 17,041 | - | 8,009 | 27,179 |
| **БАЛАНСТЫҚ ҚҰНЫ:** | | | | | | |
| **2016 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН** | **77,370** | **1,109** | **7,732** | **1** | **8,685** | **94,897** |

| | Ғимараттар мен құрылыстар | Көлік құралдары | Компьютерлер мен банктік құралжабдық | Аяқталмаған құрылыс | Басқасы | Жиынтығы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **ҚАЙТА БАҒАЛАНҒАН/ БАСТАПҚЫ ҚҰНЫ:** | | | | | | |
| 2014 жылғы 31 желтоқсан | 54,374 | 2,557 | 22,648 | 12,596 | 13,990 | 106,165 |
| Түсімдер | 240 | 267 | 2,583 | 3,471 | 2,425 | 8,986 |
| Шығарулар | (1,710) | (285) | (3,027) | (142) | (1,307) | (6,471) |
| Аударымдар | 1,717 | - | - | (1,860) | 143 | - |
| Бағамдық айырмашылық | 1,802 | 48 | 196 | 1 | 105 | 2,152 |
| 2015 жылғы 31 желтоқсан | 56,423 | 2,587 | 22,400 | 14,066 | 15,356 | 110,832 |
| **ЖИНАҚТАЛҒАН ТОЗУ:** | | | | | | |
| 2014 жылғы 31 желтоқсан | 382 | 1,419 | 16,434 | - | 8,366 | 26,601 |
| Кіріске алулар | 858 | 300 | 1,734 | - | 1,443 | 4,335 |
| Шығарулар | (219) | (222) | (1,195) | - | (1,214) | (2,850) |
| Бағамдық айырмашылық | 77 | 33 | 127 | - | 47 | 284 |
| 2015 жылғы 31 желтоқсан | 1,098 | 1,530 | 17,100 | - | 8,642 | 28,370 |
| **БАЛАНСТЫҚ ҚҰНЫ:** | | | | | | |
| **2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН** | **55,325** | **1,057** | **5,300** | **14,066** | **6,714** | **82,462** |

* Өзге активтерге/-ден аударымдар
** Банк 2016 жылдың ішінде өзінің аяқталмаған құрылысын аяқтап, Бас офисін Алматы қаласы., әл-Фараби даңғылы., 40 мекенжайы бойынша орналасқан ғимаратқа ауыстырды.

Жылжымайтын мүлікті қайта бағалау жөніндегі Топтың саясатына сәйкес, негізгі құралдардың барлық санатының – ғимараттар мен құрылыстардың әр үш жыл сайын қайта бағалануы талап етіледі. Ерекше нарықтық немесе мүліктік индикаторлар елеулі өзгерген жағдайда, Топ қайта бағалауды жиі жүргізе алады.

Топ өзінің ғимараттары мен құрылыстарын 2016 жылдың ішінде қайта бағалады. Бағалауды тәуелсіз бағалаушылар жүргізді. Тәуелсіз бағалаушылар жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтар дың әділ құнын анықтау кезінде келесі үш тәсілді қолданды: кірісті капиталдандыру әдісімен кірістік тәсіл және белсенді нарық талаптарында ғимараттар мен құрылыстардың әділ құнын анықтау үшін нарық ақпаратын қолданумен бірге салыстыру тәсілі, ал қайта бағалау объектілері үшін белсенді нарық болмаған жағдайда шығынды тәсіл.

2017 жылдың 31 желтоқсанындағы есептеме бойынша, Топтың ғимараттары мен құрылыстарының әділ құнын есептеу кезінде, бағалаулар 75,562 миллион теңге және 35,065 миллион теңге көлемінде (2016 жылғы 31 желтоқсан: 77,256 миллион теңге және сәйкесінше 114 миллион теңге; 2015 жылғы 31 желтоқсан: 55,249 миллион теңге және сәйкесінше 76 миллион теңге) 2-ші және 3-ші деңгейлерге жатқызылды. Есептеулер иерархиясының сипаттамасы 37-ескертпеде ашып көрсетілген.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы есептеме бойынша, ғимараттар мен құрылыстардың әділ құнының жалпы сомасы 110,627 миллион теңгені құрады. Егер Топтың ғимараттары бастапқы құны бойынша еептелген болса, олардың баланстық құны 2017 жылғы 31 желтоқсандағы есептеме бойынша 95,855 миллион теңгені құраған болар еді.

# 15. МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР

Материалдық емес активтердің қозғалысы төменде берілген:

| | Бағдарламалық жасақтама | Бағдарламалық жасақтаманы пайдалану құқығына лицензиялық келісім | Клиенттік базаға жатқызылатын материалдық емес актив* | Басқа материалдық емес активтер | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|
| **БАСТАПҚЫ ҚҰНЫ:** | | | | | |
| 31.12.2014 ж. | 9,720 | 3,744 | 2,226 | 199 | 15,889 |
| Түсімдер | 1,779 | 303 | - | 144 | 2,226 |
| Шығарулар | (338) | (7) | - | (273) | (618) |
| Бағамдық айырмашылық | 187 | 120 | - | - | 307 |
| 31.12.2015 ж. | 11,348 | 4,160 | 2,226 | 70 | 17,804 |
| Түсімдер | 1,879 | 1,221 | - | 334 | 3,434 |
| Шығарулар | (92) | (13) | - | (243) | (348) |
| Бағамдық айырмашылық | (16) | 35 | - | - | 19 |
| 31.12.2016 ж. | 13,119 | 5,403 | 2,226 | 161 | 20,909 |
| Түсімдер | 1,191 | 234 | - | 1,054 | 2,479 |
| Шығарулар | (26) | (159) | - | (58) | (243) |
| Аударымдар | 815 | (19) | - | (796) | - |
| Сатуға арналған активтерге қайта жіктеу | (2,530) | - | (2,226) | - | (4,756) |
| Бизнесті біріктіруге байланысты түсімдер | 1,402 | 1,033 | - | 764 | 3,199 |
| Бағамдық айырмашылық | 28 | 4 | - | 2 | 34 |
| 31.12.2017 ж. | 13,999 | 6,496 | - | 1,127 | 21,622 |
| **ЖИНАҚТАЛҒАН АМОРТИЗАЦИЯ:** | | | | | |
| 31.12.2014 ж. | 5,500 | 1,674 | 41 | 10 | 7,225 |
| Сатып алулар | 1,523 | 19 | 445 | 1 | 1,988 |
| Шығарулар | (254) | - | - | - | (254) |
| Бағамдық айырмашылық | 163 | 23 | - | - | 186 |
| 31.12.2015 ж. | 6,932 | 1,716 | 486 | 11 | 9,145 |
| Сатып алулар | 1,675 | 540 | 445 | - | 2,660 |
| Шығарулар | (84) | - | - | - | (84) |
| Бағамдық айырмашылық | 4 | 5 | - | - | 9 |
| 31.12.2016 ж. | 8,527 | 2,261 | 931 | 11 | 11,730 |
| Сатып алулар | 3,313 | 180 | - | 61 | 3,554 |
| Шығарулар | (25) | (41) | - | - | (66) |
| Сатып алуға арналған активтерге қайта жіктеу | (933) | - | (931) | - | (1,864) |
| Бағамдық айырмашылық | 18 | (1) | - | - | 17 |
| 31.12.2017 ж. | 10,900 | 2,399 | - | 72 | 13,371 |
| **БАЛАНСТЫҚ ҚҰНЫ:** | | | | | |
| **31.12.2015 Ж.** | **4,416** | **2,444** | **1,740** | **59** | **8,659** |
| **31.12.2016 Ж.** | **4,592** | **3,142** | **1,295** | **150** | **9,179** |
| **31.12.2017 Ж.** | **3,099** | **4,097** | **-** | **1,055** | **8,251** |

# 16. САТУҒА АРНАЛҒАН АКТИВТЕР

Клиенттерге берілген кейбір несиелер бойынша контрагенттердің дефолтқа ұшырауы салдарынан, Топ, кейбір несиелер бойынша кепілдерді әділ құнымен сатуға арналған актив ретінде тану жүргізді. Кейін активтерді басшылық тиісті деңгейдегі сатып алушыны белсенді іздестіру және осы жоспарды аяқтауға ниеттенуіне байланысты, оны сатуға жұмсалған шығындарды шегеріп ең төменгі әділ құны бойынша немесе ағымдағы құны бойынша бағалады.

Сатуға арналған активтерге мыналар кіреді:

| | 31.12.2017 ж. | 31.12.2016 ж. | 31.12.2015 ж. |
|---|---|---|---|
| «Алтын Банк» АҚ-қа қатысты сатуға арналған активтер | 391,445 | - | - |
| Жер телімдері | 114,267 | 8,962 | 10,432 |
| Жылжымайтын мүлік нысандары | 43,290 | 1,335 | 973 |
| Жылжымалы мүлік | 3,403 | - | - |
| **САТУҒА АРНАЛҒАН АКТИВТЕРДІҢ БАРЛЫҒЫ** | **552,405** | **10,297** | **11,405** |
| **САТУҒА АРНАЛҒАН АКТИВТЕРМЕН ТІКЕЛЕЙ БАЙЛАНЫСТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР** | **334,627** | **-** | **-** |

2017 жылғы қазанда Топ сатуға арналған активтерге тәуелсіз бағалау жүргізді және құнсызданудан 4,978 миллион теңге сомаға болған шығынды таныды.

2016 жылғы қарашада Топ сатуға арналған активтерге тәуелсіз бағалау жүргізді және құнсызданудан 1,564 миллион теңге сомаға болған шығынды таныды.

Қазіргі уақытта бұл активтерді сатуға белсенді әрекеттер жасалып жатқанына қарамастан, олардың басым бөлігі қысқа мерзім ішінде сатылмады. Дегенмен, басшылық бұл активтерді бұрынғыдай сатпақ ниетте. Активтердің бағасы ағымдағы әділ құнынан артпайтындықтан, олар 2017, 2016 және 2015 жылдың аяғында сатуға арналған активтер ретінде танылған күйінде қалып отыр.

Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтердің әділ құнын тәуелсіз бағалаушылар анықтады. Әділ құн табысты, салыстырмалы және шығынды әдістердің негізінде анықталды. Жылжымайтын мүлік объектілерінің әділ құнын анықтағанда жылжымайтын мүлік объектілерін ең жақсы және ең тиімді пайдалануы, олардың ағымдағы пайдаланылуы болып табылады. Бір жылдың ішінде бағалау әдістемесінде қандай болмасын өзгерістер болған жоқ.

Төменде сатуға арналған Топтың активтері туралы анық ақпарат және 2017, 2016 және 2015 жылғы 31 желтоқсандағы есептеме бойынша әділ құнның иерархиясы туралы деректер көрсетілген:

| | 2-деңгей | 3-деңгей |
|---|---|---|
| **2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН** | | |
| Жер телімдері | - | 10,432 |
| Жылжымайтын мүлік нысандары | 968 | 5 |
| **2016 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН** | | |
| Жер телімдері | - | 8,962 |
| Жылжымайтын мүлік нысандары | 507 | 828 |
| **2017 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН** | | |
| Жер телімдері | - | 114,267 |
| Жылжымайтын мүлік нысандары | 23,657 | 19,633 |
| Жылжымалы мүлік | - | 3,403 |

2017 ж. 31 желтоқсанға «Алтын Банк» АҚ-тың активтері мен міндеттемелерінің негізгі сыныптары былайша берілген:

| | 2017 ж. 31 желтоқсан |
|---|---|
| Ақшалай қаражат пен оның баламалары | 149,170 |
| Пайда немесе шығын арқылы әділ құнмен бағаланатын қаржылық активтер | 7 |
| Сатуға арналған қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар | 115,715 |
| Клиенттерге берген заемдар | 115,955 |
| Жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтар мен материалдық емес активтер | 5,252 |
| Іскерлік бедел | 1,869 |
| Өзге активтер | 3,477 |
| «Алтын Банк» АҚ-тың сатуға арналған активтері | 391,445 |
| | |
| Клиенттердің қаржысы | 318,900 |
| Кредит мекемелерінің қаржысы | 12,624 |
| Өзге міндеттемелер | 3,103 |
| «Алтын Банк» АҚ-тың сатуға арналған активтерімен тікелей байланысты міндеттемелері | 334,627 |
| **«АЛТЫН БАНК» АҚ-ТЫҢ САТУҒА АРНАЛҒАН ТАЗА АКТИВТЕРІ** | **56,818** |

Пайда мен шығын туралы аралық шоғырландырылған есепке енгізілген, «Алтын Банк» АҚ-тың тоқтатылған қызметі бойынша жиынтықты нәтижелер төменде келтірілген:

| | 31.12.2017 аяқталған жыл үшін | 31.12.2016 аяқталған жыл үшін | 31.12.2015 аяқталған жыл үшін |
|---|---|---|---|
| Пайыздық табыстар | 25,416 | 22,434 | 10,816 |
| Пайыздық шығыстар | (12,800) | (10,492) | (3,874) |
| ҚҰНСЫЗДАНУ РЕЗЕРВІНЕ АУДАРҒАНҒА ДЕЙІНГІ ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ ТАБЫС | 12,616 | 11,942 | 6,942 |
| Құнсыздану резервтерін қайта қалпына келтіру/(жасау) | 361 | (372) | (837) |
| ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ ТАБЫС | 12,977 | 11,570 | 6,105 |
| Қызметтер мен комиссиялар бойынша кірістер | 1,743 | 1,648 | 1,390 |
| Қызметтер мен комиссиялар бойынша шығыстар | (988) | (796) | (687) |
| Қызметтер мен комиссиялар бойынша таза кірістер | 755 | 852 | 703 |
| Пайда немесе шығын арқылы әділ құнмен бағаланатын қаржылық активтер мен міндеттемелер бойынша таза пайда/(шығын) | 1,474 | (952) | (5,606) |
| Сатуға арналған қолда бар инвестициялық бағалы қағаздардан таза пайда /(шығын) | - | 2,483 | (6) |
| Шетел валютасымен операциялар бойынша таза пайда | 1,056 | 4,117 | 12,237 |
| Өзге кірістер | 42 | 5 | 337 |
| ӨЗГЕ ПАЙЫЗДЫҚ ЕМЕС ТАБЫСТАР | 2,572 | 5,653 | 6,962 |
| Операциялық шығыстар | (6,286) | (6,400) | (5,410) |
| (Өзге резервтер)/өзге резервтерді қалпына келтіру | (34) | 22 | 9 |
| ПАЙЫЗДЫҚ ЕМЕС ШЫҒЫСТАР | (6,320) | (6,378) | (5,401) |
| САЛЫҚ САЛЫНҒАНҒА ДЕЙІНГІ ПАЙДА | 9,984 | 11,697 | 8,369 |
| Пайдаға салынатын салық бойынша шығыс | (108) | (784) | (1,639) |
| **ТОҚТАТЫЛҒАН ҚЫЗМЕТТЕН БІР ЖЫЛДАҒЫ ПАЙДА** | **9,876** | **10,913** | **6,730** |

| ТОҚТАТЫЛҒАН ҚЫЗМЕТТЕН АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ | 31.12.2017 аяқталған жыл үшін | 31.12.2016 аяқталған жыл үшін | 31.12.2015 аяқталған жыл үшін |
|---|---|---|---|
| Операциялық қызметтен ақшалай қаражаттың таза түсімі | 17,805 | 14,322 | 149,746 |
| Инвестициялық қызметтен ақшалай қаражаттың таза жылыстауы | (68,973) | (26,375) | (18,842) |
| Қаржылық қызметтен ақшалай қаражаттың таза түсімі | - | 2,514 | - |
| **АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ТАЗА ЖЫЛЫСТАУЫ** | **(51,168)** | **(9,539)** | **130,904** |

## 17. САҚТАНДЫРУ АКТИВТЕРІ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Сақтандыру активтеріне мыналар кіреді:

| | 2017 жылғы 31 желтоқсан | 2016 жылғы 31 желтоқсан | 2015 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|
| Әлі алынбаған сыйлықақы резерві, қайта сақтандырушының үлесі | 17,893 | 15,519 | 12,859 |
| Қайта сақтандыру бойынша сақтандыру өтемдері | 8,987 | 2,294 | 1,557 |
| | **26,880** | **17,813** | **14,416** |
| Алынатын сыйақы | 13,282 | 10,541 | 9,441 |
| **САҚТАНДЫРУ АКТИВТЕРІ** | **40,162** | **28,354** | **23,857** |

Сақтандыру міндеттемелеріне мыналар кіреді:

| | 2017 жылғы 31 желтоқсан | 2016 жылғы 31 желтоқсан | 2015 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|
| Шығындарды реттеуге арналған резерві | 99,597 | 33,731 | 24,797 |
| Әлі алынбаған сақтандыру сыйлықақыларының резерві, брутто | 29,172 | 23,120 | 19,043 |
| | **128,769** | **56,851** | **43,840** |
| Қайта сақтандырушылар мен агенттер алдындағы кредиторлық берешек | 10,774 | 7,523 | 7,143 |
| **САҚТАНДЫРУ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ*** | **139,543** | **64,374** | **50,983** |

* 2017 ж. 31 желтоқсанға 67,767 миллион теңгеге бизнестің бірігуіне байланысты сақтандыру міндеттемелерін сатып алуды қосқанда.

### САҚТАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛІ

Сақтандыру тәуекелдері мен олардың лимиттерін қабылдау процесін шарттайтын сақтандыру бойынша саясаттар мен лимиттер белгіленді. Осы лимиттердің мониторингі тұрақты негізде іске асырылады. Сақтандыру бойынша қызмет Қазақстанның барлық аумағым қамтиды. Географиялық шоғырлануға қатысты және сақтандыру өнімдеріне қатысты қайта сақтандыру бойынша портфель әртараптандырылды.

### ӨТЕМДЕРДІ БАСҚАРУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ТӘУЕКЕЛ

Өтемдер сәйкессіз түрде реттеулі немесе төленуі мүмкін екені тұрғысынан тәуекелді басқару АТ жүйелердің бірқатар бақылаулары мен тиісті бизнес-процестерді ұйымдастыру деңгейіндегі бақылауларды, шешімдерді қабылдаудың шектеулері мен лимиттерін пайдалана отырып жүргізіледі. Бұл жан-жақты саясаттармен және рәсімдермен қатар барлық өтемдер тиісті түрде және дұрыс нысанда, дер кезінде реттеледі деген сенімділікті қамтамасыз етеді.

### ҚАЙТА САҚТАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛІ

Қайта сақтандыру негізгі зілзалалардың әсерінен қорғану үшін немесе жекелеген елеулі өтемдер кезінде күтілмеген ауқымдарға немесе қолайсыз ағымдарға қарсы және Топ үшін қабылдауға тұрарлық тәуекел мөлшерінен артық тәуекелді аудару үшін пайдаланылады.

Топ үшін қабылдауға тұрарлық тәуекел мөлшерінен артық тәуекелді қайта сақтандыру контрагент қаржылық тұрғыда қорғалған компания болып табылған және қайта сақтандыру сыйлықақысы пайдалы болған жағдайда ғана тиімді болмақ.

Топ қайта сақтандырушылардың қаржылық жағдайын бағалауды жүргізеді және қайта сақтандырушының төлем қабілеттілігінің нәтижесінде елеулі шығындар-дың тәуекелдерін азайту мақсатында ұқсас географиялық өңірлер, қайта сақтандырушылардың қызметі немесе экономикалық сипаттамасы бойынша туындайтын кредиттік тәуекелдің шоғырлануын қадағалайды.

### САҚТАНДЫРУ РЕЗЕРВТЕРІНІҢ ТӘУЕКЕЛІ

Резервтер қажет болған жағдайда өтеулерді төлеу немесе реттеу үшін қаржының жетіспей қалуына әкеліп соғатын дұрыс емес бағалану тәуекелі бар. Топ сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша міндеттемелерді бағалаған кезде ҚРХБ белгілеген актуарлық әдістер мен жорамалдарды қолданады.

### САҚТАНДЫРУДАҒЫ КРЕДИТТІК ТӘУЕКЕЛ

Кредиттік тәуекел - контрагенттің тиесілі сомаларды толық көлемде және белгіленген мерзімде төлемеу тәуекелі. Кредиттік тәуекел деңгейін анықтау бір клиент немесе клиенттердің тобы бойынша тәуекел сомасын шектеу арқылы, сондай-ақ географиялық сегменттер бойынша іске асырылады. Клиентке және қайта сақтандырушыларға қолданылатын кредиттік тәуекел деңгейін шектеуді тиісті ҚРХБ бекітеді. Мұндай тәуекелдер үнемі қадағаланады және жыл сайынғы, немесе жиі болатын қайта бағалау мен талдауды қарастырады.

2017, 2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші сақтандыру өтемақысын төлеу резервтерінің қозғалысы мынадай түрде берілген:

| | 2017 | 2016 | 2015 |
|---|---|---|---|
| Сақтандыру өтемақыларын төлеу резерві, жылдың басы | 33,731 | 24,797 | 18,360 |
| Сақтандыру өтемақыларын төлеу резервіндегі қайта сақтандырушылар үлесі, жылдың басы | (2,294) | (1,557) | (2,221) |
| Таза сақтандыру резервтері, жылдың басы | 31,437 | 23,240 | 16,139 |
| Плюс жұмсалған сақтандыру өтемақылары | 48,615 | 24,799 | 22,793 |
| Минус жүргізілген сақтандыру төлемдері | (27,282) | (16,602) | (15,692) |
| Плюс бизнестің бірігуіне байланысты резервтердің түсуі | 37,840 | - | - |
| Таза сақтандыру резервтері, жылдың соңы | 90,610 | 31,437 | 23,240 |
| Сақтандыру өтемақыларын төлеу резервіндегі қайта сақтандырушылар үлесі, жылдың соңы | 8,987 | 2,294 | 1,557 |
| **САҚТАНДЫРУ ӨТЕМАҚЫЛАРЫН ТӨЛЕУ РЕЗЕРВТЕРІ, ЖЫЛДЫҢ СОҢЫ** | **99,597** | **33,731** | **24,797** |

2017, 2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар іші әлі алынбаған сақтандыру сыйлықақысы бойынша резервтер қозғалысы мынадай түрде берілген:

| | 2017 | 2016 | 2015 |
|---|---|---|---|
| Әлі алынбаған сыйлықақы резерві, брутто, жылдың басы | 23,120 | 19,043 | 15,105 |
| Әлі алынбаған сыйлықақылар резервіндегі қайта сақтандырушының үлесі, жылдың басы | (15,519) | (12,859) | (10,420) |
| Әлі алынбаған сыйлықақылардың таза резерві, жылдың басы | 7,601 | 6,184 | 4,685 |
| Әлі алынбаған сыйлықақы резервіндегі өзгеріс | 6,052 | 4,077 | 3,938 |
| Әлі алынбаған сыйлықақылар резервіндегі қайта сақтандырушының үлесіндегі өзгеріс | (2,374) | (2,660) | (2,439) |
| Әлі алынбаған сыйлықақылардың резервіндегі таза өзгеріс | 3,678 | 1,417 | 1,499 |
| Әлі алынбаған сыйлықақылардың таза резерві, жылдың соңы | 11,279 | 7,601 | 6,184 |
| Әлі алынбаған сыйлықақылар резервіндегі қайта сақтандырушының үлесі, жылдың соңы | 17,893 | 15,519 | 12,859 |
| **ӘЛІ АЛЫНБАҒАН СЫЙЛЫҚАҚЫЛАРДЫҢ РЕЗЕРВІ, БРУТТО, ЖЫЛДЫҢ СОҢЫ** | **29,172** | **23,120** | **19,043** |

## 18. ӨЗГЕ АКТИВТЕР

Өзге активтер мыналардан құралады:

| | 2017 жылғы 31 желтоқсан | 2016 жылғы 31 желтоқсан | 2015 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|
| **ХҚЕС (IAS) 39-ҒА СӘЙКЕС ЗАЕМДАР НЕМЕСЕ ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК РЕТІНДЕ ЕСКЕРІЛЕТІН ӨЗГЕ ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ:** | | | |
| Банктік қызмет бойынша дебиторлар* | 33,084 | 8,397 | 8,171 |
| Банктік емес қызмет бойынша дебиторлар | 13,037 | 1,212 | 1,802 |
| Есептелген комиссиялық кірістер | 4,895 | 1,652 | 806 |
| Басқасы | 363 | 12 | 15 |
| | **51,379** | **11,273** | **10,794** |
| Минус – Құнсыздану резерві (22-ескертпе) | (5,921) | (4,516) | (4,568) |
| | **45,458** | **6,757** | **6,226** |
| **ӨЗГЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР:** | | | |
| Өзге қаржылық емес активтер: | 11,816 | 7,559 | - |
| Табыс салығынан басқа алдын ала төленген салықтар | 3,767 | 1,077 | 753 |
| Негізгі құралдар үшін алдын ала төлемдер | 1,679 | 1,263 | 7,601 |
| Тауарлық-материалдық қорлар | 1,335 | 1,323 | 1,039 |
| Өзге инвестициялар | 1,335 | 168 | 65 |
| Басқасы | 3,621 | 2,443 | 3,082 |
| | **22,671** | **13,833** | **12,540** |
| | **68,129** | **20,590** | **18,766** |

## 19. КЛИЕНТТЕР ҚАРЖЫСЫ

Клиенттер қаржысы мыналардан құралады:

| | 2017 жылғы 31 желтоқсан | 2016 жылғы 31 желтоқсан | 2015 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|
| **АМОРТИЗАЦИЯЛЫҚ ҚҰНЫ БОЙЫНША КӨРСЕТІЛГЕНІ:** | | | |
| **МЕРЗІМДІК САЛЫМДАР:** | | | |
| Жеке тұлғалар | 2,691,886 | 1,470,536 | 1,276,609 |
| Заңды тұлғалар | 1,705,971 | 1,267,589 | 868,833 |
| | **4,397,857** | **2,738,125** | **2,145,442** |
| **АҒЫМДАҒЫ ШОТТАР:** | | | |
| Жеке тұлғалар | 1,321,530 | 837,625 | 701,468 |
| Заңды тұлғалар | 412,363 | 244,912 | 196,821 |
| | **1,733,893** | **1,082,537** | **898,289** |
| | **6,131,750** | **3,820,662** | **3,043,731** |

2017 жылдың 31 желтоқсанындағы есептеме бойынша жалпы клиенттер қаржысы шамамен 32 % Топтың байланысқан клиенттерінің аса ірі он тобының үлесінде болды (2016 жылдың 31 желтоқсанында – 32 %, 2015 жылдың 31 желтоқсанында – 28 % болған), байланысты клиенттердің әр тобы топ ішінде өзара байланысты клиенттерді білдіреді.

2017 ж. 31 желтоқсанындағы есептеме бойынша клиенттердің қаржысына 83,501 миллион теңге сомаға кепілмен қамтамасыз ету кіреді (2016 ж. 31 желтоқсан – 19,648 миллион теңге, 2015 ж. 31 желтоқсан – 25,105 миллион теңге).

Басшылықтың пікірінше, қаржыны шешіп алған жағдайда, төлемдерді қамтамасыз ету мақсатында өзінің өтімді активтерін өткізу үшін Топ алдын ала тиісті хабарлама алады.

* Дебиторы по банковской деятельности представляют собой дебиторскую задолженность по продаже активов в рассрочку, перешедшую на баланс Группы в связи с приобретением ККБ.

** По состоянию на 31 декабря 2017 и 2016 гг. Банк совершил предоплаты за инвестиционную недвижимость, которая в последующем будет передана дочернему предприятию.

Клиенттердің қаржысына секторлар бойынша жасалған талдау былайша берілген:

| | 2017 жылғы 31 желтоқсан | % | 2016 жылғы 31 желтоқсан | % | 2015 жылғы 31 желтоқсан | % |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Жеке тұлғалар және кәсіпкерлер | 3,104,249 | 51% | 1,715,448 | 45% | 1,473,430 | 48% |
| Мұнай және газ | 712,840 | 12% | 743,744 | 19% | 604,738 | 20% |
| Үкімет | 489,422 | 8% | 86,162 | 2% | 20,309 | 1% |
| Металлургия | 358,939 | 6% | 77,103 | 2% | 48,406 | 1% |
| Өзге тұтынушылық қызметтер | 208,610 | 4% | 171,245 | 5% | 142,768 | 5% |
| Көтерме сауда | 199,766 | 3% | 166,918 | 4% | 151,395 | 5% |
| Құрылыс | 138,326 | 2% | 81,113 | 2% | 82,841 | 3% |
| Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер | 129,962 | 2% | 61,184 | 2% | 65,434 | 2% |
| Тасымалдау | 125,828 | 2% | 185,039 | 5% | 131,926 | 4% |
| Қаржылық сектор | 90,204 | 2% | 215,936 | 6% | 112,462 | 4% |
| Білім беру | 86,508 | 1% | 35,723 | 1% | 23,547 | 1% |
| Байланыс | 81,260 | 1% | 52,550 | 1% | 15,714 | 1% |
| Энергетика | 44,568 | 1% | 33,729 | 1% | 45,280 | 1% |
| Сақтандыру және зейнетақы қорлардың қызметі | 17,779 | 0% | 13,281 | 0% | 8,368 | 0% |
| Басқасы | 343,489 | 6% | 181,487 | 5% | 117,113 | 4% |
| | **6,131,750** | **100%** | **3,820,662** | **100%** | **3,043,731** | **100%** |

## 20. КРЕДИТ МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ ҚАРЖЫСЫ

Кредит мекемелерінің қаржысы мыналардан құралады:

| | 2017 жылғы 31 желтоқсан | 2016 жылғы 31 желтоқсан | 2015 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|
| **АМОРТИЗАЦИЯЛЫҚ ҚҰНЫ БОЙЫНША КӨРСЕТІЛГЕНІ:** | | | |
| Қазақстандық банктердің заемдары мен салымдары (РЕПО келісімдері бойынша заемдарды қосқанда) | 105,166 | 21,924 | 53,945 |
| «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-тан заемдар | 79,971 | 36,552 | 32,882 |
| «Қазақстан Даму Банкі» АҚ-тан заемдар | 37,434 | 21,372 | 19,365 |
| Корреспонденттік шоттар | 23,953 | 27,882 | 8,420 |
| «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдинг» АҚ-тан заемдар | 3,869 | 38,534 | 41,866 |
| ЭЫДҰ мүшесі болып табылмайтын елдердің банктерінің заемдары мен салымдары | 2,227 | 7,109 | 8 |
| Өзге қаржылық мекемелердің заемдары | 2,148 | 2,903 | 1,791 |
| ЭЫДҰ мүшесі болып табылатын елдердің банктерінің заемдары мен салымдары | 383 | 5,858 | 6,976 |
| «Овернайт» депозиттері | - | - | 3,005 |
| | **255,151** | **162,134** | **168,258** |

2017 жылғы 31 желтоқсандағы есептеме бойынша «ДАМУ» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-тан заемдарға мерзімінен бұрын өтеу мүмкіндігімен, 2018-2035 жж. өтеу мерзімімен жылдығы 1.0%-4.5% мөлшерлеме бойынша 79,566 миллион теңге (2016 ж. 31 желтоқсан – 36,367 миллион теңге, 2015 ж. 31 желтоқсан – 32,721 миллион теңге) мөлшеріндегі қысқа мерзімді заем кіреді. Заемдар белгілі бір салалардағы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін («ШОБ») қаржыландырудың мемлекеттік бағдарламасына («Бағдарлама») сәйкес алынды. ДАМУ мен Топ арасындағы заемдар шарттарына сай, Топ 10 жылдан аспайтын өтеу мерзімімен 6.0% мөлшерлеме бойынша Бағдарламаға қатысуға құқығы бар ШОБ заемшыларына кредиттер беру үшін жауапты.

2017 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Қазақстан Даму Банкі» АҚ-тан («ҚДБ») заемдарға 2019-2035 жж. өтеу мерзімімен жылдығы 2.0%-7.9% мөлшерлеме бойынша 32,012 миллион теңге (2016 ж. 31 желтоқсан – 16,000 миллион теңге, 2015 ж. 31 желтоқсан – 16,000 миллион теңге) мөлшеріндегі ұзақ мерзімді заемдар кіреді, заемдар өңдеу өнеркәсібінде операция жүргізетін ірі кәсіпкерлік («ІК») субъектілерін кейінгі кредиттеу үшін пайдаланылуы тиіс; сондай-ақ Топтың бөлшек сауда клиенттерінің автокөліктер сатып алуын қаржыландыру үшін 2035 ж. өтеу мерзімімен жылдығы 1.0% мөлшерлеме бойынша 5,300 миллион теңге (2016 ж. 31 желтоқсан – 5,300 миллион теңге, 2015 ж. 31 желтоқсан – 3,300 миллион теңге) мөлшеріндегі ұзақ мерзімді заемдар кіреді. ҚДБ мен Топ арасындағы заем шартына сай, Топ 10 жылдан аспайтын өтеу мерзімімен 6.0% мөлшерлеме бойынша Бағдарламаға қатысуға құқығы бар корпоративтік кәсіпкерліктің заемшыларына, сондай-ақ 5 жылдан аспайтын өтеу мерзімімен 4.0% мөлшерлеме бойынша бөлшек бизнестің заемшыларына кредиттер беру үшін жауапты.

2017 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-тан заемдарға өтеу мерзімі 2022 жыл белгіленген, жылдығы 3.0% мөлшерлемесі бойынша 3,865 миллион теңге (2016 жылғы 31 желтоқсанда – 38,483 миллион теңге, 2015 жылдың 31 желтоқсанында – 41, 810 миллион теңге) мөлшеріндегі ұзақ мерзімді заем кіреді. Заем 2014 жылғы 1 қаңтарға дейін пайда болған, ауыл-шаруашылық секторының Банк заемшыларының кредиттік /лизингтік міндеттемелерін қайта құрылымдау /қайта қаржыландыру, айналым қаржысын толықтыру, жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықдарын сатып алу, құрылыс-монтаж жұмыстары, сондай-ақ ауыл-шаруашылық техника мен техникалық жабдықтың лизингі мақсатында пайдаланылуы тиіс. Кредиттік /лизингтік міндеттемелерді қайта құрылымдау /қайта қаржыландыру өтеу мерзімі 2022 жылғы 31 желтоқсаннан кешіктірілмейтін жылдығы 6.0% - 7.0% мөлшерлеме бойынша беріледі.

2017 ж. 3 шілдеде Топ ҚазАгро-ны қаржыландыру бағдарламасынан заемдардың бірқатары алынып тасталуына байланысты, 31,873 миллион теңге мөлшерінде ҚазАгро-ның берешегін мерзімінен бұрын өтеді.

Топ басшылығы басқа қандай да бір ұқсас қаржы құралдары жоқ деп есептейді және ерекше сипатқа байланысты ДАМУ-дан, ҚазАгро-дан және ҚДБ-нен заемдар ШОБ кредиттеу нарығында жекелеген сегменттерді ұсынады. Нәтижесінде, ДАМУ-дан, ҚазАгро-дан және ҚДБ-нен заемдар кәдімгі мәміле шеңберінде алынған болатын және тап мұндай заемдар тану күніне әділ құн бойынша көрсетілген болатын.

Бұдан әрі кредит мекемелері қаржысының пайыздық мөлшерлемелері мен өтеу мерзімдері көрсетілген:

| | 31.12.2017 ж. | | 31.12.2016 ж. | | 31.12.2015 ж. | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Пайыздық мөлшерлеме,% | Өтеу мерзімі, жыл | Пайыздық мөлшерлеме,% | Өтеу мерзімі, жыл | Пайыздық мөлшерлеме,% | Өтеу мерзімі, жыл |
| Қазақстандық банктердің заемдары мен салымдары (РЕПО келісімдері бойынша заемдарды қосқанда) | 1.0%-9.5% | 2018 | 8.8%-11.1% | 2017 | 3.2%-11.4% | 2016 |
| «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-тан заемдар | 1.0%-4.5% | 2018-2035 | 2.0% | 2017-2035 | 2.0% | 2016-2035 |
| «Қазақстан Даму Банкі» АҚ-тан заемдар | 1.0%-7.9% | 2019-2035 | 1.0%-2.0% | 2034-2035 | 1.0%-2.0% | 2016-2035 |
| «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-тан заемдар | 3.0% | 2022 | 3.0% | 2019-2022 | 3.0% | 2019-2022 |
| ЭЫДҰ мүшесі болып табылмайтын елдер банктерінің заемдары мен салымдары | 1.0%-9.5% | 2018-2022 | 1.0%-10.0% | 2017-2021 | 0.7%-7.0% | 2016-2017 |
| Өзге қаржылық мекемелердің заемдары | 10.0% | 2023 | 5.0%-10.0% | 2017-2023 | 4.8%-6.2% | 2016 |
| ЭЫДҰ мүшесі болып табылатын елдер банктерінің заемдары мен салымдары | 3.1% | 2018 | 2.6%-6.5% | 2017-2023 | 1.1%-6.5% | 2016-2023 |
| «Овернайт» депозиттері | - | - | - | - | 60.0% | 2016 |

2017, 2016 және 2015 жылғы 31 желтоқсандағы есептеме бойынша қазақстандық банктердің заемдары мен салымдарына қосылған, кепілге берілген активтердің әділ құны (10-ескертпе) және РЕПО келісімдері бойынша заемдардың баланстық құны мынадай түрде берілген:

| | 31.12.2017 ж. | | 31.12.2016 ж. | | 31.12.2015 ж. | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Кепілдің әділ құны | Заемның баланстық құны | Кепілдің әділ құны | Заемның баланстық құны | Кепілдің әділ құны | Заемның баланстық құны |
| ҚР Қаржы министрлігінің қазынашылық вексельдері | 92,719 | 90,046 | 15,201 | 15,009 | 51,763 | 45,242 |
| | **92,719** | **90,046** | **15,201** | **15,009** | **51,763** | **45,242** |

2017, 2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанындағы есептеме бойынша танылуы толығымен тоқтатылмаған, берілген қаржы активтері туралы ақпарат төменде көрсетілген.

Топ, РЕПО келісімдері бойынша заемдарды Топтың операциялық қызметінің шеңберінде төлемдердің ағымын теңгемен қамтамасыз ету ретінде пайдаланады. Топ қысқа мерзімді өтімділікті тарту құралының осы түрін үнемі қолданады және қаржыны қажеттілік туындаған жағдайда, РЕПО келісімдері бойынша заемдар арқылы тартуды жалғастыруды жоспарлайды.

Топ мынадай қорытындыға келді, ол өзіне кредиттік тәуекелдерді, нарықтық тәуекелдерді қосатын сондай бағалы қағаздармен байланысты барлық тәуекелдер мен пайдаларды өзінде сақтайды, сондықтан оларды тануды тоқтатпайды. Бұдан өзге, Топ қамтамасыз ету ретінде алынған ақшалай қаражатқа қатысты қаржы міндеттемелерін таниды.

| | Сатуға арналған қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар (10-ескертпе) |
|---|---|
| **2017 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН:** | |
| Берілген активтердің баланстық құны | 92,719 |
| Тиісті міндеттемелердің баланстық құны | 90,046 |
| **2016 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН:** | |
| Берілген активтердің баланстық құны | 15,201 |
| Тиісті міндеттемелердің баланстық құны | 15,009 |
| **2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН:** | |
| Берілген активтердің баланстық құны | 51,763 |
| Тиісті міндеттемелердің баланстық құны | 45,242 |

ЭЫДҰ мүшесі болып табылатын елдердің банктерінің бірқатарымен жасалған заем шарттарының талаптарына сәйкес, Топ белгілі бір қаржылық коэффициенттердің, атап айтқанда, капиталдың жетімділігіне қатысты көрсеткіштердің сақталуын қамтамасыз етуге міндетті. Топтың кейбір қаржылық келісімдерінде Топтың өз активтеріне ауыртпалық салу мүмкіндігін шектейтін ережелер бар. Егер Топ аталған ережелер бойынша міндеттемелерді орындамаса, бұл жағдай төлем мерзімін қыспалы түрде қысқартуға және Топтың өзге қаржылық келісімдерінің талаптары бойынша төлемеулер тізбегіне әкеп соғуы мүмкін.

Басшылықтың пікірінше, 2017, 2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанындағы есептеме бойынша Топ сенімді басқару және облигацияларды ұстаушылармен жасалған келісімдерде көрсетілген талаптарды орындап отырды.

## 21. ШЫҒАРЫЛҒАН БОРЫШТЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

Шығарылған борыштық бағалы қағаздар мыналардан құралды:

| | 31.12.2017 ж. | 31.12.2016 ж. | 31.12.2015 ж. |
|---|---|---|---|
| **АМОРТИЗАЦИЯЛЫҚ ҚҰНЫ БОЙЫНША КӨРСЕТІЛГЕНІ:** | | | |
| **ШЫҒАРЫЛҒАН ТӘРТІПТЕЛГЕН БОРЫШТЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР:** | | | |
| Теңгемен көрсетілген, тіркелімді мөлшерлемесі бар облигациялар | 77,330 | - | 4,989 |
| АҚШ долларымен көрсетілген, құбылмалы мөлшерлемесі бар облигациялар | 18,776 | - | - |
| Теңгемен көрсетілген, инфляцияға индекстелген облигациялар | 12,976 | - | - |
| Теңгемен көрсетіліп, кері инфляцияға индекстелген облигациялар | - | - | 4,051 |
| Шығарылған тәртіптелген борыштық бағалы қағаздардың барлығы | 109,082 | - | 9,040 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **ШЫҒАРЫЛҒАН ТӘРТІПТЕЛМЕГЕН БОРЫШТЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР:** | | | |
| АҚШ долларымен көрсетілген облигациялар | 464,435 | 359,355 | 363,829 |
| Теңгемен көрсетілген облигациялар | 388,526 | 225,578 | 224,656 |
| Рубльмен көрсетілген облигациялар | 353 | - | - |
| Шығарылған тәртіптелмеген борыштық бағалы қағаздардың барлығы | 853,314 | 584,933 | 588,485 |
| **ШЫҒАРЫЛҒАН БОРЫШТЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫҢ БАРЛЫҒЫ** | **962,396** | **584,933** | **597,525** |

2017 ж. 3 мамырда Топ 638,029,000 АҚШ доллары сомасына жылдығы 7.25% купонымен онжылдық еврооблигацияларды толық өтеу жүргізді.

2016 жылғы 9 қарашада Топ өз бастамасы бойынша бастапқы өтеу күні 2018 жылғы, 5,000 миллион теңге номиналды құнымен және де 13% купондық мөлшерлememен шығарылған тәртіптелген борыштық бағалы қағаздарды мерзімінен бұрын өтеуді жүргізді.

25 апреля 2016 жылғы 25 сәуірде Топ қазақстандық заңнама бойынша 4,000 миллион теңге номиналдық құны бойынша шығарылған 15% минус инфляция формуласы бойынша кері инфляцияға индексация болған он жылдық тәртіптелген облигацияларды толық өтеуді орындады.

2015 және 2014 жылғы Банк өтеу мерзімі 2025 жылғы ақпанда және 2024 жылғы қарашада болатын, купоны 7.5% мөлшермеледе, 131,652 миллион теңге және 100,000 миллион теңге құрайтын, қазақстандық заңнамаға сай келетін облигациялардың шығарылымын орналастырды. Банк осы қаржыны өз міндеттемелерін әртараптандыру және клиенттерге кредит беру үшін пайдалануды жоспарлап отыр.

Осы шығарылған борыштық бағалы қағаздардың купондық мөлшерлемелері мен өтеу мерзімдері былайша берілген:

| | 31.12.2017 ж. | | 31.12.2016 ж. | | 31.12.2015 ж. | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Купондық мөлшерлеме, % | Өтеу мерзімі, жыл | Купондық мөлшерлеме, % | Өтеу мерзімі, жыл | Купондық мөлшерлеме, % | Өтеу мерзімі, жыл |
| **ШЫҒАРЫЛҒАН ТӘРТІПТЕЛГЕН БОРЫШТЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР:** | | | | | | |
| Теңгемен көрсетілген, тіркелімді мөлшерлемесі бар облигациялар | 9.5% | 2025 | - | - | 13% | 2018 |
| АҚШ долларымен көрсетілген, құбылмалы мөлшерлемесі бар облигациялар | Libor+6.2% | бессрочный | - | - | - | - |
| Теңгемен көрсетілген, инфляцияға индекстелген облигациялар | 1%+ставка инфляции | 2018-2019 | - | - | - | - |
| Теңгемен көрсетіліп, кері инфляцияға индекстелген облигациялар | - | - | - | - | 15% минус ставка инфляции | 2016 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **ШЫҒАРЫЛҒАН ТӘРТІПТЕЛМЕГЕН БОРЫШТЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР:** | | | | | | |
| АҚШ долларымен көрсетілген облигациялар | 5.5%-8.5% | 2018-2022 | 7.3% | 2017-2021 | 7.3% | 2017-2021 |
| Теңгемен көрсетілген облигациялар | 7.5%-8.8% | 2019-2025 | 7.5% | 2024-2025 | 7.5% | 2024-2025 |
| Рубльмен көрсетілген облигациялар | 5.5%-12.0% | 2019 | - | - | - | - |

2017 жылғы 31 желтоқсандағы есептеме бойынша шығарылған борыштық бағалы қағаздар есептелген пайыздар 10,754 миллион теңге (2016 жылғы 31 желтоқсанда - 11,984 миллион теңге, 2015 жылғы 31 желтоқсанда – 11,990 миллион теңге) құрады.

Тәртіптелген борыштық бағалы қағаздар Топтың қамтамасыз етілмеген міндеттемелері болып табылады және Топтың ағымдағы, әрі болашақтағы барлық басымдықты берешектерінің төлеміне қатысты тәртіптелген болып табылады. Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша пайыздар жарты жылдық және жылдық негізде төленеді.

АҚШ долларымен номинацияланған облигациялар шығару талаптарына сәйкес, Топ қаржылық көрсеткіштерді ұстап отыру жөнінде белгілі бір міндеттемелерді, атап айтқанда, капиталдың жетімділігіне, нарықтық әділ құннан төмен бағамен жасалатын мәмілелер бойынша шектеулерге және дивиденд төлеуге қатысты міндеттемелерді орындауға тиіс. Сонымен қатар, АҚШ долларымен көрсетілген облигацияларды шығару талаптарында Топтың өз активтері бойынша кепіл құқығын жасау мүмкіндігін шектейтін ережелер де қамтылады. Мұндай қағидаларға сәйкес өз міндеттемелерін орындамау Топтың төлем мерзімін қиыспалы түрде қысқартуға, сондай-ақ өзге қаржылық келісімдер талаптары бойынша қиыспалы дефолтқа әкеп соғуы мүмкін. Басшылықтың пікірінше, 2017, 2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанындағы есептеме бойынша Топ сенімді басқару және облигацияларды ұстаушылармен жасалған келісімдерде көрсетілген коэффициенттер бойынша талаптарды орындап отырды.

## ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТПЕН ШАРТТАЛҒАН МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ

Төмендегі кестеде ақша ағымдарымен шартталған өзгерістерді, сондай-ақ ақша ағымдарымен байланысты емес өзгерістерді қосқанда, қаржылық қызмет нәтижесіндегі міндеттемелердің өзгерістері ұсынылған. Қаржылық қызметпен шартталған міндеттемелер, бұл олардың ақша ағымдары ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы шоғырландырылған есепте болған немесе алдағы уақыттағы ақша ағымы қаржылық қызметті ақша ағымы ретінде жіктелетін міндеттемелер.

| | 1 қаңтар 2017 г. | Қаржылық қызметтен ақша ағымы | Ақшасыз өзгерістер | | | 2017 ж. 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Еншілес кәсіпорынды сатып алу (5-ескертпе) | Бағамдағы айырма | Амортизацияланған құнның өзгеруі | |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | 584,933 | (197,892) | 579,662 | (2,671) | (1,636) | 962,396 |

# 22. ҚҰНСЫЗДАНУ РЕЗЕРВТЕРІ ЖӘНЕ ӨЗГЕ РЕЗЕРВТЕР

Сатуға арналған, қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар бойынша құнсыздану-дан жинақталған шығындардағы, сыйақы есептелетін активтер бойынша құнсыздану резервтеріндегі және өзге активтер бойынша қозғалыс мынадай түрде берілген:

| | Клиенттерге берілген несиелер (11-ескертпе) | Кредиттік мекемелер-дегі қаражат-тар (9-ескертпе) | Сатуға ар-налған қол-да бар инвес-тициялық қағаздар (10-ескертпе) | Өзге активтер (18-ескертпе) | Жиынтығы |
|---|---|---|---|---|---|
| 31.12.2014 ж. | (286,018) | - | (1,867) | (4,297) | (292,182) |
| Қосымша резервтер жасақтау | (155,285) | (7) | (4,311) | - | (159,603) |
| Резервтерді қайта қалпына келтіру | 147,346 | - | 140 | - | 147,486 |
| Шығарулар | 46,584 | - | 594 | 133 | 47,311 |
| Шетел валютасын қайта бағалаудың айырмасы | (57,741) | - | (72) | (404) | (58,217) |
| 31.12.2015 ж. | (305,114) | (7) | (5,516) | (4,568) | (315,205) |
| Қосымша резервтер жасақтау | (156,489) | (18) | (740) | (6,248) | (163,495) |
| Резервтерді қайта қалпына келтіру | 130,616 | 25 | 1,523 | 5,651 | 137,815 |
| Шығарулар | 44,793 | - | 866 | 351 | 46,010 |
| Шетел валютасын қайта бағалаудың айырмасы | 1,442 | - | (17) | 298 | 1,723 |
| 31.12.2016 ж. | (284,752) | - | (3,884) | (4,516) | (293,152) |
| Қосымша резервтер жасақтау | (334,456) | (200) | (495) | (14,250) | (349,401) |
| Резервтерді қайта қалпына келтіру | 269,246 | 99 | 1,636 | 11,118 | 282,099 |
| Шығарулар | 37,215 | 101 | 388 | 2,064 | 39,768 |
| Еншілес кәсіпорын-ның шығуы | 2,603 | - | - | 7 | 2,610 |
| Шетел валютасын қайта бағалаудың айырмасы | (7,017) | - | (98) | (344) | (7,459) |
| 31.12.2017 ж. | (317,161) | - | (2,453) | (5,921) | (325,535) |

2017, 2016 және 2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдың ішінде Топ 37,215 миллион теңге, 44,793 миллион теңге, 46,584 миллион теңге көлемінде несиелерді салық салынатын объекті болып табылмайтын, салықтық мақсаттар үшін несие бойынша талап ету құқығын тоқтатпастан есептіліктен шығару мүмкіндігін алды.

Резервтер берілген кепілдіктер мен аккредитивтер бойынша резервтерді білдіреді. Резервтердегі қозғалыс былайша көрсетілген:

| | 2017 | 2016 | 2015 |
|---|---|---|---|
| Жылдың басында | (987) | (982) | (407) |
| Резервтерді жасау | (2,810) | (878) | (999) |
| Резервтерді қайта қалпына келтіру | 4,547 | 856 | 640 |
| Еншілес кәсіпорынды сатып алу | (17,336) | - | - |
| Еншілес кәсіпорынның шығуы | 501 | - | - |
| Шығарулар | 50 | - | - |
| Шетел валютасын қайта бағалаудың айырмасы | (63) | 17 | (216) |
| **ЖЫЛДЫҢ АЯҒЫНДА** | **(16,098)** | **(987)** | **(982)** |

* ККБ сатып алу күні 2017 жылғы 5 шілдеге дейін кепілдіктерге жасалған резервтер.

# 23. САЛЫҚ САЛУ

«НБК Банк» ААҚ, «Халық Банк Қырғызстан» ААҚ және «Халық Банк Грузия» АҚ, «Казкоммерцбанк Таджикистан» ЖАҚ және «Москоммерцбанк» КБ (АҚ) қоспағанда, Банк пен оның еншілес кәсіпорындарына Қазақстан Республикасында салық салынады. «НБК Банк» ААҚ-на және «Москоммерцбанк» КБ-на (АҚ) Ресей Федерация-сында салық салынады. «Халық Банк Қырғызстан» ААҚ-на Қырғыз Республикасында салық салынады. «Халық Банк Грузия» АҚ-на Грузияда салық салынады. «Казкоммер-цбанк Таджикистан» ЖАҚ-на Тәжікстан Республикасында салық салынады.

Пайдаға салынатын салық бойынша шығын мыналардан құралады:

| | 2017 жылғы 31 желтоқ-санда аяқ-талған жыл | 2016 жылғы 31 желтоқ-санда аяқ-талған жыл | 2015 жылғы 31 желтоқ-санда аяқ-талған жыл |
|---|---|---|---|
| Салық бойынша ағымдағы шығын | 38,817 | 36,205 | 4,695 |
| Мезгілдік айырманың пайда болуымен және шығынға жазуымен байланысты кейінге қалдырылған салық бойынша (үнем) /шығын | (13,219) | (14,022) | 25,716 |
| **ПАЙДАҒА САЛЫНАТЫН САЛЫҚ БОЙЫНША ШЫҒЫН** | **25,598** | **22,183** | **30,411** |

* Пересчитано в связи с представлением АО «Altyn Bank» в качестве прекращенной деятельности. См. Примечание 16 для дополнительной информации.

Кейінге қалдырылған салық бойынша шығындар /(үнемдеу) мынадай мезгілдік айырмалармен байланысты:

| | 31.12.2017 аяқталған жыл үшін | 31.12.2016 аяқталған жыл үшін | 31.12.2015 аяқталған жыл үшін |
|---|---|---|---|
| Ағымдағы жылы танылған, өткен жылдың пайдаланылмаған салықтық шығын | - | 3,531 | - |
| Негізгі қаражат, есептелген амортизация | 1,676 | 3,007 | (715) |

| | 31.12.2017 аяқталған жыл үшін | 31.12.2016 аяқталған жыл үшін | 31.12.2015 аяқталған жыл үшін |
|---|---|---|---|
| Сатуға арналған, қолда бар туынды құралдар мен инвестициялардың әділ құны | (14,608) | (18,546) | 30,156 |
| Клиенттерге несиелер бойынша құнсыздануға резерв | (258) | (1,975) | 519 |
| Болашақ кезеңдерге ауыстырылған салық шығыны | - | - | (3,531) |
| Бизнестің бірігіуіне байланысты кейінге қалдырылған салық | 1,638 | - | - |
| Басқасы | (1,667) | (39) | (713) |
| **КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРЫЛҒАН САЛЫҚ БОЙЫНША ШЫҒЫНДАР /(ҮНЕМДЕУ)** | **(13,219)** | **(14,022)** | **25,716** |

Қазақстандық заңды тұлғалар үшін 2017, 2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар ішінде пайда салығының мөлшерлемесі 20 % құрады. Мемлекеттік бағалы қағаздар мен кейбір бағалы қағаздар бойынша түскен табысқа салық салынбайды.

Ресей Федерациясы, Қырғыз Республикасы, Грузия және Тәжікстанда пайдаға салынатын салықтың мөлшерлемесі тиісінше 20%, 10%, 15% және 23% құрайды.

Пайдаға салынатын салықтың тиімді мөлшерлемесі пайда салығының нормативтік мөлшерлемесінен өзгеше болады. Төменде 20% нормативтік мөлшерлемеге сәйкес есептелген пайда салығына жұмсалған шығынды нақты пайда салығының шығындарымен сәйкестендіру есебі берілген:

| | 31.12.2017 аяқталған жыл үшін | 31.12.2016 аяқталған жыл үшін | 31.12.2015 аяқталған жыл үшін |
|---|---|---|---|
| Салық салынғанға дейінгі пайда | 189,185 | 142,682 | 143,993 |
| Пайда салығының нормативтік мөлшерлемесі | 20% | 20% | 20% |
| Нормативтік мөлшерлеме бойынша пайда салығы бойынша шығындар | 37,837 | 28,536 | 28,799 |
| Мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша салық салын-байтын табыс және өзге бағалы қағаздардан түскен, салық салынбайтын табыс | (14,233) | (9,109) | (2,815) |
| Басқа мөлшерлемемен салық салынатын еншілес кәсіпорындардың пайдасы | (299) | (93) | (30) |
| Дивидендтер бойынша салық салынбайтын табыс | (66) | (56) | (72) |
| Қаржылық жалгерлік бойынша салық салынбайтын табыс | (3) | (7) | (35) |
| **ШЕГЕРІМГЕ ЖАТҚЫЗЫЛМАЙТЫН ШЫҒЫНДАР:** | | | |
| - өзге провизиялар | 609 | 118 | 2,570 |
| - қайырымдылық | 328 | 127 | 100 |
| - жалпы және әкімшілік шығындар | 202 | 127 | 197 |
| Басқалары | 1,223 | 2,540 | 1,697 |
| **ПАЙДАҒА САЛЫНАТЫН САЛЫҚ БОЙЫНША ШЫҒЫН** | **25,598** | **22.183** | **30,411** |

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелерге мыналар жатады:

| | 31.12.2017 ж. | 31.12.2016 ж. | 31.12.2015 ж. |
|---|---|---|---|
| **ШЕГЕРІЛЕТІН МЕЗГІЛДІК АЙЫРМАНЫҢ САЛЫҚТЫҚ ТИІМДІЛІГІ:** | | | |
| Болашақ кезеңдерге ауыстырылған салық шығыны | 45,491 | 408 | 3,531 |
| Есептелген сыйлықақылар | 3,246 | 1,821 | 1,936 |
| Туынды қаржы құралдарының әділ құны | 1,334 | 1,737 | 1,305 |
| Есептелген демалыс шығындары | 474 | 361 | 349 |
| Басқалары | 2,439 | 19 | 113 |
| Мерзімі кейінге қалдырылған салық активі | 52,984 | 4,346 | 7,234 |
| **САЛЫҚ САЛЫНАТЫН МЕЗГІЛДІК АЙЫРМАНЫҢ САЛЫҚТЫҚ ТИІМДІЛІГІ:** | | | |
| Клиенттер қаражатының әділ құнын түзету* | (43,633) | - | - |
| Негізгі құралдар, есептелген амортизация | (12,740) | (8,400) | (5,054) |
| Клиенттердің заемдары бойынша құнсыздану резерві | (3,920) | (3,895) | (3,966) |
| Сатуға арналған қолда бар туынды құралдар мен инвестициялардың әділ құны | (744) | (13,929) | (31,260) |
| Клиенттік базаға жатқызылатын материалдық емес актив | - | (258) | (348) |
| Басқасы | (219) | (214) | (2,049) |
| Кейінге қалдырылған салықтық міндеттеме | (61,256) | (26,696) | (42,677) |
| **КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРЫЛҒАН ТАЗА САЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕСІ** | **(8,272)** | **(22,350)** | **(35,443)** |

* ККБ-ны сатып алумен байланысты Топтың балансына өткен сомалар.

Ағымдағы салық активтері мен міндеттемелері:

| | 31.12.2017 ж. | 31.12.2016 ж. | 31.12.2015 ж. |
|---|---|---|---|
| Өтеуге жататын пайдаға салынатын салық | 15,320 | 3,222 | 16,469 |
| Пайдаға салынатын салық бойынша міндеттемелер | (2,720) | (3,311) | (379) |
| **АҒЫМДАҒЫ САЛЫҚ АКТИВІ/(МІНДЕТТЕМЕСІ)** | **12,600** | **(89)** | **16,090** |

Топ қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте өзара есепке алу құқығы бар жағдайларда мерзімі кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелерін өзара есепке алуды жүргізді. Өзара есепке алудан кейін ұсынылған сомалар мыналардан тұрады:

| | 31.12.2017 ж. | 31.12.2016 ж. | 31.12.2015 ж. |
|---|---|---|---|
| Кейінге қалдырылған салық активі | 517 | 831 | 1,919 |
| Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі | (8,789) | (23,181) | (37,362) |
| **КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРЫЛҒАН ТАЗА САЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕСІ** | **(8,272)** | **(22,350)** | **(35,443)** |

Қазіргі уақытта Қазақстанда және Топ өз қызметін жүргізіп отырған басқа елдерде уәкілетті мемлекеттік және өңірлік органдар енгізген түрлі салықтарға байланысты бірқатар заңдар әрекет етеді. Мұндай салықтарға қосымша құн салығы, табыс салығы, әлеуметтік салық, т.б. жатады. Қолданылатын ережелер көпшілік жағдайда онша айқын болмайды, кей жағдайда бұрынғы оқиғалардың саны шектеулілігіне

байланысты мүлдем дұрыс қолданылмайды. Кейде ережелерге заңдық түсінік беру мәселесіне келгенде, түрлі ведомстволар арасында немесе тіпті бір ведомствоның өз ішінде түрлі пікірлер туындап жатады, ал бұл өз кезегінде пікір қайшылығына әкеп соғады. Салықтық декларациялар мен заңдық реттеудің басқа жақтары (мәселен, кедендік және валюталық бақылау мәселелері) бірнеше ведомствоның қолына берілген, олардың әрқайсысы өз тараптарынан кемшілік ретінде бағалаған олқылықтар үшін заңға сәйкес келеді деп табылған түрлі мөлшерде әрі елеулі сомада айыппұлдар мен өсімпұлдар салуға құқылы. Мұндай жағдай салықтық заңнама жүйесі елеулі жетілдірілген басқа дамыған елдермен салыстырғанда, Қазақстандағы салықтық тәуекелдер қаупінің деңгейі әлі де біршама жоғары екендігін көрсетеді.

Топ өз қызметін жүргізетін елдердің коммерциялық заңнамасы бойынша берілетін түсінік бір мәнді болмауы мүмкін. Сонымен қатар салық органдарында іскерлік қызметке қатысты еркін пікір қалыптасу тәуекелі де болады. Салық органдарының Топ қызметіне қатысты мұндай пікірлеріне байланысты басшылық тарапынан дауласу болған жағдайда қосымша салықтар, айыппұлдар мен өсімпұлдар туындауы мүмкін.

Мұндай белгісіздік, мәселен, қаржы құралдарына салықтық түсініктеме беру және мәмілелер бойынша баға көрсеткіштерінің нарықтық деңгейін анықтау мәселесіне қатысты туындауы мүмкін. Сондай-ақ клиенттерге берілген несиелер мен несиелерге теңестірілген берешек бойынша мүмкін болатын шығын резервін құрастыру және қалпына келтіру жөніндегі мезгілдік салықтық айырма салық органдары тарапынан салық салынатын базаны азайту ретінде қаралып, әртүрлі түсіндірілуі мүмкін.

Қазақстанда салық органдары соңғы бес жыл ішіндегі салықтық есептемеге тексеру жүргізе алады. Дегенмен, жоғарғы сатыдағы салық органы қажет болған жағдайда қосымша тексеру жүргізе алады. Мұнымен қатар сот органдарының түсініктемесіне сәйкес, сот тарапынан салық органдарының тексеру жүргізуіне кедергі келтіру фактісі анықталған жағдайда салықтық есептеме тексерілетін мерзім ұзартылуы мүмкін.

Басшылықтың пікірінше, Топ өз қызметін салықтық заңнамаға сәйкес жүргізеді, алайда тиісті органдардың салық мәселелері бойынша түсінік беруге қатысты басқаша көзқарас ұстану тәуекелі бар.

Мерзімі кейінге қалдырылған таза салық міндеттемесінің қозғалысы:

| | 2017 | 2016 | 2015 |
|---|---|---|---|
| Жыл басындағы кейінге қалдырылған таза салық міндеттемесі | 22,350 | 35,443 | 10,226 |
| Мезгілдік айырманың пайда болуы және шығынға жазуымен байланысты кейінге қалдырылған салық бойынша (үнемдеу)/ шығындар | (13,219) | (13,543) | 24,869 |
| Бизнестің бірігуіне байланысты кейінге қалдырылған салық | (1,638) | - | - |
| Еншілес кәсіпорнының шығуына байланысты кейінге қалдырылған салық | 557 | - | - |
| Негізгі құралдар қайта бағаланатын күнгі жағдай бойынша өзге жиынтықты табыста танылған | 222 | 192 | - |
| Клиенттік базаға жататын материалдық емес активтер бойынша кейінге қалдырылған салық бойынша шығындар | - | 258 | 348 |
| **ЖЫЛ АЯҒЫНА КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРЫЛҒАН ТАЗА САЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕСІ** | **8,272** | **22,350** | **35,443** |

## 24. ӨЗГЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Өзге міндеттемелер мыналардан құралады:

| | 31.12.2017 ж. | 31.12.2016 ж. | 31.12.2015 ж. |
|---|---|---|---|
| **ӨЗГЕ ҚАРЖЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ:** | | | |
| Қызметкерлермен есеп айырысу | 18,240 | 11,205 | 10,790 |
| Артықшылықты акциялар бойынша міндеттемелер | 12,149 | - | - |
| Банктік қызмет бойынша кредиторлар | 7,539 | 800 | 488 |
| Банктік емес қызмет бойынша кредиторлар | 5,250 | 782 | 299 |
| Карточкалық операциялар бойынша есеп айырысулар | 4,318 | - | - |
| Төленетін жалпы және әкімшілік шығындар | 1,994 | 612 | 779 |
| Басқасы | 883 | 583 | 375 |
| | **50,373** | **13,982** | **12,731** |
| **ӨЗГЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕМЕС МІНДЕТТЕМЕЛЕР:** | | | |
| Коммерциялық жылжымайтын мүлік бойынша кредиторлар | 9,589 | 2,271 | 4,050 |
| Салықтар бойынша берешек, пайдаға салынатын салықтан басқа | 4,088 | 2,832 | 2,183 |
| Алынған өзге аванстар | 2,369 | 1,382 | 1,233 |
| | **16,046** | **6,485** | **7,466** |
| **ӨЗГЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІҢ ЖИЫНТЫҒЫ** | **66,419** | **20,467** | **20,197** |

* Міндеттеме компоненті бар және алдын ала белгіленген кепілдендірілген мөлшерде дивидендтердің міндетті төлемін көздейтін артықшылықты акциялар.

## 25. КАПИТАЛ

2017, 2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанындағы мәліметке сәйкес жарияланған, шығарылған және толығымен төленген акциялар саны мынадай түрде берілген:

| 31.12.2017 ж. | Шығаруға рұқсат етілген акциялар | Рұқсат етілген, бірақ шығарылмаған акциялар | Толығымен төленген және айналымға шығарылған акциялар | Құны өтеліп сатып алынған меншікті акциялар | Айналымдағы акциялар |
|---|---|---|---|---|---|
| Жай акциялар | 25,000,000,000 | (12,311,142,941) | 12,688,857,059 | (1,695,040,240) | 10,993,816,819 |
| **31.12.2016 ж.** | **Шығаруға рұқсат етілген акциялар** | **Рұқсат етілген, бірақ шығарылмаған акциялар** | **Толығымен төленген және айналымға шығарылған акциялар** | **Құны өтеліп сатып алынған меншікті акциялар** | **Айналымдағы акциялар** |
| Жай акциялар | 25,000,000,000 | (12,311,142,941) | 12,688,857,059 | (1,695,237,728) | 10,993,619,331 |
| **31.12.2015 ж.** | **Шығаруға рұқсат етілген акциялар** | **Рұқсат етілген, бірақ шығарылмаған акциялар** | **Толығымен төленген және айналымға шығарылған акциялар** | **Құны өтеліп сатып алынған меншікті акциялар** | **Айналымдағы акциялар** |
| Жай акциялар | 24,000,000,000 | (12,871,481,549) | 11,128,518,451 | (219,067,900) | 10,909,450,551 |
| Айырбасталмайтын артықшылықты акциялар | 600,000,000 | (290,140,570) | 309,859,430 | (289,415,498) | 20,443,932 |
| Айырбасталатын артықшылықты акциялар | 80,225,222 | - | 80,225,222 | (79,855,667) | 369,555 |

Барлық акциялар теңгемен көрсетілген. Акциялардың айналымдағы қозғалысы былайша берілген:

| | АКЦИЯЛАР САНЫ | | | НОМИНАЛЫ / ОРНАЛАСТЫРУ БАҒАСЫ | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Жай акциялар | Айырбасталмайтын артықшылықты акциялар | Айырбасталатын артықшылықты акциялар | Жай акциялар | Айырбасталмайтын артықшылықты акциялар | Айырбасталатын артықшылықты акциялар |
| 31.12.2014 ж. | 10,909,898,713 | 109,300,945 | 79,861,400 | 43,598 | 7,870 | 13,233 |
| Өз акцияларын сатып алу | (8,746,220) | (93,050,844) | (79,740,576) | (9) | (13,024) | (11,156) |
| Құны өтелген акцияларды сату | 8,298,058 | 4,193,831 | 248,731 | 8 | - | - |
| 31.12.2015 ж. | 10,909,450,551 | 20,443,932 | 369,555 | 43,597 | (5,154) | 2,077 |
| Өз акцияларын сатып алу | (10,713,210) | - | - | (427) | - | - |
| Құны өтелген акцияларды сату | 10,328,198 | - | - | 481 | - | - |
| Артықшылықты акцияларды жай акцияларға ауыстыру | 84,553,792 | (20,443,932) | (369,555) | (3,077) | 5,154 | (2,077) |
| 31.12.2016 ж. | 10,993,619,331 | - | - | 40,574 | - | - |
| Өз акцияларын сатып алу | (4,925,498) | - | - | (1,675) | - | - |
| Құны өтелген акцияларды сату | 5,122,986 | - | - | 562 | - | - |
| 31.12.2017 ж. | 10,993,816,819 | - | - | 39,461 | - | - |

2016 жылғы 22 сәуірінде Банк акционерлерінің жалпы жиналысы, айырбасталмайтын артықшылықты акцияларының және жай акцияларға айырбасталатын артықшылықты акциялардың Топтың жай акцияларына айырбастауды жасау туралы шешім қабылдады. Айырбастау Банк Жарғысының және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі 2016 жылғы 16 мамырда тіркеген, Банк акцияларын шығару проспектісіне өзгерістердің негізінде, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген акционерлердің жалпы жиналысында белгіленген мерзімде, талаптар мен тәртіпке сәйкес жүргізілді. Айырбастау мақсаты – Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының шеңберінде Топ капиталының құрылымын оңтайландыру.

## ЖАЙ АКЦИЯЛАР

2015, 2016 мен 2017 жылғы 31 желтоқсандағы ахуал бойынша жарғылық капитал 143,695 миллион теңгені құрады. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы ахуал бойынша Топ 104,234 миллион теңге сомасына саны 1,695,040,240 данада сатып алынған меншікті жай акцияларға ие болды (2016 жылғы 31 желтоқсанда – 103,121 миллион теңге сомасына 1,695,237,728 дана; 2015 жылғы 31 желтоқсанда – 103,175 миллион теңге сомасына 219,067,900 дана).

Айналымдағы жай акциялардың әрқайсысының бір дауысқа және дивидендке құқығы бар. Құны өтелген акциялардың дауыс беру құқығы мен дивидендке құқығы жоқ.

Өткен қаржылық жылдарда төленген дивидендтер төмендегі кестеде келтірілген:

| | 2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға 2017 жылы төленген | 2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға 2016 жылы төленген | 2014 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға 2015 жылы төленген |
|---|---|---|---|
| Бір артықшылықтағы акцияға (айырбасталатын және айырбасталмайтын) ақшалай дивиденд мөлшері, теңге | айналымда жоқ | 16.00 | 13.44 |
| Бір жай акцияға ақшалай дивидендтің мөлшері | Төленген жоқ | Төленген жоқ | 3.14 |

### ЭМИССИЯЛЫҚ ТАБЫС

Эмиссиялық табыс - енгізілген қаражат көлемінде шығарылған акциялардың номиналдық құнынан артық түсімі.

# 26. ШАРТТЫ ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Топтың шартты қаржылық міндеттемелері мыналардан құралады:

| | 31.12.2017 ж. | 31.12.2016 ж. | 31.12.2015 ж. |
|---|---|---|---|
| Берілген кепілдіктер | 300,565 | 173,226 | 186,306 |
| Коммерциялық аккредитивтер | 70,454 | 27,026 | 17,064 |
| Қарыздарды беру бойынша міндеттемелер | 59,056 | 15,445 | 35,178 |
| Шартты қаржылық міндеттемелер | 430,075 | 215,697 | 238,548 |
| Минус - аккредитивтер бойынша ақшалай қамтамасыз ету | (50,144) | (10,034) | (18,675) |
| Минус – резервтер (22-Ескертпе) | (16,098) | (987) | (982) |
| **ШАРТТЫ ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР, НЕТТО** | **363,833** | **204,676** | **218,891** |

Берілген кепілдіктер клиенттердің өтініштері бойынша, Топ шығарған және есеп берілетін күнге әрекет ететін банктік кепілдік болып табылады. 2017 жылдың 31 желтоқсанындағы ахуал бойынша ең ірі он клиент/клиенттер тобы үшін шығарылған өтелмеген кепілдіктер Топтың жалпы қаржылық кепілдіктерінің 46 %-ын құрады (2016 жылдың 31 желтоқсанда - 61%, 2015 жылдың 31 желтоқсанда - 93%), олар Топ капиталының 3 % құрды. (2016 жылдың 31 желтоқсанында – 2%, 2015 жылдың 31 желтоқсанында – 3%).

Коммерциялық аккредитивтер Топ оның клиенттерінің өтініштері бойынша шығарған, олар бойынша есепті күні төлем жүргізілмеген аккредитивтерді білдіреді. 2017 ж. 31 желтоқсанға, ең ірі өтелмеген аккредитивтерге Топтың коммерциялық аккредитивтерінің барлық сомасының 44% келді (2016 ж. 31 желтоқсанда – 61%, 2015 ж. 31 желтоқсанда – 93%) және олар, Топ капиталынан 3% құрады (2016 ж. 31 желтоқсан – 2%; 2015 ж. 31 желтоқсан – 3%).

Топ, қарыз алумен байланысты, егер бұл қажет болса, қаржы құралдары пайда болғанда, кепілмен қамтамасыз етуді талап етеді. Әдетте, Топ заемшының кредит тәуекелін бағалау немесе топ ұстап отырған басқа депозиттерге талдау жасау арқылы, қажетсіздігі айқындалғаннан басқа жағдайларда, кепілмен қамтамасыз етуді талап етеді. Кепілмен қамтамасыз етудің түрлері көп және банктерде сақтаулы тұрған салымдардан, мемлекеттік бағалы қағаздардан және басқа да активтерден құралуы мүмкін.

## КҮРДЕЛІ ШЫҒЫНДАР БОЙЫНША АЛДАҒЫ КЕЗЕҢДЕРДІҢ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

2017 жылдың 31 желтоқсанындағы ахуал бойынша Топтың аяқталмаған құрылысқа қатысты күрделі шығындары бойынша шартты міндеттемелері 2,480 миллион теңгені құрады (2016 жылғы 31 желтоқсанында 157 миллион теңге және 2015 жылы – 7,861 миллион теңге).

## ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ЖАЛДАУ ШАРТТАРЫ БОЙЫНША АЛДАҒЫ КЕЗЕҢДЕРДІҢ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

2017, 2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанындағы ахуал бойынша Топтың операциялық жалдау шарттары бойынша елеулі міндеттемелер болған жоқ.

## 27. ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ КІРІС

| | 31.12.2017 аяқталған жыл үшін | 31.12.2016 аяқталған жыл үшін | 31.12.2015 аяқталған жыл үшін |
|---|---|---|---|
| **ПАЙЫЗДЫҚ КІРІСКЕ МЫНАЛАР КІРЕДІ:** | | | |
| **АМОРТИЗАЦИЯЛАНҒАН ҚҰНЫМЕН ЕСЕПКЕ АЛЫНҒАН ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ БОЙЫНША ПАЙЫЗДАР:** | | | |
| - жеке негізде бағаланатын құнсызданбаған активтер бойынша пайыздар | 166,058 | 142,556 | 101,951 |
| - ұжымдық негізде бағаланатын активтер бойынша пайыздар | 151,460 | 109,418 | 94,556 |
| - жеке негізде бағаланатын құнсызданған активтер бойынша пайыздар | 50,442 | 31,587 | 26,883 |
| Сатуға арналған, қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар бойынша пайыздар | 129,637 | 22,996 | 20,581 |
| Пайда немесе шығын арқылы әділ құнмен бағаланған қаржы активтері бойынша пайыздар | 8,731 | 26,006 | 69 |
| **БАРЛЫҚ ПАЙЫЗДЫҚ КІРІСТЕР** | **506,328** | **332,563** | **244,040** |
| **ПАЙЫЗДЫҚ ШЫҒЫСТАРҒА МЫНАЛАР КІРЕДІ:** | | | |
| **АМОРТИЗАЦИЯЛАНҒАН ҚҰНЫ БОЙЫНША ЕСЕПКЕ АЛЫНҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР БОЙЫНША ПАЙЫЗДАР:** | | | |
| Клиенттерге берілген қарыздардың пайыздары | 343,796 | 268,989 | 219,584 |
| Кредиттік мекемелердегі қаражат бойынша және ақша қаражаты мен олардың баламалары бойынша пайыздар | 24,164 | 12,170 | 3,806 |
| Өтелгенге дейін ұсталатын инвестициялар бойынша пайыздар | - | 1,201 | - |
| **АМОРТИЗАЦИЯЛАНҒАН ҚҰНЫМЕН ЕСЕПКЕ АЛЫНҒАН ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ БОЙЫНША ПАЙЫЗДАР ЖИЫНТЫҒЫ** | **367,960** | **282,360** | **223,390** |
| **ПАЙДА НЕМЕСЕ ШЫҒЫН АРҚЫЛЫ ӘДІЛ ҚҰНМЕН БАҒАЛАНАТЫН ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ БОЙЫНША ПАЙЫЗДАР:** | | | |
| Саудаға арналған қаржы активтері бойынша пайыздар | 8,731 | 26,006 | 69 |
| Пайда немесе шығын арқылы әділ құнмен бағаланатын қаржы активтері бойынша пайыздар | 8,731 | 26,006 | 69 |
| Сатуға арналған, қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар бойынша пайыздар | 129,637 | 24,197 | 20,581 |
| **БАРЛЫҚ ПАЙЫЗДЫҚ КІРІС** | **506,328** | **332,563** | **244,040** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **ПАЙЫЗДЫҚ ШЫҒЫСТАРҒА МЫНАЛАР КІРЕДІ:** | | | |
| Амортизацияланған құнмен есепке алынған қаржы міндеттемелері бойынша пайыздар | (257,805) | (160,549) | (100,678) |
| **БАРЛЫҚ ПАЙЫЗДЫҚ ШЫҒЫСТАР** | **(257,805)** | **(160,549)** | **(100,678)** |
| **АМОРТИЗАЦИЯЛАНҒАН ҚҰНМЕН ЕСЕПКЕ АЛЫНҒАН ҚАРЖЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ БОЙЫНША ПАЙЫЗДАР** | | | |
| Клиенттердің қаражаты бойынша пайыздар | (191,715) | (108,838) | (61,308) |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша пайыздар | (61,729) | (45,822) | (34,256) |
| Кредиттік мекемелердегі қаражаттар бойынша пайыздар | (4,361) | (5,889) | (5,114) |
| Амортизацияланған құнмен есепке алынған қаржы міндеттемелері бойынша пайыздар жиынтығы | (257,805) | (160,549) | (100,678) |
| **ҚҰНСЫЗДАНУ РЕЗЕРВІНЕ БӨЛІНГЕНГЕ ДЕЙІНГІ ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ ТАБЫС** | **248,523** | **172,014** | **143,362** |

## 28. ҚЫЗМЕТТЕР МЕН КОМИССИЯЛАР БОЙЫНША КІРІСТЕР

Қызметтер мен комиссиялар бойынша кірістер мынадай табыс көздерінен алынған:

| | 31.12.2017 аяқталған жыл үшін | 31.12.2016 аяқталған жыл үшін | 31.12.2015 аяқталған жыл үшін |
|---|---|---|---|
| Төлем карточкаларына қызмет көрсету | 23,332 | 11,116 | 9,430 |
| Банктік аударымдар – есеп шоттар | 18,943 | 14,438 | 13,421 |
| Кассалық операциялар | 18,159 | 10,353 | 9,210 |
| Клиенттердің зейнетақы төлемдеріне қызмет көрсету | 7,776 | 6,953 | 5,867 |
| Банктік аударымдар – жалақы төлемдері бойынша жобалар | 7,261 | 6,912 | 6,862 |
| Берілген кепілдіктер және аккредитивтер | 5,406 | 3,818 | 3,124 |
| Клиенттердің шоттарына қызмет көрсету | 3,006 | 1,884 | 1,496 |
| Басқасы | 3,757 | 2,223 | 2,508 |
| | **87,640** | **57,697** | **51,918** |

Қызметтер мен комиссиялар бойынша шығыстарға мыналар кіреді:

| | 31.12.2017 аяқталған жыл үшін | 31.12.2016 аяқталған жыл үшін | 31.12.2015 аяқталған жыл үшін |
|---|---|---|---|
| Төлем карточкалары | (12,024) | (2,001) | (1,432) |
| Депозиттерді сақтандыру | (10,729) | (5,327) | (4,697) |
| Банктік аударымдар | (1,364) | (593) | (430) |
| Шетел валютасымен жасалатын операциялар | (803) | (557) | (919) |
| Коллекторларға төленген комиссиялар | (342) | (427) | (437) |
| Басқасы | (1,470) | (2,390) | (2,235) |
| | **(26,732)** | **(11,295)** | **(10,150)** |

# 29. ТАЗА ПАЙДА НЕМЕСЕ ШЫҒЫН АРҚЫЛЫ ӘДІЛ ҚҰНМЕН БАҒАЛАНАТЫН ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ БОЙЫНША ТАЗА (ШЫҒЫН)/ПАЙДА

Пайда немесе шығын арқылы әділ құнмен бағаланатын қаржы активтері мен міндеттемелері бойынша таза пайда/(залал) мыналардан құралады:

| | 31.12.2017 аяқталған жыл үшін | 31.12.2016 аяқталған жыл үшін | 31.12.2015 аяқталған жыл үшін |
|---|---|---|---|
| **САУДАҒА АРНАЛҒАН ДЕП ЖІКТЕЛІНГЕН ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ БОЙЫНША ТАЗА (ЗАЛАЛ)/ ПАЙДА:** | | | |
| Туынды құралдар мен сауда операциялары бойынша жүзеге асырылмаған таза пайда/(залал) | 19,468 | (7,339) | 157,326 |
| Сауда операциялары бойынша жүзеге асырылған таза пайда /(залал) | 11,162 | 112 | 33 |
| Туынды құралдармен жасалатын операциялар бойынша таза жүзеге асырылған пайда/(залал) | 793 | (5,483) | 40,571 |
| **САУДАҒА АРНАЛҒАН ДЕП ЖІКТЕЛІНГЕН ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ БОЙЫНША ТАЗА ПАЙДАНЫҢ/(ЗАЛАЛДЫҢ) БАРЛЫҒЫ** | **31,423** | **(12,710)** | **197,930** |

Жүзеге асырылмаған пайда, негізінен 2015 жылы ҚРҰБ туынды құралдармен болған операциялар бойынша, своптардың әділ құны теңгенің долларға қатысты едәуір құнсыздануымен байланысты болды.

# 30. ШЕТЕЛ ВАЛЮТАСЫМЕН ЖАСАЛҒАН ОПЕРАЦИЯЛАР БОЙЫНША ТАЗА (ШЫҒЫН)/ПАЙДА

| | 31.12.2017 аяқталған жыл үшін | 31.12.2016 аяқталған жыл үшін | 31.12.2015 аяқталған жыл үшін |
|---|---|---|---|
| Сауда операциялары, нетто | 26,055 | 13,935 | 1,864 |
| Бағамдық айырмалар, нетто | (31,004) | 4,571 | (175,123) |
| **ШЕТЕЛ ВАЛЮТАСЫМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР БОЙЫНША БАРЛЫҚ ТАЗА ПАЙДАНЫҢ/(ЗАЛАЛДЫҢ) ЖИЫНТЫҒЫ** | **(4,949)** | **18,506** | **(173,259)** |

2015 жылғы шетел валютасымен операциялар бойынша таза залал Үкімет пен ҚРҰБ-нің теңгенің еркін құбылмалы айырбастау бағамы мен валюталық коридордың күшінің жойылуына негізделген жаңа ақша-кредит саясатына көшу туралы шешімінің нәтижесімен байланысты.

# 31. САҚТАНДЫРУ ҚЫЗМЕТІНЕН АЛЫНҒАН ТАБЫСТАР МЕН ШЫҒЫСТАР

Сақтандыру қызметінен алынған табыстар мен шығыстар мыналардан құралады:

| | 31.12.2017 аяқталған жыл үшін | 31.12.2016 аяқталған жыл үшін | 31.12.2015 аяқталған жыл үшін |
|---|---|---|---|
| Сақтандыру бойынша сыйлықақы, брутто | 76,212 | 58,906 | 47,151 |
| Әлі алынбаған сыйлықақы резевіндегі өзгеріс, нетто | 3,235 | (1,933) | (1,731) |
| Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақылары | (24,339) | (28,902) | (19,846) |
| Сақтандыру қызметінен алынған табыстың жиынтығы | 55,108 | 28,071 | 25,574 |
| Сақтандыру төлемдері | (16,746) | (9,907) | (10,081) |
| Агенттерге комиссиялық сыйақы | (17,713) | (7,319) | (5,855) |
| Сақтандыру резервтері | (14,156) | (7,573) | (6,857) |
| Қайта сақтандыруды шегеріп тастағанда, сақтандыру төлемдерінің жиынтығы | (48,615) | (24,799) | (22,793) |
| **САҚТАНДЫРУ ҚЫЗМЕТІНЕН ТҮСЕТІН ТАЗА КІРІС** | **6,493** | **3,272** | **2,781** |

## 32. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ШЫҒЫСТАР

Операциялық шығыстар мыналардан құралады:

| | 31.12.2017 аяқталған жыл үшін | 31.12.2016 аяқталған жыл үшін | 31.12.2015 аяқталған жыл үшін |
|---|---|---|---|
| Жалақы және сыйлықақы | 51,124 | 38,551 | 37,958 |
| Тозу және амортизация | 9,692 | 6,169 | 5,663 |
| Табыс салығын қоспағандағы салықтар | 7,038 | 3,456 | 3,405 |
| Кәсіби қызметтер | 4,895 | 564 | 651 |
| Күзет | 3,662 | 1,963 | 1,885 |
| Жалдау | 3,512 | 1,734 | 1,570 |
| Жөндеу және қызмет көрсету | 3,451 | 2,006 | 1,848 |
| Ақпараттық қызметтер | 3,314 | 2,219 | 1,380 |
| Коммуналдық қызметтер | 2,876 | 1,630 | 1,457 |
| Байланыс | 2,829 | 1,577 | 1,527 |
| Сақтандыру агентіне сыйақы | 1,888 | 489 | 569 |
| Қайырымдылық | 1,643 | 639 | 509 |
| Құнсыздану және жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтарды, материалдық емес активтерді және инвестициялық жылжымайтын мүлікті есептен шығару | 1,555 | 654 | 271 |
| Жарнама | 1,481 | 759 | 1,201 |
| Кеңселік және офистік заттар | 1,249 | 892 | 691 |
| Іссапарлық шығыстар | 958 | 590 | 696 |
| Көлік | 696 | 502 | 465 |
| Әлеуметтік іс-шаралар | 142 | 77 | 84 |
| Өкілдік шығыстар | 81 | 77 | 110 |
| Басқасы | 5,266 | 2,447 | 3,455 |
| | **107,352** | **66,995** | **65,395** |

## 33. АКЦИЯДАН ТҮСЕТІН ПАЙДА

Акция бойынша базалық пайда мен ажыратылатын пайда басты компанияның акционерлеріне тиесілі бір жылдағы пайданы жыл ішінде айналымдағы таза пайданы бөлуге қатысатын акциялардың орташа бағасына бөлу арқылы есептеледі.

Акционерлік қоғамдар туралы қазақстандық заңнамаға сәйкес, жай акциялар бойынша тиісті кезеңдегі дивиденд мөлшері осы кезең ішіндегі артықшылықты акцияларға төленетін дивиденд мөлшерінен аспауға тиіс. Ендеше, кезең ішіндегі таза пайда жай және артықшылықты акциялар арасында олардың бөлінбеген пайдаға заңдық және келісімшарттық құқықтарына сәйкес бөлінеді.

Төменде бір акция бойынша базалық және ажыратылған пайда туралы мәліметтер келтірілген:

| | 31.12.2017 аяқталған жыл үшін | 31.12.2016 аяқталған жыл үшін | 31.12.2015 аяқталған жыл үшін |
|---|---|---|---|
| **БІР АКЦИЯ БОЙЫНША БАЗАЛЫҚ ПАЙДА** | | | |
| Негізгі компанияның акционерлеріне қатысты кезеңге таза пайда | 173,362 | 131,412 | 118,913 |
| Барлық пайда бөлінген жағдайда, артықшылықты акцияларды ұстаушыларға төленетін, қосымша дивидендтер шегерілгеннен кейін | - | (333) | (2,543) |
| Жай акцияларды ұстаушыларға қатысты таза пайда | 173,362 | 131,079 | 116,370 |
| Жалғасып отырған қызметтен бір жылға түсетін таза пайда | 163,587 | 120,499 | 113,582 |
| Тоқтатылған қызметтен бір жылға түскен таза пайда | 9,876 | 10,913 | 6,730 |
| Бір акцияға базалық пайданың есебі үшін акциялардың орташа саны | 10,994,491,507 | 10,960,026,244 | 10,910,049,314 |
| **БІР АКЦИЯ БОЙЫНША БАЗАЛЫҚ ПАЙДА (ТЕҢГЕМЕН)** | **15.77** | **11.96** | **10.67** |
| **ЖАЛҒАСАТЫН ҚЫЗМЕТТЕН БІР АКЦИЯҒА БАЗАЛЫҚ ПАЙДА (ТЕҢГЕМЕН)** | **14.88** | **10.99** | **10.41** |
| **ТОҚТАҒАН ҚЫЗМЕТТЕН БІР АКЦИЯҒА БАЗАЛЫҚ ПАЙДА (ТЕҢГЕМЕН)** | **0.90** | **1.00** | **0.62** |
| **БІР АКЦИЯ БОЙЫНША АЖЫРАТЫЛҒАН ПАЙДА** | | | |
| Бір акцияға базалық пайданы есептеу үшін қолданылатын пайда | 173,362 | 131,079 | 116,370 |
| Плюс: айырбасталатын артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер | - | 9 | 1,078 |
| Акционерлерге айырбасталатын артықшылықты акцияларды айырбастаған кезде төленетін соманы шегергенде | - | (96) | (6,091) |
| Бір акция бойынша ажыратылған пайданы есептеу үшін қолданылатын пайда | 173,362 | 130,992 | 111,357 |
| Жалғасып отырған қызметтен бір жылға түскен таза пайда | 163,587 | 120,499 | 113,582 |
| Тоқтатылған қызметтен бір жылға түскен таза пайда | 9,876 | 10,913 | 6,730 |
| Бір акция бойынша базалық пайданы есептеу үшін жай акциялардың орташа саны | 10,994,491,507 | 10,960,026,244 | 10,910,049,314 |
| Айырбасталатын артықшылықты акцияларды айырбастау кезінде шығарылатын жай акциялардың орташа саны | - | 160,984 | 51,401,960 |
| Бір акция бойынша ажыратылған пайданы есептеу үшін акциялардың орташа саны | 10,994,491,507 | 10,960,187,228 | 10,961,451,274 |
| **БІР АКЦИЯ БОЙЫНША АЖЫРАТЫЛҒАН ПАЙДА (ТЕҢГЕМЕН)** | **15.77** | **11.95** | **10.16** |
| **ЖАЛҒАСАТЫН ҚЫЗМЕТТЕН БІР АКЦИЯҒА БАЗАЛЫҚ ПАЙДА (ТЕҢГЕМЕН)** | **14.88** | **10.99** | **10.36** |
| **ТОҚТАҒАН ҚЫЗМЕТТЕН БІР АКЦИЯҒА БАЗАЛЫҚ ПАЙДА (ТЕҢГЕМЕН)** | **0.90** | **1.00** | **0.61** |

ҚҚБ талаптарына сәйкес сауда-саттық тізіміне енгізілген компаниялар үшін акциялардың әр түрі бойынша бір акцияның баланстық құны 2017, 2016 және 2015 жылғы 31 желтоқсандағы ахуал бойынша мына төмендегі кестеде көрсетілген.

| 2017 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН | | | |
|---|---|---|---|
| Акциялар түрі | Айналымдағы акциялар саны | Капитал (ҚҚБ ережесі негізінде есептелген) | Бір акцияның баланстық құны, теңгемен |
| Жай | 10,993,816,819 | 926,206 | 84.25 |
| | | **926,206** | |

| 2016 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН | | | |
|---|---|---|---|
| Акциялар түрі | Айналымдағы акциялар саны | Капитал (ҚҚБ ережесі негізінде есептелген) | Бір акцияның баланстық құны, теңгемен |
| Жай | 10,993,619,331 | 656,414 | 59.71 |
| | | **656,414** | |

| 2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН | | | |
|---|---|---|---|
| Акциялар түрі | Айналымдағы акциялар саны | Капитал (ҚҚБ ережесі негізінде есептелген) | Бір акцияның баланстық құны, теңгемен |
| Жай | 10,909,450,551 | 523,109 | 47.95 |
| Айырбасталмайтын артықшылықты | 20,443,932 | (3,975) | (194.43) |
| Айырбасталатын артықшылықты | 369,555 | 2,135 | 5,777.22 |
| | | **521,269** | |

Айырбасталмайтын артықшылықты акцияларға қатысты капитал сомасы айырбасталмайтын артықшылықты акциялардың баланстық құнының сомасы және айырбасталмайтын артықшылықты акцияларға қатысты эмиссиялық табыс сомасы ретінде есептеледі. Айырбасталатын артықшылықты акцияларға қатысты капитал сомасы айырбасталатын артықшылықты акциялардың баланстық құнының сомасы ретінде есептеледі. Жай акцияларға қатысты капитал сомасы капиталдың қорытынды сомасы мен материалдық емес активтердің қалдық құнының сомасы және артықшылықты акцияларға қатысты сомасы арасындағы айырма ретінде есептеледі.

Топ басшылығы есеп беріліп отырған күнгі жағдайға сәйкес ҚҚБ талаптары толығымен орындалып отыр деп есептейді.

## 34. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ

Топтың қаржылық қызметі үшін тәуекелдерді басқарудың маңызы зор. Топ қызметіне тән болатын негізгі тәуекел түрлері мыналар:

- Кредит тәуекелі;
- Өтімділік тәуекел; және
- Нарықтық тәуекел.

Тәуекелдерді басқарудың пәрменді әрі тиімді саясатын қамтамасыз ету үшін Топ тәуекелдерді басқарудың негізгі қағидаттарын айқындады, бұлардың басты мақсаты Топты қазіргі бар тәуекелдерден қорғауға және жоспарланған көрсеткіштерге қол жеткізуге мүмкіндік беруді көздейді. Бұл аталған қағидаттарды Топ мынадай тәуекелдерді басқару кезінде пайдаланады.

## КРЕДИТ ТӘУЕКЕЛІ

Кредит тәуекелі – контрагенттің Топ алдындағы өз қаржы міндеттемелерін орындамауы, дер кезінде орындамауы немесе толығымен орындамауы салдарынан Топтың шығынға ұшырау тәуекелі.

Кредит тәуекелдерін басқару және бақылауда тәуекел-менеджмент бөлімшесі маңызды рөл атқарады. Бұл бөлімше кредит тәуекелін сәйкестендіру, бағалау, бақылау және мониторинг шараларын енгізуді жүзеге асырады. Тәуекел-менеджмент бөлімшесі кредиттік шешімдер қабылдау, кредит беру ережелері мен бағдарламаларын келісу, кредит тәуекелін азайту үшін шаралар қолдану бойынша тәуелсіз нұсқаулар беру, лимиттерді бақылау, кредит тәуекелдері мониторингі, есептеме құрастыру, сондай-ақ сыртқы заңнамалық реттеу, сол сияқты ішкі талаптар мен рәсімдерге сәйкестікті бақылауды қамтамасыз ету процесіне тікелей қатысады.

Топ өзінің кредит тәуекелінің деңгейін бір заемшыға /контрагентке немесе заемшышылар тобына қатысты, сондай-ақ салалық (және географиялық) сегменттер бойынша ең жоғары тәуекел мөлшерін анықтау арқылы айқындайды. Экономика салалары бойынша кредит тәуекелінің барынша жоғары шоғырлану лимитін Банктің Активтер мен Пассивтерді басқару (АПКОМ) комитеті белгілейді және бақылап отырады. Кредит беру бағдарламалары (Шағым және орта бизнеске кредит беру, бөлшек кредиттер) бойынша кредит тәуекелдерінің деңгейіне қатысты шектеулерді Басқарма бекітеді. Әрбір контрагент бойынша, оның ішінде банктер мен брокерлерді қоса алғанда, баланстық және баланстан тыс жекелеген тәуекелдер деңгейін тиісті Кредит комитеттері мен АПКОМ қарастырады. Белгіленген лимитті салыстырып отыру арқылы күн сайын тәуекелдердің нақты мөлшеріне мониторинг жүргізіледі.

Әрбір контрагент бойынша міндеттемелердің орындалмау тәуекелі баланстық және баланстан тыс тәуекелдерді қамтитын лимиттермен шектеледі.

Баланстан тыс кредиттік міндеттемелер пайдаланылмаған кредит желілері, кепілдемелер немесе аккредитивтер түрінде болады. Баланстан тыс шоттарда есепке алынатын қаржы құралдары бойынша кредит тәуекелі контрагенттің келісімшарт талаптары мен мерзімін орындай алмауынан мүмкін болатын залал ретінде анықталады. Баланстан тыс қаржы құралдарымен байланысты кредит тәуекелдеріне қатысты Топ, әдетте, пайдаланылмаған кредит желілерінің жалпы көлеміне тең мөлшерде шығындалады. Дегенмен, мүмкін болатын шығын көлемі жалпы пайдаланылмаған міндеттемелер көлемінен аз болады, өйткені көпшілік

жағдайда кредит беруге байланысты туындайтын міндеттемелер контрагенттің кредит төлеудің ерекше стандарттарына сай келу мүмкіндігіне тікелей қатысты. Шартты міндеттемелерге қатысты Топ қаржы құралдарының балансында көрсетілген несие беруді бекіту, тәуекелді шектейтін лимиттер пайдалану және ағымдағы мониторинг жүргізу рәсімдеріне негізделген кредит саясатын ұстанады. Топ кредиттің өтелу мерзімін жіті қадағалайды, өйткені қысқа мерзімділерге қарағанда ұзақ мерзімді міндеттемелердің кредит тәуекелінің қаупі жоғарырақ.

## КРЕДИТ КОМИТЕТТЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ӨКІЛЕТТІГІ

Топтың Кредиттік саясатын жүзеге асыруды және кредиттік шешімдердің ретімен қабылдануын қамтамасыз етуші алқалық кредиттік органдарға кредит комитеттері, АПКОМ, Басқарма және Директорлар кеңесі жатады.

## КОММЕРЦИЯЛЫҚ ДИРЕКЦИЯ («КД»)

Кредиттік операциялар және корпоративтік клиенттердің кредиттік өтінімдері бойынша Банктің ішкі кредиттік саясатын жүзеге асыру – басты мақсаты болып табылатын Банктің алқалық органы.

## ФИЛИАЛДАРДЫҢ ЖӘНЕ ФИЛИАЛ ЖЕЛІСІНІҢ КРЕДИТТІК КОМИТЕТТЕРІ («ФКК», «ФЖКК»)

Филиалдар арқылы шағым және орта бизнес субъектілеріне қаржылық құралдар беруге қатысты Банктің ішкі кредиттік саясатын жүзеге асыру – басты мақсаты болып табылатын Банктің ФКК, ФЖКК.

ФКК мен ФЖКК кредит беру лимитін филиалдар бойынша Банк Басқармасы белгілейді. ФКК үшін белгіленген кредит беру лимиті шеңберінде филиал қаржылық құрал беруге байланысты мәселелер бойынша өз бетімен шешім қабылдайды. ФКК лимиттен тыс жобалары бойынша және олар бойынша шешім қабылдау ФКК өкілеттілігіне кірмейтін жобалар бойынша шешімді ФЖКК қабылдайды. ФЖКК шешімдер қабылдау рәсімінде сондай-ақ Банк қызметтерінің сарапшылық қорытындыларын кешенді талдау негізінде жасақталған кредиттік топтаманы қарастыруды қамтиды.

## БАС БАНКТІҢ БӨЛШЕК КРЕДИТ КОМИТЕТІ ЖӘНЕ ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ («ББ БКК» ЖӘНЕ «ШҚО»)

Филиалдар арқылы бөлшек бизнес субъектілеріне қаржы құралдарын беруге қатысты Банктің ішкі кредиттік саясатын жүзеге асыру – басты мақсаты болып табылатын Банктің ББ БКК және ШҚО.

ШҚО төрт көз қағидатында негізделген, шешімдерді қабылдау бойынша өкілеттігі бар, кредиттік андеррайтерлерден құралады. ШҚО Банк Басқармасы бекіткен өкілеттіктер мен ББ БКК бекіткен лимиттер шеңберінде шешімдер қабылдайды. ББ БКК лимиттен тыс және нормативтен тыс өтінімдерді және Банк Басқармасы бекіткен өкілеттіктер шеңберінде басқа да мәселелерді қарастыруға уәкілетті.

ШҚО мен ББ БКК жұмыс істеуімен қатар, табыс деңгейі тәуелсіз мемлекеттік органның деректерімен құжаттай расталатын жалақы алушы жеке тұлғаларға кредит беру туралы шешімдер қабылдауда автоматтандырылған тәсіл қолданылады. Мұндай көзқарас заемшының тәуекелдік профилін ескереді және шешім қабылдауда тәуекелдерді азайтуға мүмкіндік береді.

## БАС БАНКТІҢ, ФИЛИАЛДАРДЫҢ ПРОБЛЕМАЛЫҚ КРЕДИТТЕРІ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Банктің алқалы органдары, олардың басты мақсаты – Банктің және оның филиалдарының проблемалық кредиттер бойынша қаражатты басқару, қызмет көрсету және олардың қайтарылуын қамтамасыз ету бойынша қызметін ұйымдастыруға және бақылауға қатысты Банктің ішкі кредит саясатын жүзеге асыру болып табылады.

## ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ УӘКІЛЕТТІ/ АЛҚАЛЫ ОРГАНДАРЫ

Еншілес кәсіпорындардың кредиттік өтінімдерін қарастыру және бекітуді тиісті клиенттер сегментіне кредит беруді реттейтін еншілес кәсіпорынның ішкі құжаттарына сәйкес еншілес кәсіпорынның уәкілетті/алқалы органы жүзеге асырады. Лимиттен тыс және нормативтен тыс кредиттік өтінімдерді, Бас Банктің тиісті Кредит комитетінде Банктің ішкі нормативтік құжаттарында қарастырылған тәртіппен алдын ала қарастырылған жағдайда, еншілес кәсіпорынның Директорлар кеңесі бекітеді.

## АПКОМ

Ақша тарту және оны орналастыруға байланысты банктік қызметтің кірістілігін ұлғайту және тәуекелдерді шектеу мақсатын көздейтін Банктің Алқалық органы. АПКОМ-ның басты мақсаттары: өтімділікті басқару, пайыздық мөлшерлеме тәуекелін басқару, бағалық тәуекелді басқару және басқа да банктік тәуекелдерді басқару.

АПКОМ сондай-ақ контрагент банктерге елдік лимиттер мен лимиттер белгілеу функцияларын жүзеге асырады. АПКОМ Директорлар кеңесіне есеп береді.

## БАНК БАСҚАРМАСЫ

Бас Банктің кредиттік комитетінің, филиал желісі кредиттік комитетінің, Бас Банктің бөлшек бизнестің кредиттік комитетінің өкілеттіктері шегінен шығып кететін немесе

филиал желісі кредиттік комитетіне, Бас Банктің бөлшек бизнестің кредиттік комитетіне белгіленген лимиттен асатын кредиттік өтінімдер Банк Басқармасында қаралады.

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Банктің жеке капиталының 5%-нан асатын сомаға берілген кредиттік өтінімдер, сондай-ақ Банкпен айрықша қарым-қатынаспен байланысқан тұлғалармен жасалатын мәмілелер Директорлар кеңесінде қаралады.

## КРЕДИТ ТӘУЕКЕЛІНІҢ ЕҢ ЖОҒАРЫ МӨЛШЕРІ

Топтың кредит тәуекелінің ең жоғары мөлшері нақты активтерге тән жекелеген тәуекелдер мен жалпылама нарықтық тәуекелдердің әсеріне қарай елеулі өзгеріске ұшырап отырады.

Төменде беріліп отырған кестеде қаржы активтері мен шартты міндеттемелер бойынша кредит тәуекелінің ең жоғары мөлшері көрсетілген. Баланс шоттарындағы қаржы активтері үшін кредит тәуекелінің ең жоғары мөлшері активтерді есепке алуды және міндеттемелер мен қамтамасыз етуді қоспағанда осы активтердің баланстық құнына тең болады. Қаржылық кепілдіктер мен басқа да шартты міндеттемелер үшін кредит тәуекелінің ең жоғары мөлшері кепілдеме бойынша төлем қажеттігі туындағанда немесе ашылған кредит желілері шеңберінде несие талап етілген жағдайда Топ төлеуге тиіс болатын ең жоғары көлемде тең болады (27-ескертпе). Қамтамасыз ету кепілдігі осы кепіл қамтамасыз ету ретінде алынған қаржы құралының баланстық құнымен көрсетіледі.

**2017 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН**

| | Кредит тәуекелінің ең жоғары мөлшері | Есепке алудан кейінгі кредит - тәуекелінің таза мөлшері | Қамтамасыз ету |
|---|---|---|---|
| Ақша баламасы* | 1,590,152 | 1,590,152 | 372,643 |
| Міндетті резервтер | 111,039 | 111,039 | - |
| Пайда немесе шығын арқылы әділ құнмен бағаланатын қаржы активтері (үлестік бағалы қағаздар шегерілгенде) | 129,341 | 129,341 | - |
| Кредиттік мекемелердегі қаражат | 87,736 | 87,736 | - |
| Сатуға арналған, қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар (үлестік бағалы қағаздар шегерілгенде) | 2,560,222 | 2,560,222 | - |
| Клиенттерге берілген қарыздар | 3,251,102 | 3,251,102 | 2,838,024 |
| Өзге қаржы активтері | 45,458 | 45,458 | - |
| | 7,775,050 | 7,775,050 | 3,210,667 |
| Шартты қаржы міндеттемелері | 413,977 | 413,977 | 50,144 |

**2016 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН**

| | Кредит тәуекелінің ең жоғары мөлшері | Есепке алудан кейінгі кредит - тәуекелінің таза мөлшері | Қамтамасыз ету |
|---|---|---|---|
| Ақша баламасы* | 1,625,395 | 1,625,395 | 1,591 |
| Міндетті резервтер | 76,122 | 76,122 | - |
| Пайда немесе шығын арқылы әділ құнымен бағаланатын қаржы активтері (үлестік бағалы қағаздар шегерілген) | 328,547 | 328,547 | - |
| Кредиттік мекемелердегі қаражат | 35,542 | 35,542 | - |
| Сатуға арналған, қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар (үлестік бағалы қағаздар шегерілген) | 594,810 | 594,810 | - |
| Клиенттерге берілген несиелер | 2,319,583 | 2,319,583 | 2,167,328 |
| Өзге қаржы активтері | 6,757 | 6,757 | - |
| | 4,986,756 | 4,986,756 | 2,168,919 |
| Шартты қаржылық міндеттемелер | 214,710 | 214,710 | 10,034 |

**2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН**

| | Кредит тәуекелінің ең жоғары мөлшері | Есепке алудан кейінгі кредит - тәуекелінің таза мөлшері | Қамтамасыз ету |
|---|---|---|---|
| Ақша баламасы* | 1,285,789 | 1,285,789 | 8,320 |
| Міндетті резервтер | 68,389 | 68,389 | - |
| Пайда немесе шығын арқылы әділ құнымен бағаланатын қаржы активтері (үлестік бағалы қағаздар шегерілген) | 176,838 | 176,838 | - |
| Кредиттік мекемелердегі қаражат | 44,993 | 44,993 | - |
| Сатуға арналған, қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар (үлестік бағалы қағаздар шегерілген) | 373,356 | 373,356 | - |
| Клиенттерге берілген несиелер | 2,176,069 | 2,176,069 | 2,040,192 |
| Өзге қаржы активтері | 6,226 | 6,226 | - |
| | 4,131,660 | 4,131,660 | 2,048,512 |
| Шартты қаржы міндеттемелері | 237,566 | 237,566 | 18,675 |

* Бұл сома қысқа мерзімді заемдар мен бастапқы өтеу мерзімі 90 күннен аспайтын салымдарды білдіреді, бұлар ақша қаражаты мен оның баламасының құрамына кіргізілген.

Қаржы активтері халықаралық рейтинг агенттігінің ағымдағы кредит рейтингіне немесе Топтың ішкі бағалау жүйесіне сәйкес жіктеледі. Ең жоғарғы мүмкін болатын рейтинг - ААА. Инвестициялық класқа жатқызылған қаржы активтеріне ААА-дан ВВВ-ге дейінгі рейтинг берілуі мүмкін. ВВВ-ден төмен рейтинг берілген қаржы активтері алып-сатарлық деңгей ретінде жіктеледі.

Топтың қаржы активтерінің кредит рейтингі құнсыздану резервіне дейін мынадай түрде берілген:

| | AA | AA- | A | BBB | <BBB | Кредиттік рейтинг берілмеген | 31.12.2017 Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Ақша қаражаты және оның баламасы* | 110,970 | 76,897 | 162,142 | 1,110,837 | 87,307 | 41,999 | 1,590,152 |
| Міндетті резервтер | - | - | - | 101,881 | 9,158 | - | 111,039 |
| Пайда немесе шығын арқылы әділ құнмен бағаланатын қаржы активтері (үлестік бағалы қағаздар шегерілген) | 1 | - | 113 | 95,570 | 46,797 | 2,495 | 144,976 |
| Кредиттік мекемелердегі қаражат | 440 | 211 | 14,616 | 12,029 | 57,379 | 3,061 | 87,736 |
| Сатуға арналған, қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар (үлестік бағалы қағаздар шегерілген) | 324,164 | - | - | 2,035,381 | 187,232 | 21,101 | 2,567,878 |
| Өзге қаржы активтері | - | - | - | - | - | 51,379 | 51,379 |
| Шартты қаржы міндеттемелері | - | - | - | - | - | 430,075 | 430,075 |

| | AA | AA- | A | BBB | <BBB | Кредиттік рейтинг берілмеген | 31.12.2016 Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Ақша қаражаты және оның баламасы* | 259,232 | 275,101 | 14,740 | 1,018,410 | 52,396 | 5,516 | 1,625,395 |
| Міндетті резервтер | - | - | - | 69,888 | 6,234 | - | 76,122 |
| Пайда немесе шығын арқылы әділ құнымен бағаланатын қаржы активтері | 149 | 39 | 886 | 326,339 | 1,154 | 170 | 328,737 |
| Кредит мекемелеріндегі қаражат | - | 5,154 | 285 | 1,370 | 28,684 | 49 | 35,542 |
| Сатуға арналған, қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар | 91,534 | - | - | 354,784 | 145,456 | 11,734 | 603,508 |
| Өзге қаржы активтері | - | - | - | - | - | 11,273 | 11,273 |
| Шартты қаржы міндеттемелері | - | - | - | - | - | 215,697 | 215,697 |

| | AA | AA- | A | BBB | <BBB | Кредиттік рейтинг берілмеген | 31.12.2015 Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Ақша қаражаты және оның баламасы* | 74,268 | 85,108 | 41,422 | 1,033,095 | 46,447 | 5,449 | 1,285,789 |
| Міндетті резервтер | - | - | - | 66,023 | 2,366 | - | 68,389 |
| Пайда немесе шығын арқылы әділ құнымен бағаланатын қаржы активтері | 21 | - | 1,026 | 174,815 | 970 | 238 | 177,070 |
| Кредит мекемелеріндегі қаражат | - | - | 11,524 | 27,463 | 6,013 | - | 45,000 |
| Сатуға арналған, қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар | 5,839 | - | - | 265,583 | 101,614 | 11,000 | 384,036 |
| Өзге қаржы активтері | - | - | - | - | - | 10,794 | 10,794 |
| Шартты қаржы міндеттемелері | - | - | - | - | - | 238,548 | 238,548 |

* Бұл сома қысқа мерзімді несиелер мен бастапқы өтеу мерзімі 90 күннен аспайтын салымдарды білдіреді, бұлар ақшалай қаржы мен оның баламасының құрамына кіргізілген.

Банк секторының мекемелері тұтастай алғанда қаржы активтері мен шартты міндеттемелерге қатысты кредит тәуекеліне ұшырап отырады. Топтың кредит тәуекелдері Қазақстан Республикасында шоғырланған. Топ бекіткен Тәуекелдерді басқару саясатына сәйкес кредиттер бойынша лимитті орындау және кредитті өтеу қабілетін қамтамасыз ету мақсатында кредит тәуекелінің деңгейіне ұдайы мониторинг жүргізіліп отырады.

Клиенттерге берілетін несиелер ішкі бағалауға сүйене отырып және басқа талдау рәсімдерінің негізінде жіктеледі. Тиісті департаменттер кредиттерді олардың тәуекел туғызуына және Топ үшін қауіп тудыратын потенциалдық шығындар тәуекеліне сәйкес жіктемелейді, ал мұндай жіктемелеуді тәуекелдерді басқару департаменті бекітеді.

Жеке несиелер бойынша құнсызданудың негізгі белгілері ретінде Банк мыналарды қарастырады:

- заемшының 90 күннен асқан мерзімі өткізілген берешегінің болуы;
- ішкі рейтингтік модельдің заемшыға дефолттық рейтингтерді беруі;
- заемшының қаржылық жағдайы нашарлағанда қайта құрылымдаудың болуы.

ККБ-дан басқа, Банк және оның еншілес ұйымдары түрлі тәуекел санаттары бойынша ішкі жіктемелеу моделін пайдаланады. ККБ рейтингтік үлгісі төменде келтірілген.

Заемның құнсыздануға ұшырағандығын куәландыратын оқиға басталғаннан кейін осы модель заемшының қаржылық көрсеткіштері, оның кредиттік тарихы, заемшының өтімділігі мен дебиторлық берешегінің сапасы, заемшыға, экономика секторына қатысты нарықтық тәуекел және басқа факторлар негізінде құнсыздану резервінің көлемін бағалауға көмектеседі. Кредиттік аналитиктер ақпаратты қайта-қайта модельге енгізіп отырады. Жүйеге енгізілген ақпарат пен клиенттерге берілген заемдардың құнсыздану резерві көлемін бағалауды тәуекелдерді басқару департаменті тексеріп отырады.

Рейтингтік модель мынадай жіктемелеуді пайдаланады:

- Рейтингтік балл 1 – несие бойынша ең жоғары рейтинг, кредит тәуекелінің дәрежесі барынша төмен;
- Рейтингтік балл 2 – несие сапасы өте жоғары, кредит тәуекелінің дәрежесі өте төмен;
- Рейтингтік балл 3 – несие сапасы жоғары, кредит тәуекелінің дәрежесі төмен;
- Рейтингтік балл 4 – несие сапасы қанағаттанарлық, кредит тәуекелі болмашы дәрежеде;
- Рейтингтік балл 5 – экономикалық жағдайға байланысты кредит тәуекелі

ұлғаюы мүмкін;

- Рейтингтік балл 6 – экономикалық жағдайға байланысты кредит тәуекелінің дәрежесі жоғары болуы мүмкін;
- Рейтингтік балл 7 – дефолт тәуекелінің дәрежесі жоғары, заемшының төлем қабілеті экономикалық қолайлы жағдайлармен байланысты;
- Рейтингтік балл 8 – 10 – дефолт тәуекелі өте жоғары /дефолт.

Бірыңғай несиелердің пулдары – кредиттік сипаттамасы жағыман бір-біріне ұқсас активтер тобы қағидаты (мәселен, экономика саласы, бизнес түрпаты, кредит беру бағдарламасы, дефолт деңгейі, ішкі рейтингтер және өзге факторлар) бойынша біріктірілген клиенттер несиелері. Бірыңғай несиелер пулдарына ұжымдық негізде бағаланатын активтер жатқызылады.

| Рейтингтік балл | 2017 жылғы 31 желтоқсан | 2016 жылғы 31 желтоқсан | 2015 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|
| 1-3 | - | - | - |
| 4 | 118,566 | 118,300 | 158,907 |
| 5 | 538,343 | 461,059 | 270,049 |
| 6 | 533,758 | 421,288 | 500,177 |
| 7 | 412,326 | 425,337 | 412,839 |
| 8-10 | 172,698 | 148,467 | 162,838 |
| Корпоративтік клиенттерге берілген, жеке-дара негізде бағаланатын несиелер | 1,775,691 | 1,574,451 | 1,504,810 |
| Жеке-дара негізде бағаланатын ШОБ және ББ клиенттеріне берілетін несиелер | 176,503 | 138,108 | 127,503 |
| Клиенттерге берілген, ұжымдық негізде бағаланатын несиелер | 812,048 | 891,776 | 848,870 |
| | 2,764,241 | 2,604,335 | 2,481,183 |
| Минус – Құнсыздану резерві (22-ескертпе) | (277,491) | (284,752) | (305,114) |
| **КЛИЕНТТЕРГЕ БЕРІЛГЕН ҚАРЫЗДАР** | **2,486,750** | **2,319,583** | **2,176,069** |

## ККБ ІШКІ РЕЙТИНГТІК ҮЛГІСІ

ККБ жұмыс істейтін белгілі қарсы агенттердің халықаралық рейтингтік агенттіктерден кредиттік рейтингтері болмауына байланысты ККБ халықаралық рейтингтік агенттіктердің рейтингтерімен салыстырылып тексерілетін, қарсы агенттердің ішкі кредиттік рейтингтерін анықтауға мүмкіндік беретін жеке әдістемелерді әзірледі. Осылайша әдістемелер елеулі корпоративтік клиенттер үшін рейтингтік модель және шағым және орта бизнестің түрлі клиенттері үшін скорингтік модель болып табылады. Скорингтік модельдер белгілі бір өнімдер үшін әзірленіп, несие мерзімі ішінде түрлі кезеңдерде қолданылады.

Клиенттерге берілген несиелер ішкі бағалаулар мен басқа аналитикалық іс-шаралар есебінен алынғанда, оны жауапты бөлімшелер жіктейді. Жинақталған тәжірибені ескере отырып, 2010 ж. желтоқсанда клиенттің қаржылық жағдайының және ақшалай ағымының неғұрлым терең талдауына негізделген қарыздардың құнсыздану ықтималдығын бағалау әдістемесі жетілдірілді. Жетілдіру нәтижесінде талдауға қарыз алушының операциялық тиімділігінің , өтімділігінің көрсеткіштері, каптал құрылымы, ақша ағымы және бөлшек қызмет көрсету бойынша көрсеткіштері, сапа менеджменті, индустрия тәуекелі, мақсатына пайдалану фактілерінің болуы, клиенттермен қарым-қатынас тарихын бағалау сияқты сандық және сапалық көрсеткіштері орналастырылды.

ККБ құнсызданбаған қарыздарды жіктеген кезде корпоративтік қарыз алушыларға рейтингтік үлгіні қолданады.

Ұжымдық негізде бағаланатын кредиттер: кредиттік тәуекел сипаты ұқсас клиенттерге (яғни, сипатына қарыз алушының түрі, кредиттің нысаналы мақсаты, қамсыздандыру түрі, кедиттеу мерзімі және басқа да факторлар кіреді) берілген несиелер. Ұжымдық бағалау жеке бағалау кезінде құнсызданудан түскен шығындары жоқ жекелеген елеулі қарыздар бойынша және жекелеп елеулі емес кредиттер бойынша жүргізіледі.

ККБ құсызданбаған қарыздарды келесі топтар бойынша жіктейді:

Ішкі рейтингтер BBB және BBB-: кредит сапасы қолайлы немесе салыстырмалы қолайлы. Қарыз алушының өз қаржылық міндеттемелерін орындауы бойынша сәйкес мүмкіндіктері бар, алайда ықтимал осал тұстары да болуы мүмкін.

Ішкі рейтингтері BB+, BB және BB-: кредит сапасы «жеткілікті»-ден бастап «салыстырмалы түрде жеткілікті»-ге дейін жіктеледі. Қарыз алушының орташа мерзімдік кезеңдегі өз қаржылық міндеттемелері бойынша жауап беру қабілетіне жағымсыз экономикалық жағдайлар немесе бизнестің жүргізілу талаптарының нашарлау әсер етуі мүмкін.

Ішкі рейтингтері B+, B және B-: кредит сапасы «салыстырмалы түрде осал»-дан «өте осал»-ға дейін жіктеледі. Қарыз алушының өз қаржылық міндеттемелері бойынша жауап беру қабілеті «жағымсыз жағдайлар басталған жағдайда нашарлауы әбден мүмкін»-нен «қаржылық көрсеткіштері мен құрылымдық кемшіліктері қайта құрылымдауды қажет етуі мүмкін деңгейге дейін нашарлаған»-ға дейін деп жіктеледі.

Ішкі рейтинг С: кредиттің қосарлы-стандартты сапасы және дефолтқа ұшырауы әбден анық. Қаржылық көрсеткіштер мен құрылымдық кемшіліктер бизнестің және/немесе қаржының қайта құрылымдалуын қажет ету мүмкіндігіне дейін нашарлаған.

| | 2017 жылғы 31 желтоқсан |
|---|---|
| Ұжымдық негізде бағаланатын, клиенттерге берілген қарыздар (құнсызданбаған) | 421,045 |
| BBB-, BBB | 36,746 |
| BB+, BB, BB- | 21,649 |
| B+, B, B- | 7,908 |
| C | 1,204 |
| ККБ клиенттеріне берілген құнсызданбаған қарыздар (резервтерді шегергенде) | 488,552 |
| ККБ клиенттеріне берілген құнсызданған қарыздар (резервтері шегерілгенде) | 275,800 |
| **ККБ КЛИЕНТТЕРІНЕ БЕРІЛГЕН БАРЛЫҚ ҚАРЫЗ (РЕЗЕРВТЕРДІ ШЕГЕРГЕНДЕ)** | **764,352** |

2017 ж. 31 желтоқсандағы жағдайға сәйкес ККБ қарыздары бойынша құнсыздануға жұмсалатын резервтер сомасы 39,670 миллион теңгені құрады, соның ішінде 23,095 миллион теңгесі ұжымдық негізде бағаланатын қарыздармен байланысты.

Келесі кестеде құнсызданған активтердің және мерзімі өткен, бірақ құнсызданбаған активтердің баланстық құны көрсетіледі:

| | Жеке-дара негізде бағаланатын қаржы активтері | | | | Ұжымдық негізде бағаланатын қаржы активтері | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Құнсызданбаған қаржы активтері | | Құнсызданған қаржы активтері | | | | |
| | Активтердің жалпы баланстық құны | Құнсыздану резервінің сомасы | Активтердің жалпы баланстық құны | Құнсыздану резервінің сомасы | Активтердің жалпы баланстық құны | Құнсыздану резервінің сомасы | 31.12.2017 ж. Барлығы |
| Кредиттік мекемелердегі қаражат | 87,736 | - | - | - | - | - | 87,736 |
| Сатуға арналған, қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар | 2,565,425 | - | 2,453 | (2,453) | - | - | 2,565,425 |
| Клиенттерге берілетін несиелер | 1,731,919 | (16,444) | 645,542 | (193,106) | 1,190,802 | (107,611) | 3,251,102 |
| Өзге қаржы активтері | 45,458 | - | 5,921 | (5,921) | - | - | 45,458 |

| | Жеке-дара негізде бағаланатын қаржы активтері | | | | Ұжымдық негізде бағаланатын қаржы активтері | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Құнсызданбаған қаржы активтері | | Құнсызданған қаржы активтері | | | | |
| | Активтердің жалпы баланстық құны | Құнсыздану резервінің сомасы | Активтердің жалпы баланстық құны | Құнсыздану резервінің сомасы | Активтердің жалпы баланстық құны | Құнсыздану резервінің сомасы | 31.12.2016 ж. Барлығы |
| Кредиттік мекемелердегі қаражат | 35,542 | - | - | - | - | - | 35,542 |
| Сатуға арналған, қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар | 601,431 | (1,807) | 2,077 | (2,077) | - | - | 599,624 |
| Клиенттерге берілетін несиелер | 1,286,972 | (14,836) | 425,587 | (172,748) | 891,776 | (97,168) | 2,319,583 |
| Өзге қаржы активтері | 3,537 | - | 7,736 | (4,516) | - | - | 6,757 |

| | Жеке-дара негізде бағаланатын қаржы активтері | | | | Ұжымдық негізде бағаланатын қаржы активтері | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Құнсызданбаған қаржы активтері | | Құнсызданған қаржы активтері | | | | |
| | Активтердің жалпы баланстық құны | Құнсыздану резервінің сомасы | Активтердің жалпы баланстық құны | Құнсыздану резервінің сомасы | Активтердің жалпы баланстық құны | Құнсыздану резервінің сомасы | 31.12.2015 ж. Барлығы |
| Кредиттік мекемелердегі қаражат | 44,993 | - | 7 | (7) | - | - | 44,993 |
| Сатуға арналған, қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар | 378,520 | - | 5,516 | (5,516) | - | - | 378,520 |
| Клиенттерге берілетін несиелер | 1,161,326 | (14,269) | 470,987 | (193,849) | 848,870 | (96,996) | 2,176,069 |
| Өзге қаржы активтері | 3,602 | - | 7,191 | (4,567) | - | - | 6,226 |

2017 жылғы 31 желтоқсандағы ахуал бойынша құнсызданбаған мерзімі өткен қарыздардың баланстық құны 6,165 миллион теңгені құрады (2016 жылғы 31 желтоқсанда – 769 миллион теңге; 2015 жылғы 31 желтоқсанда – 11,119 миллион теңге). Бұл қарыздар бойынша өткізілген мерзім 90 күннен аспайды.

## ӨТІМДІЛІК ТӘУЕКЕЛІ

Өтімділік тәуекелі – Топтың өз міндеттемелерін дер кезінде өтеуі үшін ақшалай қаражаттың жеткіліктілігін қамтамасыз ету қабілетсіздігіне байланысты тәуекел. Топтың өтімділік тәуекелі активті операциялар бойынша талаптардың мерзімі міндеттемелер бойынша өтеу мерзімімен сәйкессіздік (сәйкес келмеу) салдарынан туындайды.

Топтың қысқа мерзімді өтімділік тәуекелін басқару үшін Қазынашылық ақшалай қаражаттың қозғалысына күн сайын мониторинг және болжау жасайды. Ұзақ мерзімді өтімділік тәуекелін басқаруды өтімділіктің ұзақ мерзімді позицияларын талдау және елеуді кері позицияны түрлі әдістермен басқару бойынша шешімдер қабылдау арқылы АПКОМ жүзеге асырады.

Өтімділік тәуекелін басқару мақсатында Топ клиенттерге берілген несиелер бойынша төлемдер кестесін ескере отырып, қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерін талдайды. Төменде келтірілген кестелерде Топтың қысқа мерзім ішінде өтімді қаражатқа деген қажеттілігін қанағаттандыру үшін қашан да қолда болатын қаражат ретінде «1 айдан аз» деген бағанға қамтылған, пайда немесе шығын арқылы әділ құнмен бағаланатын бағалы қағаздарды қоспағанда, келісімшарт бойынша төлем жүргізілген күнге дейін қалған кезең негізінде топтастырылған қаржы активтері мен міндеттемелерге талдау берілген.

**2017 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН**

| | 1 айдан кем | 1 айдан 3 айға дейін | 3 айдан 1 жылға дейін | 1 жылдан 5 жылға дейін | 5 жылдан жоғары | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ:** | | | | | | |
| Ақшалай қаражат және оның баламалары | 1,746,100 | 34,448 | - | - | - | 1,780,548 |
| Міндетті резервтер | 67,863 | 7,264 | 25,913 | 4,372 | 5,627 | 111,039 |
| Пайда немесе шығын арқылы әділ құнмен бағаланатын қаржы активтері | 88,026 | 165 | 37,695 | 9,040 | 10,050 | 144,976 |
| Кредиттік мекемелердегі қаражат | 41,090 | 26,417 | 14,838 | 3,056 | 2,335 | 87,736 |
| Сатуға арналған, қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар | 370,578 | 166,677 | 347,918 | 639,530 | 1,040,722 | 2,565,425 |
| Клиенттерге берілген қарыз | 297,204 | 276,167 | 1,911,598 | 598,089 | 168,044 | 3,251,102 |
| Өзге қаржы активтері | 22,224 | 1,245 | 3,868 | 18,121 | - | 45,458 |
| | **2,633,085** | **512,383** | **2,341,830** | **1,272,208** | **1,226,778** | **7,986,284** |
| **ҚАРЖЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ:** | | | | | | |
| Клиенттердің қаражаты | 2,856,379 | 415,118 | 1,449,676 | 1,065,364 | 345,213 | 6,131,750 |
| Кредит мекемелерінің қаражаты | 162,072 | 189 | 2,340 | 8,723 | 81,827 | 255,151 |
| Пайда немесе шығын арқылы әділ құнмен бағаланатын қаржы міндеттемелері | 244 | - | 492 | 5,095 | - | 5,831 |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | 13,030 | 4,046 | 114,024 | 578,030 | 253,266 | 962,396 |
| Өзге қаржы міндеттемелері | 31,529 | 3,034 | 3,370 | 260 | 12,180 | 50,373 |
| | **3,063,254** | **422,387** | **1,569,902** | **1,657,472** | **692,486** | **7,405,501** |
| **НЕТТО ПОЗИЦИЯ** | **(430,169)** | **89,996** | **771,928** | **(385,264)** | **534,292** | |
| **ЖИНАҚТАЛҒАН АЙЫРМАШЫЛЫҚ** | **(430,169)** | **(340,173)** | **431,755** | **46,491** | **580,783** | |

**2016 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН**

| | 1 айдан кем | 1 айдан 3 айға дейін | 3 айдан 1 жылға дейін | 1 жылдан 5 жылға дейін | 5 жылдан жоғары | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ:** | | | | | | |
| Ақшалай қаражат және оның баламалары | 1,774,519 | - | - | - | - | 1,774,519 |
| Міндетті резервтер | 49,593 | 3,972 | 18,368 | 3,650 | 539 | 76,122 |
| Пайда немесе шығын арқылы әділ құнмен бағаланатын қаржы активтері | 251,544 | - | 77,193 | - | - | 328,737 |
| Кредиттік мекемелердегі қаражат | 9,685 | 11,281 | 10,930 | 2,183 | 1,463 | 35,542 |
| Сатуға арналған, қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар | 13,290 | 79,328 | 269,298 | 78,463 | 159,245 | 599,624 |
| Клиенттерге берілетін несиелер | 146,771 | 236,233 | 1,526,644 | 286,133 | 123,802 | 2,319,583 |
| Өзге қаржы активтері | 3,782 | 2,554 | 364 | 5 | 52 | 6,757 |
| | **2,249,184** | **333,368** | **1,902,797** | **370,434** | **285,101** | **5,140,884** |
| **ҚАРЖЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ:** | | | | | | |
| Клиенттердің қаражаты | 2,046,317 | 226,071 | 784,955 | 694,228 | 69,091 | 3,820,662 |
| Кредит мекемелерінің қаражаты | 52,961 | 1,532 | 7,028 | 30,333 | 70,280 | 162,134 |
| Пайда немесе шығын арқылы әділ құнмен бағаланатын қаржы міндеттемелері | 73 | 99 | - | 2,669 | - | 2,841 |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | 4,915 | 3,812 | 197,516 | 157,792 | 220,898 | 584,933 |
| Өзге қаржы міндеттемелері | 11,527 | 354 | 1,887 | 189 | 25 | 13,982 |
| | **2,115,793** | **231,868** | **991,386** | **885,211** | **360,294** | **4,584,552** |
| **НЕТТО ПОЗИЦИЯ** | **133,391** | **101,500** | **911,411** | **(514,777)** | **(75,193)** | |
| **ЖИНАҚТАЛҒАН АЙЫРМАШЫЛЫҚ** | **133,391** | **234,891** | **1,146,302** | **631,525** | **556,332** | |

**2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН**

| | 1 айдан кем | 1 айдан 3 айға дейін | 3 айдан 1 жылға дейін | 1 жылдан 5 жылға дейін | 5 жылдан жоғары | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ:** | | | | | | |
| Ақшалай қаражат және оның баламалары | 1,404,000 | 680 | - | - | - | 1,404,680 |
| Міндетті резервтер | 36,373 | 2,864 | 20,677 | 4,522 | 3,953 | 68,389 |
| Пайда немесе шығын арқылы әділ құнмен бағаланатын қаржы активтері | 8,271 | 8,058 | 86,331 | 74,410 | - | 177,070 |
| Кредит мекемелеріндегі қаражат | 6,735 | 49 | 21,413 | 8,364 | 8,432 | 44,993 |
| Сатуға арналған, қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар | 1,786 | 3,197 | 42,015 | 156,592 | 174,930 | 378,520 |
| Клиенттерге берілген қарыз* | 145,257 | 217,322 | 1,443,491 | 258,976 | 111,023 | 2,176,069 |
| Өзге қаржы активтері | 3,666 | 1,375 | 1,159 | 3 | 23 | 6,226 |
| | **1,606,088** | **233,545** | **1,615,086** | **502,867** | **298,361** | **4,255,947** |
| **ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ:** | | | | | | |
| Клиенттердің қаражаты | 1,512,389 | 157,208 | 1,251,201 | 38,008 | 84,925 | 3,043,731 |
| Кредит мекемелерінің қаражаты | 65,353 | 140 | 1,142 | 8,879 | 92,744 | 168,258 |
| Пайда немесе шығын арқылы әділ құнмен бағаланатын қаржылық міндеттемелері | 5,593 | - | - | - | - | 5,593 |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | 4,973 | 3,802 | 7,366 | 202,178 | 379,206 | 597,525 |
| Өзге қаржы міндеттемелері | 10,671 | 315 | 1,551 | 183 | 11 | 12,731 |
| | **1,598,979** | **161,465** | **1,261,260** | **249,248** | **556,886** | **3,827,838** |
| **НЕТТО ПОЗИЦИЯ** | **7,109** | **72,080** | **353,826** | **253,619** | **(258,525)** | |
| **ЖИНАҚТАЛҒАН АЙЫРМАШЫЛЫҚ** | **7,109** | **79,189** | **433,015** | **686,634** | **428,109** | |

* Бағандағы клиенттерге берілетін қарыздарға «3 айдан 1 жылға» стандарттық емес өтелу мерзімі бар қарыздар кіреді.

Активтер мен міндеттемелер олардың шарттар бойынша және төлемдер кестелері бойынша мерзімдерінің негізінде есепке алынады. Топ клиенттерге берілген ұзақ мерзімді заемдардың бір бөлігін Топ шығарған тиісті хабарламасынан кейін он айдың ішінде бір жақты тәртіпте қайта шақыруға құқылы.

Топ міндеттемелерінің елеулі үлесі клиенттердің мерзімді депозиттерінен, корпоративтік клиенттер мен жеке тұлғалардың ағымдағы шоттарынан және шығарылған борыштық бағалы қағаздардан құралады.

Басшылықтың пікірінше, талап етілгенге дейінгі және 1 айға дейінгі мерзіммен тартылған ағымдағы шоттар мен клиенттердің депозиттерінің ауқымды бөлігін құрайтынына қарамастан, мұндай депозиттерді салымшылардың санына және түріне қарай әртараптандыру, сондай-ақ Топтың өткен кезеңдерде жинақтаған тәжірибесі көрсетіп отырғандай, бұл депозиттер Топ қызметін қаржыландырудың ұзақ мерзімді және тұрақты көзін құрап отыр. Тиісінше, ағымдағы шоттардың елеулі үлесі өтімділікті талдау және басқару үшін тұрақты ресурс болып табылады.

Өтімділік тәуекелінің одан әрі талдамасы төменде келтірілген кестеде ХҚЕС (IFRS) 7-ге сәйкес берілген. Аталған кестеде көрсетілген көлемде қаржылық жағдай туралы біріктірілген есепте берілген мөлшерге сәйкес келмейді, өйткені осы презентацияға қаржы міндеттемелері және шартты қаржы міндеттемелері бойынша болашақта жасалатын төлемдерге шарт бойынша төлем мерзіміне қарай жасалған талдау қоса енгізілген (пайыздық төлемдерді қоса).

| ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР | 1 айдан кем | 1 айдан 3 айға дейін | 3 айдан 1 жылға дейін | 1 жылдан 5 жылға дейін | 5 жылдан жоғары | 31.12.2017 Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Клиенттердің қаражаты | 2,856,545 | 423,508 | 1,495,277 | 1,169,878 | 453,040 | 6,398,248 |
| Кредиттік мекемелердің қаражаты | 163,467 | 5,130 | 4,222 | 13,277 | 114,284 | 300,380 |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | 21,823 | 15,357 | 162,061 | 783,357 | 322,025 | 1,304,623 |
| Өзге қаржылық міндеттемелер | 31,529 | 3,034 | 3,370 | 260 | 12,180 | 50,373 |
| Берілген кепілдіктер | 300,565 | - | - | - | - | 300,565 |
| Коммерц. аккредитивтер | 70,454 | - | - | - | - | 70,454 |
| Несиелер беру бойынша міндеттеме | 59,056 | - | - | - | - | 59,056 |
| | **3,503,439** | **447,029** | **1,664,930** | **1,966,772** | **901,529** | **8,483,699** |
| Туынды қаржы құралдары бойынша активтер | 1,147,769 | - | - | 38,877 | - | 1,186,646 |
| Туынды қаржы құралдары бойынша міндеттемелер | 1,110,842 | - | - | 41,912 | - | 1,152,754 |

| ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР | 1 айдан кем | 1 айдан 3 айға дейін | 3 айдан 1 жылға дейін | 1 жылдан 5 жылға дейін | 5 жылдан жоғары | 31.12.2016 Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Клиенттердің қаражаты | 2,047,509 | 228,164 | 810,823 | 741,741 | 110,798 | 3,939,035 |
| Кредиттік мекемелердің қаражаты | 53,281 | 1,544 | 7,169 | 31,140 | 99,992 | 193,126 |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | 10,697 | 8,749 | 222,782 | 267,758 | 277,951 | 787,937 |
| Өзге қаржы міндеттемелері | 11,527 | 354 | 1,887 | 189 | 25 | 13,982 |
| Берілген кепілдіктер | 173,226 | - | - | - | - | 173,226 |
| Коммерциялық аккредитивтер | 27,026 | - | - | - | - | 27,026 |
| Несиелер беру бойынша міндеттеме | 15,445 | - | - | - | - | 15,445 |
| | **2,338,711** | **238,811** | **1,042,661** | **1,040,828** | **488,766** | **5,149,777** |
| Туынды қаржы құралдары бойынша активтер | 17,595 | 27,091 | 166,645 | 25,823 | - | 237,154 |
| Туынды қаржы құралдары бойынша міндеттемелер | 17,475 | 26,312 | 89,962 | 28,470 | - | 162,219 |

| ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР | 1 айдан кем | 1 айдан 3 айға дейін | 3 айдан 1 жылға дейін | 1 жылдан 5 жылға дейін | 5 жылдан жоғары | 31.12.2015 Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Клиенттер қаражаты | 1,513,423 | 157,975 | 1,289,364 | 40,141 | 131,846 | 3,132,749 |
| Кредиттік мекемелердің қаражаты | 65,908 | 158 | 1,213 | 9,815 | 121,931 | 199,025 |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | 11,135 | 8,739 | 42,555 | 353,676 | 436,265 | 852,370 |
| Өзге қаржы міндеттемелері | 10,674 | 315 | 1,551 | 183 | 8 | 12,731 |
| Берілген кепілдіктер | 186,306 | - | - | - | - | 186,306 |
| Коммерц. аккредитивтер | 17,064 | - | - | - | - | 17,064 |
| Несиелер беру бойынша міндеттеме | 35,178 | - | - | - | - | 35,178 |
| | **1,839,688** | **167,187** | **1,334,683** | **403,815** | **690,050** | **4,435,423** |
| Туынды қаржы құралдары бойынша активтер | 99,199 | 38,492 | 376,966 | - | - | 514,657 |
| Туынды қаржы құралдары бойынша міндеттемелер | 97,336 | 33,218 | 113,943 | 100,439 | - | 344,936 |

## НАРЫҚТЫҚ ТӘУЕКЕЛ

Нарықтық тәуекел дегеніміз – Топтың табысына немесе капиталына немесе оның іскерлік мақсатқа қол жеткізу қабілетіне пайыздық мөлшерлемелер, валюта бағамдары, бағалы қағаздардың котировкалары және басқа да негізгі параметрлері секілді нарықтық параметрлер өзгерістерінің кері әсерін тигізу тәуекелі.

Топ нарықтық тәуекелдерді мынадай құрамды бөліктерге бөледі:

- Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелі (пайыздық тәуекел);
- Шетел валюталарының айырбас бағамдарының өзгеру тәуекелі (валюталық тәуекел);
- Бағалы қағаздар портфелінің бағасы өзгеру тәуекелі (бағалық тәуекел).

Нарықтық тәуекелді басқару мақсаты тәуекел/кірістілік арақатынасын оңтайландыру, қолайсыз оқиғалар жүзеге асырылған кезде шығынды азайту және іс жүзіндегі қаржылық нәтиженің күтілген нәтижеден ауытқу мәнін төмендету болып табылады.

Нарықтық тәуекелді басқару бағалы қағаздардың портфельдерін басқарудан, валюталар бойынша ашылған позицияларды басқарудан, пайыздық мөлшерлемелерді басқарудан және туынды қаржы құралдарын басқарудан құралады. Осы мақсатта АПКОМ бағалы қағаздар портфельдерінің, ашылған позициялардың, стоп-лосс лимиттерінің және басқа да шектеулердің лимиттерін белгілейді. Нарықтық тәуекел лимиттері жылына бір реттен сирек емес қайта қаралып отырады және тұрақты бақыланады.

## ПАЙЫЗДЫҚ ТӘУЕКЕЛ

Топ пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекеліне ұшырайды. Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелі нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің қолайсыз өзгерісі салдарынан пайыздық табыстың азаю, пайыздық шығыстардың ұлғаю немесе капиталға кері әсер ету тәуекелі ретінде айқындалады.

Топ пайыздық тәуекелдің екі түрін бөледі:

- Әділ құнының өзгерісі капитал арқылы көрсетілетін бағалы қағаздардың портфельдері бойынша пайыздық тәуекел;
- Пайыздық мөлшерлемелердің өзгерісіне сезімтал (сыйақы мөлшерлемесінің өзгеру тәуекелі) активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдерінің сәйкес келмеуінен туындайтын (пайыздық мөлшерлемелерді қайта қарау) пайыздық тәуекел.

АПКОМ оң пайыздық маржаны қамтамасыз ете отырып, Топтың пайыздық мөлшерлемелері бойынша позициясын басқару арқылы пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелін және нарықтық тәуекелді басқарады.

Топ Пайыздық тәуекелдерді басқару және бақылау қағидаттары туралы Базель құжатында сипатталған тәсілді пайдалана отырып, пайыздық тәуекелге ұшырағыштық деңгейін анықтау арқылы пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелін басқарады. Бұл тәсіл активтер және міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемелердің параллельдік өзгеру әсерін тестілеу жолымен Топтың пайыздық тәуекелге ұшырағыштық деңгейін анықтайды.

## ПАЙЫЗДЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРДІҢ ӨЗГЕРІСІНЕ СЕЗІМТАЛДЫҚТЫ ТАЛДАУ

Төмендегі кестеде өзгерістер негізінде мүмкін деп табылған пайыздық тәуекелдің өзгерісі негізінде пайыздық тәуекелге сезімталдықтың талдауы ұсынылған. Топ пайыздық мөлшерлемелердің мүмкін болатын өзгерістерін осы пайыздық мөлшерлемелердің түрлі құбылмалылығына байланысты, қаржы активтері мен міндеттемелері белгіленген теңгедегі және шетел валютасында жеке-жеке бағалайды. Сонымен қатар теңгедегі пайыздық мөлшерлемелер өзгерістерінің сценарийі 2015 жылдың аяғында енгізілген ақша-кредит саясатының құралы ретінде ҚРҰБ базалық мөлшерлемесінің динамикасын ескереді. 2016 жылы Топ шетел валютасында деноминацияланған қаржы активтері мен міндеттемелерінің тиімділігін жеке үлестіре отырып, пайыздық тәуекелге сезімталдықты талдауды ұсынудың тәсілдемесін өзгертті. 2017 жылы Топ ҚРҰБ базалық мөлшерлеме динамикасын ескергенде 2017 ж. теңгемен пайыздық мөлшерлеменің ықтимал өзгерістерін қайта қарастырды.

Салық төленгенге дейінгі пайдаға ықпал ету - пайыздық мөлшерлемедегі жол берілетін өзгерістердің қаржы активтері мен міндеттемелердің құбылмалы мөлшерлемесі негізінде 2017, 2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанындағы мәліметке сәйкес әділ құнмен есепке алынатын бір жыл ішіндегі таза пайыздық табысқа тигізетін әсері және тіркелімді пайыздық мөлшерлемелі құралдарды қайта бағалаудың әділ құнмен есепке алынатын әсері. Топ басшысының пікірінше, табыс салығы пайыздық тәуекелді басқаруға елеулі ықпал тигізбейді.

2017, 2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанындағы мәліметке сәйкес активтер құнынан салық төленгенге дейінгі пайдаға әсері былайша берілген:

| | 31.12.2017 ж. | | 31.12.2016 ж. | | 31.12.2015 ж. | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Пайыздық мөлшер-леме Теңге +2% Шетел валютасы +2% | Пайыздық мөлшер-леме Теңге -2% Шетел валютасы -2% | Пайыздық мөлшер-леме Теңге +4% Шетел валютасы +2% | Пайыздық мөлшер-леме Теңге -4% Шетел валютасы -2% | Пайыздық мөлшер-леме +2% | Пайыздық мөлшер-леме -2% |
| **ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ:** | | | | | | |
| Клиенттерге несиелер | 2,196 | (2,196) | 2,043 | (2,043) | 1,682 | (1,682) |
| Теңге | - | - | 485 | (485) | қолданылмайды | қолданылмайды |
| Шетел валютасы | 2,196 | (2,196) | 1,558 | (1,558) | қолданылмайды | қолданылмайды |
| **ҚАРЖЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ:** | | | | | | |
| Кредит мекемелерінің қаржысы | 8 | (8) | 10 | (10) | - | - |
| Теңге | - | - | - | - | қолданылмайды | қолданылмайды |
| Шетел валютасы | 8 | (8) | 10 | (10) | қолданылмайды | қолданылмайды |
| **САЛЫҚ ТӨЛЕНГЕНГЕ ДЕЙІНГІ ПАЙДАҒА ТАЗА ӘСЕРІ** | **2,188** | **(2,188)** | **2,033** | **(2,033)** | **1,682** | **(1,682)** |

Капиталға ықпал - бұл бөлінбеген пайдадағы өзгерістер нәтижесінде туындаған пайыздық мөлшерлемедегі жол берілетін өзгерістер әсері және сатуға арналған, пайыздық мөлшерлемесі тіркелімді, қолда бар инвестициялық бағалы қағаздарды қайта бағалаудың әсері.

2017, 2016 және 2015 жылғы 31 желтоқсандағы есептеме бойынша активтер мен міндететтемелерден капиталға ықпалы былайша берілген:

| | 31.12.2017 ж. | | 31.12.2016 ж. | | 31.12.2015 ж. | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Пайыздық мөлшер-леме Теңге +2% Шетел валютасы +2% | Пайыздық мөлшер-леме Теңге -2% Шетел валютасы -2% | Пайыздық мөлшер-леме Теңге +4% Шетел валютасы +2% | Пайыздық мөлшер-леме Теңге -4% Шетел валютасы -2% | Пайыздық мөлшер-леме +2% | Пайыздық мөлшер-леме -2% |
| **ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ:** | | | | | | |
| Клиенттерге несиелер | 2,196 | (2,196) | 2,043 | (2,043) | 1,682 | (1,682) |
| Теңге | - | - | 485 | (485) | қолданылмайды | қолданылмайды |
| Шетел валютасы | 2,196 | (2,196) | 1,558 | (1,558) | қолданылмайды | қолданылмайды |
| Сатуға арналған, қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар | (158,682) | 158,682 | (30,105) | 30,105 | (30,024) | 30,024 |
| Теңге | (127,858) | 127,858 | (14,173) | 14,173 | - | - |
| Шетел валютасы | (30,824) | 30,824 | (15,932) | 15,932 | - | - |
| **ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР:** | | | | | | |
| Кредиттік мекемелер-дің қаражаты | 8 | (8) | 10 | (10) | - | - |
| Теңге | - | - | - | - | қолданылмайды | қолданылмайды |
| Шетел валютасы | 8 | (8) | 10 | (10) | қолданылмайды | қолданылмайды |
| **КАПИТАЛҒА ТАЗА ЫҚПАЛЫ** | **(156,478)** | **156,478** | **(28,052)** | **28,052** | **(28,342)** | **28,342** |

## ВАЛЮТАЛЫҚ ТӘУЕКЕЛ

Топ валюталық тәуекелге ұшырауы мүмкін. Бұл тәуекел Топтың қаржылық жағдайына кері әсерін тигізе алатын, шетел валюталары бойынша ашық позициялардың болуына және нарықтық айырбас бағамдарының қолайсыз өзгерістерінің болуына байланысты туындайтын тәуекел.

АПКОМ валюталық тәуекелді басқаруды ашық валюталық позицияны анықтау арқылы, теңгенің құнсыздануының болжамына және өзге де макроэкономикалық индикаторларға сүйене отырып іске асырады, бұл жәйт Топқа ұлттық және шетел валюталарының айырбас бағамындағы елеулі ауытқулардан болатын шығынды барынша азайтуға мүмкіндік береді.

Қазынашылық Топтың ашық валюталық позициясының реттеуші орган талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз ету мақсатында оған күнделікті бақылау жасап отырады.

Топ шетел валютасының (негізінен АҚШ долларының) әрекет етуші айырбастау бағамдарындағы ауытқулардың салдарынан туындайтын, қаржылық жағдайға, қызметтің нәтижелеріне және ақшалай қаражаттың қозғалысына әсерін тигізетін, күнделікті қадағаланып отыратын тәуекелге ұшырауы ықтимал. АПКОМ валюта түрлеріне қарай тәуекел деңгейінің лимиттерін Директорлар Кеңесі бекіткен өкілеттік шеңберінде белгілейді. Бұл лимиттер реттеуші орган белгілеген ең төменгі талаптарға сәйкес келеді.

Топтың негізгі ақша ағымдары негізінен теңгемен және АҚШ долларымен генерацияланады. Соның салдарынан теңгенің АҚШ долларына қатысты айырбастау бағамының келешек тербелістері Топтың АҚШ долларымен өрнектелген ақшалай активтері мен міндеттемелерінің баланстық құнына ықпалын тигізе алады. Валюталық тәуекел қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептің баптарына және баланстан тыс позицияларға қатысты бағаланады. Топтың айырбастау бағамдарының тербелістеріне ағымдағы сезіктілігі баланстан тыс баптар қаржылық жағдай туралы есептің баптарын елеулі бейтараптандыратына байланысты тиімді деңгейде болады.

Топтың валюталық тәуекелге ұшырауы төмендегідей берілген:

| 2017 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН | АҚШ доллары | Евро | Ресей рублі | Басқалары | Барлығы шетел валютасы | Теңге | БАРЛЫҒЫ |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ** | | | | | | | |
| Ақша қаражаты және оның баламалары | 1,109,425 | 46,437 | 45,162 | 61,609 | 1,262,633 | 517,915 | 1,780,548 |
| Міндетті резервтер | 39,987 | 648 | 1,081 | 1,945 | 43,661 | 67,378 | 111,039 |
| Пайда немесе шығын арқылы әділ құнмен бағаланатын қаржы активтері | 10,674 | - | 2,628 | 283 | 13,585 | 131,391 | 144,976 |
| Кредиттік мекемелердегі қаражат | 20,107 | 1,002 | 17,897 | - | 39,006 | 48,730 | 87,736 |
| Сатуға арналған, қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар | 571,589 | 7,818 | 6,151 | 11,890 | 597,448 | 1,967,977 | 2,565,425 |
| Клиенттерге берілетін несиелер | 888,479 | 40,131 | 22,775 | 14,149 | 965,534 | 2,285,568 | 3,251,102 |
| Өзге қаржы активтері | 1,785 | 2,466 | 2,220 | 114 | 6,585 | 38,873 | 45,458 |
| | **2,642,046** | **98,502** | **97,914** | **89,990** | **2,928,452** | **5,057,832** | **7,986,284** |
| **ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР** | | | | | | | |
| Клиенттердің қаражаты | 3,192,513 | 118,900 | 56,485 | 34,852 | 3,402,750 | 2,729,000 | 6,131,750 |
| Кредиттік мекемелердің қаражаты | 25,698 | 690 | 281 | 943 | 27,612 | 227,539 | 255,151 |
| Пайда немесе шығын арқылы әділ құнмен бағаланатын қаржылық міндеттемелері | - | - | 213 | - | 213 | 5,618 | 5,831 |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | 483,213 | - | 353 | - | 483,566 | 478,830 | 962,396 |
| Өзге қаржылық міндеттемелері | 14,369 | 279 | 684 | 628 | 15,960 | 34,413 | 50,373 |
| | **3,715,793** | **119,869** | **58,016** | **36,423** | **3,930,101** | **3,475,400** | **7,405,501** |
| **БАЛАНС БОЙЫНША НЕТТО ПОЗИЦИЯ** | **(1,073,747)** | **(21,367)** | **39,898** | **53,567** | **(1,001,649)** | **1,582,432** | **580,783** |
| **БАЛАНСТАН ТЫС НЕТТО ПОЗИЦИЯ** | **1,103,118** | **21,258** | **(37,399)** | **(47,001)** | **1,039,976** | **(995,954)** | |
| **НЕТТО ПОЗИЦИЯ** | **29,371** | **(109)** | **2,499** | **6,566** | **38,327** | **586,478** | |

| 2016 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН | АҚШ доллары | Евро | Ресей рублі | Басқалары | Барлығы шетел валютасы | Теңге | БАРЛЫҒЫ |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ** | | | | | | | |
| Ақша қаражаты және оның баламалары | 1,628,322 | 30,673 | 16,915 | 14,921 | 1,690,831 | 83,688 | 1,774,519 |
| Міндетті резервтер | 47,789 | 1,055 | 364 | 1,359 | 50,567 | 25,555 | 76,122 |
| Пайда немесе шығын арқылы әділ құнмен бағаланатын қаржы активтері | 764 | - | - | 150 | 914 | 327,823 | 328,737 |
| Кредиттік мекемелердегі қаражат | 6,907 | - | 4,103 | - | 11,010 | 24,532 | 35,542 |
| Сатуға арналған, қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар | 252,328 | 3,591 | 1,939 | 2,916 | 260,774 | 338,850 | 599,624 |
| Клиенттерге берілетін несиелер | 710,067 | 8,793 | 14,921 | 13,261 | 747,042 | 1,572,541 | 2,319,583 |
| Өзге қаржы активтері | 628 | 88 | 117 | 85 | 747,042 | 5,839 | 6,757 |
| | **2,646,805** | **44,200** | **38,359** | **32,692** | **2,762,056** | **2,378,828** | **5,140,884** |
| **ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР** | | | | | | | |
| Клиенттердің қаражаты | 2,431,736 | 45,087 | 5,879 | 14,664 | 2,497,366 | 1,323,296 | 3,820,662 |
| Кредиттік мекемелердің қаражаты | 35,749 | 519 | 146 | 855 | 37,269 | 124,865 | 162,134 |
| Пайда немесе шығын арқылы әділ құнмен бағаланатын қаржылық міндеттемелері | - | - | 199 | - | 199 | 2,642 | 2,841 |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | 359,521 | - | - | - | 359,521 | 225,412 | 584,933 |
| Өзге қаржылық міндеттемелері | 852 | 108 | 437 | 318 | 1,715 | 12,267 | 13,982 |
| | **2,827,858** | **45,714** | **6,661** | **15,837** | **2,896,070** | **1,688,482** | **4,584,552** |
| **БАЛАНС БОЙЫНША НЕТТО ПОЗИЦИЯ** | **(181,053)** | **(1,514)** | **31,698** | **16,855** | **(134,014)** | **690,346** | **556,332** |
| **БАЛАНСТАН ТЫС НЕТТО ПОЗИЦИЯ** | **189,207** | **2,170** | **(27,150)** | **(9,442)** | **154,785** | **(78,808)** | |
| **НЕТТО ПОЗИЦИЯ** | **8,154** | **656** | **4,548** | **7,413** | **20,771** | **611,538** | |

## 2017 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН

| | АҚШ доллары | Евро | Ресей рублі | Басқалары | Барлығы шетел валютасы | Теңге | БАРЛЫҒЫ |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ** | | | | | | | |
| Ақша қаражаты және оның баламалары | 1,246,957 | 46,458 | 17,737 | 25,328 | 1,336,480 | 68,200 | 1,404,680 |
| Міндетті резервтер | 52,945 | 1,149 | 233 | 970 | 55,297 | 13,092 | 68,389 |
| Пайда немесе шығын арқылы әділ құнмен бағаланатын қаржы активтері | 1,000 | - | - | - | 1,000 | 176,070 | 177,070 |
| Кредиттік мекемелердегі қаражат | 14,829 | - | - | - | 14,829 | 30,164 | 44,993 |
| Сатуға арналған, қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар | 211,261 | 1,784 | 904 | 654 | 214,603 | 163,917 | 378,520 |
| Клиенттерге берілетін несиелер | 671,755 | 5,986 | 15,653 | 12,430 | 705,824 | 1,470,245 | 2,176,069 |
| Өзге қаржы активтері | 44 | 48 | 56 | 195 | 343 | 5,883 | 6,226 |
| | **2,198,791** | **55,425** | **34,583** | **39,577** | **2,328,376** | **1,927,571** | **4,255,907** |
| **ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР** | | | | | | | |
| Клиенттердің қаражаты | 2,247,718 | 54,362 | 6,085 | 12,511 | 2,320,676 | 723,055 | 3,043,731 |
| Кредиттік мекемелердің қаражаты | 22,732 | 545 | 1,952 | 1,332 | 26,561 | 141,697 | 168,258 |
| Пайда немесе шығын арқылы әділ құнмен бағаланатын қаржылық міндеттемелері | - | 2 | - | - | 2 | 5,591 | 5,593 |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | 364,241 | - | - | - | 364,241 | 233,284 | 597,525 |
| Өзге қаржылық міндеттемелері | 853 | 72 | 151 | 315 | 1,391 | 11,340 | 12,731 |
| | **2,635,544** | **54,981** | **8,188** | **14,158** | **2,712,871** | **1,114,967** | **3,827,838** |
| **БАЛАНС БОЙЫНША НЕТТО ПОЗИЦИЯ** | **(436,753)** | **444** | **26,395** | **25,419** | **(384,495)** | **812,604** | **428,109** |
| **БАЛАНСТАН ТЫС НЕТТО ПОЗИЦИЯ** | **462,886** | **37** | **(14,441)** | **(21,338)** | **427,144** | **(252,186)** | |
| **НЕТТО ПОЗИЦИЯ** | **26,133** | **481** | **11,954** | **4,081** | **42,649** | **560,418** | |

## ВАЛЮТАЛЫҚ ТӘУЕКЕЛГЕ СЕЗІМТАЛДЫҚТЫ ТАЛДАУ

Төменде келтірілген кестеде 2017, 2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанындағы мәліметке сәйкес Топты елеулі тәуекелге ұшыратып отырған валюталар және Топтың болжанған қаржылық ағымы туралы мәлімет берілген. Талдау валюта бағамының табыстар мен шығыстар туралы шоғырландырылған есепте тұрақты мән ретінде пайдаланылатын барлық өзгермелі мәндерінің негіздемелі ықтимал қозғалысының әсерін есептейді. Кестеде көрсетілген теріс мәнді сома пайда мен шығын туралы шоғырландырылған есептегі таза потенциалдық азаюды, ал оң мәнді сома таза жоғарылауды білдіреді. Валюталық тәуекелдің сезімталдығы баланстық та, баланстан тыс та валюталық позицияларды есепке алады. Топ басшылығының пікірінше, табыс салығы валюталық тәуекелді басқаруға елеулі ықпалын тигізбейді.

2015 және 2014 жылғы 31 желтоқсанындағы жағдайға сәйкес қаржы активтерінің құнына негізделген салық салынғанға дейінгі пайдаға және капиталға ықпал айырбастау бағамының волатильдігін талдау арқылы есептеледі. Валюта бағамы қозғалысының 25%-дан 30%-ға дейін өзгеруі ҚРҰБ жариялаған еркін құбылмалы айырбас бағамының режиміне өтумен байланысты болды. 2016 жылғы 31 желтоқсандағы есептемеге сәйкес қаржы активтерінің құнына негізделген, салық салынғанға дейінгі пайдаға және капиталға ықпал соңғы екі жылда айырбас бағамының динамикасының тарихи деректері бойынша есептелген айырбас бағамының жылдық волатильдігінің талдауын пайдалана отырып есептеледі:

| | 31.12.2017 ж. | | 31.12.2016 ж. | | 31.12.2015 ж. | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | +15% теңге/АҚШ доллары | -15% теңге/доллар США | +30% теңге/АҚШ доллары | -30% теңге/АҚШ доллары | +25% теңге/АҚШ доллары | -25% теңге/АҚШ доллары |
| **Салық салынғанға дейінгі пайдаға ықпалы** | 4,406 | (4,406) | 2,446 | (2,446) | 6,533 | (6,533) |
| | **31.12.2017 ж.** | | **31.12.2016 ж.** | | **31.12.2015 ж.** | |
| | +15% теңге/евро | -15% теңге/евро | +30% теңге/евро | -30% теңге/евро | +25% теңге/евро | -25% теңге/евро |
| **Салық салынғанға дейінгі пайдаға ықпалы** | (16) | 16 | 197 | (197) | 120 | (120) |
| | **31.12.2017 ж.** | | **31.12.2016 ж.** | | **31.12.2015 ж.** | |
| | +15% теңге/ресей рублі | -15% теңге/ресей рублі | +30% теңге/ресей рублі | -30% теңге/ресей рублі | +25% теңге/ресей рублі | -25% теңге/ресей рублі |
| **Салық салынғанға дейінгі пайдаға ықпалы** | 375 | (375) | 1,364 | (1,364) | 2,989 | (2,989) |

Капиталға ықпалы:

| | 31.12.2017 ж. | | 31.12.2016 ж. | | 31.12.2015 ж. | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | +15% теңге/АҚШ доллары | -15% теңге/АҚШ доллары | +30% теңге/АҚШ доллары | -30% теңге/АҚШ доллары | +25% теңге/АҚШ доллары | -25% теңге/АҚШ доллары |
| **Капиталға ықпалы** | 4,406 | (4,406) | 2,446 | (2,446) | 6,533 | (6,533) |
| | **31.12.2017 ж.** | | **31.12.2016 ж.** | | **31.12.2015 ж.** | |
| | +15% теңге/евро | -15% теңге/евро | +30% теңге/евро | -30% теңге/евро | +25% теңге/евро | -25% теңге/евро |
| **Капиталға ықпалы** | (16) | 16 | 197 | (197) | 120 | (120) |
| | **31.12.2017 ж.** | | **31.12.2016 ж.** | | **31.12.2015 ж.** | |
| | +15% теңге/ресей рублі | -15% теңге/ресей рублі | +30% теңге/ресей рублі | -30% теңге/ресей рублі | +25% теңге/ресей рублі | -25% теңге/ресей рублі |
| **Капиталға ықпалы** | 375 | (375) | 1,364 | (1,364) | 2,989 | (2,989) |

## СЕЗІМТАЛДЫҚТЫ ТАЛДАУҒА ШЕКТЕУ

Жоғарыда келтірілген кестелерде ең басты болжамға негізделген өзгерістер көрсетілген, себебі басқа жорамалдар өзгеріссіз қалады. Шындығына келгенде, жорамалдар мен басқа факторлар өзара байланысты болады. Сонымен қатар сезгіштіктің желілік емес сипаты бар екендігін де ескеру керек, сондықтан алынған нәтиже бойынша интерполяция немесе экстраполяция жүргізілмеуге тиіс.

Сезімталдықты Топтың активтер мен пассивтерді белсенді түрде басқару әрекетін есепке алмайды. Бұған қоса, Топтың қаржылық жағдайы нарықта болып жататын өзгерістерге қарай өзгеріске ұшырап отыруы мүмкін. Мәселен, Топтың қаржы активтерін басқару саласындағы стратегиясы нарықтағы ауытқулар тәуекелін басқаруға бағытталған. Бағалы қағаздар нарығында кенеттен бағалық шұғыл ауытқулар болған жағдайда басшылық инвестицияларды сату, инвестициялық портфель құрамын өзгерту, сондай-ақ басқа да қорғаныс әдістерін қолдана алады. Ендеше, жорамалдардың өзгеруі міндеттемелерге әсер ете алмайды және қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте нарықтық бағамен есепке алынатын активтерге елеулі ықпал ете алмайды. Мұндай жағдайда активтер мен міндеттемелерді бағалаудың түрлі әдістері капитал көлемінің елеулі ауытқуына әкеп соғуы мүмкін.

Әлеуетті тәуекелді ашып көрсету мақсатында жоғарыда келтірілген сезімталдықты талдаудағы басқа шектеулерге нарықтағы болжамды қозғалыстарды пайдалануды да қосуға болады, бұлар Топтың нарықта болатын болашақтағы өзгерістерге жасалған жорамалы ғана болып табылады, өйткені жорамалды қандай да бір сенімділікпен жасау мүмкін емес.

## БАҒАЛЫҚ ТӘУЕКЕЛ

Бағалық тәуекел - бұл нарықтық бағалардағы өзгеріс нәтижесінде қаржылық құрал құнында болатын өзгерістер тәуекелі және бұл жағдай жекелеген бағалы қағаз немесе оның эмитенті үшін ерекше факторлармен не болмаса рынокта айналымдағы бағалы қағаздардың барлығына ықпал ететін факторлардан туындайтындығына байланысты емес. Топ рыноктағы оның өнімдеріне ықпал ететін жалпылама немесе арнайы өзгерістер әсеріне байланысты бағалық тәуекелге ұшырап отырады.

Бағалық тәуекелді шектеу мақсатымен Топ сауда портфелінің потенциалдық шығындарын азайту мақсатымен сауда портфеліндегі бағалы қағаздар бойынша ең жоғарғы шығын (stop-loss) лимитін белгілейді.

Бағалық тәуекелді бағалау Банк іс жүзіндегі шығындар VaR мәніне сәйкес келетін шығындар деңгейінен артуы мүмкін жағдайда бір күн ішінде өзіне қабылдай алатын күтілген шығындар деңгейіне Expected shortfall (ES) лимиттерін белгілеу арқылы VaR әдісінің негізінде жүзеге асырылады.

VaR есептеулері мынадай параметрлердің негізінде жүргізіледі:

- есептік кезең – 252 жұмыс күні;
- сенімділік интервалы – 95%;
- пайдаланылатын әдіс – тарихи модельдеу әдісі.

Топ 2017,2016 және 2015жылғы 31 желтоқсанындағы мәліметке сәйкес бағалық тәуекелді болымсыз деп санайды, соған байланысты сандық ақпаратты ашудың қажеті жоқ.

# 35. КАПИТАЛ ЖЕТКІЛІКТІЛІГІН БАСҚАРУ

Топтың капиталды басқару кезіндегі мақсаты қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептегі «капитал» ұғымынан кеңірек және мынадай жәйттерді білдіреді:

- ҚРҰБ тарапынан капиталға қойылатын талаптарды орындау;
- Топтың өз қызметін үздіксіз қызмет істеу қағидатымен жалғастыру қабілетін Топтың пайда табуын әрі акционерлер мен өзге де мүдделі тұлғаларға табыс әкелуін қамтамасыз ете отырып қорғау; және
- Өз қызметін одан әрі дамыту үшін меншікті қаражат көлемін тиісінше қамтамасыз ету.

Капиталдың талап етілетін деңгейі жоғарыда көрсетілген мақсаттарды ескере отырып, жылдық бюджетті әзірлеу барысында белгіленеді және бұл Басқарма мен Директорлар кеңесі тарапынан мақұлданады. Қазіргі уақытта Топ капиталының жеткіліктілігі Базель комитетінің ескертулерін ала отырып, есепті қазақстандық Реттеу органының банктерге берілген пруденциялық нормативтердін талабы бойынша есептелінеді. 2016 жылғы 1 қаңтарынан бастап капиталды есептейтін кезде III Базель стандарттарының ескертулерін ала отырып, берілген қағидаттар мен әдістер пайдаланды. 2016 жылғы 1 қаңтарына дейін капиталды есептейтін кезде II Базель стандарттарына сәйкес берілген қағидаттар мен әдістер ескерілді. Тәуекел деңгейі бойынша есептелген активтер жергілікті Реттеу оргaндарының стандарттарына сәйкес есептелінеді.

Қазіргі уақытта нормативтік капитал:

- Банктің дұрыс жұмыс істеуін қолдау және шығындарды олар туындаған сәтте жұту үшін қажетті бірінші деңгейдегі капитал арқылы. Банк шығарған жай акцияларды, эмиссиялық табысты, бөлінбеген пайданы, өзге жинақталған жиынтықты табыстарды және ашылған резервтерді, регуляторлық түзетулерді (шегерімдер) қамтитын бірінші деңгейдегі базалық және қосымша капиталдан тұрады;
- Банк таратылғанда екінші деңгейдегі капитал арқылы шығындардың сіңіруін қамтамасыз ету үшін қажетті. Капиталдың бұл бөлігі банк шығарған құралдардан және шегерімдерден тұрады.

Тәуекелді ескере отырып есептелген активтер қаржы бөлудің тәуекел деңгейіне және олардың мүмкін болатын құнсыздануына байланысты бес топқа бөлінеді, қолайлы қамтамасыз етуді және кепілдіктерді есепке алумен, кредиттік, нарықтық және басқа қатысы бар тәуекелдердің бағасын - әр активтің және контрагенттің мәніне сәйкес есептеледі. Бұған ұқсас тәсіл әлеуетті шығындардың шартты табиғатын көрсету мақсатында бірқатар түзетулер жасалған баланстан тыс шоттар үшін де қабылданады.

Төменде берілген кестеде Топтың 2017, 2016 және 2015 жылдардағы 31 желтоқсанда аяқталған нормативтік капиталы мен коэффициенттер құрамы қорытындыланады. Осы үш жылдың ішінде Топ ішіндегі жекелеген компаниялар және Топ капиталға қатысты қойылатын сыртқы талаптардың барлығын орындады.

| | 31.12.2017 ж. | 31.12.2016 ж. | 31.12.2015 ж. |
|---|---|---|---|
| **НОРМАТИВТІК КАПИТАЛДЫҢ ҚҰРАМЫ**<br>**НЕГІЗГІ КАПИТАЛ**<br>Жарғылық капитал, сатып алынған өз акциялары шегерілген | 39,461 | 40,574 | 40,520 |
| Қосымша төленген капитал | 1,839 | 1,911 | 2,039 |
| Өткен кезеңдердің бөлінбеген пайдасы | 538,944 | 412,310 | 291,998 |
| Ағымдағы кезеңнің таза табысы | 173,362 | 131,412 | 120,312 |
| Жинақталған ашылған резервтер* | 73,362 | 73,359 | 73,353 |
| Бақыланбайтын үлесі | 72,441 | - | - |
| Сатуға арналған қолда бар негізгі қаражатты, инвестициялық бағалы қағаздарды қайта бағалау бойынша резервтер | 28,478 | 930 | 1,707 |
| Минус: іскерлік бедел және материалдық емес актив (2015 және 2014: іскерлік бедел | (11,336) | (14,133) | (4,954) |
| Минус: Бағамдағы айырма қоры | (6,570) | (5,097) | - |
| **НЕГІЗГІ КАПИТАЛ ЖИЫНЫ**<br>(2015: бірінші деңгейдегі капитал | 909,981 | 641,266 | 524,975 |
| **ҮСТЕМЕ КАПИТАЛ** | - | - | қолданылмайды |
| **ЕКІНШІ ДЕҢГЕЙДЕГІ КАПИТАЛ**<br>Субординирленген борыш | 109,082 | - | 5,508 |
| Екінші деңгейдегі капитал жиыны | 109,082 | - | 5,508 |
| Минус: қауымдасқан кәсіпорындарға инвестициялар | - | - | (65) |
| **НОРМАТИВТІК КАПИТАЛ ЖИЫНЫ** | **1,019,063** | **641,266** | **530,418** |
| Тәуекел деңгейіне қарай бағаланған активтер | 5,395,725 | 3,303,428 | 2,922,029 |
| **НЕГІЗГІ КАПИТАЛ ЖЕТКІЛІКТІЛІГІНІҢ КОЭФФИЦИЕНТІ** | **16.9%** | **19.4%** | **қолданылмайды** |
| **БІРІНШІ ДЕҢГЕЙДЕГІ КАПИТАЛ ЖЕТКІЛІКТІЛІГІНІҢ КОЭФФИЦИЕНТІ** | **16.9%** | **19.4%** | **18.0%** |
| **НОРМАТИВТІК КАПИТАЛ ЖЕТКІЛІКТІЛІГІНІҢ КОЭФФИЦИЕНТІ** | **18.9%** | **19.4%** | **18.2%** |

* 2017 жылғы 31 желтоқсандағы ахуал бойынша жинақталған ашылған резервтер 19,568 миллион теңге көлемінде динамикалық резервтерден және 53,794 миллион теңге көлемінде резервтік капиталдан құралған (2016 жылғы 31 желтоқсан: динамикалық резервтер 19,568 миллион теңге көлемінде және резервтік капитал 53,791 миллион теңге көлемінде; 2015 жылғы 31 желтоқсан: динамикалық резервтер 19,568 миллион теңге көлемінде және резервтік капитал 53,785 миллион теңге көлемінде).

2016 жылғы 1 қаңтарынан III Базель ұсыныстарын ескере отырып ҚРҰБ талаптары бойынша негізгі капитал жеткіліктілігі, бірінші деңгейдегі капитал және меншікті капитал коэффициенттерінің ең төменгі мағымасын 7.5%, 8.5% және 10.0% деңгейінде болуы тиіс, ол 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап жүйеқұрушы банктер үшін сәйкесінше 9.5%, 10.5% және 12.0% деңгейіне дейін артты. 2015 жылғы 1 қаңтарынан II Базель стандарттары бойынша капитал жеткіліктілігі және бірінші деңгейдегі капитал коэффициенттерінің ең төменгі мағымасын 8% және тиісінше 4% деңгейінде болуы тиіс.

# 36. СЕГМЕНТТІК АҚПАРАТ

Топты басқару және оның есептілігі үш негізгі операциялық сегментке негізделген – корпоративтік банктік қызметтер, шағым және орта бизнес клиенттеріне қызмет және бөлшек банктік қызметтер. Бұл сегменттер әр түрлі өнімдер мен қызметтер ұсынатын және бөлек-бөлек басқарылатын іскерлік белсенділіктің стратегиялық бірлігі болып табылады.

Бөлшек банктік қызметтер – ағымдағы шоттар бойынша операцияларды қоса алғанда, жеке тұлғаларға көрсетілетін банк қызметтері, салымдар, инвестициялық өнімдер, депозитарлық қызметтер, кредит және дебет карточкалары, тұтыну заемдары мен ипотекалық кредиттер, кассалық қызмет көрсету және шетел валютасымен жүргізілетін операциялар.

Корпоративтік банк қызметтер есептік және корреспонденттік шоттарды жүргізу, депозитарлық қызметтер, кастоди қызметтері, овердрафттар, заемдар беру және кредит беру саласындағы басқа қызметтерді, берілген кепілдіктер мен аккредитивтер бойынша құжаттамалық операцияларды, банк аралық нарықтағы операцияны, сондай-ақ есептік-кассалық қызмет көрсету мен шетел валютасымен мәмілелерді іске асырумен қоса корпоративтік клиенттер мен қаржы мекеме – клиенттері үшін банктік қызметтерді білдіреді.

Шағым және орта бизнес клиенттеріне қызметтер – есептік шоттарды жүргізуді, депозитарлық қызметтерді, овердрафттар, заемдар беруді және кредит беру саласындағы басқа қызметтерді, берілген кепілдіктер мен аккредитивтер бойынша құжаттамалық операцияларды, сондай-ақ есептік-кассалық қызмет көрсету мен шетел валютасымен мәмілелер жасауды қоса шағым және орта бизнес кәсіпорындары мен жеке кәсіпкерлер үшін банктік қызметтерді білдіреді.

Инвестициялық банкинг – нарықта бағалы қағаздарды сатып алу және сату қызметтерін көрсетеді.

Бөлінбеген сомалар – басқарушылық есептіліктің ішкі жүйелерінде Топтың бизнес-сигменттеріне бөлінбеген баланс пен табыстардың /шығындардың баптары, өйткені олар бизнес-бірлікке қатысты емес және бұл сала Топтың ағымдағы қызметінің шеңберіне кіреді. Бөлінбеген активтер - бұл жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықдар, материалдық емес активтер, сатуға арналған активтер, кассадағы қолма қол ақша мен басқа бөлінбеген активтер. Бөлінбеген міндеттемелерге мерзімі ұзартылған салықтық міндеттеме мен өзге бөлінбеген міндеттемелер кіреді. Бөлінбеген кірістерге негізгі және негізгі емес қызметтен түсетін өзге кірістер, сондай-ақ сақтандыру қызметінен түсетін табыстар кіреді. Бөлінбеген шығындарға дебиторлық берешек бойынша провизиялар, операциялық үстеме шығыстар, сақтандыру бойынша қызметтер мен пайдаға салынатын салық кіреді.

Төменде келтірілген сегменттік ақпарат ХҚЕС 8 талаптарына сәйкес, көрсеткіштерді бағалау үшін операциялық шешімдер қабылдайтын, Топтың жауапты тұлғасы болып табылатын Банк Басқармасының Төрағасы пайдаланатын қаржылық ақпарат негізінде беріліп отыр. Топ басшылығы сегменттердің әрқайсысы бойынша қаржылық ақпаратты, оның ішінде операциялық нәтижелерге, активтер мен міндеттемелерге берілетін бағаны қарастырады.

2017, 2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар ішінде операциялық сегменттер арасында операциялар болған жоқ.

2017, 2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанына және осы жылдарда аяқталған жылдар іші Топтың негізгі операциялық сегменттері бойынша сегменттік ақпарат төменде берілген:

| | Бөлшек банктік қызмет | Корпоративтік банктік қызмет | Шағын және орта бизнестерге банктік қызметтер | Инвестициялық банкинг | Бөлінбегендер | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **2017 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖӘНЕ ОСЫ КҮНІ АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДЫҢ АХУАЛЫ БОЙЫНША** | | | | | | |
| Сыртқы кіріс | 202,012 | 208,150 | 61,304 | 151,708 | 83,744 | 706,918 |
| **БАРЛЫҚ КІРІС** | **202,012** | **208,150** | **61,304** | **151,708** | **83,744** | **706,918** |
| **ЖАЛПЫ КІРІСКЕ МЫНАЛАР КІРЕДІ:** | | | | | | |
| - Пайыздық кірістер | 129,814 | 191,646 | 46,501 | 138,367 | - | 506,328 |
| - Қызметтер мен комиссиялардан кірістер | 62,404 | 9,140 | 13,533 | - | 2,563 | 87,640 |
| - Қолда бар, сатуға арналған инвестиц. бағалы қағаздардан түскен таза пайда | - | - | - | 1,064 | - | 1,064 |
| - Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер мен міндеттемелерден түсетін таза пайда | 9,794 | 5,995 | 1,243 | 12,267 | 2,124 | 31,423 |
| - Резервтердің орнын толтыру | - | 1,369 | 27 | 10 | 331 | 1,737 |
| - Сақтандыру қызметінен кірістер мен өзге кірістер | - | - | - | - | 78,726 | 78,726 |
| **БАРЛЫҚ ТАБЫС ЖИЫНТЫҒЫ** | **202,012** | **208,150** | **61,304** | **151,708** | **83,744** | **706,918** |
| - Пайыздық шығыстар | (116,689) | (71,830) | (7,558) | (61,728) | - | (257,805) |
| - Құнсыздану резервін (жасау)/орнын толтыру | (5,672) | (33,675) | (30,615) | 10 | 2,650 | (67,302) |
| - Қызметтер мен комиссиялар бойынша шығыстар | (24,101) | (1,258) | (347) | (34) | (992) | (26,732) |
| - Операциялық шығыстар | (58,423) | (6,242) | (17,478) | (5,659) | (19,550) | (107,352) |
| - Сатуға арналған активтердің құнсыздануынан болатын шығын | - | - | - | - | (4,978) | (4,978) |
| - Шетел валютасымен жасалған операциялар бойынша таза пайда/(шығын) | 7,975 | (9,633) | 9,937 | (11,047) | (2,181) | (4,949) |
| - Қайта сақтандыру шегерілгенде, жұмсалған сақтандыру өтемақылары | - | - | - | - | (48,615) | (48,615) |
| **БАРЛЫҚ ШЫҒЫСТАР** | **(196,910)** | **(122,638)** | **(46,061)** | **(78,458)** | **(73,666)** | **(517,733)** |
| **СЕГМЕНТ НӘТИЖЕСІ** | **5,102** | **85,512** | **15,243** | **73,250** | **10,078** | **189,185** |
| Салық салынғанға дейінгі пайда | | | | | | 189,185 |
| Табыс салығы бойынша шығыс | | | | | (25,598) | (25,598) |
| Тоқтатылған қызметтен түскен пайда | | | | | | 9,876 |
| **ТАЗА ПАЙДА** | | | | | | **173,463** |
| Сегменттік активтер жиытығы | 860,802 | 4,023,358 | 528,025 | 2,786,877 | 658,719 | 8,857,781 |
| Сегменттік міндеттемелер жиынтығы | 3,170,388 | 2,863,345 | 659,120 | 1,000,269 | 230,202 | 7,923,324 |
| **ӨЗГЕ СЕГМЕНТТІК АКТИВТЕР:** | | | | | | |
| Күрделі шығындар | | | | | (13,862) | (13,862) |
| Тозу және амортизация | | | | | (9,692) | (9,692) |

| | Бөлшек банктік қызмет | Корпоративтік банктік қызмет | Шағын және орта бизнестерге банктік қызметтер | Инвестициялық банкинг | Бөлінбегендер | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **2016 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖӘНЕ ОСЫ КҮНІ АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДЫҢ АХУАЛЫ БОЙЫНША** | | | | | | |
| Сыртқы кіріс | 172,209 | 144,785 | 46,648 | 48,678 | 33,626 | 445,946 |
| **БАРЛЫҚ КІРІС** | **172,209** | **144,785** | **46,648** | **48,678** | **33,626** | **445,946** |
| **ЖАЛПЫ КІРІСКЕ МЫНАЛАР КІРЕДІ:** | | | | | | |
| - Пайыздық кірістер | 102,124 | 148,012 | 32,222 | 50,205 | - | 332,563 |
| - Қызметтер мен комиссиялардан кірістер | 42,725 | 5,474 | 8,645 | 241 | 612 | 57,697 |
| - Қолда бар, сатуға арналған инвестиц. бағалы қағаздардан түскен таза пайда | - | - | - | 2,623 | - | 2,623 |
| - Шетел валютасымен жүргізілетін операциялардан таза шығын/(пайда) | 27,360 | (8,701) | 5,781 | (4,391) | (1,543) | 18,506 |
| - Қайта сақтандыру қызметінен түскен кірістер және өзге кіріс | - | - | - | - | 34,557 | 34,557 |
| **БАРЛЫҚ КІРІС** | **172,209** | **144,785** | **46,648** | **48,678** | **33,626** | **445,946** |
| - Пайыздық шығыстар | (65,525) | (44,636) | (4,566) | (45,822) | - | (160,549) |
| - Құнсыздану резервін (жасау)/орнын толтыру | (6,229) | (12,434) | (6,661) | 697 | (681) | (25,308) |
| - Қызметтер мен комиссиялар бойынша шығыстар | (10,307) | (247) | (201) | (181) | (359) | (11,295) |
| - Операциялық шығыстар | (35,993) | (3,754) | (11,200) | (1,791) | (14,257) | (66,995) |
| - Сатуға арналған активтердің құнсыздануынан келген шығындар | - | - | - | - | (1,564) | (1,564) |
| - Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер мен міндеттемелерден түсетін таза пайда | (52,581) | 29,273 | (5,246) | 12,077 | 3,767 | (12,710) |
| - Резервтерді (жасақтау)/қалпына келтіру | - | (56) | 18 | - | (6) | (44) |
| - Қайта сақтандыру шегерілгенде, жұмсалған сақтандыру өтемақылары | - | - | - | - | (24,799) | (24,799) |
| **БАРЛЫҚ ШЫҒЫСТАР** | **(170,635)** | **(31,854)** | **(27,856)** | **(35,020)** | **(37,899)** | **(303,264)** |
| **СЕГМЕНТ НӘТИЖЕСІ** | **1,574** | **112,931** | **18,792** | **13,658** | **(4,273)** | **142,682** |
| Салық салынғанға дейінгі пайда | | | | | | 142,682 |
| Пайдаға салынған салық бойынша шығыс | | | | | (22,183) | (22,183) |
| Тоқтаған қызметтен түскен пайда | | | | | | 10,913 |
| **ТАЗА ПАЙДА** | | | | | | **131,412** |
| Сегменттік активтер жиынтығы | 555,923 | 3,291,010 | 289,169 | 850,585 | 361,796 | 5,348,483 |
| Сегменттік міндеттемелер жиынтығы | 1,708,200 | 1,982,006 | 289,008 | 584,932 | 118,744 | 4,682,890 |
| **ӨЗГЕ СЕГМЕНТТЕР:** | | | | | | |
| Күрделі шығындар | | | | | (15,386) | (15,386) |
| Тозу және амортизация | | | | | (6,161) | (6,161) |

| | Бөлшек банктік қызмет | Корпоративтік банктік қызмет | Шағын және орта бизнестерге банктік қызметтер | Инвестициялық банкинг | Бөлінбегендер | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНА ЖӘНЕ ОСЫ КҮНІ АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ** | | | | | | |
| Сыртқы кіріс | 623,116 | (137,645) | 94,996 | (55,837) | 3,532 | 528,162 |
| **БАРЛЫҚ КІРІС** | **623,116** | **(137,645)** | **94,996** | **(55,837)** | **3,532** | **528,162** |
| **ЖАЛПЫ КІРІСКЕ МЫНАЛАР КІРЕДІ:** | | | | | | |
| - Пайыздық кірістер | 89,507 | 106,830 | 27,054 | 20,649 | - | 244,040 |
| - Қызметтер мен комиссиялардан кірістер | 38,550 | 4,578 | 7,874 | 779 | 137 | 51,918 |
| - Пайда немесе шығын арқылы әділ құнмен бағаланатын қаржы активтері мен міндеттемелер бойынша таза табыс/ (шығын) | 495,059 | (249,053) | 60,068 | (77,265) | (30,879) | 197,930 |
| - Сақтандыру қызметінен кірістер және өзге кірістер | - | - | - | - | 34,274 | 34,274 |
| **БАРЛЫҚ КІРІС** | **623,116** | **(137,645)** | **94,996** | **(55,837)** | **3,532** | **528,162** |
| - Пайыздық шығыстар | (40,210) | (22,974) | (3,238) | (34,256) | - | (100,678) |
| - Құнсыздану резервін (жасау)/орнын толтыру | (10,841) | 12,585 | (11,230) | (1,310) | (484) | (11,280) |
| - Қызметтер мен комиссиялар бойынша шығыстар | (9,044) | (244) | (183) | (21) | (658) | (10,150) |
| - Операциялық шығыстар | (36,325) | (4,403) | (7,108) | (4,031) | (13,528) | (65,395) |
| - Қолда бар, сатуға арналған инвестиц. бағалы қағаздардан түскен таза пайда | - | - | - | (246) | - | (246) |
| - Шетел валютасымен жасалған операциялар бойынша таза пайда/(залал) | (485,238) | 261,721 | (56,820) | 76,518 | 30,560 | (173,259) |
| - Құнсыздануға резервтер жасау | - | (319) | (41) | - | (8) | (368) |
| - Қайта сақтандыру шегерілгенде, жұмсалған сақтандыру өтемақылары | - | - | - | - | (22,793) | (22,793) |
| **БАРЛЫҚ ШЫҒЫС** | **(581,658)** | **246,366** | **(78,620)** | **36,654** | **(6,911)** | **(384,169)** |
| **СЕГМЕНТ НӘТИЖЕСІ** | **41,458** | **108,721** | **16,376** | **(19,183)** | **(3,379)** | **143,993** |
| Салық салынғанға дейінгі пайда | | | | | | 143,993 |
| Пайдаға салынған салық бойынша шығыстар | | | | | (30,411) | (30,411) |
| Қызметтің тоқтауынан түскен пайда | | | | | | 6,730 |
| **ТАЗА ПАЙДА** | | | | | | **120,312** |
| Барлық сегменттік активтер | 540,639 | 2,952,768 | 256,885 | 382,973 | 321,673 | 4,454,938 |
| Барлық сегменттік міндеттемелер | 1,468,313 | 1,484,783 | 259,757 | 597,755 | 114,402 | 3,925,010 |
| **ӨЗГЕ СЕГМЕНТТІК БАПТАР** | | | | | | |
| Күрделі шығындар | | | | | (17,131) | (17,131) |
| Тозу және амортизация | | | | | (5,663) | (5,663) |

* Топ 2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл үшін инвестициялық банкингпен байланысты сандық шектеуді өзгертумен байланысты жаңа сегментті бөлді және 2016 және 2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жылдар үшін сегмент нәтижелері тиісінше қайта саналды.

## ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АҚПАРАТ

Топ қызметі 2017, 2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанындағы және осы күнге аяқталатын жылдардағы жағдайға сәйкес келесі негізгі географиялық ақпаратты қамтиды:

| | Қазақстан | ЭЫДҰ мүшелері болып табылатын елдер | ЭЫДҰ мүшелері болып табылмайтын елдер | Жиынтығы |
|---|---|---|---|---|
| **2017** | | | | |
| Активтер жиынтығы | 7,833,566 | 768,199 | 256,016 | 8,857,781 |
| Сыртқы кіріс | 666,849 | 20,206 | 19,863 | 706,918 |
| Күрделі шығындар | (13,862) | - | - | (13,862) |
| **2016** | | | | |
| Активтер жиыны | 4,450,495 | 795,651 | 102,337 | 5,348,483 |
| Сыртқы табыс | 421,326 | 12,352 | 12,268 | 445,946 |
| Күрделі шығын | (15,386) | - | - | (15,386) |
| **2015** | | | | |
| Активтер жиыны | 4,101,191 | 262,578 | 91,169 | 4,454,938 |
| Сыртқы табыс | 520,867 | 609 | 6,686 | 528,162 |
| Күрделі шығын | (17,131) | - | - | (17,131) |

Қарыздарды беру бойынша алынатын сыртқы кіріс, активтер мен міндеттемелер контрагенттің нақты орналасқан еліне қарай бөлінген. Кассадағы қолма-қол ақша, жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықдар мен күрделі шығын нақты орналасқан ел бойынша бөлінген.

## 37. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ӘДІЛ ҚҰНЫ

ХҚЕС сәйкес әділ құнды бағалау - ол нарықтың қатысушылары арасында жасалатын жай мәміле шеңберінде актив сатылғанда алынатын немесе міндеттемелер берілгенде төленетін бағаны ескере отырып белгіленеді.

Тұрақты негіздегі әділ құн - Топтың қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерінің әділ құнымен есептелінуі.

Топтың қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерінің кейбірі әрбір есепті кезеңнің соңында әділ құнмен ескеріледі. Төмендегі кестеде осы қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерінің әділ құнының қандай жолмен анықталатыны туралы ақпарат келтірілген (атап айтқанда, пайдаланылатын бағалау әдістемелері мен бастапқы мәліметтер).

Келесі кестеде әділ құн бойынша бастапқы танылуынан кейін бағаланатын қаржы құралдарының талдауы, әділ құнды анықтау сатысының деңгейі бойынша ұсынылған. 1-ші және 3-ші деңгейлер нарықтық деректер негізінде әділ құнын тікелей белгілеу мүмкіндігіне сәйкес келеді.

Қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері әділ құнды бағалау үшін елеулі болып табылатын бастапқы мәліметтердің негізінде толығымен жіктеледі. Әділ құнды анықтау үшін бастапқы мәліметтердің елеулілігін басшылық тарапынан бағалау пайымдауды талап етеді және активтер мен міндеттемелерді бағалауға, сондай-ақ оларды әділ құн бойынша иерархияға жатқызуға әсерін тигізе алады.

Топтың пікірінше, олар бойынша котировкалық нарықтық бағасы жоқ қаржы құралдарын бағалауға байланысты есепке алу бағасы бағалаудағы белгісіздіктің негізгі көзі болып табылады, өйткені: (i) олар бір кезеңнен екіншісіне дейін қатты өзгеріске ұшырауы мүмкін, оған себеп басшылық тарапынан пайыздық мөлшерлемелер, волатильділік, айырбастау бағамдары, контрагенттің кредиттік рейтингі, бағалау түзетулері мен мәмілелердің айрықша ерекшеліктері бойынша топшылаулар жасауды талап етеді және (ii) бағалаудағы өзгерістерді тану қаржылық жағдай туралы біріктірілген есепте көрсетілген активтерге әсер етуі ықтимал, сондай-ақ табыс және шығыс туралы есепке тигізетін әсері елеулі болуы мүмкін.

Төменде келтірілген кесте 2017, 2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанындағы мәлімет бойынша құнсыздану резервін есепке алғанға дейін құнды айқындау әдістемесін пайдалана отырып әділ құны бойынша есепке алынатын Топтың қаржы активтері мен міндеттемелерін ашады.

| | Әділ құн | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Қаржы активтері/ қаржы міндеттемелері | 31.12.2017 ж. | 31.12.2016 ж. | 31.12.2015 ж. | Әділ құнның иерархиясы | Бағалау әдістемесі және маңызды бастапқы деректер | Маңызды бақыланбайтын бастапқы деректер | Бақыланбайтын бастапқы деректер мен әділ құнның тәуелділігі |
| Пайда немесе шығын арқылы әділ құнымен бағаланатын туынды емес қаржы активтері ( 8-ескертпе) | 105,253 | 250,961 | 1,757 | 1-деңгей | Сатып алушының активті нарықтағы белгіленетін бағалары Ақшалай қаржының дисконтталған ағымдары | Қолданылмайды | Қолданылмайды |
| Пайда немесе шығын арқылы әділ құнымен бағаланатын туынды қаржы активтері (8-ескертпе) | 147 | 1,093 | 1,509 | 2-деңгей | Ақшалай қаржының болашақтағы ағымдары форвардтық айырбастау бағамдары (есептік күнге белгіленген) мен әр түрлі контрагенттердің кредиттік тәуекелдерін көрсететін мөлшерлеме бойынша дисконтталған шарттық форвардтық бағамдарға қарай бағаланады.Қол жетімді дереккөздерден алынған LIBOR мөлшерлемесін қолданумен дисконтталған АҚШ долларындағы ақшалай қаржының болашақ ағымдары. Қол жетімді дереккөздерден алынған LIBOR мөлшерлемесі мен валюталық бағандардың негізінде есептелген, табыстылықтың ішкі нормасын пайдаланумен дисконтталған теңгедегі ақшалай қаржының болашақ ағымдары. Осы дисконтталған ақша ағымдарының таза ағымдағы құнының арасындағы айырмашылық бастапқы танылған кезде нөлге тең болуы тиіс. | Қолданылмайды | Қолданылмайды |
| Пайда немесе шығын арқылы әділ құнмен бағаланатын туынды қаржы активтері (8-ескертпе) | 39,576 | 76,683 | 173,804 | 3-деңгей | | Теңге бойынша табыстылықтың ішкі мөлшерлемесі | Жоғарыда теңге бойынша кірістің ішкі мөлшерлемесі – төменде әділ құн |
| **ПАЙДА НЕМЕСЕ ШЫҒЫН АРҚЫЛЫ ӘДІЛ ҚҰНМЕН БАҒАЛАНАТЫН ТУЫНДЫ ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІНІҢ ЖИЫНТЫҒЫ** | **144,976** | **328,737** | **177,070** | | | | |
| Пайда немесе шығын арқылы әділ құнмен бағаланатын туынды қаржы міндеттемелері - опциондарды қоспағанда (8-ескертпе) | 5,339 | 2,841 | 5,593 | 2-деңгей | Қолжетімді дереккөздерден алынған LIBOR мөлшерлемесін қолданумен дисконтталған АҚШ долларындағы ақшалай қаржының болашақ ағымдары. Қолжетімді дереккөздерден алынған LIBOR мөлшерлемесі мен валюталық бағандардың негізінде есептелген, табыстылықтың ішкі нормасын пайдаланумен дисконтталған теңгедегі ақшалай қаржының болашақ ағымдары. Осы дисконтталған ақша ағымдарының таза ағымдағы құнының арасындағы айырмашылық бастапқы танылған кезде нөлге тең болуы тиіс. | Қолданылмайды | Қолданылмайды |
| Пайда немесе шығын арқылы әділ құнмен бағаланатын қаржылық міндеттемелер (8-ескертпе) | 492 | - | - | 3-деңгей | | Теңге бойынша кірістің ішкі мөлшерлемесі | Теңге бойынша кірістің ішкі мөлшерлемесі бастапқыда құрал танылғанда есептеледі және әрі қарай қайта саналмайды |
| **ПАЙДА НЕМЕСЕ ШЫҒЫН АРҚЫЛЫ ӘДІЛ ҚҰНЫМЕН БАҒАЛАНАТЫН ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНТЫҒЫ** | **5,831** | **2,841** | **5,593** | | | | |
| Сатуға арналған, қолда бар туынды емес инвестициялық бағалы қағаздар (10-ескертпе) | 1,501,882 | 597,682 | 378,174 | 1-деңгей | Сатып алушының активті нарықта белгіленген бағасы | Қолданылмайды | Қолданылмайды |
| Сатуға арналған, қолда бар туынды емес инвестициялық бағалы қағаздар (10-ескертпе) | 1,061,654 | - | - | 2-деңгей | Активті емес нарықта белгіленген бағасы | Қолданылмайды | Қолданылмайды |
| Сатуға арналған, қолда бар туынды емес инвестициялық бағалы қағаздар (10-ескертпе) | 1,871 | 1,860 | 248 | 2-деңгей | Ақшалай қаржының дисконтталған ағымдары | Қолданылмайды | Қолданылмайды |
| Сатуға арналған, қолда бар туынды емес инвестициялық бағалы қағаздар бағасы белгіленбейтін үлестік бағалы қағаздар (10-ескертпе) | 18 | 82 | 98 | 3-деңгей | Ақшалай қаржының болашақтағы ағымдары форвардтық айырбастау бағамдары (есептік күнге белгіленген) мен әр түрлі контрагенттердің кредиттік тәуекелдерін көрсететін мөлшерлеме бойынша дисконтталған шарттық форвардтық бағамдарға қарай бағаланадышкі рейтингтік моделдерде негізделген бағаның үлгісі | Пайыздық дисконт | Жоғарыда дисконт – төменде әділ құн |
| **САТУҒА АРНАЛҒАН, ҚОЛДА БАР ТУЫНДЫ ЕМЕС ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР** | **2,565,425** | **599,624** | **378,520** | | | | |

2017, 2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдардың ішінде 1-ші және 2-ші деңгейлердің арасында аударымдар болған жоқ.

| | Пайда мен шығын арқылы әділ құнымен бағаланатын қаржылық активтер (3-деңгей) | Сатылым үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар, бағасы белгіленбейтін үлестік бағалы қағаздар (3-деңгей) | Пайда мен шығын арқылы әділ құнымен бағаланатын туынды қаржылық міндеттемелер (3-деңгей) |
|---|---|---|---|
| **2014 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАН** | **7,776** | **1,924** | **-** |
| Барлық кіріс немесе шығыс | | | |
| - Өзге жиынтық кіріс | - | (27) | - |
| Өтелулер* | 15,506 | (531) | - |
| Пайда мен шығындарда берілген кірістер/(шығыстар) | 150,522 | (1,268) | - |
| **2015 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАН** | **173,804** | **98** | **-** |
| Пайда мен шығындарда берілген шығыстар | (2,313) | (16) | - |
| Өтелулер* | (94,808) | - | - |
| **2016 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАН** | **76,683** | **82** | **-** |
| Еншілес кәсіпорынды сатып алумен байланысты түсімдер | 39,576 | - | 4,385 |
| Пайда мен шығындарда берілген кірістер/(шығыстар) | 3,651 | (3) | 1,529 |
| Өтелулер* | (80,334) | (61) | (5,422) |
| **2017 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАН** | **39,576** | **18** | **492** |

* 2017, 2016 және 2015 жылғы 31 желтоқсандағы ахуал бойынша өтелулер ҚРҮБ-мен своптардың есептелген сыйақысы мен өтеулерді қамтиды

# ТҰРАҚТЫ НЕГІЗДЕ ӘДІЛ ҚҰНМЕН ЕСКЕРІЛМЕЙТІН (БІРАҚ ӘДІЛ ҚҰНДЫ МІНДЕТТІ ТҮРДЕ АШУМЕН) ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ МЕН ҚАРЖЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІНІҢ ӘДІЛ ҚҰНЫ

Келесі әдістер мен жорамалдарды Топ әділ құнмен ескерілмейтін қаржы құралдарының әділ құнын бағалау үшін пайдаланады.

## КРЕДИТ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕГІ ҚАРАЖАТ ЖӘНЕ КРЕДИТ МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ ҚАРАЖАТЫ

Өтеу мерзімі бір айдан аспайтын активтердің балanстық құны шамамен алғанда, осы қаржы құралдарын өтеудің қысқа мерзіміне қатысты әділ құнына тең болады. Өтеу мерзімі бір айдан асатын активтер мен міндеттемелер үшін әділ құн бағасы жыл аяғындағы пайыздық мөлшерлемені пайдалану арқылы ақша қаражатының дисконттық қозғалысы негізге алынады.

## КЛИЕНТТЕРГЕ БЕРІЛГЕН ҚАРЫЗДАР

Бағалау ақша қаражатының жекелеген несиелер бойынша жоспарланған болашақтағы қозғалысын дисконттау жолымен, жыл аяғындағы нарықтық пайыздық мөлшерлемені пайдалану арқылы іске асырылды.

## КЛИЕНТТЕРДІҢ ҚАРАЖАТЫ

Клиенттер қаражаты бойынша пайыздық мөлшерлеме нарықтық мөлшерлемеге барынша жақындатылған, ендеше, баланстық құн шамамен алғанда әділ құнға тең.

## ШЫҒАРЫЛҒАН БОРЫШТЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

Шығарылған және рынокта айналымда жүрген борыштық бағалы қағаздардың әділ құнын бағалау үшін нарықтық бағалар пайдаланылған. Шығарылған басқа борыштық бағалы қағаздарға бағалау жүргізу ақша қаражатының жекелеген сомасы бойынша жоспарланған болашақтағы қозғалысын дисконттау жолымен, жыл аяғындағы нарықтық мөлшерлемені пайдалану арқылы іске асырылды.

Төмендегі кестеде әділ құнмен есепке алынбаған қаржы активтері мен міндеттемелердің баланстық құны және әділ құны бойынша жасалған қорытынды берілген:

| | 31.12.2017 ж. | | 31.12.2016 ж. | | 31.12.2015 ж. | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Баланстық құн | Әділ құн | Баланстық құн | Әділ құн | Баланстық құн | Әділ құн |
| **ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ** | | | | | | |
| Кредит мекемелеріндегі қаражат | 87,736 | 85,199 | 35,542 | 35,430 | 44,993 | 45,058 |
| Клиенттерге берілген несие | 3,251,102 | 3,396,385 | 2,319,583 | 2,178,539 | 2,176,069 | 2,106,902 |
| **ҚАРЖЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ** | | | | | | |
| Клиенттер қаржысы | 6,131,750 | 6,176,030 | 3,820,662 | 3,972,622 | 3,043,731 | 3,197,750 |
| Кредит мекемелерінің қаржысы | 255,151 | 231,465 | 162,134 | 190,971 | 168,258 | 193,863 |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | 962,396 | 1,034,387 | 584,933 | 586,378 | 597,525 | 611,607 |

| 2017 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН | 1-ші деңгей | 2-ші деңгей | 3-ші деңгей | Әділ құнның жиыны |
|---|---|---|---|---|
| **ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР** | | | | |
| Кредиттік мекемелердегі қаражат | - | 85,199 | - | 85,199 |
| Клиенттерге берілген қарыз | - | - | 3,396,385 | 3,396,385 |
| **ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ** | | | | |
| Клиенттердің қаражаты | - | 6,176,030 | - | 6,176,030 |
| Кредит мекемелерінің қаражаты | - | 231,465 | - | 231,465 |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | 1,034,387 | - | - | 1,034,387 |

| 2016 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН | 1-ші деңгей | 2-ші деңгей | 3-ші деңгей | Әділ құнның жиыны |
|---|---|---|---|---|
| **ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР** | | | | |
| Кредит мекемелеріндегі қаражат | - | 35,430 | - | 35,430 |
| Клиенттерге берілген несие | - | - | 2,178,539 | 2,178,539 |
| **ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ** | | | | |
| Клиенттер қаржысы | - | 3,972,622 | - | 3,972,622 |
| Кредит мекемелерінің қаржысы | - | 190,971 | - | 190,971 |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | 586,378 | - | - | 586,378 |

| 2015 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН | 1-ші деңгей | 2-ші деңгей | 3-ші деңгей | Әділ құнның жиыны |
|---|---|---|---|---|
| **ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕР** | | | | |
| Кредит мекемелеріндегі қаражат | - | 45,058 | - | 45,058 |
| Клиенттерге берілген қарыз | - | - | 2,106,902 | 2,106,902 |
| **ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ** | | | | |
| Клиенттердің қаражаты | - | 3,197,750 | - | 3,197,750 |
| Кредиттік мекемелердің қаражаты | - | 193,863 | - | 193,863 |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар | 611,607 | - | - | 611,607 |

Ақша қаражаты мен оның баламасының, міндетті резервтердің, өзге қаржы активтері мен міндеттемелердің баланстық құны мұндай қаржы құралдарының қысқа мерзімді табиғи мәніне байланысты шамамен алғанда олардың әділ құнына тең болады.

# 38. БАЙЛАНЫСҚАН ТАРАПТАРМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР

Өзара байланысқан тараптар немесе байланысты тараптармен операциялар «Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашып көрсету» 24 ХҚЕС (IAS) сәйкес бағаланады. Байланысты тараптар өзара байланысы жоқ тараптар жасай алмайтын мәмілелерді жүргізе алады. Мұндай мәмілелердің бағасы мен талаптары өзара байланысты емес тараптар арасындағы мәмілелердің бағасы мен талаптарынан әдетте өзгеше болмайды.

Мүмкін болатын байланысқан тараптардың әрқайсысын қарастырғанда тараптардың өзара қарым-қатынасының заңды нысаны ғана емес, олардың мазмұны да назарға алынады.

2017, 2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанына Топтың байланысқан тараптармен операциялар бойынша қалдықтары төменде көрсетілген.

| | 31.12.2017 ж. | | 31.12.2016 ж. | | 31.12.2015 ж. | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Байланысты тараптармен операциялар | Қаржылық есептілікке сәйкес | Байланысты тараптармен операциялар | Қаржылық есептілікке сәйкес | Байланысты тараптармен операциялар | Қаржылық есептілікке сәйкес |
| Құнсыздану резерві жасалғанға дейін клиенттерге берілетін несиелер: | 2,350 | 3,568,263 | 2,148 | 2,604,335 | 3,537 | 2,481,183 |
| - бас компанияға | - | | - | | 8 | |
| - компанияны бірлесіп бақылайтын немесе оған ықпал ететін тараптарға | 2,193 | | 2,024 | | 3,426 | |
| - компанияның негізгі басқарушы қызметкерлеріне немесе оның бас компаниясына | 115 | | 94 | | 90 | |
| - байланысты өзге тараптарға | 42 | | 30 | | 13 | |
| Құнсыздану резерві: | (10) | (317,161) | (21) | (284,752) | (47) | (305,114) |
| - бас компанияға | - | | - | | (1) | |
| - компанияны бірлесіп бақылайтын немесе оған ықпал ететін тараптарға | (10) | | (21) | | (46) | |
| Клиенттер қаржысы: | 156,137 | 6,131,750 | 197,569 | 3,820,662 | 181,164 | 3,043,731 |
| - бас компанияға | 29,773 | | 99,641 | | 116,204 | |
| - компанияны бірлесіп бақылайтын немесе оған ықпал ететін тараптарға | 3,175 | | 4,086 | | 12,525 | |
| - компанияның негізгі басқарушы қызметкерлеріне немесе оның бас компаниясына | 9,003 | | 9,538 | | 9,818 | |
| - байланысты өзге тараптарға | 114,186 | | 84,304 | | 42,617 | |

2017, 2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдарда пайда және шығын туралы біріктірілген есебінде байланысқан тараптардың операциялары бойынша пайда болған мынадай сомалар көрсетілген:

| | 31.12.2017 аяқталған жыл үшін | | 31.12.2016 аяқталған жыл үшін | | 31.12.2015 аяқталған жыл үшін | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Байланысты тараптармен операциялар | Қаржылық есептілікке сәйкес | Байланысты тараптармен операциялар | Қаржылық есептілікке сәйкес | Байланысты тараптармен операциялар | Қаржылық есептілікке сәйкес |
| Пайыздық табыстар: | 156 | 506,328 | 309 | 332,563 | 444 | 244,040 |
| - компанияны бірлесіп бақылайтын немесе оған ықпал ететін тараптарға | 141 | | 295 | | 431 | |
| - компанияның негізгі басқарушы қызметкерлеріне немесе оның бас компаниясына | 10 | | 10 | | 11 | |
| - байланысты өзге тараптарға | 5 | | 4 | | 2 | |
| | | | | | | |
| Пайыздық шығыс: | (3,518) | (257,805) | (8,525) | (160,549) | (3,196) | (100,678) |
| - бас компанияға | (2,535) | | (6,848) | | (2,499) | |
| - компанияны бірлесіп бақылайтын немесе оған ықпал ететін тараптарға | (3) | | (14) | | (6) | |
| - компанияның негізгі басқарушы қызметкерлеріне немесе оның бас компаниясына | (198) | | (404) | | (265) | |
| - байланысты өзге тараптарға | (782) | | (1,259) | | (426) | |

| | 31.12.2017 аяқталған жыл үшін | | 31.12.2016 аяқталған жыл үшін | | 31.12.2015 аяқталған жыл үшін | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Байланысты тараптармен операциялар | Қаржылық есептілікке сәйкес | Байланысты тараптармен операциялар | Қаржылық есептілікке сәйкес | Байланысты тараптармен операциялар | Қаржылық есептілікке сәйкес |
| Негізгі қызметкерлер құрамының сыйақысы: | 1,922 | 51,124 | 1,800 | 38,551 | 1,433 | 37,958 |
| - жалақы және сыйақылар | 1,922 | | 1,800 | | 1,433 | |

## 39. ЕСЕПТІК КҮННЕН КЕЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

2018 ж. 8 қаңтарда Банк Директорлары Кеңесінің шешімімен «Казкоммерцбанк» АҚ еншілес ұйымы «Москоммерцбанк КБ-ге (АҚ) біріктіру мақсатында «НБК-Банк» АҚ-ын қайта құру туралы шешім қабылдады.

2018 ж. 22 қаңтарда Банк Директорлары Кеңесінің шешімімен «Казкоммерцбанк» АҚ еншілес ұйымы «СК «Казкоммерц Полис» АҚ-ты «Казахинстрах» АҚ-қа біріктіру мақсатында ерікті түрде қайта құру туралы шешім қабылданды.

2018 ж. 9 ақпанда ККБ 2005 жылы қарашада шығарылған, бастапқы құны 100 млн. АҚШ доллары сомасында орналастырылған мерзімсіз субординацияланған еурооблигацияларды мерзімінен бұрын өтеді. Бұл ККБ жеке қаражатының есебінен өтелді.




# АКЦИОНЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН АҚПАРАТ

19

ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ
HALYK BANK
НАРОДНЫЙ БАНК КАЗАХСТАНА



# ӘРҚАШАН АЛДА БОЛАТЫНДАР!

## ФОТОН

Сену қиын, бірақ жарық жылдамдығын зерттеу 17-ші ғасырда басталды. Бірнеше ғасыр бұрын Альберт Эйнштейн жарық бөлшектердің қозғалыс терминал жылдамдығының абсолюттік өлшемі екенін бірінші болып анықтады. Бүгінгі таңда жарықтың жылдамдығы физикадағы іргелі тұрақты ғана емес, бүкіл әлемдегі ғалымдардың тынбай зертеуінің және фантастикалық жұмыстардың танымал тақырыбымен, сонымен қатар шапшаңдық пен жылдамдықтың символы болып табылады, өйткені біздің жылдам табыстарымызда сәттілік көбінесе найзағайдың жарқылындай жылдамдықпен жасайтын адамдар жағында, біз мұны бейнелеп «жарық жылдамдығы» деп атаймыз.



ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ
HALYK BANK
НАРОДНЫЙ БАНК КАЗАХСТАНА

# АКЦИОНЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН АҚПАРАТ

«Қазақстан Халық жинақ банкі» акционерлік қоғамы

**ЗАҢДЫ МЕКЕНЖАЙЫ**

Қазақстан Республикасы, A26M3K5, Алматы қ., Абай даңғылы, 40

**ТЕЛЕФОН**

+ 7 727 259 0777

**ФАКС**

+ 7 727 259 0271

**ВЕБСАЙТ**

www.halykbank.kz, http://www.halykbank.kz/ru/about/investors/reports

**ТІРКЕЛДІ**

ҚР Әділет министрлігінде

**ТІРКЕЛУ НӨМІРІ**

3898-1900-АО

**ҚАЙТА ТІРКЕЛГЕН КҮНІ**

2003 жылғы 12 қараша

## АКЦИОНЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН АНЫҚТАМАЛАР

**ЖАЙ ЖӘНЕ АРТЫҚШЫЛЫҚТЫ АКЦИЯЛАР ИЕГЕРЛЕРІ:**

«Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» АҚ
Алматы қ., Сәтбаев көшесі, 30 А/3 үй
Қазақстан Республикасы
Тел: +7 (727) 272 4760
Факс: +7 (727) 272 4766 (ішкі 230)

**ЖАҺАНДЫҚ ДЕПОЗИТАРЛЫҚ ҚОЛХАТТАР ИЕГЕРЛЕРІ:**

The Bank of New York Mellon
101 Barclay Street, 22$^{nd}$ Floor,
New York
NY 10286 USA
Тел: +1 212 815 5021
Свифт коды: IRVTUS3N

## БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

**ИНВЕСТОРЛАРМЕН БАЙЛАНЫС**

«Қазақстан Халық банкі» АҚ
Жаһандық депозитарлық қолхаттар иегерлері:
Тел: +7 (727) 259 0430
Факс: +7 (727) 259 0271

**ЖАЙ АКЦИЯЛАР ИЕГЕРЛЕРІ:**

Тел: +7 (727) 259 0599

**АУДИТОРЛАР**

«Deloitte» ЖШС
Қазақстан Республикасы
050059, Алматы қ.
Әл-Фараби даңғ., 36
Тел: +7 (727) 258 1340
Факс: +7 (727) 258 1341

**ТІРКЕУШІ**

«Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» АҚ
Алматы қ., Сәтбаев көшесі, 30 А/3 үй
Қазақстан Республикасы
Тел: +7 (727) 272 4760
Факс: +7 (727) 272 4766 (ішкі 230)

**ДЕПОЗИТАРИЙ**

The Bank of New York Mellon
101 Barclay Street, 22nd Floor,
New York
NY 10286 USA
Тел: +1 212 815 5021
Свифт коды: IRVTUS3N

# ӨКІЛДІКТЕР

### «ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ» АҚ ПЕКИН Қ. ӨКІЛДІГІ, ҚХР
No.41 East Fourth Ring Road, Chaoyang District, Beijing
Room 2006, A TOWER, Jia Tai International Mansion
Post code: 100026
Тел/Факс: +86 10 6504 7265

### «ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ» АҚ ЛОНДОН Қ. ӨКІЛДІГІ, ҰЛЫБРИТАНИЯ, БІРІККЕН ӘМІРЛІКТЕР
68 Lombard Street, London EC3V 9LJ, United Kingdom
Тел: +44 (0) 20 7861 9530
Факс: +44 (0) 20 7861 9531

# ӨҢІРЛІК ЖӘНЕ ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛДАР

### АСТАНА ӨҢІРЛІК ФИЛИАЛЫ
Астана қ., Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, №17 ғимарат
Тел: +7 7172 59 1114
Факс: +7 7172 59 1148

### АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫ
Ақтөбе қ., 12 шағын аудан, 16Б үй
Тел: +7 7132 94 2403
Факс: +7 7132 94 2443

### АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫ
Алматы қ., Розыбакиев көшесі, №101 құрылыс
Тел: +7 727 259 7271
Факс: +7 727 330 1479

### АТЫРАУ ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫ
Атырау қ., Қаныш Сәтбаев даңғылы, № 4 үй
Тел: +7 7122 27 0145
Факс: +7 7122 27 0143

### ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫ
Өскемен қ., М. Горький көшесі, 57А
Тел: +7 7232 59 3538
Факс: +7 7232 59 3625

### ЖАМБЫЛ ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫ
Тараз қ., Жамбыл даңғылы, 145
Тел: +7 7262 59 5999
Факс: +7 7262 45 2523

### ЖЕЗҚАЗҒАН ӨҢІРЛІК ФИЛИАЛЫ
Жезқазған қ., Ғарышкерлер желекжолы, 31 А үй
Тел: +7 7102 77 8484
Факс: +7 7102 77 8265

### БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫ
Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 194/1
Тел: +7 7112 59 3920
Факс: +7 7112 59 3996

### ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫ
Қарағанды қ., Қазыбек би атындағы аудан, Тишбек Ахано к-сі, 56-құрылыс
Тел: +7 7212 58 9222, 56 3677
Факс: +7 7212 56 3677

### ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫ
Қостанай қ., Тәуелсіздік к-сі, № 146
Тел: +7 7142 59 3388
Факс: +7 7142 54 0803

### ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫ
Қызылорда қ., Қазыбек би көшесі, 5-үй
Тел: +7 7242 55 0001
Факс: +7 7242 55 0002

### МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫ
Ақтау қ., 9 шағын аудан, 6-үй
Тел: +7 7292 70 0101
Факс: +7 7292 42 9803

### ПАВЛОДАР ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫ
Павлодар қ., Лермонтов к-сі, 1/1-құрылыс
Тел: +7 7182 59 3685
Факс: +7 7182 32 3760

### СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫ
Петропавловск қ., Қазақстан Конституциясы көшесі, 36-үй
Тел: +7 7152 59 5707
Факс: +7 7152 46 8320

**«СЕМЕЙ» ӨҢІРЛІК ФИЛИАЛЫ**
Семей қ., Абай Құнанбаев көшесі, 109-үй
Тел: +7 7222 55 8803
Факс: +7 7222 55 8805

**ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫ**
Шымкент қ., Әл-Фараби даңғылы, 3/10 құрылыс
Тел: +7 7252 58 9779
Факс: +7 7252 53 0026

**ТАЛДЫҚОРҒАН ӨҢІРЛІК ФИЛИАЛЫ**
Талдықорған қ., «Қаратал» ш/а, 22/1-ғимарат
Тел: +7 7282 30 5702
Факс: +7 7282 30 5708

**АҚМОЛА ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫ**
Көкшетау қ., М. Горький көшесі, 33-үй
Тел: +7 7162 59 5472
Факс: +7 7162 31 1857

**БАЙҚОҢЫР ӨҢІРЛІК ФИЛИАЛЫ**
Байқоңыр қ., Горький көшесі, 16-үй
Тел: +7 33622 7 4654
Факс: +7 33622 7 0233

**ЖАҢАӨЗЕН ӨҢІРЛІК ФИЛИАЛЫ**
Жаңаөзен қ., Жалын шағын ауданы, 15-үй
Тел/факс: +7 729 34 3 4237

**ЕКІБАСТҰЗ ӨҢІРЛІК ФИЛИАЛЫ**
Екібастұз қ., Строительная көшесі, 49А-үй
Тел: +7 7187 34 8980
Факс: +7 7187 34 0794

**ТЕМІРТАУ ӨҢІРЛІК ФИЛИАЛЫ**
Теміртау қ., Республика даңғылы, 26А-үй
Тел: + 7 7213 98 0439
Факс: +7 7213 90 8118

## ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАР

**ҚАЗАҚСТАН:**
**«HALYK ИНКАССАЦИЯ» ЖШС**
Алматы қ., Абай даңғ, 109В-үй
Тел: +7 727 357 29 27

**«ХАЛЫК-ЛИЗИНГ» АҚ**
Алматы қ., Масанчи к-сі, 26/118
Тел: +7 727 239 87 98

**«HALYK FINANCE» АҚ**
Алматы қ., Абай даңғ., 109 В-үй
Тел: +7 727 244 65 40

**«КАЗТЕЛЕПОРТ» АҚ**
Алматы қ., Абай даңғ., 109 В-үй
Тел/Факс: +7 727 392 58 92

**«ХАЛЫК-LIFE» АҚ**
Алматы қ., Абай даңғ., 109 В-үй
Тел: +7 727 244 62 22

**«КАЗАХИНСТРАХ» АҚ**
Алматы қ., Абай даңғ., 109 В-үй
Тел: +7 727 331 50 72

**«ХАЛЫК ПРОЕКТ» ЖШС**
Алматы қ., Абай даңғ., 109 В-үй
Тел: + 7 727 259 65 78

**«ALTYN BANK» АҚ**
**(«ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ» АҚ ЕБ)**
Алматы қ., Абай даңғ., 109 В-үй
Тел: +7 727 259 69 00

**«КАЗКОММЕРЦБАНК» АҚ**
Алматы қ., Әл-Фараби даңғ., 34
Тел: +7 727 58 5145

**ГРУЗИЯ:**
**«ХАЛЫК БАНК ГРУЗИЯ» АҚ**
0171 Тбилиси қ., Костава к-сі, 74
Тел: +995 32 224 07 07

**ҚЫРҒЫЗ РЕСПУБЛИКАСЫ**
**«ХАЛЫК БАНК ҚЫРҒЫЗСТАН» ААҚ**
720033, Бішкек қ., Фрунзе к-сі, 390
Тел: +996 312 614 128

**РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ:**
**«НБК-БАНК» АҚ**
119017, Мәскеу қ.,
Малая Ордынка к-сі, 20-үй, 1-құрылыс
Тел: +7 495 961 24 70

**«МОСКОММЕРЦБАНК» КБ (АҚ)**
125284 Мәскеу қ.
Беговая к-сі, 3-үй, 1-құрылыс, 22-қабат
Тел: +7 495 363 22 22

**ТӘЖІКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ**
**«КАЗКОММЕРЦБАНК ТАДЖИКИСТАН» ЖАҚ**
734012, Душанбе қ., Айни даңғ., 24 "А"
"С.А.С." бизнес орталығы
Тел: +992 (44) 601 4042

## ПАЙДАЛЫ СІЛТЕМЕЛЕР

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІ**
www.nationalbank.kz

**«ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ (KAZAKHSTAN STOCK EXCHANGE, KASE)**
www.kase.kz

**ЛОНДОН ҚОР БИРЖАСЫ (LONDON STOCK EXCHANGE, LSE)**
www.londonstockexchange.com

**ҰЛЫБРИТАНИЯНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ РЕТТЕУ ЖӘНЕ ҚАДАҒАЛАУ БАСҚАРМАСЫ (FINANCIAL CONDUCT AUTHORITY, FCA)**
www.fca.org.uk

**ПРУДЕНЦИАЛДЫҚ ҚАДАҒАЛАУ БАСҚАРМАСЫ (PRUDENTIAL REGULATION AUTHORITY, PRA)**
http://www.bankofengland.co.uk/pra